



“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2009

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІ



әлем әдебиеті кітапханасы

Аударма

УДК821.58
ББК84(5Қыт-Қаз)7-4
Е33

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы
көркем әдебиет секциясының мүшелері:**

Кекілбаев Әбіш (серияны құрастырушы), Абдрахманов Сауытбек
(*төраға*), Әбдіков Төлен, Асқаров Әлібек, Бельгер Герольд,
Елеукенов Шерияздан, Нұрғали Рымғали, Нұрпейісов Әбдіжәміл,
Михайлов Валерий, Мұртаза Шерхан, Мырза Әли Қадыр,
Оразалин Нұрлан, Сүлейменов Олжас, Тарази Әкім,
Шапай Тұрсынжан, Юсупов Кенес.

Ежелгі Қытай әдебиеті.
Е33 Қытай тілінен аударған *И.Нұрахмет*.
Астана: Аударма, 2009. – 544 бет.

ISBN 9965-18-282-5

Е $\frac{4702020100}{00(05)09}$

УДК821.58
ББК84(5Қыт-Қаз)7-4

ISBN 9965-18-282-5

© Қазақша аудармасы,
И.Нұрахмет, 2009
© “Аударма” баспасы, 2009

САРҚЫЛМАЙТЫН БАСТАУЛАР

Қытай әдебиеті әлемдегі аса бай әдебиеттердің бірі әрі ұзақ тарихқа ие. Қазіргі қытай әдебиеттану ғылымында қытай жазба әдебиетінің үш мың жылдық тарихы бар деп есептеледі. Бұл ақылға қонатын тұжырым. Оның үстіне қытай әдебиетінің ежелгі нұсқаларының көп бөлімі осы заманға жетіп отыр. Бұл жағынан қытай әдебиеті өз ұлтының мақтанышы болуға лайық.

Қай халықтың әдебиеті болса да әу баста танымдық жүк аркалап дүниеге келгені дәлелдеуді қажет етпейді, осы тұрғыдан қарағанда әдебиет тарихын сол ұлтты құраған ру-тайпалар қалыптаса бастаған кезден басталады деп қарау орынды. Ендеше қытай әдебиеті де қытай халқын құраған ру-тайпалар өмір сүре бастаған кезден басталады. Шындығына келгенде, қазақ әдебиетінің тарихын да қазақ халқын құраған ру-тайпалар өмір сүрген ескі дәуірден басталады деп қарау керек. Бұл тұжырымды дүниедегі қай халықтың әдебиеті туралы айтсақ та қате болмайды. Сондықтан Қытайдың ескі әдебиетін танудың ертедегі адамдардың ойлау жүйесін, көркемдік өресін, эстетикалық талғамын тануға себі тиеді деп ойлаймын.

Сонан соң оны қазіргі қытайлардың рухани дүниесімен салыстырсақ, олардың арасындағы айырмашылықтың қаншалықты екенін немесе ортақтықтарды тануға болады. Соған қарап өзіміздің сол дәуірдегі ата-бабаларымыздың рухани болмысының бізден қаншалықты алшақ екенін мөлшерлей аламыз. Енді бір сөзбен айтқанда, ежелгі қытайлардың көркемдік құндылықтары мен қазіргі қытайлардың эстетикалық талғамдарының арасында қандай айырмашылық болса, солармен ұқсас дәуірдегі ата-бабалардың рухани болмысы мен біздің болмысымыздың да айырмашылығы

сол мөлшерде болу керек деп аналогия жасауға әбден болады. Себебі, әр ұлттың ұлт ретінде дамуы да бір-бірінен алшақ кетпейтіні белгілі.

Қытай әдебиеті өзінің ұзақ тарихында гүлденіп-дамуды да, тоқырауды да басынан өткерді, соның арқасында талай-талай ренессанстық дәуірді бастан кешіріп, өзіндік көркемдік жүйесі бар, ұлттық поэтикалық ерекшелігі айқын, әлемдік әдебиетте орны бар әдебиет болып қалыптасты.

Қытай әдебиетінің алғашқы гүлденген дәуірі біздің заманымызға дейінгі IV ғасырдың орта тұсында болды. Бұл кез қытай тарихында Чу бектігі дәуірі деп аталды. Осы кезде пайда болған жаңа өлең үлгісі қытай әдебиеті тарихында “Чу жырлары” деп аталды. Бұл дәуірде бұрынғы екі жол, үш жолдан ғана тұратын ұйқасы осал, алғашқы өлеңдердің орнына қысқа буынды жыр үлгісі алды.

Қытайда ең алғаш шыққан әдеби кітап “Жырнама” Чу бектігі кезінде (б.з.д IV ғ.ғ.) жарыққа шыққан екен. “Жырнамаға” үш жүз бес өлең кірген. “Жырнама” бүгінгі заманға аман жеткен кемелді еңбек ретінде де қытайлар үшін аса бағалы мұра саналады. Кітапқа енген өлеңдер б.з.д XI ғасырдан б.з.д IV ғасыр арасындағы әдеби үлгілерді қамтитын көрінеді. Сөйтіп ол “Жырнама және Чу жырлары” деген атпен сол елдің әдебиет тарихында қалды.

Көне әдебиетті жинауда Қытай әлем елдерінің алдыңғы қатарында тұрғанын айта кету керек.

“Жырнама” Қытайдың тұңғыш өлеңдер жинағы. Ондағы өлеңдерде Чу патшалығының қоғамдық түзімі, халықтың қоғамдық-саяси түзімге және ауыр алым-салыққа наразылығы шыншылдықпен бейнеленіп, мамыражай, бақытты тұрмысты аңсаған арман-тілектері, махаббат пен қайғы-қасіреттері жырланады.

Ондағы кейбір жырлардан Чу бектігінің сол тұста Қытайдағы басқа бектіктерге қарағанда қуатты болғанын да байқай аламыз. Жырнамаға кірген жырлардан сол бір ескі замандағы қытай адамдарының табиғатпен етене қарым-қатынасын танимыз. “Жабайы бұршақ тергенде” деп аталатын ұзақ жырда ғұндармен соғыстан әбден титықтаған қытай сарбаздарының көңіл-күйі суреттеледі:

Жабайы бұршақ тереміз,
Балбырап піскен шағында.
Қайтамыз деп зарланып,
Өрекіп жүрек тағы да.

Өргеніп жүрек барады,
Аштық пен шөлге шыдамай.
Қосынның орны тұрақсыз,
Арттан да хабар ала алмай.

Жабайы бұршақ тереміз,
Қатайып піскен шағында.
Қайтамыз деп жүргенде,
Қазан туды-ау тағы да.

Соғыстың бітер түрі жоқ,
Шыбын жанда тыным жоқ.
Елге қайтар күн тумай,
Жүрегім шерлі, мұным көп.

“Жырнамаға” енген жырлардың көбі сол кездің өзінде ел аузында айтылып жүрген, халықтық мұраға айналған дүниелер екен.

Қытайдың кейбір зерттеушілері “Жырнамадағы” шығармаларды жырлар, музыкалы өлеңдер, мақтаулар¹ деп үш топқа бөліп жүр. Халық жырлары, жоқтау жырлар, ән-өлеңдер, жырлар, қиссалар, логикалық өлеңдер, сықақ жырлар деп жіктеп жүргендер де бар. Осыдан-ақ сол бір ерте дәуірде жарық көрген осы кітаптың қаншалықты кемелді құрас-тырылғанын аңғаруға болады.

“Жырнамадағы” халық жырлары Қытайдың ескі ауыз әдебиет үлгілері. Ал жоқтау жырларына келсек, мұндай жанр ерте заманда барлық халықта болған. Көбінде кісі өлгенде белгілі ырғақпен айтуға арналған өлеңдер.

Ондай өлеңдердің авторы, ең болмағанда, кімге арналғаны анық көрсетіледі. Әдебиеттің бұл формасы қазақ халқында да кең тараған. Сонымен бірге, есте жоқ ескі заманнан басталып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Бір әулеттен адам өлсе, сол әулеттің әйелдері өлген кісінің тірі кезінде істеген ерлігі мен жақсылықтарын айтып, оның өлімінің сол әулет үшін қаншалықты ауыр қайғы екенін елге жеткізіп отырған. Ал елге танымал атақты адамдар өлгенде жоқтауды оның туыстары ғана емес, елге сыйлы озандар, жыраулар, атақты ақындар шығаратын және әнші адамдар орындайтын салт та бар. Қазақ арасында жоқтауды кейде көріс деп те атайды. Оны көбінде әйел адамдар айтатын болған.

Қазақтың жоқтау жырлары әлі жиналған жоқ, тіпті жоқтауды әйелдердің ерін жоқтауы деп қана ойлайтындар да бар. Ал сол ерлер халықтың арқа сүйер тірегі, елдің арысы екенін ойлауға әлі де болса мұршамыз тимей жүр. Оның үстіне қазақ әдебиетінде ел ағаларына, батырларға арналған жоқтаулар да аз емес, олар жиналып, зерттеліп жатқан жоқ.

“Жырнамаға” енген жоқтау жырлар негізінен ел ағасы болған атақты адамдарға арналған жоқтаулар. Ондағы жоқтаулардың ішінде елге қиянат жасаған қатыгез патшаларға арналған кекесін жоқтаулар да бар. Қазақ

¹Тіл әдебиет негіздері. Шынжан оқу-ағарту баспасы, 1986ж, 217-бет.

жоқтауларында мұндай түр жоқ. Қазақ халқы тірісінде қанша опасыз адам болса да, өлген соң оның істеген ісін кешіреді де, өлген адамның кемшілігі айтылмай, артықшылығы айтылып, жақсылығын жырға қосады.

Логикалық өлеңдер дегені Жаңылтпаш, Жұмбақ, Санамақ сияқты шығармалар. Бір сөзбен айтқанда, “Жырнама” Қытайдың ескі заманындағы халық өмірін шынайы суреттеген шығармалардан тұрады. Халық жырларындағы халықтық бояу мен ұлттық ойды қытай халқы әлі мақтаныш етеді.

Қытай поэзиясындағы “Чу жырлары” деп аталатын жыр үлгісін қалыптастырған қытайдың ұлы ақыны *Чүй Юан* (б.з.д 340-272) бұл күнде Қытай жазба поэзиясының атасы саналады. Чу жырларынан бізге жеткен санаулы нұсқалардың ішіндегі ең шоктығы биігі Чүй Юанның шығармалары.

Ақынның өз аты Пиң. Чүй Юан оның жанама аты. Аталары ақсүйек, бай болыпты, бірақ бұл дәулеттің қызығын көру Чүй Юанның маңдайына жазылмаған. Чүй Юанның әкесінің заманына келгенде әулеттері мәртебеден айырылып, дәулеті шайқалып, кедейленіп қалады. Алайда, әр ұрпақтың өз несібесі бар, Чүй Юан ер жеткен кезде ақындықпен аты шығып, елге сыйлы болады. Бір мезет Чу бектігінің бегіне ақылшы болыпты. Ол Чу бектігінің басқа бектіктермен бірлесіп, Чын бектігіне қарсы тұруын қуаттап бекке ақыл-кеңес береді. Бірақ бек оның ұсынысын қабылдамайды. Шамасы бұл ұсыныс бектің жеке мүддесіне қарсы келсе керек, көп ұзамай ақынды биліктен алып, ордадан қуып, жер аударды. Бұл жер аудару ақын үшін аса тиімсіз болмайды, орданың бітпейтін шаруасынан қолы босап, ұлықтардың бірін-бірі аңдыған жеккөрінішті тірліктерінен аулақта болып, біржола шығармашылықпен айналысады. Зерттеушілердің айтуынша, оның көптеген өлеңдері осы жер аударылған жылдарда жазылған көрінеді.

Оның “Арман” поэмасы, “Тоғыз өлең”, “Тоғыз толғау” шығармалары Қытай әдебиетінің жауһарлары саналады.

Ақынның өлеңдері қарапайым болғандықтан ел арасына тез тарап кететін болған. Ел өмірін шынайы суреттегендіктен халықтық шығармаға айналып, әліге дейін қытай оқырмандарының сүйіп оқитын мұрасына айналды. Ақынның өлеңдерінде отаншылдық рух күшті, халықшылдық бағыт айқын. “Арман” поэмасы Қытай әдебиетіндегі ең көлемді классикалық шығарма, онда ақын өзінің өмір жолы арқылы өзі арман еткен тамаша ортаны суреттеген.

Б.з.д III ғасыр Қытай тарихында Чүнчу-Жаңго дәуірі деп аталды, бұл дәуірде қытай әдебиетінде сануын деп аталатын әдеби жанр пайда болды. Сануын қытайша шашпа әдебиет деген мағынада. Қазақша шалқыма дегенге тура келеді. Қытай қазақтары “шашпа өлең” деп те аударып жүр. Чүнчу-Жаңго дәуірінде әдеби, тарихи ғақылиялық шығармалар осы өлең үлгісімен жазылды. Сануын кейін қытай әдебиетінде кең таралған әдеби жанрға айналды.

Қытайдың прозасы – сонау ерте замандардан бастау алған тарихы ұзақ, кемел проза. Чүнчу және белдескен бектіктер заманынан бастап Қытайда прозалық шығармалар жарық көре бастайды. Қазіргі зерттеушілер Қытайдың ежелгі прозаларын “Тарихи проза” және “Философиялық проза” деп атап жүр.

Белдескен бектіктер заманында Қытай қоғамында әлеуметтік орнына, тегіне, ұстаныма қарай адамдардың түрлі жіктерге бөлінуі пайда болды, олар тағылымшылдар, дәстүршілдер, мозышылдар, заңшылдар деген сияқты аттармен тарихта қалды. Сол кездегі прозалық шығармаларда осылардың көзқарастары, ұстанымдары кеңінен сөз болды. Сондықтан оны кейде философиялық әдебиет деп те атайды. Ол әдебиеттің біздің дәуірге жеткен үлгілері “Зожуан”, “Ел тілі”, “Жаңго саясаты”, “Күнзы”, “Мыңзы” “Чуаңзы”, “Хан Физы”, “Талдау жасау және баяндау”, “Мозы”, “Жуаңзы” қатарлы еңбектер еді. Бұл шығармаларға сол кездегі қытай елінің басынан кешірген ірі оқиғалары арқау болған.

Қытай әдебиетінің үшінші реткі гүлденген дәуірі Батыс Хән, Шығыс Хән, Вэй, Чин, және Оңтүстік, Солтүстік патшалықтар дәуірі деп аталатын кезеңдерге тура келеді. Аталған дәуірлерден саны тым мол, сапасы да айтарлықтай көркем шығармалар қалған.

Қытай әдебиеті тарихы мен қытай тарихында ерекше орны бар шығарма Батыс хән патшалығы кезінде жазылған Сыма Циянның “Тарихи естеліктер” мен Шығыс хән патшалығы тұсындағы Бан Гудың “ Хәннама” атты еңбектері.

Сыма Циян (б.з.д 145-135 жылдар арасында туған, өлген жылы белгісіз) Қытай тарихының атасы ғана емес, сонымен бірге Қытай прозасының, әсіресе тарихи прозаның негізін салған Қытайдың ертедегі әдебиетшісі болып саналатын тұлға. Оның әкесі Сыма Тиян батыс хән кезіндегі орда тарихшысы болған. Әкесінің ықпалымен тарихқа ден қойған Сыма Циян 20 жасынан бастап ел аралап, тарихи кітаптарды оқып, әртүрлі жіктегі адамдармен араласып, ел өмірін зерттейді. Әкесі өлген соң Сыма Циян орда тарихшысы болып тағайындалады. Осы кезде ол ордада сақтаулы шежіре кітаптарды реттей жүріп, өзінің болашақ ұлы еңбегі “Тарихнаманы” жаза бастайды. “Тарихнама” әрі тарихи шығарма, әрі көркем шығарма болып саналады. Тарихнамада әртүрлі жіктегі адамдардың өмірбаянын жазумен ғана шектелмей, олардың көңіл-күйін де, болмыс-бітімін де суреттеп, мінездемесін ашып отырады. “Тарихнама” тарих ретінде елге танылды, оның жөні де бар, бұл шығармадағы тарихи оқиғалар өте ыждағатты баяндалған.

“Тарихнама” тарихи шығарма ғана емес, Қытай әдебиетіндегі ғұмырбаяндық прозаның алғашқы үлгісі. Онда Қытайдың 300 жылдық тарихы

қамтылған, бұл шығарма тарихты тұлға арқылы тануға ізденіс жасаған еңбек болды. Онда әдеттегі тарихи шығармаларда айтылмайтын төмен жіктегі кедейлердің де өмірі мен көңіл күйлері сөз болады. Ерлікті суреттегенде әсірелеу, асырып айту сияқты әдеби тәсілдер көп кездеседі. Шығарманың негізгі арқауы тарихи шындық болғандықтан, тарихта өткен адамдардың нақты іс-әрекетін суреттеген. Сонымен бірге онда кейіпкерлер образы жасалған, оқиғаларды жинақтап баяндау көп кездеседі. Қалай дегенмен оның тарихи құнына қарағанда көркемдік құны төмен екені шындық.

Хан Уди патша заманында Қытайда ән мен күйді басқаратын “Ән-күй ордасы” деп аталатын арнаулы мекеме құрылды. Ол мекеме ел арасынан халықтың ескі өлең-жырларын жинап, реттеумен айналысты. Жиналған өлеңдерді ел әнге қосып айтатын дағды қалыптасты. Қытайдың ескі әдебиетінің көптеген үлгісі әнге қосылып айтылғандықтан, қазірге дейін сақталып келді, бұл ретте “ән-күй ордасының” орны ерекше болды.

Қытай әдебиетіндегі ерекше бір дәстүр өзін-өзі назиралау дәстүрі, мұнда көбінесе ежелгі шығарманы дәлме-дәл қайталамай, оның негізінде жаңа шығарма жазылады. Кейде бұл шығармаларға жаңаша ат қойылып, кейде бұрынғы аты сақталады. Мұндай шығармалар өте көп. Солардың бірі “Үш патшалық қиссасын” айтуға болады. Үш патшалық туралы әңгімелер Таң патшалығы кезінде Қытайда айтыла бастаған. Сұң, Юан патшалықтары кезінде бұл әңгімелер драмаға айналған. Ло Гуанжұнның романы жазылардан бұрын “Үш патшалық шежіресі” деген тарихи әңгіме болған, осы шығармаларды нәзіралау арқылы “Үш патшалық қиссасы” жазылған. Мұндай тағдыр “Тас туралы аңызда” да бар. Бұл романның алғашқы нұсқасын Сау Шучин XVII ғасырдың орта кезінде “Тас туралы аңыз” деген атпен жазған, ол нұсқа сексен тарау еді, араға қырық жыл уақыт салып барып, авторы өлген соң, 1791 жылы Чиң Уиюан, Гау-Ы деген авторлар оны жүз жиырма тарауға көбейтіп, толықтырылып, “Қызыл сарай елесі” деген атпен қайта бастырған.

“Ән-күй ордасында” жиналған өлең-жырлар ежелден келе жатқан халықтық жырлар болғандықтан қай дәуірде де халықтың оған деген ықыласы күшті болды. Сондықтан кейінгі дәуірлердегі ақындар ол өлең-жырларды жаңғыртып жырлауға ықыласты болуын түсінуге болады.

Оңтүстік және Солтүстік патшалықтар заманында да Қытай үкіметі арнаулы пәрмен түсіріп, халық жырларына музыка жаздырып, оны әншілерге орындатып отырыпты. Бұл дәстүр ескі өлеңдердің жоғалмай сақталуына себеп болып, көптеген ірі ақындардың шығуына негіз болған.

Оңтүстік патшалықтарындағы ақындардың өлеңдері қыз бен жігіт арасындағы махаббат тақырыбына арналды. Қытай әдебиетіндегі махаббат лирикасының гүлденген дәуірі осы кез. Махаббат тақырыбына арнал-

ғандықтан бұл дәуірдегі өлеңдердің көбі ел есінде сақталып, біздің заманға толық жетті деуге болады.

Ал Солтүстік патшалықтарының өлеңдері – халық өмірінің әр саласын қамтитын кемелді жырлар.

Оңтүстік, солтүстік деп Чаңжияң дариясының оңтүстігі мен солтүстігі айтылады. Оңтүстік ежелден қытай жері, ондағы бектіктер түгел қытайлардан тұрады. Ал солтүстік дегенде қазіргі Гансу, Шинхай, Шыңжаң қатарлы жерлер де қамтылады. Солтүстік патшалықтар деп отырғаны тек қана қытай ұлтына қаратылмаған. Сондықтан солтүстік патшалықтар ақындары ішінде түркі ақындары да көптеп кездеседі. Онда солтүстіктегі көшпелі халықтардың өлең-жырлары да араласып кеткен. Сондықтан онда көшпелі өмірді суреттейтін, ерлікті арқау еткен шығармалар көп кездеседі. Дәл осы кездегі түркі ақыны Көкесір Алтын жыраудың “Тула жыры” атты шығармасы Қытай әдебиетіндегі шоқтығы биік шығарма болып саналады. Бұл өлең Солтүстіктегі үш патшалық тарихы, Көкесір Алтын тарауында сақталған, ол өлеңді мен 2003 жылы шыққан “Ұлыстық әдебиеттен ұлттық әдебиетке дейін” деген еңбегімде алғаш рет қазақ тіліне аударып жариялап едім.

Вэй, Жин, Оңтүстік, Солтүстік патшалықтар дәуірінде прозалық шығармаларда дыбыстық ерекшелігіне артық мән беріп, прозаны үндес сөздермен, өлеңдете, тақпақтата жазатын қалып пайда болды да, прозада еркін қиял шектеліп, қатып-семген қалыпшылдық үстем орынға шықты.

Қысқасы, бұл дәуірде Қытай прозада да, поэзияда да тоқырауға тап болған кезең болып саналады.

Таң патшалығы кезінде Хан Уи, Лу Зүнияң қатарлы ардагер әдебиетшілер прозадағы қалыпшылдыққа қарсы тұрып, әдебиеттегі еркін ойшылдықты дәріптеді.

Қытай әдбиетінің ең гүлденген кезеңі Таң патшалығы дәуірі мен Сүң патшалығы дәуірі болды. Әсіресе, Таң дәуірінде қытай поэзиясы көркемдіктің ең жоғары деңгейіне жетті. Төрт жолдан тұратын, абаба немесе абаб (шалыс ұйқас) өлеңдер Қытай поэзиясының тарихындағы дара құбылыс ретінде бағаланды. Қытай әдебиеті тарихында бұрын-соңды болмаған өлеңнің бұл түрін Қытайдағы қазақ зерттеушілері қазақтың қара өлеңіне ұқсатады. Таң дәуірі поэзияның түрі жаңарып, кемелденген кезі деп бағаланады. Екі жүз сексен жылға созылған Таң империясы дәуірінен екі мың үш жүзден артық ақынның өлеңдері біздің дәуірімізге жеткен екен. Ол үлгінің тууы мен қалыптасуына негіз қалаған ақындар Ли Бай, Ду Фу, Бай Жүйі.

Таң патшалығынан бұрын Оңтүстік патшалықтар тұсында қалыптасқан “Орда жырлары” деп аталатын жыр үлгісі болған. Бұл үлгідегі жырлардың әр тармағының әріп саны тұрақты болып келетін. Сондықтан ақындар сезімін еркін бейнелеуден гөрі, өлеңнің қалыбына баса назар аударып, поэзияда қалыпшылдық орныққан. Бұл өз кезінде қытай поэзиясының дамуына кедергі болған құбылыс. Таң патшалығы тұсында ақындар осы қағиданы бұзып, өлеңнің еркін түрін қалыптастырды. Сөйтіп, ақындар әріп санап өлең жазатын тар шенберден шығып, еркін құлаш сермеді. Соның арқасында Таң дәуірінің ақындары Қытай әдебиетіндегі біртуар таланттар болып тарихта қалды.

Ол кезде орта және төменгі таптан шыққан ақындар қоғамнан күдер үзіп, табиғатты жырлауға бет бұрып, осыдан барып қытай әдебиетіндегі “Тау-су жырлары” деп аталатын өлеңдер пайда болған. Өлеңнің бұл түрі де қазақтың “Тау өлең” деп аталатын қара өлеңіне өте жақын.

Таң патшалығының орта тұсында қоғамдық қайшылықтар күшейіп, ел ішінде наразалық көбейеді. Қытай тарихындағы айтулы көтерілістердің бірі Ан-Лушан, Ши Сымин көтерілісі сол тұста туған еді. Бұл кезде ақындардың бір тобы осы көтерілістерге қарсы үн көтерді, бір тобы көтерілісті қолдады. Бірақ бәрі де реалистік бағыт ұстанды. Сөйтіп реалистік поэзия күшті дамыды. “Жана ән-күй ордасы” құрылып, оның қызметі күшейе түсті.

Таң патшалығының соңғы кезіндегі ақындардың өлеңдерінде торығушылық сарын басым болып келеді. Өйткені, ол тұста империя күйреуге бет алған болатын. Біз бұл кітапқа Таң дәуірінің бір топ ақындарының өлеңдерін кіргіздік. Енді сол ақындар туралы айта кеткен жөн болар.

Кітапқа кірген ақындардың бірі де бірегейі де *Ли Бай (701-762)* ақын. Ол Қытайдың Таң патшалығы тұсындағы ұлы ақыны саналып келеді. Қазіргі Қазақстан жерінде, Шу өзенінің бойында Сояп қаласында туған. Қытай ғалымдары оның ата-бабасы Қытайдың Тяньшуй деген жерінің адамы, аталары Суй патшалығы кезінде Қазақ жеріне қоныс аударған, Ли Бай бес жасында әкесімен бірге Сычуань өлкесіне келген деп қарайды. Ал кейбір зерттеушілер бұл көзқараспен келіспейді, олар Ли Байдың ата-мекені түркі қағанатының жері деп қарайды. Ли Бай өлеңдері сыршыл романтикаға толы. Өлеңдерінің дені табиғат көріністерін жырлауға арналған. Ең қызығы, ақынның табиғат көріністеріне арналған өлеңдері тек сурет қана емес, қимыл-қозғалысқа да толы. Мысалы “Лушан сарқырамасы” өлеңінде биіктен ақ өркештеніп құлаған судың дауысы, көрінісі, басы қызғылт мұнарға оранған таудың аспанмен ұштасып кеткендей ғажап тұлғасы былай суреттеледі:

Құласа зәу биіктен су ақырып,
Күс жолы түскен дерсің шұбатылып.
Сүйісіп жер мен аспан құшақтасып,
Шамдал күз ақша бұлтқа тұр асылып.

Достық пен махаббатты елжірей жырлаған ақын, ел билеген ұлықтардың тоғышар, озбырлықтарын ашып көрсетеді.

Ақынның өлеңдерінің табиғаты өзінің күрделі тағдырынан тамыр тартқан. Ақын бес жасында туған жері Шу өзенінің бойынан Қытайдың Сычуан өлкесіне барады. Есейген кезінде бір мезгіл мәртебелі ұлық болады, кейін биліктен қуылып, сергелден күйге түседі. Сөйтіп ел аралап, жер көріп, Қытайдың Хуби, Хунан, Жиянсу, Шандұң, Шанши, Анхүй, Жыжияң өлкелерін аралап, табиғат көріністерін тамашалайды. Оның жанында өмірге құштарлық та, торығу да қатар өмір сүреді. Бұл ақынның өлеңдерінде де өз таңбасын қалдырып отырады. Ли Бай өлеңдерінің саны өте көп болса керек, осы заманға жеткені 1000-ға жуық. Оның өлеңдерінде Таң патшалығының гүлденген дәуіріндегі Қытай өмірі суреттеледі. Сонымен бірге, қоғамға қарсылықтың да лебі есіп тұр. Ли Бай өлеңдерінде еркіндікке деген ішкі бұлқыныс өте күшті. Осы орайда айта кететін сөз, мұндай өмірге наразы бұлқыныс әр дәуірде, әр ақында кездесе береді. Оны ақынның жеке басының өмірден түңілуі деп қана қабылдамау керек. Ол ақын ретінде жалпы тұтас қоғамдық дағдыға, салтқа, түзімге деген қанағаттанбаушылық. Ақынның рухани қажетсінуі өте жоғары болады, сондықтан кез келген қоғамда жасаған ақын сол қоғамнан өзін қанағаттандыратын рухани тоят таппайды да, ішкі наразылығын сыртқа шығарып отырады. Оның үстіне Ли Бай өмірінің трагедиясы әлі зерттеліп болған жоқ. Ақынның өлеңдеріндегі тағы бір ерекшелік ол өз көңілінің қалауын шынайы өмірмен ұштастыра жырлайды, шеберлігі соншалық, қиял мен өмірдің шек-шекарасы жойылып, рухани дүние мен нақты дүние өзара тұтасып кетеді. Сөйтіп реализм мен романтизмді біріктірген ұлы тұлға болып қалды.

Ли Бай жастайынан дала кезіп өскен еркін ойлы, рухы асқақ адам болғандықтан, билік ұстағандарды көзге ілмейтін менмендігі де болса керек. Ұлықтардың бірін-бірі бетіне өтірік мақтап, сыртынан жамандайтын жымысқы қылықтарына төзе алмай, өлеңдерінде оларды аямай сынап отырады. Мұнысы патшаның төңірегіндегілердің намысына тиеді. Патшаның ханымы Яң Иұхуан да ақынға өштеседі. Сонымен ордада екі жылдан артық жұмыс істеген Ли Бай астанадан қуылады. Ол ордадағы жұмыстан қуылған соң Лоянда тұрған атақты ақын Ду Фумен танысады, екеуі достасып кетеді. Қытайдың жерін аралап саяхат құрады. Ан-Лушан,

Ши Сымин көтерілісі кезінде көтерілісшілерге жақтас болған болу керек, төңкеріс жеңіліске ұшыраған соң Ли Бай Гүйжоуға жер аударылады. Бірақ ол көп кешікпей патшаның кешіріміне ие болып, жолдан қайтып Анхүйға келеді. Өмірінің соңына дейін сол өлкеде Даңту деген жерде тұрады.

Ли Бай – тағдыры күрделі тұлға, оның тіпті қытай екеніне де күмәнмен қарайтын зерттеушілер бар. Олардың айтуынша Ли Байдың ата-тегі түркі тайпаларынан. Оның Айтолды деген қарындасы, Бөрі, Баян деген ұлдары, Айнұр деген қызы болған. Ақынның аты Әлібек, әкесінің аты Елісқан, шешесінің аты Айбала екен. Ал ақынның фамилиясы болып кеткен Ли Таң патшалығының патшасы Ли Линжының фамилиясы. Зерттеушілер Әлібек өлгенде оның басына мола тұрғызылмаған, тек 56 жылдан кейін басына белгі қойылған дейді. Шамасы, Қытайға барып жүрген түркі ақсүйектерінің бірі орнатса керек. Бір қызығы, зерттеушілер Әлібек түркі тілінде де шығарма жазғанын анықтаған. Бірақ ол шығармалары бізге жетпеген көрінеді. Оның көне түркі тілінде жазылған “Түркі еліне сәлем” деп аталатын шығармасы болыпты. Қытай зерттеушілері ол шығарманың тілінің құнарлылығына кезінде түркілер де, қытайлар да тәнті болған деседі.

Ең бастысы, Таң патшалығы поэзиясындағы қара өлеңмен табиғаты ұқсас төрт жолды ааба ұйқасты өлеңнің Қытайда пайда болуына мұрындық болған ақын осы Ли Бай. Ли Байдың Сояпта туғанын ескерген ғалымдар ол өлеңнің бұл түрін өзі туған өлкеден ондағы қарлұқ, қалаш, түркештерден алып барды деп қарайды.

Ду Фу (712-770) Қытайдың ұлы реалист ақыны. Гүң деген жердің адамы екен. Ол жер қазір Қытайдың Хынан өлкесінде Гүңшиян ауданы деп аталады. Жастайынан білім қуған оқымысты, жасында саяхатшы болған. Қырықтан асқан кезінде ғана азын-аулақ билікке қолы жетіпті. Онысы Сычуанда тұрған кезінде құрылыс уәзірлігінде бейресми елші деген билікке отырыпты. Бұл биліктің күші жоқ, құрғақ атағы ғана бар еді. Сондықтан ел “Ду Гүңбу” деп әжуалайды екен. Оның үстіне баяны да аз болады. Ду Фу 44 жасқа келгенде “Ан-Лушан көтерілісі” болады. Ақын сол көтерілістен кейін сергелдең болып, бір өлкеден бір өлкеге өтіп бой тасалап қашып жүріп күн көргені айтылады. Соған қарағанда “Ан-Лушан төңкерісін” қолдаған болса керек.

Ол шығармаларында ел ішіндегі берекесіздіктен халықтың азап тартып отырғанын жырлайды. Өз кезіндегі Қытай қоғамының жексұрын келбетін ашып көрсетуге барын салғаны көрініп тұрады. Өлеңдері халықтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, жанашырлық сезімге толы болып келеді. Өзінен кейінгі Қытай поэзиясына үлкен ықпал еткен ақындардың бірі.

Ду Фу өлеңдері көбінесе жоқ-жітік адамдардың өмірі мен көңіл-күйін суреттеуге арналады. Және бұл бағыттағы шығармалары өте сәтті шығады.

Ақыннан бір мың төрт жүзге жуық өлең қалыпты. Өлеңдерінде өзі өмір сүрген дәуірдегі қоғамдағы қым-қиғаш қайшылықтар, халықтың басындағы ауыртпалық жырланады. Ол дәуірде де байлар мен кедейлердің арасындағы парық алшақ болған секілді. Ақынның:

“Етке тойып, шарапқа
желіккен байлар не демес!
Аштан өлген жарлыны
жан екен деп елемес!!

деген өлеңінен осы шындықтың ізін көреміз. Бұл кітапта біз ақынның бір топ өлеңін және “Күз бораны күркемді киратқанда” дейтін оқиғалы балладасын бердік.

Таң дәуіріндегі атақты ақынның бірі *Бай Жүий* (772-846). Ол да өз заманының теңдессіз таланты. Қытайдың Шанши өлкесінің Унан ауданындағы Шиягүй деген жерде туған. Жасында ауылда өскен және көп өмірі ел арасында өткендіктен, ел өмірін жақсы білген, терең, шынайы махаббатпен жырлаған. Өз кезінде жұрттан озған сұңғыла ақын патшаның назарына ілігіп, 808 жылы Қытай патшасының ақылшысы болып тағайындалған, бірақ ол жұмысты ұзақ істемеді. Себебі ол кезде орда билігі әтектердің қолында болған. Ақын әтектермен де, орда ұлықтарымен де келісе алмаған. Әсіресе олардың паракор, екіжүзді қылықтарын беттеріне басып айтып тастайтындықтан, көп өтпей-ақ басты дұшпанына айнала бастайды. Ол билік басындағыларды мазақ етіп көптеген өлеңдер жазады. Онысы жұрт арасына тез тарайды. Сөйтіп лауазым иелерінің шамына тиеді. Ордадағы ұлықтар өздерін сықақ қылып, масқаралап жүрген от тілді ақынды кешіре алмайды. Оның өз қатарларында жүргеніне шыдамай, ақыры ақынның сыртынан патшаға шағым түсіріп, оны ордадан қудырады. Дегенмен ақынның нақты қылмысы болмағандықтан, оны ордадан қуғанмен мемлекеттік қызметтен қуа алмайды. Сөйтіп ол мәртебесі төмендетіліп Жиянжоу деген жерге ұсақ ұлық болып ауысады. Ол патша ордасында тұрғанда ұлықтар жол бермегендіктен ойындағы істерінің көбін істей алмаған. Жиянжоуға барған соң ондағы ел ақынды құрмет тұтады. Аз болса да қолында билігі болады. Соның арқасында елге сөзі өтімді беделді ұлық қатарына көтеріледі. Елге пайдалы көптеген істер істейді. Бір жағынан үкімет жұмысымен айналысып, бір жағынан өнерге шындап ден қояды.

Бай Жүий өлеңдеріне көбіне халық өмірін арқау еткендіктен, жұрттың құмартып оқитын шығармасына айналады. Бай Жүий өз кезіндегі саяси жағдайға наразы болған, әсіресе халықтың басындағы ауыртпалықты шынайы жүрегімен сезініп жырлаған ақын. Бай Жүийдің “Арылмас арман”,

“Пипа жыры” атты поэмалары – Қытай әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар. Кітапқа осы екі шығармасын беріп отырмыз.

Уаң Чаңлиң (698-765) қазіргі Тайуанның Шанши деген жерінде туған. Жастайынан өлең жазып, ел арасында ақын аты ерте шыққан, өз кезінің танымал ақыны. Ол кезде оқымысты атағын алу үшін мемлекеттік емтихан тапсыратын дағды бар екен. Сол емтиханнан өткен адамға ғана оқымысты атағы берілетін еді. Уаң Чаңлиң да мемлекеттік емтиханға қатысып оқымысты атағын алып, билікке ие болады. Оның өлеңдері асқақ ұранға, ерлік сезімге толы болып келеді. Қытайдағы патриот ақындардың бірі.

Ақын қарапайым ел өмірін жырлаудан гөрі батырларды жырлауға көбірек көңіл бөлген, жырлары соғыс қаһармандары туралы, оның өлеңдерін соғыс шежіресі деуге болады. Ол өз заманындағы соғыстар туралы ғана емес, тарихта өткен батырлар туралы көп жазған ақын. Соғыс тақырыбын терең меңгерумен бірге табиғат көріністерін жырлауға да шебер болған. Көп томдық өлеңдер жинағы XVII ғасырда жарық көрген. Ақын бір мезгіл билік етіп қалада тұрады да, кейін белгісіз себептермен биліктен қуылып ауылына қайтады.

Бұл дәуірдегі қытайдың атақты ақындарының бірі *Мың Хаураң* (689-740). Қазіргі Хуби өлкесінің Шанян деген жерінде туған. Қырық жасына дейін туған жерінде Лунмин деген тауда жұрттан оңаша тұрып, ақындықпен шұғылданған. Қырықтан асқан соң аздап ел аралап, жер көріп, қалыпты өмірге араласқан. Сол кездегі Қытай астанасына келген. Уаң Иүй, Ли Бай қатарлы атақты ақындармен дос болған. Өлеңдері көбінесе табиғат көріністері мен табиғат құбылыстарын суреттеуге арналған, тілі жатық, ұғымға жеңіл, баурағыш болып келеді.

Осы кітапқа кірген *Уаң Уи* де (701-761) Таң дәуіріндегі атағы шыққан ақындардың бірі. Ол ақын ғана емес, өз кезінің үлкен оқымыстысы әрі суретшісі болған, сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі.

Өлеңдері өте көркем, суреттері өте әсерлі болып келеді. Сондықтан ақынды зерттеген ғалымдар оның “өлеңінен өмірдің суреті көрініп, Суретінен көңілдің әуені төгіліп тұрады” деп мақтайды.

Ол адамгершілікті, ерлікті, махаббатты, елдікті жырлаумен қатар, адам көңіліндегі кездейсоқ белгі беретін анайы сезімдерді де жырға қоса білген. Сонымен бірге ашкөздікке қарсы үн көтеріп, өз кезіндегі империялық пиғылға наразылық білдірген. Сондықтан Қытай зерттеушілері оның өлеңдерінде кертартпа сарындар да бар деп қарайды.

Таң патшалығы тұсында өмір сүрген ақын *Уаң Жыхуан* (688-744) Қытайдың Жиянжоу деген жерінің адамы. Өз кезінде атағы жер жарған Гаушы, Аучаңлиндермен қатар жұртқа танылған, өз заманының беделді, арқалы ақыны.

Қытайдың шекара өңірінің табиғат көріністерін суреттеген өлеңдерімен Қытай әдебиетінде аты қалған. Лирикалық жырлары жүрекке жылы, әсерлі болып келеді. Алайда, ақынның көп шығармасы жоғалғанға ұқсайды, қазірге жеткен өлеңдері санаулы ғана.

Таң дәуіріндегі танымал ақынның бірі *Хы Жыжаң* (659-744).

Ол Хүйжи деген жердің – Қытайдың қазіргі Жыжияң өлкесі Шаушин деген жердің адамы. Жастайынан өлең жазып ақын аты шыққан. Заманында Ли Баймен дос болған. Жасында қалада болып, оқу оқып, білім алған, кемеліне келген шағында өлең жазып ақындықпен елге танылған.

Таң патшалығының кезіндегі аса ірі ақын *Чын Зы-Аң* (661-702) деген кісі. Ол Таң патшалығы тұсында поэзияның негізін қалаушылардың бірі. Оның отты да лепті өлеңдері өз заманында көптеген ақындарға ой салып, реалистік поэзияның қалыптасуына оңды ықпал еткен. Зыжоу аймағы Шихұң деген жердің адамы екен. Ол жер қазір Қытайдың Сычуан өлкесіне қарайды. Узытияң патша тұсында ордада лауазымды қызмет атқарады. Сол кезде Таң патшалығының саясатына өзгеріс жасауды ойлап, патшаға көп ұсыныстар жасаған. Ұсыныстарында елдің пайдасын ойлап, ел мүддесін қорғауды көздеген. Алайда, ақынның бірде-бір ұсынысы қабылданбайды. Ол саясатпен шұғылдана жүріп, ақындығын да дамыта береді. Соның нәтижесінде әдебиет саласындағы көрнекті қайраткерлердің бірі болады. Өлеңдері нақты өмірді бейнелеуге арналды, бұл оның ұстанымы еді. Поэзиядағы күні өткен формализмге қарсы шықты. Сөйтіп Таң патшалығының поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты. Өлеңдері асқақ рухты, жаңашыл болып келеді. Таң патшалығы тұсындағы поэзияға жаңалық әкелген ақындардың бірі – осы кісі.

Яң Жиұң (650-?) қазіргі Қытайдың Шанши өлкесінің Хуайын деген жерінде туған. Оқыған білімді, патша ордасындағы ұсақ ұлық болған. Ол кездегі Қытайдағы билік иелері елге жаны ашымайтын екіжүзді жағымпаз болып келсе керек. Ақын сондай ұлықтармен келіспей, ордада қақпайлауға ұшырап, биліктен қуылады. Бұл оның жас кезі еді, сондықтан биліктен айырылған ақынды ұлықтар шеткері аймақтардың біріне сарбаздыққа жібереді. Сол жылдарда ол қаламын қолынан тастамай, өлеңін жанына серік етеді. Оның өлеңдерінде сарбаздардың соғыс туралы түсініктері, соғыстағы көңіл күйлері көп жырланады. Ол кезде Таң патшалығы мен түркілер арасында үнемі соғыс болып тұратын, Таң патшалығының ең мықты жауы түркілер болған. “Жорық жыры” атты өлеңінде Қытай-түркі соғысына қатысты өзінің көңіл-күйін тамаша жеткізген.

Жияңжоу аймағының Лүмин деген жерінің шыққан ақын *Уаң Бо* (650-676) жиырма жеті жас қана жасаған, ақыннан қалған өлеңдер аса көп болмаса

да, Қытай әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға. Ол алты жасынан бастап ақындық жолға түседі.

Таң дәуірінде қытайлар көрші елдермен көп соғысқан. Сондықтан, соғыс тақырыбына арналған өлеңдер де аз емес. Бұл өлеңдер соғыс жырлары деп аталады. Мұндай өлеңдердің негізін салған ақынның бірі *Гаушы* (702-765). Ол кісінің өлеңдерінің көбі шекараны қорғау туралы болып келеді. Қазіргі Қытайдың Хыби өлкесі Нанфи ауданында туған. Ол кезде ол өңір Саңжоу өлкесі Бохай аймағы деп аталған. Ол кедей отбасында туып, жасында жоқшылықты көп көрген. Азамат болған шағында сарбаздыққа алынып, шекарада тұрған. Сол кезде табиғатпен етене-жақын болып, сарбаз өмірін басынан өткерген ақын өлеңдерінде дала табиғаты мен сарбаз өмірі аса шеберлікпен жырланады. Осы тақырыптағы өлеңдері өте сәтті туындылардың қатарында.

Өлеңдерін оқырманға ұсынып отырған ақындардың бірі *Сүй Хау* (704-754). Биянжоу деген жерде – осы күнгі Қытайдың Хынан өлкесі, Кайфың қаласында туған. Жастайынан білімге құштар болып, көп оқыған, соның арқасында 723 жылы билікке тағайындау емтиханына қатысып, нәтижесі толымды болғандықтан зиялы атанған. Оның өлеңдері лирикалық сезімге толы, аса әсерлі болып келеді. Сондықтан Сүй Хау өз заманындағы атақты ақындардың жоғары бағасына ие болған. Қытай зерттеушілерінің келтірген дерегі бойынша бір кезде ұлы ақын Ли Бай У чаң өңіріне келгенде Қарқара мұнарасына шыққан екен. Ақын бұл мұнара туралы өлең жазуды ойлап, мұнара туралы ізденіп жүріп Сүй Хаудың “Қарқара мұнарасы” атты өлеңін оқыпты. Өлеңнің әсерлілігіне разы болған ақын “мен жазсам да мұнан асыра алмас едім” деп күрсініпті дейді. Адамның көңіл-күйің, әсіресе, жалғызсырап құлазыған шақтағы ішкі сезімін беруде Сүй Хау алдына жан салмаған саңлақ ақын.

Біз өлеңдерін беріп отырған *Жин Чаңшуй* Таң патшалығы тұсында өмір сүргенімен, өмірі туралы толық дерек жоқ, Қытайдың Жыжияң өлкесінің Хаңжоу қаласында өмір сүрген деген сөз бар, ол да нақты емес. Ақыннан қалған өлең де көп емес.

Таң патшалығы дәуірінде поэзия ерекше дамығандықтан, ол дәуірдің әдебиеті туралы сөз болса алдымен ақындар ауызға алынады, дегенмен бұл дәуір прозадан да құралақан емес, ол тұста Қытай прозасы өзінше дамыды. Атақты жазушы *Лу Зүңиянның* өзінен ғана төрт жүзден аса прозалық шығармасы қалған екен. Сапасын айтпағанда бұл аз сан емес. Ал сан бар жерде сапа да болатыны белгілі.

Таң патшалығы тұсында әңгімелер көп жазылады. Ол кезде бұл әңгімелерді “Ғажайып қиссалар” деп атады. Олар алғашында жын-

шайтандар туралы аңыздарды арқау етіп жазылса да кейін қоғамдық өмірді бейнелейтін көркем шығармаға айналды. Кейіпкерлер жын-шайтандар ғана емес, нақты адам бола бастады

Қытай әдебиетінің, әсіресе Қытай прозасының бір гүлденген дәуірі Сұң патшалығы тұсы. Бұл кезде поэзия Таң дәуіріндегі екпінінен айырылды, қарабайырланып, прозалық сарынға ауысты. Поэзиядағы өлшем өзгеріп, өлеңнің орнын жыр басты. Жыр үлгісі дамыды. Алайда бұл дәуірдің жыршылары мықты болды дей алмайды.

Бұл кезде проза өзінше дамыды. Сол тұстағы атақты жазушының бірі Оуян Шю әрі тарихшы ғалым болған. “Таң патшалығының жаңа тарихы”, “Бес дәуірдің жаңа тарихы” атты ғылыми кітаптардың сарапшысы. Оның “Күз айы” атты шығармасы Қытай әдебиетіндегі ең шоқтықты лирикалық шығарма саналады. Сол заманның тағы бір мықтысы Уаң-Аншы заңгер әрі саясатшы, сонымен бірге әдебиетте де өзіндік орны бар ірі жазушы болған. В. И. Ленин оны “Қытайдың XI ғасырдағы реформаторы” деп бағалаған екен. Бірақ бұл баға көбінесе оның саясат саласындағы еңбектеріне қаратылса керек. Бұлардың шығармалары қолымызда болмады.

Бұл кезде Уи, Чин, Таң патшалықтары заманындағы жын-шайтандар туралы аңыздар негізінде көлемді, кесек туындылар туа бастады. Ол тұста тарихи оқиғаларды әңгімелейтін абыздар шығып, олардың әңгімелерінде сол тұстағы Қытай өмірі мен Қытай тарихы тамаша көрініс тапты. Таң және Сұң патшалығы кезінде-ақ өлең қатты дамыды, оқиғалы, сюжетті поэзия жоғары деңгейге көтерілді. “Аңыз-әңгімелер”, “Лю Иидің өмірбаяны” қатарлы көркем шығармалар осы дәуірде дүниеге келді. Қытай әдебиетінде толық сюжетті, оқиғалы композициясы бар кемелді романдар да осы кезде пайда болып, күрделі кейіпкерлер образы жасала бастады.

Юаң, Миң, Чин патшалықтары кезі де Қытай әдебиетінің гүлденген дәуірі болып саналады. Бұл тұста драма жанрының кемелденіп, проза да бұрын болып көрмеген жоғары деңгейге көтерілді.

Қытай прозасының ең дамыған кезі Миң патшалығы кезі болды. Бұл кезде көп бөлімді әдеби-тарихи романдар шықты. Қытайдың классикалық төрт романының үшеуі осы дәуірде жазылды.

Юан патшалығының ақыры мен Миң патшалығының басында “Үш патшалық қиссасы”, “Су бойында”, Миң патшалығының соңғы кезінде “Батысқа саяхат” атты көлемді туындылар дүниеге келді.

Қытай әдебиетіндегі асқар тұлға саналатын *Ло Гуанжүңнің* (1330-1400) “Үш патшалық қиссасы” да осы дәуірде жазылған. Шығармаға үш патшалық дәуіріндегі қытай халқының өмірі арқау болған. Мұнда әділет жолында

серттескен Гуан Гүн, Жаң Фи, Лю Би үшеуінің бастан кешкен оқиғалары негіз етіліп, шығыс хән патшалығы кезіндегі Қытай жеріндегі бектіктер арасындағы кескілескен күрес арқау етілген. Онда ескі Қытайдың саяси, әскери әдіс-амалдары көп суреттеледі.

Романның авторы Ло Гуанжүң дүние рақатын көре алмай кедей-шілікпен өмір өткізген. Ол Қытайдағы тұңғыш тарихи роман. Ло Гуанжүң бұл романды жазардан бұрын “Үш патшалық шежіресі” деген тарихи әңгіме жазған, автор сол әңгіме мен “Ғұламалар шежіресін” пайдаланып осы романын жазған. Кітапта автор Лю Би, Гуан Гүн, Жаң Фи, Жүгі Лияң қатарлы кейіпкерлерге іштей тартып отырады, себебі Лю Би Қытай патшасының тұқымы болғандықтан да шығар. Ал Сау Сауды жауыз, қаскүнем адам ретінде суреттейді. Романда Сау Сау солтүстіктің адамы, аты – Аман, көзі қысық, атқұмар деп суреттеледі. Осыдан да оның неге айыпталатынын білуге болатын секілді. Бұл шығармада төрт жүзден аса кейіпкер бар. Оқиғасы күрделі, тарихи шындық суреттелген, кейіпкерлердің де көбі тарихи тұлғалар.

Осы кітапқа үзіндісі берілген Қытайдың классикалық төрт романының бірі, Чиң патшалығы кезінде жазылған Сау Шучинның “Тас туралы аңыз” романы. “Тас туралы аңыз” – аңыз-мифтерді пайдаланып жазылған Қытай әдебиетіндегі теңдессіз көркем шығарма.

Романда Жия Бауиүй мен Лин Дайиүйдің махаббат трагедиясы және ірі жер иесі Жия отбасындағы өзгеріс арқылы сол дәуірдегі азғындықты, әдеп-ибаның жалғаншылығын сынға алады. Қоғамдық дағдыға қарсы тұрған дара адамдардың кісілік рухын жырлайды. Онда таңғажайып өмір суреттері мен бір-біріне қарама-қарсы мінездегі адамдардың болмысы суреттеледі. Композициялық құрылысы шымыр, шебер жазылған роман. Романда тоғыз жүзден аса кейіпкер бар. Бұл тарихи роман емес, көркем шығарма, оқиғасы да, кейіпкерлері де ойдан шығарылған. Авторы *Сау Шучин* (1716-1763) Қытайдың Чиң патшалығы тұсындағы аса көрнекті реалист жазушысы. Бұл романды кейін “Қызыл сарай елесі” деп атап кетті. Романның алғаш жазылған кездегі көлемі сексен тарау екен. 1791 жылы Чиң Уиюан, Гау-Ы деген авторлар оны жүз жиырма тарауға көбейтіп бастырыпты. Бізге жеткен “Қызыл сарай елесі” романы – осы толықтырылған нұсқа. Оған жаңа атты да сол толықтырған авторлар қойған. Қосылған қырық тарауды Гау-Ы жазған деген сөз бар. Сондықтан қазір бұл романның авторы ретінде Сау Шучин мен Гау-Ы қатар аталады. Романға Жия ордасының гүлденуі мен күйреуі арқау етіліп, Лин Дайиүй мен Жия Бауиүйдің махаббат трагедиясы арқылы көне Қытай қоғамын нақты суреттейді.

Қытайдың ежелгі әдебиетінде драмалардың саны аз емес, ол драмалар “Шижүй” деп аталды. Олар диалог пен монологтан тұратын тақпақпен айтылады.

Гуан Шаңрынның “Шаптұл гүлді желпуіш”, Хуаң Шиыңның “Чаңшин сарайы” деген шығармалары негізінде Бижиң театры құрылған екен. Сол театр күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді.

Юан патшалығы тұсындағы драматург *Гуан Ханчиңнің* (1213-1307) “Дуының обалды өлуі” атты драмасы қытай драмасының шоқтығы саналады.

Осы драмалардың ішінде “Шаптұл гүлді желпуіш”, “Дуының обалды өлуі” қатарлы драмаларды қытай қазақтары аударған, ол аударма нұсқалар менде сақтаулы, бірақ қытай тіліндегі нұсқаларын таба алмадым.

Ендігі сөз аударманың құны туралы болмақ. Айтайын деп отырғаным, өзімнің жеке пікірім. Оның шын болуы да, жаңсақ болуы да мүмкін. Дегенмен айтқаным жөн болар деп ойладым.

Бір ұлттың ұлттық әдебиетінің дамуы мен гүлденіп кемелденуі үшін аударманың өз орны бар. Әсіресе, ұлттық әдебиеттің артықшылығы мен кемшілігін көрсетіп тұратын айна – аударма. Әдебиет ой өнері, ой өнері болғанда да образды ой өнері, ал образ деген ұғымның көлемі кең, адамзаттық образдар, ұлттық образдар, өңірлік образдар, т. б. болып кете береді. Осы айтылған образ түрлерінің ішінде төл әдебиет арқылы ұлттық образ жасалады. Оны тану үшін ұлттық салт-дәстүрді, ұлт өмірін терең білу керек. Алайда, басқа жұрттың шығармаларын оқып, содан үйреніп адамзаттық образ жасауға болады екен деп қарауға болмайды. Адамзаттық образ жасау үшін ұлттық образ жасаудың қас шебері болсаң жеткілікті.

Аударма арқылы басқа жұрттардың ұлттық образын тани аласың. Бар болғаны сол. Бірақ бұл аз олжа емес, әлемдік әдебиетті оқу адамзаттық образдарды тануға септігін тигізеді деген сөз. Демек, аудармашы – екі мәдениет арасын жалғастырушы көпір. Екі түрлі рухты табыстырушы.

Енді бір жағынан аударма қашанда төл әдебиеттің орнын баса алмайды, аударма болып қана қалады. Әсіресе көркем оймен шұғылданатын жазушы немесе ақын болу үшін аударма үлгі емес. Аудармадан үлгі алып, жазушылық жолға түсу – сәтсіз қадам.

Бұл сөзді онан ары ұғымды етіп айтудың жөнін таппай отырмын, дегенмен оқушыға түсінікті болу үшін аударма табиғатына тоқтала кетейін.

Ел білетін аударманың үш түрлі сипаты бар: бірінші сөзбе сөз аудару, мұны әдеби аударма деп қарамай, әдеби аудармаға дайындық ретінде бағалау керек. Бейнелі түрде айтар болсақ, мұны шығарманың сөзін аудару дейміз. Екінші, сөйлемдерді сөйлем күйінше аударып, түпнұсқаның ойын тура жеткізу. Бұл әдеби аударма ретінде қаралады, алайда, кемелді аударма деуге болмайды. Әдетте аударма еңбектерде көп кездесетін ұғымсыздық

пен бөгделік осындай аудармадан қалыптасады. Себебі, аудару барысында аудармашы қалайда шектемеге ұшырайды, содан барып аудармада сол шығарманың төл авторының ойлау жүйесі бұзылады. Мұны шығарманың мазмұнын аудару деп те ұғуға болады.

Қаншалықты мықты аудармашы аударса да, бұл екі түрлі тәсілмен аударған аудармада ежелгі түпнұсқаның ерекшеліктері сақталғанмен, жаңа ортаға бейімделмейді. Мазмұнын тура жеткізуі, тілі жатық болуы мүмкін, бірақ шығарма алғаш қай тілде жазылса, аударылғаннан кейін де сол тілдің элементтері, сол нұсқаны туған халықтың ойлау жүйесінің ерекшеліктері бірге өмір сүреді. Алайда әуелгі автордың ойлау жүйесі таза сақталмай, өзгеріске ұшырап, бұзылады. Аудармашының өзінің ойлау жүйесіне түспеген соң ол аударма аударылып келген тіліне қызмет ете алмайды. Сөйтіп екі елге де пайдасы жоқ дүбәрә, дүмбілез, жасық шығармаға айналады.

Аударманың тілінде өз тілінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана алатын аудармашы аз. Өйткені ол біреудің ойын жеткізуші, сондықтан аударманың тілі шектеулі тіл. Аудармада шығарманың ежелгі тіліндегі көркемдік бұзылады. Сондықтан, ол оқырманның ойын дамытпайды, сезімін серпілтіпейді. Осы екі шарт орындалмаған соң оқырманға ештеңе бере алмайды.

Шынына келгенде ең мықты аудармашы аударған шығарманың да аударма екені көрініп тұрады. Бірақ ол аударма аудармашының шығармасына айналады. Ол сонда ғана кемелді аударма.

Аударма жазушы үшін де, жай оқырман үшін де керек. Жақсы аударма арқылы өзіңе мүлде бейтаныс, бөгде жұрттың бастан кешкендерімен танысасың. Ойлау жүйесін танысың, сол шығарманы туған халықтың рухын танысың, сол арқылы өзіндегі олқылықты көре аласың, кемшілікті толықтыруға мүмкіндік аласың.

Жоғарыда аударманың үш түрлі сипаты барлығын айтқан едік. Соның үшіншісі, аударылатын шығарманы алдымен өзі сіңіріп алып, сонан соң сол шығарманың мазмұнын сақтай отырып, еркін аудару. Мұны шығарманың рухын аудару деп ұққан жөн. Бұл нағыз шебер аудармашының қолынан келетін кемелді аударма. Мұндай аудармада ежелгі нұсқаның сарыны берік сақталады да, тілі еркін талданады. Белгілі мәннен алғанда шығарма қайта жазылады. Жат топырақта көктеген көркем шығарманы өз топырағына әкеліп егесің, аз ба, көп пе, дәмді ме, дәмсіз бе, әйтеуір жеміс береді. Ол жеміс сен жеп көрмеген жеміс, сол жемісті татып көру арқылы өз жерінде көктемейтін, дәмі де, түрі де басқа, өзін көрмеген жемістің бар екенін сезесің,

сол сортты көктетуге тырысасың, нәтижеде жаңа сорт жасап шығасың. Ұлтқа керек, әдебиетшіге керек, оқырманға керек аударма – осы.

Менің қолымда “Жырнама” болған жоқ. Алайда бұл кітапқа “Жырнамдан” аударылған “Жолжелкен”, “Қызыл кендір”, “Ойпаңға өскен қой жаңғақ”, “Сандал кескенде”, “Шығыс тауда”, “Жабайы бұршақ тергенде”, “Жас ару”, “Аяр жігіт”, “Кезбе” қатарлы бірнеше өлең беріп отырмын. Ол өлеңдерді Қытайда тұратын қазақ аудармашысы, Қытай қазақтарына танымал ұстаз Әбділдабек Ақыштайұлы аударған екен. Мұнан басқа “Чу жырларынан” Чүй Юанның “Арман” поэмасының аудармасын бердім.

Қытайдың ертедегі эпикалық поэмаларының бірі де бірегейі “Мулан жыры” атты шағын поэма. Бұл табиғаты қазақтың батырлық жырларына жақын, өзі қара өлең үлгісімен жазылған оқиғалы поэма. Бұл поэманы “Мулан жыры”, “Мулан туралы баллада” деген атпен Қытай қазақтары ертеректе бірнеше рет аударған. Аударма нұсқаның бір үлгісі менің қолымда болды. Алайда, бұл кітапқа ол поэманы бермедім. Өйткені, біріншіден аударманың көркемдік деңгейіне өзім қанағаттанбадым, әсіресе, аударманың табиғаты қазақ өлеңіне келмеген. Ол аудармадан пайдаланып, еркін аударма жасауға қытай тіліндегі нұсқасы қолымда болмады.

“Тас туралы аңыз” бен “Үш патшалық қиссасынан” үзінді бердім. Себебі бұл шығармалар өте көлемді толық беруге кітаптың көлемі көтермейді. “Тас туралы аңыз” романы 1976 жылы Шыңжаң халық баспасынан “Қызыл сарай түсі” деген атпен басылып шыққан. Ұйғыр тіліне “Қызыл сарайдағы түс” деген атпен басылып шықты. Мен бұл романды “Тас туралы аңыз” деген атымен беріп отырмын. Өйткені романның авторы Сау Шучин романын “Тас туралы аңыз” деп атаған. Ұйғыр тіліндегі аудармасы түпнұсқадан мүлде алшақ кеткен, романда қызыл сарайда жатып көрген түс туралы баяндалмайды. Қазақ тіліндегі нұсқасындағы қызыл сарай түсі түске кірген қызыл сарайдың бейнесі деген ойды аздап болса да бере алады. Алайда романда кейіпкер қызыл сарайды түсінде емес, бірде өнінде (елес), бірде түсінде көреді. Түсінде көргеніне қарағанда, өнінде көрген бұлдыр елесінің мәні де әсері де жоғары, бұл реттен қарағанда романды “Қызыл сарай елесі” деп аудару жөн болар еді. Алайда, оқиғаға арқау болған деталь ол елес емес, сол елесте көрген аспанды жамаған кезде жарамсыз болып қалған тас пен сол тас араласқан адам тағдыры туралы. Авторы сондықтан оны “Тас туралы аңыз” деп атаған болса керек.

Мен 1976 жылы Шыңжаң халық баспасынан “Қызыл сарай түсінен” (аударма) пайдаландым. Бұл аударма маған өте көп пайдасын тигізді. Өйткені бұл романның тілі өте күрделі астарлы мағынада қолданылған, сондықтан болу керек Шыңжаңда аударылған нұсқасын да жеке адам емес, арнаулы топ аударған екен. Соған қарамастан аударманың қазақ оқырмандарына

түсініксіз жерлері көп, атаулары қытайша немесе қытайша ойлау жүйесі бойынша жасалған, романның ішіндегі өлеңдердің аудармасы сын көтермейтін деңгейде, мысалы,

Көк күмбезін жамауға жарамадым,
Пәни жалған боп жаттым талай заман,
Бастан кешкен мұндағы барша сырды,
Қисса етер еске алып қандай адам?

Бұл аударма әрине түпнұсқадан алшақ емес, алайда көркем аударма да емес, мен бұл шумақты былай аударғанды жөн көрдім:

Көк күмбезін жамауға жарамадым,
Тарттым содан сан ғасыр жан азабын.
Менің жұмбақ сырымды әңгіме етіп,
Қандай адам кім білсін жаза аларын.

“Үш патшалық қиссасын” 1982 жылы Әзімхан Тышанұлы аударған. Мен осы аудармадан пайдаланып еркін аударма жасадым. Себебі мен пайдаланған аударма жолма жол аударма деңгейінде аударылған. Оның үстіне тілі өте нашар, сөйлем құрылыстары қытайша, тіпті кейбір сөйлемдерін түсінудің өзі қиын. Мысалы:

“Пақырыңыз, сонауа алтын дидарыңызды көріп қайтқаннан бері, әскери жұмыстың қарбаластығынан әдейі барып аман-сәлем ете алмап едім. Бүгін құтты қадамыңызды ташыриф етуіңіз мен үшін зор қуаныш, үлкен мерей” немесе “Лұңжұншан тауы” деген сияқты сөйлемдермен сөздер өте көп, “Лұңжұншан тауы” дегенде “Лұң жұң” айдаһар жатқан деген сөз, ал шан тау дегенді білдіреді. Оны “Лұңжұң тауы немесе Айдаһар жатқан тауы” деп атаған жөн. Ал романда өлеңдер өте көп кездеседі. Ол өлеңдер түгел жолма жол қара сөзбен аударылған. Сол өлеңдердің бірін мысалға келтірсек:

Төбемізде көк аспан дөңгелек соққан күмбездей,
Табанысыз қара жер, шахматтың тасын тізгендей,
Пендесінде жалғанның ақ пен қара жарасқан,
Бақ пенен сор ежелден бірімен бірі алысқан.
Атағы үстеп, бақ қонып жеңушілер мәз-мейрам,
Соры қайнап ұтылған қор саналып қан-ойран.
Нанияның бойын мекендеп бой таса еткен айдаһар,
Қандыра алмапты ұйқысын әлі күнге таса жер.

Бұл өлеңді оқып ләззат алғанды қойып, түсінудің өзі уақыт талап ететінін аңғару қиынға соқпас, сондықтан өлеңді мен оқырмандарға түсінікті болсын деп:

Төбемізден күмбездей төнкерілген көк аспан,
Табанымыз қара жер түкті кілем жарасқан.
Ақ пен қара жалғанда бөлінбеген екі түс,
Бақ пенен сор ол да егіз, жаратылған о бастан.
Даңқы шығып бақ қонған жеңімпазда жоқ қайғы,
Жеңілгенге жаны олжа, арын қалай жоқтайды.
Наняның бойын мекендеп, тасада жатқан ардагер,
Көңілім толып өмірге қанбады ұйқым деп қойды.

деп аудардым. Сондықтан мен өз аудармамды еркін аударма деп отырмын.

“Тас туралы аңыз” бен “Үш патшалық қиссасының” бұрынғы аудармасының қара сөз бөлімі де көркем аударма деп айтуға келмейтін.

Екі романда да кейбір сөйлемдер, эпизодтар ықшамдалып, қысқартылып аударылған екен. Сол қысқартылып қалған сөйлемдерді қалдырмай аударуға тырыстым.

Ертедегі Қытай поэзиясының таңдаулы нұсқаларын Қытайдағы қазақтар 1970 жылдардан бері аударып келеді. Оның кейбірі кезінде мерзімді баспасөзде жарық көрген, оқулықтарға кіргендері де болды. Біз әдебиет тарихында сол ақындардың аудармасын оқып өстік. Әсіресе Ли Бай, Ду Фу, Бай Жүйи ақындардың өлеңдері көбірек аударылды. Ол аудармалардың бәрі болмаса да, бірді-екілі нұсқасы менде де бар. Мен соларды пайдаландым.

Алайда ол аудармалардың көркемдігі аса жоғары болмайтын. Оның бір ғана себебі, ол өлеңдерді аударған адамдар ақындар емес еді. Сондықтан ол аудармаларды қажетті жерінде ғана пайдаландым.

Таң патшалығы тұсындағы біраз ақынның өлеңі “Таң дәуірінің таңдамалы өлеңдері” деген атпен Шыңжаң халық баспасынан 1989 жылы басылып шықты. Өлеңдерді аударған Әзімхан Тышанұлы қытай тіліне аса жетік, білімдар адам еді. Сондықтан өлеңнің түпнұсқадан алшақ кетпегеніне толық сенуге болады. Шынына келгенде, қазіргі қытай тілінен аударамыз деп жүргендердің бәрі де қытай тілін ол кісідей білмейтініміз шындық. Соған қарамастан, Әзімхан ағаның аудармасын поэзия ретінде қазақ оқырмандарына ұсына алмайтынымыз тағы анық. Өйткені тілге жетік білімдар адам бола тұра түпнұсқадан алшақтап кетпеді ойлаған аудармашы әдеби аударма жасай алмаған. Ол кісінің аудармасын жолма жол аударма деп ұққан жөн. Сөзімізге дәлел үшін бірер шумақ өлеңді келтіре кетейік. Ли Байдың “Мың Хауранды Қарқара күмбезінен Яңжоуға шығарып салғанда” деген өлеңін:

Янжоуға дос аттанды Қарқарадан,
Жамылып жаз маусымы шуақ кезін,
Қара үзді жетім желкен көз ұшынан,
Ағынын жүзіп Чаңжиянның қалды көзім.

деп аударыпты. Өлеңнің қытай тіліндегі мазмұны:

Досым Қарқарадан Янжоуға кетіп барады
Ол мінген қайық алыстап кетті,
Жаз кезі еді,
мен досымды қимай,
Чаңжиянға қарап тілек тілеп тұрып қалдым.

Мен бұл өлеңді “Мың Хаураң Қарқарадан аттанғанда” деп атадым, өлеңнің аты жинақы болғаны жөн деп ойладым және бұлай жинақтаудан түпнұсқаға келетін зиян да жоқ. Ал өлеңнің мәтінін:

Есіл дос ел үмітін арқалаған,
Янжоуға кетті аттанып Қарқарадан,
Жаз еді,
коштасарда қалдым тежеп,
Қимастық сезімімді тарқамаған.
Көзімнен жалғыз қайық ғайып болды,
Телмірдім қарт Чаңжиянға жайып қолды.

деп аудардым.

Ескерте кететін бір жайт Ли Байдың “Лушан сарқырамасы” деген өлеңінің аудармасы. Бұл өлеңді Әзімхан Тышанұлы:

Шамдал құзы жамылып қызғылт түтін,
Керген ақ бұлт төсінен төмен сұлап,
Ұшады су құдилап үш шақырым,
Құстың жолы кеткендей көктен құлап,

деп аударған. Бұл өлеңді кезінде Шыңжаңда Хылажден Оспанұлы аударған еді. Сол аударманың алғашқы екі жолы:

Құласа үш мың кезден тік атылып,
Құс жолы түскен дерсің шұбатылып,

деп келеді, қалған екі жолын ұмытыппын. Қытай тіліндегі мазмұны:

1000 метр биіктен су күркіреп төгіледі,
Аспаннан құс жолы жерге құлап түсіп жатқандай көрінеді.
Таудың басын қызғылт мұнар басқан,
Аспан мен жер бірігіп кеткендей,

деп келеді. Осы екі аударманы Қытай тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып, Хылажден аударған нұсқаның алғашқы екі жолын пайдаландым. Алайда, “кұласа үш мың кезден су атылып” деген жолды, “Құлса зәу биіктен су ақырып” деп өзгерттім. Өйткені су биіктен түскендіктен күркіреп дауыс шығарып “ақырып” жататыны анық. Екіншіден, жоғарыдан төмен түскен суға “атылып” сөзін қолдану сәтті болмайды. Егер төменнен жоғары шапшып жаста, онда атылып деген орынды болар еді. Сондықтан “тік атылып” деген сөздің орнына “су ақырып” деген ұйқасты пайдалануды жөн көрдім. Сөйтіп өлеңді:

Құласа зәу биіктен су ақырып,
“Құс жолы түскен дерсің шұбатылып”.
Сүйісіп жермен аспан құшақтасып,
Найза шың ақша бұлтқа түр асылып.

деп аудардым. Өлеңнің үшінші жолын мен мүлде еркін аудардым, қазақ оқырманына әсерлі болсын деп ойлады. Егер түпнұсқамен бірдей болуын өлшем еткенде:

Құласа зәу биіктен су ақырып,
“Құс жолы түскен дерсің шұбатылып”
Жамылып қызғылт мұнар нұр шымылдык,
Найза шың ақша бұлтқа түр асылып.

деп аударуға болар еді.

Менде 1978 жылы “Шанхай классикалық шығармалар” баспасынан басылып шыққан “Таң дәуірі ақындарының таңдамалы өлеңдері” атты қытай тіліндегі нұсқасы да болды. Өлеңдерді көбінде сол кітаптан өзім аудардым да, кейбір түсіне алмаған жерлерімде Әзімхан Тышанұлының аудармасынан пайдаландым. Оның сыртында өз аудармамның түпнұсқадан алшақтап кетпеуі үшін Әзімхан Тышанұлының аудармасын өлшем етіп отырдым. Сол аударманың кейбір аса сәтті шыққан жолдарын тікелей пайдаландым.

Иманғазы НҰРАХМЕТ
филология ғылымдарының кандидаты

СЫМА ЦИЯН

ХҰҢМИҢ ҚОНАҚАСЫСЫ

Жер қайысқан қалың қолын ерткен Лю Баң Гуанжұнды алған соң Башаң деген жерге келіп бекінді. Шияң Иүй оның көрмеген адамы еді. Лю Баңның сол қол сардары Сау Уұшаң деген кісі Шияң Иүйге жасырын хабаршы жіберді. Жай хабаршы емес, зілдей ауыр, мұздай суық сөз арқалаған хабаршы. Сау Уұшаңның шабарманы: “Лю Баң Гуанжұң өңіріне патша болып, Зы Иыңды уәзірлікке тағайындамақ болып жатыр. Қазір есепсіз қазына-байлық жинап, соған дайындық жасауда” деген хабарды Шияң Иүйге жеткізеді.

Бұл хабарды естігенде Шияң Иүй қатты ширығып, ашуға булығып, терісіне сыймай долданды:

– Ертең қол бастап барып, Лю Баңның күлін көкке ұшырамын,– деп кіжінді. Бұлай қаһарлануы сырт көзге оғаш көрінбейтін, өйткені, не дегенмен де Шияң Иүй патша ғой, оның үстіне күші де Лю Баңнан басым еді.

Бұл кезде Шияң Иүйдің төрт жүз мың сарбаздан құралған қалың қолы Шифың ауданының Хұнмың деген жерінде бекініп жатқан. Ал Башаңдағы Лю Баң қолы небәрі жүз мың ғана еді.

Шияң Иүйдің сөзін ақылшы Фан Зың қолдай кетті.

– Лю Баң Гуанжұңға келмей тұрған кезде байлық десе ындыны құрып, сұлу көрсе сілекейі шұбырған нәпсіқұмардың өзі еді. Енді Гуаңдұңға кіріп алған соң, байлыққа мардамсып, сұлуға шекесінен қарайтын болыпты. Тым шектен шыққан екен. Данышпандарға ғайыпты болжатып едім, жақсылық көбейіп, төрт құбыла түгенделіп тұр дейді. Бұл патшалығымызға көрінген жақсы нышан, бізге жақсылық келгелі тұр екен, мұндайда бөгелетін түк те жоқ, мүмкіндікті қолдан жібермей, тезірек қарманыңыз, темірді қызуында соққан абзал,– дейді.

Шияң Иүйдің әкесінің інісі Шияң Бо Чу елінің сол қол уәзірі еді. Ол Лю Баңның қолындағы Жаң Лияң деген сардармен көңілі жақын, тонның ішкі бауындай әмпей-жәмпей болатын.

Шияң Бо түн қатып Лю Баңның қосынына келіп, ебін тауып Жаң Лияңмен жасырын кездеседі. Ол жоғарыдағы болған істің

түгін қалдырмай Жаң Лияңға баяндап береді. Жаң Лияңға деген жанашырлығын да жасырмай, бекерден-бекер арам өлгенше, менімен бірге еріп кет деп үгіттейді. Жаң Лияң оған көнбейді:

– Пақырыңыз сонау бір кезде Хануаң оқиғасында әділетті жақтап Лю Баңның соңына ерген еді. Енді басына қатер төніп тұрған қысылтаяң кезде одан басымды ала қашсам, адамгершілік бола ма? Тіпті, көрген-білгенімді жасырып қалғаным да дұрыс болмас,– дейді.

Іріп-шіріген Чин патшалығына қарсы алғашқы көтерілісті ұйымдастырған адам Шияң Лияң деген кісі болатын. Кейін патшалық орынға отырып, өзін Чухуай Уаң деп атаған. Сол Шияң әсілі Лияң Шияң Иүйдің немере ағасы еді. Соған қарамастан Шияң Иүй оны өлтіріп, билікті тартып алады. Жаң Лияңның Хан Уаң деп отырғаны осы Шияң Лияң болатын. Шияң Лияңның туысы Шияң Боға да жақын болғандықтан, Шияң Иүйдің опасыздығын Шияң Боның есіне салу үшін Жаң Лияң мұны әдейі айтты.

Жаң Лияң сол кеште Лю Баңға келіп, Шияң Бодан естігенін түгін жасырмай түгел баяндап береді. Бұл суық хабардан тіксінген Лю Баң қатты тарықты. Не істердің жөнін білмей абдырап қалды. “Бұл тығырықтан шығаратын ұтымды әдіс-айла ұсынатын кім бар?” деп сұрады.

Жаң Лияң мынаны айтты:

– Біреу маған осы күнде Чин патшалығы жерінде патша болуды армандамайтын адам жоқ, әркімнің-ақ патшалыққа таласы бар, ең маңыздысы Гуанжұнды мықты қорғап, жақын жердегі бекіністерді күшейту деп еді. Гуанжұнды алдыңыз, ал қазір сарбаздарыңыз Шияң Иүйдің қолына төтеп бере ала ма?

Лю Баң ойланып біраз үнсіз отырды да:

– Төтеп бере алмайды, сондықтан да тарығып отырғаным жоқ па, енді не істегеніміз жөн?– деді.

– Онда Шияң Боға жолығып, Шияң Иүйге жат ниетіңіздің жоқ екенін түсіндіріңіз, бір көмегі тиіп қалар,– деп ақыл берді Жаң Лияң.

– Шияң Бомен араңыз қандай еді деп?– Лю Баң қарсы сұрақ қойды.

Жаң Лияң аз ойланып отырды да, Лю Баңға қарап, сөзін тереңнен сабақтады:

– Чин патшалығы кезінде екеуміз бір қазаннан дәм татқан қандыкөйлек достар едік. Ол кісі өлтіріп, басына іс түскенде пақырыңыз оны қорғап қалған. Қазіргі оның маған жүгіріп келіп қауіп-қатерді алдын ала ескертіп отырғаны да сол көне достықты

ұмытпағаны ғой,– деді. Лю Баң бұл сөзді естіген соң сергіп қалды. Дереву бір шешім қабылдағандай:

– Оны шақырыңыз, мен оған інілік танытайын,– деді. Екеуі осы ақылға келген соң Жаң Лияң дереу Шияң Боны шақырып келуге кетті.

Біраздан соң Лю Баңның шатырына Шияң Бо келді.

Жылышыраймен кездескен екеуі аман-саулық сұрасып болған соң, дастарқанға отырып шарап ішті. Лю Баң алғашқы тостағанды Шияң Боның денсаулығы үшін көтерді. Сонан соң өзінің құдай қосса құда болу ойында барлығын айтып ағынан жарылды. Сөз арасында:

– Гуанжұнға кіргеннен бері сабақ жіптей пайда алғаным жоқ. Лауазымды адамдарымды жіберіп, қала тұрғындарын тізімге алдырып, қоймалардың бәріне құлып салдырып, әлдеқандай болжаусыз іс туылмасын деп мықты қолбасыларымды маңызды қамалдар мен ұрымтал жолдарға орналастырып, күн-түн демей патшаның келуін күтіп отырмын. Мұным қалай қарсылық көрсеткендік болады. Жақсылықты ұмытатын жан емес екенімді ханға жеткізе көріңіз!– деді.

Бұл сөздерді қаз-қалпында толық жеткізетінін айтып Шияң Бо келуге ыңғайланды. Кетерінде:

– Өзіңіз де кешікпей патшамызға келіп кешірім сұрасаңыз, тіпті жақсы болар еді,– деп қойды. Лю Баң бұған өзінің дайын екенін айтып, кешікпей барам деп аттандырды.

Түн қатып өз қосынына барған Шияң Бо келген беті Лю Баңның сөзін Шияң Иүйге қаз-қалпында жеткізді.

– Егер Лю Баң алдымен келіп алмаған болса, сіз Гуанжұнға кіре алар ма едіңіз, өзіңіз үшін басын бәйгеге тігіп, үлкен ерлік көрсеткен ардагеріңізден күмәнданып, оған қылыш жұмсағаныңыз әділдік бола ма? Ең абзалы, Лю Банды адал көңілмен қабылдаңыз, тыныш кездескеніңіз пайдалы болар,– деді. Бұған Шияң Иүй де келісе кетті.

Арада көп өтпей жүз шақты нөкерін ерткен Лю Баң Хұңмыңға келіп, Шияң Иүйге жолықты. Ол патшадан кешірім сұрап:

– Пақырыңыз өзіңізбен бірге Чин патшалығына қарсы тұрды. Қолбасы Сарыөзеннің солтүстігін бетке алып, ерлікпен алға ілгерілегенде, пақырыңыз да Сарыөзеннің оңтүстігін жағалап, шама-шарқынша соғыс жүргізген еді. Гуанжұнға бұрынырақ келіп, ондағы Чин патшалығының қолын жойып, қолбасымен осы арада дидарласамын деп кім ойлады. Сөйтсе де, кейбіреулер ниеті бөтен деп мені сізге шағыстырып жүрген көрінеді,– деп тоқтады.

– Иә, ондай өсектің болғаны рас, ол өсекті шығарып жүрген өзіңіздің сол қол уәзіріңіз Сау Уұшияң ғой. Өйтпегенде менің сізде нем бар?– деп Шияң Иүй де ақтала сөйледі. Шияң Иүй Лю Баңды қонақ болып аттануға көндіріп тоқтатып қалды.

Дастарқан жайылып, Шияң Иүй мен Шияң Бо дастарқанның шығыс жағынан, әкей түстік жағынан отырды. Тамақ ішіп отырғанда Шияң Иүйге әлсін-әлсін қараған Фан Зың сырғалығын меңзеп әлденеше рет ым қақты. Бірақ Шияң Иүй ешбір рай білдірмеді. Ақыры шыдамы таусылған Фан Зың орнынан тұрып, сыртқа шығып Шияң Жоуды шақырды.

– Патшамыздың қылығы адам төзгісіз болып кетті. Сен кіріп жағалата шарап ұсынып, қылыш ойынын ойнауды өтін, қылыш ойынын көрсетіп жүріп Лю Баңды отырған орнында жайрат. Өйтпегенде кейін бәріміз соның құлақкесті құлына айналамыз,– деді.

Шияң Жоу үйге кіріп жағалата шарап ұсынды да, жұртқа қарап сөйлеп кетті:

– Патшамыз бен Лю Баң мырза жеңіске жетіп, қуанышта кездесіп отыр. Бұл біз үшін үлкен қуаныш, тойлауға тұратын оқиға. Мұндайда қандай ойын көрсетсек те артық болмас еді. Алайда, көрсете қоятын ыңғайлы көңілашар ойынымыз да жоқ болып қысылып тұрмыз. Дегенмен, қарап отырғанымыз жараспас, егер сіздер құп көрсеңіздер мен қылыш ойынын көрсетсем,– деді. Шияң Иүй басын шұлғып құптаған рай танытты. Шияң Жуан қылышын қынабынан суырып, орнынан ұшып түрегелді, оның ойын түсіне қойған Шияң Бо да жалма-жан түрегеліп, ол да қылыш ойынын ойнаған болып Лю Баңды қорғаштай берді. Сөйтіп, Шияң Жуанның ойы іске аспады, Лю Баң аман қалды.

Сол мезетте сыртқа шыққан Жаң Лияң Фан Куайдың қасына келіп еді. Фан Куай:

– Шаруаларыңыз қалай болып жатыр?– деп сұрады.

– Қандайын сұрайсың, істің бет алысы жаман, шұғыл шара қолдану керек, Шияң Жуанның қолы қылышта, көзі біздің мырзада,– деп еді.

Фан Куай:

– Онда жіті қимыл керек екен, әуелі сіз кіріңіз, сонан соң мен кірейін, не көрсем де мырзамен бірге көрейін,– деп қылышын қолына алып, қалқанын кеудесіне ұстаған беті есікке қарай беттеді.

Есікте тұрған екі жасауыл найзаларын айқастырып тоса қалып еді, оларды сөзге де келтірместен қалқанымен екі ұрып ұшырып жіберді. Екі жасауыл екі жаққа сұлап түсті. Есіктен кіріп барған

ол есік пердені екі жаққа сырып жіберіп, батыс жақ босағаға тұра қалды. Екі көзі Шияң Иүйге қадалып қалған, төбе шашы тікірейіп, көздері қанталап, шарасынан шығып кетіпті. Шияң Иүй де тіксініп қалса керек. Қолы қанжарының сабына қалай барғанын байқамай қалды. Қанжарының сабын ұстаған беті:

– Мына мейман кім?– деп сұрады.

– Мырзамыздың атқосшысы Фан Куай деген батыр,– деді Жан Лияң жайбарақат тіл қатып.

– Е, батыр, шарапқа кел,– деп Шияң Иүй бір тостаған шарап құйғызды, Фан Куай басын иіп тағзым еткен ишара жасады да шарапты түрегеп тұрып бір-ақ сімірді.

– Тамақ ауыз ти, батыр!– деп Шияң Иүй оған шошқаның бітеу санын бергізді.

Фан Куай санды қалқанның үстіне қойды да қылышымен турап обырлана асады. Тамақ жесінің өзі кісі қорыққандай еді.

– Батыр, тағы да ішесің бе?– деп Шияң Иүй сынай қарады.

– Өлімнен қорықпағанда шараптан қорқады ғой деп пе едіңіз!

– Чин патшалығы кісі өлтіруге келгенде өлтіріп тауыса алмай қалатындай жанталасты, кісі жазалағанда қинауы кем болып тұрғандай рақымсыздық көрсетті. Жұрт Чин патшалығына қарсы шыққанда адамдарға жасаған сол зұлымдығы үшін қарсы шыққан. Сол кезде Чухуай Уаң “Кім Чин патшалығын жойып, алдымен Жиянияңға кірсе, сол хан болсын” деп еді. Біздің мырза Чин патшалығының жасағын талқандап, бірінші болып Жиянияңға кірсе де, сабақты инеге тиіспей, сарайлар мен қоймаларды күзеттіріп, қалың қолын Бачаңда дамылдатып, патшаның келуін күтті. Қаланың амандығын қорғау үшін қана қамал-қорғандарды, маңызды жолдарды күзеттіріп отыр. Осындай ерлікті бағалап, сіңірген еңбегіне лайықты лауазым берудің орнына, өтірікке сеніп, өсекке еріп, еңбек сіңірген ардагерді өлтіремін деу, өзіміз құлатқан Чин патшалығының көне сүрдегіне қайта түскендік қой! Меніңше патшамыздың мұндай тәсілді қолданбағаны жөн!– деді.

Фан Куайдың бұл сөзіне ешбір мән бермегендей болған Шияң Иүй ашық рай танытпай, оған отыр деді де қойды. Фан Куай отыра кетті.

Көп кешікпей Лю Баң дәретке шығамын деп Фан Куайды ерте шықты. Шияң Иүй олардың артынан Чин Пин деген сардарды жіберді. Шатырдан ұзап барып тоқтаған олар бір-біріне қарап аз тұрды. Сөзді Лю Баң бастады:

– Шатырдан шығуын шықтық-ау, десе де осы беті қош айтпай кете барғанымыз жөн болар ма екен, қалай деп ойлайсың? Бұл сөз Фан Куайды онан ары ширықтыра түсті.

– Ұлы мақсат жолында ұсақ-түйек кедергіге қарамау керек. Ісіннің дұрыс екенін білсең, біреудің жазғыруынан қорқудың керегі не? Пышағын қайрап, боршалап тастауға дайын отырған адамға не үшін хошын айту керек?– деді ашудан жарылардай болып әзер тұрған Фан Куай. Екеуі не де болса жүріп кетуге бел буды да, Жаң Лияңға рахмет айтып, сен біраз тосып артымыздан кел деді. Жаң Лияң:

– Ала келген бірдемеңіз бар ма еді?– деп сұрады.

– Шияң Иүйге арнап бір алтын теңге, Фан Зыңға арнап бір жұп көк тас тостаған әкелген едім, ұсынудың орайы да келмеді, оның үстіне азырканып шамданып қала ма деп бере аламадым, ретін тауып өзің тапсыр.

Жаң Лияң мұны жөн көрді.

Шияң Иүйдің қолы жатқан Хұнмиң мен Лю Баң бекінген Бачанның арасы жиырма шақырымдай еді. Лю Баң ойлана келе Фан Куай, Шая Хуиң, Жин Чияң, Хи Шиндерді ертіп күймесін сонда тастап, салт атпен кетпекші болды. Лю Баң Жаң Лияңға карап:

– Ли тауын бөктерлеп, Жияң ауданының шекарасын жағалап жүріп отырсақ, он шақырым жол ұтамыз, мен қосынға жетті-ау деген кезде ғана шатырға кіріңдер,– деді.

Лю Баң аттанып кеткен соң біраз уақыт далада аялдап барып, олар өз қосындарына жетті-ау деген мөлшерде шатырға кірген Жаң Лияң есіктен сөйлей кірді:

– Мырзамыз шарапқа қызып қалыпты, қош айта алмай аттанып кетті. Кетерінде мына бір ақ алтын теңгені патша тақсырға, мына бір жұп көк тостағанды қолбасы мырзаға бер деп маған қалдырды, қабыл алыңыздар,– деді. Шияң Иүй толқуын жасыра алмады.

– Лю мырзаның өзі қайда?– деп таңырқай қарады.

– Патшаның жазғырмақшы болып отырғанын аңғарған мырзамыз бұл жерде отыруды жөн көрмеді, бой тасалай тұрғысы келіп, қосынға қайтып кетті, ендігі жетіп те қалған болар,– деп Жаң Лияң шындықты жасырмай айтты. Ақ алтын теңгені Шияң Иүй жанына қойып қойды, көк тас тостағанды алған Фан Зың оны жерге тастай салып, ашуына ие бола алмай қылышын қолына алып:

– Ақымақ басым-ай, ақылшы болып та жарытпадым-ау. Патшамызбен әлем билігіне таласқан Лю Баңнан басқа ешкім де емес еді, енді оның пендесіне айналатын болдым-ау,– деп қылыштың қырымен тас тостағанның быт-шытын шығарды.

Лю Баң қосынына келген беті Сау Уұшияңның басын алдырды.

САУ ШУЕЧИН

ТАС ТУРАЛЫ АҢЫЗ

БІРІНШІ ТАРАУ

Бұл ұзақ әңгіме осылай басталады. Бұл хикаяны жазар алдында мен бір бұлдыр елес құшағында жүрдім. Ояу жүріп түс көргендей халді бастан кешірдім. Ол халімді ешкімге айтпай мен іште сақтап едім, енді сондағы көрген тылсым оқиғаларды арқау етіп, осы “Тас ертегі” деген хикаяны жазып шықтым. Сондықтан кейіпкеріме Жин Шин деп ат қойдым. Хикаяға қандай оқиға арқау боған, кімдердің тағдыры суреттелеген деген оқырманға менің айтарым мынау:

Мен қиял құшағында отырып, түк тындырмай, сергелдеңге түсіп тентіреп өткен өмір жолымды, өмірімде өзім танысқан әйелдерді еске алдым, бір-бірден бәрін көз алдымнан өткіздім. Ары ойлап-бері ойлап келіп сол әйелдердің кісілігі, әдеп-ибасы, білімі өзімнен әлдеқайда артық екенін аңғардым. Еркек басыммен төмен етек әйелдер құрлы болмағандығымды ар көрдім, амал қанша, өкінгенмен орнына келер іс жоқ. Қарадай құлазып дал болдым да қалдым. Ақыры тәңірінің мейірін, ата-ананың қамқорлығын көріп, үлде мен бұлдеге оранып, ішкенім алдымда, ішпегенім артымда, шараптың уына, байлықтың буына мастанып, масаттанып жүрген, атаның өсиетін, туыс-туғанның ақылын ұқпай, ұстаздың үйреткеніне құлақ салмай, достардың жанашырлығын түсінбей, соның салдарынан ақыры бүгін бәрінен мақрұм болып, өмірімнің жарымын босқа өткізген талайсыз тағдырымды, кешірілмес ауыр күнәларымды хикая етіп жазып, адамдарға ғибрат етуді жөн көрдім. Күнәмнің көп екені өзіме аян. Ал ордадағы арулардың менің өз айыптарымды жасырған жымысқы қылығымнан менімен бірге із-түзсіз жоғалғанын жөн көрмедім. Тәуекелге бел байлағаным соншалық, жыртық қос пен жұтаған дүние жігерімді жасыта алмады. Арам шөп басып, ағаштары бойлай өскен аула ішіне ай сәулесі төгілген түнде де, таң самалы есіп тұрған азанғы шақта да шабыттана жаздым. Мен оқымысты да, машығы күшті

қаламгер де емеспін, бірақ өзіме біткен шорқақ тіліммен орда перизаттарының нақты болмыстарымен көңілдің қайғы-мұңын сергітіп, өзім тектес жандардың көңіл көзін ашсам, несі айып? Сондықтан кейіпкеріме Жия Иүйсүн деп ат қойдым. Ал хикаядағы түс, елес деген сөздер оқырмандарды сақтандыру үшін айтылған бұл кітаптың нақты қайнар көзі.

Бұл хикаяңыз қайдан басталады деп сұрасаңыздар, бұл хикаяда әсірелеу болса да шын пейілімен тыңдаған жанға аса қызықты да.

Сонау ерте заманда Нұюа бибі тастарды ерітіп, аспанның тесігін жамаған кезде, Дахуаң тауындағы Уижия деген жалама жартастың жанында биіктігі он екі аршын, ұзындығы жиырма төрт аршын отыз алты мың бес жүз бір кесек тасты ерітіпті. Нұюа отыз алты мың бес жүз кесек тасты пайдаланып, асып қалған бір кесек тасты Шиңғиңфың деген таудың бөктеріне тастап кетіпті. Тәңірдің әмірімен сол тасқа жан бітіп, жүріп-тұра алатын, үлкейіп-кішірейе алатын болыпты дейді. Ол басқа тастардың аспанды жамауға жарап, өзінің жарамай қалғанына назаланып, күндіз-түні қайғыра береді.

Бір күні алыстан бітімі ерекше бір ғұлама мен дәруіш көрініпті те, Шиңғиңфың бөктеріне келіп дем алып отырып әңгіме-дүкен құрыпты. Сырғаның тасындай көз тартқан осы мөлдір мәрмәр тасты көрген ғұлама оны алақанына салып отырып күлімсірей тіл қатыпты:

– Қолма-қол тигізер пайдаң болмады демесең, тұла бойын тұнған тылсым екен. Адамдар сенің тылсымыңды көрген жерден танитындай етіп бетіңе бірнеше әріп ойып, байлығы тасыған елге, салтанаты асқан жерге апарайын, сал-серілердің бойында бол, жақсы-жайсандардың қолында бол,– деген екен. Бұл сөзді естіген әлгі тас қатты қуаныпты.

– Қандай әріп оясыз, қайда апарасыз, ғұлама, ашық айтсаңыз еді?– депті.

– Қазір сұрап не істейін деп едің, кейін өзің-ақ білесің,– деп тасты қолына алған ғұлама мен дәруіш көзден ғайып болыпты. Онан кейін қанша заман өткені белгісіз, дүние талай-талай өзгеріске ұшырапты. Кемеліне келіп толған, кері кетіп солған кездерді басынан өткізіпті. Күндердің бірінде әулие-әнбиелерге тағзым еткелі Дахуаң тауындағы Шиңғиңфың шыңының бауына Гүң Гүң деген дәруіш келеді. Ол Уижия жартасының жанынан өтіп бара жатып, бетіне маржандай жазу жазылған тасты байқап қалады. Гүң Гүң дәруіш тастың жанына аялдап, тастағы жазуды оқиды, сөйтсе кезінде аспанды жамауға жарамай қалған, кейін елес әулие

мен әмбие пәниге әкеліп, осы жерге тастап кеткен баяғы тас осы екен. Тастың бетіне жатқан жері, шыққан тегі, отбасылық істер, сарай кәнізақтарының махаббаттары, жыр-жұмбақтар жазылыпты. Хандықтардың аты, ғасырлар, жылдар жазылған екен, олар көмескі тартыпты. Тастың астыңғы бетіне мынадай бір ауыз дұға жазылыпты:

Көк күмбезін жамауға жарамадым,
Тарттым содан сан ғасыр жан азабын.
Менің жұмбақ сырымды әңгіме етіп,
Қандай адам кім білсін жаза аларын.

Гүң Гүң дәруіш көрген жерден бұл тастың тегін тас емес екенін байқап, оған былай депті:

– Ей, тас, айтуыңа қарағанда сенің бастан кешкендерің қызық сияқты, кім болса да сенің денеңе бұл жазуларды сол қызық кешірмелерінді бар әлем білсін деп жазған екен. Алайда хандықтар, ғасырлар ескерілмей қалыпты, екіншіден ел тізгінін ұстаған жақсы-жайсаңдар ұмыт қалыпты. Мұнда не есі ауысқан делқұлы, не қасірет шеккен шерменде, не жаны таза білімсіз ізгі жандар, онан қалса, жүріс-тұрысы оғаш әйелдер сөз болған екен, мен бұларды көшіріп алғаныммен, айта қаларлықтай көркем әңгіме бола қоймайтын түрі бар,– депті. Сол кезде тасқа тіл бітіп:

– Ұстазымның осынша аңғал алаңғасар болғаны ма?– депті-мыс.– Менің білуімше,– депті тас,– ежелден бері тарихи еңбектерде, шежіре-аңыздарда хандық дәуір туралы, Хән патшалығы мен “Таң” патшалығы тұсындағы атақты адамдарды айтқаны болмаса, ауыз жарытар ештеңе жоқ емес пе. Оған қарағанда, өз сарынын сақтаған менің бетімдегі жазулар ондай тарихтан әлдеқайда құнды. Ал бұрынғы жазылған тарихтар мен аңыз-шежірелерде хандар мен уәзірлер мазаққа ұшырайтын, әйелдер қорланып отыратын. Зинақор, аярлық, жауыз, жиренішті қылықтар көпірте жазылатын. Тіпті, махаббатқа арналған ғашықтық әңгімелердің өзінде адамды жолдан аздыратын сұмдық жексұрын істер сөз болатын. Ал саңлақтар мен сұлулар жайындағы кітаптар бір сарынды, көне сүрдекпен жазылатын. Бәрі де Уынжүн сұлудан басталып, Зыжиян саңлақпен аяқталатын. Кейіпкерлері де бір-бірінен аумайтын. Бәрі де ақыр аяғында әуейі болып тозып жоғалады. Мұндай кітап жазатын жазғыштар өзінің махаббат хикаясын жазу үшін бір еркек пен бір әйелдің атын ойдан шығарып, олардың ортасына тағы бір киімді шайтанды араластырады. Тіпті, қисынсыз оқиғаларды ойлап табады, бұлары махаббатқа жанаспай,

қиюы қашып, кетеуі кетіп тұрады. Маған нансаңыз, “жер ортасы көктөбеге” дейтін жасқа жеткенше өзім көрген немесе естіген бұл әйелдер ескі заман қиссаларындағы адамдарды басып түспесе де, олардың болмысына көңіл аударсаңыз, жаныңыз тазарып, қайғы-мұңыңыз жеңілдеп, бір сергіп қаларыңыз хақ. Мұндағы үзік-үзік қысқа жырлар көңіліңізді көтеріп, зауқыңызды қозғайды. Бұлардың табысуы мен айырылысуы, қайғысы мен қуанышы бір жүйемен бейнеленеді. Әсірелеуге бой алдырып, шындықтан алыстап кетуден аман. Мен бұл баянсыз пәнидің, пәтуасыз пенделерінің мастықтан сергіген, есін жиған әуре-сарсаңнан қашқан шақтарында бұл кітапты оқып, рухын тазартуын тілеймін, олар сонда ғана күнәдан арылып, өз болмыстарын табар еді, тіпті бойына қуат бітіп, өмірдің ымырасыз жекпе-жегінде жеңіп шығар еді. Сонда менің еңбегім еш, тұзым сор болды-ау демес едім. Сіздің ойыңыз қалай?– депті.

Бұл сөзді естігенде Гүң Гүң дәруіш үндемей қалыпты, сонан соң тастағы жазуға көз салып тағы біраз ойланыпты. Сөйтіп барып бұл таста болған оқиғаның қаз-қалпында жазылғанын, онда таза ғашықтық сезім жырланғанын, ондағы таза махаббат сезімі адамдарға залалын тигізетін зинақорлықтан таза екенін түсініпті де, тастағы жазуды түгел көшіріп алыпты, оны қызықты әңгіме етіп әлемге жарияламақ болыпты. Сол күннен бастап Гүң Гүң дәруіш ерекше халге өтіпті. Жоқтан барды танып, содан ғашықтыққа жетіпті, одан қайта шегініп, барға тиянақтап, бардан жоқтықты сезініпті.

Содан соң өз атын ғашық ғұлама деп өзгертіп, тас ертегіні “Ғашық ғұламаның бастан кешкендері” деп атапты.

“Тас ертегі” осылай дүниеге келіпті.

“Тас ертегінің” шығу себебі осылай болды, ал тастағы жазуда кімдер туралы жазылғанын, қандай оқиғалар жазылғанын білмедік дейсіз ғой, ендеше құлағыңызды салыңыз, мен де білгенімді жасырып қалмаймын.

Тастағы жазу былай еді: ерте заманда жердің шығыс жақ бұрышы түсіп кетіпті. Сол кезде осы шығыс оңтүстікте Гусу деген қала болған. Қала ортасында қаладағы игі-жақсылар жиналып кеңес құратын, сал-серілер жиналып көңіл көтеретін үлкен қақпалы аула болыпты. Ауланың сырт жағында Шлижие деген көшенің бойында бір ескі пұтхана тұратын. Көшенің бұрылысындағы тар жерге орналасқандықтан, жұрт оны қапас пұтхана деп атайтын. Пұтхананың жанында бір қыстақ қожайыны тұратын, ол жин әулетінен, аты Фи деген кісі жұрт Шин деп атайтын. Әйелі Фың

әулетінің қызы, мінезі кең, көргені көп көшелі, әдепті мінезді, жұртқа сыйлы адам еді. Өздерінің жұрттан асқан байлығы да жоқ, орташа ғана дәулеті бар. Соған қарамастан жерлестері оларды аталы әулеттен деп хан көтеріп құрметтейтін. Жин Шин аса сабырлы, ойламды, атаққұмарлығы жоқ біртоға адам. Әр күнін бақшасына қараумен өткізетін, шарап ішетін, өлең шығаратын. Сөйтіп өзіне-өзі разы болып жүретін, ел ол кісіні әулиелер қатарына жатқызып, шарапатты адам деп қарайтын. Бірін артық қылса, бірін тыртық қылатын тағдыр емес пе, ол кісінің де бір кемдігі бар еді. Орта жастан асқанша бір ұл көрмеген, жасы үштен енді асқан Инлияң деген жалғыз қызы ғана бар еді. Жаздың ми қайнатар аптап күндерінің бірінде Жин Шин кітап бөлмесінде кітап оқып отырды да ыстықтан маужырап, көзіне ұйқы тығылып, кітабы қолынан түсіп кетеді. Кеудесін үстелге сүйеп, мызғыйды. Ол түс көреді, түс те емес, оң мен түстің ортасындағы бұлдыр елес. Қай жер екенін білмейтін бір жерге келеді. Ол анадай жерде әңгімелесіп келе жатқан ғұлама мен дәруішті көреді. Сөздеріне құлақ түріп тындай қалады. Сөздің басын естімей қалады. Дәруіші ғұламадан: “Мұны қайда апарасыз?” деп сұрайды. Іле-шала ғұламаның күле тіл қатқаны естіледі: “Алаң болмаңыз! Мен аяқтауға тиісті бір ғашықтық хикая пайда болды. Ғашықтар қайта тіріліп дүниеге келгенше, мен бұл затты олардың ортасына апарып қоюым керек, сөйтіп оқиғаға бұл да араласатын болады”, депті. Дәруіш ғұламадан тағы сұрады: “Жуық арада ғашықтар дүниеге келіп, өз тағдырларын бастан кешірмек екен-ау, сонда олар қайдан келеді, қайда тұрақтайды екен?”

“Бұл қызық әрі ұзақ әңгіме, тас кезінде Нүюа биби аспанның тесігін жамауға пайдаланбағандықтан, еркін өмір сүріп, жердің жүзін аралап сайрандап жүріпті, сөйтіп жүріп Жиңхуаң деген хор қызының мекеніне барыпты. Хордың қызы мұның бойындағы өзгеше өнерді біліп қойса керек, оны өзінің қасына алып қалыпты, оған “қызыл арай” сарайының сырлы бибісі деген атақ берген дейді. Ол үнемі батыс пен шығыстағы қасиетті өзенді жағалап серуен құрады екен. Күндердің күнінде өзен жағасындағы Үштуған деген тастың түбінен бір түп шөп көреді. Шөп ерекше құлпырып көздің жауын алады екен. Оның “қасиетті” шөп екенін тани кетеді. Әр күні сол шөпті кәусар бұлақтың суымен суарып жүретін болады. Шөп күн сайын құлпырып өсе береді, ұзақ замандар бойы қурамай өсіп тұрады. Арада қанша уақыт өткенін кім білсін, шөп адам бейнесіне еніп, көркем әйелге айналыпты. Сол күннен бастап жұмақтың ішінде күні бойы сейіл құрып жүреді

екен. Ашырқанса “күйік жемісін” жеп, шөліркесе “қасірет” суын ішеді екен. Ол өзін суарып шөптен адамға айналдырған мейірімді жанның алдында өзін қарыздар сезініп, оның еңбегінің қарым-тасын қайтара алмағанына іштей құсаланып жүреді. Ол үнемі тәңірден тілек тілеп: “Ей, жаратушы тәңір, мен оның кәусар шәрбәтін жұтып, бойыма жан кірді, бірақ менде оған беретін кәусар жоқ қой, егер ол пәни дүниеге оралып, адамға айналса, мен өмірімді онымен бірге өткізер едім. Өмір бойы көз жасым құрғамады, сол үшін жыладым, омырауымды жуған көз жасымды оған қайтарсам, оның қарызынан құтылар ма едім! Осы тілегімді қабыл ете гөр”, деп жалбарыныпты. Оның тілегі қабыл болыпты, тәңірінің әмірімен көптеген ғашықтар дүниеге келмек, олар пәни жалғанды ынтызарлықпен өткізбек, солардың ішінде әлгі қасиетті шөп бибі де бар. Бұл тас та дүниеге келмекші. Мен бұл тасты хор қызы Жиңхуанмен жолықтыруға әмір-пәрмен алдым, сол ғашықтармен бірге дүние ісін бастан кешіп, осы міндетті орындауға келіп отырмын”, депті. Сонда дәруіш таңданысын жасыра алмай сөйлеп кетті:

– Мұның шынында ғажап екен, дегенмен жақсылықтың бодауына көз жасын қайтару дегенді естімеген екем, менде сізбен бірге пәни дүниеге барсам, екеуміз сол ғашықтардың бірнешеуін күнәлі істен сақтандырсақ бұл сауапқа жазылмай ма!?

Ғұлама дәруішке разы болғандай басын изеп аз отырды да:

– Менің ойымдағыны дәл таптың, екеуміз Жиңхуанның сарайына барып, бұл “ақымақ заттың” ісін адақтап көрейік. Ал ана әуейі пенделер о дүниеге бара берсін. Қазір олардың жарымы дүниеге түсті, дегенмен бастары толық құралған жоқ, олар толық түсіп болғанға дейін біз де барармыз.

– Олай болса сізбен бірге кетуге мен дайын.

Олардың сөзін түгел естіп, әбден түсінген Жин Шин орнынан шапшаң тұрды да олардың алдынан шығып сәлем берді.

– Армысыздар, әулие ұстаздар!

Ғұлама мен дәруіш те сәлем алып, Жин Шинмен жылы амандасты. Жин Шин тосылмай өз ойын айта бастады:

– Жаңа ғана әулие ұстаздардың сөздерін естіп, мәнін ұққандай болдым. Мұндай сөз бұл дүниеде сирек айтылады. Оның үстіне ақылы аз, көңіл көзі соқыр, надан пақырыңыз ештеңенің байыбына бара алмай сорлап тұр. Егер бұл істің жай-жапсарын білуіме шапағаттарыңызды тигізіп, тағы бір рет айтып берер болсаңыздар, бар зейініммен құлақ түрер едім. Көкейіме сәуле түсіп, аз да болса күнәлі істен тыйылар едім-ау!

Жин Шиннің сөзін естіген әулиелер оған күлімсіреп қарайды да:
– Бұл аса құпия әңгіме, жұртқа жайылып кетпесін! Осы құпиялықты сақтасаңыз, бізге сеніңіз, сізді тозақ отында қалдырмаспыз,– депті. Мұнан соң Жин Шин қайталап сұрамапты, әулиелерге күлімсірей қарап:

– Құпия сырды шашпаспын, десе де сіздердің “ақымақ зат” дегендеріңіздің не екенін ұға алмадым ғой, ол туралы айтып берсеңіздер мен пақырыңыз армансыз болар едім, өзін көруге бола ма?– деп сұрапты.

– Бұл затты көргіңіз келсе, мархабат,– деп ғұлама тасты Жин Шинға ұсынады. Тасты қолына алған Жин Шин аударып-төңкеріп қарап шығады, әп-әдемі мөлдір меруерт тас екен. Тастың бетіне жазылған жазулар да тайға таңба басқандай анық көрініп тұрыпты. Тастың бетінде “тылсым меруерт” деп ойылған сөзді Жин Шин өзі оқып көрді. Тастың екінші бетінде ұсақ жазулар бар екен, Жин Шин оны да оқып көрейін деп енді үңіле бергенде ғұлама:

– Елес әлемге жеттік,– деп меруертті оның қолынан жұлып алды. Алдарында үлкен жартас тұр екен, дәруіш пен ғұлама сол тасты айналып ғайып болды. Жартастан “ғайып елес әлемі” деген жазу көрінді. Оның екі жағында мындай сөздер жазылыпты “Өтірік сөз болғанда шын сөз жалғанға айналады, жоқ нәрсе барға саналғанда, бар нәрсе жоққа саналады”.

Әулиелердің соңынан ілесіп көргісі келген Жин Шин орнынан қозғала бергенде жер мен көкті зілзала қылған жойқын жаңғырық естілді, тау жарылып, жер ойылып кеткендей болды. Жин Шин шошынғанынан айғайлап жіберді. Ол өз дауысынан оянды, жүрегі атша тулайды. Күн төбеге көтеріліпті, аптап ыстық түсіпті. Банан ағаштары ыстықтан маужырағандай мүлгіп тұр екен. Шошып оянғандықтан түсінде көргендерінің көбін есінен шығарып алды. Бала бағушы Инлиянды көтеріп әкеле жатты. Қызының аппақ уыз денесі балбырап, көзге тіпті сүйкімді көрінеді. Жин Шин оны қолына алып, бетінен сүйді, қызын көтерген беті көшеге шықты. Көшедегі елге қарап аз тұрды да үйіне қайта кіруге ыңғайлана берді. Сөйткенше болған жоқ көшедегі елдің арасынан түсінде көрген ғұлама мен дәруішті көрді. Ғұлама жалаңаяқ, жалтыр бас, ал дәруіш дудыраған шашы көзіне түскен, аяғы ақсақ кемтар адам екен. Екеуі емін-еркін самбырлай сөйлесіп келеді. Жин Шин оларға қарап тұра берді. Екеуі тура Жин Шиннің қақпасының алдына жақын келді де Инлиянды көтеріп тұрған Жин Шинді көргенде ғұлама еңіреп жылап жіберді. Сонан соң Жин Шинге қарап сөйлеп кетті:

– Жарылқаушым-ау! Мына ата-анасының сорына біткен, маңдайының бағы жоқ шермендені несіне көтеріп тұрсың.

Жин Шин бұл сөзді естігенде жүрегі сыздап қоя берді, сөйтсе де ғұламаның шалықтап сөйлеп тұрғанын біліп, теріс айналып жүре берді. Ғұлама:

– Садақа бер, садақа,– деп айғайлады. Жин Шин оның сөзін естігісі келмей, қызын көтерген бойы үйіне кіре беріп еді, ғұлама оған саусағын кезеп сақылдап күліп жіберді. Табан астында бір ауыз өлең айтты:

Аяймын сені, бейшара,
Сыздайды құрғыр жүрегім,
Әлпештеп тұрған қызыңның,
Тағдыры ауыр білемін.

Сен кашқанменен сынақтан,
Айтады заман өз әнін.
Еріген қар деп ойлама,
Ақ ұлпа гүлдің тозаңын.

Шағанда сақ бол айтарым,
Берік болсын іргеңіз,
Өртке кетіп үйіңіз,
Өкініп қалып жүрмеңіз.

Бұл сөздің тегін емес екенін шамалаған Жин Шин қатты толқыды, жаны түршігіп кетті, неде болса олардан жөн сұрмаққа артына бұрыла бергенде дәруіштің ғұламаға әлденені айтып жатқанын естіп тыңдай қалды.

– Екеуміз енді осы жерден айырылысып, өз бетімізше күн көрелік, үш ықылым заманнан кейін Бимиң тауынан сізді тосып аламын. Сонан соң ғайып елес ғаламға өтіп, өткен-кеткеннің есебін сонда жасармыз.

Ғұлама:

– Солай болсын, солай болсын!– деп басын изеді де екеуі де көзден ғайып болды.

Жин олардың тегін адам емес екенін анық білді, бірер ауыз жөн сұраса болатын еді, енді өкінгенмен амал не, өзінің кеш қалғанын білді.

Жин Шин ойсоқты болғандай қиял құшағында ұзақ отырды. Бір кезде басын көтеріп жан-жағына қараған ол көршілес “қапас пұтханада” тұратын кедей оқымысты Иүсүнның келе жатқанын

көрдi. Ол Жия әулетiнен шыққан Хуа деген адам едi, жұрт Иүсүн деп атап кеткен. Жия Иүсүн хужоудың адамы, ата-бабасы оқымысты, мансапты болған екен. Өз басы ол мансаптың қызығын көрген жоқ. Ол туған кезде әулетiнiң кетеуi кетiп, туыс-туғандары түгел өлiп, жастай жетiм қалған. Жетiм жiгiт өз елiнде үлкен абырой таппады, табатын пайдасы да аз болғандықтан, астанаға келген. Ондағы ойы осы жерден тiрлiк бастап, ата-бабаларының абыройын қалпына келтiрмек. Мұнда келгенiне де үш жыл болып қалды, мұнда да iсi оңға баспады. Амалсыздан пұтхананы паналап, көшiрмешiлiкпен күн көрiп жүр. Жин Шин онымен үнемі араласып тұратын.

Жия Иүсүн Жин Шинге жақын келiп сәлем бердi.

– Ағай, қақпаға сүйенiп ойға батып кетiпсiз, көшеден бiрдеңе көрдiңiз бе?– деп күле сөйлеп кеттi. Жин Шин да күле жауап бердi:

– Жоқ, әншейiн, қызым жылаған соң далаға шығарып ойнатып тұрғаным ғой, өзiм де жабырқап тұр едiм, келгенiң қандай жақсы болды, кiтапханаға кiрейiк, бүгiнгi күндi әңгiмемен өткiзейiк,– дедi. Баласын iшкi үйге кiргiзiп жiбердi де өзi Жия Иүсүнды ертiп кiтапханасына келдi. Қызметшi бала шай әкелдi, олар шайды iше отырып әңгiмеге ендi кiрiсе бергенде бiр қызметшi келiп:

– Ян атай келдi,– дедi. Жин Шин дереу ғафу өтiнiп, орнынан тұрды да:

– Айыпқа бұйырмассыз, сәл күте тұрыңыз, пақырыңыз кешiкпей қайта оралып, құзырыңызда болады,– дедi. Жия Иүсүн да кiшiлiк бiлдiрiп:

– Мархабат, ағай, шәкiртiңiз күнде мейман емес пе, күте тұрамын ғой,– деп қойды. Жин Шин қонақ бөлмеге шығып кеттi.

Жин Шин кеткен соң Жия Иүсүн өлең кiтаптарды қарап отырды. Терезе сыртынан бiр әйелдiң жөтелген үнi естiлдi. Орнынан тұрып сыртқа қарап едi, гүл терiп жүрген бiр күндi көрдi. Мүсiнi келiстi, жүзi жайдары, ерекше сұлу болмаса да сүйкiмдi, адамды баурағыш, тартымды әйел екен. Жия Иүсүн көрген жерден таңғалып аңтарылды да қалды. Күн гүлiн терiп алып жүре бергенде терезеден қарап тұрған адамды көзi шалып қалды. Көнетоз, жұпыны киiмi кедейлiгiн көрсетiп тұрғанымен, кең иықты, сом денелi тұлғасын, қою кара қасы мен кең маңдайын, еркекке лайық қабағы мен мұрнын жасыра алмапты. Күн бұрылып кетiп бара жатып бұл адам ер тұлғалы болғанымен кедейлеу көрiнедi. Бұл үйде мұндай жоқ-жiтiк ағайын жоқ едi ғой, осы кiсi қожайын аузынан тастамайтын Жия Иүсүн болмасын деп ойлады. Сонан соң қожайынның ол жарлылықпен өмiр өткiзетiн адам емес, сол жiгiтке көмектесейiн деп ойлап едiм, ретi келмей жүргенi деп отыратыны есiне түстi

де, сол сөз тегін айтылмаған екен-ау, деп өз еркінен тыс тағы да бір-екі рет мойнын бұрып қарап қойды. Оның қайта-қайта бұрылып қарағанын көрген Жия Иүсүн әйелдің өзіне көңіл аударғаны деп қатты қуанды. Бұл бір ерді кебенек ішінен танитын сұңғыла жан сияқты, маған осы-ақ серік болар деп ойлады.

Біраздан кейін қызметші бала келіп, Ян атай мен Жин Шиннің тамаққа отырғанын айтты, Жия Иүсүн оларды енді күтіп отырғысы келмей дәлізден өтіп, қосалқы есіктен шығып кетті. Жин Шин қонағын күтіп аттандырған соң Жия Иүсүнның кетіп қалғанын естіді, бірақ оны қайта шақыртпады. Күз күндерінің бірі, орақ мерекесінің қызған шағында Жин Шин кешкі тамақтан кейін кітапханасына арнайы дастарқан даярлатты да өзі серуендей барып пұтханадан Жия Иүсұнды үйіне шақырып келді. Жин Шиннің әлгі күні өзіне қайта-қайта қарағаннан бері, ол мені ұнатып қалса керек деп іштей бір бекемге келіп жүрген. Бүгін орақ мейрамы болғандықтан Жия Иүсүн айға қарап ыңылдап өлең оқып тұрған:

Пәниге мына келгелі,
Қасірет шеккен сорлы едім,
Жарамды менің емдеді,
Жалтақтап қарай бергенін.

Көлеңкемдей бөлінбес,
Әмірі келмей Алланың.
Табармын іздеп үйіңнен,
Қайдасың, кімсің, жан жарым.

Өлеңін оқып болған соң Жия Иүсүн ауыр күрсінді, қолға байлау, аяққа тұсау болып отырған жоқшылықтан көз ашпаған қарғыс атқыр тағдырын еске алса керек. Сонан соң дауысын көтеріп бір өлеңнің басқы екі жолын айтты:

Меруерт те жатыр сандықта,
саудаға салып көрермін,
Сәукеле жатыр оны да,
Иесін тапсам берермін.

Осы кезде Жия Иүсүнның өлеңін тыңдап тұрған Жин Шин:
– Жия бауырым, асқақ армандарыңыз бар екен-ау,– деп күліп жіберді. Жия Иүсүн да жұлып алғандай жауап қатты:
– Ағай, жол болсын, анда-санда бұрынғылардың өлеңдерін оқитын әдетім бар, әйтпесе, сіздің мақтауыңызға тұрарлық менде не бар дейсіз. Жин Шин онан ары ол сөзді қозғаған жоқ.

– Бүгін орақ мейрамының түні, бұрынғылар бұл түнді қауышу түні дейтін, пұтханада жатып зеріккен шығарсың, бауырым, өзіңе арнап шағын дастарқан жасатып қойдым, біздің үйге жүр.

Жия Иүсүн бәлсінбеді, әзіл-шыны аралас:

– Сіздің құрметіңізге іліксем, мен үшін онан артық не бар, ықылас-ниетіңізді қабыл алмайтындай мен кім едім,– деп жүруге ыңғайланды. Олар Жин Шиннің кітапханасына келді. Әне-міне дегенше шай да ішілді. Дастарқандағы тағамдар мен шарап туралы айтудың өзі артық, бәрі де көңілдегідей, алдын ала даярланған. Екеуі дастарқан басына жайғасып, тағамнан жеп, шараптан іше отырып әңгімеге кірісті.

Бойларына шарап тараған соң әңгіме онан арман қызып, шарап толы тостағандардың сыңғыры жиілей түсті. Осы кезде ауылдағы үйлердің бәрінен сыбызғы мен сырнайдың үні есіп, ауыл аспанында қалықтады. Аспанда жерге нұрын төгіп толған ай баяу жылжып бара жатты. Әңгімелері жарасып, көңілдері жарасым тауып, лепірген екеуі шараптарын сарқа көтереді. Бойына шарап тарап, ойы шалқыған Жия Иүсүнның сағынышы оянып, ойына бір шумак өлең оралды.

Он бесінде толасың дөңгеленіп,
Төгіледі нұр сәулесі жерге келіп.
Сенің толған жүзінді көру үшін,
Көкке шықпай, отырмыз жерде не ғып.

Бұл өлеңді естігенде Жин Шин таңданысын жасыра алмай дауыстап жіберді.

– О, бәрекелді! Мен сіздің тегін адам емес екеніңізді біліп едім, елдің соңында жүретін күндері көп өтпей аяқталады дейтінмін. Осы бір ауыз өлеңіңізден биікке шырқағалы тұрғаныңыз көрініп тұр. Көп кешікпей еңсеңіз көтеріліп, мерейіңіз үстем болар, оллаһи солай болғай! Басыңызға қонғалы тұрған бақыт құтты болсын,– деп бір шыны шарап құйып ұсына берді. Шарапты сіміре тартқан Жия Иүсүн ауыр күрсініп жіберді.

– Пақырыңыздың шараптың буына мастанып көпірген сөзі деп ойламаңыз, озық ілім, терең білім сыналар сәт туса, алдыңғы қатардан көрінер едім-ау, амал қанша, киер киім, ішер астан жоқшылық көріп отырғанда барымды базарлайтын күн қайдан болсын. Астананың жолы алыс, көшірме-хатшылықтан түскен тиын-тебен ішіп-жемнен аспайды, бұл күйіммен қайда барамын. Арман бар да дәрмен жоқ...

Оның сөзі аяқталмай Жин Шин сөйлеп кетті.

– Жия бауырым, мұндай ойыңызды неге ертерек айтпағансыз, көптен бері сізге бір көмек көрсетсем деп жүретінмін, өзіңіз ауыз ашпаған соң, айту ыңғайсыз болып жүрген. Мұндай ойыңыз болса сізден аяр түгім жоқ, білімім болмаса да кісіге қарар қайыр-саукатым бар. Келер жылы сіздің жолыңыз болады екен, тез қамданып, астанаға барыңыз. Көктемдегі талдаудан озып шықсаңыз, біліміңізді көрсету орайына ие боласыз, қаржы жағынан қам жеме, ол менің мойнымда болсын, ер мойнында қыл арқан шірімес, Жия мырзаға еткен еңбек тегін кетпес,– деді де, қызметші баланы шақырып, ішкі үйден елу сәрі ақ күміс, екі жұп қыстық киім алдырды.– Айдың он тоғызы сәтті күн еді, иншалла, ақ жол болар, бауырым, көп ойланбай қайық байлап алып батысқа кетіңіз. Талдаудан сүрінбей өтіп кетіңіз, келер қыста қуанышпен кездесер күн тусын,– деп ағынан ақтарылды. Жия Иүсүн күміс пен киімді алып рахмет айтты, өзі қысылып-қымтырылмай ішіп-жеп, манағысындай шалқып отыра берді. Түннің үшінші дабылында екеуі қоштасып, Жия Иүсүн өз үйіне кетті. Жия Иүсүн кеткен соң Жин төсегіне жатып ұйықтап кетіп еді, ертеңіне тал түсте бір-ақ оялды. Түндегі Жия Иүсүнмен болған әңгімені есіне алып отырды да, Жия Иүсүнның астанаға барғанда түсетін жері жоқ екенін ойлап, оның астанада бір ұлықтың үйінде жатып-тұруы үшін таныстыру хат жазып бермек болып, оны шақыртып адам жіберіп еді, жіберген адамы көп кешікпей қайтып келді. Ол:

– Жия сопы түннің бесінші дабылында астанаға жүріп кетіпті,– деді.– Ол кісі сізге “оқымыстылар ырымға сенбейді”, істің реті келсе болғаны, алдыңызға барып арнайы қош айта алмадым, соны айтып қойсын депті,– деді. Жин Шин бұл сөзге үндеген жоқ, ішінен ол да жөн екен деп ойлады.

Өмір кейде зулап өте шығады емес пе, көзді-ашып жұмғанша көктем мерекесі жетіп келді. Жин даяшы Хуочиді шақырып алып ойын көрсетіп кел деп Шин Инлиянды көтертіп қоя берді. Түн ортасы болған кез. Хуочи Инлиянды бір қақпаның алдына отырғызып қойып өзі дәретке кетеді. Қайтып келгенде Инлиянның орнын сипап қалады. Қатты шошыған Хуочи түнімен іздеп баланы таба алмайды, не дерегін білмейді, қожайынға мұны қалай айтсын, көрінерге бет жоқ, ақыры жат елді бетке алып жүріп кетеді.

Инлиянның түнімен келмегенін аңғарған Жин Шин мен әйелі бір сұмдықтың болғанын сезеді, баланы іздеуге бірнеше адам жібереді. Бала табылмайды, іздеушілер табанынан таусылып, еш дерек таба алмай оралады.

Жас ортасына келгенде көрген жалғыз қызының жоғалып кеткені ерлі-зайыпты екеуін күйзелтіп кетеді. Қандай ауыр азап десеңізші, күйіктен өзегі өртенген екі мұңлық күн-түні зарлап жылаумен болады. Ішкені ірін, жегені желім болып, аһ ұрып, күн санап шөгіп кетті. Бір айдан кейін Жин Шин сырқаттанып төсек тартып жатып қалады. Қызының күйігінен жұбайы Фыңшы да дертке шалдықты. Енді бақсы-балгер іздеп сергелдеңге түсті.

Келер істі кім болжап білген, маусымның он бесінде қапас пұтханада пұт әулие тағамдары әзірленетін, биыл да сол әдетпен тағам әзірлеп жатқанда монахтың абайсыздығынан қазандағы майға от түсіп лап ете қалады. Лаулаған от алдымен терезе жақтауындағы қағаздарға тиеді. Бұл жақтың елі үйді қамыс пен ағаштан жасайтын, осындай бір пәленің болатын жөні де бар еді. Пұтханадан тұтанған өрт қас-қағым сәтте өршелене түсті. Бірден-бірге жалғасып, бүкіл көшені жалмап кетті. Құтырынып алған өрт ырық бермеді, түнімен лаулап жанып, таң атқанда зорға басылды. Қанша үйдің өртке кеткені белгісіз, әйтеуір Жин Шиннің үйі әлдеқашан күлге айналып кеткен еді. Алла сақтағанда ерлі-зайыпты екеуі, бірнеше үй қызметкері аман қалды. Қатты күйінген Жин Шин жер текпілеп аһылап-үһілегеннен басқа не істей алсын. Әйелі екеуі ақылдаса келіп, өздерінің ауылына көшіп кетті де сонда қоныстанып қалды. Онда да қызығарлық түк жоқ екен, жуырдағы бірнеше жылдан бері қуаңшылық пен су апатынан тақсірет тартқан ел жоқшылықтан есеңгіреп, ұры-қары көбейіп, елден тыныштық кеткен. Ол аз болғандай төрелер мен шеріктер де елді қан қақсатып, берсе қолынан, бермесе жолынан алатын болған екен, ауылда да күн көру қиындап кетіпті. Амалы таусылған Жин Шин атыздарын сатып, әйелі мен екі күнін ертіп қайын атасының қасына көшіп келеді. Қайын атасы Фың Суо деген кісі Даружоу аймағының адамы болатын, егіншілікпен айналысқан жай шаруа болса да дөңгелек дәулеті бар болатын. Қызы мен күйеуінің барынан айырылып, құралақан келгенін көргенде іштей жабырқап қалды. Бір жақсысы, Жин Шиннің атыздарын сатудан түскен күмістері бар болатын. Ол келер күндердің қамы үшін қора-қопсы сатқызып алмақ болып қайын атасына аздап ақша берді. Фың Суо оның ақшасын жырымдап жұмсап, қалғанына нашарлау қора-жай, құнарсыздау жер алып берді. Жин Шин ауыл жұмысына ебі жоқ оқымысты болғандықтан, шаруашылығын шалқыта алмады, ілдебайлап бірер жылға әрең шыдаса да барған сайын әркімге кіріптар бола бастады. Фың Суо күйеу баласын көзіне мақтағанымен, сыртынан жан бағудың жөнін білмейтін, дайын асқа тік

қасық жалқау неме деп жазғырып, сөгіп отыратын. Жин Шин мұны білсе де іштен тынып үндемей жүрді. Жығылғанға жұдырық болып алдыңғы жылғы жан азабы мен күйік те ұмытыла қоймай, қайта-қайта есіне түсе берді. Жасы келіп қалған адамға оңай ма, кедейлік пен күйік екі жақтап ауруға шалдықтырды да, еңсесін түсіріп меңдете берді. Өңінен бірте-бірте өлім табы біліне бастады.

Бір күні ол таяғына сүйеніп сүйретіліп көшеге шықты, ондағысы ары-бері өткен елге қарап көңілін жұбатпақ болғандағысы еді. Мына ғажапты қарасаңшы, анадай жерден үсті-басы алба-жұлба, қол-аяғы айғыз-айғыз болып тілінген бір ақсақ дәруіш жын соққандай делқұлана өлең айтып кетіп барады.

Әулиеге сенеді ел, мінсіз, мұңсыз адам деп,
Атақ пенен абырой керек бірақ оған тек.
Батырлар мен уәзірлер елден асқан кешегі,
Жатыр мола астында, мәңгі өлмеске заман жоқ.

Әулиеге сенеді ел, мінсіз, мұңсыз адам деп,
Алтын-күміс, сарқылмас дәулет керек оған тек.
Қайғырады бейшара байлық үшін, мал үшін,
Байығанда ол да өлер, тағдыр солай амал жоқ.

Әулиеге сенеді ел, мінсіз, мұңсыз адам деп,
Әйткенменен әйелі қымбатырақ оған тек.
Тірі болса күйеуін күні бойы мақтайды,
Өлсе кетер жатпенен сендік қана болам деп.

Әулиеге сенеді ел, мінсіз, мұңсыз адам деп,
Бәрінен де баласы қымбатырақ оған тек.
Ата-аналар ақымақ, бәрі солай ежелден,
Бұл дүниеден береке, опа көрген адам жоқ.

Жин Шин оның алдынан шығып:

– Ей, қайырымды дәруіш, бұл айтып бара жатқаныңыз қандай өлең еді, “жақсы”, “тек” деген екі сөзден басқа ештеңе ұқпадым”, – депті. Сонда дәруіш жымыып:

– “Жақсы”, “тек” деген екі сөзді рас естіген болсаң, бұл жырды толық ұққан екенсің. Өлемдегі істердің бәрі солай “жақсы” болса “тек” болады, “тек” болса “жақсы” болады. “Тек” болмаса “жақсы” болмас, “жақсы” болу үшін “тек” болу керек. Бұл жыр “тек жақсы жыры” деп аталады”, – депті. Жин Шин сезімтал, сұңғыла адам

болатын, бұл сөзді естіген кезде-ақ мәнін түсініп үлгерген.
Дәруішке қарап күлімсіреп тіл қатады:

– Ей, мейірімді дәруіш, сіздің осы “тек, жақсы” жырыңызға түсінік берсем бола ма?– депті. Дәруіш те жымыып:

– Жарайды, онда құлағым сенде, түсіндіре бер,– дейді.

Жақсы-жайсаң бір кезде кенес құрған,
Әңгіме айтқан, әзілін жарастырған.
Қураған шөп, қу ағаш, аула ішінде,
Сарай тұрды құлазып елес буған.

Жұпар суы үстіңе себінгенің,
Бөлекше еді басқадан сенің жөнің.
Қызғалдақтай қырдағы көз тартады,
Далап жаққан қып-қызыл еріндерің.
Самайына ақ кірген не себептен?
Аңсаймысың күніңді кешегі өткен.

Ескі зират орнында бұл күндерде,
Шатыр тіккен ғашықтар білдіңдер ме?
Әбдіресі алтынға толған байлар,
Қайыр тілеп қалады бір күндерде.
Болжап болмас дүние тылсым майдан,
Жар іздейді қыз таңдап жас жігіттер,
Жолығарын салдақы білсін қайдан.

Пейіліңнен болады істің көбі,
Біле алмайды алайда ешкім де оны.
Мойнына ажырғы киіледі,
Ескісіңсең тоныңды үстіңдегі.

Шыр айналған дүние келер, кетер,
Ақымақтар байлыққа сенер бекер.
Байға айналар қайыршы бір-ақ күнде,
Шыныменен тәңірім берем десе.

Дүниеге кім келіп, кім кетпеген.
Біз де келдік ілесіп дүрмекпенен.
Сен әніңді аяқтап болмай жатып,
Мені сөзге шақырар құрметпенен,

Бөтен жерді жерсініп паналадым,
Таусылған соң, әрине, бар ма амалым.
Сөзін сөйлеп біреудің далбасалап,
Күнім үшін есігін жағаладым.

Жин Шиннің өлеңі әсерлі еді, ақсақ дәруіш шапалағын соғып, Жин Шинге қарап “тауып айттың! тауып айттың!” деп разы болғанын жасыра алмай қиқылдап күліп жіберді. Жин Шин:

– Ендеше, кеттік,— деп дәруіштің мойнындағы қоржынды жұлып алып, иғына салды да үйіне бұрылып қарамастан делқұлы дәруішпен еріп кете барды. Лезде бүкіл көшедегі ел дүрлігіп шыға келді, біреуден біреу естіп, сұмдық хабарды тез таратты. Жин Шиннің бәйбішесі Фыңшы бұл сұмдықты естігенде етегі жасқа толғанша еңіреп ұзақ жылады. Жылағанмен ештеңе өзгермейтінін ұққан соң ғана әкесімен ақылдасып, әр жерге адам жіберіп, іздеу салды. Бірақ еш жерден дерегі табылмады, амалсыз қалған Фыңшы әкесіне сүйеніп күн көрудің қамына кірісті. Көңілге медеу тұтары – қасында ұзақ жылдан бері қызмет етіп келген, өзін сыйлайтын сыралғы екі күні бар еді. Үшеуі үйде отырып тігіншілік істеп, әкесінің шаруасына көмектесіп жүрді. Әкесі Фың Суо күнде Жин Шинді жазғырғанымен қызынан безе алмады. Бір күні Жин Шиннің екі күнінің бірі есік алдына шығып, қарсыдағы базардан жіп сатып алуға барады. Ол көшеден жұрттың жаңа әкім таққа отырыпты деп дабырлағанын естиді. Қатар-қатар болып, сап түзеген шеріктер мен шабармандардың өтіп бара жатқанын үйде қалған күн де қақпадан сығалап көріп тұрды. Оның артынан басына қара шляпа, үстіне күрең кеудеше киген ұлықты күймеге салып жаяу көтерген қызметшілер келе жатты. Ұлықты көрген жерден күң іштей бір сырды сезгендей қатты таңданып тұрып қалды. “Мына ұлықты бір жерден көрген сияқтымын” деп ойлады ол. Бірақ біреуге ұқсатуы да мүмкін ғой, онан ары тұрғысы келмей, жібін алды да үйіне кіріп кетті. Күңнің ұлықта несі бар, жыға танымаған соң кім болса да бәрібір емес пе, көп кешікпей көргендерін ұмытып та кетті. Кешке ел орынға отырған кезде қақпа қағылып, дабырлаған үн шықты. Әлдекімнің:

– Аудан әкімінің шабарманы келіп шақырып тұр,— деген дауысы анық естілді. Фың Суоның зәресі ұшып кетті, не істердің жөнін білмей сілейіп тұрды да қалды.

Не хабар келді, қандай сұмдық болды, ол жағын келесі тараудан оқисыздар.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Шабармандардың шақыра келген хабарын естіген Фың Суо басында аңтарылып тұрып қалса да тез есін жиып, қақпа алдына шығып, аман-сәлем жасап, неге шақырғандарын сұрады.

– Жин мырзаны шақырыңыз,– деген шабарманның үні қатқыл шықты.

– Пақырыңыздың тегі Фың болады, кезінде Жин әулетінен шыққан күйеу балам болып еді, оның ойлағаны дүние болып, үйден кеткеніне екі жыл болды. Мүмкін соны іздейтін шығарсыздар?

– Бізге “Жин” ба, “Жия” ма бәрібір, егер ол сенің күйеу балам екені рас болса, әкімге сені ертіп барсақ та болар,– деп шабармандар Фың Суоны ертіп кетті. Фың Суоның үй іші не болғанын білмей, үркердей болды да қалды. Фың Суо ел жата бере қайтып келді. Үй іші не болғанын білгілері келіп, сұрақтың астынан алды.

– Жаңа әкім Жия әулетінен шыққан адам екен, аты Хуа, өзі біздің Хужоу аймағының адамы көрінеді. Кезінде күйеу баламмен аралас-кұралас болған сияқты, осы арадан өтіп бара жатып, есік алдында жіп сатып алып тұрған Жияушиң бикешті көріпті де күйеу бала осында көшіп келген екен деп ойлап, шақырып келуге адам жіберіпті. Жасыратын несі бар, болған істің мән-жайын түгел ұғындырдым, Жин Шин жайын естігенде қатты күйзелді, күрсініп жіберді. Аз отырып барып жиен қызымды сұрады. Оның ойын көріп жүріп жоғалып кеткенін айтқанымда, “қайғырмаңыз, мен адам шығарып іздетіп көрейін, қайткен күнде де табамыз” деді. Әңгіме-дүкен құрып, өткен-кеткенді сұрас-тырып көп отырды, кетерімде екі сәрі күміс берді,– деді.

Фың Суоның сөзін естіген Фыңшы ханымның көңілі бұзылып, көзіне жас келді. Сонымен ел жатып қалды, түн тыныш өтті.

Келесі күні таңертең Жия Иүсүн Фыңшы ханымға екі бүтін күміс, төрт топ дүрия жіберіпті, заттарды ала келген шабарман әкімнің рахмет айтқанын, Жин Шин отбасына разы екенін де айта келді. Фың Суоға хат беріп жіберіпті, онда Фың Суо ханымнан Жияушинды тоқалдыққа сұратыпты. Бұл хатты оқыған соң Фың Суо қатты қуанды, өзін-өзі тоқтата алмай, әкімге барып жағымсуға асықты. Мән-жайды қызына да айтты, оны ептеп жүріп көндірді де сол түні Жияушинды шағын күймемен әкімнің үйіне жеткізді. Мұны көрген Жия Иүсүн да қуаныштан жарылардай болды, Фың Суоның өзіне жүз сәрі ақ күміс берді, Фыңшы ханымға да қыруар дүние-мүлік жіберді. Қыздарының дерегін тапқанша шыдай тұрыңдар деп тоқтау айтты.

Жияушиңның анау бір жылдары Жия Иүсүнға қайырылып қарауы кездейсоқ еді, оны көрген жерден тегін адам емес екенін, оның болашағын болжай білуі де тосын еді. Тағдыр солай болған шығар, Жияушиңның мандайына бақ қонып, арада талай жыл өткен соң ойлмаған жерден Жия Иүсүнға күйеуге шықты, келесі жылы балпанақтай ұл туды. Ұлы жарым жасқа келгенде Жия Иүсүнның бәйбішесі қайтыс болып, Жияушиң бәйбіше ханым болып шыға келді.

Сонау бір жылы Жин Шин бағынды сынап көр деп күміс ақша берген соң Жия Иүсүн айдың он алтысы күні түнде үйінен аттанып астанаға тартып берген еді. Жолы болып жалпылай сыннан жақсы өтті. Таңдалғандардың қатарында артқы сапта кезекке тұрды. Кезегі келіп бүгін осы ауданның әкімі болып отыр. Ол іскер, орамды адам еді, десе де нәпсіқұмар, тойымсыз дүниеқорлығы бар болып шықты. Менмендігі бір басына жететін, өз білімін жоғары санап, өзінен жоғарыдағыларды да менсінбейтін. Қызметтестерінің бәрін сыртынан қыжыртып, ғайбат айтатын болды. Әкім болғанына жыл өтпей жатып оның үстінен шағым айтқан домалақ арыз жоғарыға жетті. Онда білімді болғанымен барып тұрған алаяқ сұмның өзі, ауыл шонжарларымен ауыз жаласып, жемқорларға жақтасты деп жазылған-тын. Бұл арыздар патшаның құлағына жетіп, патша қатты қаһарланып, Жия Иүсүнның орнынан алу жөнінде жарлық шығарды.

Патшаның әмірі ауданға жеткенде жамбылдағы бақас мансаптылардың табасы қанды. Жия Иүсүн намыстан жарылардай болып жүрсе де сыртқа сыр бермеді. Жаймашуақ мінез танытып, үкімет жұмысын разы-хоштықпен өткізіп берді. Жұмыстан кеткен соң мал-мүлкін, үй-ішін атамекеніне апарып орналастырды да, өзі дүниедегі атақты жерлерді аралап, серуендеп жүріп, Уияң деген жерге келді. Ол жердегі саяхат істерін басқаратын ұлық Лин Рухай адам екен.

Тегі Лин, өз аты Хай, Рухай оның лақап аты болып шықты. Өзі осы Гу Судың адамы дейді. Оқымысты, білімді адам болса керек, бір кезде сынақтан өтіп, шен алып, кейін хандық кітапхананың бастығы болыпты. Хан жарлығы бойынша саяхат істерін басқаратын ұлықтық орынға биыл отырыпты. Мансапты болғанына көп өтпеген екен.

Рухайдың арғы атасы да хужуе атағын алған адам екен, одан бері бес ата өтті. Хужуелік мансап үш атаға дейін ғана сақталу керек еді, ұлы мәртебелі патша тақсырдың шапағаты түсіп, әкесі де хужуе болған дейді. Ал Рухай болса өзінің білімінің арқасында

талдаудан өтіп мансапқа отырды. Атына заты сай қара көктің тұқымы бола білді. Тағдырдың жазуына не шара, бұл әулеттің түтіні қырынан ұшып, жан саны молаймай-ақ қойғаны. Аз ғана туысқандарының өзі Лин Рухаймен аталас туыстар еді. Өзімен бір туған ешкімі жоқ, жасы елуді еңсеріп қалды, жар дегенде жалғыз ұлы бар еді, ол да былтыр, үш жасында шетінеп кетті. Жақсылықтан үмітін үзбей неше тоқал алса да бала көрмеді. Алланың ісіне амал бар ма, ақыры тағдырына мойынсұнуға тура келді. Бәйбішесі Жияшы ханым бір қыз тапқан, аты Дайиүй биыл беске шығады. Ерлі-зайыпты екеуі сол қызды алақанына салып әлпештеумен отыр. Қыздарының зерделі, алғыр болып өсіп келе жатқанын байқаған ерлі-зайыпты екеуі оны жасқы тәрбиелеп, жақсылар санатына қосуды армандады. Қыздарын еркекшора етіп тәрбиелеп, қам көңілдерін жұбатты.

Жия Иүсүнге суық тиіп, ауырып, керуенсарайда жатып қалды да, сырқаты айыққан соң қаражатының азайып қалғанын ойлап, сол жерде біраз күн аялдауды жөн көріп, уақытша тұруға баспана іздей бастады. Сөйтіп жүргенде ойламаған жерден көнекөз екі досын кездестірді. Олар жаңа келген саяхат істері төресін танитын болып шықты, оның қызына тәрбиеші ұстаз іздеп жүргенін білетін олар Жия Иүсүнды соған таныстырып, тәрбиешілікке орналас-тырды.

Шәкірт қыз өте жас еді, өзі өте әлсіз, әр күнгі өтілетін сабақтың мөлшеріне шек қоймады, оның үстіне төренің екі күні бірге оқитын болып шықты. Бұл жұмыс Жия Иүсүнге жеңіл тиіп, тіпті дем алып, сырқатынан сауығуына жақсы орай болды.

Ол мұнда бір жылдан артық тұрды. Аяқ астынан Дайиүйдің анасы Жияшы ханым аурудан көз жұмды. Әлсіз, аурушан Дайиүйге ана өлімі қатты батты. Соның салдарынан ауруы қозғалып, көпке дейін сабақ оқи алмай қалды. Істер ісі жоқ бос қалған Жия Иүсүнның іші пысып, үйде отыра алмай кей күндері далаға шығып сейілдеп келіп жүретін. Бір күні ол қала маңына шығып, дала табиғатын тамашалауға жағасында орманы сыңсып, қамысы шулаған тау арасынан аққан өзен бойына келді. Бұл жерде қақпасы қирап, қабырғасы құлаған екі пұтхананың орны бар екен. Маңдайшасында “Шарапаттылар ғибадатханасы” деген сөз жазылыпты. Екі босағасына”. Былғанбай тұрып сұмдықтан тыйылмасаң, батырым. Орнына келмей өткен іс, өкінесің ақыры”, – деген босағалық жазылыпты. Жия Иүсүн бұл жазуларды көрген соң терең ойға кетіп біраз тұрды: әріптері таяз жазылғанымен,

мәні терең сөздер екен. Дүниені кезіп талай ғибадатханаға барсам да мұндай ұлы өсиетті көрмеп едім. Бұл жерде қайткенменде қасиетті әулиелер мекендеген болса керек, ішіне кіріп көргенім жөн болар деп ойлады. Ол пұтханаға кіріп барса, ішінде жасы жетіп, кәріліктен қаусаған бір ғұлама қара көже қайнатып отыр екен. Ғұламаның тым қарт адам екенін көрген Жия Иүсүн жөн сұрамақ болып жақындап келіп сәлем берді. Шал тас керек, су қараңғы болса керек, оның үстіне аузында тіс жоқ екен, тілі күрмеліп сөзге келмейді, оның балаша былдырлаған сөзінен Жия Иүсүнның сәлемін естімегені, ештеңе түсінбейтіні аңғарылды, “саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейді” деген осы да.

Шалмен тілдесе алмай әбден ішқұса болған Жия Иүсүн қайта шықты да, сөз ұқпайтын қарттың жанында бос уақыт өткізгенше қыстаққа барып, дүкеннен екі-үш тостаған шарап ішіп көңіл көтерейін деген оймен солай тартты. Ол бір дүкеннің есігінен кіре бергенде шарап ішіп отырған топты адамның ішінен біреуі мұны танығандай орнынан тұрып жылы шыраймен: “Кездесу деп осыны айт, кездесу деп осыны айт”, деп тіл қатты. Сөйтсе, Жия Иүсүнмен астанада танысқан, көне аспаптар сатып күн көретін Лиң Зышиң деген адам екен. Жия Иүсүн бұл кісіні құрмет тұтатын, жұрттан асқан өнері бар, өресі биік адам болғандықтан оны талай жерде сыртынан мақтап еді. Лиң Зышиң де Жия Иүсүнның парасаты мен инабатын аузынан тастамайтын. Бірін-бірі жақсы түсінгендіктен болса керек, екеуі көңіл қимас ағайын болып кеткен. Ойламаған жерден Лиң Зышиңді көргеніне Жия Иүсүн көңілденіп қуанып қалды, бетіне күлкі үйіріліп:

– Туысқан-ау, бұл жерге қашан келгенсің, ініңіз сіздің мұнда екеніңізден мүлде бейхабар еді. Бұл кездесу шынында кездейсоқ қауышу болды-ау өзі,– деп ағынан ақтарылды. Лиң Зышиң өз жайын қысқаша баяндап сөйлеп кетті:

– Былтыр жыл соңында елге оралғам, қыстай үйде болдым да енді қайтадан астанаға бара жатырмын, жолшыбай бір жамағайын туысыма кездесе кетейін деп бұрылғам. Ол бірер күн осында бол деген соң ол да жөн екен деп аялдап қалдым. Күйіп бара жатқан қарбалас жұмыс болмаған соң, бірер күн дем алып, ай ортасында жолға шықсам да болар дедім. Бүгін туысқанымның бір жұмысы шығып қалды да өзім жазғыз үйде қалған соң осында келіп көңіл көтеріп отырмын,– деп сөйлей жүріп Жия Иүсұнды дастарқанға отырғызды, дереу даяшыны шақырып оған басытқы алдырды. Екеуі шарап іше отырып, бір-біріне бастан кешкендерін айтып

ұзақ әңгімелесті. Жуықтан бері астана жақтан не жаңалық естідің деп сұрады бір сөздің кезегінде Жия Иүсүн.

Лиң Зышиң жай ғана жымып алып:

– Сіздің рудан шыққан кездейсоқ оқиғаны айтпағанда, жаңалық дейтіндей ештеңе жоқ. Бұл сөздің мәнін түсінбеген Жия Иүсүн езу тартып қойды да:

– Астанада ініңіздің руластарынан адам жоқ сияқты еді ғой, бұнымен не айтпақшысыз,– деп өзіне қарсы сұрау тастады.

– Аталас бола тұра, рулас болмаймыз дегеніңіз қалай,– деп Лиң Зышиң күліп қойды.

Жия Иүсүн оқиғаның қайдан шыққанын, мән-жайын сұрады. Лиң Зышиң тартынбай баяндай жөнелді:

– Рұңғоның Жия әулетінен шығыпты, дегенмен бұл мырзаның атақ-абыройына дақ түсіре алмас,– деп қойды.

– Солай деңіз, пақырыңыз өсіп-өнген аталы әулеттен шыққан адам. Дұнхай заманынан бері Жия Фудан тараған ұрпақ ұлардай шулаған елге айналды. Қай өлкеге барсаң да алдыңнан Жия әулетінің ұрпақтары кездеседі. Мұны кім ескерсін. Ал шежіре бойынша Рұңго әулетімен арғы аталарымыз бір екені рас. Алайда, олар шеттерінен дәулетті болды да, біз олармен араласуға бата алмай қалдық. Бармасаң алыстайсың деген рас екен, сөйтіп бірте-бірте суықбауыр, жат болып кеттік қой.

– Мырза, мұның қалай екен, қазір Нингофу мен Рұңгофудың бастарынан бағы тайып, дәулеті шайқалып бұрынғы күндері келмекке кетті,– деді Лиң Зышиң.

– Екеуі де өсіп-өнген үлкен әулет емес пе еді, құлдырап кеткені қалай?

– Несін сұрайсың, айта берсек ол бір ұзақ әңгіме.

– Былтыр Жилиңге бардым, алты патшалықтан қалған мұраларды тамашалауға тас қаланы аралап жүріп солардың ордаларының алдынан өтіп едім. Көшенің шығысында Нингофу ордасы, батысында Рұңгофу ордасы, несін айтасың, ордалары тұтасып кеткен, көшенің негізгі бөлігін солар иеленіп алыпты. Қақпаның сырты жұпыны көрінгенімен, орда іші әлі де сән-салтанатты, үйлері тым еңселі көрінді. Бақшалары қандай кең, мөуелеп өскен ағаштар мен аласа төбешіктерді көмкерген көкорай шалғын көз сүріндіреді. Жеміс ағаштары мен көкөністердің иісі ауаны жұпарға айналдырып тұр, олар қайдан құлдырай қойсын.

– Дегеніңе болайын, ештеңеден бейхабар екенсің-ау, бұрынғылардың “жыланды үш кесе де кесірткелік жаны бар” деген сөзі бар емес пе. Бұрынғыдай дәулеті шалқып дәуірлеп

тұрмаса да әдеттегі мансаптылармен салыстырсаңыз, жер мен көктей ғой. Қазір жан саны артып, жұмыс көбейіп отыр ғой. Қожайыны да, құлы да, жоғарыдағылары да, төмендегілері де ата дәулетінің арқасында шалқып жүр ғой. Ебін келтіріп, есебін тауып, байлыққа байлық қосып жүрген ешкімі жоқ. Кезінде сән-салтанатқа беріліп, бар байлықты төгіп-шашып өткен әулет қой, қазір бұрынғы атағы болмаса пәлендей күш-қуаты жоқ, іштей тозып-ыдырауға бет алған. Шынына келгенде бұл да түк емес-ау, ең сорақысы кезінде басына бақ қонған, несібесі жұрттан артық аталы әулеттің жастары азып барады.

– Сонда олар оқымысты әулеттен бола тұрып, ата өсиетіне, жақсылардың тағылымына немқұрайды қарағаны ма? Бұл қалай? Басқасын білмеймін Ниңгофу мен Рұңгофу әулеті бала тәрбиесіне келгенде қатаң еді ғой,– деді Жия Иүсүн таңданысын жасыра алмай.

– Мен осы екі орда туралы білгенімді айтып отырмын, сөзімді асықпай тыңдаңыз. Кезінде Ниң Гоның ағайынды екі биі болғанын білетін шығарсыз, соның үлкенінен екі ұл қалған. Ниң Гоның ағайынды екі биі дүние салған соң сол екі ұлдың үлкені Жадайхуа орда билігін қолына алады. Оның да екі ұлы болған екен, үлкені Жия Фу жастай өліп, кішісі Жия Жик ел билеген. Ол қазір тірі, дін жолын ұстанып, басқа нәрселерге араласпайды, ешкіммен жұмысы жоқ, сынап өлтіріп, дәрі жасаумен күн өткізеді. Жия Жин деген жалғыз ұлы бар, орда жұмысын сол басқарады. Жия Жик үйден безіп кеткелі көп болған, қала сыртында дәруіштермен бірге жүреді. Жия Жиннің Жия Рұң деген жалғыз ұлы бар, ұмытпасам биыл он алтыға толды. Жия Жик атай ешқандай іске араласпай отыр. Жия Жин де көп нәрсеге батылдық ете алмай, сауық-сайранмен күн өткізіп жүр. Қысқасы Ниң Го ордасына ие болатын адам жоқ.

Ал енді Рұңгофу ордасы туралы айтайын. Мен айтып отырған оғаш оқиға осы арадан шығыпты.

Рұңгоның биі қайтыс болады да оның орнына үлкен ұлы Жиядайшан отырады. Жиядайшан Жилиңдегі бір аталы рудың оқымысты төресінің қызына үйленген екен. Одан Жияшы, Жия Жик деген екі ұл туады. Жиядайшан қайтыс болған, одан бері де талай уақыт өтті. Ханымы әлі тірі, үлкен ұлы Жияшы Рұңго ордасының билігін ұстап отыр. Өзі момын адам, орда ісімен де көп жұмысы жоқ, өзімен өзі болып жүрген біреу. Жиядайшанның кіші ұлы Жия Жик жастайынан кітапқұмар, білімпаз, зерек болды, адамды алаламайтын турашыл, әділ болып өсті, ұлы атасының

ықыласы ауған немересі сол екен. Көзі тірісінде оны оқымыстылар қатарында мансапқа іліктірмек болыпты. Алайда Жиядайшан кенеттен өледі де, өлерінде ұлыққа өсиет жазып кетіпті. Көнекөз уәзірінің өсиетін ойлаған патша оның үлкен ұлын орда билеушісі етеді. Жия Жикті астанаға шақыртып қабылдап, сырттай орда басқарушы деген мансап беріп, ордаға оқуға қабылдайды. Сол Жия Жик қазір Иуанулаң. Жия Жиктің бәйбішесі Уаңшы ханымнан туған тұңғыш ұлы он төрт жасында оқымысты шәкірт болып атағы шыққан. Жастай үйленген одан да бір ұл бар, өзі жиырма жасында қайтыс болды. Бәйбішесі ол өлген соң да бір қыз туады, ол наурыз айының бірінші күні туып, елді таңғалдырады. Осыдан он неше жылдан кейін тағы бір ұл туады. Ол ана құрсағынан аузына меруерт тас тістеп туған дейді. Таста шым-шытырық жазулар болыпты, бірақ не екенін ешкім танымаса керек. Оғаш оқиға, жаңалық деп отырғаным осы.

– Шынында да қызық екен, бұл бала тегін бала болмаса керек.

– Жұрттың бәрі де солай деп жүр ғой, нысаналы бала деп ырымдайтын болса керек, ұлын апасы да өлердей жақсы көреді дейді. Бала бір жасқа толған күні оның болшақта кім болатынын, не қалайтынын болжамақ болған атасы Жия Жик алдына дүниедегі барлық заттарды үйіп қойып, кәне, қалағаныңды ал депті. Неге екенін кім білген, бала басқа ешбір затқа қарамай, опа-далап, теңге, моншақ-түйреуіш сияқты заттарды алып ойнапты. Баланың бұл таңдауына көңілі толмаған Жия Жик төре бұл бала кейін қызыл жанды, қызқұмар әуейі болар деп оны жақтырмапты. Тек шешесі ғана оны елден ерек жақсы көреді.

Бала қазір он неше жасқа келді, тым тентек, дегенмен ақылды, сөйлегенде үлкенді жаңылдырады. Ол үнемі “әйел судан, еркек топырақтан жаралған, сондықтан әйелді көрсем ерімін, еркекті көрсем жеримін” дейді екен. Қызық емес пе? Меніңше оның кейін әйелқұмар болары даусыз.

– Олай бола қоймас, бұл баланың тегін емес, киелі адам екенін білмей отырсыздар ғой. Амал қанша, көпті көрген Жия Жик төренің өзі де қателескен екен. Көпті көрген, білімді, көкірегі ояу сұңғыла жан болмаса, бұл баланың сырын түсінбес. Жия Иүсүнның бұл іске ерекше мән бере, тереңнен тартып сөйлеп отырғанына қарап Лиң Зышиң одан бұл сөздің мәнін сұрай кетті:

– Өмір деген бір бәйге, адам сол бәйгеге қосылған жүйріктер сияқты. Елден асқан ғалым мен елді құртқан залымнан басқа қарапайым халық қатарласып қатар жарысып отырады. Ғалымдар ырыс-береке әкеледі, баққа туады. Залымдар елге кесапат әкеледі,

сорға туады, бірі жұрттың мерейін өсіреді, бірі кетеуін кетіреді. Бұрынғы өткен Яу, Шүн, Иүй, Таң, Уын Уаң, Уұ Уаң, Жугұң, Жаугұң, Күңзы, Мыңзы, Дүн Жоушу, Хан Иүй, Жоу Дүниы, Чың Хау, Жу Ши, Жаңзайлар елдің бағына туған жандар еді. Чы Ю, Гүн Гүн, Хүй Жие, Жоу Чың, Чин Шыхуаң, Уаң Маң, Сау Сау, Жуан Уын, Ан-лушан, Чин Хүй қатарлылар елдің сорына туған. Ғалымдар дүниені оңдаса, жауыздар тонайды. Жайдары жарқындық, әділдік пен адалдық ғалымдардың қолында болады, қатыгездік пен арамдық, жауыздық залымдардың қолында болады. Ырыс ұйып, құт қонған бұл заманда жақсы пиғыл хан ордасынан тартып, қарашаның қара қосына дейін тараған. Одан қалған жақсылық иесін таппай кәусар буға айналып, дүниеге шашылып кетті. Қатыгездік пен жауыздық ашыққа шыға алмай, түпсіз шыңырауда жатыр. Дегенмен кейде жел толқытып орнынан қозғалып, аздаған бөлшектері бұлтпен бірге ұшып, жақсылықтың жанынан таяу өтіп кетеді. Сол кезде адалдық арамдыққа жол бермеуге тырысса, арамдық та адалдыққа көлеңке түсіруге жанталасады. Сөйтіп екеуі қақтығысып қалып отырады. Бірін-бірі жеңе алмай тіресіп тұрып алады. Рухы әлсіз, жігерсіз адамдарды арамдық иектеп, билеп алады. Ер болсын, әйел болсын арамдық мойнына бір мінген кісі оңалмақ емес. Рухы берік кісі арамдықты жанына дарытпайды. Мұндай адамдарды миллион адамның ішіне жіберсеңіз де алғыр ақылымен, жайдары мінезімен жұрттан асып көрініп тұрады. Оның жаман қасиеттері жұрттың табанында жатып тозады. Ондай рухты адамдар байлар мен бектердің отбасында туса, мәжнүн, күйкі жанға айналады. Оқымысты жарлы отбасында туса, білімпаз, кедей болады. Жай ғана қарапайым кедей отбасында туса, атақты әртіске, болмаса жезөкшеге айналады, қайткенде де біреудің қолшоқпары болып, өзінен төменгілердің ықпалында жүрмейді.

– Сіздің ойыңызша жеңген катын би, жеңілген ер күң бола бермек пе?

– Тура түсініп отырсыз, сіз біле бермессіз, мен қызметтен алынған соң екі жыл ішінде әр өлкені аралап жүріп нысаналы туылған екі бала көрдім.

– Сіз Бауиүй туралы оқиғаны айтқанда мен оны мұның дәл өзі болмаса да жетеғабыл болар деп ойлап отырдым. Басқа жаққа бармай-ақ осы Жилиң қаласынан талай сырды аңғаруға болады. Жилиң қаласындағы өлкелік қайырымхананың төбе биі болған Жин ұлықты естіп пе едіңіз?

– Неге білмейін, Жин әулеті Жия әулетімен ежелден құдандалы “сарсүйек” тұқым емес пе? Аралас-құралас, тату ел ғой, мен де оларға барып тұрамын.

Жия Иүсүн сөзін онан ары сабақтады. Өңіне бір түрлі жағымды күлкі үйірілді.

– Былтыр Жилиңге келген соң Жин отбасына үй мұғалімі болып қызмет еттім. Үйлеріне алғаш барғанымда үй ішіндегі жасау-жабдық, үй мүліктеріне қарап, ырыс-береке орнап, құт қонған отбасы екенін таныдым. Бұл үйге мұғалім болу таптырмас жұмыс екенін біле қойдым. Шәкіртім сауатын жаңа ашқан жас бала болса да, білімге деген ынтасы мен ыждаһаты білім иелеріне тән, өте зерек еді. Ол алғаш кездескенде-ақ маған өте орынды ұсыныс қойды: “Менімен бірге екі қыз бала қосып оқыта аласыз ба, мен сонда олармен бәсекеге түсіп, әріптерді есіме тез тоқтата алар едім, әйтпесе ештеңе ұқпай қоюым да мүмкін”, деді. Сөйтіп сол үйдің екі жас күні онымен бірге оқыды, ол өзімен бірге оқып жүрген қыздарға: қыз деген сөз өте қасиетті әрі сүйкімді сөз, жүгірген аң, ұшқан құс, көктеп тұрған шөп дейсің бе, бәрінің де өте көркем, қасиетті аттары бар, бірақ қыз деген сөзге жетпейді, сендер талғамсыз сөйлеп, әдепсіз қылық жасап бұл атауға кір келтір-мендер, өздерің бұл сөзді айтқанда таза сумен, жұпар шаймен ауыздарыңды шайып тазалануларың керек. Естеріңде болсын, жаңылып, жазатайым бұл атауға кір жұқтырсаңдар, тістеріңді қағып, көздеріңді ойып аламын дейтін. Өзі аса ояр, шолжан мінезді болса да оқудан босап үйіне барғанда, қыздардың алдында өзін соншалық әдепті ұстайтын, жүзіне күлкі үйіріліп, жайдары, жарқын қалыпқа түсетін. Әкесі сол мінезі үшін бірнеше рет ұрсып, тіпті ұрып та көрді, бірақ ол өз дағдысын бұзған емес. Әкесінің таяғы өтіп кетсе “әпекем”, “сіңілім” деп шыңғыратын. Үйдегі қыздар оны мазақтап: “Жаныңа таяқ батқанда “әпеке, сіңіліңді” шақыратының қалай, олар келіп арашалап алар дейсің бе?” дейтін. Оның бұған беретін жауабы өте қызық болатын: “”Әпеке, сіңілі” деген сөздерді аузыма алсам, таяқты ауырсынбаймың, қайдан білейін “әпеке, сіңілі” деген сөздер аузыма түссе болғаны, денемнің ауырғаны басыла қалады, сондықтан денеме таяқ өткен кезде “әпеке, сіңілі” деп бақырамын” дейтін. Бұл да кездейсоқ кезігетін, ғажап нышан емес пе?

Ұлы апасы немересін өте жақсы көретіндіктен, маған қатаң қарайтын, ұлын да кінәлай беретін. Қазір мұғалімдіктен босап шықтым. Мұндай балалар ата-анасының ісіне ғана мұрагер болып, ұстаздарының айтқанын ғана орындай бермейді, өзінше жол

табады. Бұл ғана емес, олардың үйіндегі әпкелі-сіңлілі бірнеше қыздың бәрі де сирек кездесетін ерекше мінез иесі еді.

Сөзді Лиң Зышин жалғастырды:

– Жия ордасындағы үш перзенттің үшеуі де елден асып тұр, Жия Жин атайдың Юаншуан атты үлкен қызы тілге шешен, қолынан да әр түрлі іс келетін, аузымен құс тістеген нағыз адамның түйғыны болды. Қазір хан ордасына әйел ұлықтыққа көтеріліп кетті. Жияшы төренің кіші әйелінен туған Иңшуан атты екінші бойжеткен де ешкімге есе жібермейтін әйелдің көкжалы болды. Жия Жың төренің тоқалынан туған Танчуан атты тағы бір қызы бар. Ол әулеттегі төртінші бойжеткен Ниңгофу шаңырағындағы Жия Жин мырзаның туған қарындасы Шичуан. Ши әжей немере қыздарын басынан құс ұшырмайды екен, көзінен таса қылмайтын көрінеді. Бәрі де сол ұлы әжелерінің жанында тұрып оқиды, бәрінің де жақсы аттары ел аузында аңыз болып жүр. Оның сөзін тыңдап отырған Жия Иүсүн осы кезде сөзге араласты:

– Жин әулетінің әдет-ғұрыптары басқаша еді ғой, өздері шеттерінен сырбаз, тәкаппар, елден ерекшеленіп тұрғанды ұнатұшы еді. Қыздарына ерлердің атын қоятын. Басқаларша “Чүн”, “Хүн”, “Шиян”, “Иүй” деген сияқты сұлу да әдемі, нәзік аттар қоймаушы еді, Жия ордасы бұл үрдіске неге көшті екен?

– Оның да өзіндік мәні бар, үлкен бойжеткен наурыздың бірінші күні туғандықтан атын Юаншуан қойыпты. Қалғандарының атын соған ұйқас болсын деген ғой. Үлкендерінің аты туыс-туғандарының атына ұйқас қойылған. Қазіргі сіздің қожаныз Лин Рухай бидің ханымы Рүнгофу әулетіндегі Жияшы, Жия Жик билердің туған қарындасы емес пе, оның қыз кезіндегі аты Жия Мин болатын, сенбесеңіз барған соң сұрастырып көріңіз. Сөз осы жерге келгенде Жия Иүсүн күліп жіберді.

– Маған шәкірт болып жүрген қыздың аты Дайиүй еді, ол үнемі “мин” әрпін “ми” деп оқып, жазғанда бірер сызығын кем жазатын, мен оның тек қана бір әріпті қате оқып, қате жазғанына іштей таңқалушы едім. Енді түсіндім, осындай себеп бар екен де. Шәкіртімнің сөз саптауы мен сырбаз қимылының өзгеше болуы дегдар анадан туған жан екен-ау, амал қанша өткен айда анасы дүниеден өтті.

– Бір отбасындағы үш қыздың кішісі еді, ол да пәниден өткен екен ғой, сөйтіп әке жолындағы үш қыздың бірі де қалмаған екен-ау. Ендігі іс кейінгі қыздарға, олардың күйеулеріне қарап қалды десеңші.

– Солай болар, әр заманның өз көшбасшысы бар ғой, мана бір сөзіңізде Жия Жик төренің меруерт тістеп туған бір ұлы, үлкен

ұлынан қалған бір немересі бар деп қалдыңыз, сонда Жия атайдың ұлы жоқ па?– деді Жия Иүсүн таңданған раймен.

– Жия Жик төре меруерт тістеп туған ұлынан кейін тоқалынан тағы бір ұл сүйген. Оның жөнін жақсы білмеймін. Ертеңгісін Алла білер, әйтеу қазір екі ұлы, бір немересі бар. Ал Жишы төренің де Жиялиян атты бір ұлы бар. Жасы жиырмадан асты, Жия Жик төренің ханымы Уаңшыңның ағасының қызын алып беріп ек, шаңырақ құда үстіне құда болып, сүйек жаңғыртып отыр. Үйленгеніне төрт-бес жыл болды. Жиялиян мырза бір аймақтың орынбасар уәлиі, шіркін байлық не істетпейді, ақшаның күші ғой. Өзі адал іске, таза жұмысқа онша құлқы жоқ, жылпостау жігіт болды. Жол-жораға жүйрік, тілі орамды Жиялиян қазір Жия Жик төренің шаруашылығын басқарып отыр. Дегенмен, осы әйелін алғаннан бері елдің бәрі оның өзін емес, әйелін ауыздан тастамайтын болды. Жиялиян мырза жұрт назарынан қалып барады. Айтса айтқандай, ол әйелдің кескін-келбеті де келісті, салауаты басым, сөзге де шешен, зерделі адам, тіпті бір басы жүз еркекке татитын әйел. Оның беріле сөйлегені сонша Жия Иүсүн күліп жіберді де:

– Менің сөзімнің шындығы дәлелденді, екеуіміз сөз етіп отырған осы адамдар жүректеріне адалдық пен арамдық бірдей сыйған, ұстанған жолы, көздеген мақсаты бір адамдар болып шықты емес пе?– деді.

– Бұлардың арамдығы да, адалдығы да халықтың есебіне жазылады ғой, сіздің адалдығыңыз үшін бір тостаған алып жіберейік.

Шарапты тарып жіберген Жия Иүсүн:

– Әңгімеге айналып көбірек сілтеп жіберіппіз,– деді.

– Біреудің ғайбатын айтып, әңгімелесіп отырып ішкен арақ сіңімді болады, мұндайда тартыңқырап алғанның артықтығы жоқ,– деп Лиң Зышиң күліп қойды.

Жия Иүсүн терезеден далаға қарап еді, күн кешкіріп барады екен.

– Уақыт бірталай жерге барған екен, қала қақпасы жабылып қалмай тұрғанда қалаға жетіп алайық, қалғанын сонда жалғастырсақ қалай қарайсыз,– деді ол. Екеуі ішкен арақтарының ақшасын төлеп, орындарынан тұрды. Есіктен шыға бере біреудің:

– Жия Иүсүн ағай, сүйінші! Сүйінші! Құтты болсын,– деген дауысы естілді. Жия Иүсүн артына жалт қарады.

Жия Иүсүнға сүйінші хабар жеткізген кім екенін білгіңіз келсе, келесі тарауды оқыңыз.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Жия Иүсүн артына жалт қараса, келіп тұрған кісі кезінде өзімен істес болған, өзімен бірге қызметтен алынған Жаң Ругүй деген адам екен. Жаң Ругүй осы өңірдің адамы еді, қызметінен айырылған соң үйінде жатқан болатын. Бүгін біреуден астанада бұрынғы қызметкерлерді жұмысқа қайта шақырып жатыр деген хабар алды да, сол тізімге ілігіп кетудің қамымен жанкүйер сүйеніш іздеп арлы-берлі шауып таныстарын аралап жүріп Жия Иүсұнды көріп қалды. Оған өзінің қуанышын жеткізуге асығып, сүйіншілеп келе жатқаны сол еді. Амандық-саулық сұрасқан соң Жаң Ругүй көрген-білгенін түгел жеткізді. Бұл хабарға Жия Иүсүн да қуанып қалды. Жаң Ругүймен біраз әңгімелесті де асығыс үйіне кетті. Лин Зышин: “Егер астанаға барар болсаң, Лин Рухайдан астанадағы Жия Жинге көмек көрсетуін өтініп хат жазғызып ал”, деген ақыл айтты. Жия Иүсүн бұл ақылды құп көрді, олармен қоштасып, оқыту үйіне келген орданың бұйрығы жарияланатын газетті тауып алып, бұрынғы қызметкерлерді қызметке қабылдау туралы бұйрықтың шындығына көз жеткізді. Ертеңінде Лин Рухайға барып, өзінің астанаға барып тағы да бақ сынамақ ойын айтып көмек сұрады. Лин Рухай ойланып отырып барып:

– Тағдыр қисынын шебер келтіріп тұр ғой, бәйбішем қайтыс болғаннан бері астанада тұратын қайын енем жетім қалған жиен қызының болашағына алаңдап, үсті-үстіне адам жіберіп, жиенін шақыртып еді. Қызымның денсаулығы қалпына келмеген соң жібере алмаған едім. Енді неде болса қызымды нағашы әжесіне жіберейін деп отырмын. Сізге де еңбегіңізге лайық құрмет көрсете алмай ыңғайсызданып жүргенмін. Мынау бір табылмайтын орай болды ғой, мұндайда аянып қалар жөнім жоқ, сізге қолдан келгенше көмек көрсету менің парызым емес пе. Пақырыңыз жолға дайындалып отырған адам, енді сіз үшін бір жолдама хат жазу ғана қалды, жұмысыңыздың жайын қайын ағама тапсырамын, сізге көмегім тисе, адамдық парызым болар еді. Қаражаттан қысылмаңыз, оны да қайын ағама тапсырамын,— деді.

Жия Иүсүн қатты риза болды, рахметін айта отырып өзінің күдігін де жасырмады:

– Қайын ағаңыз не жұмыста екенін білуге бола ма? Әйтпегенде ол кісінің алдында әбестік көрсетіп қоймайын деп тым төменшектеп қалармын,— деді.

– Қайын ағам өзіңіздің аталас туысыңыз, Рұң Го Гүңнің немересі. Үлкен қайын ағам бас генерал, аты Жияшы деген адам,

жұрт Инжоу деп атап кеткен. Екінші қайын ағамның аты Жия Жың – құрылыс бөлімінің жетекшісі, жұрт ол кісіні Сүнжоу деп атайды. Өзі аса кішіпейіл, мінезі жұмсақ, жұртқа сыйлы, ізетті адам. Қайын ағаларым байлығы мен мансабына масаттанған кеудемсоқ жандар емес, сізді үлкен сеніммен тапсырғалы отырмын. Егер оларға сенбесем, сіздің абыройыңызға көлеңке түсіп қана қоймай, маған да ыңғайсыз болмай ма. Лин Зышиңнің кешегі ақылына разы болған Жия Иүсүн Лин Рухайға тағы да рахмет айтты. Лин Рухай:

– Келер айдың екісінде қызымды астанаға аттандырғалы отырмын, сіз бірге барсаңыз екеуіңізге де қолайлы болар еді,– деді. Жия Иүсүн бұған қатты қуанды, көктен тілегіні жерден табылғандай болды да қалды.

Лин Рухай оған аздап жол қаражатын беріп, ақ жол тіледі. Жия Иүсүн болса оның ұсынған ақшасына разы болған пейілмен қабыл алды.

Кішкентай шәкірт жөпелдемеде әкесін қимай, үйінен кеткісі келмеді. Бірақ нағашы әжесінің зарыға күтіп отырғанын ойлаған Лин Рухай оған тоқтау айтып:

– Шырағым, мен қартайып қалдым, сендерге шеше болатын адам іздер жайым жоқ, өзім қарай алмаймын, сен болсаң денсаулығың әлсіз, өзің өте кішкенесің. Бауырына басар шешен, сүйеніш болар әпке-сіңлің жоқ. Нағашы әжең мен нағашы әпкелеріңе барып сүйеніш ет. Олар сені жақсы көреді, сонда менің де көңілім орнығар еді, сенің сонда барғаның жөн,– деді.

Бұл сөздерді тыңдаған Дайиүй көзінің жасын көлдете жүріп, қайықпен жолға шықты. Оған кішкентайынан баққан өкіл анасы мен Рүңго ордасының бірнеше егде әйелдері ілесті. Жанына екі қызметші серік ерткен Жия Иүсүн бөлек қайыққа отырып, олармен бірге кетті.

Арада талай күн өткенде олар астанаға жетті, Жия Иүсүн бірер күн дем алып, киімін реттеп киіп, қызметші баланы ертіп Рүңгофу ордасына келді. Оның қолында Лин Рухай “аталас туысы” екенін тілге тиек етіп, арнайы жазған мөрлі хат бар болатын.

Күйеу баласының хатын оқыған Жия Жик төре Жия Иүсұнды шақыртып әңгімелесті. Оның сұңғақ та балуан денесіне, шешен де, тартымды сөздеріне көңілі толды. Жия Жик төре затында жақсыға жаны құмар, оқымысты, білімдар адамдарды тіпті жақсы көретін, жоқ-жітік адамдарға қайырымды, арғы аталарына тартқан, кісі құрметтей білетін ибалы, абзал адам еді. Оның үстіне күйеу баласы да бұл адамды ерекше тапсырыпты, өзі аталас туысқан көрінеді, сондықтан Жия Иүсұнды ерекше пейілмен қарсы алды.

Қолынан келген көмегін аяған жоқ. Істің барысы тіпті тез болды. Патшаға оның қызметін қалпына келтіру жөнінде ұсыныс та енгізді. Екі айға жетпей Жия Иүсүнның жұмысы оңды шешімін тапты, ол Жилиң өлкесінің Иңтияң аймағына уәли болып тағайындалды.

Жұмысы ыңғайланған соң астанада көп аялдаған жоқ, Жия Жиңмен қоштасып жолға шықты. Көп кешікпей көздеген жеріне жетіп, сәтті күндердің бірінде уәлилік таққа отырды.

Дайиүй мінген қайық жағаға ілінісімен Рұңгофу ордасының қызметкерлері арбаларымен алдынан шығып күтіп алған. Шешесі Дайиүйге: нағашы әжеңнің үйі басқалардың үйінен ерекше дейтін, сол сөз баланың есінде қалған. Жол бойы өзін ертіп кетуге келген үшінші дәрежелі қызметші әйелдердің киім киісі мен ішіп-жемінің өзі елден бөлек екенін көрді.

Ол нағашымның үйіне барғанда өзіме-өзім берік, сақ болуым керек екен. Артық-ауыс сөйлеп, оғаш қимыл жасап, елге күлкі болып жүрмейін деп ойлады. Олар мінген күйме қалаға келгеннен бері жібек шашақты терезеден далаға көз салып, айналасын тамашалап келеді. Көшелері таза, салтанатты екен. Көшеде той-думан болып жатқандай жұрт жыртылып-айырылады. Астана басқа қалалармен салыстыруға келмейтін ғажайып қала көрінеді. Осы оймен келе жатқан Дайиүйдің көзіне көшенің терістігінде шоңқиып отырған екі тас арыстан көрінді, тірі арыстан секілді көрінеді екен. Онан біраз жүрген соң төбесіне аңның басының мүсінін орнатқан үш қақпасы бар үлкен үйге жақындады. Қақпаның алдында оншақты адам қаз-қатар отыр, киімдері өте сәнді, әдемі екен. Қарсы алдындағы қақпа жабулы, шығыс пен батыстағы екі қақпадан адамдар кіріп-шығып жүр. Алдыңғы үлкен қақпаның маңдайшалығындағы “патша ағзамның әмірімен құрылған Ниңгофу ордасы” деген жазу анадайдан көрінеді екен.

Дайиүй: “Нағашы атамның үлкен үйі осы болды ғой”, деп ойлады. Олар батысты бетке алып келе жатқан, тағы біраз жүрген соң дәл жаңағы көргеніндей үш қақпалы үлкен үй кезікті. Рұңгофу ордасы осы болатын. Дайиүй мінген күйме күн батыс жақ бүйірдегі қақпадан келіп кірді. Қақпадан кірген соң оқ бойы жерге дейін көтеріп келген даяшылар күймені бұрылысқа келгенде жерге қойды. Арттағы әйелдер күймеден түсіп жатты. Күймені көтеріп келген даяшылар осы жерде қалатын секілді, күйме көтеруге он жеті-он сегіз жастардағы төрт жас даяшы келді. Әйелдер күйме соңынан жаяу ілесіп отырды. Күйме тағы бір оюлы қақпаның алдына келгенде күйме көтерушілер күймені еппен жерге қойды

да, өздері әдеппен шегініп кетті. Күйменің есігін ашқан әйелдер Дайиүйді қолтықтап күймеден түсірді. Өлгі әйелдер Дайиүйді сүйемелдеген беті оюлы қақпадан кіргізді. Қақпаның іші өзінше бір әлем. Екі жағында төбесі шатыршалы жол үйді айналып кетуге, қосалқы есіктерге баруға арналған сияқты. Ортада төбесі бітеу өткек, өткектің ортасында жақтауы қызыл сандал ағаштан жасалған мәрмәр тұғыр орнатылыпты. Тұғырдан айналған соң сол жақта үш бөлмелі қабылдау үйі, оң жақта жатын үйлер, онан ары кең аула көрінеді. Дәл қарсы алдындағы бес бөлмелі орда сарайының дөдегеліктері түгел ою, өрнекке толы екен. Сарайдың екі жақ жанама есігінен шығатын қосалқы жолмен баратын шатыршалы қанат үйлердің қабырғаларына тоты құс, суықторғай сияқты көркем құстардың суреттері салыныпты. Есік алдындағы баспалдақта үлде мен бүлдеге оранған бірнеше қыздар отыр екен, Дайиүйді көре сала орындарынан тұрып, қуанышты қалыптарымен олардың алдарынан шықты.

– Әжем жаңа ғана айтып отыр еді, өзі де келіп қалды ғой.– Үш-төрт қыз жүгіре келіп есіктің пердесін ашып, Лин бойжеткен келді деп дауыстады. Екі қолтығынан екі кісі ұстаған қарт ана алдынан шықты, шашы күмістей аппақ бұл адамның өзінің нағашы әжесі екенін Дайиүй білді. Еңкейіп тағзым етейін деп еді, нағашы әжесі онан бұрын құшақтап үлгерді де, емірене бауырына басып ұзақ тұрды, маңдайынан иіскеп мауқын басты. “Жетімегім, құлыным, аман келдің бе”, деп еңкілдеп жылай берді. Көрген жанның сай сүйегі сырқырап, көздеріне жас алды. Дайиүй әжесінің кеудесіне басын қойып, солқылдап ұзақ жылады. Жиналған жұрт оларды әзер ажыратты. Дайиүй сонан кейін барып нағашы әжесімен амандасты. Әжесі жиналған үрім-бұтағы мен қызметшілерін Дайиүйге таныстырды:

– Мынау үлкен нағашы әпкең, анау кіші нағашы әпкең, мынау нағашы ағаң Жияжоудың келіншегі – Ли Уан жеңген.

Дайиүй бәріне тағзым етіп сәлем берді. Амандасып болған соң, Жия әжей:

– Алыстан қонақ келді ғой, қыздарды шақырыңдар, бүгін оқуға бармай-ақ қойсың,– деді. Бұл сөзді құп алған екі адам есіктен шыға жөнелді. Аздан кейін үш бойжеткен келіп кірді, үшеуінің де сүт аналары ере келіпті және үш күні бар екен. Үш қыздың бірі орта бойлы, толықша, ақша жүзді сүйкімді қыз екен, үстінен жұпар суының хош иісі аңқып тұр. Енді бір қыз нағыз кермеиық сұлудың өзі, қыпша бел, сұңғақ денелі, сопақша жүзіне мойылдай қара көзі

мен қиғаш қасы құп жарасқан. Жанарынан от ұшқындап, өжеттігі мен білімділігін танытады, өте сүйкімді екен. Енді бірі тіпті уыздай жас, денесі де толыса қоймаған балғын қыз көрінеді. Үшеуінің жасануы бірдей, көрген адам текті, бай әулеттің қыздары екенін айтқызбай танығандай. Дайиүй олармен амандасып, таныса бастады. Олар дастарқанға отырды, бір жас күң шай әкелді. Шай үстінде әжесі Дайиүйден шешесі қалай ауырғанын, қайтіп емделгенін, қалай қайтыс болғанын түгін қалдырмай сұрады, тіпті қызының қалай жерленгенін де ұмыт қалдырған жоқ. Дайиүй өз білгенін түгел айтып берді, қарт әже көңілі босап, ойға батып кетті, сонан соң Дайиүйге қарап:

– Сенің шешенді жақсы көруші едім, қыздарымның ішінде оның орны бөлек еді, қайтейін, оның да артында қалам деп кім ойлаған, мені тастап ол да кетті-ау, соңғы рет жүзін де көре алмадым-ау жарығымның, қайғырмай қайтейін енді, амал бар ма! Сұм дүние деген осы,– деп көзінің жасын төгіп-төгіп алды. Жиналғандар әжейдің көңілін аулап, тоқтау айтты.

Жұрттың назары Дайиүйде еді, отырғандарды ол ширақ қимылы, салмақты мінезі, шешен тілімен өзіне баурап алды. Сүйегі нәзік болғанымен, өте ұстамды, өжет, өр мінезді қыздың денсаулығының әлсіздігі де көрініп тұрды. Әжесі жиен қызының мына мүшкіл халіне қарап:

– Қашан науқастанып қалдың, қандай дәрі ішіп жүрсің, әлі сауыға алмағансың ба?– деп сұрады. Дайиүйдің жауабы жұртты таңғалдырды:

– Қашан ауырдың деріңіз бар ма, мен ес білгелі осындай аурушаңмын. Тамақ ішкенді үйренген кезде дәрі ішуді де бірге үйренгем. Сонан бері мені көрмеген бақсы-балгер қалды ма, талай-талай дәуперім, емшілерге көрсетті ғой, бірақ амал қанша, әзірге шипа болған бірі де жоқ,– деді.– Менің үш жастағы кезімде үйге бір тақырбас сопы келіпті, ол мені пұтханаға бүбілікке жіберсеңдер, денсаулығы түзеледі депті. Ата-анам оған көнбепті. Сопы қыздарыңды дін жолына салмасаңдар, науқасынан айыға алмайды. Бұл баланың жазылып кетуі үшін осы бастан жылаған дауыс естімеуі, әке-шешесінен басқа еш адамды, тіпті туыс-туғандарын да көрмеуі керек. Сопының бұл сандырағын ескерген жан жоқ. Қазір алтынтамырдан жасалған қуаттандыру дәрісін ішіп жүрмін.

– Жөн екен, балам, жаныңа шипа болсын, мен де осындай дәрі жасатып жүр едім, саған да жасатайын,– деді әжей.

Осы кезде сырттан біреудің алыстан келген қонақтың алдынан шыға алмай кешігіп қалдым деген даусы естілді.

“Бұл келген кім болды екен?– деп ойлады Дайиүй.– Үйдегілер менің сөзімді ықыласпен тыңдап отыр еді. Өзі еркінсіген бейпіл біреу ғой тегі.” Сөйткенше бір топ күнін ерткен, әдемі келген әйел кіріп келді. Жасануы да жұрттан өзгеше, үсті-басы асыл тастар мен теңге-моншақтарға толған, торғын матаға оранған сылқымның өзі екен. Басына гауһар тастар орнатылған зерлі бас киім киіпті, оның шашағы жібектен, төгіліп тұр. Бастырғы, түйреуіштеріне самұрықтың суреті ойылған, мойнындағы қызыл алтын алқасына айдаһар суреті салынған. Үстіндегі қынама бел қызғылт торғын бешпетіне алтын жіппен кестеленген алуан түрлі төре көбелектің суреті, сыртынан киген көк атластан кестелеп тысталған құндыз кеудешесі, тіпті, салтанатын асырып, көгілдір гүлді жібек көйлегі судырап жерге төгіліп тұр. Қиыла біткен қиғаш қасы үшбұрыштанған көзінің жарасымсыздығын жасырып тұрғандай. Ашық мінезді, денесі талдырмаш, келіскен әйел екен.

Опаланған, мейірімді жүзі бір түрлі, оймақтай ерні қып-қызыл, күлкісі қандай сүйкімді.

Дайиүй амандаспақ болып орнынан тұра беріп еді, әжесі күліп жіберді, сонан соң:

– Сен мұны танымай тұрсың ғой, бұл осы жердің әйел перісі “нанжиннің қызыл бұрышы”, сен “фың бұрыш” дей берсең болады,– деді. Дайиүй не істерін білмей қысылып қалды. Манадан таныс болып қалған әпке-сіңлілері оның ыңғайсызданып тұрғанын байқап:

– Бұл кісі Жиялиян ағайдың әйелі, сенің жеңгең,– деді. Дайиүй бұл адамды бұрын көрген емес, бірақ шешесі: “Жиялиян нағашы ағанның әйелі кіші нағашы апаң, Уаңшың ағаның қызы. Аты Уаң Шифың, жасынан еркекшора болып өскен” деп отыратын. Сол нағашы жеңгесі осы болды. Дайиүй оны жеңеше деп атай берді.

Бұл жеңгесі Дайиүйді қолынан ұстап, маңдайынан сүйді, сонан соң басынан-аяғына дейін қарап тұрды да, нағашы әжесінің қасына отырғызды. Өзінің таңданысын жасыра алмай:

– Осындай да сұлу тұлға, мінсіз бітім болады екен-ау,– деп қойды.– Мұндай сүйкімді қызды тұңғыш көріп тұрмын, бітімі де, мінезі де өз апамның басқа жиендеріне ұқсамайды екен. Тіпті, өзі әжесінің немересі сияқты, өз апамның аузынан тастамайтыны осыдан екен ғой. Соры қалың байғұс сіңілім-ай, апайым қалай ерте дүние салды екен,– деп көзінің жасын сығып алды.

– Мен көз жасымды жаңа ғана құрғатып едім, еді сен бастадың ба, қой енді,– деп Жия әжей тоқтау айтты.– Сіңілің ұзақтан жол соғып шаршап келіп отыр, өзі де үлбіреп әзер тұрған бала екен, денсаулығы да жақсы емес көрінеді, енді көңілін босатып, мұндай сөзді ауызға алма. Уаң Шифың қайтадан жайдары қалпына ауысып:

– Сіңілімді көрген соң көңілім босап кеткені де, әже, сізді ұмытып кетіппін, ғафу етіңіз,– деді де, әженің жауабын күтпей Дайиүйдің қолынан ұстап, бауырына басып отырып, одан жасын, оқуын, денсаулығын, қандай дәрі ішіп жүргенін сұрай келіп, бұл үй өз үйің, үйінді ойлап аландама, не ішіп-не жеймін десең де тартынба, қыз-келіншектер көңіліңе кірбің түсірсе, маған айт,– деді, сөзінде сұрау да, жақын тартқан мейірбандық та бар еді. Дайиүй басын изеп құп алғандығын білдірді. Уаң Шифың Лин бойжеткеннің жүктері енгізілді ме, қанша адам ертіп келіпті, тезірек екі бөлме даярлаңдар, олар да шаршап келген шығар, тынығып демдерін алсын деп бұйырды.

Дастарқан жайылып, шай құйылды, Уаң Шифың қонақтарды дастарқанға отырғызып, шайды өзі құйды. Шай ішіп отырғанда Дайиүйдің екінші нағашы апасы Уаң ханым:

– Айлық ақы беріліп болды ма?– деп Уаң Шифыңға қарады. Ол:

– Түгел берілді. Мана артқы базарға барып едім, кешегі сіз айтқан торғынды таба алмадым, жаңсақ көргенсіз-ау деймін,– деді. Уаң ханым:

– Табылмаса оқасы жоқ, барын аларсың, сіңіліңе киім тіккізіп бер,– деп қойды.

– Мен мұны ерте ойлағам, сіңілімнің келіп қалатынын ойлап маталарды даярлатып қойғам, өзіңіз барып көрерсіз, ұнаса алып келемін ғой.

Уаң ханым басын изеді де қойды.

Шай ішіліп, дастарқан жиылған соң Жия әжей екі егде сүт анаға Дайиүйді нағашы аталарына апарып амандастыруды тапсырып еді, Жияшының әйелі Шиңшы:

– Жиенімді аталарына өзім ертіп барғаным жөн емес пе?– деді.

Әжей:

– Қаласаң сөйте ғой, сүт аналарды ерте бар, қайта келіп жүремісің,– деді.

Шың ханым Уаң ханыммен қоштасып, Дайиүйді ертіп кетті, қалғандар үй алдындағы өткектен өткізіп салып үйде қалды. Манағы оюлы қақпаның алдында бір топ мәпеші қыздар тұнық

көк сырмен сырланған мәпе әкеліп тұр екен. Шың ханым мен Дайиүй мәпеге мінді, он мәпеші әйел мәпенің пердесін түсірді де көтеріп сыртқы аулаға шығарды. Бұлар сол жерден қашыр жеккен күймеге отырып, басты қақпадан шығып, шығысқа қарай жүріп барып, Рұнгофу ордасының алдыңғы үлкен қақпадан өтіп барып, қара сырлы бір қақпаға келіп кірді. Алдарынан тағы бір қақпа кезікті, ол құрмет қақпасы деп аталады екен, сол жерде күймеден түсті. Шың ханым Дайиүйді жетелеген беті аулаға кірді. Дайиүй бұл Рұнгофу ордасындағы бақшадан өзгеше екенін байқады. Олар тағы да үш қақпадан өткен соң шағын сарай көрінді, ана жақтағы зәулім сарайдан мүлде басқаша. Мұнда да төргі сарай, екі жағында қанат сарай, серуен жолдары бар екен. Аула ішіндегі мәуелі ағаштар мен тас төбешіктер Дайиүйді қатты қызықтырды.

Олар төргі сарайдың алдына келгенде әсем киінген бір топ қыз-келіншек алдарынан шықты. Шың ханым Дайиүйді сарайға кіргізіп отырғызды да, Жияшыны шақыруға адам жіберді. Ол адам көп кешікпей қайтып келді.

Төре денсаулығым жақсы болмай жүр еді, жиенді көрген соң көңілім босап, жүйкеме жүк түсер. Кездеспей тұра тұрғаным жөн. Жиен алақөңіл болып, үйін ойлай бермей, әжесі мен нағашы апасының қасында болсын. Әпке-сінділері серік болып, көңілін көтерсін. Біреуден жәбір көрсе, жасырмай айтсын, бөтенсінбей, жатырқамай еркін жүрсін депті.

Дайиүй орнынан тұрып, нағашысының сәлемін құп алды. Әрі-беріден соң кетуге ыңғайланып еді, Шың ханым тамақ ішіп кет деп жығыла жабысты.

– Нағашы апа, кешіріңіз, сіздің тамағыңыздан аттап кетпегенім жөн еді, алайда екінші нағашы атама сәлем беруім керек. Кешігіп қалсам болмас. Кейін тағы келермін,– деді. Шың ханым бұл сөзді мақұл көрді. Жарайды ендеше деп рұқсатын берді. Еріп келген екі сұтана Дайиүйді манағы мәпемен қайта алып кететін болды. Шың ханым Дайиүйді құрмет қақпасына дейін шығарып салды да, сол жерден кош айтысып қалып қойды. Енді біраздан соң Дайиүй Рұнгофу ордасына келіп кірді. Мәпеден түскен соң жан-жағын бажайлап әбден қарап шықты. Ауланың ішінде бас қақпамен жалғасып жатқан үлкен жол бар екен. Олар шығысқа бұрылып барып, алдында өтетін өткегі бар есігі түстікке қараған үлкен сарайдан өтіп барып құрмет қақпасынан ішкі аулаға кірді. Аула өте кең екен, мұнда да дәл төрде бес бөлмелі үлкен сарай оқшау тұр да, екі жағындағы қанаттаса салынған сарайлардың қабырғаларындағы қосалқы есіктерге тірелетін жолдар жан-жаққа

тарап, айқұш-ұйқыш болып жатыр. Төрдегі еңселі сарайдың іші тіпті ерекше көрінеді. Рұнгофу әулетінің қара шаңырағы осы болса керек деп ойлады ол. Есіктен кіріп келгенде орталық дәліздің төрінде ілулі тұрған тоғыз айдаһар суреті салынған картинаны көрді. Картина қара мәуітіге салыныпты да, қызыл алтынмен жазылған “Рұнгофудың қасиетті қарашаңырағы” деген жазу оның өңін ашып тұр екен. Астыңғы жағына ұсақ жазумен “пәлен жылдың пәлен айында Рұнгофудың күні Жияйұнге тарту етілді” деген сөз жазылып, астына “патша ғаламның қолы” деген жазуы бар мөр басылыпты. Залда қабырғасына айдаһар мүсіні ойылған, қызыл сандал ағаштан жасалған үстел, үстел үстінде көк жасыл сырмен сырланған, метрден биік, баяғыдан қалған мыс қазан тұр. Қазанның бір жағына алтын жалатып, күмістен өрнек салған мыс кеселер қойылыпты. Жоғарыда патшаға тағзым ету уақыты көрсетілген, тамдағы қабырға сағаттың бетінде де айдаһар суреті бар. Еденге он алты орындық екі қатар етіліп тізіліп қойылыпты. Олардың шыршадан жасалғаны бедерінен көрініп тұр. Қара ағаштан ойып жасалған босағалыққа мынадай бір шумақ өлең алтын әріптермен жазылыпты:

Инжу тастар төрдегі,
Күндей жарық береді.
Мандайдағы меруерт,
Қызғылт шапақ төгеді.

Өлеңнің астына: “Құрметпен, Дұң Ан Жұнуанның мұрагері, ініңіз Мушы” деген сөздер ұсақ әріптермен жазылыпты.

Уаң ханымның бөлмесі бұл сарайда емес, шығыс жақтағы қанаттаса салынған үш бөлмелі шағын сарайда екен. Дайиүйді ерткен екі сүт ана сол сарайға келіп кірді. Сарайдың төріндегі көтерме төр үстіне қан қызыл кілем төселіп, төрге жағалай алқызыл түсті алтын теңгелер тағылған жастықтар қойылыпты. Жастықтарда да, сары жасыл төркөрпеді де әбжылан суреті бар екен. Екі шетте михуа гүлінің суреті салынған астақтай тұр. Сол жақтағы астақтайдың үстіне Уын Уаң патшаның сирақты қазаны, иісті майшам, қасық, сақпы қатар қойылыпты. Оң жақтағы астақтайға құмырсқа бел қыш құмыра қойылған. Дайиүй бұл құмыраның Руяу құмданында күйдірілгенін бірден білді. Құмыраға жұпар иісті гүлдер салынған. Төрден төмен жағалай алқызыл, ұсақ гүлді торғын көпшік жабылған төрт арқалы орындық тұр. Орындықтардың алдына астақтай қойылып, оған шыны ыдыс-аяқтар тізіліпті. Орда ішіндегі мұнан басқа жиһаздарды санап тауысудың өзі қиын екен.

Дайиүйді ертіп келген егделеу сүт ана көтерме төрге шығып отыр дегендей ишара жасады. Сұпыны шетіне екі жібек көрпе салынған екен, Дайиүй оған отырғысы келмеді, шығыс жақтағы арқалы орындыққа отырды. Күндер шай әкеліп кұйды. Шай үстінде Дайиүй бұл үйдің күндерінің өздерінің ерекше салты барын байқады. Киім киісі, жасануы, жүріс-тұрысы – бәрі бөлек екен. Шай ішіп отырғанда бір күң кіріп келіп амандасты, үстіне киген қызыл сәтен бешпеті мен қиық етек көк жібек камзолы бұл күннің мәртебесі жоғары екенін аңғартқандай еді. Ол:

– Уаң ханым Лин Дайиүй бойжеткенді өз бөлмесіне шақырады,– деді. Бұл Уаң ханымның күтіміне қарайтын күні болса керек.

Бұл бұйрық келген соң, шайдың аяғына қарамай, Дайиүй сүт ананың бастауымен шығыс қанаттағы үш бөлмелі сарайға келді. Мұнда да төрге сұпы салыныпты, сұпының үстіндегі аласа үстелдің үстінде кітаптар мен шай ішетін ыдыстар тұр. Шығыс қабырға жаққа, тамға тақау көк торғыннан тігілген ескі жастық қойылыпты. Уаң ханым батыс жақта көнетоз төр көрпенің үстінде отыр екен. Ханым Дайиүйге төрге шық дегендей ишара жасады. Дайиүй төрдегі орын Жияжың нағашысының орны екенін білді де, сұпыға таяу тұрған мақта көпшігі бар үш арқалы орындықтың біріне отырып еді, Уаң ханым сұпыға шығып отыр деп болмаған соң ханымның қасына келіп отырды.

Уаң ханым Дайиүйге қарап:

– Нағашы атаң ғибадатханаға кетіп еді, кейін кезігерсің,– деп қойды. Дайиүйді бауырына тартып, еркелете отырып:– Мұнда өгейсімессің, қызым, мұнда өзіндей үш қыз бар, бәрі де ибалы, мейірбан, бірге оқитын боласыңдар, бірге киім тігуді үйренесіңдер, олар саған қамқор болады, артық-ауыс сөйлеп қойсаңдар, өзара кешірімшіл болыңдар,– деп ақылын айтып жатты.– Сендер тіл табысып кетерсіңдер деп ойлаймын. Менің алаң болатыным, осы үйде бір тентегім бар, өз дегенінен басқаға көнбейтін бір қырсық. Ата-бабаларға арнап мал шаламын деп, нағашы атаңмен еріп пұтханаға кеткен, кешке көресің, онымен көп жуыспай-ақ қой, осындағы әпке-сінділерің де оған көп жақындамайды.

Дайиүйдің анасы: “Аузына меруерт тістеп туған бір бауырым бар, өте қыңыр, оқумен де, жұмыспен де шаруасы жоқ, әйелдердің маңайын айналсоқтап жүргеннен басқа бітірері жоқ, нағашы әжең өте жақсы көреді де, соған арқаланып бассыз болып, бетімен кетті”, деп отыратын. Уаң ханымның айтып отырғаны сол нағашы ағасы екенін мөлшерледі де:

– Нағашы апа, айтып отырғаныңыз аузына меруерт тістеп туды дейтін балаңыз емес пе?– деді.– Шешем тірі кезінде ол туралы көп айтатын, үнемі Бауиүй сенен бір жас үлкен ағаң, өзі өте тентек. Десе де әпке-қарындастарымен өте тату деуші еді. Келгелі байқағаным, әпке-сінділерім бірге тұрады екен де, аға-бауырларым олардан бөлек тұратын көрінеді. Сонда онымен қалай жұғыспақпын?– деп қойды.

– Ол туралы ештеңе білмейсің, оған шамына тиюің керек емес, пәлені өзі бастайды. Туғанда елден ерекше болды да, нысаналы бала деп өз апам ерекше еркелетіп жіберді, әпке-қарындастарымен бірге өсті, егер ешкім үндемесе, ол тыныш жүре береді, байқаусызда өзіне қатысты бірер ауыз сөз айтылса болғаны, не мақтанып мардымсып, не шамданып қиғылық салады, ондайда таппайтын пәлесі жоқ. Сен оны ескермей жүре бер, кейде сыпайы сөйлеп сүйкімді бола қалады да, кейде аяқ астынан бұзылып, жын ұрғандай есіріп кетеді. Оған сенім жоқ. Дайиүй бұл сөздерді ой елегінен өткізіп отыр еді, есіктен бір күң кіріп келіп:

– Өз апам кешкі асқа шақырып жатыр,– деді. Уаң ханым Дайиүйді ертіп, артқы есіктен шықты да, төбесін шатырлаған қисық жолмен келіп бұрыштағы жанама есіктен кірді. Аула ішінде орданың оңтүстігі мен солтүстігін тұтастыратын жол бар екен. Жолдың оң жағында үш бөлмелі шағын сарай, сол жағында сырланған қалқы қабырға бар екен. Арт жақта тағы бір шағын үй тұр, ол үйге кіретін кішкене есік бар көрінеді. Уаң ханым сол үйді нұсқап:

– Уаң Шифың жеңгеңнің үйі осы,– деді.– Жақсылап жадында сақтап ал, оны іздесең осы жерден табасың, не іздесең де ол саған бәрін тауып береді,– деп күліп қойды.

Бұл ауланың есігінде де бірнеше бала күндер тұр екен, бұларды қол қусырып қарсы алды. Дайиүйді ерткен Уаң ханым тағы бір өткектен өтіп, Жия әжейдің артқы ауласына келді. Олар үйге қосалқы есіктен кірді. Көп адам жиналып күтіп отыр екен, Уаң ханымның келгенін көрген соң дастарқан жасай бастады. Шайды Жияжоудың келіншегі Ли Уан әкелді, Уаң Шифың сақпы қойып жатыр. Тағамнан бірінші Уаң ханым дәм татты. Жия әжей жалғыз өзі төрде отыр. Екі жағына орындықтар қойылыпты, Уаң Шифың Дайиүйді әжесінің сол жағындағы бірінші орындыққа отырғызбақ болып еді, ол ыңғайсызданып тартына берді. Әжесі нағашы апаларың мен жеңгелерің мұнда отырмайды, сен отыр, қонақсың ғой, тартынба деп жанына отырғызып алды. Дайиүй отырған соң, Уаң ханым мен басқалар да әжей көрсеткен орынға жайғасты.

Иңчүн оң жақтағы бірінші орындыққа, Танчүн сол жақтағы екінші орындыққа, Шичүн оң жақтағы екінші орындыққа отырды. Олардың қасына қолына желпуіш, шылапшын, орамал алған жап-жас күн келіп тұрды. Люан мен Уаң Шифың шай құйып, қонақтарды күте бастады. Ортаңғы үлкен дәлізде үлкенді-кішілі күндер толып тұрды, бірақ сыбыр еткен үн, сыбдыр еткен дыбыс шықпады. Тамақтан кейін күндер шай әкелді.

Лин Дайиүйдің үйіндегілер тамақты аз ішу денсаулыққа пайдалы, тамақтан соң дем алып барып шай ішу керек дейтін. Мұндағы салт одан басқаша екенін байқаған ол, көптің ыңғайына көніп, шай ішуге кірісті. Шайдан соң тағы бір күн шылапшын әкелді, бәрі ауыздарын шайып, қолдарын жуды. Дайиүй де аузын шайқап қолын жуды. Онан соң тағы шай келді, осы кезде Жия әжей:

– Біз кең отырып асықпай әңгімелесіміз, сендер қайта беріндер,– деп еді, Уаң ханым орнынан тұрып, кетуге ыңғайланды. Люан мен Уаң Шифың да кетті. Әжесі екеуі шай іше отырып ұзақ әңгімелесті. Әжесі одан қазір қандай кітап оқып жүргенін сұрады. Дайиүй мен төрт кітапты енді тауыстым деп қойды. Сонан соң мұндағы әпке-сіңлілерінің қандай кітап оқып жүргенін сұрады.

– Олар не кітап оқып жарытсын, сауаттарын енді ашты ғой, танитын әріптері де санаулы,– деді Жия әжей оған. Әжейдің сөзі аяқталмай жатып сырттан аяқ дыбысы естілді, іле есіктен бір күн қыз кіріп келіп:

– Бауиүй келді,– деді.

“Бауиүй қандай екен, әдеп-ибаны білмейтін біреу ме екен” деп ойлады Дайиүй. Есіктен кіріп келген сындардай жас бекзаданы көрді. Басына меруерт тастар орнатылған қызыл алтын бөрік киіпті, бөріктің жиегіне екі айдаһардың суреті салынған сақина шеңбермен қысылып қойылыпты, айдаһарлар шармен ойнап тұр. Үстіне зерленіп тігілген тар жеңді бешпет киіпті, бешпетіне әр түрлі гүлдер мен көбелектердің суреті кестеленген. Шашағы ұзын, гүлді жібек белбеу буыныпты. Сыртынан етегі шашақтаулы көк торғын кеудеше киіпті. Аяғында ақ табан мәсі, мәсісінің өзі қара атластан тігілгені көрініп тұр. Дидары тым жайдары, беті жаңа ашылған гүлдей үлбіреп тұр. Қайратты шашы, сызып қойғандай әсем қасы айбатын онан ары асырып тұр. Көзі отты, қыр мұрынды, түсі жылы бала екен. Мойнына айдаһар суреті салынған алтын алқа тағып, жібек баулы меруерт тас асып алыпты. Дайиүй бұл баланы көрген жерден ғажап сезімнің құшағына кірді, тіпті бір жерден көрген сияқтымын деп ойлады ол, жүзі тым таныс секілді, бұл не ғажап деп ойлады ол.

Бауиүй әжесіне сәлем берді. Оның сәлемін алған әжей оған алдымен шешене барып кел деді. Бауиүй бұрылып шығып кетті де аздан соң қайта келді, манағы киімін шешіп, басқа киім киіпті. Басына дөңгелентіп шаш қойыпты, шашын жіңішкелеп ұсақ-ұсақ бұрым етіп өріп, ұшын қызыл жібекпен байлапты. Төбесінде өріп барып, қайқайта буған жуан айдар. Шашы көмірдей қара. Бұрымдарына төрт жерден моншақ тағып, ұштарына асыл тастар байлап алыпты. Кеудесіне өңі түскен алқызыл кеудеше киіп, мойнына алқа тағып, меруерт моншақ, тұмар асып алыпты. Бұтына қара жасыл жібек шалбар, аяғына қалың табан қызыл аяқ киім киіпті. Байпағының қонышында кестелі ою-өрнек көрінеді. Қан-сөлсіз ақсұр жүзі, қызыл ерні, күлкі ойнаған көзі сезімшіл жан екенін көрсетіп тұр. Ішкі дүниесі жүзінен көрініп, жанарынан сезімі мөлдіреп тұрғандай. Ол сырттай сымбатты, келісті көрінгенімен, ішкі сыры терең, жұмбақ жан еді. Кезінде бір ақын ол туралы “Шижаңио” ырғағымен өте тамаша өлең шығарған:

Ашуланып кейде тым,
Долданады жын ұрып.
Көргенде ондай бейнесін,
Кетер жаның түңіліп.

Туысы ерек басқадан,
Нысанды бала дегенмен.
Қуыс кеуде, қас надан,
Құралақан өнерден.

Ақылы кем, сөзі көп,
Жетесіз, жасық, сорлы еді.
Үйренген сабақ кезі жоқ,
Сенделіп жүру ермегі.

Мінезі қыңыр, қырсыққан,
Сыйымы жоқ елге де.
Сірә, мұндай адамды,
Құрмет тұтсын ел неге.

Бақыттың құнын білмеген.
Байлығы барда қолында.
Жоқшылық көріп зарланды,
Қайыршы болып сонында.

Шайқап-төгіп ырысын,
Бақытын өзі қорлады,
Сенімі кетіп жұртына,
Ақыры өзі сорлады.

Бұрын-соңды дүниеде,
Аспаған мұнан азғындық.
Сұмдықпенен өткізген,
Баянсыз өмірді аз күндік.

Бозбалалар, ұқсандар,
Одан үлгі алмандар.
Таба болып дұшпанға,
Өкініп бір күн қалмандар.

Ол келген соң әжей оған естірте:

– Алыстан келген қонақпен кездесетін адам киімін шешіп келе ме екен? Қарындасыңмен амандаспай өзің не қылып тұрсың!– деп күліп қойды. Жия Бауиүй бұл сүйкімді бойжеткен Жиямин апайымның қызы болар деп ойлады да, онымен амандасты. Байқап отыр, шынында елден ерекше екен.

Ішкі сыры, жан сезімі
Дидарына жиылып.
Сұлу жүзге әр беріп тұр,
Қара қасы қиылып.

Жанарына қуаныш пен,
Қайғы ұялап тұр оның.
Денесі әлсіз, дерт меңдеген,
Тумай жатып жүрегін.

Жанарында мөлдірейді,
Қасіреттен тұнған жас.
Көрсен жаның елжірейді,
Мұндай терең мұң болмас.

Гүлдің нәзік көлеңкесі
Секілді еді судағы.
Жүрсе жібек ырғатылып,
Тал шыбықтай қырдағы.

Биганнан да ақылы артық,
Теңдесі жоқ жер-көкте.
Шишыдан да дерті күшті,
Балғын төнін меңдеткен.

Бауиүйдің бір көргенде байқағаны осылар еді. Ол әжесіне қарап:

– Бұл қарындасымды мен бұрын көргенмін,– деп күлді. Жия әжей:

– Өтірігіңе болайын, мынау тағы да соқты, қайда жүріп көріп едің?

– Көрмесем көрмеген де шығармын, бірақ жүзі тым таныс, ұзақтан бері көрмеген танысымды көргендей болып тұрмын.

– Жарайды, ендеше екеуің тату болады екенсіңдер.

Жия Бауиүй Дайиүйдің қасына келіп отырып, оған тағы да таңдана қарады. Одан:

– Қарындасым, оқыған ба едің?– деп сұрады.

– Оқығам жоқ, бір жыл үй мұғалімінен сабақ алып қара таныдым.

– Қарындасым, атыңыз кім болады?

– Дайиүй.

– Лақап атың кім?– деді Бауиүй.

– Лақап атым жоқ.

– Онда сенің лақап атың Қаламқас десем, өте жарасымды болар еді.

– Бұл қай кітаптан алынған,– деді Танчүн.

– Ежелгі және таяу замандағы адамдар туралы зерттеу деген кітапта батыста қас бояуға арналған сүрме деген тас бар делінген. Ал қарындасымның қасы қолмен сызғандай екен. Қаламқас деген ат неге ұнамасын?

– Мұның тағы киіз кітап болмаса жарар еді,– деді Танчүн күліп.

– “Төрт кітаптан” басқа да киіз кітаптар көп емес пе? Жия Бауиүй Дайиүйге қарп:

– Меруертің бар ма?– деп сұрады. Бұл сөздің мәнін ешкім де түсінбеді. Дайиүй бұл өзінің меруерті бар болған соң, менде бар ма, жоқ па деп тұр ғой деп ойлады.

– Менде меруерт жоқ, сендегі меруерт өте ғажайып, асыл емес пе, елдің бәрінде бола берсін бе!

Бұл сөзге шамданған Жия Бауиүй мойнындағы меруертін жұлып алып лақтырып жіберді.

– Қайдағы ғажайып, елдің асыл-жасығын білмейтін бұл тасты ондай тылсым, мұндай тылсым дей қалыпты ғой, мұның маған

керегі жоқ, – деді. Жұрт үркердей болды, Жия әжей қатты сасқалақтап Бауиүйді құшақтай алды.

– Ой, тентегім, ашуың келсе елді саба, боқтасаң жөн, ал мына өмір тасынды неге лақтырдың? – деп бәйек болып жатыр. Көз-жасын төгіп жылап та алды.

– Үйдегі әпке-қарындастарымның бірінде жоқ бұл тастың маған не керегі бар. Несі таңсық оның, мына қарындасымда да жоқ көрінеді. Шамасы бұл тіпті де ел айтқандай қасиетті, жақсы зат емес. Мен несіне оны көтеріп жүрмекпін.

Әжей немересін тоқтатпақ болып:

– Бұл қарындасыңда меруерт бар болатын, апайың бұл қызын өте жақсы көргендіктен өзі қайтыс болғанда ол меруертті ала кетіпті. Біріншіден жерлеу мүлкі қарындасыңның ақ ниетінің белгісі болса, екіншіден апайыңның аруағы қызын көріп жүретін болады деп солай істеген. Оның меруертім жоқ дегені сол, оның үстіне мақтанғандай болмайын дегені ғой, сен меруертінді тағып ал, бұл қылығыңды шешең біліп қоймасын, – деп Жия әжей сөйлей жүріп меруертті Бауиүйдің мойнына қайта тақты. Бұл сөздерді естіген Бауиүй ойланып қалды, бірақ ештеңе деп тіл қатқан жоқ. Осы кезде бір сүт ана келіп, Дайиүйдің жатын бөлмесінің жайын сұрады. Әжей оған:

– Бауиүйді көшіріп әкеліндер, менімен бірге жылы құжырада жатсын, Дайиүйді жасыл шатырлы сарайға орналастырындар. Көктемде бұларға айырым үй даярларсындар, – деді.

– Өз апа, – деді Бауиүй, – мен жасыл шатырлы үйдің сыртындағы төсекте жатсам болады ғой, сізді әурелеп несіне көшіп келемін.

– Жарайды, – деп әжей келісім берді. Бәріне бірден құтуші сүт ана, бірден күң ілесті. Қалған күндер ауыз үйде түнгі қызметке даяр тұратын болады. Уаң Шифың әлдеқашан кісі жіберіп, күрең жібек шымылдық, торғын көрпе және төсеніш әкелтіп қойған.

Дайиүйге екі кісі еріп келген, бірі өзінің кішкентайынан баққан сүт анасы – Уаң шешей, енді бірі, он жасар күні – Шуе Ян еді. Шуе Ян өте жас, Уаң шешейдің өте қарт адам екенін көрген соң, әжесі оған өзінің Иңгі деген күнін қоса берді. Сонымен Дайиүй де Иңчүндер секілді төрт-бес күнге ие болып шыға келді. Кішкентай кезінен өзін бағып өсірген сүт анасы Уаң шешейден басқа төрт тәрбиеші шешей, киіну, жуыну, тарану істеріне жауапты екі күң, үй тазалығына қарайтын төрт-бес жас күні болды. Жатар кезде Уаң шешей мен Иңгі Дайиүймен бірге торғын шатырдың ішіне кірді де, Бауиүй өзінің сүт анасы Ли шешей Шырын атты егде күншесімен бірге сарай сыртындағы үлкен төсекке орналасты.

Шырын бұрын әжейдің күні болған, аты Руижоу, әжей немересін өте жақсы көргендіктен, оған қарайтын күнге сенбей, өзінің осы сенімді де адал күнін Бауиүйге берген. Бауиүй оның тегі Хуа екенін білген соң, әжейге айтып атын Шырын деп өзгерткен, бұлай атаудың тағы бір себебі, Бауиүй көне өлендердегі “иісі гүл аңқыған” деген жолдарды да білетін. Шырынның кей мінезі өте қызық, әжейді күткенде сол кісіден басқа ешкімді, сол кісінің күтімінен басқа ешнәрсені білмейтін, ал Бауиүйдің күтіміне қарағаннан бері Бауиүйден басқа ешнәрсе ойламайтын болды. Қыңыр мінезді Бауиүй оның сөзіне үнемі көне бермейтін, ондайда ол қатты мұңайып қалатын. Сүт анасы Ли шешей мен Бауиүй ұйқыға кетті, Шырын іштегі Дайиүй мен Ингінің ұйықтай алмай мазасызданып жатқанын байқап, үстіндегі моншақты киімдерін шешіп тастап, ақырын кіріп келді.

– Бикеш, мазаң болмай жатыр ма?– деп күліп қойды.

– Әпке, отырыңыз,– деп Дайиүй төсегінің шетін нұсқады, Шырын ақырын келіп төсектің шетіне отырды. Сөзді Ингі бастады:

– Дай бикештің көңілі алаң болып отыр, келе сала Бауиүй ағамның шамына тидім, егер әлгі меруерт сынып қалса қайтер едім деп мазасызданады. Өзер дегенде басу айтып тоқтатқандай болып отырмын. Шырын сөзге араласып, Дайиүйге медет бермек болды.

– Бикеш, жоқ нәрсеге бола мұңаймаңыз, аман болсаң әлі талай қызықты көрерсің, оның мінезіне бола көңілсізденсеңіз, қабағыңнан қайғы кетпес, жоқ нәрсені көңілге алмаңыз.

– Әпке, айтқаныңыз есімде болсын,– деп Дайиүй разылық білдірді. Олар біраз әңгімелесіп отырған соң Дайиүй тынышталып төсегіне жатты. Дайиүй ертеңінде ұйқысы қанып оянды, ол орнынан тұра сала жуынып-шайынып алып, әжесіне барып амандасты. Онан соң Уаң ханымның үйіне барды. Уаң ханым мен Уаң Шифың бір хатты оқып екі бөгде әйелмен әңгімелесіп отыр екен. Бұл хат Жилиңнен Уаң ханымның жеңгесінен келіпті, әлгі екі әйел сол кісінің жіберген шабармандары көрінеді. Дайиүй бұл хаттың не туралы екенін білмеді. Танчұндар біледі екен. Жилиң қаласындағы белгілі әулеттен шыққан Шуе отбасына кіші апайлары ұзатылыпты. Сол апайының ұлы Шуе Ян дәулетке масаттанған, кеудемсоқ екен. Сол Шуе Ян күшіне сеніп, менменсіп жүріп кісі өлтіріп алыпты. Бұл істі Интияньфу тергеп жатыр екен. Нағашы Уаңзытың осы істен хабары болған соң хат жазып, мұнда адам жіберіпті. Шамасы осы қалаға келіп тұрмақ сияқты.

Бұл істің қалай болғанын білгіңіз келсе, келесі тарауға қараңыз.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Дайиүй әпке-сіңлілерімен бірге Уаң ханымға сәлемдесе келсе, ол кісі жеңгесі жіберген шабармандармен отбасының жұмыстары жайлы әңгімелесіп отырды. Ол кісінің әпкесінің ұлы кісі өлтіріп, тергеуге алыныпты. Уаң ханымның жұмысы тым қарабалас екенін көрген соң, әпкелі-сіңлілі қыздар жесір жеңгелері Ли Уанның үйіне кетті. Ли Уан Жияжоу ағайларының әйелі, Жия Жоу жастай қайтыс болғанда Ли Уан бір ұлымен жесір қалған. Ұлының аты Жиялан еді. Жиялан биыл беске толды, осы күнде мектепте оқып жүр. Ли Уан да Жилиңдегі жоғары мансапты Ли Шужұң дегеннің қызы. Әкесі кезінде хандық медресенің қожасы болыпты. Бұлардың тұқымында ері де, әйелі де түгел оқымысты. Ли Шужұң мансапты орынға отырғаннан кейін, “әйелдің адалдығы – надандығы” деген ұран көтеріп, осы жалғыз қызын да көп оқытпайды. “Әйелдердің төрт кітабы”, “Дәрігер әйелдер туралы аңыздар” қатарлы кітаптарды ғана оқытады, сауатын ашқан соң, бұрынғы патшалықтар тұсындағы өз әйелдер туралы білім берумен шектелді. Тоқымашылық әйелдерге лайықты жұмыс, тоқымашы болса абзал болар деген оймен атын Ли Уан деп қойды да, лақап атын Гүңсай деп қойды. Бұл ырым тегін болмаса керек, Ли Уан күйеуі қайтыс болғаннан кейін тамағының тоқтығына, киімінің бүтіндігіне разы болып, ештеңеге назар аудармай, ата-анасына қарап, баласын бағып, қайын сіңлілеріне тігіншілік өнерін үйретіп, оқуына көмектесіп жүр.

Дайиүй бұл жердегі әпке-сіңлілеріне тез бауыр басып кетті. Әкесі болмаса басқа ештеңеге алаң бола қойған жоқ.

Интиянфуға келіп уәлилік таққа мінген Жия Иүсүн алғашқы күні-ақ кісі өлімі туралы тергеу ісіне тап болды. Сатылатын бір күнге екі отбасы таласып қалады да, ақыры адам өлімімен аяқталады. Жия Иүсүн талапкер дау иесін шақыртып жауап алып еді, ол былай деді:

– Өлген кісі пақырыңыздың қожасы еді, қожамыз бір күн сатып алған, ол қызды бір алаяқ алдап сатыпты. Күн сатушы бізден алдын ала күміс ақша алып алған, қожайын болса, үш күннен кейін қызды алып келемін деп жүрген. Сөйтсек әлгі алаяқ сол күнді Шуе отбасына тағы сатыпты. Мұны білген соң сатушыны ұстап, қызды қайтарып алмақ болдық. Сөйтетін жөніміз бар еді. Алайда, Шуе отбасы Жилиңдегі азулы шонжар ғой, бізге теңдік бермеді. Қолшоқпарларын жіберіп, кіші қожайынымызды сойылға жығып өлтіріп кетті. Қанішерлер құлдарына дейін ізін жасырып қашып

кетті. Пақырыңыздың арызданғанына бір жылдың жүзі болса да арызды тыңдайтын адам болмады, мәртебелі тақсыр, сіз қандықол құныкерімізді ұстап, бізге көз қырыңызды салсаңыз, өліміз де, тіріміз де разы болар едік,– деп зар еңіреді. Бұл сөзді естігенде Жия Иүсүн қатты ашуланды:

– Бұл неткен сұмдық, кісі өлтірген қылмыскер тайрандап бос жүре бере ме?– деп ашуына мінді. Ол табан астында шабарманын шақырып, қылмыскердің отбасындағыларды ұстап әкеліп тергеуге алуға рұқсатнама қағаз жазбақ болды. Ол қағазы мен қаламын алып енді жазайын дей бергенде үстелінің қасында “жазбаңыз” деп басын шайқап ишара жасап тұрған қақпашыны көрді де тоқтай қалды. Тергеу үйінен шығып, өзінің құпия құжырасына келді де жұртты қайтарып жіберді, қақпашыны алып қалды. Жұрттың аяғы сиреген соң Жия Иүсүнның алдына келген қақпашы жымыып күліп алды да:

– Тақсыр-ау, қолыңыз мансапқа жетіп, таққа мініп мәртебіңіз өскен соң, жеті-сегіз жылға толмай-ақ мені ұмытып кеттіңіз бе?– деді. Жия Иүсүн бұл адамды тани алмады.

– Сізді бір жерден көрген сияқтымын, шырамытып отырмын, бірақ қайдан көргенімді есіме түсіре алмадым.

– Тақсыр, өзіңіз шыққан жеріңізді қалай ұмытып кеттіңіз, кезінде “қапас пұтханада” өткен күндеріңіз есіңізде жоқ па?– деп қақпашы күліп қойды. Жия Иүсүн бұл сөзді естігенде селк ете түсті, өткен күндерін есіне түсіре бастады. Бұл қақпашы кезінде “қапас пұтханада” бала сопы болып еді. Пұтхана өртенген соң баспанасыз қалып, онан соң пұтхананың орнын күзетіп тіршілік етуді артық санап, басына шаш қойып, қақпашы болып кетіпті. Жия Иүсүнның танымай қалатын жөні бар екен. Жия Иүсүн оның қолынан ұстап тұрып:

– Көнекөз, дәмдес жан екенсің ғой,– деп күліп қойды, сонан соң оған отырып сөйлей бер деп еді, ол отыруға бата алмады.– Жаман кезді бірге өткізген, жарлы кезімдегі жолдасым едің, бұл менің құжырам, тартынбай отыра бер,– деп бұйырды. Қақпашы сонан соң барып қырындап отырды. Жия Иүсүн одан жаңа неге рұқсат қағазын жаздырмадың деп сұрады. Ол Жия Иүсүнның өзіне сұраулы жүзбен қарап:

– Тақсыр-ау, мансапты болғаныңызға талай жыл болды, бұл өңірдің “билік тұмарын” әлі жазып алмағаныңыз қалай?– деп сұрады.

– Билік тұмары дегенің не?

– Осы күнде жергілікті мансаптылар түгел құпия тізім ұстайды, онда осы өлкедегі ықпалды, беделді адамдар көрсетілген, билік

жүргізгенде сол тізімге қарап, шонжарлардың шамына тиіп алмауға тырысады. Одан жаза басса, мансабына ғана емес, басына қатер төнеді. Сол себепті бұл тізімді “билік тұмары” деп атап кеткен. Әлгі кісі өлтірді деп айыптап отырған Шуе отбасы осындай азулы шонжардың дәл өзі. Оған соқтығу өте қауіпті. Ол арызға кесім айтудан қорқатын түк те жоқ, өткендегі бұл істі тексерген мансаптылар бет-беделге қарап, іс осылай болған.– Ол сөйлей отырып қалтасынан бір парақ қағазға жазылған “билік тұмарын” алып ұсынды. Жия Иүсүн қағазды қолына алып көз жүгіртіп шақты. Онда осы жердегі алпауыт, ықпалды тұқымдар туралы жазылған өлең екен. Ел аузында жүрген бұл өлеңді Жия Иүсүн бұрын да білетін.

Жия әулеті асқақ тұрған,
Бар сұмдықты бастап тұрған.
Ақ мәрмәрден үй салдырып,
Саф алтыннан ат соқтырған.

Ел ұстаған бидің көбі,
Сол әулеттен бұл күндері,
Кең фаңгүнге сыймай отыр,
Шы қауымы Жилиңдегі.

Теңіз елі алыстағы,
Бұл әулетпен таныс бәрі.
Меруерт төсек жасатпаққа,
Жетпеген соң табыстары,

Жилиң ханнан сұрап алған,
Су патшасы куә болған.
Осы алпауыт шонжарлардың,
Уысында мына жалған.

Шуе әулеті іргелі әулет,
Атын әлем білген әулет.
Алтын-күміс, асыл тасты,
Төгіп-шашып жүрген әулет.

Жия Иүсүн бұл өлеңді оқып бола бергенде қоңырау шыр ете қалды да, іле-шала біреу кіріп келіп:

– Сізбен амандасуға Уаң ұлық келіпті,– деді. Жия Иүсүн қонақты қарсы алуға сыртқа шықты, бөлмесінде тұрып киімін

түзеп, реттеліп алды. Ол шай қайнатымдай уақыт айналды да қайта келді, келе сала манағы үзіліп қалған сөзін жалғап, қақпашыдан егжей-тегжейлі сұрады. Қақпашы бұл істің жайын жақсы біледі екен.

– Бұл төрт әулет бірімен-бірі құда-жегжат, ілік-шатыс, мияның тамырындай араласып кеткен, бірінің шашын тарсаң, екіншісінің құйқасы шымырлайды. Бірін маңдайынан сипасаң, екіншісінің мерейі өседі. Адам өлтірді деп айыпталып отырған Шуе әулеті қалған үш әулетке ғана сүйеніп отырған жоқ, сыртқы жақта да тірегі күшті, орталықта да таныстары, жақындары жетерлік. Тақсыр, сонда кіммен ойнап отырғаныңызды ойлаңыз, оны қалай ұстатпақсыз?– деді. Жия Иүсүн қақпашының көп білетініне іштей разы болды да, оның ақылын тыңдап көргісі келіп:

– Бұл істі қалай тындыру керек? Шамасы, сен бұл оқиғаны бүгешігесіне дейін білетін сияқтысың, қандықолдың қайда қашқанын да білетін шығарсың?– деп сұрады.

– Сізден жасырып қайтейін, қандықолдың қайда кеткенін де, әлгі адам сатқыш алаяқты да, кісі өлтірушіні де әбден білемін. Мұны мен сізге егжей-тегжейіне дейін айтып берейін. Өлген – қарапайым ауылбасының ұлы, аты Фы Уан, ата-анасы жоқ жетім жігіт. Күн көрістік қана дәулеті бар, жасы он сегіз-он тоғызға келіп қалған, әйелге қыры жоқ, еркекқұмар жан еді. Тағдырдың жазуы солай ма, соры ма, кім білсін, аяқ астынан сол қызға кезігеді де көңілі ауып, онымен үйленуге, еркекқұмарлығын қоюға және оған адал болуға ант етеді. Сөйтіп, ол қызды үш күннен кейін үйге әкелмек болып отырады. Әлгі қызды алдамшы Шуе отбасына да сатып, екі шаңырақтың ақшасын алып зытып бермек болса керек. Ол құтылып кете алмай, қолға түсіп қалады да өлімші болып таяқ жейді, қыз алушы екі жақ та берген күмістерін қайтарып алуға келіспей, адамды алмақ болады. Күшіне сенген Шуе мырза жандайшаптарын айтақтап, Фың Уанды өлімші қылып сабатыпты, ол үш күн жатып жан тапсырады. Шуе мырза астанаға жүрмекші болып дайындалып отырған екен, адам өлтіріп қызды тартып алған соң жасырынып басқа жаққа кетіпті. Мұнда күн дауы дейтін болмашы жұмыстарды оның көрші-қолаң, туған-туысқандары-ақ реттей салады. Ал сатылған қыздың кім екенін білесіз бе?

– Мен қайдан білейін.

– Бұл бала тегінде сізге шарапаты тиген, “Қапас пұтхананың” жанында отыратын Жин Шин мырзаның қызы Инлияң.

– Солай ма?!– деді таңданған Иүсүн, – оны бес жасында ұрланып кетті деп естіп едім, бұл жерге қайдан келіп сатылып жүр.

Қақпашы бұл әңгімені де таратып айтып берді:

– Бұл күнде алаяқтар жас қыздарды ғана ұрлап, көмелетке толғанша бағып, сонан соң жат жерге апарып сатады. Бала кезінде Инлиянды көп ойнатушы едім, арада жеті-сегіз жыл өтсе де бойы өскенімен, өзгере қоймапты, көрген жерден жазбай таныдым. Кішкене кезінде екі қасының арасында тарыдай қызыл меңі бар еді. Бұл тағдырға қарасаңшы, алдамшы менің үйімді майлап отырған, өзі үйде жоқ бір күні баладан сұрап едім, ол таяқтан қорқып қалыпты, басында ауыз ашпады. Мен сұрап қоймаған соң, алдамшыны өз әкем дей салды. Қарызымыз көп болғандықтан қайтара алмай, ақыры мені сатты деп отырып алды. Оны онан ары айналдырып көріп едім, “мен кішкене кезімдегі істерді қайдан білейін” деп жылап жіберді. Бұған қарағанда мен қате танымаған сияқтымын деп ойладым. Фың Уан мырзаның ақшасын алған күні саудагер мас болып қалды. Сонда Инлиян күрсініп жіберді де, бүгін менің жазадан азат күнім болды деп қойды, онан соң үш күннен кейін жаңа қожасының үйіне баратынын айтып тағы мұнайды. Байғұс қызға жаным қатты ашыды, саудагер сыртқа шығып кеткен орайда әйелімді жібердім көңілін жұбатпақ болып: “Фың Уан мырзаның сені сәтті күні келіп алмақшы болуына қарағанда, күндікке алғалы отырған жоқ. Өзі бір сабаз жақсы жігіт, әйелдерді онша ұната бермейтін, бағанды артық беріп сатып алғанына қарағанда, неге алатыны белгілі. Өзіндік дәулеті де бар адам. Үш күнге шыда деп ақыл айтқызым. Бұл сөзге өзі де иланып қуанып қалыпты. Тағдыр ойлағанындай бола ма? Ертесінде саудагер қызды Шуеянға сатып жібергенін білдік. Басқа біреу емес, ел “делқұлы мырза” атап кеткен Шуеянға сатқанын көрмейсіз бе?

Шуеян “делқұлы мырза” десе дегендей, барып тұрған ұрда-жық еді. Ақшаны судай шашып, ойына не келсе соны істейтін. Сол күні Фың Уанды сойылға жығып, Инлиянды сүйреп әкетіп еді. Қазір өлі-тірісі белгісіз, қайда жүр екен деңізші! Ал Фың Уан ақша төлеп, ажал сатып алды. Не деген өкінішті, не қылған рақымсыз дүние,— деп тоқтады.

Жия Иүсүн да ауыр күрсініп:

– Бұл кездейсоқ емес, олардың маңдайына жазылған тағдыр ғой. Фың Уанның Инлиянға неге көңілі ауды екен деші! Инлиян алаяқ саудагерден көп жылдар бойы зәбір көріп, енді көзі ашылар сәтте кезіккенін қарашы, егер Фың Уанмен қосылса, махаббаттан жолы болар ма еді, қайтер еді? Шуе әулеті Фың әулетіне қарағанда әлдеқайда іргелі әулет қой. Шуеянның тоқалы да толып жатыр, көрінгеннен тоят алатын жезөкшелігі тағы бар, Фың Уан секілді бір әйелге тоқтауы мүмкін емес ғой. Бұл түнек басқан елес ішінде

сорлы қыз бен сорлы жігіттің кездескеніндей болыпты. Ал олардың жайын қоя тұралық, сен маған бұл дауға қалай кесім айту керек екенін айтшы?

– Тақсыр-ау, бір кезде елден ерек тапқыр, ұшқыр ойлы едіңіз ғой, неге мұнша шарасыз халге түсіп қалғансыз? Пақырыңыз сіздің қалпыңызға келіп, осы орынға ие болуыңыз Жия әулеті мен Уаң әулетінің арқасы деп естіп еді. Шуеян болса Жия әулетіне құда болып келеді. Сондықтан сіздің ағынға қарсы жүзбей, ықтай жүзіп, бұл істі еппен бітіргеніңіз жөн емес пе? Сонда Жия мырза мен Уаң мырзаның алдында бетіңіз жарық болмай ма?

– Айтқаның жөн, сөзіңнің жаны бар, бірақ бұл адам өміріне қатысты болып тұр емес пе? Патшаның шапағатына ілігіп, қызметке қолым жетіп, оның сенімін ақтауға талпынып жүрген шағымда, әділеттен аттап, шындықты бұрып, заңды бұзуға дәтім қалай барады.

– Тақсыр, сіздің сөзіңіз шын, қазір сол шындықтың құны бар ма, “елің қалай болса, бөркің солай болсын”, “заманың түлкі болса, тазы болып шал” деген аталы сөзді естімеп пе едіңіз. Бұл беталысыңызбен патшаның үмітін ақтау тұрмақ, өз басыңызды сақтау да қиын болар, ақылға салып көріңіз.

Жия Иүсүн ойланып отырып қалды да:

– Сонда қандай билік айту керек?– деді.

– Пақырыңыздың ойынша істікті те, төстікті те күйдірмейтін еп керек. Ертең ел алдына билік айтуға шыққанда әділетті жақтап сөйленіз, қаһарыңызға мініп, қылмыскерді аямайтын сыңай танытып, оны ұстап әкелуге бұйрық беріңіз. Әлдеқайда қашып, ізін жасырып үлгерген қылмыскерді ұстау оңай ма? Даугер жақтың сөзін ұстап жүргендер де оған көне қоймас. Олардың талабы бойынша Шуеянның бірнеше туыстары мен құлдарын ұстатып әкеліп сұраққа тартуды бұйырыңыз. Пақырыңыз бұл сұрақтың жайын оларға ұғындырып, “Шуеян қашып жүріп ауырып қаза болды дегізеді. Шуе отбасының ақсақалдары мен елдің атқамінерлері бірігіп, бір анықтама хат ұсынсын. Мұндай жағдайда олардың сөзіне тоқтауға тура келеді, десе де сіз “әулиеге жүгінуді” ұсынып, тергеу үйіне “Ғалам текшесін” жасатып, жұртты сол жерге жинатасыз. Жұрт жиналған соң әулиелер аян беріп тұр, өлуші Фың Уан мен Шуеянның арасында бұрыннан өштік бар екен. Ол өштікті мына күн сатып алу ісі тіпті асқындырып жіберіпті. Бір-біріне кектеніп жүрген екі жігіт ақыры бірін-бірі өлтіріп тыныпты. Шуеянды Фың Уанның аруағы атып, белгісіз дерттен өліпті. Шындап келгенде өлімге себепші болған күн

сатушы алаяқ саудагер. Заң бойынша оны жазаға тартамыз, басқаларға жаза жоқ дейсіз. Алдамшы саудагер өзінің бір күнді екі адамға сатқанын мойындайтын болады. Жұрттың бұл билікке разы болатыны хақ. Шуе отбасында ақша жетеді, олардан Фың отбасына жерлеу қаражат алып берсеңіз болғаны. Мың сәрі күміс төле десеңіз де олардың түгі кетпейді. Фың отбасының сөзін ұстап жүрген жандар соншалықты табанды жандар емес, қолдарына күміс тисе, ауыздарын аша қоймас. Бұл амал көңіліңізден шыға ма, жоқ па? Өзіңіз ойланып көріңіз!

– Мұның да жөн екен, мен ойланып көрейін, екі жақ та разы болса болғаны.

Сол күні екеуі ақылдасып бір шешімге келді. Ертеңінде Жия Иүсүн тергеу үйіне жауапкер жақ пен талапкер жақтың бір топ адамын шақыртып алып сұраққа тартты. Фың отбасының жан саны да, күші де аздау екен, олардың жерлеу қаражатын алуды да ойлайтындары мәлім болды. Шуе отбасындағылар болса жуандығын көрсетіп, теңдік бермей кетуді ойлайтын сияқты. Бұл іске әділ кесім айту шынында қиын екенін Жия Иүсүн енді түсінді. Ол бұл іске заңсыз түрде баса билік айтты. Фың отбасындағылар жерлеу қаражатына көп күміс алды да сонымен разы болды. Жия Иүсүн Жияжың мен қала қорғаныс қолының сардары Уаңзытыңға хат жазып “Жиен балдыздарыңыздың ісі оң шешімін тапты, алаң болмаңыздар” деп хабар жіберді. Бұл іске бұрынғы “Қапас пұтхананың” жас сопысы, қақпашы ғұлама мұрындық болып еді, десе де Жия Иүсүн жарлыдан шыққандығымды елге жайып жібере ме деп одан қатты күдіктеніп жүрді де, кейін ебін тауып оны алыс аймақтың біріне жер аударып жіберді. Сөйтіп көңілі орнына түсті.

Көңілі орнына түскен Жия Иүсүн тұра тұрсын, Фың Уанды өлтіріп Инлиянды алып қашып кеткен Шуеян мырза не боп жүр екен. Оның атамекені Жиңлиң оқымысты тұқымынан шыққан еді. Әкесі жастай өледі де, жесір шешесі жетім ұлын бетінен қақпай еркін өсіреді. Содан ол бейбастақ, ауысар болып ержетті де, үлкен қызметке жарамады. Шіріген бай Шуе мырза, үкімет қазынасынан ақша алып, орданың керек-жарағын жеткізіп тұратын. Мектепте Шуеян деп аталған, жұрт Уынчи деп атайды. Дәулетіне мастанған, сөзі астам, көкірегі жоғары, ұрда-жық менмен адам еді. Мектепте жақсы оқымады, оқыды деген аты ғана, санаулы ғана әріп танитын шаласауат, әтеш таластырып, ат мініп серуендеумен күн өткізетін. Орда саудагері деген аты, сауданың да жөнін білмейтін. Дегенмен атасының ескі достарының арқасында сауда банкіне атын

жаздырып, жарна алып тұратын. Оның сауда жұмыстарын дүкеншілері мен сенімді қызметкерлері жүргізетін.

Шуеянның шешесі Уаңшы осы күндегі қала қорғаныс қолының сардары Уаңзытыңның қарындасы, Рұңгоуфу ордасын ұстап отырған Жияжыңның бәйбішесі Уаң ханыммен бірге туысқан адам. Жасы елуден асып қалған, оның Шуеяннан екі жас кіші басқа сыпайы да сымбатты Баучай деген қызы бар еді. Әкесі марқұм тірі кезінде осы қызын өте жақсы көріп, үлкен үміт күтіп, әжептәуір оқытқан еді. Баучай ағасына мүлде кереғар, елге сыйлы, тартымды болып өсті. Әкесі қайтыс болған соң ағасының анасына демеу болар түрін көрмеген соң оқуын да тастап, тігін тігіп, үй шаруасымен айналысып, шешесіне сүйеу болып, жұмысына көмектесті. Жуықта патша ағзамның жаңа бұйрығы елге тараған. Онда салт-дәстүрді қалпына келтіру, сал-серілерді құрметтеу, білімді-оқымыстыларды жинау сияқты халыққа шапағаты тиетін тармақтар бар еді. Осы жарлықта текті әулеттің қыздарын ордада оқытып, ханшаларға серік етіп, орданың әйел қызметкерлігіне тәрбиелеу ісіне де мән берілген.

Шуеянның әкесі қайтыс болғаннан кейін олардың әр жердегі сауда өкілдері мен серіктестері басында адал қызмет етіп келді де, Шуеянның істің жөнін білмейтін жастығын біліп, қитұрқы қылықтар көрсете бастады. Сөйтіп орталықтағы бірнеше орындағы саудасы шатқаяқтай бастады.

Шуеян астанаға бір барып, ондағы өмірді көргісі келіп жүретін. Осы орайда бір жағынан қарындасын ордаға апарып, екінші жағынан ондағы туыс-туғандарына амандасып қайтпак, үшіншіден ордаға өзі барып, көне есепті жауып, жаңадан қарым-қатынас орнатпак ойы бар еді. Ең бастысы, солтүстіктің әсем табиғатын өз көзімен көріп, көңіл көтермек болып еді. Ондағы туыс-туған, дос-жарларға бағалы сәлемдеме алмақ керек. Сөйтіп жолға қамданып жатқан. Ойламаған жерден әлгі алаяқ саудагерге тап болып, Индиянды сатып алады, Индиянның сұлу тұлғасын көрген Шуеян да оны тоқалдыққа алмақ болған. Фың мырза келіп бұл қыз менің сатып алған қызым дегенде Шуеянның күйініп кетуі де содан еді. Ол жігіттерін жіберіп, Фың мырзаны соққыға жығып ұрып өлтірді. Іс аяғы қиынға соға ма деп қорыққан ол жоқ, аздап ақша төлесем бітпейтін несі бар деп ойлады. Соңында қалған жұмысын туысы, жақын қызметкерге тапсырды да өзі шешесі мен қарындасын ертіп жолға шыққан. Олар ұзақ жүріп астанаға да жетті. Бұлар келгенде нағашысы Уаңзытың тоғыз өлкенің қорғаныс саласына жауапты болып тағайындалып, шекара

тексеруге жүргелі жатыр екен, Шуеян бұған қатты қуанды. Ол астанаға барған соң нағашым мені еркіме жібермес, емін-еркін төгіп-шаша алмаспын деп ойлаған. Жолымның болғанын қарашы, ол кісі мансабы өсіп, қаладан кеткелі жатқаны қандай жақсы болды деп ойлаған ол шешесімен ақылдасты:

– Астанада бірнеше қора-жайымыз бар, бірақ өзіміз тұрғамыз жоқ. Үй қараушылар біз жоқта жалға беріп отыр ма, оны да білмейміз, адам жіберіп үй-жайды тазалатып қоялық,– деді.

– Несіне жінігесің, біз астанаға туыстарға амандаса келдік, бұл жерде қалып қоюға келгеніміз жоқ. Нағашыңның үйінде не жезденнің үйінде тұрамыз, үйлері кең ғой, біздік орын шығар, болмаса сонан кейін де көрерміз,– деді. Шуеян бұған келіспеді:

– Нағашым шет өлкелерге жүргелі әбігерленіп жатқанда біз барсақ, ыңғайсыз болар.

– Ол үй болмаса жезденнің үйі бар емес пе? Нағашың мен апайыңның шақырып жүргеніне неше жыл болды. Нағашың жол жүріп кетсе де, апайың бізді ешқайда жібере қоймас. Бармай жатып, бойымызды аулаққа салғандай өз үйімізді даярлатқанымыз жөн емес. Сенің ойың белгілі, нағашың мен апайыңның үйінде еркін бола алмайтыныңды біліп, өз алдына тұрып, ойыңа келгенді істемексің ғой. Ондай ойың болса, өзің жеке тұра бер. Менің апайыңмен көріспегеніме талай жыл болды, қарындасыңды ертіп сонда барамын. Сен бұған не дейсің?

Шешесін айтқанына көндіру оңай емес екенін аңғарған Шуеян Рұнгофу ордасына тура тартты. Шуеянның үстінен қозғалған сот ісінің Шуеянның пайдасына шешілгенін білген Уаң ханым көңілі орнығып, Жия Иүсүнге де разы болып жүр еді. Шекара қорғанысына міндетті жоғары лауазым алғаннан бері төркінінен еш адам хабарласпаған соң іштей өкпелі де еді. Сөйтіп жүргенде бір күні қызы мен ұлын ертіп Шуе апай келді деген хабарды естіп, қатты қуанғаннан есік алдына өзі шығып қарсы алды. Ұзақ жылдар бойы көріспеген әпкелі-сіңлілі екеуінің сол кездегі көңіл-күйлерін жеткізудің өзі қиын. Олар әрі-бері әңгімелесіп мауқын басқан соң Жия әжейге амандаса барды. Уаңшы ханым әжейге әкелген сәлемдемелерін таратып, үй ішіндегілермен амандасып болған соң, алыстан келген қонақтарға арнап дастарқан жайылды.

Шуеян Жияжиң, Жиялияндарға сәлем берген соң, Жияшы, Жияжындармен көрісті. Сол екі арада Жияжиң:

– Апайдың жасы келіп қалған адам, жиен болса жас астананың ой-шұқырын біле бермейді, ойда жоқта кездейсоқ қиындыққа жолығып қалса, бізге де ұят, ол кісілерді ауланың оңтүстігіндегі

алмұрт бақшадағы шағын сарайға орналастырсақ деп адам жіберіпті. Уаң ханым да осындай ойда еді, Жия әжей де қонақтар сонда болсын, бала-шағалар танысып, бауыр бассын депті. Бұл үйде тұрса Шуеянның бейбастақтығына тыйым болатынын ойлаған Уаңшы ханым ойланбастан келісе кетті. Ол кісі:

– Бұл арада ұзақ тұратын түріміз бар ғой, сондықтан күнделікті тұрмысқа керекті керек-жарак, ішіп-жемімізді өзіміз қамдасақ,— деді.

Олардың қаражат жағынан тарықпайтынын білген Уаң ханым оның сөзіне көне салды. Содан бастап Уаңшы ханым екі баласымен бірге Рұңгофудың алмұрт ауласында тұрды.

Бұл аула Рұңгофу биінің өмірінің соңғы кезінде тұрған үйі. Онша үлкен емес, он неше бөлмелі үйі бар, төрт құбыласы толық, шағын жайлы мекен. Үлкен қақпадан сырт ауланың арт жағынан шығып кететін жанама есігі де бар. Шуеянның үйіндегілер осы есіктен кіріп-шығып жүрді. Ауланың басты оңтүстік жағында тағы бір есік бар, одан шықсаңыз, алдыңыздағы жанама жолмен Уаң ханым тұратын үлкен орданың шығыс ауласына барасыз. Әр күні кеште тамақтан кейін Уаңшы бәйбіше сол жолмен келіп, Жия әжейге амандасып, Уаң ханыммен сырласып әңгімелесіп кететін. Баучай Дайиүй, Иңчүндермен бірге кітап оқиды, шахмат ойнайды, тігіншілік үйренеді, олар бір-біріне тез бауыр басып кетті. Шуеян қарт жездесінің қасында еркін бола алмайтынын ойлап, Жия ордасында болуды қаламап еді, амал қанша, шешесі осында боламыз деп, бұған ақыл салмай-ақ баса билік айтты. Оның үстіне Жия отбасындағылар ерекше ілтипат көрсетіп, жығыла жабысып жібермей қойды. Басында ол осында тұрғанымен өзінің қора-жайын тазалатып, жөні келсе көшіп кетудің де қамын жасап жүрді. Мұнда келгендеріне бір ай болған жоқ, соған қарамастан Шуеян Жия отбасының жастарымен танысып, жақындасып кетті. Өздері шетінен сері, сауықшыл бұл ауылдың жастары Шуеянның араларына қосылғанына қатты қуанды. Олардың өмірі өте қызық, бір күні шарап ішіп отырыс жасаса, бір күні далаға шығып сейіл құрады, кейде тіпті құмар ойнап, әуейілік жасап, ойларына не келсе, соны істейді. Бұл ауылдың жастарының бұл сойқан тірлігі Шуеянды тіпті тартып әкетті, ол бұрынғыдан арман бұзылып бара жатты. Жия Жиң бала тәрбиесіне қатаң адам, десе де үбірлі-шүбірлі жан саны көп әулеттің жастарын түгел бақылап отыру мүмкін емес еді. Оның үстіне қазіргі орданың билігін ұстап отырған Жия Жин. Өзі Ниңгоу биінің үлкен немересі, шені жоғары бар билік соның қолында. Қоғамдық істерге аса белсенді, өзін

жоғары ұстайтын Жия Жиң отбасының ұсақ-түйек істеріне көп мән бере қоймайтын. Жұмыстан қолы босай қалса, кітап оқып, шахмат ойнайтын. Сондықтан ауыл жастары еркінсіп алған. Шуеяндар тұратын алмұртты аула үлкен ордадан алыс, арасында екі қатар үй тұр. Оның үстіне ол ауланың далаға еркін кіріп-шығатын бөлек қақпасы бар. Мұндай қолайлы, жайлы орыннан кім қашсын, Шуеян көшіп кетсем деген ойынан айни бастады.

Шуеянның кейінгі күндері қалай болғанын келесі тараудан оқыңыз.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Екі баласын ерткен Уаңшы ханымның Рұнгофу ордасына келіп паналағаны туралы өткен тарауда айтқан едік. Енді оны қоя тұрып, Лин Дайиүйдің бастан кешкендерін баяндап берейік.

Рұнгофу ордасына келген күннен бастап Жия әжей немере қызын жанындай жақсы көріп кетті, алақанына салып әлпештеп, ерке немересі Бауиүймен бірдей көрді. Ұйқысын, тамағын, киім киюін – түгел өзі қадағалап, ерекше қамқорлыққа алды. Немере қыздары Инчүн, Танчүн, Шичүндерді бұған теңемейтін болды. Бауиүй мен Дайиүйдің татулығы да елден ерекше, азаннан кешке дейін бір-бірінен бөлінбей, егіз қозыдай бірге ойнайтын. Тіпті, олар түнде де бірге тыныс алатындай еді. Аяқ астынан Шуебаучай келіп қалды да, өте сүйкімді бұл бикеш үлкен-кішіні тез баурап алды, жұрт оны Дайиүйден артық көре бастады. Ол өзі Дайиүйге мүлде ұқсамайды, өр мінезі де, өзімшілдігі де жоқ, зейін-зердесі де оған жетпейді, өресі төмен, қатардағы көп қыздың бірі. Бірақ өте ашық мінезді, кісімен жанасымды, бауырмал бала екен. Сондықтан үлкен-кішінің бәріне ұнады, тіпті кішкене күң қыздар да оның жанына үйіріле бастады. Бұл Дайиүйге ұнамады, бірақ наразылығын ішіне сақтады. Баучай бұдан мүлде бейхабар еді, қаперіне ештеңе алмай бұрынғысынша жаркылдап жүре берді.

Жаратылысынан ояр мінезді, өткір тілді, өжет Бауиүй әпке, аға-қарындастарының екі аяғын бір етікке тығатын, оған алыс-жақын, үлкен-кіші бәрібір. Дайиүймен бірге әжесінің қасында тұрғандықтан екеуі бір-біріне бауыр басып, өте тату болып алды. Қанша тату дегенмен, баланың аты бала емес пе, бір күні екеуі қатты ренжісіп қалады. Қатты назаланған Дайиүй үйде жылап отырып алған соң, Бауиүй өзінің қатесін түсініп, кешірім сұрап, оны өзер жұбатты.

Шығыс жақтағы Ингофу ауласындағы михуа гүлдері гүл ашқан кезде Жияжиннің бәйбішесін Юшы ханым Жия әжей, Уаң ханым,

Шың ханымдарды михуа гүлін тамашалауға қонаққа шақырды. Қонаққа сол күні Жия Рұң мен келіншегін де шақырған. Жия отбасындағылар таңғы астан кейін барды да жұпар иісті бақшада әрі-бері серуендеп жүріп барып, шайға отырды. Бұл екі әулеттің қонақасыларында пәлендей үлкен әңгіме болмайтын, үлкендердің әңгімесінен зеріккен Бауиүй маужырап қалғи бастады. Әжесі күтушілеріне оны үйге апарып ұйықтатып, дем алған соң қайта әкеліндер деп еді, Жия Рұңның келіншегі Чиншы бізде Бауэршу жататын үй бар деп, Бауиүйдің қызметшілері мен Бауиүйді демалатын үйге ертіп кетті. Жия әжей немере келіндерінің ішінде Чиншыны жақсы көретін. Өзі де жұмысқа икемді, ибалы мінезді жан еді.

Бауиүйді Чиншы ұйықтатуға әкеткен соң әжей алаңсыз отырып әңгімеге кірісті.

Чиншы Бауиүй мен оның қызметкерлерін ертіп төргі бөлмеге келді, Бауиүйдің көзі төрдегі ілулі тұрған, ондағы өте шебер салынған аспа шырақ суретіне түсті де көңілсізденіп қалды. Ол үйде бір шумақ өлең жазылған босағалық бар болатын, Бауиүй оны да көзімен шолып өтті.

Дүниеге зер салсаң,
Білім жинап өтерсің.
Адам жанын түсінсең,
Хатқа жазып кетерсің.

Бауиүй өлеңге көз салып өтті. Бұл үй қанша жинақы, әсем жиһаздарға толы болса да мұнда қалғысы келмеді. Кетейік деп қасындағы қызметшілеріне қарады. Чиншы абдырап қалды, сөйтсе де сыр білдірмей жүзіне күлкі ойнаған ол бұл ара жайсыз болса, менің бөлмеме барайық деп бәйек болды.

Бауиүйге бұл сөз ұнап кетті, басын изеп келіскен сыңай білдірді. Ертіп келген сүт анасының бірі:

– Сенің жолың үлкен, немере келіннің үйінде ұйықтауға болмайды,– деп еді, Чиншы:

– Оқасы жоқ, бәріне шек қоя беруге болмайды ғой, бұл кішкене емес пе, тіпті менің өткен айда келген інім Бауэршумен құрдас, бірақ оның бойы бұдан сұңғақтау еді.

– Мен оны неге көрмегенмін, ертіп келіндер,– деп Бауиүй сөзге араласты.

– Ол бұл ауылдан жиырма шақырым жерде, алыста тұрады, әлі кездесесіңдер,– десті жұрт. Олар әңгімелесе отырып Чиншының отауына да келді. Табалдырықтан аттай бере жанға

жайлы хош иіс қолқаны қауып, Бауиүйдің көзі жасаурап, денесі байсал тарта бастады. “Не деген жұпар иіс” деп таңқалды. Ол қабырғадан Таңбохудың “Тас алманың көктемгі шағы” деген суретін көрді. Суреттің екі жағына Сұң дәуірінің ақыны Шынтайшүйдің:

Салқын ауа көктемгі,
Жұпар иіс, бал шарап.
Шытырман түс, тәтті ұйқы,
Жаның соны аңсамақ,–

деген өлеңі жазылыпты. Үстел үстінде Узытияң пайдаланған дөңгелек айна, билеп тұрған Жауфиянның суреті салынған алтын табақ сызылыпты, табақ ішінде Ән-Лушанның Тайжын ханымды атқан жебесі тұр. Төрге Тұңшаң ханшаға арналған мөншақты жібек шатыр құрылып, оның ішіне Шучаң бике жатқан арқалы төсек қойылған екен. Бауиүй бұл жер тамаша екен деп жымыып қойды.

– Менің отауыма әулиелер жатса да жарасар еді,– деп Чиншы күліп қойды. Ол күле жүріп Бауиүйге төсек салды, шағи көрпе салып, кезінде Хүнияң жастанған ғашықтар жастығын жастап берді. Бауиүй сол үйде жатып қалды да қалғандары шығып кетті. Оның жанында Ширын, Чыңуын, Шиүе, Чиуын атты күң қыздар қалды. Чиншы қызметші қыздарға абай болыңдар, мысықтар таласып бажылдап оятып жібермесін деп тапсырды.

Бауиүй басы жастыққа тиер-тимес маужырап ұйқыға кетті. Ол ұйықтап жатып Чиншыны көріп жатты, Чиншы оны ертіп, қорғаны меруерттен қаланған, жасыл орманы қалың өскен, сылдырап бұлақ аққан жерге келді. Тірі жан баспаған, шаң-тозаңы жоқ таза жер екен. Бауиүй қатты қуанды да ішінен: “Бұл жер нағыз жұмақ екен, осында тұрсам, ата-ананың шектеуінен, ұстаздардың ұлағатын естуден құтылып, еркін өмір сүрер едім” деп ойлады. Сөйткенше болған жоқ, алдында тұрған таудың ар жағынан ән әуені естілді, қыздың нәзік дауысы тұла бойын шымырлатып жіберді.

Көктемгі түс желге ұшады,
Қураған гүл жер құшады.
Қыз-жігіттер, мұнаймандар,
Бақытты етер жар құшағы.

Бауиүй әнге елтіп тұрғанда тау жақтан толған айдай толықсыған бір сұлу шыға келді. Кейін бір ақын оны былай суреттеп еді:

Сарайынан ерте шығып,
Гүлге оранған кең даланы,
Серуен құрған перизаттай,
Әсем басып толғанады.

Оны көріп бақшадағы,
Таңғалғандай құстың бәрі,
Тотының да жанарынан,
Ғашық оты ұшқындады.

Гүлді көйлек желмен ойнап,
Күй төгеді шолпылары,
Жұпар иіс төңіректі
Тәтті лепке толтырады.

Күлкі үйірілген жүзі ғажап,
Шабдал гүлі секілді оның.
Қолаң шашы қара лағыл,
Жел тербейді кекілдерін.

Қызыл ерні бүлдіргендей,
Меруерт тісін кір шалмаған.
Жанарында мөлт-мөлт етіп,
Пейіш нұры тұр тамбаған.

Тал шыбықтай нәзік белі,
Жай жүргені билегендей.
Сұлулығын көрер болса,
Пері қызы күндегендей.

Қайғысы мен қуанышы,
Жүрісінен сезіледі.
Еркелетіп, ойнатады,
Табиғаттың өзі де оны.

Қиғаш қасы қандай әсем,
Сөзге бейім сұлу ерін,
Қия алмайды жел аймалап,
Шуақ шашқан гүл ренін.

Әлденеге алаң болып,
Санап басып сыланады.
Қайран ару келбетіңді,
Қалай айтам мұнан ары.

Киім қандай құп жарасып,
Көздің жауын ұрлағандай,
Тал бойында бір міні жоқ,
Тұлғасын-ай, туған айдай.

Адамзаттан артық туған,
Перизаттың өзі дерсің.
Ұшқын атқан қос жанарын,
Қыран құстың көзі дерсің.

Кір шалмаған, жаны таза,
Шықтай мөлдір гүлге тұнған.
Тауға біткен қарағайдай,
Балғын дене ырғатылған.

Гүлдей болып үлбірейді.
Ай сәулесі аймалаған,
Сөзі сиқыр айдаһардай,
Жан тең келсін қайдан оған.

Шиши Уаңчың хор қызындай,
Қарасаң көз ұялады.
Қайда туған, қайда қазір,
Оның мекен тиянағы.

Білемісің бұл сұлуды,
Қандай жаннан дара туған.
Жаны нұрдан, тәні гүлден,
Қалай ғана жаратылған,

Сырнай үнін тыңдау үшін,
Алыс жақтан келді ме екен.
Жүрегіме жара салды-ау,
Қайдан ғана көрдім екен.

Бұл қыздың хор қызы екенін білді де Бауиүй оған тағзым етіп сәлем берді.

– Ей, перизат, жасыңыз үлкен әпкеге лайық екенсіз, қайдан келе жатырсыз, қайда барасыз, мен де бұл жерді бұрын көрмеген едім, қайда барарымды білмей тұрмын, мені ерте кетсеңіз жақсы болар еді.

– Мен қарғыс жүрмейтін әлемнің адамымын, қасірет теңізінде шомылып дем аламын. Тауынан пейіштің самалы есіп, шөбінен жұпар иісі аңқыған елес әлеміндегі киелі үңгірде тұратын пері қызы Жиңхуан деген мен. Адамзат әлеміндегі ғашықтықтың иесімін, дүниедегі әйел назасын таразыға тартып, оған лайық еркектің жазасын белгілеймін. Біраз уақыттан бері тағдырдың қаһарына ұшыраған ғашықтар осы жерге жиналыпты, солардың халін өз көзіммен көріп, оларды қайғыдан арылтсам деп келдім. Сен менімен кездейсоқ жолықтым деп ойлама, менің мекенім осы жерге жақын. Менің тұрағымда артық ешнәрсе болмайды, өзім теріп әкеліп, киелі жапырақтан қайнатқан бір кесе шай, бірнеше торсық шарап, оны да өзім ашытқам. Бірнеше жас талап күйшілер “Қызыл сарай елесінің” жаңадан шыққан он екі тарауын тартып отырады. Барып қайтам десең, маған ер,— деді.

Бауиүй қуанып кетті, хор қызына еріп, оның мекеніне келді, көңілі алып-ұшып, жүрегі аузынан шығып кетердей болып келеді. Чиншы жеңгесі есінен шығып та кетті. Бір жерге келгенде алдынан үлкен жартас кезікті. Жоғарғы жағына “Елес әлемі” деген жазу жазылыпты. Екі жақтауына “Өтірік сөз шын болғанда, шын сөз жалғанға айналады, жоқ нәрсе барға саналғанда, бар нәрсе жоққа саналады” деген сөздер жазылыпты. Жартастан өте бергенде алдынан зәулім сарай көрінді. Сарайдың маңдайшасынан “Кітап теңізі, құмарлық өңірі” деген үлкен жазуды көрді. Сарайдың екі босағасына:

Ғашықтардың куәсі,
Көк аспан мен қара жер,
Тарқамаған құмары,
Қапаменен жан өлер.

Әйел шөггер қайғыдан
Тарқамаса құмары,
Көкірегінен еркектің,
От боп жанып тұрады.

Бауиүй бұл өлеңді оқыды да, бұл не екенін, тарқамаған құмары дегені не нәрсе екен, мұны сұрап-білуім керек екен деп ойлады.

Осы ойлардың жетегіне ілескенде Бауиүйдің жүрегіне шайтан кіріп алған. Хор қызы бірінші үлкен сарайдан өтіп барып, екінші сарайға кірді, Бауиүй одан қалмай, еріп келеді. Аула ішіне келгенде көргені, ауланың екі жағындағы сарайлардың бәріне түгел маңдайшалық және босағалық жазылып ілініпті. Маңдайшалықтар өте күрделі, Бауиүй түсінбейтін сөздер екен. Оның бәрін оқып үлгерген жоқ, бірақ маңдайшасына “Ессіз әуейілік”, “Зар-нала”, “Таңертеңгі зар”, “Түнгі жоқтау”, “Көктемгі зауық”, “Күзгі қайғы” деген сөздер жазылған бөлмелерді анық көрді. Оның аңсары сол бөлмелерге ауды.

Ол дауысын естірте әдейі:

– Хордың қызы мені ана бөлмелерге кіргізе алар ма екен?– деп қойды.

– Бұл бөлмелердің ішінде дүниедегі барлық қыздың тағдыры жазылған тізім сақтаулы. Сен пәни дүние адамысың, жай көзбен оны көре алмайсың, бекер әуре боласың ғой,– деді. Бауиүй оның сөзіне құлақ та асқан жоқ, өтініп тұрып алды. Оның көрмей қоймайтынын білгендей Жиңхуан:

– Жарайды, ендеше мына бөлмеге кіріп көр,– деп бір бөлменің алдына әкелді. Бауиүй маңдайшасына қарап еді, “Сорлы бейбақтар бөлмесі” деген жазуды көрді. Екі босағасында:

Көктемде қайғы меңдесе,
Күзді күні басса мұң,
Бар кесапат өзіннен,
Күнәсі жоқ басқаның.

Айдай сұлу дидарың,
Нұр төгілген жанарың,
Кімге дәрі болғандай,
Түкке алғысыз бәрі оның,–

деген өлең жазылыпты. Бауиүй өлеңді оқыған соң, неге екені белгісіз күрсініп жіберді. Ол онан ары бөгелген жоқ, үйге кірді, үй ішінде оншақты әбдіре тұр, қақпақтарын қағаз тілімдерін жапсырып, мықтап бекітіп қойыпты. Жапсырылған қағаз тілімдеріне жер аттары жазылыпты. Ол бір әбдіренің аузынан өз ауылының аты жазылған қағазды көріп қалды. Енді оқи бергенде онан арырақта тұрған бір әбдіренің аузынан “Жилиңдегі он екі бикештің тізімі” деген жазуға көзі түсті.

– Бұл не?– деп сұрады ол хор қызынан. Жиңхуан оған күле қарап:

– Бұл сенің жеріндегі он екі бикештің тізімі,– деді. Бауиүй бұл сөзге танданып қалды. Жилиң өте кең қала ғой, онда небәрі он екі-ақ бикештің ғана тізімі болғаны қызық екен. Біздің әулеттің өзінде ғана үлкенді-кішілі жүзден аса қыз бар еді,– деді.

Бұл сөзді естіген Жиңхуаң жымысып күлді де:

– Қай жерде де қыз деген көп қой, бұл тізімге солардың ішінен тағдыры ерекше жандар таңдалып кіргізілген, анау екі әбдіреде онан кейінгілерінікі жазылған, көбінің тізімі мұнда болмайды,– деді.

Әлгі әбдіренің аяқ жағындағы бір әбдіреде “Жилиндегі он екі бикештің жанама тізімі” деген жазу бар екен. Бауиүй неге екені белгісіз, осы жанама тізімді көргісі келді. Ол әбдірені ашып, бір дәптерді алып қарап еді, бірінші беттің бас жағында сиямен бояған қою түнек тұман тектес бірдеңе көрінді, оның астына бірнеше шумақ өлең жазылыпты. Ол өлеңді оқи бастады:

Аспанда ай бар дегенмен,
Тек толғанда нұрланар.
Адам деген аймен тең,
Қайғысыз күн кімде бар.

Тән жаралған масыл боп,
Көңіл жүйрік алайда.
Көкті кезіп, бар әлемді
Аралайды қалайда.

Бойын түзеп сыланғандар,
Қаңғыртады бастарын.
Өйткені, олар қоздырады,
Қызғанышын басқанын.

Өсек ерсе, өршіп жала,
Өлімменен тынады.
Ғашық жары зар еңіреп,
Басын жерге ұрады.

Бұл өлеңдердің мәнін түсіне алмаған Бауиүй аударып астыңғы жағын қарады. Онда бір құшақ гүл мен бір жыртық төсеніштің суреті сызылған екен. Оның астына да бір шумақ өлең жазылыпты:

Сүйкімді сұлулардың тұлғалары,
Келбеті балбұл жанған кімге дәрі.
Әуейі әлдекімдер ләззат алып,
Әдепті бекзадалар құр қалады.

Ол бұл өлеңді де түсінген жоқ. Дәптерді орнына қойды да “жанама тізім” әбдіресінен тағы бір дәптерді алып көре бастады. Дәптердің бірінші бетінде тамыры семіп, сабағы қурап қалған гүлдің суреті, астыңғы жағына суы тартылып, қакка айналған көлшіктің суреті сызылыпты. Оның астында тағы бір шумақ өлең бар:

Лилия гүлі тамыр тартып,
Тұрғанымен көгеріп.
Арманына жете алмаған
Ол бір мұңлық тек өлік.

Тағдыры ортақ екі ағаш,
Екі жерде тұр көктеп,
Аруақтар мекеніне,
Сол екі ағаш бір кетпек.

Бауиүйге бұл да түсініксіз еді, ол жанама тізімнен ештеңе түсінбеген соң, арнайы тізімді алып көргісі келді. Ол арнаулы тізім салынған әбдірені ашып, одан бір тізім дәптерін алып еді, оның алғашқы бетін ашқан жерден екі түп қу ағашты көрді. Ағаштың бұтағында меруерт тастармен айшықтаған бір белбеу ілулі тұр. Жерде бір үйме қар, қардың үстінде алтын түйреуіш жатыр. Суреттің аяқ жағынан тағы да бір шумақ өлеңді көзі шалды.

Данышпан айтқан жұртқа арнап ақыл,
Шіркін-ай, текті зада, арманы асыл.
Ағашта меруерт белбеу тұр ілініп,
Түйреуіш анадайда қарда жатыр.

Әрине Бауиүй үшін бұл да түсініксіз еді. Хор қызынан бұл өлеңдердің мәнін сұрамаққа оқтала беріп, ол бұл жердің сырын ашса ғой деп ойлап, өзін-өзі ұстап қалды. Дегенмен, тізім дәптерін тастай салуға дәті жетпеді де жалғасын ашып көре берді. Екінші бетке ағашқа ілінген садақтың суреті салыныпты да аяғына тағы бір шумақ өлең жазылыпты:

Сараптадың талай жыл ақ пен қара арасын,
Әсем гүлдер құлпырып, тапты ордада жарасым.
Қатар келіп үш көктем, барыс-қоян көктемі,
Аяқтатты өмірдің өкінішті парасын.

Келесі бетте шексіз-шетсіз мұхит айдынындағы бір үлкен қайықтың суреті сызылыпты. Қайық ішінде бір әйел бетін басып

жылап тұр. Одан басқа батпырауық ұшырып тұрған адамның суреті бар екен. Бұл суреттің астына да бір шумақ өлең жазылған:

Неге керек адамның арыстаны болғаның,
Кеш туылып өмірде, бағың жанбай сорладың.
Ай толғанда зарлайсың дарияға телміріп,
Кеттің алыс қайтейін, көрген түстей болмадың.

Келесі бетте көшкен бұлттың көлеңкесі түсіп, ирелендей аққан өзеннің бір тармағы сызылып, оған да арнап өлең жазылған.

Байлық, атақ не керек, жанға пана бола ма,
Тумай жатып ата-анаң тастап кетсе далаға.
Күннен сәуле төгіліп, ақса Чаңжаң долданып,
Чу аспанын бұлт басып, ашылмайды қабағы.

Мұнан кейін көргені батпақта жатқан меруерт тастың суреті болды, Бауиүй оған арналған өлеңді де оқыды:

Пәк қалпында өмірден өте алмадың,
Қиып және тірлікті кете алмадың.
Нұр дидарлы алтыннан аяулы едің,
Ластандың іске аспай еш арманың.

Онан соң бір қызды қуалап бара жатқан қасқырдың суреті бар екен. Суреттің аяғына:

Көкжал бөрі – жыртқыш еді жырынды,
Қансоқтада жолы болды бүгінгі.
Қас сұлуды қабағын мұң шалмаған,
Қас пен көздің арасында жалмаған.

Бауиүй дәптерді ақтара берді, келесі беттен ескі пұтхана, кітап оқып отырған бір қыздың суреті сызылыпты. Оның астына да жұмбақтаған бір өлең жазылыпты.

Үш көктемнің бақыты тым баянды болмады,
Диуана боп ел кезіп, тентіреді, сорлады.
Байдың қызы бір кезде маңдайын күн шалмаған,
Пұт күзетіп шам жағып, отыр, міне, ол дағы.

Бауиүй дәптердегі өлеңдерді түсінбесе де, оған қатты қызықты, тағы бетін ашып көріп еді, онда бір ұрғашы самұрық құс сызылыпты, ондағы өлең де сол ежік бірдеме екен:

Самұрық келді ғайыптан бұл заманда,
Таңсық болып тұлғасы күллі адамға.
Өз жерінде қожа еді, жерден кетіп,
Ісі айналды Жилинде шырғалаңға.

Бұл өлеңнің нені тұспалдағанын біле алған жоқ. Сонан соң оның астыңғы жағындағы құлазып қалған қыстақ пен қираған ескі сарайда ұршық иіріп отырған әйелдің суретіне арналған өлеңді оқи бастады:

Хал кетсе егер өзіннен, қадірін жоқ еліне,
Үйсіз қалсаң туысың жат көреді сені де.
Қолдап еді әулие ауылдағы әйелді,
Жарылқаушы көбейіп, шықты өмірдің төріне.

Осы өлеңнен кейін ғажайып мулан гүлі мен басына ханшалардың тәжін киіп, кестелеп тіккен оқалы қамқа тон жамылған сұлу қыздың суреті сызылыпты. Ол суреттің астына да өлеңмен түсініктеме жазылған көрінеді:

Самал жел шайқап төгеді, шабдал гүлін көктемде,
Күтімі оның, әрине, үйдегі гүлге жеткен бе,
Жұлдыздары қарсы боп, от пен судай өштесіп,
Өсекке қалды бастары күлкі болып текке елге.

Осы өлеңді оқып тұрып оның аяқ жағындағы үлкен үйдің матшасына асылып өлген қыздың суретін көзі шалып қалды.

Махаббаттың азығы таза сезім, дегенмен,
Пері қуған талайлар шайтанға еріп жөнелген.
Ниңгофудан табылар небір сұмдық, маскара,
Рұнгофудан шығады, пәле қуған өлермен.

Бауиүй бұл өлеңге қатты қызықты. Ол жалғасын оқып көргісі келіп, дәптердің келесі бетін аша беріп еді, оның алғыр ойлы зерек жан екенін, құпия жазбалардың сырын түсіне бастағанын сезе қойған хор қызы дәптердің бетін жаба қойды. Ол құпия сырдың пәни дүниеге жайылып кетуінен сезіктенген еді. Сонан кейін Бауиүйге қарап:

– Жә, осы да жетер, бұл қапаста көп отырудың керегі жоқ. Бұған уақыт өткізгенше, маған еріп ғажайыптарды тамашала.

Ештеңені түсіне алмай, бірақ дәптердегі құпия сырды ұғуға аңсары ауып, бұл ғажапқа таңданған Жия Бауиүй дәптерді амалсыз жерге қойды да Жиңхуанға еріп сыртқа шықты. Тағы да тамаша

сарайлар кездесті. Үйлердің сыртқы дөдегеліктеріне көз тартатын ою-өрнек салыныпты. Үй ішіне жібек перделер тартылып, судыраған торғын шымылдықтар құрылған екен. Ауладағы гүлдер жұпар аңқып, шөптердің хош иісі мұрын жарады. Аңыздардағы:

Жомарт аула, ырыс қонған,
лағыл тастан едені,
Сәуле ойнаған терезесі
мәрмәр сарай дер оны,

– дейтін сарайдың дәл өзі екен. Бауиүй сарайдың сыртын тамашалап тұрғанда Жинхуан:

– Қыздар, қайдасындар, қонақтың алдынан шығып қарсы алмайсындар ма?– деді. Сөйткенше болған жоқ, үйден бірінен-бірі өткен бірнеше сұлу жүгіріп шықты. Бауиүй олардың хор қыздары екенін біле қойды. Денелері өте нәзік, қанатты көйлектері желмен желпілдеп, сылаң қағады. Көктемнің гүліндей үлбіреп, күзгі самалдай жанды рақатқа бөлейді. Хор қыздары Бауиүйді көре сала Жиңхуанды жазғырды:

– Құрметті қонақ дегеніңіз осы ма, кім екенін білмей жүгіріп шыққанымызды қарашы, сіз бүгін, осы сәтте Қызғалдақ сінліміздің елесі келеді демеп пе едіңіз. Біз сол елесті күтіп отыр едік қой. Сіз енді мына анайы пендені әкеліп, күнәдан пәк мекенімізді былғамасыз ба?– деп шулап қоя берді. Бауиүй бұл сөзді естігенде шошып кетті. Алды-артына қармай қаша жөнелгісі келіп еді, оның да ыңғайы келмеді. Ол өзінің денесінің соншалықты лас екеніне сене бастады. Осы кезде Жиңхуан Бауиүйдің қолынан ұстай алды. Ол қыздарға қарап күліп қойды да:

– Сендер түсінбейтін оқиғалар болып жатыр. Рүнгофу ордасынан Қызғалдақты ертіп келуге бара жатыр едім, Ниңгофу ордасынан өте бергенімде алдымнан Ниңгофу биі мен Рүнгофу биі кездесе кетті. Олар маған дат айтып көмек сұрады:

– Ордамыз құрылған жүз жылдан бері түтініміз түзу ұшып, атағымыз әлемге жайылып еді. Біз өмірден кеткелі ұрпақтарымыздың басынан бақ тайды, дәулеті шайқалып, орданың тағдыры қыл үстінде тұр. Үрім-бұтағымыз көп болса да, ата жолын қуып, ел ұстайтын адам шықпай, уайымдап жүрміз. Мінезі қыңыр, тентектеу болса да қазіргі орда бәйбішесінің немересі Жия Бауиүйден үміт күтеміз. Десе де бастарынан бақ тайған тұста туған оның да орданы ондауға шамасы келмей қала ма деп алаңдап жүр едік. Жолыңыз түсіп мұнда келіп қалған екенсіз, осы шөберемізді

махаббат-зауықтан аман сақтап, әуейі ақмақтықтан тыйып, азғындықтан құтқарып, дұрыс жолға сала көріңіз. Сонда біздің мерейіміз өсіп, рухымыз тыныш табар еді,— деп жата жабысты. Аруақтар өтініш еткен соң оған шапағат жасайын деп ертіп келдім. Алдымен өз еліндегі жоғары, орта және төмен – үш санаттағы қыздардың тағдыр дәптерін оқытып көріп едім, түсіне алмады. Сондықтан сіздерге ертіп келдім. Бір рет шарап ішкен дегдар ән елесін көрсетсек сергіп, көңіл көзі ашылар.

Хор қызы онан ары ешкіммен ақылдасқан жоқ. Бауиүйді жетелеп үйге кірді. Үй ішінде Бауиүй білмейтін бір тамаша иіс аңқып тұрды. Иістің күштілігі сонша, Бауиүй дереу маужырап масая бастады. Ол бұл иістің не екенін сұрап еді, Жиңхуан мырс етіп күлді де:

– Бұл иіс пәни дүниелік заттарда болмайтын иіс, асқар таулардың биігінде ғана көктейтін гүлдердің, бүршік жарған кезіндегі нәрі мен гауһар орманындағы алуан түрлі меруерт ағашының майынан жасалған “жұпар тосап” деген осы. Сен оны қайдан сезе қойдың?— деп сұрады. Бауиүй бұл иіске ынтызары ауып, құмарта қалды. Екеуі дастарқан басына келіп отырды, кішкентай пері қыздар келіп шай құя бастады. Шайдың иісі де Бауиүйге өзгеше сезілді, ол мұндай шайды ішіп көрмеген, хош иісі аңқып, мұрынды жарып әкетіп барады. Бұл шайдың да өзі көріп жүрген шайлардан басқа екенін Бауиүй біле қойды. Не де болса атын біліп алайын деп хор қызынан бұл шайдың атын сұрады:

– Бұл шай “Мәңгі көктем” тауындағы “Жұпар самал” үңгірінде көктеген шайқурайдан алынған, қасиетті гүлдің жапырағына тұнған сүмбіле шығының суына қайнатылған “үңгір маиүрішкесі” деген шай,— деп таныстырды Жиңхуан. Бауиүй оның сөзін ыждаһатпен тыңдады. Ол үй ішін жіті шолып қарап шықты. Меруерт тастармен безендірілген күйсандық, алтыннан соғылған қазан-ошақ, байырғы заманнан қалған ескі суреттер, жаңа заманның жыр жинақтары толып тұр екен. Терезе түбінде суырпақтан суырылған жіптер шашылып жатыр, айна-тарақ салатын қобдиша, қолданғаннан кейін қалған опа-далаптардың қалдықтары дейсің бе, ұсақ-түйек дүниелер қоқсып жатыр. Босағасында:

Құт қонған ғажап өлке көз көрмеген,
Көк аспан қолың жетпес созғанменен,—

деген екі жол өлең жазылыпты. Бауиүй үй ішіндегіні тамашалап болған соң хор қыздарының атын сұрай бастады. Олардың аты

өте қызық екен: “Ұйқылы-ояу перизат”, “Әуейі”, “Күлмес бике”, “Ашушаң” дейсіз бе, біріне бірі ұқсамайтын есімдер. Көп кешікпей бір қызметші пері қызы келіп, дастарқан жайып, тамақ әкелді. Бұл “Таза кесе ішінде тәтті шәрбат тұрады, Тас тостаған ішіне тұнық шарап тұнады”,– дейтіндей хал еді.

Бұл шараптың да иісі ерекше екен, Бауиүйдің жүйкесі босап, өзіне ие болмай бұл шараптың атын сұрады. Жиңхуан оның сұрағына жауап берді:

– Бұл шарап әлемдегі барлық гүлдің дәніне, әр түрлі ағаштардың нәрі, желмаяның өркеші, самұрықтың сүті қосылып жасалған шарап. Бұл “қоспа тосап-шәрбаты” деп аталады. Бауиүйге “қоспа тосап-шәрбаты” қатты ұнады. Олар шарап ішіп отырғанда үйге он екі биші перизат келіп қандай би билейміз деп өтінді. Жиңхуан оларға: “Қызыл сарай елесінің” жаңадан жасалған он екі тарауын билендер,” деп еді, биші перизаттар күлімсіреп бас изеді де күйсандықтарын әндете билеп кетті. Перизаттар “Әлмісақтан бері”... деп бастай беріп еді, Жиңхуан олардың сөзін бөліп, Бауиүйге билегелі жатқан бидің мазмұнын түсіндіріп кетті:

– Бұл күй пәни дүниедегі әрқандай күймен салыстыруға келмейтін ерекше күй. Мұнда қарттықтың да, жастықтың да, сұлулықтың да, сергектіктің де бейнесі бар. Терістік пен түстіктің әсем әуендері үйлесім тапқан. Бұл күйлерде нақты адам суреттеліп, сағыныш сезімі бір әуенге түскен күй. Кәсіпқой адам болмаса бұл күйді түсіне алмайды. Алдымен сөзін оқып ал да, онан соң күйін тыңдасаң түсінерсің. Өйтпегенде, күйден ләззат ала алмайсың,– деп бір перизаттан “Қызыл сарай елесінің” қолжазбасын алдырып ұсынды. Бауиүй қолжазбаны қарай отырып күй тыңдады.

Қолжазба бірнеше бөлім екен, Бауиүй іштей оқып отыр:

ҚЫЗЫЛ САРАЙ ЕЛЕСІНІҢ БАСТАЛУЫ

Жаралғалы бұл ғалам,
Ғашық болған күллі адам.
Махаббатқа мас болып,
Жүректері тулаған.

Өткен талай тіршілік,
Бірде қызып, бір суып.
Ғашықтықтан сарғайып,
Қайғы жұтқан күрсініп.

Мұңлықтардың көңілі
Көтерілсін марқайып.
“Қызыл сарай елесі” –
Ғашықтар күйін тартайық.

ӨКІНІШІ

Алтын, күміс, гауһарды мінсіз дейді, мақтайды,
Менен басқа ел ағаш пен тасты еске алып жатпайды.
Тау басынан қар көрсем, сезінемін ызғарын,
Нәзік гүлдің мұнына, жүрегім қатты сыздадын.
Уілдейді, зарлайды, мұңға батып қара орман,
Опасы жоқ дүние, жалғандықтан жаралған.
Құрмет тұтып ас берсең, қас жауындай көреді,
Басылмайды сарығы, арманы алыс себебі.

КІРБІҢ

Бірі гүлі пейіштің,
Бірі таза меруерт.
Егер тылсым болмаса,
Кездесетін жөні жоқ.

Болса күдірет неге олар,
Мұратына жетпеген,
Қайғы менен сағыныш,
Бастарынан кетпеген.

Судағы айдың сәулесі,
Секілді еді біреуі.
Біреуінің әдемі,
Нәзік гүлдей реңі.

Адамзаттың көз жасы
Тоқтамайды тамарда.
Тамбай қалар бір тамшы,
Болмақ емес жанарда!

Жиңхуан қанша мақтаса да бұл тартылған күйлер де Бауиүйге әсер етпеді, ешқандай ләззат ала алған жоқ. Дегенмен өлеңнің ұйқастары мен ырғағы оны баурап әкетіп еді. Ол бұл өлеңдердің

қайдан шыққанын, кім шығарғанын сұрап жатпады, неде болса көңілді көтеретін жыр екен деп, құныға оқыды:

ӘЗІРЕЙІЛГЕ ҚАРҒЫС

Қуаныш жүрегімді елжіретіп,
Тұрғанда Әзірейіл келді жетіп.
Бәрі де көз алдымда ойран болды,
Сұмдықты көру маған болды нәсіп.

Файып боп көз алдымда сөнді бәрі,
Жастықтың гүлі солып, семді нәрі.
Жолы алыс, тауы биік, жете алмаймын,
Атымды жеткізбесе ел құлағы.

Ата-анам, сеземісің мені бүгін,
Дүниеден өтіп кетті ұлың сенің.
Туысқан алыс-жақын елінді тап,
Тәубе қып күштілігін сенімінің.

АЙРЫЛУ

Жел соғып жаңбыр жауғанда,
Қайықпен кеттім жыраққа.
Ата-мекен, ел-жұртым,
Артта қалды бірақ та.

Алаңдама, ата-анам!
Жолыма менің қарайлап.
Өтпесе екен өмірің,
Зарланумен мені ойлап.

Айрылу мен табысу,
Еш себепсіз болмаған.
Не көрсе де пенденің
Тағдыры Алладан.

Кедейлік те, байлық та,
Жазылады маңдайға,
Кім болмағы адамның
Жазымыштан болмай ма!

Екі айрылды жолымыз,
Осы ғой дәм-түз деген.
Мен кеттім, сен бол аман,
Үмітінді үз менен.

ҚУАНЫШ ПЕН ҚАСІРЕТ

Белім шықпай бесіктен,
Айрылсам да ата-анадан.
Молшылықта өсіппін,
Жарылқапты жасаған.

Кім екен мені өсірген?
Құс ұшырмай басымнан.
Жомарттыққа, ерлікке,
Құмар боппын жасымнан.

Жас күнімнен желікке,
Әуес болып көрмедім.
Аңыз қылып мақтады,
Әдебімді ел менің.

Нұрландырсам үй ішін,
Болса разы алғаным,
Болсам оған адал жар,
Бар ма менің арманым.
Ұмытар ем жас шақтағы,
Ащы азаптың зардабын.

Гаутаңның бұлты айығып,
Түнерген күні ашылып,
Алысқа Чаңжияң ағады,
Арнасымен тасынып.
Өспек, өшпек Алладан,
Күдерінді үзбе асығып.

ӘЛЕМГЕ СЫЙМАС БІР БАСЫ

Сұлусың гүлдей құлпырған,
Өнерің асқан пендеден.
Болмысың бөлек, перизат,
Кесір боп тудың сен неден.

Дәмсіз деп етті жемедін,
Кимедің торғын-торқаны,
Өзегін елдің өртеген
Менмендігің бар тағы.

Тап-газа болып ел сенің,
Жылтырап тұрған өңіңнен.
Білмейсің оны тек өзің,
Бәрі де жұрттың жерінген.

Бұл күнде иектеп кәрілік,
Майшамның түбін жағалап.
Отырсың, міне, мәңгіріп,
Пұтхананы паналап.

Жастығың өтіп сарайда,
Асыпсың өмір өрінен.
Болыпсың сорлы бұл күнде,
Кім санасар сенімен.

Арманың қалып әдіра,
Боқтыққа батып белшеден,
Бейшара болған бейбағым,
Не күтем енді мен сенен.

Батпаққа батқан гауһардай,
Қамығып өту өмірден,
Асыл текті жақсыға,
Жараспайды тегіннен.

Бақастық пен Қуаныш
Жұнсанның көкжал бөрісі,
Қанды ауыз жыртқыш тегіннен.
Жақсылыққа жамандық,
Көргені оның өмірден.

Аңсағаны, күткені,
Әуейлік, серілік.
Байдың қызын аңдыған,
Қу нәпсіге беріліп.

Масқаралап байлардың,
Қыздарын талай қорлаған.
Антұрғанда сонда да,
Тиянақ, тоқтау болмаған.

Кетті, міне, ақыры,
Қайта оралмас сапарға.
Нұр дидарлы нәзік жан,
Күнәсі болса кеш, Алла.

ГҮЛДІҢ ОЯНУЫ

Күз келіп үміт оты сөнген шақта,
Не пайда жасаңғырап, жайнағаның,
Өшіріп жастық отын онан гөрі,
Жөн болар жан рақатын ойлағаның.

Гүл ашып, бұлт үстінде көктеп өрік,
Мәуелеп шабдал көкте гүл аша ма?
Табиғат жаз толады, күз солады,
Мезгілсіз ашылған гүл ұнаса ма?

Гүлдердің көктемдегі күзден қалай
өткенін аман-есен кім көріпті.
Зарлы әуен естіледі бебеулеген,
Ауылдан гүлге оранған тым көрікті.

Қанды ағаш орманында жын ойнаған,
Нелер жоқ, бірақ оны кім біледі.
Көмілген ескі мола қу шөптермен,
Бәрі де осылардың шындық еді.

Кешегі жарлы бүгін бай болады,
Осындай алма-кезек заман деген.
Құлпырып көктемде, күзде солған,
Ұқсайды гүл тағдыры адамменен.

Құтылмас пенде шіркін қашқанменен,
Болжаусыз өмір, өлім ұқтың ба оны?
Бар екен батыста бір гауһар ағаш,

Дейтұғын мықан ағаш жұрттың бәрі.
Сол ағаш мәңгі көктеп сембейді екен,
Жемісін жеген адам өлмейді екен.

АҚЫЛДЫҢ АЗАБЫ

Ақылды, ойламы мол зерек едің,
Күтіп ед үлкен үміт сенен елің.
Ақылың өз түбіне жетті ақыры,
Айлакер, алдырмайтын кемел едің.
Жүрегің тілгіленген, жараланған,
Аруақсың, болмақ енді не керегің.

Бақ қонған дәурен бастан тая берді,
Тентіреумен жарты өмір зая болды.
“Үйін ойран, үйірің тоз-тоз болып”,
Көрген түстей сөйілді бәрі-ақ енді.

Құлап түстің дуалдай опырылып,
Қарауыттың майшамдай сөнетұғын.
Зарға айналды кешегі қуанышың,
Болжау қиын пәлені келетұғын.

ҚУАНУ

Бір жақсылық болар деп қуанып ем,
Ойда жоқта кездесіп жарылқадың.
Аруағыңнан, анашым, айналайың,
Еске алатын сені де бар ұрпағың.

Өтінемін, қолдай гөр жарлыларды,
Нағашымдай тасбауыр, қатты болма.
Не істесең де көретін төбемізде,
Тұрғаны жаратушы хақ бір Алла.

ЖАСТЫҚТЫҢ АҚЫРЫ

Айнадан көрген бейне мен түске кірген дәулеттің
Келуі қиын басыңа.
Жалыны күшті жастық шақ, кетті ғой бастан лезде,
Десе де оған жасыма!

Жылы төсек, сұлу жар, оңаша отау, асқақ ән,
Ол туралы не дейін!
Оқалы шапан, тәж киіп, мәртебең асып басқадан,
Болса да үстем мерейің!

Тағдырдан қашып құтылмақ, пендеге нәсіп болмаған,
Сөйте тұра әлі де,
Қартайғанда жарлылық көрмейін дейді, әрине,
Пенделік тілек бәрі де.

Көкке тиіп төбесі, Сүлейменің жүзігі
Болсадағы қолында,
Істеу керек әр адам, елге пайда, сауапты іс
Ұрпағының жолында.

Атың шығып, айбарың, елден асып мәртебең,
Болсын билік қолында.
Аянышты оны ойлау, кара жерге кіресің,
Елмен бірге соңында.

Бұрынғы өткен батырлар, патшалар мен уәзірлер,
Бәрі де өткен ендеше,
Осы күнде олардың аттарын ғана атайды ел,
Қайда кетті өлмесе.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ САРҚЫЛУЫ

Дөдегені тозаң басып, гүлдер солып кураған,
Сұлулық пен әуейіліктен еш жақсылық тумаған,
Білер болсаң солар ғана шаңырақты шайқалтып,
Берекені ұрлаған.

Ата кәсіп әдіра қап, азғын Жия Жиң билеген,
Нингофудың ордасы да ойран болып күйреген.
Соның бәрі нәпсіге ерген кеселінен сезімнің,
Оны кімдер білмеген.

ТОЯТТАҒАН ҚҰСТАР

Билікке қолы жетсе де, ұшыпты бағы басынан,
Дәулеті байдың сарқылды, әлінен асып-тасыған.

Қайырымды адам қашанда еліне болар қадірлі,
Қатыгез, сараң өлгенде, жемтігі қалар сасыған.

Қан қарызы бар жандар, алмай қоймас қанға қан,
Жас қарызы бар жандар жасын төгіп зарлаған.
Кекті қусаң кек өнер, қайтпай қоймас қашанда,
Айрылу мен табысу жаратушы Алладан.

Өмірім қысқа екен деп ренжіме, өкінбе,
Мойынсұн жазмышқа, тәуекелге бекін де.
Ұзақ жасап бақытты күн көрмегің әрине,
Қалауыңша болмайды, тағдырдың ғана еркінде.

Өткен мына әлемнен небір діндар адамдар,
Жан үзсе де сүйгені азғындар неден аландар.
Жемтігі бітіп жейтұғың, құс кеткендей қонаққа,
Қаңырап мына дүние, иен қалған замандар.

Бірі әннен кейін бір ән айтылды. Бауиүй бұл ән мен биден ешқандай ләззат ала алған жоқ.

Оны Жиңхуан да білді. Мына маубас әлі оянбаған екен деді. Өзі түсінбейтін әннен әбден мезі болған Бауиүй әнші қыздарға: “Ән айтуды тоқтатындар, мен мас болып қалдым, ұйықтайын деп өтінді. Жиңхуан дастарқанды жиғызып, өзі Бауиүйді бір сарайға ертіп келді. Онда да сұлу перизаттар тұрады екен. Жиһаздарының өзі ерекше. Бауиүй ол сарайда отырған бір перизатты көрді, оның тұр-тұлғасына қарап Баучай ма деп қалатындай, нәзіктігі мен сырбаздығы Дайиүйге де ұқсайтын. Бауиүй бұл сырлы құбылысты түсіне алмай аң-таң қалып тұр еді, Жиңхуан оған қарап сөйлеп кетті:

– Адамзат дүниесіндегі небір зәулім сарайлар мен пәк махаббатты бұзылған бекзадалар мен әуейі әйелдер ластаған. Оны қойып ерте заманнан бері суық жүрісті жезөкшелер өздерін әйелжандымыз, махаббатшылмыз, зауықшыл емеспіз деп ақтап келген, бұл қателікті жасырып, онбағандықты ақтайтын сөздер. Әйел жанды махаббатшылдар нағыз зауықшылар. Қалай десек те астыртын кездесу мен асқан құмарлық сұлуға сұқтанғыштық пен нәпсі алдында дәрменсіздіктен туады. Мен саған құмармын, себебі сен адамзат жаралғаннан бергі бірінші зауықшылсың.

Бұл сөздерді естігенде Жия Бауиүй шошып кетті. Ол сасқалақтап:

– Перизат, олай деменіз, мен оқуға ынтасыз жанмын, оның үстіне ата-анам қатаң ұстайды. Қалай ғана нәпсіқұмарлыққа бара

аламын? Мен жаспын ғой, нәпсіқұмарлықтың не екенін де білмеймін. Жиңхуан оның сөзін бөліп жіберді:

– Олай ойлама, зауықшыл деген сөздің мағынасы кең. Сұлулыққа құмарлық, ән-биге әуестік, әзілге, күлкіге құмарлық, әйелқұмарлық бәрі де зауықшылдық болады. Бұларды тән құмарлар дейміз. Ал сен оларға ұқсамайсың, туғаннан махаббатшыл сабазсың, мен сені “көңіл зинақоры” деп білемін. Бұл сөзді түсіну қиын, оны көңілмен ғана сезінуге болады, тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Ойлау арқылы бұл сөздің сырын мөлшерлеуге болады, сөзбен талдап түсіндіру мүмкін емес. Қазір сен көңіл құмарлығына ғана бой алдырып жүрсін. Ордада арулар көп болса да, олардың арасында аяулы достарың да бар, бірақ өзің жалған дүниенің тар соқпағында жалтақтап, досқа күлкі, дұшпанға таба болып, азап тартасың. Бүгін Ниңгофу пен Рұңгофудың ата-бабаларының арыз-армандарын тыңдадым. Өз басым сенің әйелдердің ғана абырой-атағын ойлап, дүниені тәрк еткен мінезіңе қатты ашындым. Бұл жерге сені әдейі ертіп келіп, бойыңды тәтті шараппен балқытып, қасиетті шаймен жаныңды тазартып, тылсым күймен көңіліңді сергіткендегі мақсатым да сені сол теріс жолдан қайтарып, жазмыштың пендеге бұйырған ләззатына ауыздандыру еді. Саған өзімнің сіңлімді қосқалы отырмын. Бүгінгі кештегі махаббатты сәттерің қосылу ләззатын татумен өтеді. Осы арқылы сен осы пері заты ордасындағы бұлдыр елес өңірінің мәңгілік ләззатты екенін, адамзат өміріндегі махаббаттың опасыз уақытша ғана сезім екенін түсінуге тиіссің. Бұдан кейін есіңді жинап, мақсатсыз әуейлікті қой, Күнзы мен Мыңзыдан тағылым ұстанып, билік жолына түс. Жиңхуан осыдан кейін Бауиүйге әйелге қалай жақындасу жөнін үйретті, Бауиүйдің бұл сөздерді ынтасымен тыңдағанын байқаған соң, оны үйге кіргізіп, өзі есікті жауып шығып кетті.

Үйге кірген соң Бауиүй не істерін білмей тұрып қалды. Бірақ бұл ұзаққа созылмады. Ол үйдегі сұлу перизатты көрген соң тез есін жинап, Жиңхуанның үйреткен нәрселерін есіне алды да қызға жақындады. Сөйтіп бұл екеуі қыз бен жігіттің оңашада істейтін ісін істеп, бойларын суытты. Бауиүйдің бұл шаруаны қалай атқарғанын, қандай сезімді басынан кешіргенін айтып жеткізу қиын. Ертеңгісін таңертең ол өзінің махаббатқа маужырап, қыздың назға толы сөзіне жүрегі елжіреп, өзін бұрын болып көрмеген күйде сезінді. Ол Кичинмен жұбы жазылмастай болып бауыр басып қалыпты. Екеуі қол ұстасып серуенге шықты, гүл-бәйшешек қаптай өскен, әр түрлі шөптердің иісі мұрын жара аңқыған далада

келе жатып олар адасып кетті. Алдарынан көк тікен мен теріскен қаптай өскен, жыртқыш андары жырттылып-айырылған өңірге кез болды. Алдарынан мол сулы үлкен аңғар кездесті, өтетін көпір де жоқ екен, олар қайтіп өтердің жөнін білмей тұр еді, ойламаған жерден арттарынан Жиңхуан келіп:

– Тоқтаңдар, үйге қайтыңдар, бұл жерден ары жүруге болмайды,– деп дауыстады. Бауиүй бұл сөзді естіп абыржып қалды, Жиңхуаннан:

– Біз қайда келгенбіз?– деп сұрады. Жиңхуан:

– Бұл жер “Жазым өткел” деп аталады, суының тереңдігі он мың аршын, ұзындығы мың шақырым, өтетін кеме де жоқ, бұл өткелден елді өткізетін бір ғана бума сал бар. Оның рөлін Ағаш дәруіш ұстап, ескегін Гүл мансапты еседі. Судан өткізгеніне олар ақы алмайды, бірақ бұл өткелден мыңнан бір талайлы жандар ғана өтеді. Сен бұл өткелге кезіккен екенсің, енді кері қайт, зәуде өте алмай қалсаң, менің айтқан уағызым мен берген тәрбиемді ақтай алмай қаласың. Жиңхуанның сөзі аяқталмай жатып “Жазым өткелден” күшті дауыс шықты, күннің күркіріндей бұл үннен Бауиүй қатты састы. Сөйтіп тұрғанда Жазым өткелдің суынан қалың жын-шайтан шығып, Бауиүйді суға қарай сүйрей жөнелді. Оның зәресі ұшып, денесін суық тер басып кетті.

– Кичин, құтқар мені,– деп бар дауысымен айғай салды, бірақ үні булығып әрең шықты. Бұл айғайдан шошып кеткен Шырын мен бірнеше күн қыздар жүгіріп келіп оны құшақтай алды.

– Бауиүй, не болды, қорықпа, қасыңда біз бармыз,– десіп жатыр.

Мысықтар мен күшіктер таласып Бауиүйді оятып жібермеуін күндерге тапсырған Чиншы есік алдында тұр еді. Ол өзінің бала кезіндегі аты шыққанда тіксініп қалды, шақырған Бауиүй екенін білгенде қатты таңданды. Япырым-ау, менің кішкентай кезімдегі атымды бұл жерде еш адам білмеуші еді. Бауиүй қайдан біліп жүр, түсінде шақырғаны несі деп ойлады.

Оның жауабын келесі тараудан оқыңыздар.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Жия Бауиүйдің ұйқысырап жатып өзінің бала кездегі атын атап шақырғанын естіген Чиншы қатты таңғалды. Бірақ одан мұның сырын сұрай алмады. Ұйқысы әлі ашылмаған Бауиүй ұйқылы-ояу дел-сал, түсініксіз күйде отырды. Омырауын ағытып, аузын толтыра-толтыра ауа жұтты. Сонан соң киімдерін түзеп киюге

ыңғайланды. Мұны көрген Шырын оның қасына келді, ол Бауиүйдің іш киімінің бауын байлап бермек болып, ышқырын ұстай беріп еді, қолына жылбыраған қоймалжың зат тиді. Ол ыңғайсыз-данып қалып қолын тартып алды.

– Ойбай, мынасы несі,– деп дауысы шығып кетті, Бауиүй ұялып кетті, беті ду етіп қызып бара жатқандай сезінді, ол Шырынның білегінен ұстап шымшып-шымшып жіберді. Шырын есті қыз, жасы да Бауиүйден екі жас үлкен еді, ол біраздан бері еркек құпиясын түсіне бастаған еді. Бауиүйдің мына күйін көргенде көп істі аңғарып қалды. Сол-ақ екен аққұба жүзіне қан теуіп, қызарып кетті. Ол Бауиүйден онан кейін де ешнәрсе сұрамады, оның киімдерін түзеп кигізіп, екеуі Жия әжейдің үйіне келіп кешкі асқа отырды. Тамақтан соң сүт аналар мен күндер жоқ кезде Бауиүйдің іш киімін ауыстырып берді. Басында Бауиүй өзі де қатты ұялғандай көрінді, ол:

– Әпке, еш адамға айта көрме,– деп өтінді. Шырын оның бұл сұрағына жауап бергеннің орнына өзі сұрақ қойды:

– Саған не болған?– деп жан-жағына жалтақтай берді, сонан соң,– әлгі қайдан шыққан нәрсе?– деп күліп жіберді. Бауиүй ұялғанынан үндемей қызарып отырып қалып еді, Шырын оған қарап күле берді. Бауиүй басында ұялса да аздан соң есін жинап, қуақылана түсті де, Шырынға түсінде көргендерін айтып берді. Әңгіме төсек қатынасына келіп тірелгенде Шырын ұялған болып төмен қарап бетін басып алды, бірақ күлкісін тыйған жоқ. Шырын өңді де тартымды қыз еді, Бауиүй оған қызыға қарайтын, мынадай күліп, төмен қараған сүйкімді бейнесін көргенде өзін ұстай алмай оны бас салды, сөйтті де әлгі Жинхуанның үйреткен істерін қайталауға зорлады. Шырынды Жия әжей Бауиүйге жеке күндікке белгілеген. Ол Бауиүйдің талабынан бас тарта алмайтынын білді. Алғашында қымсынып, тартынғандай болғанымен, ақыры Бауиүйдің ыңғайына көне кетті. Сөйтіп олар құмарларынан шығып, бой суытып, мауықтарын басты. Сонан бастап Бауиүй Шырынға басқаша қарайтын болды. Ал Шырын да Бауиүйді бұрынғысынан арман бәйек болып күтетінді шығарды. Бұл әңгіме осымен тұра тұрсын.

Мәртебелісі мен құлы, үлкені мен кішісі болып үш жүзден астам адамы бар Рұнгофу ордасында күніне талай оқиға туып жататын. Ол оқиғалардың бәрі бір-бірімен байланысты, шырмауықтай матасқан, бас-аяғы жоқ бірдемелер еді.

Мен сондай істің қайсысынан бастап жазудың жөнін білмей тұр едім, сәті түскенде итарқасы қиян шалғайдан Рұнгофу

ордасына елеусіз бір адам келді, осы ордаға жамағайындығын сылтауратып келіпті. Неде болса осы кісіден бастап жазсам, бір жөні болар деп ойладым.

Уаң әулетінен шыққан бұл адам осы жердің тумасы еді. Ұлы атасы ұсақ мансап иесі болған. Уаң Шифың бикештің ұлы атасымен Уаң ханымның әкесімен дәмдес, тұздас, аралас-құралас болған. Уаң әулетімен немере туыспын деп жақындығын көлденең тартып жүріп, сол әулеттің ықпалына иек сүйеп еді. Бірақ Уаң ханымның үлкен ағасы, Уаң Шифың бикештің әкесі, Уаң ханыммен бірге қалаға барып тұратын аз ғана адамнан басқа жұрт бұл адамды біле бермейтін. Оның үстіне ұлы аталары ертеде қайтыс болып, ол кісіден қалған Уаңшың деген адам шаруашылығы күйреп кетті де, қаладан көшіп кеткен. Олар қыстақта тұрды. Сөйтіп жүргенде Уаңшың қайтыс болып, онан қалған Гуыр атты жалғыз ұл Лу әулетінен әйел алды. Оның Баныр деген ұлы, Чығыр деген қызы болған. Бұл әулет сонан кейін қалаға келген жоқ, қыстақта жер емшегін еміп, күндерін көретін.

Гуыр күн бойы тіршілік қамымен сыртта болады. Лушы үй шаруасынан аса алмайтын. Ағалы-қарындасты кішкентай Баныр мен Чыңырға қарайтын адам жоқ еді. Сондықтан Гуыр енесі Лу Мамайды шақыртты.

Лу Мамай дүниенің ыстық-суығын көп көрген жесір кемпір еді. Жасы болса келіп қалған, қолына қарап отырған ұлы да, келіні де жоқ. Бар байлығы екі мұдай¹ құнарсыз жер ғана. Соған сүйеніп өлместің күнін көріп отырған. Күйеу баласы қолына алып бағамын дегенде қатты разы болды. Ол ойланбастан осында көшіп келді.

Сол жылы күзде ауа райы ерте суыды да олар қыстың қамын жасап та үлгере алмай қалды. Бұған қатты қапаланған Гуыр өзінен өзі ширап, жоқ нәрсеге ашулана беретін болып алды. Лушы болса оған қарсы келмейтін. Бұған қатты абыржыған Лу Мамай оларға мынадай ақыл айтты:

– Күйеу шырағым, бұл сөзімді көңіліңе алма, бұл қыстақта жұрттың бәрінің де дәулеті тасып, шалқып отырғаны белгілі ғой! Сен ата дәулетінің арқасында жастайыңнан молшылықтың ортасында өстің, қолыңа тиын-тебен түссе, бетіне қарамай жұмсайсың, ақшаң таусылса, ашуыңа қол қойып, өзіңнен өзің бүлінесің де жүресің, мұның еркек басыңа лайық іс емес. Біз қазір қала сыртында болсақ та, патшаның шапағатымен тәңірдің берерінен үміт үзбейік. Чаң-ан қаласында байлық шашылып

¹ Му – жер өлшемі.

жатыр, бірақ оны барып жинап алу керек. Үйде отырып тарылмайық, бұдан ештеңе өнбейді.

Гуыр бұл сөзге ширап қалды:

– Апа, сонда маған жол тосып, керуен тона деп отырсыз ба?– деп дүңк ете түсті.

– Жоқ, шырағым, саған қарақшы бол деп отырғаным жоқ, бірақ басымызды біріктіріп, ақылымызды қосып, бір амал табуымыз керек емес пе? Қарап отырсақ байлық өзі іздеп келе ме?

Гуырға бұл сөз де ұнамады, ол өзінің шарасыздығын танытып:

– Оңай табар ақылым болса бүйтіп отырар ма едім. Амал қанша, алым-салық жинап отырған танысым бар ма, ел билеп отырған туысым бар ма? Ойланғанда не өзгере қояр дейсіз? Бізге кімнің жаны аши қойсын,– деп мырс етті. Лу Мамай аз отырып барып:

– Тәңірден де, адамнан да үміт үзбеңдер, шапағаты тиіп, жаны ашитын жандардың болуы да ғажап емес қой, тілек ету адамнан, тілекті беру Алладан деген, тәңірден тілеу тілеп талпынып көрейік.

Менің ақылымды алсаңдар. Кезіндегі Жилиндегі Уаң әулетімен барыс-келістерің болушы еді, олармен өте жақсы едіңдер қой, амал қанша өздерің құлашты алысқа сермеп, олармен ат ізін үзіп алдыңдар, соның салдарынан шет жерде жалғызсырап отырсыңдар. Бір кезде мен қызымды ертіп ол үйге барған едім, өздері бақ қонған отбасы ғой, десе де ортаншы қызы адамға жұғымды, тәкаппарлығы жоқ, ашық-жарқын мінезді бала еді. Қазір Рұңгофу әулетіне келін болып түсіпті, Жия фамилиялы екінші ұлықтың бәйбішесі екен, жұрттың бәрі Уаң ханым деп атайтын көрінеді. Жасы да келіп қалды, жұрттың айтуынша кедей-кепшікке қайырымды, кәрі-құртанға жанашыр, құдай жолын қуған адам дейді. Қазір Уаң шаңырағының бағы жанып, шені өсіп дәуірлеп тұрса да Уаң ханым бізді ұмыта қоймапты. Сол әулетке барып көрсең қайтеді, бұрынғы дәмдестікті еске алып, қайырым жасауы да мүмкін емес пе? Егер ол кісі аздап қайырым етсе, бізге жетіп жатыр емес пе, болмашы көмегінің өзі белімізді көтеріп тастар еді ғой.

Сөзге Луши араласты:

– Шеше, сіз сөздің майын тамызасыз-ау, айтқанға оңай болғанмен біз мына түрімізбен олардың алдына қалай барамыз, алыстан іздеп барсақ, тіпті олардың қақпашылары да қожаларына хабарлаудан арланбай ма? Алыстан іздеп барып ұятқа қалып қайтармыз,– деді. Гуыр пайдакүнем адам еді, бұл әңгіме оған қатты ұнады. Әйелінің сөзін естіген соң езуіне күлкі үйіріліп:

– Апа, сіз ол әулетпен таныс екенсіз, Уаң ханыммен кездескен де көрінесіз, ертең өзіңіз барып, бағыңызды сынап көрсеңіз қайтеді?– деді. Лу Мамай бұл сөзді естігенде терең ойға шомып:

– “Байдың үйі бөтерек” деген сөз бар, дегенмен ол бәйтеректің саясында паналау үшін де жүрек керек. Рұнгофу әулетіне салмақ сала баратын мен кім едім, мен оларды танығанмен, олар мені танымайды, құрғақ сергелдең боламын ғой,– деді. Гуыр ол кісінің сөзін бөліп жіберді:

– Ештеңе етпес, апа, олай ойламаңыз, мен сізге бір ақыл айтайын, сіз Банырды ертіп барыңыз, алдымен Уаң ханымның шаңырағына бірге барған Жоу атайға кездесуге тырысыңыз, егер оған кездесе алсаңыз, ісіңіз оңға басар, Жоу атай кезінде әкеммен дәмдес болған адам, біз ол кісімен ескі таныс едік, бір көмек жасап қалар.

– Оны мен де білемін,– деді Лу Мамай. Бірақ көптен бері қарым-қатынасымыз үзіліп қалды. Жоу атайдың қазір қандай күйде екенін, қалай өзгергенін кім білсін. Дегенмен бізге көмек көрсетуі де мүмкін. Сенің түрің мынау, шынында еркек басыңмен есіркеу күткендей барғаның болмас. Луши қызым жас қой, онда барғаны ыңғайсыз болар, беттің арын белбеуге түйіп, менің барғаным дұрыс. Пайдалы болса бәрімізге де жақсы.– Сол түні ұзақ ақылдасып осындай байламға тоқтады.

Ертеңінде Лу Мамай ерте тұрды, жуынып, таранып, Банырды оятып киіндірді, жүрер алдында оған барған жерде қалай жүріп, қалай тұру туралы ақыл айтты. Бестен алтыға шығар Баныр нағашы апасымен еріп қалаға баратынына мәз болып жүр. Апасының айтқан ақылын өзінше іштей қайталап, ұғып алуға тырысады.

Банырды ертіп қалаға келген Лу Мамай Ниңгофу мен Рұнгофу ордасы орналасқан көшеге де жетті. Босағасында тас арыстан орнатылған Рұнгофудың негізгі үлкен қақпасының алдына келсе, қақпа алдында күймелер толып тұр екен. Бұл дәуде болса бай-манаптардың күймесі болу керек. Лу Мамай күймелер тұрған жерге бармады, тіпті көңілі дауаламады. Алдымен үсті-басын жөнге келтіріп, өзінше реттеліп алды, Банырға бірдемелерді ескерткен болды. Сонан соң аула қорғанының қабырға жағындағы кішілеу қақпаның алдына барды. Ол жерде де бірнеше байшыкеш кенес құрып отыр екен, киімдері сәнді, өздері тым кербез көрінді. Лу Мамай оларға жақын келіп, иіліп тағзым етті де:

– Төре тақсырлар, сәлеметсіздер ме? Мерейлеріңіз үстем болсын,– деді. Олар Лу Мамайдың түр-тұлғасына тесіле қарап:

– Айтқаның келсін, қай жақтан келген адам едің?– деп сұраулы жүзбен қарады.

Лу Мамай жымия күлімсіреп тұрып:

– Мен Уаң ханымның шаңырағына мініп келген Жоу атайды іздеп алыстан келіп едім, шақыртып бермес пе екенсіздер?

Бірақ отырғандар амандасқаны болмаса, оның соңғы сөзін естіген-естімегендері белгісіз, ешкімі жауап берген жоқ. Өз сөздерін сөйлеп отырды да әрі-беріден соң Лу Мамайдың әлі тосып тұрғанын көрген біреуі:

– Сен арықарай барып күте тұрсаң, олардың үйінен біреу-міреу шығар,– деді. Отырғандардың ішінен жасы егде тартқан бір адам бұл кісіні босқа әурелмендер деді. Сонсоң өзі Жоу атай түстікке кеткен, үйі арт жақтағы аулада тұрады, үйінде кемпірі болу керек. Артқы көшедегі қақпаға барып, сол жерден іздесеңіз болады деді.

Лу Мамай бұл адамға қатты разы болды, оған рахметін айтып қош-аман болыңыз деп, өзі Банырды ертіп артқы аулаға келді. Артқы қақпаға келсе, қақпаның алдында көтерме алыпсатарлар демалып отыр, азық-түлік, ойыншық сататын ұсақ саудагерлер де бар көрінеді. Олардың ар жағында жиырма-отыз бала ойнап жүр. Лу Мамай сол балалардан жөн сұраған дұрыс деп білді, ол балалардың бірін тоқтатып:

– Қарағым, Жоу апай үйінде ме?– деді.

Бала Лу Мамайға қарап таңданғандай аз тұрды да:

– Апа, бұл жерде бірнеше Жоу апай бар, сізге қайсысы керек?– деді.

Лу Мамай балаға:

– Мен Уаң ханымның шаңырағына мініп келген Жоу атайдың үйін іздеп келіп едім,– деді.

– Ол үй ана жерде, менімен ілесіп жүріңіз,– деп бала Лу Мамайды ерте жөнелді. Олар артқы аулаға кірген соң бір шағын үйдің жанына келіп, ол кісінің үйі осы деді. Сонан соң:

– Жоу апа, сізді іздеп қонақ келді,– деп дауыстады. Көп кешікпей есіктен Жоу Рұйдың әйелі де шықты да:

– Ол кім?– деп дауыстады.

Лу Мамай:

– Амансыз ба, Жоу жеңеше,– деп самбырлай берді. Жоу Рұйдың үйінен шыққан әйел танымай қалды білем, қонаққа қараған беті тұрып қалды. Әлден уақыттан соң жүзіне күлкі үйіріліп:

– Амансыз ба? Ойбай-ау, Лу Мамай екенсіз ғой, көріспегелі қашан? Танымай да қалыппын. Жүріңіз, үйге кіріңіз,– деп бәйек болды да қалды. Лу Мамай күле сөйлеп кетті:

– “Ұлық болған ұмытшақ” деген емес пе, біз қайдан есіңізде тұрайық,– деді. Олар зілсіз әзілдесе жүріп үйге кірді. Жоу Рүй отбасы жалшы ұстайды екен, жалшы қыз шай әкелді. Жоу Рүйдың әйелі Банырға қарап:

– Мынау Баныр ма, үлкен азамат болыпты ғой,– деп маңдайынан сипап қойды. Олар шай үстінде өткен-кеткенді еске алып ұзақ әңгімелесті, айрылысып кеткеннен кейінгі көрген-білгендерін айтысып отырды. Сөз арасында Жоу Рүйдың әйелі Лу Мамайдан мұнда жол-жөнекей келіп қалдыңыз ба, әлде әдейі іздеп келдіңіз бе деп сұрады.

– Арнайы сіздерге амандаса келдім, ханым бикеге де амандаса кетсем деймін, реті келіп жатса, ол кісіге кезіктіре алар ма екенсіз, реті келмесе сізді әурелемей-ақ қояйын, онда менен сәлем айтарсыз.

Жоу Рүйдың әйелі осы әңгімеден қонағының қандай бұйым-таймен келгенін мөлшерлеп білді. Жоу атайдың бір кезде егістік жер сатып алған кезінде Гуырдың әкесінің көмегін көп көргені есіне түсіп, алыстан арып-ашып келген Лу Мамайдың бұйым-тайын орындағаным жөн деп ойлады. Оның үстіне Лу Мамайға өзінің кісілігін, беделін көрсетіп қоятын да орай осы еді. Ол осыларды ойлап күлімсіреп:

– Лу Мамай, сіз ештеңеге қам жеменіз, ақкөңіл, адал ниетті адам екеніңізді білемін ғой, алыстан шаршап-шалдығып келіп қалған екенсіз, іздеген адамыңызға жолықтырмасам бола ма?– деп қойды.– Шынын айтқанда, мен қонақты қарсы алумен айналыспаймын, бұл ордада әр адамның өзіне тиесілі ісі болады да, әркім өз ісімен ғана айналысады. Біздің үйдегі кісі көктем мен күз айларында жермайын жинаумен шұғылданады. Онан қалса, бос кездерінде бекзадаларды көңілашар ойынына ертіп шығады. Мен ханымдарды серуенге ертіп шығамын. Сіз ханымның туысы екенсіз, оның үстіне мені адам деп іздеп келіп отырсыз. Мен не қылсам да сізді ол кісімен кездестіремін. Бірақ бұл ордада сіз білмейтін жайттар көп, орда бес жылдың алдындағы орда емес. Қазір ханым жұмыстан қол үзген, орданың жұмыстарын ортаншы бәйбіше жүргізеді. Ортаншы бәйбіше ханымның нағашысының қызы Уаң Шифың,– деді.

Лу Мамай:

– Е, солай ма, сол екен ғой, өзі де бір үріп ауызға салғандай әдемі бала еді, мен онымен де кездесетін болдым ба?

– Солай, бәйбіше, осы күнде келген қонақты аттандыру – сол бәйбішенің міндеті, сіз егер ханыммен кездесе алмасаңыз, сол бәйбішемен кездессеңіз, табан теріңіз ақталады.

– Құдайға шүкір,– деп қойды Лу Мамай,– жеңеше, өзіңнен басқа сенерім жоқ, бәрін де өзің реттерсің, сүйенішім өзіңсің.

– Лу Мамай, бұл не дегеніз, “жақсылық қылсаң көпке, еңбегің кетпес текке” деген бұрынғылардың сөзі бар емес пе? Сіздің келген бұйымтайыңызды жеткізгенге нем кетеді.

Жоу Рұйдың әйелі қызын төренің ас үйіне тамақ әзірленіп болған-болмағанын біліп келуге жіберді. Ол келгенше екі кемпір әңгімелесіп отыра тұрды.

– Менің білуімше Уаң Шифың он сегіз, он тоғыздан аспаса керек еді, жастығына қарамай осынша ықпалға ие болғаны мықтылығы ғой, мұндай үлкен орданың қожасы болу жас әйелге оңай емес шығар,– деп қойды Лу Мамай

– Ойбой, Лу Мамай, оның несін айтасыз, Уаң Шифың жас болса да бас болып тұр ғой, өзі іскер, жұмысқа келгенде алдына жан салмайтын орамды болды ғой. Өзі де бой тартып толысып келе жатыр, нағыз сұлудың өзі. Істеген ісіне, сөйлеген сөзіне қарасаң, зерделі дана адамның болмысы бар. Сөзге шешен, тапқыр, әйел түгілі мен деген еркекті аузына қарататын орақ тілдің өзі. Өзін бір көргенде-ақ қандай адам екенін тани аласыз. Жалғыз-ақ, мінезі өте тік, кісіге қатал, тілін табу өте қиын. Олар осыны айтып отырғанда ас үйге кеткен қыз да келіп:

– Тамақты өз апамның үйінде ішетін көрінеді, ортаншы ханым сонда екен,– деді. Жоу Рұйдың кемпірі бұл сөзді естіген соң асыға бастады. Абың-күбің киінді де Лу Мамайды да асықтыра бастады:

– Жүріңіз, тезірек барғанымыз жөн, тамақ уақыты бізге жақсы орай, алдын ала барып алғанымыз жақсы, кешіксең келімді-кетімді адам көбейіп кетеді де, бізге кезек тимей қалады. Онан кейін түскі ұйқыға кетсе, тіпті қиын болады. Лу Мамай сәкіден түсіп киімін реттеп Банырға әлденелерді ескертіп Жоу Рұйдың кемпіріне еріп, ырғала басып жүріп кетті. Олар Жиялиянның сарайының алдына келген соң Жоу Рұйдың әйелі Лу Мамайды сонда қалдырып, өзі аула ішіне кіріп кетті. Ол Уаң Шифың бәйбіше үйден шықпай тұрып оның оң қолы болып жүретін Пыңыр деген бойжеткенге Лу Мамайдың келген жайын, оның осы әулетке жақындығы бар екенін айтты.

– Ол кісі алыстан амандаса келіп отыр, оның үстіне кезінде ханым үнемі қабылдап тұратын өте сыйлы адам еді, сондықтан ертіп келіп тұрмын, Уаң Шифың бәйбішеге жақсылап айтарсың,

бәйбіше мені беталды адамды ертіп келді деп сөге қоймас?– деді. Пыңыр қонақтар үйге кіріп отыра тұрсын деді. Жоу Рұйдың әйелі Лу Мамай мен Банырды үйге ертіп келді. Бұлар төргі үйдің сыртқы баспалдағынан келе бере бір жас күн қызыл киізден сырылған есікті ашып оларды үйге кіргізді. Ортаңғы бөлмеге кіре бере не нәрсенің иісі екенін Лу Мамай біле бермейтін бір жұпар иісі аңқып қоя берді. Лу Мамай өзін бұлттардың арасында тұрғандай сезінді. Үй толы алуан түрлі жиһаз, көркі көздің жауын алады. Адамның ақылы жеткізгісіз бұл көріністі көргенде Лу Мамай тамсанып жібергенін байқамай қалды. Сонан соң барып ішінен дұға оқып, тілек тіледі. Олар шығыс жақтағы бір бөлмеге келіп кірді. Бұл Жиялиянның қызының жатын бөлмесі болып шықты. Бөлмедегі сәкінің үстінде тұрған Пыңыр Лу Мамайға амандасып, отырыңыз дегендей ишара етті. Пыңыр өзі жас, өзі сұлу еді, оның үстіне үлде мен бұлдеге оранған сымбатына қарап Лу Мамай оны Уаң Шифың бәйбіше осы екен деп ойлады. Ол не де болса тосылмай амандасып үлгерейін деп:

– Бәйбіше,– дей беріп еді, жанында келе жатқан Жоу Рұйдың кемпірі оны бүйірінен түртіп қалды да:

– Пыңыр бойжеткен осы кісі,– деп таныстыра бастады. Пыңыр да тосылмастан Жоу Рұйдың әйелін Жоу апай деп ілтипат, иба білдіре бас иіп қойды. Лу Мамай ішінен бұл да бір болғалы тұрған текті бала екен деп ойлады. Мамай мен Баныр төрге келіп жайғасты. Пыңыр мен Жоу Рұйдың әйелі сәкінің шетіне келіп отырды. Сөйткенше болған жоқ күндері зыр жүгіріп шай әкелді. Олар шай ішіп отырғанда Лу Мамай даңғара соққандай мазасыз даңғыр үнді естіп отырды. Ол таңданып жан-жағына жалтақтап қарай берді, қарап отырып, ортаңғы бөлменің дінгегінде ілулі тұрған қобдишаға көзі түсті, қобдишаның аяқ жағында тоқтаусыз тербеліп, таразының тасы сияқты әлдене салақтап тұр екен. Лу Мамай бұл нәрсені бұрын көрмеген еді, бұған да қатты таңғалды. Оның басына мұнысы не нәрсе, неге жарайды екен деген ой келді.

Ол осындай ойдың жетегінде отыр еді, кенеттен қоңырау үніндей үн сыңғыр ете түсті. Лу Мамай мұндай сұмдықты көрмеген, зәресі ұшқаны сонша көзі еркінен тыс жыпылықтай берді. Қоңырау үні онымен тынған жоқ. Лу Мамайды қорқыта түскісі келгендей тағы да сегіз-тоғыз рет күмбірлеп қойды. Мамай бұл даңғырдың не екенін Пыңыр мен Жоу Рұйдың кемпірінен сұрайын деп оқтала бергенде, үйге бірнеше күн қыздар кіріп келіп:

– Бәйбіше ханым келді,– деп дауыстады. Пыңыр мен Жоу Рұйдың кемпірі орындарынан ұшып тұрды да, Лу Мамайға:

– Өзіміз келіп шақырғанша сіз осында отыра тұрыңыз,– деп шығып кетті.

Олар кеткен соң Лу Мамай сабырсыздана сыртқа құлақ түріп отырды. Демін ішіне тартып үнсіз отыр еді, біреудің күлкісі естілді де, іле-шала киімдері судыраған байдың әйелдері ортаңғы үйге кіргендей болды. Лу Мамай жиырмаға жуық адам болар деп ойлады. Олар қарсы бөлмеге кіріп кетті. Қолдарына қызыл сыр(бояу) қалбырын көтерген үш-төрт әйел Лу Мамай отырған бөлмеде күтіп отырды.

Арғы жақтан тамақ дайын болды деген мосқал әйелдің дауысы естілді. Содан кейін отырған көп адам тарап кетті де, күтушілер, дастарқан ұстаушылар ғана қалғандай болды. Біраз уақыт тым-тырыс үнсіздік орнады, аздан соң екі адам сәкіге қоятын тәпелтек үстел көтеріп кірді, үстел үстіне балық еті салынған табақ, шыны-аяқтар. Кейбір табақтардағы тағамдардан ауыз тиілгені көрініп тұр. Олар үстелді Лу Мамай отырған үйдегі сәкіге қойды, жаңа піскен тәтті тағамның иісі мұрынды жарып барады. Баныр өзін ұстай алмай ет алып бер деп нағашы әжесіне қыңқылдай бастап еді, Лу Мамай оны шапалақпен тартып жіберді. Сол аралықта Жоу Рұйдың кемпірі кіріп келді, оның күлкі үйірілген жүзіне қарап істің оңға басқанын Лу Мамай біле қойды. Ол Лу Мамайға қолымен бері кел деп ишара жасады. Лу Мамай Банырды ертіп сәкіден түсіп, ортаңғы үйге келді. Жоу Рұйдың әйелі оны қарсы жақтағы бөлмеге ертіп кірді.

Бұл бөлменің есігінің сыртынан гүлді жібек перде мыс ілгішпен ілініпті. Оңтүстік жақтағы терезе алдындағы сәкіге алқызыл төр көрпе төселіпті. Шығысқа қараған тақтай қабырғаға жақын торғынмен тысталған арқалы орындық қойылып, зерленген бөстек, бір белжастық тасталған екен. Төменіректе күміс шылапшын тұр. Уаң Шифың бәйбіше басына Уаңжаужүн үлгісінде тиін терісінен тігілген отбасында киетін күрең қызыл тақиясын киіпті. Тақияның ернеуіне асыл тастармен әшекейленіп, саудырата моншақ тағылған қаусырма салыпты. Үстіне гүлді алқызыл камзол, қаракөк шағимен тысталған белдік тағып, алдына ақкіс терісінен тігіліп, қызылмен тысталған алжапқыш тартыпты. Үлпілдеген майда опа мен қызыл далап жағылған жүзі құлпырып, жып-жинақы болып монтиып отыр. Қолындағы мыс шымшуыр мен кішкентай күміс самаурынның шоғын қағыстырып, кербезденіп қояды. Пыңыр ішіне қақпағы бар кішкентай шәугім қойылған поднос көтеріп сәкі

алдында түрегеліп тұр. Уаң Шифың өзіне ұсынған шайды да алмайды, басын да көтермейді. Сәлден соң бәйек болған дауыспен:

– Неге ертіп кірмей жатыр?– деп қойды. Сөйтті де орнынан көтеріліп шайды ала бермек болды да Жоу Рұйдың әйелінің екі адамды ертіп келіп тұрғанын көрді. Ол орнынан тұруға ұмтылып қозғалақтаған болды да тұрмады. Есесіне қонақтарға жайдары жылы жүзбен жарқылдай амандасты. Жоу Рұйдың кемпіріне қарап, ертерек неге айтпадыңдар деп қойды, үнінде бір түрлі салмақ бар. Лу Мамай маңдайын жерге тигізе тағзым етіп, амандасып жатыр. Уаң Шифың Жоу Рұйдың кемпіріне қарап:

– Жоу апай, мына кісіні тұрғызыңыз, тағзым етудің керегі не, мен бұл кісіден жаспын ғой, оның үстіне танымайтын үлкен кісіні әурелегенім ыңғайсыз болды-ау. Бұл кісінің жолының қандай екенін де білмеймін, не деп атаудың жөнін таба алмай тұрмын. Жоу Рұйдың кемпірі осы орайда сөзге араласып:

– Бұл кісі жаңа мен сізге айтқан Лу Мамай.

Уаң Шифың басын изеп түсінген рай танытты. Бұл кезде Лу Мамай сәкінің шетіне келіп отырып та үлгерген еді. Баныр апасының артына тығылып алыпты, алдыға шығып амандас деп қанша зорласа да көнбеді, тырп етпей отырды да қойды. Уаң Шифың Лу Мамайға қарап:

– Бармасаң алыстайсың, бермесен алыспайсың деген осы, аралас болмаған соң туыс та жатқа айналады. Білетіндер сіздердің бізден сырттап кеткендеріңізді түсінер, білмейтіндер бізді қолым жетті деп туыс-туғанынан бойын алып қашып, асқақтап кетті дейтін де шығар.

Лу Мамай бұл сөзді естігенде онымен сөз таластырып ақталудың керегі жоқ екенін аңғарды да асығыс дұға оқып бетін сипады, сонан соң:

– Халіміз тым мүшкіл, сіздерге келіп-кетіп тұра алмағанымыз да сондықтан. Бұл жерге келмегеніміз, бәйбіше ханымның абыройына көлеңке түсіреміз бе деп те ойладық, шынын айту керек, біз іздеп келгенмен үй басқарушы мырзалар көзге ілмей, сарайға кіргізбей қоя ма деп те қорықтық,– деді. Уаң Шифың:

– Бұл сөзіңіз артық, кісінің күлкісін келтіреді екен, ата-бабамыздың атағымен қараби болып отырғанымыз болмаса, біздің елден артық неміз бар? Біздікі құр атақ, даңғарадай сарай ғана. Бұрынғылардың “орданың да үш қайыршы туысы болады” деген сөзі бар емес пе? Сен-мен деп бақ салыстырып отыратын жөніміз жоқ,– деп бірақ түйді. Сонан соң Жоу Рұйдың кемпірінен:

– Мына кісінің келгенін апама айттыңдар ма?– деп сұрады.

– Өзіңіздің әміріңізді күтіп отырмыз,– деп Жоу Рұйдың кемпірі басын иіп тағзым етіп.

– Онда сіз апама барып келіңіз, ол кісінің қасында бөтен адам болса, қоя тұрарсың, өзі жалғыз отырса айтарсың! Уаң Шифың бәйбішенің тапсырмасын алған Жоу Рұйдың кемпірі үйден шыға жөнелді. Ол кеткен соң Уаң Шифың бәйбіше Банырға жеміс-жидек әкелтіп берді. Лу Мамайдан жөн сұрай беріп еді, үйге Пыңыр келіп, үй қызметіндегі әйелдер жұмыс жөнін сұрап келіп тұр деді. Уаң Шифың оған менде қонақ бар ғой, істері шұғыл болса ертіп кел, әйтпесе кешке таман келсін деді. Ол шығып кетті де аздан соң қайта келіп: пәлендей асығыс жұмыстары жоқ көрінеді, қайтарып жібердім, кешке келетін болды деді.

Уаң Шифың басын изеді де қойды. Сол арада Жоу Рұйдың кемпірі де келіп қалды. Ол Уаң Шифыңға ханымның сөзін жеткізді: “Дәл қазір қолым бос емес, алыстан есіне алып келгеніне рахмет, аман-сәлемге келген болса, сәлемет болсын, егер бір жұмыспен келген болса, бұйымтайын ортаншы бәйбішеге айтсын”,– депті.

– Пәлендей бұйымтайым да жоқ, бәйбіше ханым мен бикеш ханымды көре кетсем деп келіп едім, жақын адам болған соң, іздегенім ғой,– деді Лу Мамай сыр алдырғысы келмей. Оның арнаулы бұйымтаймен келгенін білетін Жоу Рұйдың кемпірі:

– Бұйымтайыңыз болмаса мейлі ғой, егер айтарыңыз болса, Уаң бәйбішеге айтып қалыңыз, бұл кісіге айтқаныңыз, бәйбіше ханымға айтқанмен бірдей,– деп Лу Мамайға қарап көзін қысып қойды.

Лу Мамай сонда да үндемеді, өңі қызарып кетті, айтпайын десе, мұнда келгенінің мәні не? Ол қанша ыңғайсыз болса да тәуекелге бел буып Уаң Шифыңға қарап:

– Сізбен бүгін алғаш көрісіп отырмын, көргеніме көзакы сұрағандай болдым-ау, айтпайтын да жөнім бар еді. Бірақ алыстан арнаулы келген шаруамды айтпасам да болмас,– дей бергенде ортаңғы есікте тұратын есік қараушылар келіп:

– Шығыс ордадан Рұң мырза келді,– деп хабарлады. Уаң Шифың Лу Мамайға тұра тұрыңыз дегендей ишара білдірді де есік қараушылардан:

– Рұң мырза қайда?– деп сұрады. Есік қараушылар оған жауап беріп те үлгерген жоқ, есіктен он жеті-он сегіз жас шамасындағы бір мырза кіріп келді. Сұңғақ бойлы, сымбатты бұл жігіт үстіне жарасымды тон, басына асыл тастармен зерленген тәж, сыптығырдай жеңіл шалбар киіп, кемер белбеу тағыпты. Лу Мамай

не отырарын, не тұрып кетерін білмей абдырады да қалды. Мұны байқап қалған Уаң Шифың Лу Мамайға қарап:

– Бұл менің қайын інім ғой, сіз отыра беріңіз,– деп күліп қойды. Лу Мамай сонан соң барып өз өзіне келіп, сәкінің шетіне бір жамбасымен қырындай отырды.

Жия Рұң Лу Мамаймен амандасқан соң:

– Жеңеше, әкем анадағы үлкен нағашым сізге берген айнаны бере тұрсын дейді. Ертең бір сыйлы қонақ шақырмақ едік, үйге қоя тұрамыз да қонақ кеткен соң әкеліп береміз деді.

– Ендеше ол айнаның орнын сипап қалдың, кеше ғана біреуге беріп жіберген едім. Жия Рұң алдымен сықылықтап күліп алды да, онан соң сәкінің алдына жүрелеп отыра кетіп:

– Жеңеше-ай, бермесеніз әкем мені ештеңеге ебің жоқ деп сөгеді ғой, рақым ете көріңіз, маған жаныңыз ашысыншы, әкем мені ұрса қайтемін,– деп жалбарына бастады.

– Біздің Уаң әулетінің заты ғана жарамды, жақсы ма екен? Өздеріңнің де жақсы заттарың тізіліп босқа тұр емес пе? Менің дүниелерімді көрмегендерің жақсы екен, көрсендер болды көргендеріңе көзақы алып, ала жөнелгілерің келіп тұрады екен осы,– деп күліп қойды.

– Жеңеше-ай, рақым ете көріңіз,– деп Жия Рұң тағы жалбарынды.

– Егер бір жеріне сызат түсірсең, жон терінді сыдырамын,– деп Уаң Шифың Пыңырға қойманың кілтін берді. Бірнеше адамнан көтертіп жіберуді тапсырды. Жия Рұңның көзі күлмнің қағып, ойнап шыға келді. Ол Уаң Шифыңға:

– Мен өзім кісі ертіп келіп алып кетемін, олар қозғамай-ақ қойсын,– деп есіктен шыға жөнелді.

Не ойлағанын кім білсін, Уаң Шифың терезеден басын шығарып:

– Жия Рұң бері келші,– деп дауыстады, даладағы бірнеше қызметші жаңғырыға дауыстап, Рұң мырза сізді шақырып жатыр деп шу ете қалды. Жия Рұң жіті басып қайтып келді. Ол Уаң Шифыңға қарап нендей бұйрық бар дегендей тұра қалды. Уаң Шифың шайын сораптап ұрттап отыр, ол шақырып алса да, жұмысын айта алмай іркіліп қалды. Бетіне лап етіп қызғылт рең жүгірді.

– Болды, жүре бер, кешкі тамақтан соң келгенінде айтармын, қазір кісі бар, өзімнің де зауқым болмай отыр,– деп күлді. Жия Рұң миығынан күліп алды да, кете берді. Лу Мамай көңілі орнығып, манағы үзіліп қалған сөзін сабақтай жөнелді:

– Мына кішкентай қайын ініңізді ертіп арнайы келіп отырмын. Шынын айтқанда мұның әке-шешесінің халі мені осында келуге мәжбүрледі. Үйлерінде талғажау етер түйір дәні қалмады. Күн де ерте суып, сүркейленіп барады. Тарыққан соң сіздерге келіп отырмыз ғой,– деді де, Банырға қарап:– Әкең неге жіберіп еді, не айт деп еді, жемістен бас алмайсың түге,– деп зекіп қойды. Жұмысының бет алысын әлдеқашан мөлшерлеп білген Уаң Шифың Лу Мамайға қарап:

– Мамай, айтпай-ақ қойыңыз, бәрін де ұқтым,– деп күлді. Сонан соң Жоу Рұйдың кемпіріне:– Бұл кісі өзі таңертең тамақтанып па еді?– деп сұрады.

– Таң сәріде жолға шыққанбыз, тамақтануға мұршамыз да болған жоқ,– деп Лу Мамай сөзге араласты. Мұны естіген Уаң Шифың дереу тамақ әкеліндер деп бұйырды. Жоу Рұйдың кемпірі шығыс жақтағы бір бөлмеге дастарқан жасатып, тамақ әзірлетті де Лу Мамай мен Банырды ертіп алуға қайтып келді. Уаң Шифың Жоу Рұйдың кемпіріне:

– Жоу апай, өзіңіз күтіп алыңыз, мен бірге отыра алмаспын,– деді де, оны оңашалап,– жаңа апам не деді?– деп сұрады.

Ханымның айтқаны мынау еді: олармен бір әулеттен емеспіз, ертеректе бұлардың ұлы атасы менің атаммен бірге мансапты болған, содан жақындасып, туыс болып кеткен адамдар еді. Жуықтағы жылдардан бері барыс-келісіміз сұйылып кеткен, бұрын келген сайын құр қол қайтармайтынбыз, бүгін алыстан арнайы жақсы көңілмен іздеп келіп отыр екен, салқын қабақ танытпаңдар, қалаған-сұрағаны болса, ортаншы бәйбіше өзі біліп ренжітпей жолға салсын.

– Бәсе, солай деңіз, бір әулеттен болса мен неге естімегем десем.

Тамақтанып болған Лу Мамай Банырды ертіп қайта оралды. Разы болып, рахметін айтты, тамақтың дәмі таңдайынан кетпей жаланып, тамсанып қойды. Уаң Шифың Лу Мамайға қарап күлімсіреп қойды да:

– Мамай, сізге айтарым, сіздің сөзіңізді түгел ұқтым, туысқандық жолын қусақ, сіздердің іздеп келулеріңізді күтпей-ақ, өзіміз іздеп барып қарайласатын жөніміз бар, бірақ ханым жасы келіп қалған адам, оның үстіне жұмысбастылықтан көп нәрсені уақытында ескере алмай қалады. Қазір ол кісінің орнына мен іс жүргізіп отырғаныммен, көп нәрсені мен де біле бермеймін, барлық жағдайды түсіндіріп отыратын адам аз. Оның үстіне атымыз қарқарадай болып дүрілдеп тұрғанымен, “мықтының да белі

бүгіледі” деген, елге мұны айтсаң да сене бермейді. Дегенмен сіз болсаңыз алыс жол жүріп келіп, менімен бірінші рет бет көрісіп отырсыз, сізді қалай құр қол қайтарамын, әр істің өз сәті болады деген осы, кеше ханым күндеріңе киім тіккізіп бер деп жиырма сәрі күміс беріп еді, сізге бұйырған шығар, азырқанбай алыңыз!

Лу Мамай ол халдерінің қиын екенін айта бастағанда үмітін үзіп отыр еді, жиырма сәрі күміс беремін дегенде, қуанғаннан көзіне күлкі үйіріліп:

– Халдеріңіздің қиын екенін білеміз ғой, дегенмен бұрынғылардың сөзі бар емес пе “атан түйе арықтан өлсе де аттан мелжемді” деген, сіз бір тал шашыңызды жұлып берсеңіз де біздің белімізден жуан келеді ғой,– деп өзінше мақтай жөнелді. Ол тым тұрпайы кетіп бара жатқан соң Жоу Рұйдың әйелі оған тоқтай қал деп көзін қысып әуре болып тұр. Абырой болғанда Уаң Шифың оның сөзін ескермеді, Пыңырға кешегі бір қапшық күмісті алдырып, оған бір тізбек жармақ қосып Лу Мамайға ұсынды.

– Мынау жиырма сәрі күмісті әзірше балаларыңызға қыстық киім тіктіріп берерсіз, өзіңіз қолыңыз босай қалғанда келіп тұрыңыз, туыстықтың белгісі барыс-келіс емес пе, күнде кешкіріп барады екен, жолыңыздан қалмаңыз, барған соң сұраған жанның бәріне сәлем айтарсыз,– деп Уаң Шифың орнынан түрегелді. Лу Мамай алғысын айтып, рахметін жаудырып, теңге жармақтарын алып Жоу Рұйдың кемпірімен бірге далаға шықты.

Олар әңгімелесе келіп Жоу Рұйдың үйінде аз аялдады, Жоу Рұйдың кемпіріне балаларыңа жеміс-жидек алып бер деп бір сәрі күміс ұсынып еді. Оны не қылсын, азар да безер болып алмай қойды. Лу Мамай Жоу Рұйдың әйеліне рахметін айтып, қош айтысты да артқы есіктен шығып жүріп кетті.

Ол кеткен соң бұл ордада не болғанын келесі тараудан оқыңыздар.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Лу Мамайды шығарып салған Жоу Рұйдың кемпірі Уаң ханымға қонақтың қалай аттанғанын айтайын деп келіп еді, Уаң ханым үйде жоқ екен. Күндерден сұрап еді, Шуе апаймен әңгімелескелі кеткенін айтты. Жоу Рұйдың әйелі шығыс жақтағы қосалқы есіктен шығып, шығыс аула арқылы алмұртты аулаға келді, ауладан кірсе, Уаң ханымның күні Жинчоур бір кішкентай қызбен аула ішінде ойнап отыр екен. Ол Жоу Рұйдың кемпірін көрген жерден ішке

қарай кіріңіз деп иба білдірді. Жоу Рұйдың кемпірі есікті ашып кіріп барса, Шуе апай мен Уаң ханым әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Оны көрген соң әңгімелерін бұзбайын деп ортаңғы үйге кіріп кетті. Ол үйде Шуе Баучай шайтақтайға етпеттеп жатып алып, Иңыр деген күңмен бірге ою сызып жатыр екен. Желкесіне түйген шашы тоқпақтай болып көз тартып тұр. Үйге кісі келгенін білген ол қолындағы қаламын қойып, артына бұрылды да Жоу Рұйдың кемпіріне:

– Жоу апай, төрге шығыңыз,– деп құрмет көрсетті.

– Амансыз ба, бойжеткен,– деді де ол сәкінің шетіне келіп жайғасты.– Екі-үш күннен бері ана үйге бармай кеттіңіз, Бауиүй бауырың тиіскеннен сау ма.

– Жоға, менің науқасым ұстап қалды да бірер күн күтініп, дем алайын деп үйден шықпадым.

– Солай екен ғой, бәсе неге бармай кетті деп ойлап едім, бойжеткен, қандай науқасыңыз бар еді? Уағында дәрігерге көріну керек. Жассың ғой, әлден аурушаң болсаң қиын ғой.

– Ой, апай-ай, бұл дертке шалдыққалы көрінбеген бақсы-балгерім де, емделмеген дәрігерім де, ішпеген дәрі-дәрмегім де қалмады. Қанша ақша жұмсап дәрі ішсем де ешбірі шипа болмады. Сөйтіп жүргенде бір сопы кездесті, өзі емкөс, небір белгісіз ауруларды емдеп жазған адам екен, сол сопының айтуынша тума ыстығым бар екен. Бұған әдеттегі дәрі-дәрмек ем болмайтын көрінеді, адам болып қатарға қосылуым да екіталай екен, бақытыма қарай мен жетіліп туылыппын да сонымен қатарға қосылып кетіппін. Ол бақи дүниенің тылсым дұғасын оқып, пәни дүниенің тылсымдарынан жасалған хош иісті дәрі беріп, ауру ұстаған кезде ғана бір түйірін ішуді тапсырды. Дәрі болғанда ғаламат, осы дәрі менің ауруыма аздап шипа болған секілді. Жоу Рұйдың кемпірі бақи дүниенің тылсым дұғасы дегенде елең ете түсті:

– Бойжеткен, ол тылсым дұғаны ұқтыңыз ба, қандай дұға екен, егер сіз ол дұғаны бізге үйретсеңіз, біз басқаларға үйретсек, ауру-сырқау жандарды ауру азабынан арашалар едік ғой, ол сауап емес пе!

– Ол дұғаны білмей-ақ, сұрамай-ақ қойғаныңыз жөн,– деп Баучай күліп қойды.– Сұрар болсаңыз, ыңғайсыз халде қалтырасыз, ол дұға бойынша ішілетін дәрінің шикізаты қарапайым, оның құдіреті – ғажайып сырында. Дәріні жасау үшін көктемде ашылған ақ пион гүлінің дәнінен он дана, жазда ашылатын ақ лотос гүлінің дәнінен он екі дана, күзде ашылатын ақ құлқайыр гүлінің дәнінен он екі дана, қыста ашылатын қожа шөптің гүлінен он екі дана аласыз да, ол дәнді келер жылы көктемнің бірінші күні күнге

жайып кептіресіз, оны пәни дүние дәрісіне қосып талқандайды. Онан соң өз келген күнгі жаңбыр суынан он екі тамшы алып...– дей бергенде шыдамы таусылған Жоу Рұйдың кемпірі:

– Жә, доғаршы, шырағым, мұндай болғанда бұл дәріні даярлауға үш жыл кетпей ме, ал өз келген күні жаңбыр жаумай қойса не істеу керек?

– Сұрамай-ақ та, білмей-ақ та қойыңыз дегенім сол емес пе, жылда мұндай шипалы жаңбыр жауа қойсын ба, оны күту де оңай емес, оның үстіне алғашқы түскен шықтан он екі тамшы, боқыраудағы қырау суынан он екі тамшы, алғашқы қар суынан он екі тамшы, бұл төрт түрлі суды қосып гүл дәнегіне құйып араластырып, балық көзіндей домалақ дәрі жасап, оны ескі қыш құмыраға салып, ағаштың немесе гүлдің түбіне көмесің. Ал ауру ұстағанда бір домалақ дәріні бір мысқал, екі фын сары кипаристің қайнатылған суымен ішеді. Баучай дәрі жасаудың рецепін айтып болған кезде:

– Мұның расында ғажап екен, он жылда жасалып болмас-ау,– деп кемпір күліп жіберді.

– Сопы кеткен соң бір-екі жыл ішінде осы дәріні әзірлеп, қазір алмұрт ағашының түбіне көміп қойып отырмыз,– деді.

– Бұл дәрінің аты не болды?

– Сопы бұл дәріні “самалдатқыш салқын түйір” деп атаған.

Жоу Рұйдың кемпірі Баучайдан ауруы ұстағанда қандай белгі болатынын сұрады.

– Басқалай ерекше белгі жоқ, ауру ұстағанда кісі демігіп жөтеле береді. Өлгі дәріден бір домалақ ішсең болғаны, демікпе де, жөтел де сап тыйылады. Жоу Рұйдың кемпірі тағы да бірдемелерді сұрағысы келіп сөйлей беріп еді, Уаң ханымның “үйдегі кім?” деген дауысы естілді. Жоу Рұйдың кемпірі Уаң ханымға барып, Лу Мамайдың аттанып кеткен жайын айтты. Уаң ханым ештеңе деген жоқ, кемпір аз кідірді де ханымның айтары жоқ болды-ау деп мөлшерлеп енді кете беріп еді, Шуе апай:

– Тоқтай тұр, мен де бір нәрсе берейін, сен ала кет,– деп күлді. Сонан соң Шияңлин деп біреудің атын атады. Сөйткенше есіктің пердесі ашылып, мана сыртта Жинчуармен ойнап отырған кішкентай қыз кіріп келіп:

– Ханым, мені не жұмыспен шақырдыңыз?– деп тұра қалды.

– Ана қобдидағы гүлдерді ал!

Шияңлин үйдің бұрышынан қамқамен тысталған кішірек қобди алып келді. Шуе апай қобдиды ашып жатып:

– Бұл ордада жасалған “қаттама шағи” деп аталатын жаңа гүлдің үлгісі. Осында он екі талы бар. Көптен бері есімнен шығып кетіпті, кеше есіме түсті, босқа жатып тозып кететін түрі бар, қыздарға берейін. Кеше-ақ беріп жіберейін деп едім, тағы да ұмытшақтықтан есімнен шыға қалыпты. Сен ала кет, сендердікіндегі үш бойжеткенге екіден бер, Лин бойжеткенге екеуін, Уаң Шифың бәйбішеге төртеуін бер. Уаң ханым оған разы болғанын білдіріп:

– Бұл гүлдерді қозғамай-ақ Баучай бикешке берсеңіз де болар еді,– деп қойды.

– Апай, сіз білмейсіз, біздің Баучай өте қызық, қыз болып қызыл-жасылға, гүл-сүлге қызықпайды.

Жоу Рұйдың әйелі қобдиды алып шығып келе жатса, Жинчуар манағы орнында әлі отыр екен, ол оған жақын келіп:

– Шиянлин бикеш әлгі кісі өліміне себеп болған, сатып алған күндеріңіз бе?– деп сұрады.

– Ә, сол бикеш осы,– деді Жинчуар. Олар әңгімені ары қарай жалғастырмақ еді, үй жақтан Шиянлиннің өзі келіп қалды, ол әлденеге күліп қуанып келеді екен.

Жоу Рұйдың әйелі оған бастан-аяқ қарап тұрды да, қолынан ұстап еркелетіп қойды, сонан соң Жиячуарға қарап:

– Бұл бала шығыс ордадағы Жия Рұң мырзаның келіншегіне қатты ұқсайды екен,– деп қойды.

– Мен де екеуін қатты ұқсатамын.

Жоу Рұйдың кемпірі Шиянлинге қарап:

– Сен неше жастасың, қай жердікісіңдер, әке-шешен бар ма?– деп сұрады. Ол:

– Білмеймін,– деп басын шайқады. Ана екеуі бұны естігенде күрсініп жіберді.

Жоу Рұйдың кемпірі гүл салған қобдишасын көтеріп, Уаң ханым тұратын үлкен орданың арт жақ ауласына келіп кірді. Өйткені Жия әжей немере қыздары бір жерде тұрса у-шу болып кетеді деп Бауиүй мен Дайиүйді ғана қасына алып қалып, Иңчүн, Танчүн, Шичүн үшеуін осы артқы ауладағы үш ауызды үйге көшіріп, оларға қарауды Ли Уанға тапсырған. Бұл үйде бірнеше күн қыздар өздеріне тапсырылар шаруаны күтіп отыр екен. Иңчүн мен Танчүн терезе алдында дойбы ойнап отырғанын көрді. Жоу Рұйдың әйелі оларға Шуе апай беріп жіберген гүлдерді берді. Ол екеуі орындарынан тұрып иба білдіріп, рахмет айтты. Сонан соң күндеріне гүлді алып қалындар деп тапсырды.

Жоу Рұйдың әйелі оларға гүлдерін беріп жатып:

– Төртінші бикеш көрінбейді ғой, өз апамның қасында ма?– деп сұрады. Күн қыздар ана үйде отыр емес пе деді. Жоу Рұйдың әйелі сол үйге келді, Шичүн айнаму ғибадатханасындағы Жиңыр деген кішкене бибімен ойнап отыр екен. Жоу Рұйдың әйелін көрген жерден орнынан тұрып, қандай жұмыспен келгенін сұрады. Жоу Рұйдың әйелі келген жайын айтып, гүл қобдишасын ашып көрсетті. Шичүн күліп алды да:

– Мен Жиңырға ертең мен де шашымды сыпыртып тастап сенімен бірге ғибадатханаға барып бүбі боламын деп отыр едім. Сіз гүл әкелген екенсіз, шашымды сыпыртып тастасам бұл гүлдерді шашыма қыстыра алмай қалармын,– деді. Оның сөзіне отырғандар түгел күлді. Шичүн күңіне гүлді алып қал деп әмір етті. Жоу Рұйдың әйелі Жиңырға қарап:

– Сен мұнда қашан келгенсің, әлгі айнабас ұстазың қайда кеткен?– деп сұрады. Жиңыр:

– Біз таңертең келгенбіз, ұстазым өз апаммен амандасқан соң, мені осында қалдырып, Бүй ұлықтың үйіне кеткен,– деді.

Жоу Рұйдың қыздардан:

– Он бесіндегі мейрамға қарсы берілетін күмісті алдыңдар ма?– деп сұрап еді, Жиңыр өзінің түк білмейтінін айтты. Осы кезде Шичүн сөзге араласып, Жоу Рұйдың әйелінен осы күнде пұтханалардың қазынасын кім басқарады деп сұрады. Жоу Рұйдың әйелі:

– Бүйшин басқарады,– деді.

– Е, мана ұстазы келе сала Бүйшинның әйелі келіп, екеуі ауыз жаласып, шүңкілдесе қалып еді, бәрі осыдан екен ғой.

Жоу Рұйдың әйелі Жиңырмен әңгімелесіп біраз отырды да, Уаң Шифыңның үйіне кетті. Ол үй артындағы тар жолмен өтіп, Ли Уанның үйінің артынан өтіп, батыс жақтағы гүлді ауладан өтіп, батыс жақтағы қақпадан шығып, Уаң Шифыңның үйіне келді. Ортаңғы бөлмеге келсе, кішкене күң Фыңыр отыр екен. Ол Жоу Рұйдың әйелін көріп, оған шығыс жақтағы бөлмеге барыңыз деп қолын сермеп қалды. Бұдан әлдеқандай бір сырдың ұшығын сезген Жоу Рұйдың әйелі ептеп басып, ол көрсеткен құжыраға келді. Онда Уаң Шифыңның Дажиерді сүт анасы әлдилеп ұйықтатып жатыр екен. Оны көрген Жоу Рұйдың әйелі ақырын ғана:

– Ортаншы бәйбіше түскі ұйқыға кеткен шығар, оятсақ болар ма екен? Бала ұйықтатып отырған әйел ернін жымқырып алып басын шайқап қойды. Осы сәтте үй ішінен әлсіз күлкі естілді. Бұл Жия Лиянның күлкісі еді. Сонан соң есік ашылды да, есіктен

Фыңыр шықты, қолында даңғарадай мыс елеген бар. Ол күңіне су әкелуді бұйырды.

Сол екі арада Жоу Рұйдың әйелін көріп:

– Апай, қандай жұмыспен келдіңіз?– деп еді, Жоу Рұйдың әйелі қолындағы қобдишасын көрсетіп:

– Сізге гүл әкелдім,– деді. Фыңыр қобдиды ашып көріп еді, ішінде гүл бар екен, төрт тал гүлді алды да артына бұрылды. Көп өтпей қайта шықты, қолында екі тал гүл бар. Ол Сай Миңға:

– Мына гүлді ордаға апарып, Жия Рұң мырзаның келіншегіне бер,– деп екі тал гүлді оған ұстатты. Сонан соң Жоу Рұйдың әйеліне Шуге апайға сәлем айт деп рахметін айтты.

Жоу Рұйдың әйелі ол үйден шығып, Жия әжейге барайын деп екі үйдің арасындағы өткектен өте бергенде алдынан өз қызы шыға келді. Тойға баратындай жасанып, шыттай болып киініп алыпты. Шешесі одан не жұмыспен келе жатқанын сұрады. Қызы оны көріп еркелеп тұрып:

– Апа, мен үйде сені күтіп көп отырдым, тіпті көп айналдыңыз ғой өзі. Неге мұнша қарбаластап жүрсіз? Сізді күте-күте әбден тағатым таусылды да, өз апамның үйіне барып амандасып шықтым, енді ханымға кетіп барамын. Сіздің осынша әбігер болғаныңызға таңғалам, бітпейтін не деген жұмыс, өзіңіз қандай жұмыспен шұғылданып жүрсіз, қолындағы не өзі?– деп сұрады. Жоу Рұйдың әйелі:

– Несін сұрайсың, бүгін Лу Мамай деген кезбе келіп қалды емес пе, онсыз да менің жұмысым біткен бе, кешке дейін сол кемпірдің соңында жүрдім, ол кісі кетіп, енді тынығамын ба деп едім, Шуге апай қыздар мен келіндерге гүл таратып кел деп жұмсады. Сол жұмыспен жүрмін ғой, әлі де толық таратып болғаным жоқ. Сен де бір жұмыспен келген сияқтысың ғой?– деп қызына қарады. Қызы оған:

– Апа, өзіңіз тіпті болжампаз болып алыпсыз ғой, жаза басу деген жоқ, бәрін төбесінен түскендей біле қоясыз,– деді. Сонан соң шешесіне апа сізге шынымды айтсам: күйеу балаңыз өткенде ішіп алып біреумен түс шайысып қалып еді. Содан пәле болып біреулер оны тегі күмәнді деп ордаға шағым жасап, оны өз еліне айдатып жібермек көрінеді. Халімізді айтып, осы мәселе жөнінде сізбен ақылдасуға келіп едім. Кімнен көмек сұрасақ болар екен?– деді.

– Мұны білемін,– деді шешесі, – соншалық шошитын түк те жоқ, ештеңеге алаңдамай үйіне бара бер, қазір ханым мен ортаншы бәйбішенің сенің жұмысыңа мойын бұратын мұршасы да жоқ. Мен

Лин бойжеткеннің гүлін апарып берген соң барамын, ақыл-дасармыз, бір жөні болар деді.

– Апа, тезірек келерсің?– деп қызы қайтып кетті.

– Болды онда,– деді шешесі,– басына іс түсіп көрмеген адам деген осы, жоқ нәрсеге қан жілік болып жүреді,– деп Дайиүйдің бөлмесіне қарай кетті.

Бұл кезде Дайиүй бөлмесінде жоқ еді, ол Бауиүйдің бөлмесінде көппен бірге “Тоғыз сақина” ойнап отырған. Жоу Рұйдың әйелі ол үйге кіріп келді де күлімсіреп тұрып:

– Лин бойжеткен, сізге Шуе апай гүл беріп жіберіп еді,– деді.

– Ол не қылған гүл, бере тұрыңызшы көрейін,– деп Бауиүй қобдиды қолына алды. Қобдидың ішіндегі ордада жасалған гүл екен. Шағидан қатпарланып жасалыпты. Бауиүйдің қолындағы гүлді көріп тұрып Дайиүй:

– Маған ғана әкелдіңіз бе, басқа қыздарға да әкелдіңіз бе?– деп сұрады. Жоу Рұйдың әйелі оған:

– Бәріне әкелдім, бұл екі гүл сіздікі,– деді.

Дайиүйдің өні бұзылып кетті, сөйтті де аузын бұртитып:

– Білемін, бәрі таңдап алғаннан қалғанын маған әкелген екен ғой,– деді бір түрлі кекесінмен. Жоу Рұйдың әйелі бұл сөзді күтпеген еді, ештеңе дей алмай сілейіп тұрып қалды. Оның ыңғайсызданып тұрғанын байқаған Бауиүй сөзді басқа жаққа бұрғысы келіп:

– Жоу апай, сіз ол жаққа қандай жұмыспен барып едіңіз?– деді.

– Ханымға бір істің жайын айта барып едім, бұл гүлдерді Шуе апай менен беріп жіберді.

Бауиүй тағы да:

– Баучай әпекем не істеп жатыр екен, неше күннен бері біз жаққа аяқ баспады,– деді. Жоу Рұйдың әйелі:

– Аздап сырқаттанып қалған сияқты, артық жүріп-тұруға денсаулығы жар бермей жүрген секілді,– деді. Бауиүй күң қыздарына:

– Бірін барып көңілін сұрап келіңдер, Лин бойжеткен екеуіміз жіберді дендер. Шуе апай мен әпекемнің денсаулығы қалай екен, не дәрі ішіп жүр екен, біліп келіңдер,– деді. Сонан соң: – Өзімнің баратын жөнім бар еді, бүгін мектептен келе жатып суық тигізіп алыппын, кейін өзім де барып көңілін сұраймын ғой, осыны айта барыңдар!– деді.

Чиян Шуе деген күні дереу тұрып көңіл сұрауға шығып кетті. Мұнан кейін басқа сөз болған жоқ, Жоу Рұйдың әйелі де өз үйіне кетті.

Жоу Рұйдың күйеу баласы Жия Иүсүнның жақын досы Лиң Зышың деген жігіт еді. Жуықта көне заттарды саудалайтын біреумен жанжалдасып қалған екен, жағдайдың өзіне тиімсіз болатынын байқап әйелін көмек сұрауға жіберіпті. Ақсүйек қожайындарының күшіне сенген Жоу Рұйдың әйелі бұл іске алаңдаған жоқ. Сол күні кешке Уаң Шифыңға айтып, істің тігісін жатқызып шықты.

Ақшам уақытында Уаң Шифың біркіер киімдерін шешіп тастап Уаң ханымға келді.

– Бүгін Жин отбасы жіберген заттарды тапсырып алдым. Оларға жіберетін нәрселерді шағанда¹ өздері сәлемдеме жіберген кемемен жібердім.

Уаң ханым мақұлдағанын білдіріп, үнсіз ғана бас изеді де қойды. Уаң Шифың тағы да:

– Лиң-ан ұлықтың үлкен шешесінің туған күніне арнап жіберетін сыйлық та әзір, ол жаққа кімді жібереміз,– деді. Уаң ханым:

– Оның несін сұрап отырсың, кімнің уақыты болса, соны жібер, төрт әйел барса жарар,– дей салды. Уаң Шифың:– Бүгін Юшы жеңгем келіп еді, мені ертең сейілдеп келейік деп шақырып кетті, ертең не жұмыс бар еді?– деді. Уаң ханым оған қарап отырды да:

– Жұмыс болсын, болмасын шақырса бар, ол сені шақырған сайын біз ере барамыз, осы жолы өзің барып қайт. Сені бір сергіп қайтсын дегені де, барып келгенің жөн,– деді. Уаң Шифың бұл сөзді жөн көріп, қуанып қалды.

– Олардың үстіне Ли Уан мен Танчүн бастаған осы ауылдың жас келіндері мен әпкелі-сіңлілі қыздары келіп кірді. Олар көп аялдаған жоқ, артық сөз де болмады, Уаң ханымға сәлемдесті де өз бөлмелеріне кетті.

Ертесінде таңертең Уаң Шифың жуынып-таранып, жасанып шықты да алдымен Уаң ханымға келіп жөнін айтып, онан соң Жия әжейге барып қош айтып, жолға шығуға дайындалып еді, Бауиүй де бірге барғысы келетінін айтты. Уаң Шифың амалсыздан оны ертіп алуға келісті де, ол киімін киіп дайындалғанша күтіп тұрды. Әрі-беріден соң екеуі бір арбаға мініп, Ниңгофу ордасына келді. Бұлардың келетінінен хабардар Жия Жиң бәйбішесі Юшы, Жия Рұнның келіншегі Чиншы екеуі есік алдында күтіп тұр екен. Олармен бірге сол ауылдың күндері де түгел қарсы ала шығыпты. Уаң Шифың бикешті көре сала Юшы сылқылдай күліп, әлденені айтып әзілдеп қойды. Сонан соң Бауиүйдің қолынан оларды ертіп төр үйге кіргізді. Дастарқан жайылып, Чиншы шай құйды.

¹ Шаған – көктем мерекесі.

Уаң Шифың шай үстінде:
– Мені неге шақырдыңдар, не бермексіндер, тезірек беріндер, менің басқа да жұмысым бар,– деп күлді.
Юшы оған жауап бергенше күң қыздар күлісіп алды да:
– Бәйбіше, мұнда келмесеңіз бір сәрі, келген соң бұл үйде сіз билік жүргізе алмайсыз,– десті, оған бәрі күлісті. Дастарқан жиылмай жатып Жия Рұң келіп қалды. Аман-сәлемнен соң Бауиүй одан:
– Үлкен ағай үйде жоқ па?– деп сұрады.
– Қала сыртына шығып, атама амандаса кеткен,– деп оның орнына Юшы жауап берді, сонан соң Бауиүйге сен мұнда тұнжырап отыра бермей, далаға шығып серуендеп келіндер, болмаса...– дей беріп еді, сөзді Чиншы іліп әкетті:
– Бүгін ойламаған тоғысу болатын болды, ана бір жолы Бауиүй менің інімді көремін деп еді, бүгін ол да осында кітапханада отыр, соған барып кездессең болмай ма,– деді.
Бауиүй соған барып кездесуді жөн көрді, Юшы дереу бір күңіне онымен ере баруды тапсырды да, абай болындар деп ескертті.
Уаң Шифың:
– Ол баланы мен де көрейін, өзін шақырып келсеңдер болмай ма?– деді.
Юшы оған қарап күліп алды да:
– Болды, болды, сен желпілдеме, көрмесең де болады,– деп қойды.
– Ол бала біздің ауылдың бетімен кеткен сотқарларына ұқсамайды, биязы, ибалы бала. Сенің адуындаған, күрдің мінезінді мазақ етер, күлкіге қалмайын десең осында отыра бер.
– Мен оны мазақ етермін, оның мені мазақ етуге дәті барар ма екен,– деп Уаң Шифың қалжың-шыны аралас күліп қойды.
– Ол көппен араласып көрмеген, ашылмаған, бұйығы жуас бала, жеңеше, көңіліңіз толмай қалар,– деді Жия Рұң.
– Тфу,– деп Уаң Шифың аузынан түкірігі шашырап кетті, оны өзі байқаған да жоқ,– сөйлей береді екенсіндер, дию болса да оны көрмей қоймаспын, сандырақтамай ертіп кел, әйтпесе сыбағанды беремін,– деп тепсінді.
Жия Рұң оған:
– Жеңеше, несіне шала бүлініп отырсың, ертіп әкел десең әкелейік,– деді. Уаң Шифың күліп қойды. Жия Рұң шығып кетті де аздан соң бір баланы ертіп қайта кірді. Бала өте өңді екен, аққұба жүзді, қызыл ерінді сұңғақтау келген көркем бала жігіттің болмысы өзіне тым жарасымды екен. Жүріс-тұрысы да тым сыпайы, денесі Бауиүйден гөрі қатпалау, бірақ Бауиүйден гөрі

тартымды бала екен. Қыз мінезді, қорғаншақ болса керек, Уаң Шифыңға қысыла келіп амандасты. Оның бұл әдебіне разы болған Уаң Шифың Бауиүйді түртіп қалып:

– Сенен асып түседі екен,– деп ұмсынып барып баланы қолынан тартып, өз қасына отырғызды. Жасын, оқуын сұрай келе оның мектепте оқитынын, есімі Чин Жұң екенін ұқты.

Уаң Шифыңның ере келген күндері ханымның Чин Жұңды алғаш көріп тұрғанын, бірақ оған арнап көрімдік ала келмегенін ойлап, дереу Пыңырға барып айтты. Уаң Шифың мен Чишының сырлас достар екенін білетін Пыңыр келген күндерден бір киімдік шұға, “Сарай саңлағы” деген жазуы бар екі тайтұяқ күміс беріп жіберді. Уаң Шифың оны көргенде тым жүдеңкі болып кеткен екен деді.

Ал Чиншылар разы болып алғыстарын айтты. Тамактанып алған соң, Юшы, Уаң Шифың, Чиншы бәрі қатар отырып сүйек карта ойнады.

Бауиүй мен Чин Жұң екеуі жай ғана әңгімелесіп отырды. Бір қызығы Бауиүй Чин Жұңды көрген жерден мысы басылып, жынын алдырған бақсыдай болып, аңырды да қалды.

Дүниеде осындай да сұлу еркек болады екен-ау деп ойлады ол, мынаның жанында мен сиықсыз шошқа екенмін-ау. Неге ғана ұлықтың баласы болдым екен, егер жоқ-жітік адамның отбасында тусам, мұнымен әлдеқашан тіл табысар едім. Сонда бұл дүниеге бекер келмегеніме көзім жетер еді. Мен ұлықтың баласымын, бұдан гөрі мәртебем жоғары, бірақ ол мәртебе менің өзегі шірік, өлмелі тәнімді жасырған қымбат мата ғана. Нәжіске толы жұмырым мен жынға толы қарныма толған қозы еті мен тәтті шарап қана екен ғой. Осы дәулет деген сөзден-ақ жерідім деп ойлады.

Бауиүйдің жанындағы бітімі бөлек, қимылы елден ерекше алтын тәжі басына жарасқан күндерін көрген Чин Жұң да терең ойға кеткен: “Әпекемнің аузынан тастамай мақтай беретінінің жөні бар екен. Киімдері қандай, күндерінің өзі бай баласындай. Мен сіңірі шыққан кедейдің баласымын, мұнымен қалай тіл табысып, достаса аламын, бұл да тағдыр екен ғой”,– деді.

Екеуі де өз ойларының жетегінде отырды. Өлден уақытта Бауиүй одан қандай сабақ оқып жүргенін сұрады. Чин Жұң артық сөзі жоқ, өте жинақы бала екен, Бауиүйдің сұрақтарына бірден жауап беріп отырды. Екеуі көп өтпей-ақ шүйіркелесіп кетті.

Бір уақытта дастарқанға жеміс-жидек қойып, шай дайындала бастады.

Бауиүй: “Чин Жұң екеуміз арақ ішіп жатқанымыз жоқ, жеміс-жидектеріңді ішкі бөлмеге қойсаңдар, сендерді мазалмай сонда барып ішейік”, деді. Үлкендер мұны жөн көріп, екеуіне ішкі үйге арнаулы дастарқан жайды. Екеуі оңаша отырып шай ішті, Чиншы Уаң Шифыңды дастарқанға отырғызды, сөйте жүріп ішкі үйге кіріп Бауиүйге:

– Бауиүй аға, ренжіме, менің мына бауырым жас қой, сөзі де о жарлау, өзі жуас көрінгенімен, мінезі қыңырлау, мен үшін мұның артық-ауыс сөзін кешіре гөр, көңіліңе алма,– деді. Бауиүй оның не айтып тұрғанын біле қойды да, “ұқтым, жүре бер” деп күлді. Чиншы бауырына әлденені тапсырды да Уаң Шифың бикештің жанына кетті. Аздан кейін Ю шы мен Уаң Шифың Бауиүйге не жегісі келеді деп адам жіберді. Бауиүйдің тамаққа тәбеті жоқ еді. Ол Чин Жұңнан жуырдан бергі отбасылық жағдайларын сұрауға кірісті.

– Мұғалімім жақсы адам еді, амал қанша, былтыр жұмыстан шығып кетті. Әкем кәрі адам, өзі аурушаң. Үкімет жұмысы да қарбалас болып кетті, сөйтіп жаңадан мұғалім жалдауға қолы тимей жүр. Қазір үйде бұрынғы оқыған сабақтарымды қайталап жүрмін. Адамда сырлас дос болғаны жөн екен, ақылдасып істеген істе мін бола ма... – Сөз осы араға келгенде Бауиүй оған:

– Дұрыс айтасың! Бізде үй мектебі бар, ауылдағы мұғалім жалдай алмайтындардың да келіп оқуына болады, туыс-туғандардың балалары оқыса, тіпті жақсы болады ғой. Былтыр мұғаліміміз үйіне кеткен, содан бері мен де үйде бос жүрмін. Әкемнің ойы да мені мектепке жібермей, көне кітаптарды оқыта тұрсақ секілді. Келер жылы мұғалім келген соң өз үйімізде оқитын боламыз. Әжем үй мектебінде балалар көбейген сайын қақтығыс туып қалар деп аландайды. Оның үстіне өзі аурушаң, қарт адам ғой, мен ауырып-сырқап қалсам, оқу тоқтап қала ма деп аландап отырады. Десе де, әкең оқуыңа көңіл бөлетін секілді ғой, барған соң әкене айтып, біздің осы мектебімізге келсеңші, екеуміз дос болсақ жақсы емес пе,– деді.

Чин Жұң оған:

– Әкем анада үйде мұғалім жалдау ісін айтып отыр еді, бұл жерде білім беру жақсы деп, осында келіп ұлық атаммен ақылдасып таныстырып қоймақ та болған. Бірақ бұл жақта да жұмыс қарбалас болғандықтан әурелегісі келмеді. Бауиүй ағай, егер мына ініңіздің сауытыңызды жуып, сияңызды езіп беруге жарап қалар деп білсеңіз, тезірек қамданыңыз, сонда оқудан кенжелемейтін боламыз. Оның үстіне сырлас достар болар едік, ата-аналарымыздың да көңілі орнығар еді. Бұл жақсы болар еді,– деді.

Бауиүй тез шешім қабылдады.

– Чин Жұң, сен қам жеме,– деді ол.– Екеуміз қазір сенің жезден мен әпекене, Уаң Шифың жеңгейге айтайық. Үйге барған соң сен атаңа айт, мен әжеме айтайын, сонан соң бұл шешілді дей бер.

Екеуі сөйтіп ақылдасып бір тоқтамға келді. Қас қарая карта ойнап отырған үлкендерге келді. Ойынның соңын жинап, есеп айырысқанда Юшы мен Чиншы ұтылғаны анық болды да олар қонақасы беретін болды. Сөйтіп бүрсігүні осы үйде қонақасы берілетін болды. Осыдан кейін көп кешікпей кешкі тамаққа отырды.

Қас қарайып кеткен кез еді. Юшы:

– Екі адам жіберіндер, Чин Жұнды үйіне жеткізіп салсын,– деді. Бұл сөзді айтуға кеткен күндер әжептәуір кідіріп қалды да, Чин Жұң қоштасып орнынан тұрды. Сол екі аралықта әлгі күндер қайтып келді, кім баратын боды?– деді Чиншы.

– Жияуданы жібермек еді, ол мас екен, кім болса соны балағаттап жатыр.

Юшы:

– Тағы соны жұсады ма, бұл қай қысасы,– деді. Бұған Чиншы да наразылығын айтты:

– Оның шамына тимей-ақ, басқа біреуін жіберсе болмай ма?– деп салды.

Уаң Шифың сөзге араласып:

– Менің айтатыным осы емес пе, сен тым кеңсің, өзің ойлашы, адамдарың өстіп бассыз кете берсе не болмақ?– деді. Юшы оған:

– Сен Жияуданы білмеуші ме едің, атайдың өзі де оған ештеңе демейді, сенің Жия Жиң ағаң да бетінен қақпайды, жастайынан атаймен бірге жасасып келеді екен. Екі-үш рет соғыста қаптаған жаудың ішінен атамызды арқалап құтқарып қалған адам, тіпті қиын кездерде өзі аш жүріп, тамақ ұрлап беріп атайды баққан дейді. Бірде екеуі екі күн сусыз шөлде қалып, өлдім-талдым деп жарты аяқ су тапқанда, оны өзі ішпей атайға беріп, өзі аттың несесін ішіп тандайын жібітіпті. Сондай еңбегі болғандықтан атамыз жарықтық көзінің тірісінде оны ерекше құрметтеген. Сондықтан ол кісіге қазір де ешкім ештеңе дей алмайды. Өзі де қартайған адам, біреудің көңіліне келер деп жатпайды. Араққа да құмар, ішіп алса болғаны жұрттың бәрін боқтап мазасын алады. Осы шалды жұмсамаңдар деп басқарушыларға айтып едім, олар да сөзге құлақ аспайды, бұл шалды өлдіге санандар, одан басқаларың да жетесіңдер деп едім, адам таппағандай осыны жұмсауларын қарашы!

– Бұл адамды мен қалай білмеймін? Өздерің де бұдан құтылудың амалын ойламағансыңдар ғой, шалғайдағы құржаның біріне апарып тастасандар болды емес пе!– деп Уаң Шифың ақылсынып қойды. Онан соң біздің арбамыз жегілді ме деп сұрады. Күндері арбаның дайын екенін, өздерін күтіп тұрғанын айтты. Онан кейін Уаң Шифың үйдегілермен қоштасып Бауиүйді қолынан жетелеп далаға шықты. Юшы бастаған орданың әйелдері орданың алдына дейін шығарып салды. Орданың сыртқы есігіне шыққанда самаладай жарқыраған қалың шырақтың жарығы орда маңын нұрға бөлеп тұрды, ол жерде орданың жас құлдары қатар-қатар болып тізіліп тұр екен.

Ордада Жия Жинның жоқ екенін білетін Жияуда онан арман еркінсіп, араққа қызып алып, орданың жұмыс басы Лайырдың жеті атасын жездей қақтап боқтап тұр екен. Сондағы сөзі мынау:

– Жуасты көрсе төбесіне шығып, жуанды көрсе табанын жалайтын тәйтiк неме, әділет деген бар ма сенде, пайдасы бар жұмыс болса шабармандыққа басқаны жібересiң, жеті қараңғы түнде жолаушы лаулауға мені жібересiң, антұрған арам! Сөйтiп жүрiп орданың шарабасымын дейдi-мыс. Сен Жияуданың қаһарына қаламын деп ойламайтын сияқтысың, шамасы білмейсiң ғой, ағаңның тақымында ойнағанда көрермін әлі. Сен мұндар, жиырма жылдың алдында мына Жияуданың кімді көргенін білесiң бе!? Сендер секiлдi қырық сiдiк шаталарға түкіргенiм бар.

Ол боқтықты қарша боратып, ауланы басына көтеріп, жiнiгiп тұрғанда Уаң Шифың бикештi аттандырып салуға Жия Рұң да келiп қалған. Жияуда жиналған жұртқа тоқтамады, онан арман елеуреп кеттi. Жия Рұңның шыдамы әбден таусылды білем, шалды боқтап жібердi. Ол құлдарына қарап:

– Байлаңдар мына шалды! Ертең мастығынан айыққан соң сұраңдаршы, өзiнiң жанынан үмiтi бар ма, жоқ па екен?– деп ақырды.

Жияу да Жия Рұңды менсiнетiн кiсi ме, онан ары құтырынып кеттi, Жия Рұңның соңынан жүгiре басып айқайды салды:

– Ей, Жия Рұң, сен менiң алдымда қожайынсып қоқиланба, сен тұрғой әкең мен атаң да маған бүйтiп кеуде көрсетпеген, мен болмасам сендердiң шен алып, шекпен кигендерiндi көрер едiм. Бабаларың жанталасып жүрiп осы дәулеттi жинап едi, соның арқасында бақтарың тасып шалқып отырсыңдар, ал қазiрге дейiн менiң сендердiң әулеттерiне iстеген жақсылығымның қарымжысы қайтқан да жоқ, сен неме ендi қожайын болып күш көрсетейiн дедiң бе!? Менiмен егеспе, ендi егесетiн болсаң, қылыштың

жүзінде сөйлесеміз!– деді. Бұл кезде Уаң Шифың арбасына мініп жүргелі тұр еді, Жия Рұңға қарап:

– Бұл бейбастақ шалдың көзін ертерек құртсаңшы! Мына түрімен үйде тұра берсе, үлкен пәле шығарар,– деді. Дос бар, дұшпан бар дегендей, сырт көз көріп, ел білсе, жұртқа күлкі болармыз,– деді. Жия Рұң оның бұл сөзін құптап, солай деп басын изеп қойды.

Шал онан арман өршеленіп келе жатыр еді, көп ішінен бірнеше жігіт оған тұра ұмтылды, сөйтті де шалды бас салып, атқора жаққа қарай сүйрей жөнелді. Сол-ақ екен Жияуда онан арман долданып, түтеп кетті, тіпті Жия Жиннің өзіне де тілі тиді:

– Қабірстанға барып ағзам тақсырдың аруағын шақырармын, қасиетіңнен айналайын асыл тектім-ай, сенің ұрпағыңнан осындай азғындар шығады деп ойлап па едік, күні бойы күйегімен жанасып жатқандары, келініне шөккен төбетің анау, қайнысына қайыған қаншығың мынау, мен білмейтін нең бар, тозбаған нең қалды, бір күн туырлық, бір күн ши жасырар деуші еді, сендердің азғындықтарыңды жасырып болдық емес пе, енді несі қалды ел білмеген.

Шал аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, төбе құйқаны шымырлатар сөздерді жіберіп жатыр, бұл сөзді естіп жүректері төбесіне шыққан құлдар оның аузына тезек нығап әзер қойғызды. Уаң Шифың мен Жия Рұң алыстап бара жатса да шалдың сөздерін естіп бара жатты, бірақ естімеген болып барады. Бұл сөздердің бәрін естіп келе жатқан Бауиүй:

– Тәте, ана шалдың келініне шөккен төбетің анау дегені несі,– деп Уаң Шифыңға қарады. Ол түсін суытып балаға қарап:

– Не қылайын деп едің, көкімей тыныш отыр,– деп зекіп тастады,– ол маскүнемнің сандырағы деген сол. Сенің онда нең бар, өзіңнің кім екенінді білесің бе, сен көңіл аударатын сөз бе сол. Ежіктеп сұрауын қарашы. Бәлем, тұра тұр, барған соң апама айтармын, жон терінді сыпырсын. Бауиүй ештеме түсіне алмай қалды:

– Тәте, ренжімеңіз, қайдан білейін, не екен деп сұрағаным ғой, енді мұндай сөзді аузыма да алмайын.

Уаң Шифың оған разы болғандай күле қарап:

– Міне, енді дұрыс болды, бала деген албаты сөзге араласпайды, ақылын бар емес пе, ондай сөзді қайтесің, үйге барған соң өз апама айтып Чин Жұнды өзіміздің үй мектебімізге ауыстырып аламыз,– деп алдай бастады.

Олар әңгімелесе отырып, Рұңгофу ордасына келіп жетті.

Сонан кейін не болғанын білмек болсаңыз, келесі тараудан оқыңыз.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Бауиүй мен Уаң Шифың бикеш қайтып келген соң, Бауиүй өздерінің үй мектебіне ауыстырып алуға Чин Жұңға уәде бергенін, егер ол келсе өзінің жақсы оқуына көмегі тиетін сенімді дос болатынын айтты. Ол атына заты сай жігіт екен деп Чин Жұңды мақтап қойды. Оның бұл сөзін Уаң Шифың да растай жөнелді.

Чин Жұң өзі де өз апама сәлемдесе келмек көрінеді деп қойды, мұны естіген Жия әжей қуанып қалды. Уаң Шифың бикеш Жия әжейдің көңілді отырған сәтін пайдаланып, ол кісіге өздерімен бірге барып ойын көріңіз деп қолқа салды. Жия әжей жасы келген адам болса да өте қызыққұмар, сауықшыл адам еді. Екі күннен кейін Юшы оларды шақыра келгенде Жия әжей, Уаң ханым, Дайиүй, Бауиүй қатарлы бірнеше адам болып ойын көруге барды. Түс кезінде Жия әжей демалу үшін үйіне қайтып кетті. Уаң ежелден жан тыныштығын күйттеген адам еді, әжейдің соңын ала ол кісі де кетіп қалды. Олар кеткен соң Уаң Шифың бикеш өзі ойын ағасы болды. Олар құмарлары қанғанша ойнап, кешке жақын бірақ қайтты. Бауиүй Жия әжейді ертіп келіп, түсте әрі-бері мызғып алып, қайтадан ойын көруге бармады, Чиншылар босқа әбігер болар деп ойлады, оның үстіне ауырып жатқан Баучайдың көңілін сұрап бармағанын ескеріп сонда барғысы келді. Ол орданың ауласының артқы есігінен шығайын деп тұрды да, біреу-міреу жолығып қалып босқа бөгелермін, оның үстіне әкем кезігіп қалса, ыңғайсыз болар деп ойлады. Күтуші аналар мен күң қыздар киімін ауыстырып бермек болып еді, ол оған қараған да жоқ, екінші есіктен шығып жүре берді. Оны қайта барып ойын көрмекші шығар деп ойлаған күтуші аналар мен күң қыздар соңынан ере шығып еді, ол Бинаның өткегінен өтіп, шығыс терістікке қарай беттеді. Оның алдынан орда әдебиетшілері Жан Гуаң мен Шанпинри кездесті, олар Бауиүйді көрген жерден бірі құшақтап, бірі қолынан ұстап, аймалап үйіріле кетті:

– Бекзада, мынау өңіміз бе, түсіміз бе, сенің дидарыңды көретін де күн бар екен-ау!– десіп жатыр. Олар Бауиүймен бір сәт сөйлесіп тұрды да онан ары өз жөндеріне кетті. Бауиүйдің артынан қарап тұрған күтуші аналар оларға сіз екеуіңіз ұлықтың алдынан келесіздер ме деп сұрап еді, олар:

– Иә, ұлық тақсыр Мың Пужай ғибадатханасында түскі демалыста отыр. Сіздерге бөгет бола қоймас,– деді де жүріп кетті. Бұл сөзді естіген Бауиүй күліп жіберді, сонан соң терістікке қарай кілт бұрылып, алмұртты аулаға қарай жүріп кетті. Ол кезде орданың қазына басқарушысы Ушиндың мен қойма бастығы Дай Лиян бірнеше іс жүргізушілерін ертіп, жиыны жеті адам есеп үйінен шығып келеді екен. Олар Бауиүйді көрді де қолдарын төмен түсіріп жіберіп тік тұра қалды. Чиян Хуа дейтін бір делдал ғана асығыс-үсігіс алдыға шығып, басын иіп тағзым етіп амандасты, Бауиүй күлімсірген беті оның қолтығынан демеп, орнынан тұрғызды.

– Аанада бір жерден шаршылық көріп едік, сіз жазды деді, өте жақсы жазылған екен, бізге де жазып берсеңіз болар еді,– деді олар. Бауиүй жымысып алды да:

– Оны қайдан көріп жүрсіздер?– деп сұрады.

Пәлен жерден дейтін емес, әлденеше жерден көріп жүрміз, көрген елдің бәрі де разы болып, сізді мақтап жүр, бізден сұрап жүргендер де бар десті. Бауиүй оларға:

– Түкке тұрмайтын нәрсе ғой, оны менің ана бір кішкентай құлыма айтып қойсаңыздар болады,– деп ары қарай кете берді. Ол ұзап кеткен соң жұрт та өз жөндеріне кетті.

Бауиүй алмұртты аулаға келіп Шуе апайдың үйіне кірді, Бауиүй кіріп келіп амандасқанда Шуе апай күң қыздарына тігіншілік үйретіп жатыр екен. Ол кісі орнынан ұшып тұрып, Бауиүйді бауырына басып:

– Балам-ау! Осы суықта бізді еске алып сен келеді деген ойымда да жоқ еді. Жоғары шық,– деп бәйек болды, сонан соң күндеріне Бауиүйге шай демдеп әкеліндер деп бұйырды.

– Ағайым үйде жоқ па?– деп сұрады Бауиүй.

– Ол бір нокта-жүгенсіз кеткен асау болды ғой, күні бойы дала кезеді, не деген қанбайтын ойын, не деген жалықпайтын жан, үйде отыратын күні болмайды,– деп күрсініп қойды Шуе апай.

– Әпекем сауыққан шығар?– деді Бауиүй тағы да.

– Шүкірлік, сауығып қалды, әнеу күні көңіл сұрауға адам жіберген екенсің, разы болып қалдық. Өзі ішкі бөлмеде отыр, өзің бара ғой,– деді,– ол отырған бөлме жылы, мына жерді жиыстырып тастап мен де барамын, әңгімелесейік.

Бауиүй ішкі үйдің есік алдына келді, есікке көнетоздау қызыл жібек перде тартылыпты. Бауиүй пердені қайырып, табалдырықтан аттағанда төрде іс тігіп отырған Баучайды көрді. Шашын желкесіне түйіп, күрең балбарқыттан бешпет, окалы

камзол, жұмсақ сарғылт пүліш көйлек киіпті. Киімі тым ескілеу болса да ұнасымды екен. Бауиүй оған қарап біраз тұрды да:

– Әпеке, амансыз ба, денсаулығыңыз қалай, тәуірлендіңіз бе?– деп сұрады.

Баучай сонда барып басын көтерді, кіріп келе жатқан Бауиүйді көріп орнынан тұрып:

– Тәубе, әбден жазылдым, еске алып келгеніңе рахмет,– деп күлімсірей тіл қатты. Баучай оны төрге шығарып, Иыңырға шай әкел деп бұйырды. Баучай одан өз апасының, Уаң ханымның, әпке-сіңлілерінің амандығын сұрады. Ол Бауиүйге қарағанда көзіне оның басындағы меруертті қызыл, алтын тәжісі, екі айдаһардың суреті кестеленген маңдайшалығына, үстіндегі әбжылан суретті торқамен тысталған пұшпақ ішігіне, көбелек гүлді белбеуіне, мойнына таққан тұмары мен мойындығына, өзі туғанда дүниеге тістей келген меруерт тасы түсті.

– Жұрттың бәрі сенің меруертінді аңыз қылады, мен назар аударып көрмеген екем, бүгін бір армансыз көретін болдым ғой,– деп күлімсіреп оған жақындай берді. Бауиүй де оған жақындап мойнындағы меруертін алып оған ұсынды. Баучай меруертті алақанына салып үңіле қарады: меруерт өте әдемі еді, сағым түсіп тұрғандай сәуле шашып жарқырап тұр, майға малып алғандай жып-жылтыр бетіне алуан түрлі гүлдің кескіні ойылған, үлкендігі торғайдың жұмыртқасындай ғана тас екен.

Оқырмандарым, сіздерге бұл тастың тарихы мәлім. Баяғы Дахуаңшан тауының, Чингиңфың шыңының бауырындағы әлгі қойтастың елесі ғой. Кейін бір ақын бұл туралы мынадай өлең жазып келеке етіпті:

Тас балқытқан Ньюаның ісінен түк өнбеген,
Ақырында тас сорлы қолынан түк келмеген.
Жаратылған ежелгі тұлғасынан айрылып,
Тапқан екен мейірім қолаңсалы пендеден.

Бағы қайтса алтын да жарқырамас, кір басып,
Күні біткен, нұры өшкен меруертке кім ғашық.
Сүйектері саудырап әулеттері жер құшқан,
Бекзада мен ханыша қалды амалсыз мұң басып.

Бұл тасқа өзінің осы елесі түсірілген, баяғы таз хышаңның ойған әріп суреттері артына сызылған екен. Құртақандай ғана жас сәбидің аузына тістеп туған соң, ол үлкен болуы мүмкін де емес еді. Егер біз оның суретін өз қалпында сызсақ, әріптері тым ұсақ

болары сонша, оқырмандардың көзі жетпес еді. Мұның өзі көңілді іс болмайды ғой, сондықтан сіздер шам түбінде маужырап отырып оқысын деп үлкейтіп алдық. Іштегі сәбидің аузының үлкендігі белгілі ғой, сонда бұл кетпектей тасты қалай тістеп туады деп ойламасын деп ақталып жатқаным ғой. Тастың үстіңгі жағына:

“Жоғалтпа, ұмыт қалмасын,
Аман болсын өз басың!”

деген сөз жазылған екен, ал астыңғы бетіндегі жазу:

“Әуелі пәле-қазадан сақта,
Онан соң ауру-сырқаудан сауықтыр,
Сонында сор мен бакты жарастыра көр!”

деген сөздер жазылыпты. Баучай тасты көріп тұрып үстіңгі жағындағы “Жоғалтпа, ұмыт қалмасын, Аман болсын өз басың” деген сөзді қайталап оқып шықты. Сонан соң әлі кетпей тұрған Иыңырға қарап, сен, шай әкелмей мұнда неге тұрсың, деп күлді.

Иыңыр оған күле жауап берді, мына тастағы сөздер бойжеткеннің алқасындағы сөздермен үндес екен, соны көріп таңғалып тұрып қалғаным ғой деді. Бауиүй бұл сөзді естіп, әпекемнің алқасында да сөз бар ма еді деді.

Баучай ол қыздың сөзіне мән берме, ешқандай да сөз жоқ деп еді, Бауиүй оған сенбеді, әпеке, менің тасымды көрдіңіз, енді сіз де көрсетіңіз деп жалынып тұрып алды. Баучай оның көрмей қоймайтынына көзі жетті де, менің мойнымдағы тасқа да екі ауыз сөз ойылып жазылыпты, біреу жаза салған ғой, десе де сол үшін үнемі мойнымнан тастамай асып жүремін, әйтпесе зілдей ауыр тастың не қызығы бар дейсің деп қойды. Сонан соң кеудесінің түймелерін ағытып барып, ішінен киген шапанының омырауынан алқасын алып берді. Бауиүй алақанына салып қараса, Иыңыр айтқандай оның да екі бетіне төрт-төрттен сегіз сөз сурет болып ойылыпты. Алтын алқаның үстіңгі бетінде: “Айырылмасың, тастамасың”, астыңғы бетінде “өмірің ұзақ болсын” деген сөздер тұр.

Бауиүй бұл сөздерді екі қайтара оқып шықты, таңырқағаны сонша, онан кейін өзінің меруерт тасындағы жазуды да екі қайтара оқыды. Сонан кейін Баучайға қарап:

– Әпеке, шынында да мына сегіз сөз менің меруертіндегі сөздермен үндес сөздер екен ғой,– деді.

– Мұны бір таз монах ұсынып еді, ол бұл сөздерді алтын алқаға ою керек деп еді,– деп Иыңыр сөз бастап келе жатыр еді, Баучай

оған қарап неге шай құймайсың деп ренжіп, оның сөзін бөліп жіберді. Сонан соң өзі Бауиүйден қайдан келе жатырсың деп сұрады.

Бауиүй мен Баучай қатар отыр еді, аралары өте жақын тізелері тиісіп отырған. Оның мұрнына не екенін өзі де білмейтін бір тамаша иіс келе берді. Ақыры шыдай алмай:

– Әпеке, қандай иісшам тұтатып едіңіз? Мұндай иіс маған таңсық?– деп сұрады.

Баучай оған қарап күлімсіреп алды да:

– Мен иісшам жағуды тіпті жек көремін, киімді ыстап киген деген қандай жамаң,– деп қойды.

– Онда мына иіс ненің иісі?– деді Бауиүй.

Баучай басында түсіне алмай аз ойланып қалды да сонан соң барып есіне түсіріп:

– Мен таңертең самалдатқыш салқын домалақ жеп едім, соның иісі екен ғой,– деді.

– Самалдатқыш салқын домалақ дедіңіз бе, осынша иісі тамаша ол не? Маған да бір домалақ беріңізші, дәмін татып көрейін,– деді Бауиүй.

Баучай оған қарап күліп алды да:

– Сен түсінбей тұсың, ол дәрі ғой, албаты жеуге болмайды,– деді. Оның сөзі аяқталмай жатып сырттан:

– Лин бойжеткен келді,– деді біреу. Соның арасынша үйге Дайиүй кіріп келді, ол Бауиүйді көрді де:

– Ой-бой! Бекер келіппін-ау,– деп күліп қойды. Бауиүй орнынан тұрып оған отыр деп орын нұсқады.

Баучай Дайиүйге қарап:

– Сіңлім-ау, бұл сөзінді қалай түсінеміз?– деді.

– Мен мұның келгенін білсем, келмес едім дегенім ғой.

– Оның не?– деді Баучай.

– Несін сұрайсыз, келсек бәріміз келеміз де, келмесек біріміз де келмейміз. Бүгін ол келсе, ертең мен келсем, күн аралатып келіп тұрсақ қандай жақсы болар еді, сонда сіздерден күнде кісі үзілмейді, біз де суып кетпейміз, сол дұрыс емес пе, әпеке,– деді. Дайиүйдің күрең мәуіті шапан киіп алғанын көріп, далада қар жауып тұр ма деп сұрады. Оның бұл сұрағына Дайиүйден бұрын есік жақта тұрған әйелдер:

– Қар жауғалы көп болды,– деп жауап берді. Бауиүй:

– Менің желдігімді әкеліңдер,– деп еді, Дайиүй:

– Солай де, мен келген соң бұл кетіп қалмақ болған екен ғой,– деді. Бауиүй:

– Мен кетейін деп жатқаным жоқ, алдырып қояйын дегенім ғой,– деп еді, оның күтуші анасы Ли Мамай:

– Сыртта қар жауып тұр, ауа райына қарау керек, осы арада әпке-сіңлілеріңмен бірге отыра тұр, Шуе апай шай құйдырғалы жатыр, мен желдігінді алдырайын,– деп еді, Бауиүй басын изеді.

Шуе апай шай құйдырды, тәтті тағам әзірлетіпті, алдарына жеміс қойып, олардың асты-үстіне түсіп күтті. Бауиүй тамақ үстінде шығыс ордадағы Жияжин жеңгей тартқан қаз табанының тәттілігін айтып мақтап еді, Шуе апай дереу өзі жасаған қаз табанды әкеліп алдарына қойды. Мұны көріп Бауиүй күліп жіберді де:

– Бұл басыртқыға лайық екен,– деп еді, Шуе апай оның ойын түсіне қойып, табанда жақсы арақ алдырды. Сол кезде дастарқан асына Ли Мамай келіп:

– Шуе апай, арақты құймай-ақ қойыңыз, оны қайтесіз,– деді.

Бауиүй дереу Ли Мамайға қарап:

– Апатай, айналайын, олай дей көрмеңіз, мен бір тостаған ғана ішемін,– деп жалына бастады. Ли Мамай оған қараған да жоқ, Шуе апайға қарап сөйлеп кетті:

– Қайтесің, қарағым, ордадағы ханымдардың алдында күбісімен ішсең де еркін. Анада қайсы тәрбиесіз екенін қайдам, саған менен жасырып арақ беріпті, соған бола мен сорлы екі күн сөгіс естідім. Шуе апай, сіз мұның мінезін білмейсіз ғой, арақ ішкен соң еліріп кетеді. Үлкен ханым көңілденіп отырған кездерінде бұған арақ бергенімен, әдетте татырмайды, болмаса менің көлеңке болып отырғаным неге керек,– деді. Шуе апай күліп алды да:

– Ой, апай-ау, бұған алаң болмай, өзіңіз ішіп-жей беріңіз, мен де бұған артық ішкізбеймін, үлкен ханым ренжіп жатса, мен жауап берермін,– деді де, күң қызға қарап:– тез мына апаңа бір тостаған алдырып жібер, күн суық, бойын жылытып алсың,– деді. Мұнан соң Ли Мамай амалсыздан жұртпен бірге шарапқа отырды.

Бауиүй арақты жылытпандар мен суығын ұнатамын деп қойды. Шуе апай оған мұның дұрыс емес, арақты суықтай ішсең, жазу жазғанда қолың дірілдеп қалады деп ескертті. Бауиүй:

– Бауиүй, бауырым-ау, сенің оқығаның бар болсын, арақты жылытып ішсең, тез сіңетінін білмегенің қалай, арақты суық ішсең оны ішкі мүшелеріңнің қызуымен жылытасың, ол зиян болмағанда не болады. Мұнан былай бұл әдетіңді өзгерткенің жөн,– деді. Бауиүй бұл сөздің пайдалы кеңес екеніне сеніп, арақты жылытып

ішті. Дайиүй шекілдеуік шағып отырды. Оған өзінің бір күні қолошақ әкеліп берді,

– Бұл ошақты кім беріп жіберді?– деді Дайиүй, сөйтті де жауап күтпей-ақ оның қамқор пейіліне рахмет деп қойды.– Мен үсіп өлетін едім, бұл ошақ жақсы болды.

Күні сонан кейін барып “Сыжүн әпекем сіз тоңып қалмасын деп беріп жіберді”, деді. Дайиүй ошақты кеудесіне басып жылынып тұрып, күліп алды да:

– Сен қашанда соның сөзінен шықпайтын болдың ғой, менің сөзімді сөз екен демеуші едің, оның сөзіне дұғадай ұйыпсың ғой, өзі,– деді.

Бауиүй бұл сөздерінен Дайиүйдің жақтырмай кекетіп отырғанын аңғарды, бірақ ештеңе демеді, ішек-сілесі қатып күле берді. Дайиүйдің осындай орып сөйлейтін әдетін Баучай да білетін, ол да үндемеді. Шуе апай болса күліп алды да:

– Сенің денсаулығың әлсіз емес пе, суық тиіп қала ма дегені ғой, онда не тұр,– деді. Дайиүй ол кісінің сөзін аяғына дейін тыңдады да сонан соң жымыып күліп алды да:

– Шуе апай, сіз білмейді екенсіз ғой, бүгін сіздің үйде отырмыз, егер басқа біреудің үйінде отырсақ, елге күлкі болмаймыз ба, мен күндердің қамқорлығы мен сақтығын емес, өзімнің үпілмәлік, дәрменсіз болып өскенімді кінәлап отырмын. Шуе апай оған:

– Сен тым күдікшіл болып кетіпсің ғой, менде ондай ой жоқ еді,– деп қойды. Олар әңгімелесіп отырғанда Бауиүй бірінен соң бірін үш тостаған шарапты тартып жіберген болатын, оны көріп отырған Ли Мамай тағы да алаңдап, оған арақты енді ішпе деп ескертті, әпке-қарындастарының ортасында еркін шалқып отырған Бауиүйдің денесі балқып, шарапқа құмартып алған ол қайдан тоқтасын?

– Айналайын апатай, енді екі тостаған ғана ішемін, сонан соң сіздің айтқаныңыз болсын,– деп қиылып отырып алды. Ли Мамай басқа амал таппаған соң:

– Бүгін ұлық үйде емес пе, байқағаның жөн, оқуыңның жайын сұрап жүрмесін,– деп қиялады. Бауиүйге осы сөз қатты әсер етті, қолындағы тостағанын жерге қоя салды да салы суға кетіп сұлқиіп отыра қалды. Оның бұл көңілсіз кейпі ең алдымен Дайиүйге ұнамады:

– Мына кісінің жұрттың көңіл-күйін бұзғаны-ай, тіпті нағашым шақыра қалса, Шуе апай жібермеді дей салмас па едік,– деді де, Бауиүйге ашуыңды тарқат дегендей ым жасап түртіп қалып, күңкілдеп әлденені айтты, оның сөзін Бауиүйден басқа ешкім

естіген де жоқ. Сөзінің аяғын елге естірте, сол кемпірдің сөзіне мән бермей-ақ қой, өз орнымызды білеміз ғой деп қойды. Бұл сөзді естіп қалған Ли Мамай:

– Лин бойжеткен бұған орынсыз болыспай, ақылыңды айтсаңшы, сенің сөзіңді екі етпейді ғой,– деді. Оның бұл сөзіне Дайиүй ширай қалды:

– Мен бұған болысып не деппін, ал бұған ақыл айта алмаймын, апай, сіз тым сақ болып алыпсыз. Аздап ішкенде не тұр, үлкен ханымның өзі де бұған үнемі арақ беріп тұрады, бүгін нағашысының үйінде аздап артық ұрттаса, онда не тұр. Жоқ әлде сіз нағашы апайымызды сырт адам санап, мұнда ішуге болмайды деп отырсыз ба?– деді, үнінде бір түрлі ащы кекесін бар еді.

Бұл сөзді естігенде Ли Мамай ширығып кетті, сонан соң өзін өзі тежеп күлімсірегендей болды да Бауиүйге қарап:

– Ай, мына Лин бойжеткеннің тілі тотияйын-ау, аузынан шыққан сөзі өңменіңе оқша қалады,– деп салды.

Баучай бұлардың қақтығысынан ыңғайсызданып, Дайиүйдің бетінен шымшып алды да:

– Бұл қыршанқының аузын-ай, аузын-ай,– деп еркелетіп алды да:– Ли Мамай, бұл қиянқының сөзін, көңіліңізге алмаңыз, ащы сөзіне күйінбеніз,– деді, қарт адамның көңілін аулай салғысы келіп.

Шуе апай олардың сөзіне күліп алды да Бауиүйге қарап:

– Балам, сен алаң болма, қобалжып-қорқатын ештеме жоқ, үйге анда-санда бір келгеніңде жақсылап күте алмай жатырмын, Ли Мамайдың айтқаны әншейін қарт адамның алаңы ғой, ондай болмашы нәрсені көңіліңе алып, көңілсізденсең, мен ыңғайсызданып қаламын. Алаң болмай тамақтан алып, арақтан іше бер, ең арысы кешкі тамақтан соң қайтарсыңдар, тіпті мас болып қалсаң осында жата саларсың,– деп жұбатты да, күндеріне тағы да шарап жылытып әкеліндер деп бұйырды. Арақ келген соң Шуе апай Бауиүйге қарап:

– Кәне, нағашы әпекең сенімен бірге екі тостаған шарап ішсін, сонан соң тамақ ішейік,– деді. Бұл сөзді естігенде Бауиүй қайтадан көңілденіп сала берді. Оны көрген Ли Мамай өзінің күң қыздарына сендер осында болыңдар, мен үйге барып киімімді ауыстырып келейін деді. Сонан соң Шуе апайға сыбырлап:

– Апай, тым сілтеп жібермесінші,– деп ақырын ғана құлаққағыс етті де шығып кетті.

Бұл үйде басқалармен ісі жоқ екі-үш қатын отырған, Ли Мамай кеткен соң олар да бір-бірден кете бастады. Соңында Бауиүйдің бабына қарайтын екі-үш күн қыз ғана қалды, олар ештемеге алаңдамай мәз-мейрам болып отырды. Бір жақсысы, Шуе апай ананы-мынаны айтып сөзге айналдырып жүріп Бауиүйге екі тостағаннан кейін арақты ішкізбей, дастарқанды жинап тастады. Бауиүй рақаттанып отырып бірнеше тостаған тауық сорпасын, онан соң көк күріш көжеден орта шыны ішті. Баучай мен Дайиүй де тамақтанып алып, онан соң қою шайдан бірнеше шыны ішті. Осыдан кейін Шуе апайдың көңілі орнығып еді, Шуеян бастаған бірнеше күн қыздар да тамақтарын ішіп болып, дастарқан жинауға келді.

Дайиүй ақырын Бауиүйге қарады да: “Сен қайтасың ба?” деп сұрады, Бауиүйдің көзі кіртііп кеткен екен, сөйтсе де өзінше қуланып көзін сығырайтып:

– Сен қайтатын болсаң екеуміз бірге қайтайық,– деп еді, Дайиүй дереу орнынан тұрды.

– Біз келгелі қашан, енді кеткеніміз жөн болар,– деді, Бауиүй екеуі үйдегілермен қоштасты. Кішкентай күн қызы сулық жабасалманы әкеліп ұсынып еді, Бауиүй өзің кигіз дегендей басын иіп, ыңғай танытты. Күн қыз қызғылт қоңыр киізден жасалған жабасалма сулықты қағып-қағып Бауиүйдің басына кигізді.

Бауиүйге оның жабасалма кигізгені ұнамады білем, “Байқасаңшы, епсіз неме, ақырын кигізсең болмай ма? Өзімнің кигенімді көр де тұр”, деп ұрысты.

– Бауиүй, бері кел, мен кигізейін,– деп еді, Бауиүй оның алдына жетіп барды.

Дайиүй оның айдарын сипап қойды да, қалпақтың жиегін мильықтан келтіріп кигізді, үлкендігі жаңғақтай шашақты түйінді қалпақтың сыртына шығарып қойды. Сонан соң бастан-аяқ шола қарап шықты да:

– Жарап тұр, енді үстіңе желдігінді жамылып ал,– деді. Бауиүй желдігін жамылды. Шуе апай асығыс сөйлеп кетті:

– Бірге жүретін апаларыңның бірі де жоқ, аздап тоса тұрындар,– деді.

– Оларды қашанғы күтеміз? Бізге өзіміздің күндеріміз ерсе болғаны,– деді Бауиүй.

Шуе апайдың өзі баруға көңілі шаппады, оларды ертіп апарып тастауға екі әйелді қосып берді.

Бауиүй мен Дайиүй оларға қош айтып, Жия әжейдің үйіне келді. Олар келгенде Жия әжейдікі кешкі асын әлі ішпеген екен, олардың

Шуе апайдың үйіне барып келгенін естігенде разы болып, қуанып қалды. Ол кісі Бауиүйдің арақ ішкенін біліп, бөлмеңе барып дем ал деді. Ол тыныш жатпай қайта-қайта шығып жүрмесін деп, оны қарауға арнаулы адам жіберді. Жия әжей:

– Ли апан көрінбейді ғой?– деп қойды. Сұрайтын жөні бар, ол кісі үнемі Бауиүймен бірге жүретін. Бауиүйдің арақ ішкеніне ренжіген Ли апай үйіне кетіп қалған. Бірақ тұрғандар олай айта алмады, жаңа келіп еді, бір жұмысы болды ма, шығып кетті ғой дей салды. Олардың сөзін естіген Бауиүй сенделектеген беті артына қарады да:

– Ол кісі сізден де ардақты болып алған, оны сұрап қайтесіз! Сол болмағанда менің өмірім екі күнге ұзарар еді,– деп қалды. Сонан кейін тәлтіректеп өз бөлмесіне келді. Чиңуын оның алдынан шығып күлімсіреп қарсы алды, дауысын көтере:

– Жарайды-ақ екенсіз, таңертең шабыттанып тұрған кезіңізде маған сия езгізіп едіңіз, небәрі үш әріп қана жаздыңыз да қаламды тастап кетіп қалдыңыз, сонан бері күні бойы күтіп отырмын, енді жазатын шығарсыз,– деді. Үстел үстінде қалам мен сауыт әлі тұр екен. Бауиүй таңертеңгі ісін есіне алып күліп алды да:

– Мен жазған үш әріп қайда?– деді.

Чиңуын оған қарап күліп алды да:

– Мына кісі мас болған екен ғой, өткенде ана ордаға кеткеніңізде маңдайшаға жапсырып қой демеп пе едіңіз,– деді.– Басқасы бүлдіріп алмасын деп саты қойып шығып, өзім жапсырдым. Қазір ғана болдым, қолым қатып қалыпты, тоңып тұрмын. Бауиүй ұялғанынан:

– Есімнен шығып кеткен екен ғой, қолың тоңса бері кел, мен жылытып берейін,– деп Бауиүй Чиңуынның қолын ұстап, оны ертіп барып таңертеңгі жазған үш әрпін көрді.

Аздан кейін оларға Дайиүй де келді, Бауиүй оны күле қарсы алды.

– Айналайын қарындас, сен шыныңды айтшы, мына үш әріптің қайсысы жақсы жазылған екен? Дайиүй оның көрсеткен әрпіне көз салса “қызыл көкі құзыры” деген үш әріпті көрді. Көрді де күліп жіберді:

– Бәрі жақсы екен, қандай көркем жазғансың, ертең маған да бір маңдайшалық жазып берсең қайтеді,– деді.

– Мені тағы алдадың-ау,– деп Бауиүй күліп жіберді.– Ширын әпекем қайда кеткен?

Чинуын ішкі үйді иегімен көрсетті, Бауиүй сол үйдің есігінен қарап еді, Ширын киімшен ұйықтап жатыр екен, оны көріп:

– Мәссаған, ұйықтап қалыпты ғой,– деп қойды. Дайиүй:

– Таңертең ана үйден дуфу қосқан бір табақ мәңті келіп еді, сен жақсы көретін тамағың болған соң, Жияжин ағайдың үйіндегі бәйбішеден сұрап алып, біреуден бергізіп жіберіп едім, алдың ба?– деді Чинуынға қарап.

– Сіздің беріп жібергеніңізден маған арнап беріп жібергеніңізді біліп едім, тамақтанып алғандықтан қойып қойғам. Мана Ли Мамай келіп, Бауиүй мұны жемейді, мен немереме апарып беремін деп алып кетті. Олар оны-мұны айтып тұрғанда Чияншуе шай әкелді.

– Қарындас, шай ішіңіз,– деді Бауиүй. Тұрғандар:

– Лин бойжеткен әлдеқашан кетіп қалған, сіз кімге сөйлеп тұрсыз?– деп күлісіп алды.

Бауиүй шайға отырғанымен, жарты шыны шай ғана ішті, сонан соң таңертеңгі шайды есіне алып, Чияншуден:

– Таңертең шай демдеп әкелгенде үш-төрт қайнатқан соң барып шығады деп едім ғой, бұларың не?– деп сұстана қарады.

– Мен таңертеңнен қалған шайды сізге алып қойып едім, Ли Мамай ішіп кетті емес пе,– деді.

Мұны естіген Байуиүй қолындағы кесені жерге бір-ақ ұрды, кесе күл-парша болып сынды. Чиншуенің көйлегі шылқа су болып кетті. Бауиүй долданып алған екен:

– Сонша әспенсітіп төбелеріңе көтеретін қай аналарың еді,– Чияшуге төне түсті,– кішкене кезімде бірнеше күн омырауын емген екем, соған бола ол тіпті менің әжемнен де ардақты болып барады, бүйте берсе бұл кемпірді қуып шығу керек болар. Мен дереу Жия әжейге барып айтайын,– деп сонда кетуге ыңғайланды.

Бауиүй келгенде қызықтыру үшін ұйықтаған болып жатқанымен Ширын ояу болатын. Бауиүй мәңті жайлы сұрағанда ол тұрмай-ақ қойсам да болатын шығар деп ойлап еді, тыныштық ұзаққа бармады, кесені лақтырып, ашу шақырғанда амалсыздан орнынан тұрып, оның қасына келіп сабырға шақырды. Сөйткенше болған жоқ Жия әжейдің жіберген адамы келді. Ол келген беті:

– Не болып жатыр?– деп сұрады. Ширын оған:

– Мен жаңа ғана шай құйып едім, тайып кетіп қолымнан кесені түсіріп сындырып алдым,– деді, сонан соң Бауиүйге қарап:

– Сен оны шын ниетіңмен қумақ болсаң, оның да жөн, шынында біз бәріміз де кетуді қалаймыз, бәрімізді бірге қуғаның жөн. Бірақ сен өзінді күтетін жақсы қызметшіні қайдан табатыныңды ойладың ба?

Бауиүй бұл сөзді естіп тоқтап қалды, Ширын оны қолтықтап төрге шығарып шешіндіре бастады. Не айтқанын ешкім білген жоқ, Бауиүй Ширынға бірдемелерді айтып күбірледі, бірақ басы айналып көзі шұбартып тұрған тілі күрмеліп ештеңе де ұқтыра алмады. Күтушілер оны орнына жатқызып қойды. Ширын оның мойнындағы тылсым меруертті алып, қолжаулығымен орап, жастығының астына тығып қойды, онысы ертең таққанда мойнына суық тимесін дегендегісі еді. Бауиүй басы жастыққа тие-ақ ұйқыға кетті. Сол кезде үйге Ли Мамайлар келді. Ли Мамай оның мас болып жатып қалғанын көрді де жанына жақындамады. Ұйықтады ма деп сұрады да ұйықтап қалғанын білген соң көңілі орнына түскен болу керек, қайтып кетті.

Ертеңгісін таңертең біреу:

– Ана ордадағы Жирұң мырза келіпті, жанында Чин Жұң бар екен,– деген хабар жеткізді. Бауиүй мұны естіп қуанып қалды, асыға алдарынан шығып, оларды Жия әжейге ертіп келді. Чин Жұңның қағылездігіне, жүріс-тұрысының ширақ екенін көріп Бауиүйге дос болуға лайықты екен деп ойлады. Әжей балаға разы болып, іші жылып қалды. Оларға шай құйып, тамақ даярлатты, шай ішкен соң тамақ піскенше жандарына адам қосып беріп, Уаң ханымның алдына жіберді. Чиншыны жақсы көретін ауыл адамдары оның бауыры Чин Жұңды тіпті ұнатып қалды. Кетерінде оған бәрі де арнаулы қонақ ретінде қарап, жол-жорасымен сыйлап аттандырды. Жия әжей кестелі орамал мен Күйшин әулетінің алтыннан жасалған суретін тарту етті де, “біліммен жолың ашылсын” деп бата берді.

– Үйің алыс, барып-келіп оқу қиын болар, осы үйде тұр, бірақ біздің әулеттің балалары шетінен әумесер, олардан үлгі алма, Басуыршу ағаңмен ілессең, жаман болмайсың,– деп қойды. Чин Жұң олардың ықыласына разы болып, әкеме айта барамын деп қойды.

Оның әкесі Чин Бание осы күнде бір мекемеде қызметкер еді, жасы жетпісті алқымдаған қарт адам, зайыбы ертеректе қайтыс болған екен, осы күнде жесір шал. Елу жасқа келгенше бала сүймей, жетімдер үйінен бір ұл, бір қыз асырап алған, ұлы жастай шейіт болып кетті де қызы ғана қалған. Ол қыздың аты Қыр еді, кейін Жиянми деп ат қойыпты. Қыз ержете келе үріп ауызға салғандай мүсінді, сұлу болып бойжетті. Чин Бание бұрыннан Жия әулетімен жамағайын туыс еді, енді құда болды, ол елу үш жасында осы Чин Жұңды көрді, бұл бала биыл он екі жасқа келді, былтыр мұғалімі түстік жаққа кетіп, баланың оқуы үзіліп қалды, ол үйде

отырып бұрынғы сабақтарын пысықтаумен жүретін. Баланың болашағын ойлаған Чин Баңие құдасымен ақылдасып, баласын солардың үй мектебіне берсем деп ойлап жүретін. Аяқ астынан Жия Бауиүй кездесті де ойлаған ісі орнына келе кетті. Чин Баңие Жия отбасында ұстаздық ететін тағылымшыл Жия Даруды да танитын, сондықтан Чин Жұң ол үйге барып отбасылық мектепте оқыса, жақсы тәрбие алатынына сенімді еді, тіпті атақ-абыройға да ілігіп қалар деген дәмесі де жоқ емес еді. Сондықтан қатты қуанды. Қолы қысқа болса да ол отбасындағылардың алдына қоңыр қалта баруды қаламады. Баласының тағдырына қатысты маңызды іс болғандықтан, әркім-әркімнен құрап-сұрап әжептәуір ақша жинап, жиырма төрт сәрі күміс алып Чин Жұңды ертіп, Жия Дайрудың үйіне сәлемдесе келді. Чин Жұң сәтті күндердің бірінде Бауиүймен бірге мектепке кіретін болды. Ол келген отбасылық жеке мектепте сол күннен бастап өте қызық оқиғалар үнемі болып тұрды.

Ал ол оқиғалардың не екенін келесі тараудан оқыңыздар.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Чин Баңие мен оның ұлы Жия отбасынан хабар күтіп жүрген. Олар отбасылық мектепке барып оқуға асығулы еді. Чин Жұңмен кездесіп әңгімелесуді аңсап жүрген Бауиүй осыдан үшінші күнді оқуға түсу күні етіп белгілеп қойған. Ол дереу Чин Жұңға хабаршы жіберді. Мектепке баратын күні Бауиүй өзінше ерте тұрып еді, Ширын әлдеқашан оның қағаз, қалам сияқты оқуға қажетті заттарын дайындап қойып, өзі төсегінде мұңайып отыр екен. Бауиүй киімін киіп болған соң оның қасына келіп, жуынып-тарануына көмектесті. Бауиүй оның жүзіндегі мұңды байқап қойған болатын.

– Әпеке, сен неге құлазып отырсың? Мен мектепке кеткен соң жалғызсырап қалам ба деп қорқып отырғаннан саусың ба?– деп сұрады.

Ширын күліп жіберді, күлген болып өзін-өзі көңілді көрсетуге тырысты, сөйтті де:

– Неге олай дейсің, оқу деген жақсы емес пе, оқымасаң өмірің өксіп өтеді, ақыр аяғында қандай күйге тап боларыңды кім білсін. Менің саған ескертейін дегенім: мектепте тек оқуға ғана көңіл аудар, басқа нәрселерді ойлама, бос кезінде үйінді де ойла,

басқалармен бірге ойын қуып кетпе, төре атам көріп қалса қиын болады, қанша талантты болсаң да сабақты мұқият оқығаның жөн. Бірден бәрін ұғып аламын деп те зорланба, қорыта алмай қаласың, денсаулығыңа да қара. Менің тілегім осы, өзің ойлап салмақтарсың,— деді. Бауиүй оның сөзін құп алды.

– Тері киімдеріңді де орап, күтушілерге беріп қойдым,— деді Ширын бір түрлі жақындық сезіммен. Сонан соң: мектепте суық шығар, уақытыңда ұмытпай ауыстырып киіп жүр. Үйге қайдан жетсін, мұндағыдай қамқоршы қайда онда, аяқошақ, қолошақтарыңды да беріп жібердім, ұмытпай от жақтырып жылынып жүр, жалқаулар өзің айтпасаң ұмытып кетер, суық тигізіп алма,— деп ескертті.

Бауиүй де оның бұл қамқорлығына дән риза еді, оған біртүрлі жаны ашығандай болып:

– Алаң болма, өзім бәрін де реттеймін ғой,— деп қойды.— Сенде үйде бұйығып отыра бермей Лин, Дайиүймен бірге ойнап, көңілінді көтер,— деп сөйлей жүріп, киініп алды. Ширын енді Жия әжей мен Жияжиң, Уаң ханымдар күтіп отыр, сонда бар деп асықтырды. Бауиүй Чиңуын мен Шиуеге де ақылын айтып, сонан соң Жия әжейге келді. Жия әжей де өз ақылын айтып жатыр, одан шығып Уаң ханымға барып қоштасты да кітапханаға барып Жияжиңмен кездесті.

Бұл күні Жияжиң кітапханада әдебиетші мырзалармен жай әңгіме-дүкен құрып отырған. Бауиүй кіріп келіп сәлем беріп, өзінің оқуға бара жатқанын айтқанда Жияжиң зәрленіп күліп алды да:

– Оқуға барамын деген сөзді мұнан кейін естімейтін болайын, сенің қылығыңнан ұяттан өлер болдым. Сен алдымен өзіңнің ойыныңды білсең болғаны. Сонан соң есінде болсын, бұдан былай лас аяғыңмен келіп үйді былғама, лас денеңмен босағаны былғама,— деді. Әдебиетшілер орындарынан тік тұрды.

– Мырза, олай деменіз, оқығаны жақсы ғой, жақсы оқыса екі-үш жылда-ақ атақты адам болып шыға келеді, бұрынғы балалығын енді қояды,— деп жаймашуақтап келді де,— тамақ уақыты болған екен, бекзадаға рұқсат етіңіз!— деді. Содан соң қартаң тартқан екі мырза Бауиүйді қолтықтап шығарып салды.

Жияжиң Бауиүймен еріп келген кім деп дауыстады, сырттан үш-төрт азамат кіріп келді де бастарын иіп амандасты. Жияжиң олардың бірі Бауиүйдің сүт анасының ұлы Ли Гүйді таныды да:

– Сендер де Бауиүймен бірге мектепке барып тұрасыңдар, ол өзі қазір қандай кітаптар оқып жүр? Байқаймын, қайдағы көдісөді бірдемелерді оқып, содыр-сотқарлық үйреніп жүрген түрі

бар. Жөндеп қарау сендерде жоқ, қолым босаған соң алдымен сенің сазайынды беремін. Содан соң ана оқу қонбайтын миғұламен сөйлесермін,— деді. Бұл сөзді естіп шошыған Ли Гүй тізерлеп отыра қалды да тымағын жұлып алып, жалаңаш басын жерге ұрып:

– Құп, тақсыр, мырзамыз қазір “Жырнаманың” үшінші кітабын оқып жатыр. Өзі қиын екен “Бұғы дауысы естіледі тым ашық, Теңгежапырақ көктегенде гүл ашып” деген бір жолы есімде қалыпты, ұғып та жатқам жоқ, өтірік айтып қайтейін,— деп мінгірледі. Отырғандар оның сөзіне ду күлді. Жияжиң да өзін өзі ұстай алмай кеңкілдеп күле берді.

– “Жырнаманың” отыз томын оқыса да одан не пайда, құлағын басып, қоңырау ұрлағанның кері ғой, баяғы өзін өзі алдау деген осы. Сен мектепке барып молдаға сәлем бер және менен сәлем айт: “Жырнама” немесе одан басқа да көне әдебиеттерді оқытып басын қатырмасын, алдымен “төрт кітапты” түгел оқытып, жаттатып, түсіндірсін, керегі сол,— деді.

Ли Күй Жияжиң ұлықтың сөзін құптап басын изей берді, Жияжиң үндемеген соң барып, ақырын орнынан тұрып үйден шыға жөнелді.

Бұл кезде Бауиүй аула сыртында жалғыз өзі олардың шығуын күтіп тұрған, Ли Гүйлар шығып үсті-бастарын қағып:

– Мырза, естідіңіз ғой, алдымен біз таяқ жейтін болдық, басқалардың құлы қожайынымен тонның ішкі бауындай екен, ал біз қарадай боқтық естіп, таяқ жейміз де жүреміз. Бізге де жаныңыз ашысын,— деп күнкілдеп алды. Бауиүй олардың өкпелеген сөздерін естіп, іштей ыңғайсызданып қалған еді. Оларға естірте:

– Ағатайлар-ау, мені жазғыра бермендерші, ертең өздеріңе арнап қонақасы бергізейін,— деді. Оның бұл сөзін естіген Ли Гүй:

– Кішкентай тақсыр-ау, сіздің қонақасыңыздан дәметіп жүрген біз жоқ, оған дәтіміз де бармас, бірер ауыз жылы сөзіңізді естісек те болар еді ғой бізге,— деді.

Олар әңгімелесе отырып Жия әжейдің үйіне де келді, Чин Жұң әлдеқашан келіп алыпты, Жия әжей екеуі әлдене туралы кеңес құрып отыр екен. Бауиүй мен Чин Жұң Жия әжеймен қоштасып мектепке кетіп бара жатыр еді, Дайиүйге қоштаспағаны есіне түскен Бауиүй дереу Дайиүйдің бөлмесіне келді. Олар келгенде Дайиүй терезе алдында айнаға қарап жасанып тұрған, Бауиүй келіп оқуға баратынын айтқанда, қалжың-шыны аралас:

– Жарайды, бара бер, енді биікке қанат қаққан екенсің, жолың болсын, бірақ мен сені шығарып сала алмайтын болып тұрмын,— деп күліп қойды.

Бауиүй оның сөзін көңіліне алған жоқ, қайта ол ренжіп қалды ма деген оймен:

– Айналайын қарындасым, сен ренжіме, мектептен шыққан соң кешкі тамақты бірге ішеміз. Әлгі саған ұнайтын опа-далаптарыңды келген соң жасармыз,– деп екеуі онан ары бірдемелерді айтып аз шүңкілдесіп алды да, Бауиүй шығып кетті. Дайиүй дауыстап оны тоқтатып:

– Асыл әпекене барып неге қош айтпадың,– деп еді, Бауиүй жауап қатпастан жымыып күліп алды да Чин Жұңмен бірге мектепке кете берді.

Баяғы бір замандарда Бауиүйдің ұлы атасы салдырған бұл мектеп сонан бері бекзадаларды ақысыз оқытып келеді, өзі үйден тым алыста да емес еді. Оған әулеттегі өз күштерімен мұғалім жалдап оқыта алатын адамдардың балалары кіретін, әулеттегі бай, бар адамдар мектептің оқу қаражатына қаржылай көмек көрсетіп келеді. Жасы үлкен білімді адамдар ғана мұғалім болады. Бүгін сол мектепке Чин Жұң мен Бауиүй де келді, олар бір бірімен кездесіп, көптен бергі армандары орындалып қуанысып қалды. Екеуі сол күннен бастап оқуға кірісті. Содан бастап екеуі жұптары жазылмайтын достарға айналды. Оның үстіне Жия әжейдің де Чин Жұңға деген ықыласында шек жоқ еді, көбінде оны жібермей, өз үйінде қондырып қалатын. Бір барса төрт-бес күн жібермей қоятын, оны да өзінің аяулы немересі Бауиүйден кем көрмей, екеуін бірдей әлпештеп отыратын. Чин Жұңның отбасының қолы қысқа екенін ескеріп, киім-кешекпен қамдап, оған қарайласып тұрды. Сөйтіп жүріп бас-аяғы екі айға жетпей Чин Жұң Рұңгофу шаңырағындағылармен әбден танысып, үйір-шүйір болып кетті. Әдеп-иба дегенді білмей, бейбастақ өскен Бауиүй ғана кейде Чин Жұңға: “Екеуміз құрдаспыз, оның үстіне сабақтаспыз, сондықтан мұнан былай аға-іні деп сынықсымай, дос болу жағын ойланайық”, дейтін. Бұған Чин Жұң алғашында көнбей жүрді. Оның көнбегеніне Бауиүй қоймады. Оны туысқаным деп кетті, шақырғанда Жиңчиң деген лақап атымен шақыратын, бара-бара Чин Жұң да оны бірде бекзада десе, бірде туысым деп шатаса беретін.

Бұл мектепте осы рудағылардың балалары мен олардың туыстарының балалары ғана оқитын, дегенмен “мал аласы сыртында, адам аласы ішінде” дегендей, адам көбейіп кеткен соң мектеп іші миша былығып, азғындардың көбейіп кеткені рас болатын. Енді олардың ішіне Бауиүй мен Чин Жұң келіп кірді.

Чин Жұң ұяң, жасқаншақтау бала еді, сөйлесе болды бетіне қаны теуіп қызара қалатын, қыз мінезділеу. Ал Бауиүйдің тұлғасы әсем емес, болса да мінезі тік, сөзі дөрекі еді. Ол екеуінің өте тату болуы сыныптағы балалардың арасында күдік туғызды. Арттарынан өсек еріп, сынып ішінде де, сыртта да сөз көбейіп кетті. Уаң ханымның қасына келген соң мұнда балалар оқитын отбасылық мектептің бар екенін білген Шуеян сол мектепке келген, бірақ ол оқуда Лұң Иянға(қызтеке) әуес еді. Сондықтан Жиядайруға тілашар бергені болмаса, оқып жарытқан жоқ, миына оқу қонбады, бар пайдасы дос-жаран, тамыр-таныс тауып, тобын көбейтті. Мектептегі шәкірттер Шуеяның жомарттығына қызығатын, сөйтіп жүріп талайы оның тұзағына шырмалып та қалған. Ол жағдайды бастан-аяқ сөз етіп отырмаймыз. Десе де, қай әулеттің туысы екені белгісіз, аты-жөндері бөгде, өздері тым сымбатты, өрімдей екі шәкіртбала бар еді, сол екеуі туралы аздап әңгіме қозғамаса болмайтын түрі бар. Балалар ол екі баланың бірін Шиялияң, бірін Юүй-ай дейтін, ол өз аттары емес, жұрттың қойған лақабы еді. Басқа оқушылар әуейілік балаларға зиянды деп қорықса да Шуеяның жақтастарынан қорқып, оларға бұл ойларын айта алмайтын. Чин Жұң мен Бауиүй ол екеуіне көрген жерден ғашық болса да, олардың Шуеянмен таныс екенін ойлап, бойларын тартып жүрді. Шиялияң мен Юүй-айдың көңілі де Бауиүй мен Чин Жұңда еді. Ақыры ол төртеуінің махаббаты ояна бастады, дегенмен ауыздарынан ондай сөз шықпады, мектепте төртеуі төрт жерде отыратын, соған қарамастан көздері тоғыса беретін болды. Кейде аздап тіл қатыса қалса, бірін бірі сөздерінен түсініп, кейде тіпті табиғи түрде жүректері үндесіп жақын тартатын болды. Өздері басқалардың көзіне түсіп қалудан сақтанып жүретін. Ғашықтық жасырылмайды деген сөз рас екен бұлар қанша сақтанып жүрсе де бірнеше қу балалар олардың жайын түсініп болған, ыңғайын тауып, оларды мазақ ететінді шығарды. Олар ұзақ уақыт солай жүре берді.

Бір күні Жиядайру жеті сөзді сыңар босағалық жазды да, жалғасын ұйқастыруды балаларға тапсырды, және сендер осы босағалықтың ұйқасын тапсаңдар, ертең келіп сабақ өтемін деп, балардың оқуын үлкен немересі Жияруйға тапсырды, өзі жұмысым бар еді үйіне қайтып кетті. Ол кезде Шуеян оқуға құлқы жоғалып, мектепке келіп төбесін көрсетеді де кетіп қалады. Бүгінде солай болды, Чин Жұң оның жоқтығын пайдаланып, Шиялияңға көзін қысып, қас-қабағын ойнатып ымдасып қалды. Сөйтіп кіші дәретке

шығамыз деп артқы аулаға шығып сөйлесе бастады. Чин Жұң аз үнсіз тұрды да, Шиялияңнан:

– Сенің әке-шешең басқалармен достасқаныңа қалай қарайды?– деп сұрай беріп еді, бірақ сөздері аяқталмай ту сырттарынан біреудің жөтелгені естілді.

Тіксініп қалып, селк ете түскен екеуі арттарына қараса, Жин Рұң дейтін сабақтастары екен. Шиялияңның мінезі қызбалау еді, бір жағынан ұялып, бір жағынан ызаға булығып оған дүрсе қоя берді:

– Сені неге жөтел қыса қалған, бізді сөйлестіргің келмей ме?– деп қадала кетті.

– Сендер сөйлессендер болады екен де, менің жөтелуіме болмай ма?– деді Жин Рұң қуланып.– Ал өздерің қалтарыста күбір-сыбыр етіп не істеп тұр едіңдер? Үстілеріңнен түссем де жалтарасыңдар ма? Сендер маған ауызбастырық берсендер, аузымнан шығармаймын, олай болмаса көптің алдында қылықтарыңды жайып саламын.

– Ненің үстінен түстің?– деп Чин Жұң мен Шиялияң қызарақтай берді. Жин Рұң да тартынар емес:

– Ненің болушы еді, нағыз шындықтың үстінен түстім,– деді шапалағын шарт-шарт ұрып:– достар, мұнда келіндер, саба пісетіндерің түгел келіндер,– деп қылжақтай бастады. Чин Жұң мен Шиялияң шамданып шиыршық атып, сыныпқа алқын-жұлқын кіріп келді. Келді де Жин Рұңның мазақтағанын айтып Жия Рұйға шағым жасады.

Жия Рұй барып тұрған пайдакөс, өзімшіл еді, мектепте көптің мүлкін иеленіп алатын, балаларды алдап, болмаса зорлықпен қонақ болатын, Шуеянды айналдырып, арақ-шарабын ішіп, тамағын жеп жүретін. Сондықтан Шуеян қанша оғаш қылық көрсетсе де оны шектемей, қолтығына су бүркіп, тіпті оған жағымсып жүретін.

Ал көрсеқызар, тұрақсыз Шуеян таяудан бері жаңа достар тауып алып, Шиялияң мен Юүй-айдан бет бұрып кеткен. Оны қойып осы Жия Рұйдың өзі де бір кезде оның жан досы болған, Шяң Лиян мен Юүй-айды тауып алған Шуеян оны да керексіз етіп тастап кеткен. Жуықтан бері ол екеуінен де безгенін байқап жүрген. Жия Рұйдың да жақтастары қалмаған соң Шуеянның тұрақсыздығын айыптамай, Шиялияң мен Юүй-айға Шуеянның алдында маған жақтаспадыңдар деп өкпелеп жүретін. Сондықтан Жия Рұй мен Жия Рұң да ол екеуін күндеп жүрген. Чин Жұң мен Шиялияң екеуін Жин Рұңның үстінен шағынып келгенін көргенде ол іштей ыңғайсызданып қалды. Чин Жұңға дауыс көтере алмады

да. Таз ашуын тырнадан алады дегендей, Шиялияңға қашан көрсең сенің шатылып жүргенің деп қорлап алды. Одан ешқандай көмек болмайтынын байқаған Шиялияң мен Чин Жұң амалдары құрып, орындарына отырды.

Жин Рұң өрекіп алған екен, ерікті ауызға бөрікті бас деген сөз бар емес пе, басын шайқап қойып талай сөзді жіберді, өзі айтып, өзі танданып тандайын қағып қояды. Оның сөздерін естіген Юүй-ай шыдай алмай кетті, екеуі екі жақта отырып алып айқайлап керісе жөнелді. Жин Рұң тіпті қырсығып алды: артқы аулада ана екеуі бірінің бетінен бірі сүйіп, бөкселерін сипалап тұр екен. Екеуі сөз байласып тұрғанына куә болдым деді. Ол өз мақсатына жету үшін аузына келгенін соғып тұрған, бұл жерде көлденең көз бар екенін ескермеген. Ол сол бейбастақ сөзімен тағы біреудің шамына тигенін байқамай қалды. Оның бұл сөзіне шамданған кім дейсіздер ме?

Оның есімі Жия Чияң еді, өзі Нингофу ордасына жамағайын туыс болып келетін, әке-шешесі ертеде қайтыс болып, бала кезінен Жия Жиннің үйінде тұратын. Жасы он алтыда, Жия Рұңға қарағанда келбетті жігіт еді. Ағайынды екеуі бірге жүретін, өте тату еді, алайда Нингофу ордасында адам да көп, ол ауылдың адамдары тым бейпіл ауыз болғандықтан, құлдар қожайындарының сыртынан қауесет өсек таратып жіберді. Ыңғайсыз өсектердің тарап жүргенін сезген соң Жия Жин өсектен бойын алып қашқысы келді ме, оған өз басына үй тігіп беріп, Нингофудан ауаша орналастырды. Сымбатты да зерделі Жия Чияң мектепке шақырылып, оқып жатқан, алайда мұнысы көз алдаған далбаса еді. Ұзақ күнді ауыл аралап, әтеш соғыстырып, ит таластырып сенделіп жүретін. Бірақ үлкендерден Жия Жин еркелетіп, мектепте Жия Рұң қамқорлық жасап, сүйемелдеп отырғандықтан, бұл жерде оған ешкім де тиісе алмайтын. Ол Жия Рұңмен шығарда жаны ғана бөлек дос болғандықтан, Чин Жұңды біреудің қорлағанына қалай шыдасын. Ол бұл істің ақиқатын тексермек болып көсемсіп, толғанып кетті. Ақыры Жин Рұң мен Жия Рүй екеуі де Шуеян ағайдың достары, ал мен Шуеянмен жақын жүремін, егер бұл жолы өзім кеуде керіп, көзге түсе қалсам, олар мені Шуеян ағайға айтып, арамыз бұзылар, ал бұл сөзді тыйып тастамасам елге тарап кетсе жақсы болмас. Бұлардың ебін тауып, бетке шіркеу келместей етіп жақтарын қарыстырайын деп ойлады да, дәретке шығамын деген сылтаумен артқы аулаға барды, ол Бауиүйдің серік болып сабақ қарайтын Миңиянды ерте барған, енді оның қолтығына су бүркіп шағыстырды.

Миңиян Бауиүйдің ең сенімді де тегеуірінді қолшоқпары, оның үстіне көп істің байыбына бара алмайтын жастау еді. Жия Чияң оған Жин Рұң Чин Жұнды қорлады, тіпті сендердің мырзаларың Бауиүйді де балағаттап тастады. Оған танытып кою керек деді. Бұл сөзді естігенде онсыз да қарадай ұрынарға қара таппай жүретін Миңиян өзіне Жия Чияңның тірек болатын ыңғайын көрген соң, сыныпқа танауы делдиіп екпіндеп кірді, Жин Рұңға көрген жерден дүрсе қоя берді. Оны бұрынғыдай мырза деп әдептілік танытпады:

– Ей, Жиннің бөлтірігі, сен қайдан шыққан бассыз немесің?– деп ұтаса кетті. Оның тым қатты кеткенін көрген Жия Чияң іштей қылпылдап, етегін қағып-сілкіп, киімін түзеген болып теріс қарап:

– Уақыт болып қалған екен, менің жұмысым бар еді,– деп Жия Рұйдан ертерек қайта беруге рұқсат сұрады. Жия Рұй оны тоқтатуға батылы бармай, бара бер дегендей ишара білдірді.

Миңиян соның арасынша Жин Рұңның жағасынан ала түсті де:

– Біз бір-бірімізге шөгеміз бе, қоямыз ба, онда сенің не әкеңнің құны бар, нең күйіп кетіп еді, әкеңнің артын жалаңаштамаған соң жайыңа жүрсең болмай ма? Мықты болсаң бері шық, әкеңді көзіңе көрсетейін, әкеңнің аузын...– Оның бұл бетімен ештеңеден тайынбайтынын байқаған сыныптағы оқушылар үркердей болып орындарынан тұрып алды. Сол кезде Жия Рұй:

– Миңиян, сен енді албаты былжырама,– деп зекіп қалып еді. Ашудан қаны басына теуіп, қаны қарайып алған Жин Рұң да аянып қалған жоқ:

– Антұрған неме, сенің менде не жұмысың бар, үндемегенге енді құл-құтандар да басынайын деген екен, мен сенің қожаңмен есептесейін,– деп білегін сыбанып Бауиүйге ұмтылды. Чин Жұң бұрыла беріп еді, арт жағынан әлдененің ауада ысылдап ұшқан дыбысы естілді. Жалт қараса, бір сиясауыт ұшып келеді екен, ол Жиялияң мен Жия Жұннің ортасына келіп шарқ ете түсті. Бірақ оны кімнің атқанын байқай алмады.

Жиялияң мен Жия Жұн Рұңгофу ордасы жақындарының әлпештеп отырған немерелері еді. Жия Жұн әкеден жастай жетім қалған, шешесі басынан құс ұшырмай әлпештеп өсірді. Сыныпта Жиялияңмен дос болғандықтан екеуі үнемі бірге отыратын, Жия Жұн жасы кіші болса да, жігерлі, елден қайтпайтын өткір әрі содыр бала еді. Ол Жин Рұңның досының Миңиянға сауыт лақтырғанын көріп қалған екен. Бірақ сауыт нысанадан ауытқып, өзінің алдына келіп түсіп, быт-шыты шықты да кітаптарын сия жауып кетті. Жия Жұн үшін бұл онай соққы емес еді.

– Жатқаныңнан тұрмағыр, енді маған қол жұмсадың ба?– деп сыбап ала жөнелді. Сөйтті де өзінің сиясауытын лақтырмақ болып оқтала беріп еді, қашанда сабырлы қалпынан танбайтын Жиялияң сиясауытты қолымен баса қойып, оған ақыл айтып тоқтатпақ болды:

– Бауырым, сабыр сақта, бұл бізге лақтырылған сауыт емес,– деп еді, оған қараған Жия Жүн жок, сиясауытты бермеген соң, алдындағы кітаптарын құшақтай ұстап жіберіп қалды. Ол денесі нәзік, әлсіздеу еді, кітапты көздеген жеріне жеткізе алмады. Кітап Бауиүй мен Чин Жұнның алдына барып түсті. Гүрс еткен дауыспен бірге Бауиүйдің шай ішіп отырған кесесі шағылып, шайы төгіліп қалды.

Жия Жүн секіріп ортаға шығып, сауыт атқан баланы ұруға тұра ұмтылды. Бұл кезде Жин Рұң қолына бамбук таяқшасын ұстап алған, бірақ жер тар, адам көп болғандықтан ұзын таяқ икемге келмеді, десе де алғаш сілтеген таяғы Миңиянның басына тиген екен, ол даурығып ала жөнелді.

– Мен сойылға жығылып жатсам, сендер болыспай неғып тұрсындар?– деді. Бұл жерде Бауиүйдің тағы да бірнеше сойыл соғары бар еді, оның бірінің аты Сау Хұң, бірінің аты Чоюе, енді бірінің аты Мойиүй еді. Үшеуі де бірінен бірі асқан содыр болатын, Миңиянның айқайы шыққан замат атылып ортаға шықты.

– Тоқалдан туған ит, сойыл жұмсағанды мен саған көрсетейін,– деп Мойиүй есіктің ергеншегін ала сала ұмтылды. Сау Хұң мен Чоюе де қамшыларын ала сала ортаға шыққан екен, бұларды көрген Жия Рүй шынымен сасайын деді, біресе анасына, біресе мынасына жүгіріп, әбігер болды да қалды. Бірақ оны тыңдаған ешкім болмады, сыныптың іші соғыс майданына айналып, жұрттың бәрі жінігіп алды. Біреулер келіп жұдырық жұмсап, айызы қанып жүрсе, біреулер бойын қорғап, шет жаққа ығысыпты. Үстелдің үстіне шығып алып қолдарын шапалақтап күліп мәз-мейрам болып тұрғандар да бар.

Сыртта тұрған Ли Гүй қатарлы үлкен жалшылар сынып ішінде төбелес болғанын білген соң сыныпқа кіріп, балаларға ашу шақырып зекіп, балаларды тоқтатты да, төбелестің неден шыққанын сұрастыра бастады. Бірақ, анау жазықты, мынау жазықты деп бірін-бірі жазғырған балалардың сөзінен ештеңе ұға алмады. Ли Гүй сөздерін тыңдап болған соң Миңиян бастаған төрт сотқарды айыпты деп тауып, ұрсып сыныптан қуып шықты. Жин Рұңның қолындағы бамбук таяқ Чин Жұнның басына тиіп, терісін

сыдырып кеткен екен, Бауиүй оның басын шапанының өңірімен бүркеп тұр. Басқалардың даусы бәсеңдеген орайда ол:

– Ли Гүй, кітаптарды жиыстыр да ат әкел, ұстаздың алдына барамын. Бізді мыналар әбден басынды, әдептен озбасам да Жия Рүй ағайдың бізді жөнсіз сөккенін, басқалардың бізді қорлауын көре тұра жол бергенін, өзі аналарды айтақтап, бізді ұрғызғанын айтамын,– деді.– Басқалар мені басынып ойына келгенін істеп жатқанда Миңиян маған болысқаны үшін, олар жабылып оны сабады. Тіпті, Чин Жұнның басын жарып тастады. Енді бұл мектепте қалай оқимыз?– деді.

Ли Гүй оның сөзіне сене қойған жоқ, сондықтан оған ағалық ақылын айтып тоқтатпақ болды:

– Бекзада, албырттықты қойыңыз, ұстаз жұмысы болған соң үйіне кетіп қалған, осы болмашы іске бола ол кісіге жүгіріп барсақ, жөн болмас, өзімізді өзіміз әдепсіз етіп көрсетеміз. Менің ақылымды алсаңдар, мұндай іс қайда туса, сонда қалғаны абзал. Үлкен адамды жоқ нәрсеге бола мазаламайық. Мұның бәрі Жия Рүй ағайдың кесірінен болған екен, ағай, сіз ұстаз жоқта осы мектептің басшысы емессіз бе? Балалар сізге қарап, сізден үлгі алады, сіз не десеніз, соған тоқтайды, балалардан ағаттық кетсе, ұрасатынына ұрсып, ұратынын ұрып жазаласаңыз да пәлені өрбітпей басып тастауыңызға болар еді ғой? Екі баланың ерегесі төбелеске ұласқанша жұмысыңыз болмай, өз алдыңызға отырғансыз, бұл қайткеніңіз?– деді.

Жия Рүй өзін ақтап:

– Мен бұларға ұрсып та тоқтата алмадым,– деп еді. Ли Гүй оған:

– Ашулансаң да айтайын, бұлардың алдында жайшылықта өзіңіздің де кінәңіз бар болғаны ғой, сондықтан балалар тіліңді алмаған. Егер ұстаздың алдына жүгінетін болсақ, сіз де аман құтылмайсыз. Онан да бір ақылын тауып, балаларды тыныштандырыңыз!– деді.

Бауиүй оның сөзі аяқтала бере:

– Ол нені жөнге салмақ, мен ұстазға бармай тоқтамаймын,– деді. Чин Жұң да:

– Бұл мектепте Жин Рұң оқитын болса, мен кетемін,– деп жыламсырады. Бауиүй оған қарап:

– Қой, мұның не, басқалар оқыған мектепте біз оқымайтын не болыпты, мұның не сенің? Онанда Жин Рұнды бұл мектептен қуып шығу керек, мен жұртқа айтып бәрін ұқтырамын,– деді. Бауиүй сонан кейін Ли Гүйден:

– Бұл Жин Рұң бізге қалай туыс болады өзі?– деп сұрады. Ли Гүй ойланып қалды, сонан біраздан кейін барып оған жауап берді:

– Оны сұрап қайтесің, оның қандай туыс екенін айтар болсақ, туысқандар ортасына іріткі салған болармыз,– деді. Сол кезде Миңиян терезенің сыртынан келіп айкай салды:

– Ол шығыс ордадағы Жияхуаң бәйбішенің жиені, сондықтан күштінің арты диірмен тартып, бізді басынып тұр емес пе? Жияхуаң бәйбіше мұның нағашы апасы. Жин Рұң сенің ол нағашы апаң ел қалай көшедінің өзі, Уаң Шифың бәйбішенің алдында қойдан қоңыр болып, күрдай жорғалайтынын талай көргем, мен ондай бәйбішені адам екен демеймін,– деді.

– Мына иттің күшігі қайдан біліп жүр, өңшең қу ауыздар, аузына сөз тоқтамайтын қайсысы айтты екен,– деп кіжінді Ли Гүй. Бауиүй оны естіген соң:

– Мен қайдан келген туысымыз деп жүрсем, Жияхуаң жеңгейдің жиені екен ғой,– деп зілдене күліп қойды.– Мұның жайын Жияхуаң жеңгейдің өзіне айтайын,– деп кетуге дайындалды, Миңиянды кітап көтеруге шақырды. Миңиян сыныпқа әлденеге қуанып күле кірді де:

– Мырза, бұған бола сіз несін әуре боласыз, мен барайын да өз апамның сізде жұмысы бар екен деп шақырып келейін, сол дұрыс емес пе?– деді. Олардың сөзін естіп тұрған Ли Гүй ашуланып кетті:

– Ой, өлмесек өмірем қап, бәлем, тұра тұр, үйге барған соң жазанды берермін сен иттің! Сонан соң ұлық ата мен ханымға Бауиүйді желіктіріп пәлеге итермелеген осы деп көрсетермін. Қарай гөр, мен мұнда басу айтып, берекеге шақырып әлекпін, ал сенің отты шаладай айналаңды өртеп тұрғаның мынау,– деп зекіп тастады. Миңиян осыдан кейін барып сабасына түсіп, үндемей тұрып қалды. Мұны көрген Жия Рүй оқиғаның онан ары өршіп кетуінен қатты қорықты. Оның үстіне өзінің де сүттен ақ, судан таза емес екенін ойлап ұнжырғасы түсіп, Бауиүй мен Чин Жұңға келіп жалына бастады. Ол екеуі алғашында көнбей тік шапшып еді, біраздан кейін Бауиүй:

– Жарайды, қайтып кетпей-ақ қояйық, бірақ Жин Рұң аяғымызға жығылсын,– деді. Оның бұл талабына алғашында Жин Рұң да көне қоймап еді, Жия Рүй оған кешірім сұрай сал деп өтінді. Ли Гүй бастаған ересек балалар да:

– Кеселді бастаған өзіңсің, сен кешірім сұрамай қырсықсаң, бұл іс тыныш бітпейді,– деп болмаған соң, енді қасарысудың реті жоқтығын біліп, Чин Жұңға басын иіп кешірім сұрады. Бауиүй

оның бұлай кешірім сұрағанына разы болмай, шынымен кешірім сұрағысы келсе, аяққа жығылсын деп тұрып алды. Жия Рұй бұл оқиғаны уақытша болса да баса тұруды жөн көріп, Жин Рұңға:

– Бұрынғылар “жауын шектей білген жеңілмейді” деген емес пе. Сен олардың аяғына жығыла сал,– деп ақыл айтты.

Жин Рұңның ол ақылға көнген-көмбегенін кейін білесіздер.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Қарсы жақтың адамы көп, күші мығым еді, оның үстіне Жия Рұй айыбыңды мойныңа ал деп тақымдап қоймаған соң, басқа амалы қалмаған Жин Рұң көптің ауқымына көнуден басқа жол жоқ екенін байқап, Чин Жұңның аяғына жығылды. Бауиүй сонда барып райынан қайтып, сабасына түсті де, оқушылар тарай бастады. Жин Рұң да үйіне қайтты. Дегенмен оның көңілі астан-кестен еді, оқиғаны ойлаған сайын ашуы алқымына тығылып, кеудесіне бір нәрсе толып тұрғандай іштей мүжіліп қапалана берді. Ақыры Чин Жұң бар болғаны Жия Рұңның балдызы, Жия әулетінің адамы емес, тіпті қандастығы да жоқ, Бауиүйге серік болып оқып жүргенімен, түбін қуғанда ол да мен секілді көлденең көк аттының бірі емес пе! Артына қарамай Бауиүймен ауыз жаласып алыпты, соған арқаланып адам баласын көзге ілмей менмен болып барады. Ісі адал болып тұрса, оның жөні бір басқа, Бауиүй екеуінің істемейтін сұмдығы жоқ, сонда өздерінен басқаларды түк көрмейтін соқыр деп ойлай ма? Бүгін оның ана біреумен жанасып тұрғанын өз көзіммен көрсем де мойындамайды. Мен одан қорықпауым керек еді, іс ушығып, ұрыс-төбелес шығатын болса, болғанын көріп алуым керек еді деп қойды. Алайда ол ашулы болғандықтан ішінен сөйлеймін деген сөзінің көбі анық естіліп тұрды, оның шешесінің аты Хушы еді, баласының күбірлеп сөйлеп жүргенін естіген ол:

– Сен не бүлдіріп жүрсің, мен жалынып-жалпайып жүріп апайыңа айтып, апайың беттің арын белбеуге түйіп батыс ордадағы Жиялиянның әйеліне айтып жүріп сені осы оқуға әзер енгізбедік пе? Біреуге иық сүйемсек, өз алдымызға мұғалім жалдайтын шамамыз бар ма? Ал мектепте ішер ас дайын көрінеді. Сен сол мектепке кірген екі жылдан бері талай қаражат үнемдедік. Сол қаражатқа қалаған киіміңді де алдың, оны былай қойғанда сол мектепте оқымаған болсаң Шуе мырзамен таныса алар ма едің, Шуе мырза бір жылдың ішінде 70-80 сәрі күміс беріп отыр, біз үшін бұл аз табыс емес. Балам, сен тойғаныңды көтере алмай

жүрген секілдісің, қашан айттың деме, бұл мектептен қуылсаң, мұндай орайды табу көкке шыққаннан да қиын. Ақылың болса өз жайыңды біліп, лайығымен ойыңды ойнап, уағында ұйықта да, сабағыңды қарап, ертеңгі күніңнің қамын ойла,— деді. Жин Рұң шешесіне ештеңе деген жоқ, іштей ызаланып жатып ұйықтап кетті. Ертеңінде үй ішінде бөтен сөз болған жоқ, ол орнынан тұрып мектебіне кетті.

Оның апайы ертеректе Жия әулетінің Иүй ханымының бауыры Жияхуаң дегенге ұзатылған. Олардың ықпалы да, дәулеті де Ниңгофу мен Рұңгофу әулетіне жетпейтін. Жия Хуаң отбасы дөңгелек дәулетті ғана шаңырақ еді, сондықтан олар Ниңгофу мен Рұңгофу ордасына жиі барып, бір жағы аман-сәлем жасап, енді бір жағынан соны сылтау етіп Уаң Шифың бәйбіше мен Юшы ханымға жағымсыз бәйек болып жүретін. Өздері жағымды адамдар болғандықтан Уаң Шифың бәйбіше мен Юшы ханым оларды жақсы көріп, қай уақытта келсе де жылы қарсы алатын және үнемі қолұшын беріп көмек көрсетіп тұратын. Олар сөйтіп жүріп жатты. Бүгін күнде ашық, ауа жылы екен, оның үстінде үйлерінде алып бара жатқан пәлендей жұмыс та жоқ еді, сондықтан, жанына ерткен бір әйел бар, арбамен төркініне келіпті, ондағы ойы жеңгесі мен қайнысын көріп қайту еді.

Олар өткен-кеткенді әңгімелеп отыр еді, Жин Рұңның шешесі апайына Жия отбасының мектебінде кеше болған оқиғаны түгін қалдырмай айтып берді. Жияхуаң бәйбіше оны естіп тұлаң тұтып:

– Чин Жұң Жия әулетінің жақыны болғанда, біздің Жия Рұң бөтен бе екен? Әлінен асып аспандап алған екен, беті қалың неменің не істеп отырғанын кім білмейді. Бауиүйдің оған жақтас болғаны несі? Бәлем, тұра тұр, мен шығыс ордаға барып, Жия Жиннің бәйбішесіне айтайын, Чин Жұңның әпкесіне де сөйлесермін, оның шынын айтқызбасам болмайды екен, басын-басын!— деп от алып қопаға түсті. Оның бұл сөзінен сөз аяғы ушығып кетсе, балама пәлесі тиеме деп ойлаған Жин Рұңның шешесі қипақ қағып асыға сөйлеп кетті:

– Апай, мен мұны сізге ғана айтып отырмын, өз арамызда қалсын, оларға айта көрмеңіз! Балалардың ісі ғой, қайсысынікі дұрыс, қайсысынікі бұрыс екенін кім білсін, баланың арасына түскендей болмайық, сөз аяғы пәлеге айналса, біздің бұл жерде тұруымыз қиынға соғады ғой, бұлардың іргесінен алыстасақ үйге мұғалім шақырып бала оқытатын шамамыз да жоқ, оның сыртында отбасымызға кіріп тұрған қомақты кірістен де айрыламыз.

– Ой, төңір-ай, соған бола несіне алаңдайсың?– деді Жия Хуаң бәйбіше,– мен барып айтайын, сон соң қалай болғанын көресің әлі!– деп мығымсып қойды, сонан соң жеңгесінің сөзіне көнбей бір әйелге арба алдырып, Ниңгофу ордасына жүріп кетті. Ол орданың шығыс жақ есігінен кіріп арбадан түсті, сол беті алдымен Юшы ханымға барды, айқалап-байбалам салып-ақ баратын жөні бар еді, амал қанша оған дәрмені жоқ, қанша ашуланып тұрса да ханымның алдында ілтипат білдіріп, сыпайы амандасты. Онан өткен-кеткенді сұрап, қысыр кеңес құрып біраз отырды да, Жия Рұңның бәйбішесі бір жаққа кетті ме деп сұрады. Юшы ханым:

– Не пәле болғанын қайдам, екі айдай болып қалды етеккірі келмей жүр, тәуіптерге көрінсе, екіқабат емессің депті. Түс ауған соң әлі құрып, денесі байсал тартып тұратын болып алды. Мен оған ертелі-кеш сәлемге келмей-ақ, күтініп тынық деп едім. Қонақ келсе басқамыз да жетерміз, үлкендер кінә тақпас, тіпті біреу-міреу кінә тағып жатса, жауабын өзім берермін деп едім. Жия Рұңға да жақсы көңіл бөл, көп әурелеп шаршатып алма, ашуланбасын, алаңсыз күтінсе, тез тәуірленіп кетер, не жеймін десе тауып берейін, көңіл бөлмей жүріп алда-жалда жазатайым болып айрылып қалсаң, мұндай сүйкімді де, сымбатты, жайдары келіншекті дүниені шыр айналсаң да таба алмайсың дедім. Өзі де сүйкімді, ибалы жан ғой, туыс-туғандардың бәрі де разы. Өзім де қатты жақсы көруші едім, соның жайын ойлап бірнеше күннен бері қатты алаңдап жүрмін. Бір-екі күн болды, әпкесіне амандасып бауыры келген екен, бала қайдан білсін, кеше мектепте балалар төбелесіп қалған екен, балалардың бірі оны қорлапты, бала неме соны түгін қалдырмай әпкесіне айтып келіпті.

Оған айтудың да қажеті жоқ еді, қандай жәбірленсе де оған айтпау керек еді. Өзіңіз білесіз, біздің бұл келін кіммен болса да ашық сөйлеседі және қандай іс болса да ренжімейді, жайдары қалпынан жазбайды емес пе, өзі сабырлы бала ғой, қандай ауыр сөз естісе де үш-төрт күн ойланып, әбден салмақтап алмай аузынан шығармайды. Шынына келгенде осы ауру ойсоқтылықтан жабысқан еді. Енді бауырының қорланып жылап келгенін көрген соң, қатты құсаланған көрінеді, бала кіммен төбелеспейді, бірақ оның күйінгені, өңшең бір сүмелектер пәле тудырып, оларды шағыстырып төбелес шығарыпты. Оның үстіне інісінің жақсы оқымай, мектептегі ұрыс-төбелеске араласып жүргеніне де назаланыпты. Осы іс оған қатты батқан екен, таңғы асын да ішпеді. Мен барып қасында әрі-бері отырып ақылымды айтып келдім, інісін ана ордадағы Бауиүйдің қасына жібердім. Өзіне жарты шыны

күркылтай ұясының езіндісін ішкіздім. Өзіңіз біліп отырсыз ғой, бұл маған да оңай тиіп тұрған жоқ. Жөні түзу емші де табылмай қойды, оның жайын ойласам денеме сансыз ине шаншылғандай түршігіп кетемін. Таныс-біліс, жақсы тәуіптеріңіз болса айтыңызшы,– деді.

Бұл кезде Жияхуаң бәйбішенің манағы ашуы жайына қалды, Жеңгесінің үйіндегі Жиншыны жөнге келтірмек болып аптыққан көңілін енді қорқыныш билеп алды. Юшы ханым тәуіп туралы сұрағанда оған бәйек болып:

– Мықты тәуіп болса, ел аузында жүрсе керек еді, ондайды естімедім, меніңше келін баланың бұл науқасы ауыраяқтықтан болуы да мүмкін, жеңгей, албаты тәуіпке көрсете бермеңіз, қайдан білесіз, біреуі қате емдеп қойса қиын болады,– деді.

Оның бұл сөзін Юшы ханым да мақұл алып, оның да жөн екен деп басын иезеді. Олар әңгімелесіп отыр еді, үйге Жия Жин кіріп келді. Келе сала Юшыдан, Жияхуаңның бәйбішесі келіп қалыпты ғой, жоқ әлде мен қате танып тұрмын ба деп сұрады.

Жияхуаң бәйбішесі орнынан тұрып Жия Жинге сәлем етті. Жия Жин Юшыға қарап қарындасым келіп қалған екен, тамақ дайындат, асықпай тамақтанып кетсін деді де, өзі төр жақтағы бөлмеге кіріп кетті.

Жияхуаң Чин Жұнның інісін басынғанын Чиншыға айтып, оны сабасыан түсіріп қою үшін келіп еді, оның ауырып жатқанын естіген соң, ол ойынан қайтып қалды, шынына келгенде жеңгесіне мақтанып, бір жағы ашумен шығып кеткені болмаса, бұл үйге келгенде ол екпіні қалмаған еді, сондықтан ол жайлы батып ауыз аша алмады. Оның үстіне Жия Жин мен Юшы өзін жылы қарсы алып, жақсы күтіп отырған соң ашуы басылып та қалды, ол үйде ана-мынаны айтып әрі-бері әңгімелесіп отырды да үйіне қайтты.

Жияхуаңның бәйбішесі кеткен соң Жия Жин әйелінен:

– Ол неге келіпті?– деп сұрады.

– Әншейін, әйел өсек айтуға келген ғой, ештеме жұмысы жоқ сияқты, алғаш келгенде ызалы адам сияқты көрініп еді, қателесем керек, көп кешікпей жайдары қалпына түскенін көрдім. Келіннің науқасы туралы айтып едім, тіпті жанашырлық танытып елжіреп кетті, сен тамақ ішіп кет деген соң тіпті жадырап кетті, келіннің науқасын естіген соң үндемей қалуды ынғайсыз көрді ме, жақсылық болар деп мені жұбатып әрі-бері әңгімелесіп отырды да қайтып кетті. Пәлендей бұйымтайы жоқ көрінеді,– деді.

– Ордада қаптап жүрген тәуіптерден көңілім әбден қалды, бәрінің де білері шамалы, қабағыңа қарап, жағымсудан басқа

білері жоқ, өз айтқаныңды өңін өзгертіп қайталайды да отырады. Күніне үш-төрт тәуіп көреді, бәрі тамыр ұстайды, ақылдасып ішірткі жазып береді, ол ішірткіні қанша іссе де шипа болатын емес, келін күніне үш-төрт киім ауыстырады, қарадай әлек болады да жүреді, бұл тәуіптерден пайда болатын емес. Келінді бір жаскы тәуіп тауып көрсетпесек болатын емес, уақытын өткізіп алып өттеген-ай деп қалмайық.

– Бұл баланың өзі де тым сері, есі шығып кеткен бе, қайта-қайта киім ауыстырғанмен ауру жазыла ма? Суық тиіп қалса қайтеді, сөйтіп жүріп ауруға ауру жамап алмасын! Күніне бір жұп жана киім алып кисе де еркі білсін. Әйтеуір суық тигізіп алмаса болды ғой. Айтпақшы, жаңа Фынзиң амандаса келіпті, ол менің әлденеге алаңдап отырғанымды сезіп, сізге не болды деп сұрай кетті. Мен оған келіннің науқастанып қалғанын, не істерімізді біле алмай отырғанымызды айттым. Ол кісі бала кезімде ұстаз тұтқан Юшы Жаң деген ғұлама адам бар еді, өзі де демі шипа болатын емкөс және жұлдызнамаға қарап тағдыр болжайтын оқымысты адам дейді. Сол кісі баласына мансап іздеп қалаға келіпті, пара берсе де мансап алмақ екен. Фынзиңның үйінде жатқан көрінеді. Сол кісіге бір көрсетсек, келіннің науқасына демі болып қала ма? Мен қағаз жазып кісі жібердім, Фынзиң да айтатын болды. Бүгін кеш болып кетті, келе алмас, ертең сөзсіз келеді. Егер ол кісі келіп келіннің науқасына шипа тауып жатса, қалғанын кейін көрерміз. Юшы бұл сөзді естіп шынымен қуанып қалды, сөйтті де:

– Бүрсігүні үлкен атайдың туылған күні емес пе, оны өткіземіз бе?– деп сұрады.

– Мен бүгін атама барып амандасып шықтым, туған күніне қарсы үйге шақырдым, бірақ атай: “Маған тыныштық керек, әсіресе құлағым тыныш болғанын қалаймын. Сендердің үйлерің араның ұясындай шулайды да жатады. Сондықтан мен бара алмаймын. Біліп отырмын, сендер шамасы менің туған күніме қарсы қонақасы беріп, жұртты жинап маған бір құрмет көрсетпексіңдер. Сен баяғы мен түсініктеме жазған сауапнаманы қайтадан көшіртіп берсең болар еді, мұның жұртты жинап, қонақасы беріп, мені мақтатқаннан гөрі сауапты іс. Егер ертең, бүрсігүні ана орданың адамдары келіп қалса, оларды өздерің күтіп алсаңдар болды, мені әурелемендер. Маған сыйлық әкелмесін, өздерің де ондай бірдеме алып әуре болмаңдар. Өзің де келмей-ақ қоярсың. Егер көп адам ертіп құттықтаймын десең, мені маза-лайсыңдар, оларыңмен келісе алмаймын,” деді. Атамның сөзі осы

болды. Сондықтан бүрсігүні онда бармаймыз. Ол кісінің туған күніне арналған қонақасыны осында әзірлеңдер, Лайшынды шақыр, екі күнге қонақасы әзірлесін,— деді.

Юшы ханым Жия Рұнды шақырып алып:

– Лайшынға айт, екі күндік қонақасы әзірлесін, дастарқан мол болсын. Өзің батыс ордаға барып өз апанды, үлкен ханымды, ортаншы ханымды және Уаң Шифың жеңгенді шақырып кел, әкең бүгін бір жақсы тәуіпке адам жіберген екен, ертең келіп қалар, ол кісіге келіншегіңнің жайын өзің айтып берерсің,— деді.

Жия Рұң басын изеді де шығып кетті. Есіктен шыға бере оған бір орданың шабарманы жолықты, ол жаңа Фынзиңның үйіне дәрігер шақыруға барған шабарман еді. Ол Жия Рұңға қарап: “Тақсыр, құлыңыз Фың мырзаның үйіне барып келді, дәрігер келе алмады. Ол кісі жаңа Фың мырза да айтып еді, дегенмен мен қонақтан шаршап келдім, бүгін барғанмен тамырдан шатасып қалуым мүмкін, бүгін дем алып, ертең ерте барайын деді. Ол кісі тағы да: менің дәрігерліктен білімім аздау, Фың мырза асырып айтқан секілді, ордадағылардың бәрі де мені асыра дәріптеп жүрген көрінеді, бірақ енді бармасам болмас, сен бұл сөздерімді үлкен кісіге айтып бар, ол кісі шақыртқан екен, барамын ғой деді. Қағазды алмай менен қайта беріп жіберді,— деді. Жия Рұң үйге қайта кіріп Жия Жин мен Юшыға шабарманның сөзін жеткізді. Сонан соң қайтадан шығып Лайшынды шақырып қонақасы туралы тапсырма берді. Лайшын өзінің дағдылы әдетімен үнсіз басын изеп, қонақасы әзірлеуге кетті.

Ертесі түскі ас кезінде Жаң мырза да келді. Есік қараушылар ол кісінің келгенін айтқан соң Жия Жин өзі алдынан шығып қонақ үйіне ертіп келді. Дастарқан жиылып, шай ішіліп болған соң, Жия Жин сөзді өзі бастады:

– Кеше Фың мырза сіздің біліміңіз бен кісілігіңіз туралы көп айтып еді, дәрігерлік ғылымын да терең меңгерген екенсіз, сол үшін сізді өз басым қатты құрметтеймін,— деп қойды.

– Олай деменіз, пақырыңыз білімі таяз, қара құрсақ адаммын, сөйтсе де кеше Фың мырза айтқан соң өзім де келгелі отыр едім, оның үстіне өзіңіз де кісі жіберіп шақыртыпсыз, бұйрығыңызды екі ете алмай келіп қалдым, десе де дәрігерлік білімім тапшы, ұятқа қалып жүрмесем жарар еді, қолымнан келмей жатса ғафу етерсіз,— деді.

– Мырза, кішіпейілдігіңізге рахмет, десе де ана үйге барып келінді көріп берсеңіз, мейір-шапағатыңызды төгіп, қиындықтан құтқара көріңіз, сіздің қолыңыздан келер деп ойлаймын,— деп Жия

Жин оның еркіне қоймай Жия Рұңмен бірге ішкі бөлмеге енгізіп жіберді. Тәуіп Чиншыны көрген соң Жия Рұңға қарап:

– Зайыбыңыз осы кісі болар?– деп сұрады.

Жия басын изеді де тәуіпке:

– Отырыңыз, әйелімнің науқасын баяндап берейін,– деді,– сонан соң тамырын ұстап көрерсіз?

– Менің алдымен тамыр ұстап, науқасты өзімше анықтап, онан соң аурудың жайын сұрағанды жөн көруші едім. Мен ордаларыңызға алғаш келіп отырмын, көп нәрседен хабарым да жоқ, Фың мырза ордаға барып науқасты көріп беріңіз деген соң келіп қалдым. Алдымен мен тамыр ұстайын, ауруды дұрыс таба алдым ба, жоқ па, өзіңіз көрерсіз, онан соң науқастың жайын айтып бересіз, қандай дәрі беріп, қандай ішірткі ішкізу керек екенін сонан соң анықтармыз,– деді.

Жия Рұң оған разы болғаны сонша, таңданысын жасыра алмай:

– Мырза, айтса айтқандай данышпан екенсіз, мен сізбен кеш танысқанымға өкіне бастадым. Алдымен тамыр ұстаңыз, жазыла ма, жазылмай ма, шынын айтыңыз, ата-анамыздың көңілін орнына түсірсеңіз жақсы болар еді,– деді.

Үй қызметіндегі әйелдер жастық әкеліп, Чиншыны сүйеп отырғызып, сонан соң жеңін шешіп, тәуіптің тамыр ұстауына ыңғайлады. Тәуіп алдымен оң білегінің тамырын ұстап, демалысын бақылап аз отырды. Онан соң сол әдіспен сол қолдың тамырын ұстады. Тамырын ұстап болған соң сыртқы бөлмеге шығалық деді. Жия Рұң мен тәуіп сыртқы бөлменің көтерме төріне келіп жайғасты, алдарына шай әкелінді. Шай ішіліп болғанша тәуіптен ештеңе сұрамады, ол да ештеңе айтпады, шай ішіліп, дастарқан жиналған соң барып Жия Рұң:

– Мырза, науқастың жайы қалай екен, ем қонатындай ма?– деп сұрады.

Тәуіп сонда барып баяу үнмен, асықпай науқас туралы сөйлеп кетті:

– Сол қолдың шеп тамыры ішке тартып әрі тым тез соғады екен, сол қолдың шеп тамыры да ішке қарай, бірақ тым баяу соғып тұр. Оң қолдың шеп тамыры тым әлсіз, қуатсыз. Сол қолдың шеп тамырының ішке тартып тез соғуы, жүректің әлсіздігінің белгісі, сонымен бірге бұл іште күйік барлығын көрсетеді. Сол қолдың шеп тамырының ішке тартып баяу соғуы – бауыр қызметінің әлсіздігі мен қан аздықтан болады. Оң қолдың шеп тамырының әзсіл әрі серпінсіз болуы, өкпенің желі азайғандықтың салдары, оң қолдың шеп тамырының әлсіз соғуы көкбауырдың әлсіреуінен.

Жүрек әлсіз әрі іште күйік болғандықтан етеккір ретсіз келеді, түнде ұйқысы қашып мазасы кетеді. Бауырдың қаны азайып, көбіктенуінен бүйірі сыздап ауырып, етеккірі кешігіп келеді, жүрегі күйеді. Өкпенің желі әлсіз болғандықтан, басы айналып, көзі шұбартып, таңға жақын тер басып қиналады. Көк бауырдың әлсіреуінен тамаққа зауқы соқпай, буыны құрып, сүйектері қақсайды. Менің тамыр соғысынан анықтағаным осылар. Сырттай қарағанда бұл жүкті әйелдерде кездесетін өзгеріс секілді болғанымен, бұл келіннің ауруын жүктіліктің белгісі дей алмаймын,– деп тоқтап еді.

Чиншының қасында тұрған бір әйел тәуіптің сөзін естіп тұрды да шыдай алмай “Дәл тапты, әулиенің өзі екен,” деп дауыстап жіберді, сөйтті де енді біздің ауру белгілерін айтуымыздың қажеті де жоқ қой. Бұл ордада не көп, тәуіп көп, бірақ бірі де дәл мына кісідей тауып айтқан емес. Бірі жүктіліктен деді, бірі аурудан деді, бірі ештеме етпейді деді, енді бірі қауіпті деді. Бәрінің де сөзінде тұрлау-тиянақ жоқ. “Тақсыр, өзіңіздей дәл тапқан адам болған емес, енді не істеу керек екенін өзіңіз айтыңыз”. Тәуіп ойланып отырып барып: “Келін баланың науқасы алғашында дұрыс емделмей асқынып кеткен екен, егер алғаш етеккір келген кезде дұрыс емделген болса, қазір әлдеқашан жазылып кетер еді. Амал қанша, науқасы асқынып кеткен, бірақ әлі де болса емдеп жазуға болады, мен бір дәрі берейін, егер сол дәріні ішкен соң ұйқысы тынышталса, онда тез жазылды дей беріңіз,– деді.– Тамырының соғысына қарағанда, бұл бала аса зерделі, сезімтал кісі секілді, зерделі адамдарда көңілсіздік көп кездеседі, көңілсіздік көбейсе, одан ойсоқтылық туады. Мұндай ауру күйік пен мұнның жанды жаралауынан пайда болады, бауырдың қызуы асқан, сондықтан етеккір уағында келмей қалады, келіннен сұрандар, ауырмай тұрғанда да етеккір үнемі ұзақ келетін болса керек?– деді.

“Дәл солай, деді әлгі әйел, бұрыннан етеккірдің келу уақыты ұзақ болатын, бір келгенде екі-үш күннен он неше күнге дейін созылатын”. Тәуіп мұны естіген соң:

– Аурудың себебі жүректе, ертерек жүректі емдеп, сарайды сауықтырса, мұндай күйге душар болмас еді. Қазір іштегі сұйықтық азайып, ыстық асып кеткен екен, мен тәңірге сиынып дауалап көрейін,– деп бір шипашақ қағаз жазып Жия Рұңға берді, онда мынадай дәрлер жазылыпты: Сарайды ашатын сұйық дәрі, екі мысқал адамтамыр, төрт мысқал дихуан, бір мысқал, бес түйір тәтті тамыр, сегіз түйір қарандыз, бір жарым мысқал арақпен қуырылған тырнагүл, топырақпен қуырылған екі мысқал акжусан, екі мысқал итсигек, үш мысқал сенгірлек, екі мысқал тау жуасы,

сегіз сәрі қызылмия, үш мысқал үпетер, екі мысқал ақ шұғынық, екі мысқал бап, ұнтақтап қуырылған екі мысқал есек желім, қосымша өті алынған жеті тау сарымсақ, екі тал шылан.

Шипашақ қағазды қолына алған Жия Рұң мырза:

– Асқан данышпан адам екенсіз ғой, сізден мынаны да сұрап алайын, бұл аурудың арты қалай болар екен?– деді. Тәуіп оған:

– Сіз асқан дана адам екенсіз, науқас асқынып осы жағдайға жеткен екен, оның жазылуы да көпке созылады, бұл бір күнде пайда бола қалған науқас емес, сіңісті болып қалған, мына дәріні ішіп көрсін, меніңше биыл қыстай ештеңе етпес, наурыздан аман өтсе болғаны, ада-күде сауығып кетеді,– деп күлімсіреді, Жия Рұң да зерек жігіт еді, онан ары қазбалап сұрамады.

Жия Рұң тәуіпті шығарып салған соң, шипашақ қағаз бен тамыр ұстаудың нәтижесін әке-шешесіне барып айтты, Юшы Жия Жинге қарап:

– Бұрынғы тәуіптердің қай-қайсысы да мұндай дәл тапқан емес, дәрісі шипа болар,– деп қойды. Жия Жинде:

– Бұл кісі дәрігерлікті сылтау етіп жан баққан әлдекімдерге ұқсамайды, құлықты, орнықты жан екен,– деп күліп қойды.– Фын Зиң бізбен жақсы араласып отырғандықтан бұл кісіні жіберіп отыр, келіннің сырқатын осы кісі жазатын түрі бар, шипашақта адам тамыр бар екен, алдыңғы күні сатып алған адамтамырды пайдаланыңдар.

Сонан кейін Жия Рұң үйден шықты, ол арнайы адам жіберіп дәрі алдырды, дәріні даярлап Чиншыға ішкізді.

ОН БІРІНШІ ТАРАУ

Жия Жиң ақсақалдың туған күні Жия Жин тәтті тағам әзірлетіп, сирек кездесетін жеміс-жидек алдырып, оны он алты қапшыққа салдырып Жия Рұнды бірнеше қызметшісімен Жия Жиң ақсақалға апарып беруге жіберді.

– Атаңа сәлем беріп барып, мына заттарды апарып бер, қалай қарар екен, ақсақалдың қабағына қарарсың, онан кейін әкем сіздің әміріңізді екі еткісі келмей мені жіберді, өзі үйдегілермен бірге сізді еске алып тағзым етіп тілек тілеп отыр дерсің! Жия Рұң қызметшілеріне заттарын көтертіп атасының үйіне кетті.

Ол кеткен соң қонақтар келе бастады, елдің ең алдымен Жия Лиян мен Жия Чиян келіп дастарқандарды қарап шықты. Бүгінгі кешке арналған ойын бар ма, жоқ па деп сұрады.

– Төре таксыр, бүгін атам осында келіп қалар деген оймен ешқандай ойын әзірлетпеген, кеше ұлы атамыздың келмейтінін естіген соң құлдарға шағын болса да бір ойын-сауық үйірмесін, оншақты күйші тауып әкелуді бұйырдық. Олар бақшада даярланып жатыр,– деді қызметшілер.

Олардан кейін Шиң ханым, Уаң ханым, Уаң Шифың бикеш, Бауиүйлер келді, Жия Жин мен Юшы ханым қонақтардың алдынан шығып, оларды үйге өздері ертіп кірді. Юшы ханымның шешесі осында болатын, келген қонақтар ол кісімен амандасып жайғасып отырысты. Жия Жин мен Юшы шай алдырып, жадыраңқы көңілмен: “Әз апамның жолы бәрімізден үлкен, ұлы әже емес пе, біздің әкеміз де сол кісінің баласы есепті ғой. Жасы үлкен адам болған соң бүгін бақша да, жуйхуа гүлі құлпырып тұрған соң өз апамды да осында келіп, балалары мен немерелерінің қызығын көрсін деп шақырып едік, бірақ ол кісінің дидамын көру бүгін бізге нәсіп болмаған екен”, деді. Бұған Уаң ханым жауап берейін деп оқтала беріп еді, ол кісіден бұрын Уаң Шифың бикеш іліп әкетіп: “Үлкен апам кеше келемін деп отыр еді, түнде Бауиүй шабдалы жесе, қызығып кетіп, шабдалыны дендеп жеп қойыпты, түнімен екі рет далаға шығып, әбден шаршап қалса керек, таңертеңнен бері дел-сал болып жатыр. Келе алмайтынын сіздерге айтып қойындар деп тапсырды,– деді.– Жақсы піскен тағамнан, жемістің жақсы піскенінен ала келуді тапсырды”. Жия Жин күлімсіреп алды да:

– Әз апам қызыққұмар, сауықшыл еді, бүгін келе алмағанына қарап өзім де салмақты себеп болған ғой деп ойлап едім, оқасы жоқ,– деді.

Уаң ханым Юшыға қарап:

– Алдыңғы күні үлкен сіңіліңіз Жия Рұңның келіншегі науқастанып жүр дегендей айтып еді, қазір қалай, халі тәуір ме?– деді. Юшы аз үнсіз отырды да:

– Оның науқасқа шалдығуы да кездейсоқ болды. Өткен айдағы қарбыз мерекесінде өздеріңізбен бірге жарым түн өз апамның қасында болған еді ғой, содан үйге жап-жақсы-ақ, сергек келіп еді, айдың жиырмасынан кейін қуара берді, тамағы азайып, әл-дәрмені құрып тұратынды шығарды. Оған да жарым айдан асып қалды, екінші айдан бері етеккірі де келмепті.

Шиң ханым:

– Келін екіқабат емес пе екен?– деп қалды. Олар әңгімелесіп отыр еді, сырттан біреу келіп:

– Үлкен төре, ортаншы төре және сол ауылдағы мырзалардың бәрі келді, кіре берісте тұр,– деп еді, Жия Жин абың-күбің шыға жөнелді. Ол кеткен соң Юшы:

– Бұрын тәуіптер де жүкті болар деп мөлшерлеп еді, біз де үміт пен күдіктің арасында жүрдік. Кеше Ғыңзияң өзі оқушы кезіндегі ұстазын таныстырды, дәрігерліктен терең білімі бар адам екен, сол тәуіп келінді көріп екіқабат емес, текті ауру екен депті, дәрі жазып берді, сол дәріден бір қайнатым ішіп еді, бүгін басы тәуір көрінеді, бірақ басқалай өзгеріс жоқ, – деді.

– Егер ол ауру тым мендетпесе, бүгін ортамызда болар еді ғой, – деді Уаң Шифың.

– Өткен айдың үші күні осында болғаныңда, сенің көңіліңді қимай аз отырып еді, сені жақсы көргендіктен кетіп қалуға сенің көңіліңді қимаса керек, – деді Юшы.

Бұл сөзді естігенде Уаң Шифың бикештің көңілі босап жылап жіберді. Тағдырдың жазуы күрделі, адамның соры мен бағы кездейсоқ болады екен-ау, уыздай жас еді, осы аурудан жазыла алмаса не болмақ, дүниеден не қызық көрді деп отыра қалды.

Үйге Жия Рұң келіп, отырғандарға амандасты да Юшыға:

– Мен үлкен атама сыбаға апарып беріп келдім, ол кісіге әкем үйде атайлар мен мырзаларды күтіп қалды, өзіңіз келме деген екенсіз, сондықтан келмеді дедім. Атам бала секілді соған да мез болып қалды. “Мұнысы дұрыс әке-шешеңе айт, қонақтарды жақсылап күтіп алсын,” деді. Аға-жеңгелеріңді жақсы күтіп ал деп өзіме де қадағалап жатыр, сонан соң “Сауапнаманы” тездетіп көшіртіп, он мың дана етіп басқызып таратсын деді. Әкеме бәрін де айттым, – деді де, – енді барып қонақтарды отырғызайын, деп шығып кетті.

– Жия Рұң, тұра-тұр, – деді Уаң Шифың, – келіншегіңнің жағдайы қалай?

Ол қабағын шытып алып:

– Қалай деріңіз бар ма, женеше, жақсы емес, өзіңіз барып көрсеңізші, – деді де шығып кетті. Ол кеткен соң Юшы Шиң ханым мен Уаң ханымға қарап:

– Осы жерде тамақтанасыздар ма, әлде бақшада тамақтанасыздар ма? Бақшада ойын қоюға дайындық жасалып жатыр, – деді.

– Осы жер-ақ жақсы ғой, – деді олар. Юшы күңдеріне қарап:

– Тамақ әкеліндер, – деп әмір етті, сыртта тұрған әйелдер оның сөзін ары қарай дауыстап жалғады, әйелдер өз жұмыстарына кірісті, көп өтпей тамақ дайын болды. Шиң ханым, Уаң ханым және өзінің шешесін төрге шығарып отырғызған Юшы өзі жанына Уаң Шифың бикеш пен Бауиүйлерді қатарына алып, төменірек отырды. Шиң ханым мен Уаң ханым:

– Біз үлкен ағаның туған күнін тойлауға келіп отырып, мұнда тап бір өзіміздің туған күнімізді тойлағандай отырмыз,– деді.

– Атам ежелден оңаша тұрып, тыныштыққа үйренген адам, қазір тіпті әулие деуге болады. Апайлардың сөзін қазір ол кісі біліп те отырған шығар,– деді Уаң Шифың. Бұл сөзге отырғандар ду күлді. Юшының шешесі, Уаң ханым, Шиң ханым, Уаң Шифың бикештер тамақ ішіп алып, қолдарын жуды, сонан кейін бақшаға барып ойын көруге дайындалып отыр еді, Жия Рұң келді. Юшыға атайлар мен ағайлар тамақ ішіп болды, үлкен атай жұмысым бар деп қайтып кетті. Ортаншы атай ойын-күлкі дегенге қызықпайтын кісі ғой, тіпті басқалардың биге тартып, ән айт деп мазалауынан қашқалақтайтын көрінеді, ол кісі де қайтып кетті. Жия Лиян, Чияң мырза, ортаншы ағай бар, басқалардың бәрі ойын көруге кетті.

Атамның туған күніне арнап Нан-ан патшасы, Дұңпиң патшасы, Шиньң бегі, Бижиң бегі қатарлы төрт бектіктен, Жұңгогүң ордасы, Жұңжинхүдүң ордасы қатарлы ордалар тарту-таралғы жіберіпті. Бәрін әкеме тізімге алдыртып, қазынаға апартып қойдым, келгендерге түгел тапсырып алу қағазын бердік, бәрін де сыйлап, тамақтандырып аттандырдық, енді екі әжем мен жеңгемді бақшаға ертіп барыңыз,– деді.

– Біз де тамақ ішіп болып барғалы отыр едік,– деді Юшы. Олар бақшаға жүргелі жатқанда Уаң Шифың бикеш: Апа, мен алдымен Жия Рұңның келіншегінің көңілін сұрап шығайыншы, сонан соң барсам да болар деді. Уаң ханым оның мұнысын білгендік деп ойлады да: “Жарайды, бәріміз де барсақ болар еді, бірақ науқастанып жатқанда мазасын алмайық, бізден сәлем айт”,– деді. Юшы ханым Уаң Шифыңға:

– Айналайын сіңілім, келін сені өте құрметтейді, ақылыңды айтып, көңілін аулап, жігер беріп қой, мен де алаңсыз болайын, сонан соң кешікпей бақшаға кел,– деді. Бауиүй Уаң Шифың бикешпен бірге барып, Чиншының көңілін сұрамақ болды. Уаң ханым көңілін сұрағаның жөн, абысының ғой, тату болғандарыңа не жетсін деді. Юшы шешесімен Уаң ханымды және Шиң ханымды ертіп, жұпар бақшасына кетті. Уаң Шифың бикешпен Бауиүйді ерткен Жия Рұң Чиншыға келді. Есікті ақырын ашып, еппен басып ішкі үйге кірді. Чиншы оларды көріп орнынан тұрмақ болып еді, Уаң Шифың бикеш қозғалма, басың айналады, деп өзі тездетіп оның қасына барып, оның қолынан ұстап:

– Ой, тәңірім-ау, бірнеше күн ғана болмап па еді көрмегеніме, осынша жүдегенсің бе?– деп жанына барып отыра кетті. Бауиүй де амандасып, арқалы орындыққа келіп отырды.

– Жеңешеке шай әкеліндер,– деді Жия Рұн. Уаң Шифыңды көрген соң Чиншының көңілі босап кетті:

– Мен бір бейшара жан болдым ғой,– деп Уаң Шифыңның қолынан ұстады. Атам мен енем мені өз қыздарындай көреді. Қайыңыз жас болса да мені құрметтеуші еді, мен де оны қадір тұттым, түс шайысып, ұрыс-қағысқа барғанымыз жоқ. Бұл отбасының үлкені болсын, кішісі болсын мені аяламайтыны жоқ, бәрі де жақсы көреді. Амал қанша, мына ауруға шалдықтым да ойлаған ой, аңсаған арман әдіра қалып, арманда кетіп барамын. Ата-енемнің алдында келін болып қызмет көрсете алмадым. Сіз де маған мейіріңізді төгіп, қамқор болып жүресіз, мен де сізге ізет-құрмет білдіріп қарымжысын қайтарғым келеді, амал қанша, қазір халім төмендеп кетті, байқаймын жыл аяғынан қалатын түрім жоқ.

Олар әңгімелесіп, сырласып отырғанда Бауиүй “Тас алманың көктемгі шағы” деген суретке қарап, Чин Тайшүй жазған бір шумақ босағалықты оқыды. Онда:

Аяз қатты, көрінген шытырман түс елесі,
көктемгі ызғар тым өткір болады екен неге осы.
Жұпар иіс аңқыған, жанды арбаған шырын сөз,
тәтті шарап бойды алып, балбырайды денесі.

Ол осы үйде түскі ұйқы кезінде түсінде бұлдыр елес дүниесіне барғанын есіне алды. Ол сөйтіп отырғанда Чиншының Уаң Шифыңға айтқан сөздеріне көңілі босап жылап жіберді. Оның жылағанын көріп Уаң Шифың бикештің қабырғасы қайысып, бала болса да науқасқа жаны ашып отыр ғой деп көңілі босады. Десе де ол жыламады, біздің бүйтіп егіліп отырғанымыз науқас адамның көңіл күйін онан ары бұзар деп ойлады да:

– Бауиүй, сен әйелдерше сықсындағаның не, не деген жылауық едің, науқас адам жаны кейіген соң не айтпайды, әйтпесе Чиншының дерті тіпті ауыр емес, ертең-ақ жазылып кетеді.– Онан кейін Чиншыға қарап:– Өзің қайратты бол, кім ауырмайды, жазылмайтын ауру жоқ, жаман ойға салынба, ой көбейген сайын уайым көбейеді, уайым көбейсе, ауру күшейеді, ауруыңды асқындырып алып жүрме,– деді.

– Бұл жай ғана сырқат қой, қорқатындай ештеме жоқ көрінеді, тамақты күштеп ішіп күш жинаса болар еді,– деді Жия Рұн да науқасқа дем бере сөйлеп. Уаң Шифың бикеш Бауиүйдің мұнда жылап отырғанын жөн көрмеді білем:

– Бауиүй, мұнда отырып жылай берме, келіннің көңілін бұзасың, апам сені тез кел деп еді ғой, алаңдап қалар, бара ғой,–

деді, сонан соң Жия Рұңға:– сен Бауиүймен бірге ана жаққа бара тұршы, мен аздан кейін барармын,– деді, ол екеуі жұпар бақшасына кетіп қалды. Уаң Шифың ананы-мынаны айтып Чиншының көңілін аулады, бір-біріне сырларын айтып, әрі-бері шүңкілдесіп отырып қалды, Юшы екі-үш рет шақыртып адам жіберген соң барып, өзіне өзің абай бол, жақсы күтін, мен тағы да келіп жағдайыңды біліп тұрармын деп қоштасып қайтуға жиналып жатып, сәті түсіп жақсы тәуіпке жолыққан екенсің, тез сауығып кетерсің деп жұбатып қойды.

“Тәуіп те емес, ол адам қанша әулие болса да ауруға ара түскен-мен, арнайы келген ажалға не істей алсын, айналдырған ауру алмай қоймас деген бар емес пе, бұл дерт мені алайын деп жабысқан пәле болды ғой”. Уаң Шифың бикеш оған аурудан жазыламын десең, сен мұндай жаман ойдан аулақ бол, көңіліңді кең ұста, өзін бұлай жаман ойлап, аурудан жеңіліп отырсаң, қалай жазыласың деді. Тәуіп те емдетсе көктемге қарай жазылып кетеді депті ғой, біз адамтамырға қолымыз жетпейтін адам емеспіз, бір күнде бір килограммын жесең де ата-енең тауып береді, әлі-ақ жазылып кетесің. Жазылмаймын деген ойдан арылып, жақсы күтініп, дұрыс емдел, мен бақшаға барайын, деп шығып кетті. Чиншы оған: “Жеңеше, менің бірге бара алмағанымға ғафу етерсіз, қолыңыз бос кезде келіп әңгімелесіп тұрыңыз,– деді. Уаң Шифың бикеш көзіне жас алып қолым босай қалса келіп тұрамын деп оны жұбатты да, өзімен бірге келген нөкер әйелдерін ертіп бақшаға кетті, оларға Ниңгофу ордасынан да бірнеше әйел ерген еді, бір топ болып ішкі жақты айналып, бақшаның қосалқы есігінен келіп кірді. Бақшаның іші тым әсем еді, қарасаң көз тойғысыз көрініс:

Жердің бетін қызғалдақ гүл жасырып,
Бұйра шаш талдар тұрды ырғатылып.
Руиенің көпірі көлбеп жатыр,
Жолдар Тиянтайға тұрды асылып.

Мөп-мөддір меруерт тамшы тамып тастан,
Түседі тырс-тырс етіп жалықпастан.
Мұрынға соғылады жұпар иіс,
Бақшадан күзгі самал алып қашқан.

Ағаштар қызғылт тартқан жапырағы,
Бақшаның қандай ғажап атырабы.
Ұқсайды суретке қолмен салған,
Қиялға көңіліңді батырады.

Жел соқса терістіктен күздігүні,
Азынап естіледі, түздің үні.
Ал бірақ бұлбұл дауысы естілмейді.

.....

Жаз шықса шуақ төгіп таң самалы,
Шырылдап шегірткелер ән салады,
Түстікте сонау таудың етегінде,
Ләпкелер аларманын қарсы алады.

Терістікте өзеннің дәл қасында,
Ескі үй тұр үш бөлмелі жар басында.
Үй тұрады күнде сол орнында,
Өзен ағып жатады арнасында.

Сыбызғы-сырнай үні, ызындаған,
Қосылып сол әуенге сызылған ән.
Ғашықтық сезім билеп тұла бойды,
Баурайды пәк махаббат бұзылмаған.

Бекзада сейілдеп жүр еркіменен,
Аралап орман ішін жел түнеген.
Баяғы мырзалардай түр-тұлғасы,
Жарасқан табиғатқа көркі де ерен,—

дегендей еді, Уаң Шифың бикеш осынау әсем бақшаны тамашалап ойға батып келе жатыр еді, арт жақтағы жасанды таудан біреу шыға келді де:

– Сәлем, жеңеше,— деп дауыстады. Ойында ештеме жоқ бейқам келе жатқан Уаң Шифың бұл дауыстан шошып қалды да, шегіншектей беріп Жия Рұйды көрген соң өзін-өзі әзер ұстап:

– Төре жігітсің бе?— деді.

– Жеңеше-ау, мені танымай қалдыңыз ба?— деп Жия Рұй күліп оның қасына келді.

– Танымай қалғаным емес, сіз бұл арада жүреді деп ойламаған едім, сасқалақтап қалдым.

– Сәтімен сізге кезігіп қалдым, әлгінде қонақасыдан асығып шығып, оңаша серуендеп жүр едім, сізбен кездесе қалғаным қандай жақсы болды. Бұл тағдырдың жазуы емес пе?— деп Уаң Шифыңға тесіле қарап тұрып қалды. Уаң Шифың аса зерек әйел,

оның бұлай сұқтана қарауынан-ақ ойын оқып қойған, енді Жия Рұйға қарап күлімсіреп:

– Ағаң сені інілерімнің ішіндегі бетке ұстары деп мақтап отырушы еді, сенің айтқан сөздеріңнен зеректігің мен пейіліңнің кеңдігің танығандаймын. Қазір мен апамдардың қасына бара жатырмын, сенімен әңгімелесуге уақытым жоқ, кейін қолым босағанда кездесерміз,– деді.

– Жеңеше, үйіңізге барайын десем, сіз жас адам болған соң ыңғайсыз болатын болып бара алмаймын, оның үстіне қабылдамай қойса қайтемін деген де күдігім бар,– деді Жия Рұй әдейі ол ниетімді түсінсін деген оймен.

– Бір әулеттің адамымыз, кәрілік пен жастықта тұрған не бар,– деді Уаң Шифың, оның бұл сөзін естіген Жия Рұйдың көкірегінде үміт оянып, іші жылып қалды. Ол мұндай оңаша кездесу бола бермес деп ойлады, бірақ өңінде бір түрлі қобалжу бар еді.

Уаң Шифың оған тезірек қонақасыға бар, олар көріп қалса жазалап арақ береді деп еді, Жия Рұй сүлкіні түсіп артына қарай-қарай кете берді. Уаң Шифың әдейі аяғын ақырын басып, ақырын қозғалды да, ол ұзап кеткен соң “адам аласы ішінде” деген осы ғой, мұнан мұндай хайуандық шығады деп кім ойлаған, малғұн, бұл ниетіңнен қайтпасаң, бір күні менен өлерсің, мені сонда түсінетін боларсың деп ойлады.

Уаң Шифың осы ойдың жетегінде ақырын алға қарай кетіп бара жатты. Ол алдындағы жасанды таудан айналып өте бергенде алдынан екі-үш әйел шыға келіп, оған күле қарап:

– Біздің ханым сіздің келмегеніңізге алаңдап отыр, тосуға тағат қылмай бізді сізді шақырып келуге жіберді,– деді. Уаң Шифың оларға:

– Сендердің ханымдарың қашан көрсен жінігіп жүреді, мінезі құйын сияқты,– деп әзілдеп қойды. Онан соң олармен еріп жүре берді де:– қандай ойын көрсетілді, неше көрініс қойылды?– деп сұрады.

– Сегіз-тоғыз көрініс қойылды-ау деймін,– деді әйелдер. Олар сөйтіп әңгімелесе отырып жұпар бақшасының артқы есігіне келіп еді, бір топ күндермен ойнап жүрген Бауиүйді көрді. Уаң Шифың оны көріп:

– Бауиүй, байқа, қыздарға тиіспе, тентек болма,– деп күліп қойды.

Бір күң қыз, оларды көріп ханымдар екінші қабатта отыр, сіз осы баспалдақпен көтеріліңіз деді. Уаң Шифың бикеш шұба-лаңдаған ұзын етегін қолымен көтеріп, көгершіннің кеудесіндей

жинақы да шығыңқы кеудесін алдыға қарай көтере, маң-маң басып жоғарғы қабатқа көтеріліп бара жатты. Юшы оны баспалдақтың алдында күтіп тұр екен.

– Келін екеуің өте жақынсыңдар, бастарың қосылса болғаны басқаны ұмытып, сырласып кетесіңдер, айрылғыларың да келмейді, ең дұрысы сен ертең көшіп кел де біржола сонда тұрсаңшы,– деді. – Кел, дастарқанға отыр, мен саған алдымен бір тостаған арақ алдырайын. Уаң Шифың Шиң ханым мен Уаң ханым отырған дастарқанға келіп, отыруға рұқсат сұрады, Юшы ойын тізімі жазылған қағазды әкеліп, қалаған ойыныңды таңда деді. Уаң Шифың күліп алды да:

– Апамдар бар емес пе, неге мен таңдауым керек, – деді. Олар:

– Біз құдағимен бірге әлденеше рет көрдік, енді сен бірнеше жақсы ойын таңда, біз де көрейік,– деді. Уаң Шифың бикеш олардың сөзін жөн көріп, орнынан тұрып барып ойын тізімін қолына алып, қарай бастады. Ойындарды талдап келіп, “аруақтың қайтуы”, “соқпа жыр” деген екі ойынды таңдады. Қазір орындалып жатқан “бір басқа екі лауазым” атты ойын аяқтаған соң, мына екі көріністі орындаса сонымен уақыт та бітіп қалар десті. Сөйтсін деді Уаң ханым – аға-жеңгең де ертерек дем алсын, олардың да көңілі қаяулы ғой деп қойды.

– Шешейлер күнде келіп жатқан жоқ, бәріміз бас қосқанда асықпай отырып көңіл көтерейік, күн әлі ерте,– деді Юшы ханым қонақжайлық танытып. Уаң Шифың бикеш орнынан тұрып астыңғы қабатқа үңіліп қарап алды да:

– Мырзалар қайда кеткен?– деп қалды. Оның жанында тұрған бір әйел:

– Ол кісілер күйшілерді ертіп, рауан ордасына шарап ішуге кетті,– деді.

– Бұл ара ыңғайсыз болған екен ғой, оңашада не істемек екен өздері,– деп қойды Уаң Шифың бикеш. Юшы күліп алды да:

– Кім білсін не істегелі кеткендерін, елдің бәрі сен секілді етегіне намаз оқып жүр дейсің бе,– деп қойды. Олар әңгіме-дүкен құрып отырғанда көрсетілген ойындар түгел орындалып болды, ойын аяқталған соң арақ-шарап жиыстырылып, тамақ тартылды. Тамақтан кейін бақшаға шығып үлкен үйге келіп шай ішті. Сонан кейін қонақтар кететін болып мәпе даярлатты, қонақтар Юшының шешесімен қоштасып үйлеріне қайтты. Юшы бір топ нөкерлерін ертіп оларды аттандырып салды. Жия Жин де ұлымен әулетіндегі жастарды ертіп, мәпе қасында күтіп тұр екен, Шиң ханым мен Уаң ханымға:

– Шешейлер, ертең тағы келіңіздер,– деп қойды. Уаң ханым:
– Бүгін армансыз отырдық қой, шаршап қалдық, осы да жетер, ертең тынығып дем алмасақ болмас, кейін келерміз,– деп еді жұрттың бәрі сол сөзді жөн көрді, олар асықпай мәпелеріне мінді.

Жия Рүй Уаң Шифың бикештен көзін ала алмай сүзіліп тұрды да қалды. Жия Жин қайтып кеткен соң Ли Гүй ат әкелді де, Бауиүй атқа мініп, Уаң ханымның артынан жүріп кетті. Қонақтар кеткен соң Жия бала-шаға, үрім-бұтақтарымен бірге отырып тамақ ішіп, онан соң тарасты. Ертесінде көңілдерін көтеріп бір күн дем алды.

Уаң Шифың сол күннен бастап әр күні уақыт тауып Чиншының көңілін сұрап келіп тұрды, Чиншы бірде тәуірленіп, бірде нашарлап қалып жүрді. Мұны көрген Жия Жин мен Юшы қатты мазасызданды, Жия Рүй да не істерін білмей сенделіп қалды.

Айтпақшы, Жия Рүй да Рұңгофу ордасына бірнеше күн келіп еді, ол келген сайын Уаң Шифың бикеш Нингофу ордасына кеткен болып шығатын.

Биыл желтоқсанның 30-ы күні қыс қақап кетті, айдың өлі-арасында Жия әжей мен Уаң ханым күн құрғатпай Чиншыға адам жіберіп көңілін сұратып, халін біліп тұрды, Уаң Шифың бикеш те олардан қалыспай қолы тие қалса өзі барып жүрді. Барып келгендердің бәрі де: “Жуықтан бері науқасы бір қалыпты екен, ауырламапты да тәуірленбепті”, деп келді. Бір күні Уаң ханым Жия әжейге:

– Бұл мезгілде науқастың ауырламағанына қарағанда жазылудан үміт бар секілді,– деді.

– Айтқаның келсін, жап-жақсы бала еді, мына дерттен әбден азып кетті, тәңір сақтасын, алда-жалда олай-бұлай болып кетсе қайтеміз!– деп күйзеліп аз отырды да Уаң Шифыңға:

– Екеулеріңнің көңілдерің жақын еді ғой, ертең айдың бірі ғой, бүрсігүні барып көңілін сұрап кел, жағдайын нақтылап сұрашы, егер тәуірленудің белгісі болса, маған айтарсың, ұнатып жейтін тамағы болса жасап беріп жіберіп тұр,– деді. Уаң Шифың оның сөзін құп алып басын изеп қойды. Айдың екісі күні, таңертеңгі тамақтан соң Нингофу ордасына келіп Чиншының көңілін сұрап, науқасының жайын ұғысты.

Науқастың беті салбырап, арықтап жүдеп кетіпті. Ол Чиншының жанында біраз отырып, әңгімелесті, ештеме етпес, жазылып кетерсің деп көңілін аулаған болды.

– Жазылар-жазылмасым көктемде белгілі болар, қыс түсті, әзірге тірімін ғой, әйтеуір, мүмкін сіз айтқандай жазылып та кететін шығармын. Әжейлер маған бола алаңдамасын, не болса да

жазмыштың ісі ғой. Кеше үлкен әжей шылан қосқан тау жуасын беріп жіберген екен, екі талын жеп едім, бұрынғыдай емес, бойыма сіңіп, тәуір болып қалдым,– деп әжептәуір көңілі көтеріліп қуанып отырды.

– Ол жаққан болса жақсы болған екен, ертең тағы да беріп жіберейік, табылатын нәрсе ғой, көңілің қалаған, өзіне жаққан нәрсені айтып қой, тауып берейік,– деп Уаң Шифың бикеш шын көңілімен бәйек болды.– Бұл жаңалықты алдымен енеңе айтайын, онан соң өз апама да айтармын.

Чиншы ол кетіп бара жатқанда:

– Жеңеше, әжейлерге менен сәлем айтарсыз,– деп қалды. Уаң Шифың оған басын изеді де шығып кетті, ол Чиншының бөлмесінен шыққан соң Юшының бөлмесіне келді.

Юшы оған:

– Сырттан қараған адам сезгіш келеді ғой, келіннің сырқаты қандай екен?– деді. Уаң Шифың бұған не дерін білмей жерге қарап отырып қалды, аздан соң барып:

– Бұл алайын деп келген дерт секілді, сіз оны шығарып салу жұмыстарына осы бастан даярлана бергеніңіз де жөн шығар,– деп шынын айтты.– Қолдан келгеннің бәрін істедіңіздер, ажалға амал бар ма, енді дем салдырып, ұшықтатып қойсаңыздар болар.

– Өзіне сездірмей дайындалып жүрмін, бірақ үлкен төсекке жақсы ағаш табылмай тұр, кейін жасатармыз,– деп қойды Юшы ханым. Уаң Шифың ол кісінің жанында шай ішіп аз отырды, көбінесе Чиншының жайын әңгімелесті, сонан соң мен барып науқастың жайын өз апама айтайын деп кетуге ыңғайланды.

Юшы оған кетерінде:

– Үлкен кісі ғой, уайымдап қалар, апамды алаңдатпай еппен айтарсың,– деді.

– Ол жағынан қам жеменіз, қалай айтуды білемін ғой,– деп Уаң Шифың бикеш қайтып кетті. Уаң Шифың ол үйден шыққан соң жолшыбай ешқайда соқпай Рұңгофуға келді, Жия әжейге келіп:

– Жия Рұңның келіншегі сізге сәлем айтты, тәуірленіп қалдым деп отыр, енді біраз тыңайсам өз апама барып амандасып қайтармын, алаң болмаңыз деді.

– Сен барып қайттың ғой, ол қалай?– деп сұрады кемпір, оның сөзіне нанбаған адамдай.

– Қазірше ештеме ете қоймас, өң-реңі жақсы көрінеді,– деді. Жия әжей бұл сөзден науқастың жайы тым жақсы емес екенін білді, ауыр күрсініп алды да, аз уақыт үнсіз отырып барып Уаң Шифың бикешке:

– Киімінді ауыстырып, дем ал,– деді. Уаң Шифың үндемей үйден шығып кетті, ол алдымен Уаң ханымға жолығып, науқастың жайын

айтып, онан соң өз үйіне келді. Пыңыр үй киімдерін жылытып ауыстырып кигізді. Уаң Шифың киімін киіп болған соң одан:

– Үйде не жаңалық бар?– деп сұрады.

– Ешқандай жаңалық жоқ, Уаңыр жеңгей әлгі үш жүз сәрі күмістің өсімін алып келді, оны қабылдап алдым,– деді де, әлденені есіне түсіргендей ойлана қалып,– айтпақшы Жия Рұй мырза сіз үйде ме екен деп кісі жіберіпті, амандасып келмек екен,– деді. Уаң Шифың:

– Бұл хайуанды түлен түрткен екен, шайтан азғырған ғой, келсін, сонан соң не болғанын көрер,– деп ашу шақырып кіжініп алды. Пыңыр ештеме білмесе де Жия Рұйдың қайта-қайта келгіштеп кеткенін түсіне алмай жүрген, Уаң Шифыңның мына ашуынан кейін оның бұл үйге келгіштей беруінде бір сыр бар екенін сезгендей болды. Уаң Шифыңнан:

– Жия Рұй мырза неге осында жиі келетін болып жүр?– деп сұрады. Уаң Шифың бикеш қазан айындағы Нингофу ордасында кездескендегі оның сөзін, пиғылын Пыңырға түгел айтып берді.

Пыңыр оны естіп ашуланып қалды, “жаман иттің кеудесі ар жақта” деген осы екен-ау, адам кейпі жоқ сілімтірдің ойының жаманын кара, өз түбіне өзі жетейін деп жүрген болды ғой деп ойлады.

– Ол келсін, дауасын өзім табармын,– деді Уаң Шифың бикеш, Пыңыр Жия Рұйға бикеш үйде деп адам жіберді.

Жия Рұй келгенде не болғанын келесі тараудан оқыңыздар.

ОН ЕКІНШІ ТАРАУ

Уаң Шифың мен Пыңыр әңгімелесіп отыр еді, күтуші Жия Рұй мырза келгенін хабарлады. Уаң Шифың кірсін деп дауыстады. Оның дауысын естіген Жия Рұй оны Уаң Шифыңның ықыласының түзулігіне балап қуанып қалып, үйге кіріп келіп оған жалпылдай амандасып, екі көзі күлімдеп жылмаң қақты. Уаң Шифың да оны көргенде тым сыпайылық танытып, төрге шығарып шай алдырды. Уаң Шифыңның бұл құрметін өзіне деген ықылас деп білген Жия Рұйдың бойы балқып, денесі бір ысып-бір суып ерекше күйге түсті. Есіл-дерті Уаң Шифыңда болып отырса да сөзді басқа жаққа бұрып:

– Ортаншы ағай неге қайтпады екен?– деп сұрады.

Уаң Шифың бикеш:

– Оның неге айналғанын кім білсін?– деп қойды. Жия Рұй әзілдеген болып:

– Қайтатын уақыты болып еді, жолда біреу-міреу аяғына оралып, қайта алмай жүргеннен сау ма?– деп күлді. Уаң Шифың осы орайда оны бір кекетіп алғысы келіп:

– Кім білсін, солай болса болар, еркектердің көзіне кім көрінсе, соған әукесі салақтап тұрады ғой,– деп қалды. Жия Рүй бұл кекесінді басқаша түсінді де:

– Жеңеше, ағат айтып отырсыз, еркектің бәрі бірдей ме? Мысалы мен ондай емеспін ғой.

Уаң Шифың күліп алды да:

– Жұрттың бәрі сен секілді ме? Болса да тым сирек қой, ондай адамдар бағы бар әйелдерге ғана кездесер,– деді.

Жия Рүй бұл сөзді шын көріп масаттанып, не істерін бімей, құлағын уқалап, самайын сипалап әбігерленді де қалды.

– Жеңгей, сіз үйде зерігетін шығарсыз?– деп қойды. Уаң Шифың:

– Дәл таптың, зеріккенде қолым алдыма сыймай, ішім пысып кетеді, сондайда біреу-міреу келіп әңгіме-дүкен құрып, көңілімді көтерсе екен деп екі көзім төрт болып отырамын,– деді. Оның бұл сөзін өзіне жасаған ишара деп түсінген Жия Рүй:

– Жеңеше, мен күнде боспын ғой, әр күні келіп сіздің көңіліңізді көтеріп қайтып тұрсам, бұған қалай қарайсыз?– деп қалды. Уаң Шифың күліп алды да:

– Бер жағың ғой мені алдарқатқан, сен мұнда келуді қайдан қалай қоясың,– деді.

Не де болса ақтарылып айтып қалудың орайы келді деп білген Жия Рүй:

– Жеңеше, олай деменіз, мен ренжимін, алдыңызда бір ауыз өтірік айтсам, желкемнің шұқырын көрмей кетейін. Жұрттың бәрі сіздің мінезіңізді қиын дейді, ол кісінің алдында жаза бассаң, пәле болады дейді, сондай сөздерді естіп именіп жүргенім рас, бірақ ниетімде бөтендік жоқ. Міне, сіздің де әзілқой, жайдары болатын кездеріңіз болатынын көзіммен көрдім, енді мұнда келмеуге шыдай алмаспын, сіздің жолыңызда өлсем де армансызбын,– деп үзілді. Уаң Шифың әлі де сыр бермей күлімсіреген қалыпында:

– Өзің бір жаны сергек, есті жігіт екенсің ғой, ағайынды екеуі сенің садағаңа тұрмайды-ау, мен олардың сыртқы тұлғасына қарап, ақылды жігіттер екен десем, екеуі де барып тұрған саңылаусыз жандар болып шықты. Адамның көңілін өздеріне аудара білмейді,– деді.

Өзіне арналған жылы сөздерді Уаң Шифың бикештің аузынан естігенде Жия Рүй өзін-өзі ұстай алмай сырғып оған жақындай

түсті де, Уаң Шифың бикештің кестелі дорбасына көзін сүзіп отырып қалды.

– Қолыңыздағы қандай жүзік?– деп сұраған болды, онысы жүзікті көрген болып қолдан ұстау үшін еді.

Уаң Шифың оған:

– Бекзада, әдеп сақтаңыз, күндердің көзіне түсіп қалып, ұятқа қалып жүрмейік,– деп қойды жай ғана.

Бұл сөз Жия Рүйға әміршінің қатаң бұйрығындай әсер етті. Ол арт жаққа қарай жылжып отырды.

– Енді қайта бер, – деді Уаң Шифың.

– Отыра тұрайыншы, жеңеше, осынша тасбауыр болмасаңызшы,– деп Жия Рүй онан ары өзеурей түсті.

– Қойшы,– деді Уаң Шифың,– тапа-тал түсте келіп-кететін адам көп, өзіне де ыңғайсыз емес пе,– деп сыбырлай сөйлеп,– қазірше ренжімей қайта бер, кеш батып, ел орынға отырған соң білдірмей келіп, мені батыс жақтағы бинаның өткегінен күт,– деді.

Жия Рүй жерден алтын тауып алғандай қуанды, десе де сөзді бекіте түскісі келіп:

– Мені алдап отырған жоқсыз ба, ол арадан өтетін адам көп емес пе, қалай жұрт көзінен ауаша бола аламыз?– деді.

– Бұл жағынан алаң болма, мен түнгі күзетке шығатын күзетшілерді таратып жіберемін де екі жақты бекіттіріп тастаймын, онда адам да болмайды, тек өзің сөзіңнен тайып кетпей, нағыз еркек екенінді дәлелдеп, келуге шыдасаң болғаны.

Мұндай ыстық ықыласты сөздерді естіген Жия Рүйдың қуанышында шек болмады. Уаң Шифың бикешті қолыма түсірдім деп ойлаған ол Уаң Шифыңмен қоштасып кетіп қалды. Сол күні кешке ымырт үйіріле Рүнгөфу ордасына келген Жия Рүй қақпа бекітілмей тұрғанда орда ішіне кірді де Уаң Шифың айтқан екі үйдің ортасындағы өткекке келіп тұрды. Бұл жер көзге түртсе көргісіз қараңғы екен, ары-бері өткен адам көрінбеді, Жия әжейдің үйі жаққа баратын кішкене қақпа әлдеқашан бекітіліп қалыпты, шығыс жақтағы қақпа ашық тұр екен. Жия Рүй жан-жағына жалтақтап қарай берді, арада талай уақыт өтті, келген адам болмады. Сөйтіп әрі-сәрі болып тұрғанда бірдеменің сықырлаған дыбысы естілді де, шығыс жақтағы қақпа да жабылып қалды. Енді Жия Рүй әлденеден күдіктеніп, тағаты таусылып, не істерін білмей қалды, дауысын шығаруға батылы бармай, ақырын барып қақпаны итеріп көріп еді, қақпа ашылатын емес, тас бекітіліп қалыпты. Енді қақпадан шығып кету мүмкін емес екенін ол сонда барып білді. Айналаның бәрі биік дуалмен қоршалған, секіріп кету мүмкін

емес. Бұл жердің жан-жағы алан ашық, желдің өткегі екен, жел аңырап денені қарып барады, Жия Рүй қаңтардың ұзақ түнін осы жерде тікесінен-тік тұрып өткізді, үсіп өліп қала жаздады. Үсіп өлдім-ау дегенде таң ағарып, бір күн шығыс жақтағы қақпаны ашып, онан соң өзі батыс жақтағы қақпаны ашуға кетті. Жия Рүй оның бұрылып кеткенін көрді де, сол орайда қолын қусырынған күйі лып етіп шыға жөнелді. Бір тәуірі күн ерте болғандықтан, ел әлі тұрмаған екен, артқы қақпадан шықты да, үйіне қарай тұра жүгірді.

Жия Рүйдың әке-шешесі ерте қайтыс болып, ұлы әкесі Дайру бауырына басып өсірген. Немересін қатты жақсы көретін Жия Дайру арақ ішіп, құмар ойнап, оқу оқымай қояр деп ойлап оны қатты ұстайтын, күні-түні көзінен таса қылмайтын. Бүгін үйге түнемеген немересін байқаған Дайрудың ойы онға бөлінді. Ол сыртта арақ ішіп мас болып қалды ма әлде құмар ойнап, келе алмай қалды ма деген ой да маза бермеді; бәрінен де қинағаны жезөкше әйелдермен әуейі болып жүр ме деген ойы еді.

Түні бойы ызаға булыққан Дайру таң ата немересі келген соң оған қатты ұрысты. Не деп жауап берерін білмеген Жия Рүй қара терге түсіп, қатты қиналды, нағашымның үйіне барып едім, түн болып кеткен соң сонда қонып қалдым дей салды.

– Өтірікті соғуын, бұрын менің рұқсатымсыз далаға шықпаушы едің ғой, саған не болған, маған айтпай өз бетіңше кетіп қалғаның не? Осы қылығың үшін де жазалау керек,– деп ашуланған Дайру оған отыз дүре соқты, онымен де тоқтаған жоқ, оған тамақ бергізбей, аулада жүрелеп отырып, сабақ қаратқызды. Жия Рүй түнімен далада тұрып, әбден тоңған соң, үйіне келіп жылы төсекте жатып дем аламын ба деп ойлаған еді, алайда, ол ойы желге ұшты, келе сала таяқ жеді, ол аз болғандай аулада аш отырып, сабақ қарау оған қиын болды. Жығылғанға жұдырық деген осы екен ғой!

Бұл жолы қанша қиналса да, ол Уаң Шифыңға деген ниетінен қайтпаған еді, ол Уаң Шифыңның өзін ақымақ қылғанын есіне де алған жоқ. Екі күн өткен соң ол Уаң Шифың бикешке тағы барды. Ол Уаң Шифың бикешке өкпесін айтпақшы еді, оның алдына келгенде ол ойын жеткізе алмады, ал Уаң Шифың уәдеде тұрмадың деп оның өзін жазғырды. Жия Рүй жатып кеп ақталып, ант ішуге дейін барды. Оның өзі келіп қақпанға түскенін аңғарған Уаң Шифың тағы бір қырына аунап, оны тәубесіне келтіріп қойғанды жөн көрді де, оған:

– Бүгін түнде біздің үйдің артындағы бос үйде мені күт, біреу-міреу біліп қоймасын,– деді. Оның бұл сөзіне не сенерін, не сенбесін білмей аң-таң болған Жия Рүй:

– Жеңеше, рас айтасыз ба?– деп сұрады.

– Сенбесең келмей-ақ қой!

Жия Рүй оған:

– Келейін, өлсем де келейін,– дей берді.

– Онда тезірек қайта бер.

Қазір мұнда тұрғаннан пайда жоқ екенін ойлап, кешке келуді жөн көрген Жия Рүй кетіп қалды да, ол кеткен соң Уаң Шифың кешкі жағдайға орай амал қарастырып, оның бетін бір жола қайтаруға дайындала бастады.

Сол күні кешке Уаң Шифыңға баратын болғандықтан, Жия Рүйға, уақыт өтпей қойды, кешті әрең батырып, енді ептеп шығып кетудің ебін таппай отырғанда үйлеріне туысқандары келіп қалып, кешкі тамақтан кейін бірақ кетті де, Жия Рүй үйден шыға алмай қалды. Ол ел орынға отырып, қараңғы түскенде, атасы ұйықтаған соң әрең шығып, Рұңгофу ордасындағы әлгі үйге келіп, Уаң Шифың бикешті күтті. Бірақ Уаң Шифың келмеді, ол тағы да алаңдай бастады. Бара-бара шыдамы таусылып, шиыршық атты, келген адам болмады, бөтен дыбыс та жоқ, ол күдіктене бастады: мына келіншек тағы да келмей қойып, түнімен тоңып жүрмейін деп ойлады. Ол сөйтіп ойлап тұр еді, есіктен қараңдап біреу кіріп келді, оны Уаң Шифың бикеш деп ойлаған Жия Рүй ол алдына келе бере өзін-өзі ұстай алмай оны құшақтай алып:

– Айналайын жеңеше-ау, әбден зарықтырдың ғой,– деп көтеріп алып, ескі үйдің көтерме төріне жатқызды да, бір жағынан бетінен шөпілдете сүйіп, бір жағынан іш киімінің бауын шешіп сыпыра бастады. Жаным-күнім деп үзіліп өліп барады. Әлгі кісі үндемей жатыр, Жия Рүй өз шалбарын да шешіп, енді ыңғайлана бергенде, шам жанып кетті, де Жия Чияң кіріп келді.

– Мұнда кім бар?– деді ол.

– Жия Рүй ағай ғой, маған айғыр болғалы жатқан,– деді әлгі адам күліп. Жия Рүй оны көргенде кірерге тесік таппады, оның алдында Жия Рұң жатқан еді. Жия Рүйға енді қашып құтылудан басқа амалы қалмады, ол тұра қашпақшы болып еді, Жия Чияң шап беріп ұстай алды.

– Тоқта!– деді ол қатаң үнмен,– Уаң Шифың жеңгей сенің қырындап жүргенінді айтып өз апама шағынып барған екен, өз апам ашудан жарылардай болып, мені әдейі сені ұстап алып кел деп жіберді. Жүр тез, менімен бірге,– деп ақырды. Жия Рүй

қорыққаннан жүрегі тас төбесіне шықты, ол Жия Чияңға жалына бастады:

– Айналайын бауырым, мені жоқ екен, келмепті дей салсаңшы, бір жолға құтқара гөр, не сұрасаң соны берейін,– деп зар еңіреді.

– Сені қоя беруге болар, бірақ сен маған не бересің, құрғақ сөзді қойып, қолхат бер,– деді. Жия Рүй шошып кетті, мұны қалай қағазға жазуға болады деп жалтақтай берді.

– Онда тұрған түк те жоқ, құмар ойнап ұтылдым да пәлен сәрі күміс қарыз алдым деп жазасың,– деді. Жия Рүй амалсыз келісті.

Жия Чияң бұған әбден дайындалып келген екен, қағаз бен қаламын алып Жия Рүйға ұстата қойды да, қолхат жаздырып алды. Екеуі ырғасып-ырғасып келіп елу сәрі күміске тоқтады. Жия Чияң қағазды алды да, сонан соң Жия Рүнмен келістірмек болып еді, ол қасарысып тұрып алды:

– Ертең туыстарға айтып, талқыға саламын, не десе де солар айтар, қалғанын сонан соң көремін,– деді. Бұл сөзді естіп Жия Рүй қатты састы, Жия Чияң екеуін келістірген болып оған да елу сәрі күміске қолхат жаздырып бергізді. Іс онымен біткен жоқ, қолхат алып болған соң, Жия Чияң тағы көнбеді, қазір сені қоя берсем, өзім айыпты болып қалатын түрім бар, өз апама барайын десем, ол жаққа баратын қақпа бекітіліп қалды, төре атам Нанжиңнен келген тауарларды тексеріп жатыр, ол жақтағы есіктен де шығып кету қиын, амалсыз артқы есіктен шығуға тура келеді. Ол жақтан үлкендердің көзіне түсіп қалуымыз да мүмкін, онда менің де май өкшеме жақсы болмайды. Сондықтан сақтық керек, сен осында отыра тұр, алдымен мен барып байқап келейін, ел аяғы басылған соң сені келіп ертіп кетемін, сен бұл үйде де ұзақ тұра алмайсың, аздан кейін бұл үйге зат әкеледі. Сондықтан саған жасырына тұратын жер тауып берейін деп, қолындағы шырақты өшірді де, Жия Рұйды жетелген беті сыртқа шықты. Сыртқы үлкен баспалдақтың алдына келді де, сен осы баспалдақтың астында жата тұр, осы жер қолайлы екен, бірақ дыбысыңды шығарма, мені тос, өзім келіп ертіп кетемін,– деп Жия Рұнды ертіп кетіп қалды.

Елге қарар беті қалмай Жия Рүй еріксізден баспалдақтың астына бүрісіп отыра кетті. Жия Чияңдар ұзап кеткен соң барып есін жинап, іштей өткен істі салмақтай бастап еді, төбесінен аяқ дыбысы естіліп, біреу бір шелек дайрақтты сар еткізіп төге салды. Сасқалақтап қалған Жия Рүй ойбай деп қалды да, аузын баса қойды. Айғай салуға дәті бармады, үстінен бір шелек боқ-сідік төгіліп кеткен Жия Рүй енді тоңып селкілдей бастады. Не заманда Жия Чияң жүгіріп келіп тез кеттік деп сыбырлады, Жия

Рұй орнынан тұра жүгірді, ол үйіне түн ортасы ауа келді, сондықтан дауыстап қақпа аштырды. Оның мына сұрқын көрген үй қызметкері сізге не болған деп таңдана сұрады.

Қараңғыда аяғым тайып, дәретханаға түсіп кеттім дей салды оған. Ол өз бөлмесіне кіріп, үсті-басын жуып, киімін ауыстырды. Сонан кейін барып өз-өзіне келіп, Уаң Шифың бикештің өзін ақымақ қылған қылығын ойлап ашуланып алды. Десе де оған кектене алмады, оның сұлу жүзі көз алдына келгенде жүрегі жібіп сала берді, тіпті оны қатты құшақтап кеудесіне басып құшырлана сүйгісі келді. Ол сол тәтті қиялдың құшағында жатып түнімен көз ілмей шықты. Дегенмен, содан бастап ол Уаң Шифыңға қанша құмар болса да, ол жаққа аттап баса алмады.

Жия Рұң мен Жия Чияң қайта-қайта келіп, күмістерін сұрауды жиілетті. Жия Рұй атам бар сырды біліп қоя ма деп те күдіктенді. Өзі алакөңіл болып жүргенде борыш қысты. Сабақ та күн сайын қиындап, еңсесін басып келеді. Өзі жиырманы еңсерсе де әлі үйленбеген, Уаң Шифыңның көңілін өзіне қарата алмағанына іштей ыза болатын, кейінгі кезде қолымен ләззаттанып, бойын суытатынды шығарды. Екі рет барса да ойлағаны болмай, ұятқа қалып қайтқаны қабырғасына қатты батып жүрді. Ол тағдырдың сокқысына шыдамай, науқастанып қалды. Үнемі іші кеуіп, аузы кермек татып тұратынды шығарды, жүйкесі құрып, сіркесі су көтермей, мінезі мүлде өзгеріп кетті. Түні бойы ұйқысы қашып, қызып шығатын болды. Күндіз буыны босап, несегі жиілеп, қалыпсыз күйге түсті. Түкірсе, кеңірдегінен қан келетін болды. Бәрінен қиыны, бойынан ұрығы тоқтамай, денесінен күлімсі иіс шығып, өзінен-өзі жиіркенетін болды. Бұл ауру бас-аяғы бір жылдың ішінде оны әбден тұралатып тастады. Тіпті, ол денесін билей алмайтын дәрменсіз халге жетіп, төсек тартып жатып қалды. Көзі ілінсе болғаны шым-шытырық түс көреді, көзіне қайдағы-жайдағы бірденелер елестеп, ұйқыдан сандырақтап шошып оянады. Оянғанда денесін қара тер басып кеткенін байқайды да онан әрі мазасызданады. Көрсетпеген бақсы-балгері, ішпеген дәрісі қалмады. Небір қымбат дәрілерді ішсе де, шипа болмады. Өне-міне дегенше қаңтар өтіп, ақпан басталды. Көктем келгенде науқас та асқына түсті. Жия Дайрудан ұйқы кетті, құлағы естісе болғаны, аяғы жеткен жерден бақсы-балгер алдырып қаратты. Бірақ Жия Рұйға ем қонбады. Соңғы кезде келген бір тәуіп оған таза адамтамыр сорпасын ішсін деді. Алайда, адамтамыр өте қымбат еді, оны алатын жағдайы жоқ Дайру Рұнгофу ордасынан көмек сұрады. Уаң ханым Уаң Шифың бикешке адамтамырдан

екі сәрі бер деп еді, Уаң Шифың ол бұйрықты орындамайтын сынай танытты.

– Адамтамырдың қалғанын анада өз апама дәрі жасатып бердік қой, қалған бүтін адамтамырды Ияғ сардардың бәйбішесіне беріп жібер деген соң кеше беріп жібердім,– деді. Оның бұл сөзіне сенген Уаң ханым шын көңілімен көмектесуді ойлап:

– Қайны ененнің үйінен сұрат, болмаса, Жия Жин ағанның үйінде бар шығар, аздап алдыртып бер, адамтамыр науқасқа шипа болса, сауабын аласың,– деді. Уаң Шифың бикеш келіскендей рай танытып шығып кетті. Десе де адамтамыр сұратуға адам жіберген жоқ. Қалған-құтқан қоқым-соқымнан жинап бірнеше мысқал адамтамырды күндерден беріп жіберді де ұлы ханымның беріп жібергені осы болды, енді қалмапты дендер деп тапсырды. Өзі Уаң ханымға:

– Екі сәріден артық адамтамыр беріп жібердім,– дей салды.

Жия Рүйдың жан үшін ішпеген дәрісі қалмады, бірақ бәрінің де шипа болғаны шамалы, босқа шығын болып жатты. Бір күні Жия Дайрудың үйіне аяғы ақсақ дәруіш келіпті, ол өзінің тағдырдың жазасынан болатын шипасыз науқастарды емдейтінін айтты. Жия Рүй үйде жатып бұл сөзді естіп қалды да айғай салды:

– Пусаны тез шақырындар, мені осы кісі ғана құтқара алады,– деп лаңғада болды. Оның даусын естіген туыстары дәруішті шақырып келді, ол дәруішті көрген жерден зар еңіреді:

– Тақсыр, Пуса әулие-ау, мені құтқара гөр,– деп еңірегенде етегі жасқа толды. Дәруіш оған тесіліп қарап отырды да:

– Сенің ауруыңа дәрі шипа болмайды, менде бір асыл зат бар, саған берейін, күн сайын соған қарап отырсаң жаның қалар,– деді. Ол соны айтты да қалтасынан бір айна алып шықты, қызығы – ол айнаның екі жағымен де көруге болады екен. Айнаның артында “ғашықтар айнасы” деген сөз жазылыпты. Ол айнаны Жия Рүйға ұсынып жатып:– бұл зат елес әлеміндегі сағым ордасынан шыққан зат, өзін хор қызы Жиңхуаң жасаған. Теріс жолға түсіп, азғындаудан ауру болған адам бұл айнаға қараса, жазылады. Мұндай асыл айна дүниеде жоқ, өмірге нәр беретін айна осы, сондықтан мұны пәни әлемге саған арнап әкеліп отырмын. Кез келген адамға көрсетпе, зерделі, зерек, ибалы бекзадалар ғана көрсін. Өзің бұл айнаның оң бетіне қарама, тек қана теріс бетіне қара,– деді.– Үш күннен кейін келіп алып кетемін, оған дейін сенің науқасың да жазылар,– деді де қонып кетіңіз деген елдің сөзіне қарамастан кетіп қалды. Ол кеткен соң Жия Рүй айнаны қолына алды, сөйтті де іштей мына дәруіш қызық екен, теріс жағына қара

дегені несі деп ойлады да, қарап көрмеймін бе деп теріс жағына қарап қалып еді, ішінде адамның құр қаңқасы тұр екен. Жия Рүй айнаның бетін баса қойды да, дәруішті боқтап жіберді.

– Оңбаған неме, теріс бетіне қара дегендегісі осы ма, сонша қорқытпаса несі кетер еді,– деп ойлады да, оң жағында не бар екен деп айнаны аударып қарап еді, қолын бұлғап шақырып тұрған Уаң Шифың бикешті көрді, ол қуанып кетті, сөйтті де орнынан тез түрегеліп айнаның ішіне еніп кетті. Уаң Шифың бикешпен емін-еркін ойнап, бойын суытты. Әбден құмары қаңғанда Уаң Шифың оны қайтадан айнадан шығарып салды. Ол төсегіне келіп жатты да, көзін аша беріп ойбай деп дауыстап жіберді. Өйткені айна қайта айналып әлгі қаңқа қайта көрініп тұр еді, денесі шайырланып терлеп кетіпті, ұрығы астына кетіп ұйып қалған екен. ол айнаны қайта айналдырып оң бетіне қарап еді, қол бұлғап тұрған Уаң Шифыңды тағы көрді. Ол айнаға тағы да еніп кетті. Ол арт-артынан үш-төрт рет айнаға кіріп-шықты, соңғы рет айнадан шыға беріп еді, алдынан екі-үш кісі шыға келіп оны сүйрей жөнелді. Жия Рүй айнамды ала кетейін деп баж ете түсті. Онан кейін сөз сөйлеуге де дәрмені жетпей қалды.

Қасында тұрғандар оның айнаны қолына алып телміріп қарағанын, онан соң айнаның қолынан түсіп кеткенін, онан соң айнаны қайтадан қолға алып қарағанын, айнаның қайта түсіп кеткенін, тағы алып тағы қарағанын, айнаның жерге түсіп жатып қалғанын ғана көрді. Үйдегілер келсе, оның демі үзіліп кеткен екен, астына – алақандай жерге ұрығы ұйып қалыпты. Жиналған жұрт Жия Рұйдың киімін ауыстырып, оны жерлеуге дайындауға асықты. Жия Дайру мен бәйбішесі зар еңіреп жылап жатты.

Не деген сұм адам еді деп олар дәруішті балағаттап жатыр, айнаны жағып жіберіңдер деп дауыстады екеуі де.

Сол кезде үйдегі адамдарды үркітердей оқыс дауыс естілді: “Оған кім оң жақ бетіне қара депті, өтірікті шындай қылмандар, менің айнамның не жазығы бар, оны неге өртейсіңдер” деген дауыс естілді. Олар бұл дауысқа аң-таң қалып тұрғанда, әлгі айна үйден шығып ұша жөнелді. Жия Дайру үйден шығып еді, алдында әлгі ақсақ дәруіш тұр екен, ол Дайруға “айнамды әкел” деп ақырып қалды, сөйтті де айнасын қағып алды да көзден ғайып болды.

Жия Дайру бұл оқиғаның бір құпиясы бар екенін білді, сөйтті де амалсыздан ақыреттік киім әзірлетіп, өлікті жерлеуге дайындалды. Өлікті оң жаққа салған соң, жан-жаққа хабаршы жіберді. Сонан үш күн өткенде зікір айтқызып, жетінші күн дегенде сүйекті жуындырып, темір қоршаулы зиратқа апарып жерледі. Жия

әулетіндегілердің бәрі келіп көңіл айтты. Батаға Рұңгофу әулегінен Жия Жы жиырма сәрі, Жия Чияң жиырма сәрі күміс атады. Қалған руластары да қарап қалған жоқ, екі сәрі, үш сәріден өз тапқандарынша күміс әкелді. Мектептегі сабақтастары да жиырмаотыз сәрідей күміс әкеліпті. Жия Дайру отбасының дәулеті төмен еді, десе де көптің көмегімен өліктің артын жақсы күтті.

Сол жылы жыл соңында Лин Рухайдан хабар келді, ол ауыр науқас екен, Жия әжейге арнайы хат жазып Лин Дайиүйді өз қасына жіберуді сұрапты. Ол хатты оқыған соң Жия әжей уайымы көбейді, жиенін қимаса да күйеу баласының науқас жағдайы үшін Дайиүйді қайтармақ болып дайындық жасатты. Дайиүйдің ауылға қайтатыны Бауиүйге ұнамады, оны жібермей қалудың амалын да таппады, атасы мен апасының шешіміне қарсы келе алмайды ғой, амалсыз іштен тынып жүрді. Дайиүйді ауылға Жия Лиян апарып келетін болды, жол қаражат, сәлем-сауқатын тізіп айтып жатудың қажеті не, бай ауылдың салтымен ештеңесін қалдырмай түгендеп аттандыратыны белгілі емес пе!

Сөйтіп Жия Лиян қасына қызметкерлерін ертіп, Дайиүйді алып қайықпен Яңжоуға жүріп кетті.

Онан кейінгі істердің қалай болғанын білгіңіз келсе, келесі тарауды оқыңыз.

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Жия Лиян Дайиүйді алып Яңжоуға кетті. Ордадағылар Дайиүйді қимаса да амалсыз қош айтысты, неге екені белгісіз сол күннен бастап Уаң Шифыңды бір көңілсіздік билеп алды. Көп адамға сөйлемейтін болып кетті, жалғыз-ақ сөйлесетін адамды Пыңыр, кешке таман сонымен аздап әңгімелесіп, әзілдесіп отырады да, елден бұрын жатып қалады. Бір күні кешке ол күндегі әдетінше Пыңырмен әңгімелесіп отырды да, қолашаққа жылынып, көрпесін жылтып жатып қалды, бірақ ұйқысы келмеді, күйеуінің қайда жүргенін ойлап, қашан келетінін есептеп жатып түн ортасы ауғанша көз ілген жоқ. Пыңыр әлдеқашан тәтті ұйқыға батқан. Уаң Шифың кірпігі талып, енді көз іле бергенде есіктен қараңдап кіріп келе жатқан Чиншыны көргендей болды. Сөйткенше ол кіріп келіп: “Жеңеше, ұйқыңыз жайлы болсын,– деп күлімсіреп тұра қалды.– Мен бүгін қайтпақшымын. Сіз мені ұзатып та салмайтын түріңіз бар, тату-тәтті абысын едік, сізді жақсы көретінімді өзіңіз білесіз, сізге қош айтайын деп келіп тұрмын. Сізге айтатын тағы

бір тілегім бар, өзіңізден басқа ешкім де орындай алмас”. Уаң Шифың ұйқылы-ою жатып оған: “Қандай арман, не тілегің бар еді? Маған айт”, деді. Чиншы оған қарап толғанып сөйлеп кетті: “Жеңеше, сіз әйелдің түйғыны едіңіз, беліне белбеу буынып, басына тымақ кигені болмаса, еркектердің өзі сіздің шалымыңызға келмейді, сондықтан бұл арманымды сізге айтайын деп отырмын. Бұрынғылардың “толған ай да ортаяр”, “тасыған су тартылар”, “биіктен құлаған мерт болар” деген сөзі бар емес пе, осы күнде ордамыздың түтіні түзу ұшып, тасымыз аспандап, дәулетіміз шалқып тұр. Бұған да ғасырға жуық уақыт болыпты, бұл да осы беті тұра берер дейсіз бе, күндердің күнінде бақ тайып, қуаныштың орнын қайғы алар заман туса, “тоғайы тозып, маймылы босқандай” болып қасиетті әулетіміз аты бар, заты жоқ тобырға айналып қалып жүрмесін!” – деді. Уаң Шифың оған: “Уайымың орынды, бірақ бұл жалғанның түбіне кім жетіпті, армансыз адам бар ма, мәңгілік не бар, оған шара жоқ қой”, – деді.

Чиншы тағы да сөйлеп кетті: “Жеңеше-ау, сізде осындай аңғал ма едіңіз, “қыстың қамын жаз қамда” демей ме, шара жоқ деп отырғаннан не пайда, заман заман болғалы бақ пен сор, барлық пен жоқшылық алмасып келеді, дүниенің мәңгілік емес екені рас, оны ұстап тұру кімнің қолынан келер дейсің, десе де осындай дәулетті кезде кейінгі күннің қамын ойлап, алдын ала қарекет жасамаса бола ма, сонда ғана ертеңгі күннің қамынан алаңсыз болуға болар еді. Қазір біздің әулетте барлық жұмыс реттелгенімен, әлі де екі істің қиюы келмей тұр. Осы екі жұмысты ығына келтірсек, кейінгі күндерден алаңсыз болар едік”. “Ол қандай іс?” деп сұрады, оның сөзіне қызыға қалған Уаң Шифың. Чиншы сөзін ары қарай жалғады: “Осы күнде ата-баба зиратында төрт мезгіл нәзір беріліп, садақа таратылады. Бірақ оған арналған қаражат көзі жоқ, онан қалса отбасылық мектебімізді құрсақ та оны қамдайтын қаражат көзі тұрақты емес. Осындай дәулетті кезімізде тапшылық көрмесе де кейін бұл екі іс те қаражаттан қысылмай қалмайды. Сондықтан ата-бабалар зиратының қасынан қыстақ салдырып, атыз-арық тарттырып, нәзір садақа қаражатын содан алатын ету керек. Әулеттегі үлкен-кіші ақылдасып, бір қағида шығарып, мұнан кейін әулетіміздегі әр шаңырақ кезекпен жылдық жер-су салығын нәзір-садақаға арнаса, бұл мәселе оңды шешілер еді. Күнәлілерден айыпқа алынған мүлік қазынаға алынғанымен, нәзір-садақа қазынаға алынбайды ғой, егер бастан бақ тая қалса, әр бала өз үйінде қайтып оқуына да, егіншілікпен шұғылдануына да

мүмкіндік болар еді. Нәзір-садақа істері де үзіліп қалмай жалғаса берер еді. Осы бастан бастап кейінгі күннің қамын жемесек, шалқыған дәулет сарқылар күн келгенде жерге қарап қаламыз. Біздің әулетке үлкен қуаныш болғалы тұр, майды-майға қайнататын заман келіп, жеріміз жеміс беріп, ауламызда гүлдер құлпырып, төрт жағымыз толысатын күн келе жатыр. Бірақ бұл өткінші дәулет, өтпелі дүниенің бір сәтке аялдауы екенін ұмытпаңыз, “тарқамайтын той болмас, тыйылмайтын күлкі болмас” деген мақалды естен шығармаңыз. Ертеңгінің қамын бүгін ойламасақ, кейін өкінгенмен орнына келмейді”.

“Оны айтып отырғаныңды қалай түсінеміз, келе жатқан қандай қуаныш?” деп сұрады Уаң Шифың таңданысын жасыра алмай.

“Бұл Тәңірден келген тылсым аян, оның құпиясын ашуға болмайды, сіз көңіл жықпас досым едіңіз ғой, сондықтан екі ауыз сөз айтайын, айрылысар сәттегі соңғы сырым болсын, сол сөзді ұмыта көрмеңіз. Жаз өткен соң қурайды гүлдің нәрі суалып, Алды-алдына кетер жұрт, тентіреумен бұл анық”.

Уаң Шифың сырлас абысынынан тағы бір нәрселер сұрап алмақ еді, екінші қақпадан арт-артынан соғылған қоңырау дауысы оны оятып жіберді. Ол келген өлім хабарын алып келген хабаршы еді.

Шығыс ордадағы Жия Рұңның бәйбішесі қайтыс болды деді келген адам. Оны естігенде Уаң Шифың қара терге малшынып менірейіп отырып қалды. Сонан соң барып есін жинап, асығыс киімін кие салып Уаң ханымға барды. Ордадағылардың бәрі де хабарланып болған екен, жас өлім болған соң бәрі де қайғырулы, жаны таза әдепті келініміз еді деп үлкендер жылады, жанасымды еді деп замандастары қайғырды, мейірімді жеңешеміз, қайда кеттің деп жасы кішілер еңіреді. Орданың қызметші құлдар мен күндері де біз секілді жоқ-жітікке қолы ашық, мейірімді де шарапатты адам еді деп жылады. Мұндай өлген адамның артынан айтылатын жақсы сөздер де есеп бола ма, оны қоя тұралық.

Жия Бауиүй Дайиүй кеткен соң ешкіммен сөйлеспей тұйықталып алған, бұрынғыдай ойынға да бармайды, күнді өзер өткізгендей, кеш болса болғаны жата қалатынды шығарған. Бүгінде ертерек жатып ұйықтап қалып еді, түс көріп жатыр екен, Чиншының өлгенін естіп шошып оянды. Біреу жүрегіне қанжар сұғып алғандай жаны қиналып, жүрегі айнып, ауыз толым қан құсты. Оны көріп қалған Ширын да жүгіріп келіп сүйей берді де:

– Не болды саған?– деп елжірей қалды.– Жия әжейге айтып тәуіпті шақырып келсем қайтеді,– деп еді, Бауиүй басын шайқап:

– Ештеңе жоқ, босқа абыржыма, жүрекке шапқан күйік тамырдан шығып кеткен болу керек,– деді де, киімін ауыстырып

киіп, Жия әжейге келіп, Чиншыға барып келетінін айтты, оның халін көрген Ширын алаңдап тұрса да оған барма дей алмады.

Жия әжей оған:

– Жаңа ғана дүниеден өтті ғой, албасты-шайтандар қаптап жүрген шығар, өлім шыққан үй таза болмайды, жел де күшейіп тұр екен, ертең күндіз барсаң да кеш болмайды,– деп еді, оған қараған Бауиүй жоқ, оның қайтсе де баратынын білген Жия әжей дереу мәпе әзірлетті де, оның жанына қызметші естияр құлдарды қосып, оны қорғап жүруді тапсырды. Олар Нингофу ордасына келгенде қақпа ашық тұр еді, екі босағаға аспалы шырақ жағылыпты, аула күндізгідей жап-жарық екен. Адамдар бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жатыр, аула ішінде туыс-туғандары түгел жылап жоқтау айтып жүр. Байиүй мәпеден түсіп, өлік жатқан үйге келді, есіктен кіре көңілі босап еңкілдеп жылап қоя берді. Онан соң Юшыға барып көрісті, Юшы бұрыннан жазылмай келе жатқан он екі бармақ ауруы ұстап жатып қалыпты. Бауиүй одан кейін Жия Жиннің алдына барды, ауылдың үлкен-кішілері түгел келген екен, Жия Жин ағыл-тегіл жылап отыр, Жия Дайру бастаған үлкендерге мұңын шағып өксіп-өскіп қояды.

– Біздің әулеттің үлкені де, кішісі де келінімді құрметтейтін, оның менің ұлымнан артық екенін білетін, міне, бүгін сол абзал келін бізді тастап, аяғын созып жүріп кетті. Менің шаңырағымнан ұрпақ қалмайтын болды,– деп дауыстап жылап жіберді.

Жиналғандар оған:

– Сабыр сақта, жылағанмен өлген адам тіріліп келмейді, өлер адам өлді, енді жөнелту жұмысын қалай атқаруды ойлау керек,– деп оған тоқтау айтты.

– Қалай қолға алатыны бар,– деп Жия Жин қолын бір-ақ сілтеді,– келінімнен аяп қалар нем бар, барымды бір-ақ атадым!

Сол аралықта қазадан құлақтанған Чин Баңие, Чин Жұң бастаған Юшының туыстары келді. Жия Жин қасындағы Жия Чүн, Жия Чиян, Жия Лин, Жия Чияндарды келгендерді қарсы алып, бірге отыруды тапсырды да, өлікті қашан жерлеу керек екенін ақылдасу үшін орда оқымыстысы мен балшыны шақыртып адам жіберді.

Өлік қырық тоғыз күн сақталады делінді, үш күннен кейін жерлеу нәзірі берілетін болды. Қырық тоғыз күн бойы 180 монах аруақтарға бағыштап зікір салатын болып белгіленді. Жұпар ордада арнаулы орын дайындалып, онда ең мықты тоқсан тоғыз дәруіш он тоғыз күн денені тазартатын болды. Өлік жұпар бақшаның ішіне қойылып, елу монах, елу дәруіш жеті апта бойы зікір салады делінді.

ЛО ГУАНЖҮН

ҮШ ПАТШАЛЫҚ ҚИССАСЫ

Шаптул бақшасында сертгескен үшеу

Бұл елдің арыстары бірде елдескен, бірде белдескен алмағайып замандарды бастан кешкен. Бұл әңгіме сол өткен күндер туралы айтылатын көне шежіре еді.

Сонау Жоу хандығының соңғы кезінде ел жетіге бөлініп, өзара қырқысқан заман болды, ақыры жауласқан ел Чин хандығы туының астына топтасып, ел ішіндегі аласапыран сонымен басылып еді. Чин хандығы құлаған соң Шияң Иүй мен Лу Баң арасындағы қырғиқабақтық елдің екіге бөлініп қырқысуына әкеліп соқты да ел ішінен тыныштық қайта кете бастады. Хан Гаузу патша ақ жыланды кескілеп көтеріліс жасап, хән патшалығын құрған соң ғана бұл сергелдең аяқталды. Содан соң елге береке орнап, Хан Гуаң Уұдың дәуірі айтарлықтай тамаша болды. Бұл мамыражай күндер де ақыры келмеске кетті. Шиянди патшаның тұсында ел үшке бөлінді. Бұл өзі тамыры тереңде жатқан елдің сүйегіне сіңіп кеткен алауыздық, оның тамыры Хуанди, Линди патшалар заманынан басталған. Хуанды патшаның өзі ақылды, парасатты адамдардан қорқатын, нағыз ерлерді бағаламайтын адам болыпты. Ол орда да әтектерді ұстап, солардың билігін күшейтіп, тек соларға ғана сенген. Хуанди өліп, орнына ұлы Линди отырғанда да бұрынғы қолбасшы Дүү Уұ мен орда мансаптысы Чын Фан ұлық оның сенімді серігі болды. Сөйтіп жүргенде Сау Жие бастаған әтектерге билік тиді. Мұны көрген Дүү мен Чын Фан Сау Жиенің көзін жоймаққа бел байлады. Ойлағандары болмай сырлары ашылып қалған олардың өздері өміре қапты. Осыдан бастап елдің билігі әтектерге ауып, олар дүрілдеп елді билеп ала жөнелді. Жияниң жылнамасының екінші жылы, мамыр айының он бесінде патша ағзам өзінің мейірім сарайына келіп, тағына отыра бергенде, сарайда алай-дүлей боран соғып кетті. Қайдан келгенін кім білсін, төбеден жеңдібілектей сұр жылан түсіп, орындыққа орала кетті. Бұл сұмдықты көргенде патшаның зәресі зәр түбіне

кетті де есінен танып, жығылып түсті. Ордада тұрған нөкерлері патшаны үйіне көтеріп алып кетті, неге екені белгісіз, орда мансапқорлары жан-жаққа тұра қашты. Сөйткенше, болған жоқ, әлгі жылан қалай пайда болса, солай көзден ғайып болды. Оның қайда кетіп қалғанын ешкім де байқамай қалды. Мұның артынша найзағай шатырлап, нөсер құйып, соңы бұршаққа айналды. Бұршақ пен дауыл талай үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, түн ортасы ауғанда барып саябыр тауып толастады. Жиянің жылнамасының төртінші жылы бірдің айында Лоянда жер сілкінді, онан кейін теңіздің суы тасып мұқым өңірді басып қалды. Талай ел ауыл-ауылымен теңізге кетті. Гуаншы жылнамасының бірінші жылы мекиен әтешке айналып, жұрт жағасын ұстады. Шілдеде қарақұйын тұрып, патшаның мейірім ордасын шайқалтып жіберді. Тамызда меруерт сарайынан кемпіркосақ көрінді де Уұюан тауы жарылып кетті. Жұрт мұның бәрін жамандықтың нышаны деп үрейленіп жүрді. Патша бұл пәле неден болды деп орда мансаптыларына соның себебін анықтау туралы бұйрық берді. Бір жолғы жиналыста патшаның ақылшысы болып жүген Сай Иұң деген кісі орнынан тұрып келіп патшаға хат ұсынды, онда: “Кемпіркосақтың сыртындағы өшкін сәуле мен мекиеннің әтешке айналуы ел билігіне әйелдер мен әтектендердің араласуының кесепаты” деп жазылыпты. Хат өте әсерлі жазылған екен, патша хатты оқып күрсініп жіберді, сонан соң орнына отыра алмай түзге шықпақшы болып тысқа шықты. Патша хатты оқып тұрғанда оның артында Сау Жие деген әтек түр еді, ол да хаттың не туралы жазылғанын біліп алған, ол басқа әтектенге айтып қойды. Патша хатты оқыса да әтектенге ештеңе істеген жоқ, олар бұрынғысынша орда билігінде қала берді де, Сай Иұңның соңына түсіп жүріп, оны ордадан қуалатты. Содан бастап ордадағы он әтек ауыз жаласып, күн сайын күшейе түсті, оның үстіне патша Жаң Раң деген әтекті өкіл әке ретінде қабылдап, соның айтқанын екі етпейтін болды. Ел билігі күн санап әлсіреп, орда іші былығып кетті де, жұрттың пиғылы бұзылып, ұры-қары, содыр-сойқандар көбейіп кетті.

Сол кезде Жүйлу аймағында ағайынды үш жігіт болыпты, Жаң әулетінен шыққан олардың аттары Жуе, Бау, Лияң еді, салт бойынша ел аттарының алдына Жанды қосып атайтын. Жаң Жуесі оқымысты жігіт, алайда мемлекеттік сараптауда жолы болмай құлап қалып, сергелден болып жүрген. Ол таудан дәрілік шөптер теріп, соны сатып күн көреді екен. Бір жолы дәрілік шөп жинауға барғанда көгілдір көзі аспандай, өңі ұлпадай балғын жүзді, қарт

адамды кезіктіріпті. Қолына асатаяқ ұстаған әлгі қарт оны бір үнгірге ертіп барып оған бір кітап беріпті.

“Бұл “Жаһаннама” деп аталады, мұнда тәңір істері тәпсірленген, мұны алған соң, тәңір жолына түсіп, тәңірдің әмірін елге жеткізіп, адамзатқа пайда келтіріп, олардың жебеушісі бол, алайда ойыңа жамандық кірсе, бұл кітаптың киесі атады”, депті. Жаң Жуе оған тағзым етіп, кетуге бет алады да, кенет есіне түсіп қарттың аты-жөнін сұрайды.

“Нанхуа пірі деген кісі мен боламын”, депті де қарт көзден ғайып болыпты. Жаң Жуе сол кітапты күн-түн демей оқи беріпті, оқи беріпті. Ақыры күн жайлатып, дауыл соқтыра алатын болыпты. Сонан соң өзіне “жиһан абызы” деген ат қойыпты. Жұң Пиң жылнамасының бірінші жылы үштің айында елге дерт тарайды, Жаң Жуе сол кезде науқастарға ішірткі жазып беріп, көп адамды емдеп жазады. Содан бастап ол балгер атанады. Жаң Жуе өзі ғана емдеп қоймай, ел ішінен шәкірт тәрбиелей бастайды, оның дұға оқып, дем салып, ішірткі жаза алатын шәкірттері бес жүзден асыпты. Олар жер-жерді кезіп жүріп адам емдейді. Оның шәкірттері күннен-күнге көбейе берді, оған көрінгісі келетіндер де көбейді. Жаң Жуе шәкірттерін он мыңнан, жеті-сегіз мыңнан бөліп отыз алты жасақ құрған екен. Жасақ бастарын қолбасы деп атапты. Өзінің әулиелігіне елдің сенетінін білетін Жаң Жуе ел ішіне “көк түске табынатындардың күні батып, сары түске табынатындардың күні туады, тышқан жылы жаһанға жақсылық келеді” деген сөз таратады. Әрбір үйдің маңдайшасына бормен “тышқан жылы” деген сөзді жазып қою керек деп уағыз айтты. Сөйтіп Чиңжоу, Иожоу, Шүнжоу, Шүйжоу, Жиңжоу, Яңжоу, Яанжоу, Иүжоу, аймақтарындағы елдің көбі “әулие Жаң Жуенің” есіміне тәу ететін болды. Жаң Жуе алтын-күміс, торғын-торқадан мол сәлемдеме беріп, Майуани деген жақтасын ордадағы өтек Фиң Шүйге жібереді. Өзі екі інісімен кеңесіп: “Қандай істе де ең қиыны жұрттың көңілін аудару еді. Тәңірге тәубе, жұрттың көңілі бізге ауып тұр. Осы орайда жіті қимылдап, ел билігін қолымызға алмасақ, кейін өкінеміз”, – депті. Олар ақылдаса келіп Сары түсті жалау әзірлетті, көтерілетін күндерін белгіледі де, оны Фиң Шүйге хабарлауға қолына хат жазып беріп Таң Жу деген шәкіртінен жіберді. Алайда, Таң Жу опасыз болып шықты, ордаға барған соң хатты Фиң Шүйге бермей, болған жайды патшаға мәлім етті. Патша Хы Жин деген сардарды жіберіп Майуаниді ұстатып, басын алдырды. Олармен байланысы бар деген Фиң Шүй бастаған бір топ адамды абақтыға жапты.

Жаң Жуе кұпиялықтың ашылып қалғанын біле сала түн жастанып жорыққа аттанды. Жорыққа ағайынды үшеуі басшылық етті, Жаң Жуе “аспан сардары”, Жаң Бау “жер сардары”, Жаң Лиян “ел сардары” деп аталды. Олар бір жағынан жорыққа аттанып, бір жағынан елге “Хән хандығының күні бітті, елге қормал ұлы әулие шықты, сол әулиеге еріп, тәңірге сеніп, әділет жолын ұстанып, бейбіт те берекелі өмірге жетуге ұмтылындар” деген ұран тастады.

Жаң Жуенің сарбаздары бастарына сары шыт тартып, соны белгі етті. Жаң Жуенің үгітіне еріп жер-жерден көтерілген елде есеп болмады. Сары шыттылардың екпіні қатты болды, талай жерде патша әскерінің бетін қайтарып, дәуірлеп келе жатты. Сол кезде Хы Жин деген қолбасы патшаға мынадай кеңес берді: аймақ, аудандарға содырларды жоюға еңбек көрсеткендерге сыйлық, шен-шекпен беру туралы жарлық түсіру керек деді. Лу Жы, Хуан Пусұң, Жу Жүн бастаған үш қосын қолды үш бағытқа аттандырды.

Бұл кезде Жаң Жуенің қолы Иоужоу аймағына жақын келіп қалған. Мұны естіген Иоужоу аймағының уәлиі Лю Ян көтерілісшілердің келе жатқан хабарын естіген де Зоу Жиң сардарды шақырып содырларға қалай қарсы тұру керектігін ақылдасты. Лю Ян Хән патшасымен аталас Лю Гүңуаң деген кісінің баласы еді, сондықтан ол патшаға адал болатын.

Зоу Жиң: “Жау көп, біздің сарбаздарымыз тым аз, десе де тезірек қол жинап, оларды күтпеген жерден соғу керек”, деді. Лю Ян оның ақылы бойынша елден жасақ жинауға жарлық шығарып, жер-жерге жарнама ілдірді. Жушиян ауданына ілінген жарнаманы оқып бір батырдың намысын қозғап, ерлігін қоздырды. Ол өзі жұмсақ мінезді, аз сөзді, көп оқымаған, ешкімге ашылып сыр айтпайтын тұйықтау, десе де талабы таудай мінезі кесек, жақсы адамдармен достасуға құмар адам еді. Денесі өте кесек, екі құлағы иығына түсіп тұратын, өз көзімен өз құлағын көре алатын, екі қолы тізесіне түсіп жүретін, аққұба, келбетті кісі еді. Өзі Хән патшасына аталас келетін Жұңшан Жиңуаң Лю Чиңның ұрпағы, Жиң Ди патшаның шөбересі болатын. Лю әулетінен шыққан, аты Би, лақап аты Шуанди еді.

Хән Уди заманында Лю Чиңның Лю Жин деген ұлы Жолу ауданында Тинху сұлтаны болып тұрған кезінде Патшаның құдай жолына арналған тілеуіне жылу атамағаны үшін мансаптан алынған. Жушан ауданында одан жалғыз ұрпақ қалған. Лю Бидің әкесі Лю Хуаң ата-анаға опалы адал адам саналып, мансап иеленіпті, ертеректе қайтыс болған екен. Әкеден жастай қалған

Лю Би анасына еріп жүріп күн көрді, анасына аса мейірбан, жанашыр болды. Жоқшылықтың тауқыметін бір кісідей тартты, кендірден шарық, қамыстан төсеніш тоқып күн көрді. Үйлері Лусаң деген қыстақта тұратын, үйлерінің оңтүстік-шығыс жағында бір топ тұт ағашы болушы еді. Ағаш өте биік, биіктігі бес аршындай алып ағаштың бүрі алыстан қарағанда мәпенің шатырындай болып көрінетін.

Көпті көрген сыншылар осы шаңырақтан елге қамқор бір арыс шығайын деп тұр деуші еді.

Лю Би бала кезінде сол ағаштың түбінде көп ойнайды екен, ол өзімен бірге ойнайтын балаларға “мен патша боламын, сонда осындай күмбезді мәпеге отырамын” дейді екен.

Әкесінің інісі Лю Иуанжы оның сөзіне қатты таңғалатын, “біздің Лю Би жай адам емес” деп оларға көп қарайласып тұратын. Лю Би он бес жасқа келген соң шешесі оны алыс жерлерге жіберіп оқытты. Лю Янның жасақ алу туралы жарлығы шыққанда Лю Би 28 жаста еді. Жарнаманы оқыған Лю Би күрсініп жіберді.

Сол кезде арт жағынан жақын келіп тұрған біреу оған:

– Жігітім, ел басына күн туған шақта ерлік көрсеткеннің орнына, қарадай егіліп, күрсінгенің қалай?– деп зәрлі дауыспен саңқ ете түсті.

Лю Би жалт қараса, артында еңгезердей біреу тұр. Басы қабыланның басындай, екі көзі төңкерілген тостағандай, мойны бұқаның мойынындай, мұрты барыстың мұртындай тал-тал болып тікірейген, үні жер жарғандай бір түрлі сұсты екен. Бітімі елден бөлек бұл адаммен Лю Би жылы амандасты да аты-жөнін сұрады.

– Тегім Жаң, атым Фи, жұрт мені Ийды деп те атайды,– деді ол,– көптен бері Жоужан аймағында тұрамын, аздап жер егемін, шарап сатып, шошқа сойып жан бағып тіршілік етемін. Өзім деген кісіге етімнен ет кесіп беруге бармын, сіздің жарнаманы оқып күрсінгеніңізді естіп қалып сұрағаным ғой,– деп ескеуілдей жөнелді. Лю Би оны жақын тартып кетті, бұрын көрмеген адам болса да, өз дағдысына жат мінез көрсетіп ағынан жарылды:

– Менің тегім Лю, хән патшасы әулетіненмін, атым Би. Сары орамалдылар елді алатайдай бүлдіріп жүргенін естігеннен бері, әттең соларды құртып елге тыныштық орнатсам деген арман пайда болды, бірақ қолдан келер шара болмай, елге ешқандай пайдам тимейтінін ойлап күрсінгенім ғой,– деді. Оның бұл сөзі Жаң Фиге де ой салды, ол дереу:

– Менде азын-аулақ ақша бар, соны пайдаланып ауыл азаматтарының басын қосып, сіз айтқан ұлы іске бірге кіріспейміз

бе!? Бұған Лю Би қатты қуанды. Екеуі шарап ішіп әңгімелесу үшін қыстақтағы шарапханаға барды. Шарап ішіп отырып, алдағы істер туралы ақылдасты, әңгімелескен сайын бірін-бірі түсініп, аралары жақындай түсті. Сөйтіп отырғанда шарапхананың алдына арба сүйреген еңгезердей бір адам келді де, арбасын қоя салып шарапханаға кірді. Есіктен кірген беті:

– Қожайын, шарабың болса тез әкелші, сарбаздыққа бара жатыр едім, қалаға тез жетуім керек,– деп дауыстады. Лю Би ақырын мойнын бұрып қарап еді, сақалы беліне түскен, ұзын бойлы, самұрық көзді кара торы жігіт екен, қасы қалың, иенде кездесе кісі шошып өлердей түсі суық, тым ызғарлы. Лю Би оның тегін адам емес екенін байқап, оны қастарына шақырып отырғызды да: аты-жөніңіз кім болады деп сұрады. Тегім Гуан атым Иүйй, бұрын Чаңшың деген лақамым бар еді, оны осы күнде Иұнчаң деп өзгертіп алдым, Хыдұң аймағынанмын, Жиелияң деген жердің адамы едім. Аулымызда жұртқа күн көрсетпейтін бір сұмырай оңбаған болды, елді әбден қорлады, бір күні ашумен со сұмырайды өлтіріп тастадым да, содан қашып ел кезіп кеттім. Онан бері де бес-алты жыл болды. Не істердің, қайда барардың жөнін таппай жүр едім, содырларды құртуға елден жасақ жинап жатыр дегенді осы жерден естіп, соған бара жатырмын,– деді. Лю Би өзінің де осындай ойы барлығын айтты. Ол жігіт мұны естіп қуанып кетті, сонымен үшеуі алдағы істерін кеңесу үшін Жаң Фидың үйіне бармақшы болды.

– Менің үйімнің артында бір бақша бар, өте көркем жер, неше түрлі гүл өсіп құлпырып тұрады, шаптұл көп өсетіндіктен, ел шаптұл бақшасы деп атайды, ертең сол жерде бас қосып ақсарбас айтып мал сойып, өлсек те, қалсақ та бірге болуға анттасып, дос болайық, онан соң алдағы істің қамына кірісерміз,– деді Жаң Фи. Бұл сөзді ана екеуі де құп алды.

Ертесі үшеуі шаптұл бақшасында кездесіп тәңір атына арнап қара сиыр, ақ жылқыны құрбандыққа шалып, шырақ жағып сиынып серт байласты. “Біріміз Лю Би, біріміз Жаң Фи, біріміз Гуан Гүң, аты-жөніміз, тегіміз басқа болса да, бір туған боламыз; өлсек те, тірілсек те бірге көреміз; тізе қоса отырып елге қамқор боламыз; патшаға адал болып, ел ішіндегі бүлікті тыныштандырамыз; әр жерде, әр кезде туған болсақ та, бір күні, бір жерде өлуге дайынбыз; бұл ақ ниетіміз көктегі тәңірге және қара жерге аян болсын; серттен тайсақ, тәңір жазамызды берсін”, десіп ант берістік. Лю Биді аға тұтты, Гуан Гүң ортаншы, Жаң Фи кіші іні болды, тәңірге арнап боз қасқаны сойып, тілеу тілегеннен кейін

сиыр сойып, шарап әзірлеп ауыл азаматтарын шақырды. 300-ден астам адам олардың қонақасысын жеп, шаптұл бақшасында мас болғанша арақ ішті. Ертесі қару-жарақ дайындалды. Алайда мінетін ат болмады, олар атты қайдан табамыз деп отыр еді, жылқы айдаған екі жолаушы келе жатыр деген хабар келді. Лю Би бұл хабарды жақсылықтың нышаны деп ырымдап қуанып қалды. Ішінен “Жасаған ием! Жар бола гөр” деп тілеу тіледі. Олар жолаушылардың алдынан шығып құрметпен қарсы алды. Бұлар Жұңшан аймағының Жаң Пин, Су Шаң деген саудагерлері болып шықты. Әр жылы солтүстікке жылқы айдап барып саудалайды екен, биыл да сол саудаға бола жылқы айдап шығып, бүлікшілердің көтеріліске шыққанын естіп, көздеген жерлеріне бар алмай, малдарын айдап, жолдан қайтып келе жатқан беттері болып шықты. Лю Би оларды аттан түсіріп, тамақ бергізді, өзінің қарақшыларды жазалап, елді тыныштандыру үшін атқа қонғалы отырғанын айтты. Оның бұл ойын жолаушылар да құптады. Екі саудагер Лю Биге елу ат, бес жүз сәрі алтын, мыңдай темір берді. Олар кеткен соң Лю Би шебер ұсталарға қару-жарақ жасатты, өзіне екі жүзді алмас семсер соқтырды.

Гуан Гүнге арнап бетіне айдаһар суретін бедерлеген салмағы сексен екі жың келетін қайқы қылыш соқтырып берді. Жаң Яи ұшын сапты найза жасатты. Ауыл азаматтарынан 500-ден аса адамды ертіп, сауыт киіп сайланып, шағын жасақ болып Зоу Жиңге келді. Зоу Жиң оларды аймақ уәлиі Лю Янға ертіп барды. Уәли олардың аты-жөндерін сұрағанда Лю Би өзінің ата-тегін жасырмай айтып беріп еді, Лю Ян қатты қуанды, сонан бастап оны інісіндей көріп қатты сеніп кетті.

Көп өтпей ел ішіне сары шыттылардың атаманы Чың Иуанжы елу мың сарбазын бастап Жужин аймағына шабуыл жасапты деген хабар таралды. Лю Ян Зоу Жиңге Лю Билерді ертіп бес жүз қолмен жаудың бетін қайтар деп бұйырды. Лю Билер сарбаздарын бастап жауға қарсы аттанды, екі жақ Дашың тауының бөктерінде кездесіп, бір-біріне жақын келіп тоқтады. Бүлікшілер шаштарын қоя беріп, бастарына сары шыт тартып алған екен. Лю Би Гуан Гүң мен Жаң Фиды ертіп алға шықты да “елге қарсы шыққан қарабет қарақшылар, тізе бүгіндер” деп қамшысын үйіріп айғай салды. Бұл сөз шамына тиген Чың Иуанжы Дың Мау деген батырын жекпе-жекке шығарды. Оған қарсы Жаң Фи шығып еді, екеуінің сайысы тым ұзаққа бармады, найзаны қалт жібермейтін Жаң Фи алғаш сілтегенде-ақ қапы жібермеді, жүректен кірген найзадан Дың Мау аттан құлап түсті. Чың Иуанжы дереу қылышын үйіріп

Жаң Фиге қарсы өзі тұра ұмтылды. Сөйткенше болған жоқ, оның алдынан қылышын үйіріп Гуан Гүң шыға келді, көлденеңнен келген мына алып адамды көрген Чың Иүнжы сасып қалып еді, Гуан Гүң өте шапшаң екен, оны қорғануға да үлгертпей қылышпен шауып өтті. Чың Иуанжы екіге бөлініп кетті. Осы жекпе-жекті бір ақын жырға қосыпты:

Бірі қылыш ұстаған, бірі найза,
Екі батыр майданға шықтыдағы.
Елден асқан қайратты көрсетті алғаш,
Аңыз болған заманның мықтылары,

Чың Иуанжының қол көтеруге шамасы келмей өлгенін көрген қарақшыларда зәре қалмады, белдесіп соғысуға жарамай, алды-артына қарамай жапырыла қашты. Лю Би сарбаздарын бастап оларды өкшелей қуып көп соғысты, талай жауды тізе бүктіріп, елге үлкен жеңіспен оралды. Лю Ян оны құрметпен қарсы алып, сарбаздарына сыйлық таратты. Сол күннің ертесінде Лю Янға Чиңжу аймағының уәлиі Гүң Жиңнен хат келді. Хат қысқа жазылыпты, асығыс жазылғаны көрініп тұр. “Сары шытты қарақшылар қаланы қоршап, елге қауіп төніп тұр. Тезірек көмекке келіп құтқарыңыз!” делініпті. Лю Ян бұл туралы Лю Бимен ақылдасып еді, ол “мен барайын” деп белсене кетті. Лю Ян дереу Жоуз Жинге осы сапарға Лю Бидің жасағын ала баруға бұйрық берді. Сонымен Зоу Жин, Лю Би, Жаң Фи, Гуан Гүң үшеуін ертіп бес мың сарбазбен Чиңжуға аттанды. Сырттан көмекке қол келіп қалғанын көрген қарақшылар көмекке келген қолды аймақтың жасақтарымен тізе қостырмаудың қамына кірісті. Екі жақ қаптаған соғысқа кірді. Ол күні Лю Би жауды жеңе алмады, отыз шақырымдай шегініп барып бекініп жатты. Өйткені оның жасағы өте аз, жау өте көп еді. Тамақ ішіп әлденіп алған соң, Лю Би Гуан Гүң мен Жаң Фиге: “Жау көп, біз азбыз, енді амал жасамасақ болмайды, босқа арандаламыз,– деді. Олар ақылдаса келіп сарбаздарды үшке бөлді, Гуан Гүң мың сарбазбен таудың сол жағынан, Жаң Фи мың сарбазбен таудың оң жағынан барып бекініс жасады да, ертең белгі берілгенде шабуылға шығатын болды. Ертесі таң ата Лю Би мен Зоу Жин негізгі қосынды бастап ұрандата шабуылға өтті. Көтерілісшілер оларға бар күшімен қарсы тұрды, Лю Би қаша соғысып, қолын бастап шегіне берді. Көтерілісшілер оларды өкшелей қуып таудан аса бергенде Лю Бидің қолы дабыл ұрып белгі берді. Сол-ақ екен, таудың екі жағында бекініп жатқан

екі қосын ұран салып лап қойды. Сол сәтте қашып бара жатқан Лю Бидің сарбаздары да қайырылып шабуылға өтті. Үш жақтан бірдей шабуылға ұшырап қоршауда қалған көтерілісшілер абдырап қалды. Сол күні олар қатты соққы жеді, Лю Билер жау қолын күйретіп жіберді. Олар жеңілген жауды қуған беті Чыңжу қаласына бірақ барды, сол кезде Гүң Жиң уәли де халықтан құралған жасақтарын бастап алдарынан шығып соғысқа араласа кетті. Көтерілісшілер көп адамынан айырылды. Сөйтіп Лю Бидің күші мен ақылының арқасында Чыңжу қоршаудан босатылды. Кейінгілер бұл ерлікті өлең қылып айтып жүріпті:

Тар кезеңде жол тапқан ақылменен,
Кім тең келсін данаға ақылды ерен.
Салған жерден қиратты жаудың қолын,
Болса болсын Лю Бидей батыр деген.

Гүң Жиң сарбаздарды сыйлап, сардарларға алғысын айтып разылығын білдірген соң Зоу Жиң қолын бастап қайтуға дайындалды. Сол кезде Лю Би:

Қолбасы Лу Жи менің ұстазым еді, сол кісі қазір Гуанзұнда содырлардың атаманы Жаң Жуемен соғысып жатқан көрінеді, мен сонда барсам деді. Сөйтіп Зоу Жиң өз сарбаздарын алып қайтып кетті де, Лю Би өзінің бес жүз сарбазын бастап Гуанзұнға аттанды. Олар Лу Жиге келіп өздерінің көмекке келгенін айтқанда Лу Жи қатты қуаныпты.

Бұл кезде Жаң Жуенің жүз елу мың сарбазы мен Лу Жидың елу мың сарбазы бірін-бірі ала алмай, итжығыс түсіп, тіресіп тұрған кез еді.

Лу Жи олар барған соң Лю Биге:

– Мен осы жерде жауды қоршап ұстап тұрамын. Сені Иншуанға бар. Өзіңнің бес жүз сарбазыңа мен тағы мың сарбаз қосып берейін. Ондағы Хуан Пусұң мен Жу Жүннің де жағдайы мәз емес, оларға қарсы Жаң Жуенің інілері Жаң Лияң мен Жаң Бау шеп құрып жатыр. Сен Хуан Пусұңдармен шабуылға шығатын уақытқа келіс,– деді.

Лю Би түнделетіп Иншуанға жүріп кетті.

Хуан Пусұң мен Жу Жин бастаған Иншуан сарбаздары қарақшылармен соғысып жатыр еді. Соғыстың беталысы өздеріне тиімсіз болып бара жатқанын байқаған қарақшылар Шаңшаға қарай шегініп барып, шалғыны басылмаған шөбі бойлап өсетін бір өңірге бекініп дем алыпты. Хуан Пусұң мен Жу Жүн оларға

өрт арқылы шабуыл жасасақ деп ақылдасыпты, сөйтіп сарбаздарға бір-бір будадан шөп алып тығылып жатуды бұйырды. Сәті түскенде сол түні дауыл тұрды, Хуан Пусүн мен Жу Жүн сарбаздарын бастап жау бекінісіне өртпен шабуыл жасады. Өрт лезде алай-дүлей болып кара жалын мұқым өңірді шарпып кетті. Мына алапат өрттен шошынған жау сарбаздары аттарын ерттеп мінуге де шамалары келмей сауыт-сайман, киім-кешегін тастап жаяу-жалпы алды-алдына тозып қаша жөнелді.

Таң ағара Жаң Бау мен Жаң Лиян қастарында қалған аз ғана сарбаздарын бастап, жан сауғалаудың амалын іздеп зытып беріп еді, көп ұзамай алдарынан қызыл жалау көтерген бір қосын шығып оларды бөгей берді. Қол бастаған ұзын сақалды, көзі қысықтау, алып батыр екен. Ол атты жасақ сардары деген атағы бар Сау Сау деген кісі болатын. Пигу өңіріндегі Чияужүн аймағының адамшы еді. Ел оны Мыңды деп атайтын. Сау Саудың атасы Сау Сұнның тегі Шау Хұң еді. Ол Саутұң деген әтектің асыранды ұлы болатын. Сондықтан тегін Сау деп өзгерткен, Сау Саудың аты Аман еді. Ел оны Жили деп те атай беретін. Сау Сау жас кезінде салдық құрып, сері атанған, өзі асқан айлакер болды. Әкесінің інісі оның ел кезген серілігін ұнатпай, оны Сау Сұңға жамандайды екен. Сау Сұң бір жолы оның сөзіне нанып Сау Саудың жер-жебіріне жетіп ұрысады. Тағы бір күні Сау Сау әкесінің інісі келе жатқанын көре салып, ауырып қалдым деп жата қалыпты. Ол оны көріп шошып кетіп Сау Сұңға келіп Сау Саудың ауырып қалғанын айтады. Сау Сұң оны көрейін деп келсе, Сау Сау ап-аман отырады.

– Ағаң сені ауырып қалды деп еді, сауықтың ба?– дейді. Сау Сау оған:

– Мен ауырған емеспін, әкемнің інісі мені жақтырмайды, сондықтан өтірік пәле салып жүр,– дейді. Сау Сұң бұған сенеді де, сонан бастап Сау Саудың ағасы Сау Сау туралы не десе де нанбайтын болады. Содан бастап, Сау Сау өз қалауынша емін-еркін жүретін болыпты. Сол кезде ел арасында жүретін Чау Шуан деген көріпкел Сау Сауға:

– Дүние бүлінгелі тұр, бірақ, оны оңау тек қана дана адамның қолынан келер, бәлкім дүниені оңаушы сен боларсың,– депті.

Нанияндағы Хы Иүн деген әулие де Сау Сауды көріп: хән әулетінің бағы шайқалды, түбінде дүниенің тұтқасын ұстайтын осы жігіт болар депті.

Рунаннан шыққан Шүй Шау деген болжампаздан Сау Сау: осы мен қандай адаммын, деп сұрапты, анау жауап бермей отыра беріпті, Сау Сау екінші рет тағы сұраса керек, сонда барып:

– Сен әрі дүниені оңайтын дана болсаң, әрі дүниені бүлдіретін сұм боласың, – деген екен. Оның бұл сөзіне Сау Сау қатты қуанады. Сау Сау жиырма жасында ата-анаға опалы бала деп танылып, орда қызметіне алынып, Лояң аймағының солтүстігінде жасауылбасы болған. Ол қызметке отыра салысымен қылмыскерлерді ұлықсың ба, қарасың ба демей таяқтап отырады. Бірде ордадағы Жиян Шуе деген әтектің әкесінің інісі түнде қанжар алып жүріп түнгі шаралуға шыққан Сау Саудың қолына түсіп қалады. Сау Сау оны ұстап алып таяққа жығады. Сөйтіп күн санап оның айбыны аса береді. Оның алдынан бірде-бір адам кесе көлденең өте алмайтын болады. Біраз уақыт осы қызметте істеген Сау Сау көп өтпей Дүнчию ауданына әкім болып тағайындалады. Сары шыттылар көтерілгенде “атты жасақ сардары” болып бес мың жасақпен Иншуанға көмектесуге келе жатыр еді.

Жаң Бау мен Жаң Лиян қашқанда Сау Сау олардың алдын орай соғысып он мыңнан астам адамын өлтіріп, дабылдарын тартып алып, көптеген ат, ту түсіріп, олжаға белшесінен батады. Жаң Лиян мен Жаң Бау өз бастарын алып әрең құтылды. Сау Сау сонан кейін оларды өкшелей қуып кетті.

Лю Бидің қолы Иншуанға таяғанда айғай-сүрең салған дауысты естіп, лаулап жанған өртті көрді. Олар майдан болып жатқан жерге келсе, көтерілісшілер жеңіліп тоз-тозы шығып қашып кеткен екен. Лю Би соғыс кезінде үлгеріп келе алмағанына іштей өкініп қалды, ол Хуан Пусүн мен Жу Жүнге Лу Жының сәлемін жеткізді. Олар: Жаң Бау мен Жаң Лиянның қара тұяғынан хал кетті, олар енді Гуанзұндағы Жаң Жуеге барады, сондықтан сен тізгін ұшымен Гуанзұнға қайтып Лу Жыға көмекке бар деді. Сонымен Лю Би сарбаздарын бастап қайтып кетті. Олар жолда келе жатып бір топ атты жасақтың қоршауында келе жатқан күймені көрді. Жақындап келсе, күймедегі Лу Жы екен, Лю Би мұны көріп шошып кетті. Бұл қалай деп сұрап еді.

– Жаң Жуені қоршауға алып, енді құртамын-ау дегенде ол бөт дұғасын оқып жеңдірмей қойды. Дәл сол кезде ордадағы Зо Фың деген әтек хал сұраған болып келіп менен пара дөметті, мен оған: қазір мұнда сарбаздарға тамақ тауып берудің өзі қиын болып отыр, сондықтан саған берер артық ақшам жоқ, деп едім. Ол қайтып барған соң менің үстімнен Лу Жы соғыспай жатып алып, әскерлердің арыны қайтып, жасып кетіпті, – деп шағым айтқан екен. Оның сөзіне сенген Патша менің орныма қолбасы Дүнжоны жіберіпті. Мені сұраққа тарту үшін ордаға алып барады, – деді. Бұл сұмдықты естіген Жаң Фи ашуы келіп, айдап келе жатқан

сарбаздарды қырып тастап, Лу Жыны босатып алмақ болды. Бірақ Лю Би оған: орда әділ тергейді, көп кешікпей құтылып шығады деп басу айтты. Лу Жыны айдаған орда сарбаздары да жөндеріне кетті.

Олар ұзаған соң, Гуан Гүң: Лу Жы қолға алынды, сарбаздары басқаның қолына өтіпті, енді ол жаққа барудың керегі болмас, барғанмен бізге ол сүйеніш болмайды. Онанша Жужүн аймағына қайтайық деді. Бұл сөзді Лю Би де жөн көрді. Сонымен аттың басын солтүстікке бұрды. Олар жолға шыққанның екінші күні алдарынан бір тау кездесті, таудың арғы жағында жер-көкті зіл-зала қылып, айғай-сүрең салған дауыс естілді. Лю Би, Гуан Гүң, Жаң Фи үшеуі таудың бір биік шыңына шығып қарап еді, ол жақта сары шыттылар мен орда сарбаздары арасында соғыс болған екен, орда жасауылдары жеңіліп қашып барады, “Аспан сардары” деген жазуы бар ту ұстаған сары шыттылар қуып келеді екен.

Бұл келе жатқан Жаң Жуенің қолы болды, не де болса тәуекел, айқасып көру керек деп Лю Би сарбаздарын бастап алдынан шығып қарсы ұмтылды. Доң Жоны жеңіп мерейі тасып қуып келе жатқан сары шыттылар аяқ астынан қарсы шабуылға душар болды да, естерін жинай алмай шегінуге мәжбүр болды, олар елу шақырымдай шегініп кетті. Сөйтіп Лю Билер Доң Жуоны құтқарып бекінісіне алып келді. Бекініске келген соң Доң Жуо олардың лауазымдарын сұрады. Лю Би:

– Менің ешқандай шенім жоқ, қарапайым адаммын,– деп еді, сол-ақ екен Доң Жуо оны көзге ілмей, құрмет тұтпай, астамсып кетті. Тіпті, жөнді жауап қатпай қойды. Лю Би сыртқа шықты. Ашуы алқымына тығылған Жаң Фи:

– Біз жанымызды қолға ұстап жүріп, соғысып бұл немені құтқарып аламыз, ал ол болса бізді адам екен демеяді, бұл иттің басын кесіп алмай менің көңілім жай таппас,– деп қылышын ала салып шатырға қарай ұмтылды.

Кісіліктің өлшемі мәртебе, дәулет болғанда,
Атақсыз кедей батырға мойын бұрған жан бар ма.
Опасызды аямай көзін жойған қаһарман,
Адал адам Жаң Фидей бола бермес жалғанда,–

деген өлең осыдан қалыпты.

Сөйтіп, серттескен үш батыр сол заманның елден асқан қаһармандарына айналды, Мұнан кейін Лю Би Жугі Лияңмен достасып, олар бірлікте Сау Сауға да, Сүн Шуанға да қарсы соғыс жүргізіп, үлкен жеңістерге жетті. Ол оқиғалардың жайын келесі тараулардан оқисыздар.

Лю Бидің Нанжаң өзенінен өтіп, тасадағы оқымыстыға кездесуі

Сай Мау қалаға қарай шауып келе жатыр еді, алдынан сарбаздарын соңынан ерткен Жау Иүн кездесті. Мана қонақасыда Жау Иүн шараптан бір-екі тостаған тартып жіберді де, көңілі көтеріліп онан ары сілтей түскісі келіп қолына тостағанды ала бергенде аяқ астынан абыр-сабыр басталып кетті де, даладағы аяқ дыбысын етіген ол жүгіріп ішкі сарайға кіреді. Келсе, дастарқан басында Лю Би жоқ екен. Бір сұмдықтың болғанын сезіп көңілі аттай тулаған Жау Иүн сасқалақтап жүгірген бойы өздері қоналқаға түскен сарайға келді. Ол жердегілер Лю Биді “Сай Мау қолын бастап батысқа қарай қуып кеткенін” айтады. Мұны естіген Жау Иүн дереу найзасын ала сала атына қонады, артынан 300 сарбазын ертіп, неде болса соңынан қуып жетейін деп батыс қақпадан шығып келе жатқан беті осы еді. Алдынан Сай Мау кездесе кеткенде Жау Иүннің өңі бұзылып, ашуы бетіне теуіп, қалшылдап кетті. Бірақ ол аса сабырлы, кең адам еді, сол дағдысына басып, сыр бермеуге тырысып:

– Ием қайда?– деді, десе де үнінен абыржып тұрғаны айқын аңғарылды.

– Иеніз қонақасыдан қашып шығып кетті, қайда кеткенін біз де біле алмай қалдық,– деді Сай Мау. Жау Иүн әлі де болса сабырлы қалпынан жазбады, Сай Маулармен қоштаспастан, атын тебініп жүріп кетті. Істің жайын толық біліп алу үшін өзен жағасына келді. Дегенмен мұнда көзге айқын аңғарылар белгі табу қиын еді. Екі жағаны соғып, долданып ағатын өзен, тіпті, құтырынып кеткендей, су өткел берер емес екен. Өзеннен өтіп кету неғайбыл. Ол не істерін білмей қатты тарықты. Су бойында аз тұрды да жан-жағын шарлап көріп, ешқандай белгі байқай алмаған соң қайта айналып Сай Мауға келді. Алдымен сөз ауанын байқайын және оңай бітіспейтінімді білсін деген оймен ол:

– Сен менің иемді қонаққа шақырып едің, елдің салтын сақтап, бір жағынан саған сеніп ордаңа келіп еді, ал үйге келген қонақты не себепті соңынан қол бастап қудың? Осының жөнін айтшы?– деп ақырып жіберді. Сай Мау бұған абыржымады, қайта өзінің ісін салтқа да, жолға да сыйымды деп қарайтынын білдіре:

– Тоғыз аймақ, қырық екі ауданның тәмам ұлықтары жиналып отыр ғой, менікі қате десе, осылар айтсын. Мен бас қолбасымын, ол кісі олай-бұлай болып кетсе, жауапты сен емес, мына мен беремін, ендеше, ол кісіні қорғауға жауапкершілігім жоқ па?– деді.

Жау Иүн мұндай аяр жауапқа құлақ асып тұрғысы келмеді. Енді төтесінен кетті:

– Сен менің иемді қыстап қуып жібердің, маған өтірік сылдыр сөзіңнің керегі жоқ, ол кісіні қай жаққа қуып жібердің, соныңды айт. Сай Мау тіксініп қалды да, сөздің жөніне көшті:

– Батыр, сабыр етіңіз, иеңіз батыс қақпадан шығып бара жатыр дегенді естіп, артынан қуып едім, менің де өзен жағасына жеткенім осы, келсем жоқ екен.

Жау Иүннің бойын күдік билеп, жүрегі өрекіп аласұрды, көңілі абыржып, бойын үрей жайлаған ол ешқандай тоқтамға келе алмады. Сай Мауға ештеңе айтпастан, өзен жағасына қайта шаба жөнелді. Жағаға келіп, жан-жағын байқастап, әрі-бері із шалды. Сөйтсе өзеннің ар жақ жағасында судан өткен аттың ізі мен шашыраған су бар екен. Ол өз көзіне өзі сенбей тұрып қалды. Ағаш басына шығып, аласұрып жатқан мына өзеннен атпен қалай өткен? Ойы онға бөлініп аң-таң қалған Жау Иүн үш жүз сарбазын бірнеше топқа бөліп, төңіректен іздеуге бұйрық берді. Іздеушілер ешқандай дерек таба алмай оралды. Жау Иүн аз ғана қолын жинап, қалаға қарай қайта шапты. Бірақ бұл кезде Сай Мау әлдеқашан қала қорғанына кіріп кеткен. Ашулы Жау Иүн келген беті қақпа күзетшілерін тергеуге алды.

Олар:

– Лю қолбасы ағызған күйі келді де, қақпадан шыққан беті артына қайырылмастан кетіп қалды,– деді. Жау Иүн Лю Бидің қаладан шығып кеткеніне көзі жеткен соң, қалаға қайта кіргісі келмеді. Қалаға кірем деп жасырынып тұрған жау қолының қоршауында қалып жүрмейін деген оймен сарбаздарын ертіп, Шиние ауданына қарай шегініп кетті.

Лю Би өзеннен өтіп шыққан соң барып өз-өзіне келіп, есін жиды. Сөйтсе де, басынан өткен жаңағы оқиғаның өңі не түсі екеніне жіп таға алмады. Ол ары ойлап, бері ойлап “төңірім өзі жар болған деген осы шығар, әйтпесе, мына дариядан атпен өте алмас едім ғой”– деген тоқтамға келді. Сол тоқтамына өзі іштей сенді, Төңіріне разы болды. Енді қуғыншыдан құтылғанына көзі жетіп, атын қинамай бұлаңқұйрықтата бүлкектетіп Нанжаң өзеніне қарай тартты. Бұл кезде күн ұясына еңкейіп қалып еді. Желе жортып келе жатқан Лю Бидің алдынан өгізге мінген бір бала кездесті. Өгіздің жаясына екі аяғын бір жақ қабырғасына қарай салақтатып отырып алған бала сырнай тартып келеді. Оны көргенде Лю Бидің көңілі босап кетті, мына бала қандай жайбарақат, ешкімнен қашпайды, мен болсам басымды өзер аман алып келе жатырмын,

“Менің күнім бала екеш балаға да жетпеді ғой” деп күрсінді. Балаға жақындағанда Лю Би атының басын тартып тоқтай қалды. Оның өзіне қарап тоқтағанын байқаған болса керек, бала да сырнайын тоқтатып, өгізінің бас жібін тартып тұра қалды, сөйтті де Лю Биге тесіле қарап:

– Армысыз қолбасы, сары орамалдыларды жеңген атақты Лю Би қолбасы сіз болмағайсыз?– деді. Лю Би бұған қатты таңырқады.

– Бар бол, шырағым, осынау қиыр шеттегі қыстақта өскен ауыл баласы бола тұрып, мені қайдан танысың, атымды қайдан білесің?– деп сұрады. Бала оған қарап алды да:

– Мен шынында сізді білмеймін, осы жердегі бір ғұламаға шәкірт болып қызметке келгем, сонан бері ұстазыма келіп-кеткен қонақтардың әңгімелерінен сіз туралы көп естідім. Олар үнемі “бойы үш аршын, қолы тізесінен төмен түскен, құлағы өзінің көзіне көрінетін заманымыздың ардагер батыры Лю Би деген ер бар деп отыратын. Сол сөздерді ести-ести тіпті сіздің сипаттарыңызды да көз алдыма келтіріп, жаттап алдым. Жаңа сізді көргенде тұрқыңызға қарап, дәл солар айтқан адам екеніңізді жазбай таныдым.

– Е, солай ма, сонда сенің ұстазың кім деген кісі еді?

– Ұстазым Сыма әулетінен шыққан ғұлама, аты Хүй. Жұрттың көбі ол кісіні Дысау деген лақамымен атайды. Арғы тегі Иншунның адамы, діндарлар ол кісіні “көріпкел молла” деп те атайды.

– Ал жаңа ұстазыма келген қонақтардан сіз туралы естідім дедің, сонда ұстазыңның достары кімдер, олар немен айналысады?

– Олар да атақты адамдар екен, мүмкін естуіңіз де бар да шығар, Шаңяда тұратын Фаң Дигүң, Фаң Түң деген кісілер.

– Тектері ұқсас екен, сонда Фаң Дигүң мен Фаң Түң туыстас адамдар ма?

– Ағалы-інілі адамдар. Фаң Дигүң үлкені, ол кісінің лақап аты Шәнмин, жасы келіп қалған кісі, менің ұстазымнан он жас үлкен екен. Фаң Түң оның інісі, жұрт ол кісіге Шиүан деген лақап ат қойған, ол да жас адам емес, ұстазымнан бес жас қана кіші.

Мен ол кісілерді бұрын танымайтынмын, бір күні ұстазымыз екеуміз тұт жапырағын жинап жатыр едік, үйімізге Фаң Түң келді. Менің ол кісіні алғаш көруім еді, ұстазым екеуі ағаштың түбінде отырып, арғы-бергіден сөз қозғап, кешке дейін әңгімелесті. Әңгімелерінің көбін мен ести алмадым. Бірақ содан бастап ұстазым оны жақсы көріп, інім деп кетті.

– Ұстазың қай жерде тұрады?

Бала анадайдан қарауытып көрініп тұрған қалың орман жақты нұсқады.

– Үйіміз анау көрінген орманның ішінде.

– Сен зерек екенсің, мені расында айтқызбай таныдың. Лю Би деген мен боламын. Ұстазың да тегін адам емес сияқты. Мені сол кісіге ертіп бар!

Бала кергімеді, Лю Биді бастап үйіне қарай жүріп кетті. Олар екі шақырымнан астамырақ жүрген соң ауылға келді. Бір шағын ауланың алдына түсті. Бала Лю Биді ортаңғы есіктен ішке ертіп кірді. Аула ішіне кірген соң Лю Бидің құлағына тамылжыта тартқан әсем күй естілді. Жетігеннің күйі. Күйдің үні тұла бойын балбыратып жіберді. Мынау әсем әуенді бұзып алмай тыңдай түскісі келген Лю Би баланы қолынан ұстай алды. Оған хабарламай тұра тұр деп ишара етіп, күй тыңдап тұрып қалды. Дәл осы сәтте күй үзіліп кетті. Сөйткенше болған жоқ, үйден бір адам шыға келді, ол күле сөйлеп:

– Саз ішегін қоңыр күйге бұрап шертіп отыр едім, құлақ күйі өздігінен өзгеріп ащы дыбыс бере бастады. Қалайда бір арыс азамат келіп, сырттан тыңдаған сияқты,— деді. Лю Би бұл сөзді естіп таңырқап қалып еді, бала оның ойын бөліп:

– Менің ұстазым “көріпкел сопы” осы кісі,— деді.

Лю Би сонда барып үйден шыққан адамға қарады. Ол өте сұнғақ, қапсағай денелі, құс кеуде, бітімі бөлек, келісті адам екен. Жалма-жан алдына келіп аман-сәлем жасады. Лю Бидің киімі малмандай су еді. Үйден шыққан кісі оған қарап күліп алды да:

– Батыр, бақытыңызға қарай үлкен пәледен құтылдыңыз-ау!— деді. Лю Би бұл сөзге қатты таңғалды. Кездеспей жатып мұның басынан қандай оқиға өткенін біліп отырған бұл не қылған адам. Лю Би ойына жіп таға алмай тұрғанда бала сөзге араласып:

– Бұл кісі әлгі қолбасы Лю Би екен,— деді. Көріпкел оған үлкен мән берген жоқ. Өзінің бұрыннан таныс адамын көргендей жылы шыраймен үйге кіруге ұсыныс етті. Олар үйге кірді, Лю Би төр алдына жайғасып отырған соң барып үй ішіне көз жүгіртіп қарай бастады. Бұл үйдегі бар мүлік қабырғамен бірдей кітап сөресіне лық толған кітап екен. Үйдің қабырғасына жақын қойылған тас тақтаның үстіне көлденең шекті саз аспабы жатыр.

Терезеден сыртқа көз салып еді, сыртта жап-жақын жерде жайқалған жасыл қарағай мен нар қамыс сыңсып тұр екен.

Үй ішінің ауасы сондай жағымды, оның үстіне айналаны қою тыныштық билеген, адамның бойын балбырататын ғажайып жайлылық. Көріпкел Лю Бидің таңданысы басылды-ау деген кезде:

– Ал, ардагер, қай жақтан келе жатырсыз?– деді.
– Ауылдарыңыздың сыртынан өтіп бара жатып, шәкірт балаңызбен кездесіп қалдым. Атыңызды естіген соң, дидаарыңызды көріп, сәлем бере кетейін деп арнайы ат басын бұрдым.

Көріпкел күліп жіберді, сонан соң:

– Жасырмай-ақ қойыңыз, сардар, бүгін жұлдызыңыздың биіктігімен үлкен пәледен құтылдыңыз,– деп күліп жіберді. Мұнан соң жасырудың реті де қалмады, Лю Би Шаңяда болған оқиғаның мән-жайын егжей-тегжейлі баяндап берді.

– Сардар, сіздің сондай бір пәледен қашып келіп тұрғаныңызды мен мана бет-әлпетіңізден-ақ аңғарғам. Сардардың жер жарған атағын білмейтін жан бар ма? Біз де көптен құлағдар едік. Сіз аса сақ, көреген адам деп ойлаушы едім, мұндай қатерлі жағдайға қалайша душар болып жүрсіз?

– Қайдан деріңіз бар ма? Маңдайдың соры қалың болған соң, тағдырдың жазғаны да, амал не?

– Жоқ, сардар, мұны маңдайға жазылған тағдыр дей көрмеңіз, ол сіздің осалдығыңыздан да емес. Мұның бәрі сардардың серіктерінің жетесіздігінен болса керек,– деді көріпкел.

– Моллеке, олай дей көрмеңіз, өзім түкке тұрғысыз қораш болсам да, қолғанат, серіктерім ешкімнен кем емес, шетінен ержүрек “сен тұр, мен атайындар”. Маған сеніп, соңыма ерген қаламгерлер Сүн Ган, Ми Жу, Жиян Иүн секілді оқымыстыларым елге тұтқа боларлық ақыл иелері. Қолына қару алып, үстіне сауыт киген Гуан Гүн, Жаң Фи, Жау Иүн қатарлы жолбарыстай жүректі, атан жілік батырларымның біреуі бір қосын қолға татиды. Бәрі де маған шын берілген адал жігіттер, солардың арқасында жүрмін ғой,– деді Лю Би.

– Жөн екен, сардар, айтқаныңыздың жөні бар шығар, Гуан Гүн, Жаң Фи, Жау Иүндер түменге төтеп беретін батырлар екеніне күмәнданбаспын, алайда, сізге көмек көрсетіп, оларды істете білетін ақыл иесінің жоқтығы ғой. Ал, Сүн Ган, Ми Жуларды мақтамай-ақ қойыңыз, олар бесіктен белі шықпаған, қарын шашы алынбаған баламен тең ақылсыз, албырт жандар ғой. Олар қалай ел билеп, бұзылған дүниені түзете алсын, оларда ойшылдық, кемел қабілет қайдан болсын,– деді көріпкел. Лю Би бұл сөзді естігенде елең ете түсті.

– Пақырыңыз ел іргесін тыныштандыруға бел буған. Бар ойым игі жақсылардың басын қосып, халық ісіне жұмылдыру, сол үшін олардың көмегіне мұқтажбын, амал не, мен ойлаған игі жақсылар ел арасында бар да шығар, дегенмен маған кезікпей жүр,– деді.

“Аз ауыл деп аттап кетпе,
Көптікте емес кісілік.
Аздан шығар ардагер жан,
Тани алсаң түсініп”,

– деп Күң Зы айтқан емес пе, ерінбеген мықан ағашын іздеп табады деген, шын іздеген кісі ел үшін жанын қиятын ардагерлерді қайдан болса да табар,– деді көріпкел.

– Сіздің сөзіңіздің дұрыс екеніне күмәнім жоқ, алайда мен пақыр білімім тапшы, аңғарымсыз жанмын, өзіңіз жөн сілтеп, бағыт бермесеңіз қайдан таба алайын.

– Сардар, осы таяу жылдардан бері Жиң Жоу-Шаңя өңірлерінде балалардың арасына мынадай өлең тарап жүр. Өлең деген аты ғана, шын мәнінде келешекте болатын істерді ишаралаған мысал, мұны естімеп пе едіңіз?

“Сегіз жылдан өткенде,
тоғыз жылға жеткенде,
қырсықтың басын шалатын;
он үш жыл елге ауыр жыл,
иесіз иен қалатын;
онан әрі өткенде,
бақыт құсы кеп қонар,
азат қып бойын шалшықтан,
көкке ұшады айдаһар”.

Бұл қауесет жан-ән жылнамасының бастапқы жылы тараған екен. Жаң-ән жылнамасының сегізінші жылы Лю Биаудың үлкен бәйбішесі қайтыс болды. Содан бастап бұл орданың берекесі кетіп, орда ішінен пәлекет өрбіді. Білгіңіз келсе, әлгі қауесеттегі “қырсық шалатын” деген сөздің мәнісі осыған қаратылған. Егер менің бұл жорамалым дұрыс болса, көп кешікпей Лю Биау дүниеден өтеді. Лю Биау қалай дегенмен де көненің көзі, сөзіне жұрт тоқтайтын адам еді, ол өлген соң қалам ұстаған данышпандар мен қару ұстаған батырлардың берекесі кетіп, бастары қосылмай алды-алдына кетіп, орда басыесіз қалатын күн туады. Лю Биаудың арты жақсы болмайтын түрі бар. “Иесіз иен қалатын” деп осыны меңзеп отыр. Солай, сардар, бұған шүбәланбай-ақ қойсаңыз болады. Ал әлгі тақпақта айтылған “Бақыт құсы кеп кону, айдаһар көкке ұшу” деген сөздердің мәні терең, әрі мүлде басқа жайды аңғартады. Менінше, ол сөздер сізге қаратылған,– деді көріпкел. Бұл сөзді естігенде Лю Би неде болса көріпкелдің арғы ойын білгісі келді.

– Бұл мүлде жұмбақ, тәңірінің өзі ғана білетін шешімі күрделі іс қой, пақырыңыз ондай үлкен істі орындауға қайдан шамасы келсін,– деп қойды.

– Сардар, сіз олай деменіз, сөз бастайтын шешен де, қол бастайтын батыр да осы елдің ішінде. Олар ел бастайтын көсемді күтіп отыр. Өзіңіз алдына барып қолқа салсаңыз, сізге ермегенде кімге ереді, олар артыңыздан еріп, ісіңізге қолғабыс етсе, сіздің ісіңіз жеңіске жетпей қоймайды. Әрі-сәрі болмай данышпан жандарға арқа сүйеуге даярланып, алдына барып ойыңызды ортаға салып, өтіне беріңіз,– деді көріпкел.

– Сіз айтқан данышпандар қай жерде тұрады, қайсы әулеттен шыққан адамдар, мінез-құлықтары қандай? Маған олар туралы айтып берсеңіз жақсы болар еді.

Әулие оның сөзін естімеген адамдай өз ойын жалғастыра берді.

– Сіздің жолыңыз болып, Тасадағы айдаһар мен Ұлан самұрық екеуінің бірі қолыңызға қонса, мына бүлінген дүниені орнына келтіріп, кейінгілердің бақытты өміріне негіз қалар едіңіз.

– Мен сол Тасадағы айдаһар мен Ұлан самұрықты қолға қондыруды қойып, олардың кім екенін де білмеймін ғой, алдымен олардың кімдер екенін айтыңызшы,– деп әулиеге қарады.

Көріпкел әулие:

– Жарайды! Жарайды,– деп күліп қойды, сонан соң алақанын шарт еткізіп соғып жіберді. Бірақ ештеңе айтқан жоқ. Лю Би тағы қайталап сұрап еді:

– Сардар, күн әбден кешкіріп кеткен екен, енді ешқайда бармай-ақ, бүгін біздің күрешемізге қоныңыз. Қалғанын ертең жата-жастана әңгімелесерміз,– деп сөзді түйе салды. Сонан соң шәкіртіне тағам алдырды. Өздері тамақтанған соң, Лю Бидің атын артқы аулаға апарып отқа қойдырды.

Астан кейін көп отырған жоқ. Қонаққа жатын орын даярлап берді. Лю Би көріпкелдің қара үйінің бір бұрышына салған жұпыны төсекте жатып тынықты. Ол сонда жатып, көріпкелдің манағы айтқан сөздерін есіне алды. Ойлаған сайын ойға батып, көпке дейін көзіне ұйқы келмеді. Лю Би сөйтіп ояу жатыр еді, түн ортасы ауған кезде есік қағып үйге бір адам кіргендей болды. Лю Би бұл бейсауат жанның жүрісіне тағы алаңдады. Кім екенін білейін деп құлақ түре қалып еді, көріпкелдің:

– Иүан Жы қайдан келіп қалдың?– деген дауысын естіді. Неде болса тегін адам емес болды, Лю Би басын көтеріп, олардың сөзін тыңдады.

– Лю Биау жақсыны ұлықтайды, залымды жуытпайды деп естуші едім, сол дақыртқа нанып дидарласа барып едім. Сөйтсем ол әншейін құр қауесет екен. Алданғанымды барған соң бір-ақ білдім. Жұрттың дабырайтып жүргені болмаса, ол да жақсыларды көре алмайтын, залымдардан безе алмайтын пенде екен. Ниетін білген соң ол жерде несіне қалам деп хат жазып қалдырдым да, өз жөніме тартып отырдым. Содан шыққан бетім осы,– деп жауап қайтарды әлгі адам. Оның сөзі үзілген соң аз уақыт жым-жырт тыныштық орнай қалды. Онан соң көріпкелдің дауысы естілді:

– Қарашаны ханға теңейтін әсіл достым-ай, сенің дарынында шек бар ма еді. Өзіңді өзің бағалай білуші едің ғой, адамын танымай тұрып, қалайша Лю Биауға ұрынып қалдың? Сіз өзіңіз кездеспей, тани алмай жүргеніңіз болмаса, сізді бағалайтын ардагер осы жерде, қасымызда тұрған жоқ па?

– Әулием, айтқаныңыз әбден орынды,– деді әлгі адам.

Бұл сөздерді естіп қатты қуанған Лю Би бұл адам сірә манағы айтқан Тасадағы айдаһар мен Ұлан самұрықтың бірі болар деп ойлады. Ол неде болса шығып сәлемдесіп, танысып көрсем бе екен деп оқталды да, істің мәнін біліп алмай араласамын деп бірденені бүлдіріп алармын деген ойға келіп батылы бармады.

Лю Би сол түні ұйықтамады. Көрер танды көзімен атырды. Таң ата ерте тұрып көріпкелге сәлем берді де, одан:

– Түнде бір адам келгендей болып еді, ол кім болды екен?– деп сұрады.

– Е, әншейін, мені іздеп келген бір досым ғой,– дей салды. Көріпкелдің бұл сөзінен Лю Би келген кісінің тегін адам емес екенін білді және онымен дидарластыруды өтінді.

– Ол кісі кетіп қалды ғой, ол да бір орнын таппай жүрген адам еді, өзіне қамқор болып, қадірлеп істете білетін ардагер ие тауып, соған қол артамын деп жүр ғой, сол арманын қуып кетті,– деді көріпкел. Лю Би көріпкелден ол кісінің аты-жөнін сұрап еді, көріпкел:

– Жарайды, жарайды!– деп күлді де қойды.

Лю Би көріпкел қонағының жөнін айтқысы келмегенін ұқты да, онан ары қолқаламады. Көріпкелден:

– Әулие маған Тасадағы айдаһар мен Ұлан самұрықтың аты-жөнін, қай жердің адамы екенін айтып беріңіз,– деп сұрады.

Көріпкел бұл жолы да “Жарайды! Жарайды!” деп тағы да күлді.

Көріпкелден сұрағандарын біле алмаған Лю Би оған өз талабын қойды. Ол көріпкелге тау арасынан шығып, хан патшасының

тағдыры үшін көмек көрсетуін өтінді. Көріпкел әулие бұл тілекке де нақты жауап бермеді. Қалжың-шыны аралас:

– Тау жастанған даланың тағысынан не шығар дейсіз, қабілеті кемел, таланты телегей, мені он орайтын өрелі адам ғана сіздің ісіңізге септігін тигізе алмақ. Тапсаңыз сондайларды іздеңіз,– деді көріпкел.

Олардың сөзі енді ғана жараса бергенде сырттан айғай-сүрең салған адам дауысы мен ат дүбірі естілді.

Олар бұл дыбысқа құлақ түріп, не екенін біле алмай алаңдай бастап еді, сырттан шәкірт бала кіріп келді де:

– Сарбаздарын ерткен бір қолбасы аулаға келіп тұр,– деп хабарлады. Лю Би бұл сөзді естігенде қатты тіксінді. Ол тәуекелге бел буып, есік алдына жүгіре шықты. Сөйтсе, сарбаздарын ертіп келіп тұрған Жау Иүн екен. Оны көргенде Лю Би қуанып кетті. Аттан қарғып түскен Жау Иүн де жүгіріп келіп онымен амандасып жатыр.

Ол өзінің қалай келгенін былай баяндады:

– Сізден көз жазып қалған соң түн қатып ауданға барсам, онда бармапсыз. Сонан соң түнімен сізді іздеп беталды шапқылай бердім. Кездескен елден сұрай-сұрай келе жатқан бетім осы. Тезірек ауданға жетіңіз. Басқа жақтан адам келіп, ауданда қызыл-қырман соғыс шығып кетуі ықтимал,– деді.

Лю Би көріпкелге қош айты да, Жау Иүнмен еріп аттанып кетті. Олар Шиние ауданына қарай тартты. Қозыкөш жер жүрген соң, алдарынан Гуан Гүн мен Жаң Фи бастаған қосын қарсы кездесті. Олар бас қосып, аман-сәлем жасап жырғап қалды. Қолбасылар аман-есен көріскендеріне қатты қуанысты. Лю Би Танши өзенінен атының қалай қарғып өткенін айтып бергенде, бұған таңғалмаған жан қалмады.

Олар ауданға қайтып келген соң, Сүн Гандармен ақылдасып еді, Сүн Ган:

– Лю Биға хат жазып, болған істің мән-жайын айтқанымыз дұрыс,– деді. Осы сөзге Лю Би де тоқтады. Ол хат жазып Сүн Ганды Жиң Жоуға жіберді.

Лю Биға істің жайын алдын ала естіген екен. Сүн Ганды көрген жерден:

– Шаңыдағы қонақасыға Лю Биді өзім шақыртып отырсам, қонақасыдан қашып кеткені неғылғаны?– деп сұрады. Сүн Ган хатты ұсынып, істің жайын өз аузымен де баяндады. Сай Маудың қастандық жасамақ болғанын, Лю Бидің атының мықтылығының арқасында Танши өзенінен өтіп кетіп, ажал тырнағынан әрең

құтылғандығын бүге-шігесіне дейін қалдырмай айтты. Лю Биәу бұл жайды білмейді екен, Сүн Ганнан қастандық туралы естігенде зығырданы қайнап, терісіне сыймай қатты ашуланды. Ол жалмажан Сай Мауды шақыртып тергеуге алды.

– Сенің ініме қастандық жасауға қалай дәтің барды?– деп ақырды. Сөйтті де жендеттерін шақырып, мынаны далаға шығарып басын кесіндер деп бұйырды. Мұны естіген жұрттың зәресі ұшты, Сай ханым зар жылап, жалынып, Сай Мауға кешірім етіп, өлім жазасын кешіруін өтініп еді, Лю Биәу онан ары тұлған тұтып, долданып кетті. Манадан істің бет алысын, жұрттың ыңғайын байқап отырған Сүн Ган сөзге араласты:

– Тақсыр, егер сіз Сай Мауды өлтірсеңіз, іс онан ары ушығып кетіп, хан ағасының бұл жерде тұрақтап қалуы қиындап кетер ме екен,– деген ойын айтты. Лю Биәу осы ақылға тоқтады. Сай Мауды өлімнен аман алып қалған ол Лю Биден кешірім сұрауға өзінің үлкен ұлы Лю Чиді Сүн Ганға ертіп жіберді. Әкесінің жарлығы бойынша Сүн Ганмен бірге ауданға келген Лю Чиді Лю Би алдынан шығып, құрметтеп қарсы алды. Арнайы қонақасы беріп күтіп алды. Қонақасы үстінде шарапқа біраз қызған соң, Лю Чи көзіне жас алып жылап жіберді. Оның бұл тосын мінезі Лю Биге жұмбақ көрінді де, одан неге жылағанын сұрады. Лю Чи мастығына сүйеніп өзінің шын сырын айтып көмек сұрауға бекінген еді. Ол шынын айтып, ағынан ақтарылды:

– Аға, менің де күнім мәз емес, өгей шешем Сай Ши әбден өштесіп алды, жатса-тұрса ойлайтыны маған қастық жасау, ниетін білім жүрмін. Бірақ амал қанша, немере ініңіздің бұл пәледен құтылар айласы да, қолынан келер шарасы да, қарсы тұрар дәрмені де жоқ. Аға-ай, өзіңіз ақыл-кеңес беріп, жөн сілтеп, басымды пәледен құтқарсаңыз екен,– деді. Лю Би жас жігіттің көз жасын көріп оның жанынан қасым болып қысылып жүргенін аңғарды да:

– Өзіңе-өзің сақ бол. Сон соң әке-шешенді күт. Оларға қарсы келме, пәле іздемесең, пәлекет кесірін тигізе алмас,– деп қойды. Сонымен олар жатып демалуға тарасты. Келесі күні аттанар алдында Лю Чи жылап тұрып қош айтты. Сонымен ол ауданнан аттанып кетті, Лю Би қала сыртына дейін шығарып салды. Жолда келе жатып Лю Би оған атын мақтап:

– Осы атының мықтылығы болмаса ағаң ендігі о дүниеде жүретін еді,– деп күлді. Лю Чи де оған қарымжы ретінде:

– Аттың мықтылығынан емес, ағайдың бағы жанып, жұлдызы биікте болғандығының арқасы ғой,– деді. Лю Чи қоштасарда көзінен ыстық жасты төгіп-төгіп жіберіп, жылай-жылай жүріп кетті.

Лю Би қайтып қалаға кіріп келе жатып, бір бөгде адамды көріп қалды. Басына қоңыр шыт тартып, үстіне ұзын шапан киіпті. Беліне қара белбеу буынып, аяғына қара кебіс киген бұл адам сарнай өлеңдетіп келеді екен. Өлеңіне құлақ салса:

Ой, опасыз дүние-ай, күйредің-ау, қайран ел
Орда құлады, ойран боп.
Келеді зарлап бір арыс, іздеп есіл иені,
Сол иесі кез болып, ел қадірін білер ме,—

деп қайырып-қайырып толғайды.

Мұны естіген Лю Би ішінен: “Бұл адам әлгі көріпкел айтқан Тасадағы айдаһар мен Ұлан самұрықтың бірі болмағай”,— деп ойлады. Ол әлгі адамның жанына келіп аттан түсті. Онымен амандасып, аудан жамбылына ертіп келіп, жөн-жосығын сұрады. Ол адам Лю Биге өзін былай таныстырды:

– Тақсыр, мен пақырыңыз Иыңқы өзенінің бойында туып-өскен бір бейбақ едім. Тегімді сұрасаңыз, Шән әулетінен тараймыз. Атым Фу болады. Ел аузынан өзіңіздің ел ішіндегі жақсы-жайсаңдардың басын қосып, талантты даналарды төңірегіңізге топтап жатқаныңызды көптен естіп жүруші едім. Сондықтан қолтығыңызға паналап, сіз үшін қызмет етсем деген ойым бар еді. Десе де баса-көктеп алдыңызға жетіп барғаным әдепсіздік болар деп, баруға бата алмай жүретінмін. Бүгін сіздің келе жатқаныңызды біліп, тосып жүргем, сіздің төбеңізді көрген соң, назарыңыз ауа ма деп әлгі өлеңді айтып едім,— деді. Шән Фудың өзін іздеп жүргенін естігенде қатты қуанған Лю Би оған төрінен орын беріп, төредей сыйлап ағынан ақтарылды.

Лю Биге разы болған Шән Фу да оған бар ынтасымен қызмет етуді ойлады. Ол:

– Сіздің бір тұлпарыңыз бар дейді, естуімше сізді осы жолы өлімнен алып қалған сол көрінеді, аздап жылқы сырын білуші едім, сол атыңызды көрсем деймін,— деді. Лю Би бір жағынан оның ат сырына қанша қанық екенін білгісі келіп, екінші жағынан атының бағасын оның аузынан естігісі келіп тұлпарын ерттетіп, алдына алдырды. Шән Фу Лю Бидің атын ары-бері айналып көріп шықты да:

– Тақсыр, мынау сіз мінетін ат емес екен, мұндай жылқыны жылқының сормандайы дейді. Қанша жүйрік тұлпар болса да, жолы болмайтын, иесіне кесапаты тиетін қырсықты мал екен, менің тілімді алсаңыз міне көрмеңіз.

Лю Би бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмей әрі-сәрі болды да қалды, сөйтсе де, атының жақсылығын Шән Фуға айтқанды жөн көріп:

– Бұл ат маған осы жолы өзінің нағыз тұлпар екенін дәлелдеді, тіпті кереметін көрсетті десем де болады,– атының Танши өзенінен қарғып өтіп, өзін ажал аузынан құтқарып алып шыққанын баяндап берді.

– Бір жол құтқарғанына бола бұл атқа сенбеніз, әлі де қырсығы айықпаған мал екен. Мұндай мал түбінде иесіне бір кесірін тигізбей қоймайды. Егер осы атты шынымен жақсы көріп айрылғыңыз келмесе, мұның бойындағы қырсықты аластауға болады.

– Ал, ендеше бұл аттың бойындағы қырсығын қалай аластайсыз, амалыңызды айтыңыз,– деді Лю Би.

– Мұндай малдың қырсығын басқаға аудару керек. Алайда оның жолы ауыр, күнәсі үлкен болады. Сондықтан алдымен кегіңіз кеткен, бітіспес дұшпаныңызға тарту етіңіз. Сонда қырсығы сол адамға ауады да, ол адам қырсыққа ұшырайды. Атыңызды қимасаңыз, ол адам өлген соң қайта алып мініңіз. Сонда тұлпардың кесірі тарқап, бойындағы қырсығынан айығады.

Бұл сөзді естігенде Лю Бидің өңі-түсі қашып кетті. Ол өте ырымшыл, ізгі ниетті адам еді. Шән Фуға деген өкпесін де жасырмай:

– Сіз келмей жатып маған тура жол көрсеткенді қойып, басқаға қастық ойлаудың жолын көрсеттіңіз бе? Көңіліңізге келмесін, бұл ақылыңызды ала алмаспын, оған менің ар-ожданым жібермейді,– деді. Шән Фу бұл сөзге ренжіген жоқ, қайта көңіліндегі ісі орындалғандай болып жадырап қалды:

– Тақсыр, сізді ел жүрегі мейірім мен шапағатқа толы, ізгі адам деп көп мақтаушы еді. Ел қанша айтса да өз басым көрмеген соң сенбейтінмін. Айтса айтқандай-ақ екенсіз, мен сізді сынау үшін бұл сөзді әдейі айтқан едім,– деп күліп қойды. Лю Би оның бұл сөзіне разы болса да сырын алдырғысы келмей, әрі оны онан ары өзіне тарта түскісі келіп:

– Мендей пақырыңызға мейірім-шапағат қайдан қонсын, ондай өрелі адам болу бізге қайда. Мен әлі де болса өзіңіздің ақыл-кеңесіңізге зәрумін,– деді. Шән Фу оның сөзіне жауап берместен өз жайын айтып кетті:

– Мен осы жолы Иңқыдан келе жатып жолшыбай шиниеліктердің:

“Хан ағасы Лю Би кеп,
Елімізге бас болды.
Ырыс ұйып, құт қонып,
Жерімізге бақ қонды”,–

деген бір ауыз жырын естіп едім. Ел кейде артық-ауыс қауесет таратса да, кейде шырылдаған шындықтың өзін айтады ғой, бұл жолы да солай болып шықты, бүгін сіздің мейірім мен шапағатқа толы үлкен жүрек ел иесі екеніңізді өз көзіммен көріп отырмын деп, – Шән Фу тағы да мақтау айтты. Әбден разы болған Лю Би оған тағзым етіп, кішілік білдірді. Ол дереу кеңес шақырып, Шән Фуды әскери ақылшы етіп тағайындады. Сол күннен бастап Шән Фу Лю Бидің сарбаздарына әскери өнер үйретіп, соғысқа дайындап, машықтандырды.

Жиң Жоудан астанаға қайтып келген соң Сау Саудың жатсатұрса ойлайтыны Жиң Жоуды алу болды. Ол өзі сарбаздарын машықтандырып, соғысқа дайындап көрді де, Жиң Жоу мен Шаңяға сес көрсетіп, бір жағы аңысын аңдап, жағдайын барлау үшін Сау Рын мен Ли Диянды Фанчынға жіберді. Оларға жуықта бағынып, тізе бүккен екі қолбасы Ли Куаң мен Ли Шаңды да қосты, сонымен олардың біріккен қолы отыз мыңға жетті. Олар Фанчыннан бекініс салды. Бір күні Ли Куаң мен Ли Шаң Сау Рынға кіріп:

– Қазір Лю Би қолын Шиниге орналастырып, қосынын реттеп, сарбаздарын машықтандырып, сарбаздар мінетін ат сатып алып, қамбасын астыққа толтырып, ат-көлігіне жем-шөп жинап жатыр. Естуімізше күшейіп, ел арасында беделі де көтеріліп бара жатқан көрінеді. Әлі де кеш емес, біз шұғыл қимылдап алдымен соны алмасақ болмайды. Ағайынды екеуміз уәзірге бағынғанымызға да біраз болып қалды. Ойлап отырсақ, сонан бері ауыз толтырып айтарлық еңбек көрсете алмаппыз. Осы жолы біздің де уәзірдің алдында өзіміздің адалдығымыз бен ерлігімізді көрсетіп қалатын жөніміз бар. Егер рұқсат етсеңіз бес мың сайлауыт жасақпен барып Лю Бидің басын алып, уәзірге тарту етейік, – десті. Екі батырдың бұл ынтасына көңілі толған Сау Рын іштей қатты қуанды. Ол бес мың жасақ беріп, ағайынды екі Лиді Шиниге жөнелтті. Олар қанша жасырын аттанғанымен Лю Бидің жансыздары мен барлаушылары бұл хабарды тізгін ұшымен Лю Биге жеткізіп үлгерген еді. Лю Би бұл хабарды естіген соң, Шән Фуды шақырып алып, істің жайын айтып ақылдасты. Шән Фу ойланып отырып былай деді:

– Жасанып шыққан жау келмей қоймайды, мұндайда аянғанмен аман қалмаймыз. Жауды ел шетіне кіргізбеу керек. Халықты қырғынға ұшыратпай, сарбаздарды шығындатпай, ақылмен іс қылған жөн. Гуан Гүң бір қосын қолмен жаудың негізгі қосынына сол жақ бүйірден тиіп, алдыңғы қол мен артқы қолды үзіп тастасын; Жаң Фи бір қосын қолмен оң жақтан орап барып жаудың

артқы қосынына ту сыртынан тиіп, оларды алдыңғы қолға көмек бере алмайтындай етсін; Өзіңіз негізгі қосынмен Жау Иүнді алып қарсы алдынан шығып, түмсықтан соққы беріңіз, сонда үшке бөлініп, белі үзілген жыландай болған жаудың берекесі кетеді, міне осы ақылмен бұл жаудың бетін қайтарып қана қоймай, сазайын тарттырып өлтіре соққы бере аламыз,– деді. Бұл ақыл Лю Бидің көңілінен шықты. Ол Гуан Гүң мен Жаң Фиды өздеріне тиесілі қолымен алдын ала аттандырып, жоспар бойынша бір мезгілде қимылдауды тапсырды. Өзі қасына Шән Фу мен Жау Иүндерді алып екі мың қолмен жаудың алдынан шықты. Олар бірнеше шақырым жүрген соң-ақ тау етегінен будақ-будақ шаң шығып, жау қолының қарасы көрінді. Екі жақтың жасақтары бір-біріне жақындап келіп, садақ оғы жетпестей жерден тоқтап, шеп құрды. Бергі жақтағы керме тудың астынан Лю Би өзі шығып қарсы жақтағыларға айғай салды:

– Өлдеріңнен асып, менің жеріме баса-көктеп кірген сендер кімсіңдер? Бұған қалай дәттерің барды?– деп айғай салды. Қарсы жақтан есік пен төрдей тұлпарын ояқастатып шеп алдына Ли Куан шықты, ол да өз сарбаздарына рух беру үшін айғай салды:

– Сен мені танымай тұр екенсің, біліп қой, мен бас қолбасы Ли Куан боламын. Уәзірдің әмірі бойынша сенің басыңды алуға келіп тұрмын.

Бұл сөзді естігенде бойын ашу кернеген Лю Би қалшылдап кетті. Ол дереу Жау Иүнді Ли Куанға қарсы жекпе-жекке шығарды. Екі батыр айқаса кетті, бірін-бірі тірідей жеп қоярдай болған екеуінің сайысына екі жақтың сарбаздары демдерін ішіне тартып қарап қалды. Сайыс ұзаққа барған жоқ, бірнеше кезек қағысып өткеннен кейін-ақ қарсы жағының шама-шарқы мен әдіс-айласын мөлшерлеп үлгерген Жау Иүн найзаны құлаштай сілтеді. Ол қалт жібермейтін найзагер еді, алғашқы сілтеген найзасымен-ақ Ли Куанды ат үстінен жайратып түсірді. Сол-ақ екен Лю Би қолын бастап лап қойды. Рухы көтеріліп, елеуреп алған Лю Би сарбаздары қарсы жаққа қойға тиген бөрідей шүйлікті, қолбасы жекпе-жекте мерт болып, рухы түскен жау сарбаздары өздерінің мына жойқын күшке төтеп бере алмайтынын біліп, бастарын аман алып қалудың қамына кірісті. Мұны байқаған Ли Шаң қайтыңдар деген бұйрық берді де, қолын бастап зыта жөнелді. Олар майданнан ұзай бергенде көлденеңнен бір қосын қол тап берді. Бұл Гуан Гүң бастаған қол еді. Олар қашып келе жатқан қолды аяусыз қырды, әп-сәтте сарбаздарының жарымынан айырылған Ли Шаң өзер дегенде қоршауды бұзып шықты. Он шақырымдай жерге бара бергенде

алдынан бір қосын қол кес-кестеп шыға келді. Найзасын серте ұстап, қол бастап келе жатқан қолбасы:

– Жаң Фи сені тосып тұрғалы қашан,– деп ақырып жіберіп, Ли Шаңға тап берді. Батырдың түрі де кісі қорыққандай сұсты еді. Ли Шаңның зәресі ұшқаны сонша, қолына найзасын алуға шамасы келген жоқ, Жаң Фидің алғашқы сілтеген найзасымен бірге қанжоса боп аттан құлады. Осыдан кейін жау қолы тоз-тоз болып, бет-бетіне кетті. Сарбаздарын бірнеше топқа бөліп, жауды өкшелей қуған Лю Би жау сарбаздарының жарымынан астамын қолға тірідей түсірді.

Жауды жеңіп, қолын бастап ауданға келген Лю Би Шән Фуға разы болып, зор ілтипат-құрмет көрсетті. Жаудан түскен олжадан сарбаздарына олжа бөліп беріп, ерлік көрсеткендерге сыйлық таратты.

Соғыста жеңіліс тапқан жау сарбаздарының тірі құтылғандары Сау Рыңға келіп соғыстың сәтсіз болғанын, ағайынды екі Лидің майданда қаза тауып, сарбаздардың көбі тірідей жау қолына түскенін жеткізді. Бұл хабарды естігенде Сау Рыңның жүрегі кеудесінен шығып кете жаздады. Ол Лю Биді мұншалық күшейіп кетті деп ойламаған. Дерееу Ли Диянмен ақылдасты.

– Жаудың күшін мөлшерлей алмай, жеңілтектік істеген екі қолбасы бекерге қаза тапты. Сарбаздарымыздың өлісінен өлідей, тірісінен тірідей айырылды, күшімізді шығындап алдық. Өзірше сарбаздарды арандап алмай, жағдайды уәзірге мәлімдеп, көмек сұрайық, көмекке қалың қол келген соң бір-ақ барып жойғанымыз ақыл болар,– деді Ли Дян. Бұл ұсыныс Сау Рыңның көңіліне қонбады, ол Лю Биге қатты өшіккен еді, оның үстіне жеңіліс Лю Бидің күшінің басымдығынан емес, екі қолбасының дарынсыздығынан деп білді. Сондықтан:

– Жоқ, екі бірдей қолбасым өліп, сарбаздарымнан айырылып қансырап қалдым, бұл кекті қолмақол алмай болмайды. Алақандай Шиние ауданын ала алмай уәзірден көмек сұрамақпын ба?– деді. Ли Диян өз ойын былай жеткізді:

– Лю Би деген еңіреген ер емес пе, оған жеңіл-желпі қарамайық. Оның бұл сөзін Лю Биден жүрексініп отыр деп ұққан Сау Рың оған келекелей қарап:

– Қолбасы, Лю Биден мұнша неге қорықтыңыз? – деді. Ли Диян оның бұл сөзіне ашынбады, өзінің сабырлы қалпынан жазбай:

– Соғыс ілімінде өзінді де, жауынды да тани білсең жеңілмейсің, әмсе жеңесің деген қағида бар. Мен соғысудан қорқып тұрғам

жок, жеңілуден қорқамын,— деді. Оның бұл сөзіне әбден ширап ызаға булыққан Сау Рын:

– Сіз өзі Лю Бидің жеңіліп қалуынан алаңдап, “қос жүректік” істеп отырғаннан саусыз ба? Байқаймын бұл соғыста ес қатар түріңіз жоқ. Жеңілуден қорықсаңыз соғыспай-ақ отыра беріңіз, мен кеттім, Лю Биді тірі ұстамай тынбаймын!— деді. Бұл сөз намысына тисе де Ли Диян сыр алдырмауға тырысып:

– Қолбасы, соғыспай қоймаймын десеңіз жолыңыз болсын, сіздің жеңіспен оралуыңызға тілектеспін. Құп көрсеңіз Панчын қаласын мен қорғап тұрайын,— деді. Сау Рын бұған онан ары долданып терісіне сыймай ашуланды:

– Ә, солай ма, менімен бірге аттанғым келмейді деңіз. Солай екенін білгем, жүрегіңе алақүлік түскені белгілі болды,— деді Сау Рын. Оның сөз ұғар түрі жоқ, мұндай ашумен майданға кірген қолбасы жеңілмей қайтеді, Ли Диян қатты тарықты. Десе де амалсыздан жиырма бес мың қолды түгел атқа қондырып, дариядан өтіп Шиние ауданына қарай жүріп кетті.

Ажалы жетіп жер құшқан,
Үміттері желге ұшқан,
Сарбаздардың саудырап,
Басы қалды далада.
Сергелдең болып қолбасы,
Үмітті қуып болмашы.
Кек алмаққа қол жинап,
Қайта шапты қалаға.

Сірә, кім жеңіп, кім жеңілгенін келесі тараудан ұғыныңыз.

Лю Бидің Фанчын қаласын алуы

Ашуына мініп, ақылынан айырылған Сау Рын Ли Дянның сөзіне көнбей, жер қайысқан сарбаздарын түгел алып атқа қонды. Бойын кек кернеп, ашуы қойнына сыймаған ол Шиние ауданын жайпап тастауды ғана ойлады. Сондықтан уақыт ұттырғысы келмей түн қатып өзеннен өтті.

Жеңіске жетіп, жаудың бетін қайтарып, ауданға қайтып барған соң Шән Фу Лю Биге мынадай ақыл айтты:

– Тақсыр, бұл жеңіс бізге оңай келген жоқ, тәңірі өзі қолдап бұл жолы жеңгенімізбен, бұл бізге берілген сынақ. Мұнан кейінгі істеріміздің сәтті болмағы да, сәтсіз болмағы да осы жеңісті ұстап тұра алу-алмауымызға байланысты. Меніңше, Фанчында жатқан

Сау Рын екі қолбасының өліп, қолының ойран болғанын естігенде қарап жатпасы анық, ол сөзсіз бар қолын бастап бізге шабуыл жасайды, – деді. Лю Би оның бұл сөзінен үлкен қауіптің бетін аңғарды да тағы да өзінен ақыл сұрады:

– Сау Рын қалың қолын бастап шабуыл жасаса, оған қалай төтеп береміз? Өзіңіз бір ақылын табыңыз, – деді Лю Би.

– Егер, жау қолы түгел шабуылға өтсе, Фанчын иен қалады, алдымен соны қамту керек, – деді Шән Фу. Лю Би Фанчын қаласын алатын айланы сұрады. Шән Фу былай да... былай ... деп құлағына сыбырлады.

Лю Би бұл ақылды қабыл алды да, Шән Фудың айтуы бойынша жоспар жасап, алдағы соғысқа дайындық жасады, олар өстіп тастүйін болып отыр еді, барлаушылардан хабар жеті.

Шән Фудың айтқанындай-ақ Сау Рын қалың қолын алып өзеннен өтіпті.

Мұны естігенде Шән Фу езу тартып күліп қойды да:

– Мына беталысына қарағанда Сау Рын менің сызған шеңберімнен шыға қоймас, – деді. Жау әскері мөлшерлі жерге жеткенде Шән Фудың ақылымен Лю Би қол бастап алдынан шықты. Екі жақ бір-біріне төне келіп шеп құрды. Шеп алдына шыққан Жау Иүн “Жекпе-жек, жекпе-жек”, – деп айғай салды. Қарсы жақтан Жау Иүнге қарсы Ли Дянды шықты. Жекпе-жекке шыққан екі батыр он кезекке таяу айқасты, бірін-бірі ала алмай текетірес болып тұр еді, өзінің әлсіреп Жау Иүннің бел алып күшейіп келе жатқанын аңғарған Ли Дян атының басын кілт бұрып, өз шебіне қарай зыта жөнелді. Жау Иүн тұра қуғанда екі қанаттан садақтың оғы бұршақша борады. Бірақ Жау Иүнге оқ дарыған жоқ. Сонымен екі жақ та қолдарын алып, бекіністеріне қайтты. Бекініске барған соң Ли Дян өз мөлшерлегені бойынша Сау Рынға мынадай ұсыныс айтты:

– Жау қолы оңай көрінбейді, жеңіл-желпі қарап соқтыққанымызбен болмас, қолды алып Фанчынға қайтайық. Бұл сөз онсыз да талағы тарс айырылып тұрған Сау Рынның қитығына әбден тиді. Ол Ли Дянға дүрсе қоя берді:

– Сен анау күні аттанбай жатып кері бағып едің, бүгін жекпе-жекте жауды аяп шепті сатып кеттің. Енді келіп айтып тұрғаның мынау! – деді де, жендеттерін шақырып табанда басын алуды бұйырды. Кеңеске жиналған қолбасылар түгел жабыла жалынып жүріп оны зорға дегенде райынан қайтарды. Осыдан кейін Ли Дянды артқы қолға ауыстырып, алдыңғы қолдың қолбасылығын Сау Рын өзіне алды. Келесі күні дабылын қағып, барабанын соғып,

сүрен сала майданға шыққан Сау Рын қолы таяп келіп шеп тартты да, адамдарына:

– Шөбімді танымсың,– деп айғай салғызды. Биіктен оның шөбін шола бір қарап шыққан Шән Фу оның шөбін Лю Биге былай түсіндірді:

– Мынау “сегіз есікті алтын құлып шөбі” деп аталады. Сегіз есік делінетін шепте: “мерт болу есігі”, “су ішкілік есігі”, “жарақат есігі”, “тұйық есік”, “үміт есігі”, “ажал есігі”, “үрей есігі” дейтін сегіз есік бар. “Су ішкілік есігі”, “үміт есігі”, “ашық есіктен” кіргендердің жолы болады. “Жарақат есігі”, “үрей есігі”, “мерт болу есігінен” кіргендер өлмесе де жараланады. Ал, “тұйық есік” пен “ажал есігінен” кіргендер сөзсіз шеп ішінде қаза табады. Мына шептің сегіз есігі тегіс құрылғанмен ортасы ақаулы екен. Егер шығыс оңтүстік мүйістегі “су ішкілік” есігінен бұзып кіріп, одан батысқа қарай ойысып “үміт есігінен” шығатын болса, шөбінің ойраны шығады,– деді. Лю Би дереу қалың қолдың шепті берік сақтап тұруын, Жау Иүннің бес жүз жасақпен жау шөбінің шығысынан кіріп, батысынан шығуын бұйырды. Қолын бастап найзасын серте ұстап атпен ағыза жөнелген Жау Иүн жау шөбінің шығыс оңтүстік мүйісінен келіп кірді. Аруағын шақырып, атандай лап қойған батыр жан шыдатар емес, кірген жерін тоз-тозын шығарып, ойсыратып барады. Сау Рын солтүстікке қарай қырындай жөнелді, Жау Иүн оған қарамастан батыс есікті бетке алып жарып өтіп, одан қырып-жоя оңтүстік-шығыс мүйіске қарай тартты. Сау Рынның қолы қатты былығып, ес-ақылы шықты. Мұны көрген Лю Би қалың қолын бастап лап қойды. Қаптаған соғыста тағы да Лю Би қолы басым шықты. Қансырай болып жеңілген жау қолы шегіне қашты. Шән Фу сарбаздарға жау қолын қудырмады, олар қолды жиғызып бекініске қайтты.

Жаудан жеңіліп, сағы сынған Сау Рын қосынына қайтып келген соң барып сабасына түсіп, Ли Дянның кеңесінің дұрыс екеніне көз жеткізді. Амал не, әбден тұмсығына соққы тигенде барып есін жиды. Ол Ли Дянды шақырып алып кешірім сұрап ақылдасты:

– Менің шөбімді талқандауына қарағанда Лю Бидің қосынында қалайда бір білгір бар секілді,– деді.

– Дұрыс айтасыз, ол өзі де білгір адам, оның үстіне тағы бір білгір қосылған секілді, сондықтан мен артымызда қалған Фанчыға алаңдап отырмың,– деді Ли Дян. Сау Рын бұл сөзді жете түсінбесе де Ли Дянның тегін алаңдамағанын мөлшерлеп, онымен келісетінін білдіріп:

– Бүгін кеште жаудың бекінісін тағы бір шабайық, жеңіп шықсақ, алдағы іс туралы жаңа ақыл құрармыз, жеңе алмасак Фанчынға қайтармыз,– деді Сау Рын. Ли Дян бұл ақылға келіспеді, десе де алдыңғы жолғыдай қатты кетпей өзі түсінер деген оймен:

– Бұлай дей көрмеңіз, Лю Би қалайда мықты дайындықпен тосып отыр,– деді. Сау Рын тағы да өркөкіректігіне басты:

– Бір-екі шайқаста сәтсіздікке жолыққан екенбіз деп бәріне мойынсал бола бергеніміз бе? Жоқтан өзгеге осынша күмәндана берсек, қалың қолды қалай басқара аламыз,– деп Ли Дянды тыйып тастады. Ли Дянның ақылына көнбеген Сау Рын өзі алдыңғы лек болып қол бастап, Ли Дянды арттан сәйкесуге бұйырып, екінші дабылда бекіністі шабуға дайындалды.

Шән Фу мен Лю Би бекіністе жау қолының енді не істейтінін, оған қалай қарсы тұру керек екенін ақылдасып отыр еді, кенеттен құйын соғып кетті. Шән Фу құйынның соғуын өзінше жамандыққа ырымдап:

– Бүгін кеште Сау Рын келіп бекіністі шабады екен,– деді.

– Олай болса біз не істеуіміз керек, қайтсек бекіністі бермей аман сақтап қаламыз?– деді Лю Би.

– Жаудың бұл жоспары Шән Фудың ойынан шыққан секілді, таксыр, сіз саспаңыз, мен бәрін де ойластырып қойғанмын,– деп күлді. Сонан соң құпия түрде орналастыру жасап, түнде болар шайқасқа дайындық жасады. Екінші дабылда қолын бастап Сау Рын бекініске жетіп келгенде, бекіністің төрт жағынан да өрт лап ете түсіп, бекініс қашалары өртене бастады. Жаудың өздерін күтіп дайындықпен отырғанын аңғарған Сау Рын сарбаздарына шұғыл шегінуге бұйрық берді. Бірақ олар шегініп үлгермеді, енді шегінеміз деп тұрғанда Жау Иүн қырғидай сайланған сарбаздарымен келіп тиді. Ол адамды бетқаратпайтын тегеурінмен қырып-жойып киіп әкетті. Қолын тоқтата алмаған Сау Рын сасқалақтап, солтүстіктегі дарияға қарай тартты. Дарияның жағасындағы байлаулы қайықтарына жетіп судан өтудің қамына енді кірісе бергенде, жағадан бір қосын қол атой салып тап берді. Бастап келе жатқан адам Жаң Фи екен. Сау Рын қолы өлісе сайысты. Ли Дян басын өлімге тіге жүріп Сау Рынды қорғап дариядан өткізді. Жау қолының жарымынан астамы суға кетті. Жағаға шыққан Сау Рын Фанчын қаласына суыт тартты, қалаға жетіп келіп, қақпаны ашуды бұйырды. Қорғанның төбесінен дабыл қағылып, бір қолбасы қолын бастап шыға келіп:

– Фанчыңды мен алғалы қашан!– деп ақырды. Үрейі ұшқан көпшілік жалт қараса, Гуан Гүң екен. Зәресі ұшқан Сау Рын атты борбайға жалғыз-ақ салып зытып берді. Соңынан тұра қуған Гуан Гүңдер Сау Рынның ілескен қолының көбін жер жастандырды. Түн қашып қашқан күйі Шүйшаңға барған Сау Рын жол-жөнекей Лю Биге ақылшы болып, айла жасап отырған адам Шән Фу екенін естіді.

Шүйшаңға қашып келген Сау Рынды қоя тұрып, Лю Биге оралайық. Жау қолын тоз-тоз қылып зор жеңіске жеткен Лю Би қолын бастап Фанчыңға келді. Аудан әкімі Лю Биді алдынан шығып қарсы алды. Лю Би қалаға кіріп халықты тыныштандырды. Аудан әкімі тегі шаңшалық, арғы атасы хан патшасының тұқымы Лю Бидің жұрағаты еді. Туыс тартып Лю Биді үйіне қонаққа шақырып күтті. Дастарқан үстінде Лю Бидің көзі шеткерірек тұрған бір балаға түсті. Барлай қарап еді, бітім тұлғасы бөлекше екен.

– Мынау кім?– деп сұрады Лю Би.

– Ол менің жиенім, Ку Фың дейтін бала. Әкесі Ку төре тегінде сұлтан болған, әке-шешесі бірдей қайтыс болып, қайырылысар ешкімі болмаған соң менің қолымда жүр,– деді. Лю Би балаға қатты көңілі түсіп, бала қылып алайын маған бер деп сұрады. Әкім қуана құптап, Ку Фыңды шақырып Лю Биді әке деп танытып бас ұрғызып, атын Лю Фың деп қайта қойды. Қонақтан қайтып келген соң, Лю Би ертіп келген баласын Гуан Гүң мен Жаң Фиды аға дегізіп бас ұрғызды.

– Ұлыңыз бар емес пе, асырандының қажеті не, кейін кеселі тимей ме?– деді Гуан Гүң.

– Мен баламдай көрсем, ол да мені әкесіндей көрер, одан қандай кесел келсін,– деді Лю Би. Бірақ бұл баланы Гуан Гүң онша жақтырмады.

Лю Би Шән Фумен ақылдаса келіп, Фанчыңды сақтауға мың қолмен Жау Иүнді қалдырып, өздері Шиниге қайтты.

Астанаға барып, Сау Саумен жолығысқан Сау Рын мен Ли Дян көрген жерден бастарын жерге салып ботадай боздады. Олар қолбасынан айырылып, қолды тоздырып, сымпиып қайтқан жәйттерін баяндап күнәлары үшін кешірім сұрады. Сау Сау:

– Соғыс болған соң жеңіс те, жеңіліс те болып тұрады. Бұған бола қапаланбандар. Тек қана Лю Биге кеңес беріп, жол көрсетіп отырған кім екен? Әттен, соны білсем,– деді. Сау Рын өзінің жолда естігені бойынша:

– Лю Биге ақылшы болып жүрген адам Шән Фу деген екен,– деді.

– Шән Фу деген кім еді?– деді Сау Сау.

Чың Үй күліп алды да:

– Олай болса оның аты Шән Фу емес. Менің білуімше ол кісі жас кезінде қылышкерлікті жетік меңгерген; Жұңпын жылнамасының соңғы жылдары біреудің кегін әперем деп жүріп, қолы қата тиген бе, бата тиген бе, кісі өлтіріп алыпты. Өзінің үлкен пәлеге душар болғанын білген соң, шашын жайып салып, бетіне қара қожалақ бояу жағып диуана болып ел кезіп жүріпті, бір күні оны орда жасауылдары ұстап алыпты. Аты-жөнін сұраса айтпай қойыпты. Сонымен байлап-матап, арбаға басып, қан көшеге алып шығып кім екенін жұрттан сұрапты. Бірақ танитындардың айтуға дәті бармапты. Сонымен, таныс серіктері қапысын тауып байлауын шешіп құтқарып жіберіпті. Сонан кейін аты-жөнін өзгертіп, бұрынғы дағдысын тастап оқуға беріліп, атақты оқымыстыларды ұстаз тұтып мол білім жинаған екен. Сы Ма Хүймен де таныс, жақын сырлас болыпты. Шын жөнін білмек болсаңыз иншуандық Шүй Шу дейтін кісі сол Жұрт Иуан Жы деп атайды, ал Шән Фу бұлтарып қойып алған аты болса керек,– деді.

– Бұл кісі туралы жақсы біледі екенсіз, оның әскери қабілет, таланты өзіңізден қандай?– деді Сау Сау. Чың Иү күліп алды да:

– Мені ол кісімен салыстыруға болмайды ғой, егер мені он орайды десем, пендешілікпен өзімді көтеріп айтқан болар едім,– деді. Мұны естігенде Сау Саудың іші күйіп, өзегі өртеніп кеткендей болды:

– Мұндай данышпанның Лю Бидің қолына түскенін қарашы! Енді оның қанат-күйрығы жетілді десеңші! Бағы жанып-ақ тұр, амалым бар ма?– деп Сау Сау онан ары торығып кетті. Чың Иү сөзге араласып:

– Шүй Шу ол жақта болғанмен, егер уәзір қалап істеткісі келсе оны мұнда алдыру қиынға соқпас,– деді жымыып қойды. Сау Сау іштей қуанып кетті. Чың Иүге қарап:

– Ол кісіні мұнда әкелудің қандай амалы бар?– деді. Чың Иү сөзін арыдан бастады:

– Шүй Шу дәстүршіл ата-анасына опалы адам. Әкесі жасында өлген, қазір кәрі шешесі ғана бар. Жуықта шешесін асырап жүрген інісі Шүй Қаң да қайтыс болды. Осы күнде шешесі жалғыз қалды. Егер, уәзір шешесін алдамалап Шүйшаңға әкеліп, оған ұлын шақыртып, хат жаздыратын болса, Шүй Шу салаң етіп жетіп келеді,– деді.

Бұл сөзді естігенде Сау Сау қатты қуанып кетті. Дереу Шүй Шудың шешесін алып келуге адам жұмсады, ол адам түн қатып жүріп кетті. Арада бірнеше күн өткен соң кемпірді алып келді.

Сау Сау кемпірді құрметтеп қарсы алып, асты-үстіне түсіп күтті. Арада бірнеше өткен соң, кемпір әбден разы болды-ау деген межеде бір күні Сау Сау ол тұрған үйге келіп Шүй Шудың шешесіне амандасты. Ол аман-сәлемнен соң:

– Шешей, менің естуімше, балаңыз Шүй Шу әлемде сирек кездесетін талант иесі екен. Қазір Шиние ауданында Лю Биге ақылшы болып жүр. Лю Би патша ордасына опасыздық жасап жүрген азғын ғой. Бұл дегеніңіз таза жауһардың шалшыққа көмілгенімен бірдей, тым аянышты іс емес пе. Ұлыңызға хат жазып, астанаға шақырыңыз. Ол кісіні ардақтап, өзіне лайық мәртебелі орын беруге патшаның алдында кепілдік етейін,– деді. Сонан соң кемпірдің жауабын күтпей-ақ қасындағыларға қағаз, қалам, сиясауыт алдырып, кемпірдің алдына қойғызып, хат жазуды бұйырды. Шүй Шудың шешесі әлденені ойлағандай Сау Сауға қарап алды да:

– Әлгі азғын, опасыз деп отырған Лю Биіңіз кім?– деп сұрады.

– Ол Пижұннан шыққан бір тоғышар адам. Әлінен асып, астамшылық жасап өзін “хан ағасы” деп жариялапты. Менмен, өзімшіл, әділетке жаны қас, кеудесіне сенім ұяламаған бір бейбақ. Сыртына қарасаң адам, іші толған лас, наданның өзі,– деді Сау Сау. Мұны естіген Шүй Шудың шешесінің өңі бұзылып кетті. Алдында тұрған Сау Саудың уәзір екеніне қараған да жоқ, зекіп жіберді:

– Доғар енді, сен не қылған шектен асқан есірік едің! Дүниедегі әділет иесі жалғыз сен ғана ма едің? Мен Лю Биді бұрыннан білемін, арғы тегін қусаң Жұң Шан, Жің Уаң ханның тұқымы, берісін айтсам Шау Жиің патшаның шөбересі. Неше атасынан қара көктің тұқымы, өзі де ел үшін туған, жақсыларға ілтипаты бар, көпке құрмет ете білетін адам. Мейірімділігі мен қарапайымдылығы барша жұртқа әйгілі. Еңбектеген жас, еңкейген кәрі, қырдағы малшы, ойдағы отыншының қай-қайсысынан сұрасаңыз да заманымыздың ардагері деп сені емес, соны атайды. Шынында менің ұлым оның қолында болса, тәңірі жарылқап, нағыз иесін тапқан екен. Ал сен өзінді кіммін деп ойлайсың. Білмесең мен айтайын, сен көріністе хан патшасының уәзірісің, уәзірлік шен тағып, шекпен киіп, елді алдап хан патшалығын ойрандап отырған қарақшысың. Сен Лю Биді азғын бейбақ дегеніңмен, сол атақ өзіңе ғана лайық. Ұлымды әділеттен бездіріп, жамандыққа тартқаным мен үшін өлімнен де маскара қорлық.– Кемпір осына айтты да сиясауытпен Сау Сауды періп жіберді. Мына кемпірден әбден қорлық көріп, абыройы айрандай төгілген Сау Сау ашудан

жарылардай болып, от алып қопаға түсті. Ол жендеттеріне Шүй Шудың шешесін сүйреп шығарып басын алуды бұйырды. Бірақ осы кезде Чың Иү араласып, тоқтау айтып әзер тоқтатты. Ол Сау Сауға:

– Шүй Шудың шешесі сіздің намысыңызға тиіп, ашуландырғанда өзін тез өлтірсін деп отыр. Егер оны өлтірер болсаңыз, өзіңіз әділетсіз деген атаққа қаласыз да, ал ол кемпір кемел адамгершіліктің иесі болып шыға келеді. Шешесін өлтірген соң Шүй Шу сізге өшігеді де, онан ары кегі қайнап, Лю Би мен тіпті жақындасып, сізден кегін алуға кіріседі. Онанда кемпірді өлтірмей ұстап отырыңыз. Сонда Шүй Шудың өзі, анда, көңілі мұнда болады да Лю Бидің қызметін істегенмен де сізді қатты ашуландырып алудан қорқып, жанын сала қимылдамайтын болады. Егер оның шешесін тірі сақтай алсаңыз, амалын тауып алжастырып, түбінде қолыңызға тигізуге мен кепіл болайын,— деді Чың Иү. Бұл сөзге әбден иланған Сау Сау кемпірдің басын алу ойынан қайтып оны бөлек бір үйге арнайы бақтырды. Чың Иү қалын сұраған болып күн сайын барып тұрды. Ол өзін Шүй Шудың ақыреттік досы едім деп таныстырды. Шүй Шудың шешесін өз шешесіндей көретіндігін айтып көукелек қақты. Барған сайын сәлемдеме, тарту-таралғы апарып, бір күн мынаны ұсынып, бір күн ананы ұсынып көңілін аулады. Ол әр рет сәлемдеме жіберген сайын Шүй Шудың шешесіне хат жазып тұрды. Оның жіберген сәлемдемесі мен хатын тапсырып алған сайын Шүй Шудың шешесі де рахмет айтып хат жазып тұрды. Чың Иүдің іздегені де осы еді. Оның хаттағы қолтаңбасына қарай отырып жазу машығын үйреніп алған Чың Иү айна-қатесіз шешесінің қолтаңбасымен Шүй Шуға хат жазды да сенімді бір адамнан беріп қоя берді. Шиние ауданына барған ол сұрастыра келіп, Шән Фудың шатырын тапты, жасауылдар оны Шүй Шуға ертіп әкелді. Шешесінен хабар естіген Шүй Шу да дегбірсіздене мән-жайды сұрады.

Келген адам:

– Мен Сау Саудың қолында қоналқаның қызметшісі едім, анаңыздың тапсыруы бойынша сізге хат алып келдім,— деп хатты ұсынды. Ашып қараса, хат былай жазылған екен, басында амандық-саулық сұрапты да онан соң:

– Бауырың Шүй Каң қайтыс болған, сорлы анаң аңырап жалғыз қалды. Сөйтіп қайғыдан қан жұтып отырғанда сол күнімді көпсінгендей күтпеген жерден Сау Сау уәзір адам жіберіп, Шүйшаңға алдырды. Мұнда келген соң балаң опасыздық етті деген

жаламен қол-аяғымды байлап-матап көрсетпеген қорлығы қалмады. Тіпті, көзімді жоймақ болып еді, бақытқа қарай Чың Иү қатарлы ізгі жандар бір жолы құтқарып қалды. Дегенмен Сау Сау әлі де мені қамап отыр, сен келіп тізе бүксең, жанымды қалдыратын түрі бар. Ананның қарызын өтеймін десең, осы хатты алысымен тез жет. Төрінен көрі жуық қарт анаңа қызмет етіп қасында бол. Кейін ретін тауып қырға шығып, жер емшегін сауып, басқа түскен пәледен құтылу жағын қарастырармыз. Сорлы ананның жаны қыл үстінде тұр, бар үміті сен ғана! Егер мені анам десең, құтқара гөр! Жай-күйім осы. Басқа айтар жоқ.

Хатты оқып, қабырғасы қайысқан Шүй Шу көз жасын көлдетіп, қағазды алып Лю Биге келеді. Ол өзінің жайын Лю Биге былай баяндады:

– Мен әсілі иншуандық Шүй Шу дейтін адам едім. Лақап атым Иүан Жы болатын. Кейін басыма пәле жабысып, сергелдең болып кеттім де, атымды Шән Фу деп өзгерткем. Алдыңғы ретте Лю Биан игі жақсыны төңірегіне топтап жатыр дегенді естіп, қызметін атқару үшін арнайы соған барғам. Оның қолынан іс келмейтін көркеуде адам екенін сөйлескен жерден-ақ аңғардым да, қош айтып хат жазып қалдырдым да, түн қатып Сы Ма Хүй көріпкелдің ауылына келіп, мән-жайды ол кісіге баяндадым. Ол кісі мені адам танымайсың деп қатты жазғырды. Сонан соң:

– Қасында Лю Бидей арыс тұрғанда соған қызмет етпей, кімге қызмет етпексің,– деп ақыл айтты. Сонымен көріпкелдің сөзін жөн көріп, сіздің жолыңызды тосып диуана бейнесіне кіріп қан көшеде мән-жайымды өлеңмен сізге білдірдім. Сіз мені қадір тұтып келелі міндет тапсырып, маңызды орынға қойдыңыз. Қарт анам бар еді, қазір сол кісіні Сау Сау сұмдық айламен алдап Шүйшаңға апарып қамауға алыпты. Байғұс анамның басына пәле төніп, анамның басына жазым болу қаупі төніп тұрған көрінеді. Шешем өз қолымен хат жазып, не қылсаң да келіп құтқарып ал деп өтініпті. Сізге көрсеткен мардымсыз еңбегімді бұлдап отырғам жоқ. Азды-көпті білгенімді аяп қалайын деген де ойым жоқ еді. Сардардың мейірім-шапағатын ақтаудан бас тартып отырған жоқпын. Туған анам мұндай күйде жатқанда ет жүрегім езіліп тұр. Басына іс түскенде қасында болып көмектесе алмасам, перзент болғаным қайсы. Сол себепті анама барсам деген ойым бар. Қолымнан келсе кейін қайтып оралудың қамын қарастырармын.

Шүй Шудың бұл сөзін естігенде Лю Бидің жүрегі парша-парша болып кеткендей болды, ол дауыс салып жылап жіберген-ді. Бірақ

амал қанша, оны тосудың жөні жоқ еді, Лю Би орынсыз талап қойып оны тоқтатқысы келмеді, ол қайғыға бата отырып:

– Адамның анадан қымбат несі бар, анаға жетер жанашыр қайда, сені қимаймын дегеніммен болмас, анаға барып бет көріскен соң, нәсіп етсе тағы да қауышармыз, бар тапсырарым сол – бізді ұмытпа, дәмдес болған аз күннің ішінде көп жақсылығыңды көріп едім, қайтейін, маңдайым тайқы жанмын, сізден айрылатын болғаным өкінішті, бірақ амал қанша, жолыңыз болсын,– деді. Лю Биге бас иіп алғысын айтқан Шүй Шу жүруге айналды.

– Тағы бір күн бірге болыңыз, келесі күні өзім шығарып салайын,– деді Лю Би. Сол күні Лю Бидің шатырына Сүн Ган келіп астыртын ақыл айтты:

– Шүй Шу әлемде сирек кездесетін өте дарынды әскери маман. Қасыңызда ұзақ тұрып біздің әскери ахуалымызды, мән-жайымызды біліп алды. Бұл біз үшін енді қорқынышқа айналуы мүмкін, ол осы жолы Сау Сауға барса, Сау Сау қалайда оны маңызды орынға қойып, бізге қарсы пайдаланады. Сондықтан одан айрылу өте қатерлі іс болмақ, сіз оның осында қалуын өтініп, жалынып, қалайда жібере көрмеңіз. Егер оны Сау Сауға жібермесеңіз, Сау Сау оның шешесін өлтіреді. Ол біз үшін өте тиімді болады, шешесі өлген соң Шүй Шу қайткенде Сау Саудан кек алудың қамына кіріседі. Сөйтіп Сау Сауды жоюда үлкен көмегін тигізетін болады,– деді. Лю Би бұл ақылға көнбеді, ол Сүн Ганға:

– Атай көрмеңіз, мен ұлын пайдалану үшін шешесін біреудің өлтіруіне жол берсем, бұл әділдік емес, мейірімділік жолы бұл емес; бұл жерден жібермей қойып баласын мұнда, анасын анда зарлатқаным нағыз қатыгездік болады. Менің ісім қалай болса да өзім үшін біреудің жапа шегуін қаламаймын, өзім өлсем де мейірімсіздік, әділетсіздік істеуге дәтім бармайды,– деді. Оның бұл сөзін естігенде жұрттың бәрі қатты әсерленіп, таңғалысты. Лю Бидің өз қолбасылары мен сарбаздарының алдындағы беделі онан ары өсе түсті. Лю Би осыдан кейін арнайы адам жіберіп, Шүй Шуды қонақасыға шақырды. Шүй Шу келген соң Лю Биге:

– Есіл анам мынадай қайғылы күйге түскенін естігеннен бері, шарапты қойып зәм-зәм суы болса да тамағымнан өтер емес,– депті. Мұны естіп көзіне жас алған Лю Би:

– Ақылшы аттануға бекігеннен бері жарты денем жансызданып қалғандай, менің де жегенім желім, ішкенім ірің болып отырмын,– деп еңіреп қоя берді. Олар бірін-бірі қия алмай таң атқанша жылап екеуі де көрер танды көзімен атырады. Лю Бидің қолбасылары

қаланың сыртына қоштасу қонақасысын дайындатып күтіп отырған еді. Аттарына мініп, егіз қозыдай қатарласып қаладан шыққан Лю Би мен Шүй Шу самалдыққа келіп, қош айтысуға аттарынан түсті. Арақ құйған тостағанын көтерген Лю Би:

– Қайтейін, бағым төмен, маңдайым тайкы болған соң, мырзамен ұзақ жолдас болуға тәңір нәсіп етпепті. Жаңа иеңізге барған соң тапсырған ісінің үддесінен шығып, үлкен атақ, зор абыройға жетіңіз. Үмітім сол,– деді. Лю Бидің бұл сөзінің астарын түсіне қойған Шүй Шу оның көңілін орнықтыра түскісі келіп:

– Ақылым тапшы, шанағым шақты болса да, сардардың әлденедей көріп, осынша көтермелегенін қайдан ұмытайын. Қазір сорлы анамның қарызына бола жарым жолда тастап кетіп бара жатырмын. Мезгілсіз айрылыссақ та күндердің күнінде қайта кездесетін күн болар! Менің ием қашанда сіз ғанасыз, пақырыңыз Сау Сау қандай қысым жасаса да, оған пенде болып қызмет етпеспін, өлсем де оның жыртысын жыртып, бір ауыз ақыл айтпаспын,– деді.

– Мырза, сіз кеткен соң менің ісімнің қалай боларын білмеймін, мүмкін, адам жүрмес, аң жортпас қиян таудың орманына кіріп, қарамды өшірермін,– деді Лю Би.

– Қолбасы, мен пақырыңыз сізге еріп, тозып бара жатқан хандықтың тағдыры үшін ұлы істің жолына түсуге шын пейіл, адал жүрегіммен сізге келген едім. Амал қанша, ана қарызын аттай алмай, сорлы жүрек тілім-тілім болды. Бұл түріммен бұл жерде тұрсам да түкке жарамас едім. Түкке тұрмас қораш қарашаңыз үшін болашақтан үмітіңізді үзіп, торыққаныңыз не? Менен де үлкен талантты жандарды тауып, сол жақсы-жайсандарға сүйеніп ұлы ісіңізді жалғастырсаңыз, сізге сол лайық емес пе?– деді Шүй Шу.

Лю Би бұл сөзге шынымен таңғалды. Сөйтсе де бір жағынан шынын айтып, бір жағынан Шүй Шудың сөзінің түбіне жеткісі келіп:

– Бұл не дегеніңіз, мырза, бұл дүниеде өзіңізден асқан кім болсын, менің шарасыз қалып отырғаным да сол емес пе?– деді. Шүй Шу оның бұл сөзіне ойланбастан жауап берді:

– Қолбасы, сіз көпті көрген адамсыз, сөйте тұра ішін ойған тораңғы секілді, ешқандай істің кәдесіне жарамайтын мен бейбақты бұлайша мақтауыңызға жол болсын,– деп қойды.

Шүй Шу аттанар алдында жиналған қолбасыларға қарап тұрып тебірене сөйледі:

– Қолбасы мырзалар, иеміз үшін аянбай қызмет көрсетіп, аттарыңызды тарихта қалдырыңыздар. Қарақан басының қамы үшін жарым жолда тастап кеткен менен өнеге алмаңыздар,– деді. Қолбасылардың көңілдері бұзылып қатты әсерленді.

Шүй Шу атын тебініп жіберіп шаба жөнелді, оны біраз жерге шығарып салмақ болған Лю Би бір белден соң бір белден асырып айрылысуға қимай ілесе берді.

Бір жерге келгенде Шүй Шу атының басын тартып тоқтай қалды да Лю Биге:

– Қолбасы, қанша алысқа ұзатсаңыз да, айырылар кісінің жолдасқа себеі жоқ деген. Мен үшін босқа күйзеліп көп ұзай бермеңіз, осы жерден қош айтысайық,– деді.

Ат үстінен Шүй Шудың қолын ұстаған Лю Би:

– Мырзаның бұл сапары бізді екі дүниеге бөлгелі тұр ма, кім білсін. Мүмкін жер шегі деген осы жер шығар, енді қашан көрісерімізді кім білсін!– деп еңіреп қоя берді. Көз жасы омырауын жуып Шүй Шу да жылап тұр еді. Олар зорға дегенде айырылысты. Шүй Шу артына қарай-қарай жүріп кетті. Кетіп бара жатқан Шүй Шудан көз алмай ат үстінде қатып қалған Лю Би тіл қатпай ұзақ тұрды. Шүй Шу қалың орманды жағалап көз ұшынан алыстап, қарасы бұлдырап бара жатқанда:

– Кеттің-ау, Шүй Шу ардағым,
Осы ма жылап қалғаным?

– деп жасқа толған жанарын қара үзіп бара жатқан жолаушының соңынан тағы қадай түсіп еді, бір шоқ ағаш жолаушының қарасын қалқалай берді.

– Ана көрінген бір топ ағашты кесіп тастаңдар,– деді Лю Би қамшысымен шоқ тоғайды нұсқап. Қасында тұрған серіктері бұл сөздің мәнісін сұрап еді ол:

– Бұл орман менің Шүй Шудың соңынан қараған көзімді тосып қалды,– деді. Лю Бидің сөзі аяқталмай жатып құйындатып қайта шауып келе жатқан Шүй Шудың қарасы көрінді. Мына жүрісіне қарағанда кету ойынан айныған болар деп ойлаған Лю Би атын тебініп жіберіп қарсы шапты. Екеуі жақындай бергенде Лю Би асығыс сұрау қойды:

– Мырза, қайта келуіңізге қарағанда бір ойлағаныңыз бар-ау,– деді.

Атының басын тартып тұра қалған Шүй Шу:

– Көңілім ұйқы-тұйқы, ойым он бөлек болып жүріп мен бейбақ айтайын деген бір сөзімді ұмытып кетіппін. Соны айтуға келіп

тұрмын,– деді. Сонан соң Лю Бидің сөзін тоспастан,– осы арада дүниеде теңдесі жоқ бір ғұлама бар. Шаняң қаласының сыртында жиырма шақырым жерде “Айдаһар жатқан” тауында тұрады. Мырза, сіз сол кісіні іздеп табыңыз,– деді. Лю Би оның сөзіне елең ете қалды да, өзіне салмақ сала:

– Әуре көрмесеңіз сол ғұламаны өзіңіз ертіп келіп жолықтырсаңыз болмай ма?– деді.

– О не дегеніңіз, қолбасы, ол кісі жөбі-жөңкіге көнбейтін адам, мені тыңдай қоймас, ең абзалы өзіңіз барып өтінгеніңіз жөн болар. Мұбада ол кісіні қолға келтірсеңіз, Жоу патшасының Люй Уанды, хән патшасының Жаң Лиянды қолға қондырғанындай бақытқа кенелдім дей беріңіз. Лю Би бұл сөзге сенерін де, сенбесін де білмей тұрып қалды да, не де болса ол ғұлама туралы көңілімде меже сан болсын деген оймен:

– Маған арнайы жолыңыздан қалып келіп айтуыңызға қарағанда ол кісінің қабілеті мен таланты өзіңізге жетеғабыл болды ғой?– деп сұраулы жүзін Шүй Шуға қадады. Шүй Шу өзінен өзі ыңғайсызданғандай күйге түсті. Содан соң:

– Сардар-ау, мені ол кісімен салыстыруыңыз мәстекті тұлпармен, тазқараны қыран бүркітпен, қарғаны самұрықпен салыстырғанмен бірдей. Ол кісі үнемі өзін Гуан Жұң мен Иү Еиге теңеп отырады. Онысы кішпейілдігі ғой, әйтпесе менің байқауымша, ол екеуі де бұл адамның маң-қарасын көре алмайды. Ғаламның құпия сырын көкейіне қондырған адам. Теңдессіз талант осы кісінде ғана бар. Дүниедегі барлық ғұламадан шоқтығы биік данышпан сол адам,– деді Шүй Шу.

– Ол кісінің аты-жөні кім болады?– деді Лю Би.

– Атамекені Лания аймағындағы Яндудың адамы, фамилиясы Жугі, аты Лян, жанама аты Күңмін. Арғы атасы хән хандығы тұсында астана қорғаныс жасауылдарының сардары болған Жугі Фың екен. Нағыз қара көктің тұқымы. Әкесінің аты Гүй, жанама аты Зы Гүң, ол кісінде болған кісі, кезінде Тайшан аймағының орынбасар уәлиі болыпты, жастай дүние салыпты. Әкеден жастай жетім қалған Жугі Ляңды әкесінің інісі Жугі Шуан деген кісі бауырына басып алған екен. Сол кісінің тәрбиесін көріп ер жетіпті. Ол кісі Жиң Жоудағы Лю Биаумен дос екен, досына қара тартып, осы жаққа келіп, Шаняңды мекендепті. Ағасы Жугі Шуан қайтыс болған соң, Жугі Ляң, інісі Жугі Жүн екеуі жер емшегін сауып, Нанянда тұрып қалыпты. Өзі ән-күйге құштар адам. Тұрған жерлерінде “Айдаһар жатқан” дейтін бір жота бар екен, сол себепті “Тасада жатқан айдаһар” атаныпты. Ол кісі бұл заманда

теңдесі жоқ біртуар талант иесі. Уақытты ұттырмай, тезірек қамданып, кездесудің қамына кірісіңіз. Сәті түсіп, ол кісі сізге сүйеніш, серік болуға келісе қалса, дүние тыныштанбайды-ау деп алаңдамасаңыз да болады.

Көріпкел мырза маған “Тасадағы айдаһар” мен “Ұлан самұрықтың” бірін қолға келтірсеңіз, әлемді тыныштандырар едіңіз”, – деп еді. Бұл кісі сол “Тасадағы айдаһар” болғаны ма сонда? – деді Лю Би.

– “Ұлан самұрық” дегені Шаңяңдағы Паң Тұң деген кісі, ал “Тасадағы айдаһар” осы Жугі Ляң, – деді Шүй Шу.

– “Тасадағы айдаһар” мен “Ұлан самұрықтың” жөн-жосығы осылай де. Жақсы мен жайсаңның бәрі өзімнің қасымда жүр емес пе, мырза, өзіңіз айтпағанда, көр көкірек пақырыңыз ештеңені көрмей жүре береді екен! – деді Лю Би. Шүй Шудың жолынан қайырылып келіп Жугі Ляңды таныстырғаны туралы соңғылардың аузында мынадай бір өлең қалыпты.

Қажет болып жаны адал, ақыл берер дос адам,
Айрыларда екі дос табыстырған жасаған.
Бір ауыз сөз себеп боп, нажағайдай от шашып,
Аспанына Наняңның шықты айдаһар тасадан.

Ұзап барып қайта оралып Жугі Ляңды таныстырып, Лю Бимен қайта қоштасқан Шүй Шу өз жолына түсті. Шүй Шудың сөзінен алдыңғы реткі Сы Ма Хұйдың айтқанының мәнін енді анарған Лю Би мастығынан айығып, ұйқысынан оянған кісідей сергіп сала берді. Артынан қолбасыларын ертіп Шиниеге қайтып келе салысымен сәлем-сауқатын дайындатып, Гуан Гүң мен Жаң Фиды ертіп Наняңға барып Жугі Ляңға кездесіп, жайы келсе өзімен істес болуға ұсыныс жасаудың қамына кірісті.

Лю Биге хош айтып аттанған Шүй Шу былай шыққан соң, Лю Бидің өзін қимай шын жүректен егілген дос көңіліне қатты тебіренді. Ол Жугі Ляң разылық бермей қоя ма деген қауіппен жолдан соғып құлаққағыс ете кетейін деп, Айдаһар жатқан жотаға қарай бұрылды. Келген беті шөп күркеге кіріп Жугі Ляңмен жолықты. Жугі Ляң қайдан келе жатқандығы мән-жайын сұрап еді. Шүй Шу:

– Пақырыңыз Лю Бидің қолында еді, қырсық болғанда кәрі шешемді Сау Сау абақтыға алыпты. Шешемнен шақыртып хат келген екен, сонымен Лю Биге қош айтып кетіп барам. Жанында аз күн болғанда Лю Бидің нағыз ел үшін туған есіл ер екеніне көзім жетті. Сізді сыртыңыздан оған таныстырдым, бірер күннен

соң дидарласа келіп қалуы мүмкін. Мырза, меселесін қайтара көрмеңіз, телегей талантыңызды ізгі іске жұмсап, оған шарапатыңызды тигізіп демеп жіберсеңіз, еліміз үшін де, ол кісі үшін де, сіз үшін де жақсы болар еді,— деді. Өңі сұп-сұр болып кеткен Жүгі Лян:

– Айтқанына болайын, сенің құрбандыққа шалып, қазыққа байлап кетер қара лағың мен бе едім? Сондай дана болса, ел үшін туған ер болса, өзің неге оның қызметінде бола бермей қашып барасың?— деді де, қолын сілтеп ішкі бөлмесіне еніп кетті. Меселі қайтып, сағы сынған Шүй Шу атына мініп жолына түсті. Сол жүрген беті тура астанаға тартып, анасының қасына келді.

Шүй Шудың онан кейінгі жағдайы қалай болғанын келесі тараудан ұғыныңыз.

Лю Бидің Жүгі Лянды іздеп табуы

Жүгі Ляннан меселі қайтқан Шүй Шу атына мінген беті Шүйшаң қаласына қарай тартқан еді. Оның келе жатқанын естіген Сау Сау өз есебін толықтыра түскісі келді. Шүй Шудың алдынан Шүн Иүй, Чың Иү бастаған бір топ ақылшыларын шығарып қарсы алдырды. Шүй Шу ордаға келіп Сау Саумен дидарласып амандасты. Сау Сау аман-саулықтан кейін оған сынай қарап отырып:

– Мырза, парасатыңыз жұрттан асқан, кемел ақыл иесі бола тұрып, алтын басыңызды қор қылып қалайша қол қусырып Лю Биге қызмет еттіңіз?— деді.

– Неге деріңіз бар ма, жастай басына іс түскен пақырыңыз, сергелден болып ел кезіп жүріп, аяқ астынан Шиниеге барып қалды. Сол жерде Лю Бимен үйір-шүйір болып еді. Сондықтан ол кісіге қызмет еткенім рас. Бақытқа қарай анамның осы жерде екенін естіп, осында келіп, сізбен дидарласып отырмын. Өз басым бұған да разымын. Сіздің алдыңызда ұяттымын,— деді Шүй Шу. Сау Сау оның бұл сөзін жете түсінбесе де ақыры қайда барады деген оймен бойын кеңге салып:

– Мырза, ақыры келіп қалған екенсіз, өткен істің өкініші жоқ, енді анаңызды күтіп, перзенттік парызыңызды өтеп, сол кісінің жанында болыңыз. Өзіңіз лайық көрсеңіз мен де сіздің ақылыңызға зәрумін,— деді. Сау Сауға тағзым етіп алғысын айтып ордадан шыққан Шүй Шу асыға басып шешесіне келіп амандасты. Көз жасын көл қылып уақытында келе алмағанына кешірім сұрап, бас иіді. Шешесі оны көріп қатты тіксінді. Оның бас-аяғына қарап отырып:

– Мұнда неге келдің?– деп сұрады.
– Жуықтан бері Шиние ауданындағы Лю Бидің қызметінде едім, өзіңізден хат барған соң күн-түн қатып жеткенім осы,– деді Шүй Шу.

Бұл сөзге шешесі қатты ашуланды. Қарт ана тас боп түйілген дәрменсіз жұдырығымен үстелді қойып-қойып жіберді де баласына ұрсып ала жөнелді.

– Өй, паруайсыз, арсыз неме, мен сені неше жылдан бері жиһан кезіп, көпті көріп, ақыл-білімі толысты деп жүрсем, емшектегі күніңнен арман көркеуде екенсің ғой! Көкейінде сәулең болса, ата-анаға опалы болу мен елге адал болудың бір мезгілде орындалмайтынын білмес пе едің. Патшаны қомсынып, өзін данышпан санап, жұртқа лаң салып жүрген Сау Саудың алаяқтығын әлі танымадың ба? Ниетін білмей жүрмісің? Әділет жолын қуған, мейірімі жұртқа мәлім, кісілігі елден асқан қара көк хан патшасынның ұрпағы Лю Биге қызмет істесең, сенің иең болуға жарамас па еді? Біреудің арандатқан шатпағының өтірік-шынын ажырата алмай, салаң қағып жетіп келгеніңе болайын. Әділеттен безіп, жауыздыққа қарай жүгіргенің өзіңе өзің жаққан күйе, сүйегіңе түскен өшпес таңба, жаман ат емес пе. Өй, мылжың, ез, ата-бабаңның асыл даңқына кір келтірдің-ау, сендей ұждансызды не бетіммен балам деп бет көріспекпін!– деп жатып кеп ұрысты. Анасының бұл сөзін естігенде Шүй Шу қара жерге кіріп кете жаздады. Анасына қарауға жүзі шыдамады. Ол үнсіз жерге қарап отырып қалды. Анасы сол беті қалтқының артын айналып кетті. Бір уақытта ұй қызметшісі:

– Өз ханым матшаға асылып жазым болыпты,– деген суық хабарды жеткізді. Сонда ғана басын жерден алған Шүй Шу тұра жүгіріп барса, анасы әлдеқашан о дүниеге жүріп кетіпті. Соңғылардың аузында есіл ананы ардақтаған мынадай бөйіт қалған екен:

Ардақты есіл анасың, есімін қымбат арысым,
Арыңа дақ түсірмей, сақтадың ата намысын.
Өнегелі ұрпақ өсірдің, еліне сүйеу боларлық,
Өмірдің ащы азабын аркалап өттің сол үшін.
Сонда да белің бүгіліп, қажымады жігерің,
Әділет жолын қалады ат басындай жүрегің;
Азулыға Сау Саудай бас имедің пенде боп,
Арыстан туған Лю Биден үзілмеді күдерің,
Қорыкпадың тірідей қақтаған отқа жазадан,

Басыңа төнген қылыштан, жаныңа төнген қазадан;
Мұрагер ұлың атаның кір жұқтырса даңқына,
Сол еді сенің бар қауің қорықтың рас сен одан.
Сол үшін өлдің еркінмен жаныңды қиып ардағым,
Бәске тіктің басыңды, болған соң асыл арманың;
Даңқпен келіп дүниеге, даңқпен өлдің, есілім,
Ардақты абзал анасың, құлысың сүйген Алланың.

Анасының қапияда қайтыс болып кеткені Шүй Шуға қатты батты. Өзегі өртеніп күйінген ол ағыл-тегіл жылай берді. Ақыры есінен талып жығылып түсті де, ет асымнан кейін барып есін жиды. Сау Сау ақтық салып кісі жіберіп, қазаға көңіл айтты. Жерлеу салтына өзі келіп қатынасты. Анасының сүйегін Шүйшаң қаласының оңтүстігіне қойдырған Шүй Шу аза тұтып, қара салып, моланың басын күзетіп қалды. Сау Сау жіберген тарту-таралғының ешқайсысын қабылдамады. Сөйтіп күндер өтіп жатты.

Бір күні Сау Сау оңтүстікке жорық жасау жайлы кеңес құрды. Әркім әр түрлі ақыл айтып ұсыныс көбейіп кеті. Ақылшылардың сөзін салмақтай келе Шүн Иүй:

– Мезгіл болса қыс, күн суық, қыстың көзі қырауда соғысу жасақтарға да оңай емес, суықтан тоңып кетеуі кеткен сарбаздарды соғысқа салу қолбасыларға да оңайға түспейді. Қыстай дайындық көріп, неде болса көктем шығып, күн жылынған соң қалың қолды бір-ақ аттандырайық, – деді. Бұл ақылды құп алған Сау Сау Жаңқы өзенін бұрып келіп, Шуану көлшігі дейтін көл жасатып, су жасақтарын машықтандырып оңтүстікке жорық жасаудың дайындығына кірісті.

Сол күні Лю Би сәлем-сауқаттарын ыңғайлап, Айдахар жатқан тауындағы Жугі Лянды іздеп баруға дайындалып жатқан. Хабаршы үйге асығыс кірді де:

– Қақпаның алдына бір сопы келіп тұр, басына шошақ қалпақ киіп, беліне кемер белбеу буыныпты, түр-тұрпаты ерекше адам екен, арнайы сізбен жолығысуға келіпті, – деді. Лю Бидің есіне Жугі Лян түсе кетті, сол болып жүрмесін деп ойлаған ол асығыс киімін түзеген қалпы қақпа алдына қонақты қарсы алуға шығып еді, келген кісі Сы Ма Хүй екен. Сопының ойламаған жерден іздеп келгеніне қуанған Лю Би қонақпен жылы шырайлы амандасты да, оны артқы сарайға бастап барып тағзым етті. Сонан соң өзінің жайын таныстыра бастады:

– Пақырыңыз ана жолы өзіңіздің үйде болып қайтқаннан бері әскери жұмыстың қарбаластығынан қолы босамады. Сондықтан

сізге арнайы барып сәлемдесуге де мұршасы тимеп еді. Өзіңіздің бұл жаққа келгеніңіз мен үшін зор қуаныш, үлкен мерей болды,— деді. Сы Ма Хүй оның бұл ықыласына разылығын білдірді де:

– Шүй Шу осында деген соң жолығып қайтайын деп келіп едім,— деді.

– Ол кісі осында еді, жуықта кетіп қалды. Сау Сау шешесін қамауда ұстап отыр екен, шешесі қасыма келіп, пәледен құтқар деп хат жазыпты, сөйтіп амалсыз Шүйчаңға кетті.

Сы Ма Хүй күрсініп жіберді.

– Қайран Шүй Шу ақылды болса да аңғал еді, ақыры Сау Саудың қалтасына түскен екен ғой! Шүй Шудың шешесі асқан ардагер, ақылды адам деп естуші едім, Сау Сау қалай қамап қыспаққа алғанымен ол баласын шақыртып хат жазбайтыны қақ. Ол хат – жалған хат. Шүй Шу бармаса анасы ештеңе етпейтін еді, енді өлді дей беріңіз,— деді Сы Ма Хүй. Бұл сөзден қатты тіксінген Лю Би:

– Ұлы қасына барса ол кісінің көңілі жай таппай ма? Сіз неліктен өлетін болды дедіңіз?— деп сұрады.

– Шүй Шудың анасы намысы күшті әділеттің адамы ғой, Сау Саудың алдауына түсіп жетіп барған ұлын көргенде онымен дидактасуды ар санайды, сөйтіп өзін-өзі өлтіріп жіберуі де мүмкін.

Осыдан кейін көңілі әптер-тәптер болған Лю Би бір ауық үнсіз отырды да Сы Ма Хүйдан:

– Шүй Шу кетерінде наняңдық Жугі Ляң деген кісіні таныстырып, ол кісіні ізде деп кетіп еді. Бұл кісі қандай адам?— деп сұрады. Бұл сөз Сы Ма Хүйға ұнамады білем, қабағын шытып:

– Шүй Шу кеткісі келсе өз бетімен кете берсе болар еді. Өз алдына жатқан адамның мазасын алып, жүрегін ауыртқаны несі?— деді. Лю Би бұған түсіне алмай:

– Молла, мұныңыз қалай?— деді. Сы Ма Хүй:

– Жугі Ляң анау Болиндің Сүй Жоуфінмен, Иншуандағы Шы Гуанмен, Рунадағы Мың Гүнумен, әлгі Шүй Шумен сыр ақтарысқан дос,— деді Сы Ма Хүй. Сонан соң сөзін онан ары жалғап:— Ана төртеуінің таланты өзге жұрттан артық болса да, білімі бір жақты. Ал Жугі Ляң деген сегіз қырлы, бір сырлы, терең ойшылдың өзі. Ол кейде ойға батып отырып, әлгі төрт досына: “Сендер мансап жолын қусаңдар, аймақ бастығынан арыға бара алмассыңдар” дейді екен. Олар өзіңіз қанша биікке құлаш ұрар едіңіз десе, күлкімен алдап жауап бермейді екен. Шынында бұл кісінің дарынында өлшем жоқ. Өзін әр кез Гуан Жүң, Иү Еилерге теңеп отырады. Онысы артық мақтан емес, өз бағасын білген адамның әділ сөзі.

Сөз орайы келгенде Лю Би Сы Ма Хұйдан:

– Иңшуан өлкесінен талантты ғұламалар көп шығады екен, мұның себебі не?– деп сұрады. Сы Ма Хұй ойланып аз отырды да, сөзін салмақпен бастады:

– Ерте заманда Ин Күй деген жұлдызнамашы аспанға қарап ғайып істерді болжайды екен, сол абыз: “Жұлдыздар шоғыры үнемі Иңшуан аспанына топтасып тұрады. Сондықтан Иңшуаннан дарындылар көп шығады депті,– деді. Сөз осы араға келгенде сөзге Гуаң Гүң араласты. Ол өз көңіліндегі күмәнді жасырмай:

– Менің естуімше Гуан Жұң мен Иү Еи сонау Чүнчу, Жанго дәуірлеріндегі елге тұтқа болған, көрсеткен қызметтері әлемде теңдесі жоқ атакты адамдар деуші еді. Жүгі Лянның өзін оларға теңеуі астамшылық емес пе?– деді. Бұл сөзге Сы Ма Хұй жымысып күліп қойды да:

– Сен Жүгі Лянды көрмеген соң осылай ойлауға тиіссің, ол үшін айыпты емессің. Мен оны көп көрдім, талай түйіні шиіе жұмбақ істердің шешімін тапқан ойшылдығына тәнті болдым, сондықтан ол кісі туралы мұндай ойлай алмаймын. Егер әділетіне жүгінесек, оған Гуан Жұң мен Иү Еи астар болмайды, менің еркіме салса оны олардан көрі өресі биік басқа екі адамға теңер едім,– деді.

– Ол екі адамыңыз кім?– деді бұл сөзге қызыға қалған Гуан Гүң.

– Сегіз жүз жыл ел сұраған Жоу патшалығының іргесін қалаған, Жаң Зия мен төрт жыл дәуірлеген хан патшалығының шаңырағын көтерген Жаң Зы фаң,– деді Сы Ма Хұй.

Мұны естіген көпшілік тегіс жағасын ұстады. Сы Ма Хұй орнынан түрегеліп Лю Биге қош айтып жүруге ыңғайланды. Лю Би қанша қиылып, өтінсе де еру болмады. Ол қақпадан шығып бара жатып, аспанға қарап алды да елге естірте:

– Тасадағы айдаһар иесін табар-ау, бірақ амал не, уақыт сәтсіз!– деп қарқылдап күлді де, жіті басып алыстай берді. Лю Би демін тереннен алып ұзақ күрсініп жіберді. Сонан кейін өзінен-өзі күбірлеп:

– Ел көзінен тасада жатқан данышпанның өзі болдың ғой,– деп тамсанды.

Келесі күні қасына Гуан Гүң, Жаң Фи және бірнеше атқосшыларын ерткен Лю Би “Айдаһар жатқан” тауына келді. олар тауға келсе тау етегінде бірнеше адам егін баптап жүр екен. Өздері тым көңілді, бір жағынан шаруасын істеп, бір жағынан әндетіп жүр. Лю Билер жақын келіп тыңдап еді:

Төбемізден күмбездей төңкерілген көк аспан,
Табанымыз қара жер түкті кілем жарасқан.
Ақ пен қара жалғанда бөлінбеген екі түс,
Бақ пенен сор ол да егіз, жаратылған о бастан.
Даңқы шығып бақ қонған жеңімпазда жоқ қайғы,
Жеңілгенге жаны олжа, арын қалай жоқтайды.
Наняның бойын мекендеп, тасада жатқан ардагер,
Көңілім толып өмірге қанбады ұйқым деп қойды,–

деп толғайды. Өлеңді естіген Лю Би атының басын тартып тұра қалып, әлгілердің бірін шақырып:

– Бұл өлеңді кім шығарған?– деп сұрады.

– Кім дейсіз, мұндай өлеңді тек қана Тасадағы айдаһар мырзадан басқа кім шығара алмақ,– деді. Лю Би бұл адамдар Тасадағы айдаһар мырзамен таныс екен, өлеңін айтып жүргеніне қарағанда оның қайда екенін жақсы білетін болды деп ойлады да:

– Ол кісі қайда тұрады?– деп сұрады. Анау алдындағы жатқан тауды иегімен нұсқай көрсетіп:

– Осы таудың күнгейіне таман айналсаңыз, Айдаһар жатқан дейтін бір жота бар. Жотаның бауыры қалың орман, орман ішінде шөп күркелер тұр, Жүгі Лян мырзаның тұрағы сол жер,– деді.

Алғысын айтқан Лю Би атын тебініп ілгері жүріп кетті. Бірнеше шақырым жол жүргенде алдарынан Айдаһар жатқан да көрінді. Бұл өзі көрген көздің жауын алғандай, көрінісі бек көркем тамаша жер екен. Бұл жайлы соңғылардың аузында мынадай бір өлең қалыпты:

Батысында Шаңяңның бір көштік жер шамасы,
Төсінен бұлақ бұркылдап бір тау жатыр, қарашы!
Ирек-ирек жондары, бұлтқа тиіп бұлдырап,
Ұйқыда жатқан жыландай, “Айдаһар жатқан” дәл осы.

Шарбақ қорған ішінде шөппен жапқан балаған.
Данышпан ұлы талант қалай сыйған дәл оған.
Қамыспенен торланған қалтқылары қаз-қатар,
Қысы-жазы гүл көктеп, жұпар шашар даладан.

Күрке ішінде төбе боп қалың кітап жиылған,
Білімділер жатады келіп-кетіп қиырдан.
Үй алдында маймылдар, асыр салып жүгіріп,
Теріп жейді жемісті – несібесін бұйырған.

Қарқаралар түн бойы елтиді әнге беріліп,
Отырады қонақта, маңғазданып керіліп.
Қалың орман мүлгіген, ұйқы басып маужырап,
Нәумездене тербейді жапырағын ерініп.

“Саз” аспабы төрінде, өуені сырлас өмірмен,
Ішегінен заманның қоңыр үні төгілген.
Алмас семсер жарқырап, қабырғада ілулі,
Қылшылдаған жүзінен көкшіл сәуле көрінген.

Үйінде көрсең мырзаны сымбаты артық пендеден,
Атызда көрсең бір диқан тырмамен жер өндеген.
Оятады шабытын нажағайы көктемнің,
Оятатын әлемді төңірдің үні – ол деген.

Ауланың алдына келген Лю Би атынан түсіп, ергеншек есікті қағып еді, іштен бір шәкірт бала шықты.

– Хан патшасының солқанат қолбасысы, Ичынтинху сұлтаны, Иүжоу аймағының уәлиі, хан ағасы Лю Би боламын. Осында мырзаға кездесейін деп арнайы келіп тұрмын,– деді Лю Би. Бала оның лауазымдары мен ата тегін есіне ұстай алмаса керек:

– Тақсыр, атыңыз ұзақ екен, мен мынадай көп есімі бар адамды көрмегенмін, есімдеріңізді есіме қондыра алмадым,– деді. Лю Би оның бұл сөзін естіген соң, балаға мейлінше ұғынықты етіп:

– Олай болса мырзаға сізге сәлемдескелі хан ағасы Лю Би деген келіп тұр деп айт,– деді. Бала оның сөзін мұқият тыңдап алды да:

– Мырзамыз таңертең ерте шығып кетіп еді,– деді. Лю Би баладан:

– Ол кісі қайда кетті?– деп сұрады. Бала немқұрайды ғана:

– Жөнін айтқан жоқ, қай жаққа кеткені белгісіз,– деді.

– Қашан келеді?

– Келері де болжаусыз, мүмкін төрт-бес күнде келіп қалар, он шақты күнге созылуы да мүмкін,– деп қойды бала.

Мұны естіген Лю Би қатты көңілсізденіп қалды. Бұған намыстанып қалды білем Жаң Фи:

– Ағай, оған несін жабырқайсыз, жоқ болса өлеміз бе? Қайтып кетейік,– деді.

Лю Би осында қалып біраз күн тоссақ қайтеді деп еді. Оған Гуаң Гүң де қосылмады. Ол:

– Әзірше қайтып кетейік те, адам жіберіп аңысын аңдатып, ол кісі келген кезде хабарласқанымыз жөн,– деді. Бұл ақыл Лю Биге ұнады. Ол балаға:

– Мырза қайтып келген соң Лю Би деген сәлем бергелі іздеп келіп қайтты деп айтарсың,– деп қадағалай тапсырды.

Олар қайтып бара жатып, бірнеше шақырым жол жүрген соң аттарының басын тартып, Айдаһар жатқан тауының көркем көрінісіне көз салды. Тау жатаған болғанымен әсем екен. Бұл жердің суы терең болғанмен өте тұнық, алқабы кең болғанмен жерінің дені жазық, орманы қалың жынысты, табиғаты бөлек жаралған жер екен. Орманының іші толған қарқара мен маймыл, жасыл шырша, көк қамыс сыңсып өсіп, бір бірімен құшақтаса мәуелеп тұр. Көркем табиғатқа көздері тоймай, әлсін-әлі қарасып тұрғанда ар жақтарынан бір адамның қарасы көріне кетті. Тұрпаты бөлекше біткен, сымбатына көз сүрінгендей адам екен. Басына шыт тартып, үстіне қара шапан киіп, қолына мықан ағашынан таяқ ұстаған бұл адам иен таудың тар соқпағымен мамырлап келе жатты. Тұрпаты ерекше бұл адамды көрген жерден Лю Би:

– Тасадағы айдаһар тап осы кісі!– деп атынан қарғып түсті. Ол келе жатқан адамның алдынан шығып сәлем берді. Аман-сәлемнен соң:

– Тасадағы айдаһар сіз боларсыз?– деп сұрады. Анау жауап бергеннің орнына:

– Қолбасы, өзіңіз кім боласыз?– деп қарсы сұрақ қойды.

– Менің атым Лю Би болады.

– Онда танысқанымға қуаныштымын, бірақ сіз іздеген мырза мен емес, мен Жугі Лянның досы болиндік Сүй Жоупиң дейтін кісімін,– деді әлгі адам.

– Мырза, сіздің атағыңыз құлағыма жеткелі көп болып еді. Бақытқа қарай өзіңізді көргенім қандай жасқы болды. Егер айып етпесеңіз осы жерге сәл аялдап шалғынға тізе бүгіңіз, сіздің бір ауыз ақыл-кеңесіңізді естуге мұқтаж едім,– деді Лю Би.

Екеуі тоғай арасындағы екі тасқа құйрықтарын басып, қарама-қарсы отырысты, Гуаң Гүң мен Жаң Фи қастарында түрегеліп тұрды.

– Қолбасы, Жугі Лян мырзаны іздегендегі шаруаңыз не?

– Бұл әлемнің асты үстіне шығып, әбден былықты, жер үстін қара бұлт торлаған түнек заман басқа түсіп тұр ғой. Жугі Лян мырзадан елді тыныштандырып, патшалықты орнықтырудың ақылын сұрайын деп едім. Бұл сөзді естігенде күліп жіберген Сүй Жоупиң Лю Биге қарап сөйлеп кеті:

– Қолбасы, әлемді тыныштандыруды мұрат тұтыпсыз, мұныңыз рахымды жүректен шыққан ізгі ой екені қақ. Бірақ, маған мынаны айтып беріңізші? Қай заманда ел ішіндегі бұлғақты басып,

дүниені тыныштандыру ісі баянды болып еді. Хан Гау Зу әбжыланды қақ бөліп, өзіне серт беріп, әділетті жақтап көтеріліс жасап, әділетсіз Чин хандығын жойғаннан кейін заман оңалуға бет алып, әйди, піңді жылнамасына шейін екі ғасыр бейбітшілік орнағандай болып еді, Уаң Маң опасыздық көтеріліс жасап, заман тағы бүлінді. Гуаң У патшаның тұсында әділет қайта салтанат құрып, ел еңсе көтеріп, ел іргесі бекемделіп, толқыған заман тынышталып, халық бейбіт күн кешірді. Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Бүгінгі таңда қарулы бүлік тұс-тұстан көтеріліп, бұлғақ заман басталды. Мұны тосыннан тарпа бас салып тыныштандыра салу қайдан қолдан келе қойсын. Көңіліңізге келсе де айтайын, қолбасы, сау-тамтығы қалмаған мынау дүние түзелуден кетті ғой, сіз бұл бүлінген дүниені Жугі Ляң оңай салады деп ойламаңыз. Бұл әлемнің жыртығы көп Жугі Ляң қай тесігін жамасын. Бұлай ойласаңыз сіз қателесесіз, бұл құр қиял ғана. Сіз қисыны келмейтін іске ақылыңызды сарп етіп жүр екенсіз, онан басқа түк те жоқ. Ел арасында көп жүрген адамсыз,

“Жұлдызы биік өрлейді”,
“Жұлдызы қарсы сорлайды”,
“Жазмышты ақылмен түзеуге болмайды”,
“Адам тағдырын тандай алмайды”,–

деген аталы сөзді естімеп пе едіңіз?– деді. Лю Би ұзақ ойланып отырды да:

– Мырза, сіздің бұл сөзіңіздің жөні бар, алысты болжап, тереңнен толғап айтқан көреген пікіріңізге қарсы айтарым жоқ. Бірақ пақырыңыз хан патшасынан қалған бір тұяқ еді, сондықтан, патшалықтың ісін оңап, іргесін бекемдеуді тағдыр маған жазған парызым деп ойлаймын,– деді. Оның бұл сөзінен Сүй Жоупиң алған бетінен қайтпайтын қайсарлық таныды, әрі мұндай ұлы іс ізгі ниетті адамның да қолынан келмейтін нәрсе деп ойлады. Сөйтіп Лю Бидің екінші өзін іздемеуін ойлап:

– Сардар, айтқаныңыз жөн шығар, десе де, тау жастанып жақ бағып жатқан мен бір бейбақ пендемін. Қияр жайлап, шет қонып өз басын әзер асырап жүрген қораш жанның мемлекет ісін талқылауға ақылы қайдан жетсін, сөз реті келіп, өзіңіз сұраған соң лағып айта салғаным ғой,– дей салды.

Лю Би бұл сөзге көңілі иланбаса да, үндемеді.

– Жугі Ляң мырза қайда болды екен?– деді сұрады одан.

– Қайда екенінен хабарым жоқ, менің де амандаса бара жатқан бетім, үйінде болар деп едім,– деді Сүй Жоупиң.

Лю Би онымен біраз әңгімелесті де кетерінде жылышырай танытып:

– Мырза, біздің ауданымызға да барыңыз,– деп өтініш білдірді. Сүй Жоупиң оған жауап ретінде:

– Пақырыңыз еркін жүріп өмір сүріп үйреніп қалған, атақ-абыройға әуестігі жоқ жан. Туа біткен бір мінезім – жақсыға жаным құмар. Сізге дәл пәлен күні барамын деп уәде бермей-ақ қояйын, дәм тартса бір күні тағы да кездесерміз,– деп екі қолын көтеріп, жай ғана тағым етті де өз жолына түсті. Аттарына мінген Лю Би, Гуан Гүн, Жаң Филар да өз жөндеріне кетті. Аз жүрген соң Жаң Фи жаңағы жолыққан адамды жақтырмай:

– Жүгі Лянды іздеп таба алмай келе жатқанымызда біз ерігіп жүргендей мына мылжың қайдан кездесіп еді, уақытымызды алып отырып алғанын қарасаңшы!– деді. Лю Би бұл адаммен кездескеніне сонша өкінбейтінін аңғартып:

– Батырларым, мен білсем бұл да тегін адам емес, айтқан сөздерін көрмедіндер ме, әр сөзі жұмбақ, өзін көрсетпейтін, бойын жасырған адамдарға лайық астарлы мағыналы сөздер,– деп еді. Сонымен бұлар Шиние ауданына қайтып келді.

Ауданға келген соң да Лю Би тыныштала алмады, араға аз күн салып әредіктен соң, Жүгі Лянның аңысын аңдатып кісі жіберді. Жіберген кісісі:

– Тасадағы айдаһар үйіне келіпті,– деген хабар әкелді. Мұны естігенде Лю Би іштей иә, тәңір, сәтін сала гөр деп тілек тілеп, қуанып қалды. Ол дереу ат-көлігін дайындатып жол жүруге қамданды. Бірақ Жаң Фи ағасының Жүгі Лянға бұлай құмартқанын жақтырмай:

– Ауылдың бір қортығына бола несіне жалпандай береміз, ағай, кісі жіберіп шақыртып алайық,– деді. Лю Би оған:

– Парасаты асқан данышпандарды іздеп ақыл алудан намыстануға болмайды, “жақсымен жанаса алмау, кірер есігінді бекітіп тастағанмен бірдей”,– деген Мың Зының сөзі құлағыңнан ағып кетті ме? Жүгі Лян заманымыздың заңғар таланты, ақылы кемел, дарынды адам. Менің ол кісіге өзім бармай, адам жіберіп шақыртатын жөнім жоқ, өйтіп кісіліктенгенім жөн болмас,– деп зекіп тастады. Сонан соң Лю Би атына мінді де “Айдаһар жатқан” тауына жүріп кетті. Гуан Гүн мен Жаң Фи де бірге аттанды. Мезгіл суық түсіп қалған күздің соңы еді, олар жолға шыққанда күн қатты суытып, аспанды қара бұлт қаптап алды. Олар қозыкөш жерге бара бере аяқ-астынан терісінен боран тұрып, қапалақтап қар

жауып, алай-дүлей апат басталды. Тау біткен ақ көрпе жамылып, ағаш біткен күміс шапан киіп шыға келді.

– Қарлы боран, қақаған қыс болса мынау. Не соғысып жатқанымыз жоқ, әншейін еріккен адамдай, су аяғы құрдымнан керексіз біреуді іздеп жүргеніміз, осының керегі не? Босқа тоңып, азаптанғанша ауданға барып жатпаймыз ба,– деді Жаң Фи.

– Тәңір менің Жүгі Лянға деген ықыласымды осындай ауыр күнде сынап көргісі келген шығар. Осындай күнде іздеп барсам ол да менің адал көңілімнің белгісі болар. Тоңамын деп қорыққандарың ауданға қайтып кете беріңдер,– деді Лю Би.

– Қаптаған жаудан, қардай бораған жебеден қорықпаған Жаң Фи суықтан қорқады ғой деп пе едіңіз! Мен қорықсам тек қана, сіздің құр әуреке түсіп, қайдағы біреуге бола бекер ақылыңызды тауысқаныңыздан қорқамын,– деді Жаң Фи. Лю Би бұл сөзге ширай қалды ма, жоқ Жаң Фиды қайрай түскісі келді ме түсін салып:

– Сен бос былшылды қой, ергің келсе өз жөніңді біліп, үндемей ер, ергің келмесе жолың әне,– деді. Сонан кейін бұл сөз шорт үзілді, Жаң Фи үндемей ренішін ішіне сақтап, еріп отырды. Олар Айдаһар жатқанға келіп, шөп күркеге таяп қалғанда жол жағасындағы қабаққанадан біреудің ән салған дауысы естілді. Атының басын кілт тартқан Лю Би тыңдай қалып еді, біреу былай толғап отыр екен:

Жанбай жүр әлі еңбегін, еңіреп туған ер едің,
Көктемді көрер күн туар, сенің де болар дегенің.
Ұмытпаған шығарсың ақ сақалын Дұңқайдың,
Уын Уаңның жүгін арқалап Жаң Зияға ергенің.

Уәделесіп қойғандай сегіз жүз бектік аттанған,
Өткелінде Ниңжиннің бастарына бақ қонған.
Муидағы шайқаста, өзен болып аққан қан,
Ерлігіне батырдың жұрт сүйінген шақ болған.

Бар шығар ерім есінде:
Жан кештілер Гауяндық сөз байласып бас қосып,
Жиналған Маңдаң тауына, “Шоңтанау” ермен астасып.
Естіген құлақ түршігіп, патшалық жайлы өсектең,
Ерлердің ісін қолдаған, елді оңар деген есеппен.
Чи елінің бір жолда-ақ алған жетпіс қаласың,

Ондай ерді әлемнен енді қайдан табасың.
Осындай ерлер тұрғанда, болып еді ел қамсыз,
Елді оңар деп бүгін де кімді ауызға аларсың?

Өлең аяқтала бере біреу үстелді жұдырықпен қойып қалды,
тақтайға тиген қолдың дауысы тарс ете түсті, іле-шала тағы біреу
сарнап жырлай жөнелді:

– Патша ағзам қанжармен тазалап мына әлемді,
Жын-шайтанды қуып ед, айтсаң аңыз ол енді.
Ел іргесі тынышталған сол кезге төрт жүз жыл өтті,
Хуан, Лиң ханның тұсында ел бүлінді, не болды?

Алаяқ, залым, жырынды билікті буып сол алды.
Хан тағына заһарлы әбжылан келіп оралды,
Төңіректің төрт жағын қарақшылар иелеп,
Құтты орданың ішіне ібіліс толды залалды;

Жасақ жиып залымдар, қару алды басынып,
Құр күрсініп үстелді тоқпақтаймыз ашынып.
Тарқатуға іштен шер, арақ ішіп қабақтаң,
Өзімізді жұбаттық, дертімізді жасырып.
Еңбегіміз не сонда, қалай қалар атымыз!

Өлеңдерін айтып болған екеу, шапалақтарын соғып қарқылдай
күлісті.

– “Тасадағы айдаһар” осында болмағай?– деп атынан қарғып
түскен Лю Би қабақханаға кірді. Кіріп барса екі адам үстелде
қарама-қарсы отырып алып шарап сілтеп отыр. Біреуі аққұба
келген ұзын сақалды сұлуша жігіт ағасы екен де, енді бірі сымбаты
бөлекше, жарқын жүзді жас жігіт екен. Лю Би осы екі адамның
бірі “Тасадағы айдаһар” екеніне күмән келтірген жоқ. Ол есіктен
кірген беті дауыстап:

– Сәлеметсіздер ме, мырзалар, “Тасадағы айдаһар” қайсыңыз
боласыз?– деп сұрады. Ана екеуі бұған тесіле қарап қалды, сонан
соң әлгі ұзын сақалды жігіт ағасы:

– Тақсыр, өзіңіз кім боласыз? “Тасадағы айдаһарда” не
шаруаңыз бар еді?– деп қайырып сұрау қойды.

– Менің атым Лю Би болады, “Тасадағы айдаһарды” іздеп
шығып едім, арнайы келген жұмысым мырзадан мына хандықты
қалпына келтіріп, тозған заман мен азған елді тыныштандырып,
жөнге салуға ақыл сұрамақ едім.

Лю Бидің бұл сөзін естігенде әлгі екі адам орындарынан тұрып оған жылышырай танытып, өздерінің жөндерін айтты:

– Тақсыр, сіз тасадағы айдаһарды іздеп шыққан болсаңыз жолыңыз болсын, біз “Тасадағы айдаһардың” достары едік. Мен иңшуандық Шы Гауниұан деген адаммын. Мына мырза Рунандық Мың Гүңуи деген кісі,– деп ұзын сақалды кісі өздерін қысқаша таныстырды. Лю Би оларға қол қусырып тағзым етті де:

– Мырзалар, екеуіңіздің де аттарыңызбен көптен таныс едім, “жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” деген осы екен ғой. Атқосшыларым сыртта тосып тұр еді. Егер сіздер құп көрсеніздер “Тасадағы айдаһардың” ауылына бірге барып, бірге отырып әңгімелесіп қайтсақ болмай ма?

– Бізге көрсеткен құрмет, ықыласыңызға рахмет, бірақ біз иен тауда өскен тағы жандармыз, заманның көшіне ілесе алмай қалған мешеу пенделерміз, патшалықты оңап, елді тыныштандырарлықтай ақыл-кеңес бізде қайдан болсын. Тіпті, ауыз ауыртып сұраған азабыңызды өтейтін де кеңес бере алмаспыз. Барғыңыз келсе “Тасадағы айдаһарға” өзіңіз барып амандасып қайтыңыз, бізді әурелемеңіз,– деді Ши Гуаниұан. Енді қолқа салудың жөні қалмағанын білген Лю Би оларға қош айтып атына мініп, “Айдаһар жатқан” төбеге қарай жүріп кетті. Ауланың алдына барғанда атынан түсіп, жаяулай барып шарбақ есікті қақты. Ар жақтан шәкірт бала келді, одан:

– Мырза бүгін ауылда ма?– деп сұрап еді.

– Төр үйде кітап оқып отыр,– деді бала.

Лю Би азаптанып келгеніме қарай үйінде болғаны жақсы болды-ау деп қуанып кетті. Ол балаға еріп үйге кірді. Есікке келгенде мандайшалыққа жазып қойған “ақылды абыройға жүгірмейді”, “алысты көздеу сабыр тілейді” деген жазулар көзіне түсті, есіктен кіре бере баяу айтылған ән дауысы естілді. Босағада тұра қалып алдына көз салған Лю Би үйдің төр жағында қасына оттық қойып, екі қолымен тізесін құшақтап, баяу ғана өлең толғап отырған бір жас жігітті көрді. Ол жігіт былайша толғап отыр екен:

Қанат қағып, құлаштап,
Самұрық ұшып келеді.
Бәйтерегі болмаса,
Басқаның бар ма керегі.
Бой тасалап бір жақта,
Жатыр ұлы данышпан.
Ардагер ие болмаса,
Кімге көңіл бөледі.

Кәсібіміз жер егіп,
жинап алу өнімді.
Сүйеміз осы мекенді,
сүйеміз және өмірді.
Шөп күркеміз ордадай,
еңселі де һәм жылы,
Кітап оқу, күй тындау,
көтереді көңілді.
Орайды күтіп жатырмыз,
өзгертетін өмірді.

Лю Би босағада тосып тұрды да, өлең аяқталғанда төрге қарай жүріп сәлем берді. Сәлемнен соң өзіне тән өжеттікпен тартынбай сөйлеп кетті:

– Мына пақырыңыз, мырза, сізбен кездесуді көптен бері армандап еді. Шүй Шудың таныстыруы бойынша ардақты ауылыңызға алдыңғы жолы бір келіп, таба алмай қайттым. Бүгін қар жамылып, борандатып келгеніме қарай, алтын дидарыңызды көргеніме шынымен разы болып, өзімді бақытты сезініп отырмын!– деді.

Сасып қалған әлгі жас жігіт ибамен сәлем алды да:

– Тақсыр, сіз қолбасы Лю Би боларсыз, ағатайымды іздеп кеп пе едіңіз?– деді.

Таңырқаған Лю Би:

– Мырза сіз “Тасадағы айдаһар” емессіз бе?– деп оған қадала қарады.

Ол жымыып қарап тұрды да:

– Жоқ, тақсыр, мен “Тасадағы айдаһардың” інісі боламын, атым Жүгі Жүн,– деп таныстырды өзін.– Біз ағайынды үшеуміз, үлкеніміздің аты Жүгі Жин қазір Дарияның шығысында, Сүн Шуанның қолында ақылшы болып жүр. Жүгі Лян ортаншы ағамыздың аты.

– Ортаншы ағаңыз үйде шығар?

– Жоқ, кеше Сүй Жоупінің шақыруы бойынша сол жаққа серуендеп кеткен.

– Қай жерге барады екен?

– Қайық мініп дария жүзуі де, тау басына шығып дәруіштерге жолығуы да мүмкін. Достарымен бас қосып, ауыл, қыстақты аралауы да мүмкін немесе саз шертіп, дойбы ойнап, әулие тұрағында болуы да ғажап емес. Қайда барып, не істерін болжау қиын. Ол кісі бізге қайда баратынын айта бермейді. Лю Би көңілі жабырқап үнсіз тұрып қалды да:

– Е, бұл да болса менің бағымның ашылмағаны ғой, ғұламаны екі рет іздеп келсем де жолым болмады!– деді Лю Би. Жугі Жүн орнынан тұрып қонаққа төрін көрсетіп:

– Азырақ аялдап шай ішіп кетіңіз,– деп бәйек болды. Сол кезде арт жағында тұрған Жаң Фи құлағына аузын тақап:

– Әлгі мырза жоқ екен, мұнда несіне аялдайсыз, ағай, атқа қоныңыз, тезірек ауданға жетіп алайық,– деді. “Келерін келіп қалған соң, мына жігітпен бір-екі ауыз сөйлесіп, жөн сұраспай кеткеніміз жөн болмас деп” деген ойға келген Лю Би Жаң Фидың сөзіне құлақ асқан жоқ. Ол Жугі Жүнге қарап:

– Ағаңыз әскери білімнің алты саласына жетік, соғыс тәсіліне жүйрік, әскери кітапты қолынан тастамайды деп естіп едім, сіздің де бұл саладан хабарыңыз бар ма?– деді.

– Жоқ,– деді Жугі Жүн.

– Босқа уақыт шығындап бұдан не сұрамақшысыз, боран қатайып келеді, ертерек қайтып кетейік,– деп Жаң Фи тағы күңк ете түсіп еді, Лю Би оған қатты зекіп тастады. Мұны көрген Жугі Жүн ыңғайсызданса керек.

– Ағай болса үйде жоқ, сізді бос сөзбен айналдырып, көп кідіруге дәтім бармай тұр, ертең орайын келтіріп өзіміз сәлемдесіп барып қайталық,– деді. Лю Би бұл сөзді естігенде абыржып қалды.

– Мырзаны әуре қылып алдыма келтіруге дәтім бармайды, бірнеше күннен соң қайта айналып тағы бір келермін. Қағаз-қаламыңыз болса бере тұрыңыз. Мен мырзаға деген ықыласымды білдіріп кетейін,– деді Лю Би. Жугі Жүн бөлмеден қағаз, қалам алып шықты. Лю Би мұздап тұрған қауырсын қаламның ұшын үрлеп жылтып, ақ қағазға хат жаза бастады.

– Пақырыңыз Жугі Лян, елден асқан даңқыңыз бен телегей-теңіз біліміңізді көптен естіп жүруші едім. Сондықтан нұр дидамыңызды бір көруге ынтық болып, екі мәрте іздеп келдім, екеуінде де жолым болмай, кездесе алмадым. Қайтейін, тағдырдың жазуы шығар, әлде бағымның жоқтығы ма, талайсыз болғаныма қатты кеюдемін! Өзімнің хан патшасының нәсілі екенімді ойлағанда мойнымдағы борыштың ауыр екенін сезінемін. Ақсүйек тұқымының тозып, патша ордасының жол-жора, заң-тәртібінің аяқасты болып, құлақкесті содырлардың елді алдап, қара ниет залым топтың патшаны келеке етіп отырғанын көргенде кеудемнен жаным шықпаған соң зорға шыдаймын. Зығырданым қайнап, ашуым алқымыма тығылады. Амалым бар ма, талабым таудай болса да, дәрменім жоқ, елге тигізер пайдам шамалы,

ақылым аз, айлам шолақ қара құрсақ болып туыппын. Егер мырза рахым-мейір, адалдық-әділетті ойлап, Жаң Зиядай дарынын шапағатын тигізіп, Жаң Ляндай айласының сәулесін түсірсе, елімізге, әлемге қандай зор бақыт болар еді! Соны ойлап осы хатты жазып қалдырдым. Тәңір қолдаса, кейін тағы келіп нұр дидарыңызды көріп, сәлем беріп, қалтқысыз ықыласымды білдірсем деймін. Шарапатыңыздан үміткермін!

Хатты жазып болып Жүгі Жүнге ұсынған Лю Би тағзым етіп, қақпадан шықты. Артынан ұзата шыққан Жүгі Жүнге қайта-қайта ыстық ықыласпен қош айтты да аттанып кетті. Олар аттарына мініп, енді былай жүре бергенде шәкірт бала шарбақтың сыртына қарай қолын бұлғап:

– Қарт мырзамыз келе жатыр,– деп дауыстады.

Лю Би жалт қараса, көпірдің батыс жағынан басында бөркін милықтай киген, үстінде сүйретілген түлкі ішігі бар, қашырға мінген біреу, қара киген шәкірт бала ертіп, қолына шарап толы тасқұманын ұстап, қарды сықырлата бұзып келе жатыр екен. Ол көпірге келгенде әндетіп өтті.

Суық жел соғып бір күнде-ақ,
бұлт басты аспан алабын.
Орай-борай қар жауып,
қымтады төсін даланың.
Тау басынан қарасаң,
бұлдырайды төңірек.
Ақ айдаһар жұлқысып,
Жатыр ма деп қаламын.
Қабығы түлеп далада,
Үйіліп жатыр өне оның.

Көпірден өтіп келемін,
Астыма қашыр мінгенім.
Қалмасаң қурап қуанам,
Қайран михуа гүлдерім.

Лю Би ол кісінің сипатына қарап тұрып, “Тасадағы айдаһар” осы кісі болу керек деп ойлады. Ол өлеңін аяқтаған соң:

– “Тасадағы айдаһар” дәл осы кісі,– деп атынан қарғып түсті де әлгі кісінің алдынан шығып тағзым етіп:

Келесіз, мырзам, қар кешіп,
Қажымас, қайсар нар ұлық,
Лю Би деген бейбағың,
Жолыңды күткен зарығып,—

деді. Бұл сөзді естіп сасқалақтап апыл-ғұпыл қашырынан түскен өлгі адам да тағзым етіп сәлем қайтарды. Лю Бидің бұл қартты Жугі Ляң екен деп жаңсақ танып қалғанын аңғарған Жугі Жүн жүгіріп келді де:

– О кісі менің ағайым емес, ағайымның қайын атасы Хуаң Чыңян ақсақал,— деді дыбыстап. Лю Би бұл сөзге сене алмады.

– Өлгіндегі айтып келе жатқан өлеңдерінің өресі тым биік жатыр ғой,— деді өзінің әлі де болса бұл кісінің Жугі Ляң екеніне күмәнданбайтынын білдіріп. Осы кезде сөзге қарттың өзі араласты:

– Қарияңыз күйеу баласының үйіне келіп-кетіп тұрады. Осы үйге келіп жүргенде өлеңді көп естимін. Өлгі айтқан өлең жолдары сол ести жүріп құлақта қалған шумақтар ғой, жаңа көпірден өтіп келе жатып анау шарбақтың ішіндегі қуаң тартқан михуа гүлін көрдім, өзім әсершіл жан едім, сезіміме ие болмай қалсам керек, ойда-жоқта аузыма сол өлеңдер түсіпті, алыстан келген сыйлы жолаушы естіп тұрады деп кім ойлаған,— деді Хуаң Чыңян.

– Күйеу балаңызды көрдіңіз бе?— деп сұрады Лю Би.

– Көптен бері келмеген едім, балаларды көріп қайтайын деп келе жатқан бетім осы,— деді Хуаң Чыңян. Бұл кісіге қош айтып атына мінген Лю Би еліне қайтып кетті. Қар барған сайын қапалақтап, жел онан ары құтырына түсті. Бір уақытта Лю Би артына бұрылып, “Айдаһар жатқанның” биік төбесіне көз салып еді, әлденеге көңілі қатты жабырқау тартып, құлазып кетті. Лю Бидің қарлы боранда Жугі Ляңды іздеген осы сапары жайлы кейінгілердің аузында мынадай бір бәйіт қалған екен:

Данышпанды іздеп қаңғырып,
Мынау қарлы дауылда,
Бекерге келіп, сандалып,
Көңілсіз қайтты ауылға.

Өзеннің бетін мұз құрсап,
Қар басқан жартас түнеріп,
Тұлпары сауыс, киім су,
Жол жатыр меніреу тірі өлік.

Алмұрттың гүлі сарғайып,
Түседі жерге бопырап.
Мүлгиді тауда үйенкі,
Ұшады желмен жапырақ.

Қараса көз сап артына,
Қар басқан дала жылмағай,
“Айдаһар жатқан” тауының.
Аппақ болып тұрғаны-ай.

Лю Би сол беті суыт жүріп, Шиние ауданына қайтып келді. Уақыт ұшқан құстай зымырап өтіп жатты, көзді ашып-жұмғанша қарлы-боранды қыс өтіп, көктем келді, күн шуағын төгіп жан-жануар жадырап кеңіп қалды. Сол күндердің бірінде Лю Би құмалақшыны шақыртып құмалақ салдырып, бал аштырды, сонан соң күннің сәтін таңдап, үш күн қалтқысыз тамақ жеп, ораза ұстады, суға түсіп, ниетін тазартып, тағы да “Айдаһар жатқан” тауына барып Жугі Лянмен жолығысудың қамына кірісті. Лю Бидің мұнысын естіп жақтырмаған Гуан Гүң мен Жаң Фи екеуі де Жугі Лянның алдына енді бармаңыз деп ақыл айтты.

Данышпанды иесі,
Әлі күнге таппады,
Рас еді сондықтан,
нар күмәнға батқаны.

Олар Лю Биді көндіре алды ма, жоқ па, оны келесі тараудан ұғыныңыз.

“Айдаһар жатқандағы” ақыл

Жугі Лянды екі рет іздеп таба алмай қайтқан соң Лю Би тағы бір барып онымен кездесудің қамына кіріскен еді. Оның бұл ниетін аңғарған Гуан Гүң:

– Ағай, ұлық басыңызбен екі рет барып кезіге алмай қайттыңыз, меніңше оған көрсеткен құрметіңіз аз емес. Негізі Жугі Лян дақпырты алысқа жайылып, құр атағы шығып кеткені болмаса, пәлендей оқу-тоқуы жоқ жан сияқты. Сізбен көрісуге бата алмай бұқпантайлап жүргені де содан болса керек. Қайдағы біреуді іздеп табаныңыздан таусылғаныңыз не, осығұрша емешегіңіз құрып іздегеніңізге тұра ма?– деді.

– Жоқ,– деді Лю Би,– Чи бектігінің бегі Чи Хуангүң, кезінде бір қарапайым мансаптымен жолығу үшін төрт рет барып таба

алмай, бесінші ретінде әрең жолығысқан екен. Оның қасында менің іздегенім ұлы ғұлама емес пе?

Оның бұл сөзін естігенде Жаң Фи шыдамы таусылып ашуға басты, бірақ Лю Биден жасқанып әдепті сақтаған болып:

– Әттең, ағай-ай, ауылдың сөз қуған пысықайында қайдағы ұлы талант дейсіз? Сіз де жоққа нанасыз, егер сол Жугі Лянмен кездеспесем болмайды десеніз сіз бармай-ақ қойыңыз, мен барып, ертіп келейін. Келмеймін деп қиғылық салса, кендір арқанмен байлап әкелейін!– деді.

– Сен Жоу Уынуанның Жаң Зиямен қалай жолығысқаны туралы аңызды естіп пе едің? Уын Уаңдай ұлы патша таланттыға сондай құрмет көрсеткенде, сенікі не деген жүгенсіздік! Не деген кеуде? Бұл жолы сен бармайсың, Гуан Гүңді ертіп кетем,– деді ыза болған Лю Би. Жаң Фи бұл сөзді естігенде өзін керексіздер қатарында қалғандай сезінді де:

– Екі ағасы бірдей кетіп бара жатқанда, жаман інісі қайтіп үйде қалмақ?– деді. Жаң Фидың адал ниетпен айтқан сөзі Лю Биді тағы да тебіренгісіз жіберді, оны тастап кетсе шынында да көңілі қалып, жасып қалар деп ойлады да:

– Илессең ілес, бірақ әдепсіздік істеуші болма,– деп ескертті. Жаң Фи әдепсіздік істемеуге уәде берді.

Сөйтіп керісе жүріп, келісе жүріп олар аттарына мініп, атшы-қосшыларын ертіп жүріп кетті. Олар ауданнан шыға суыт жүрген беті “Айдаһар жатқан” тауына келді. Лю Би шөп күркеге жарым шақырымдай қалғанда атынан түсіп жаяу жүрді. Ауылға таяғанда алдарынан Жугі Жүн кездесті. Лю Би оған кішілік білдіріп тағзым етті де:

– Ағайыңыз үйде ме?– деп сұрады.

– Үйде, кеше кешке таман келіп еді, тәңір нәсіп етсе, бүгін дидаларласып қаларсыз,– деді де Жугі Жүн шапшаң басып өз жөніне кетті.

– Жолым болып қалар, ақыры онымен жолығар күннің сәті бүгін түскен екен!– деді Лю Би. Жаң Фи Жугі Жүннің бұларға қарамай өз алдына кеткеніне ыза болып тұрған.

– Мынасы да бір жүгенсіз кеткен, тым бейбастақ неме екен! Алыстан іздеп келіп тұрғанымызды көре тұра бізді ауласына ертіп барса несі кетер еді, жын қаққан немеше жөнін айтар-айтпастан тұра жөнелгені несі!– деп киіп әкетті.

– Онда не тұр, жұмысы болған шығар, оның үстіне әркімнің өз мінезі болады ғой. Ертіп апармаса оған не өкпе, өз еркі білсін, біреуді еркінен тыс зорлап айтқанымызды орындата алмаймыз

гой,– деді Лю Би. Бұл сөз сонымен бітті де үшеуі аяңдап ауланың алдына келіп тоқтады. Аттарын байлап қақпаны қағып еді, үйден шәкірт бала шығып жөн сұрады.

– Мен Лю Би деген кісімін, мырзамен жолығысуға арнайы келіп тұрмын, балақай, ренжімей ол кісіге тезірек хабар берсең жөн болар еді,– деді Лю Би. Бала оның сөзін естіген соң тосылып барып:

– Ұстаз бүгін үйде болғанмен, кеше кеш келгендіктен әбден шаршап қалса керек, қазір ұйықтап жатыр,– деді бала. Лю Би баланың сөзін естіген соң ойланбастан оған:

– Ондай болса хабар бермей тұра тұр, ол кісінің ұйқысы қанғанша тоса тұрармыз,– деді де, Гуан Гүң мен Жаң Фиге қақпа сыртында тосындар деп өзі ақырын ішке кірді. Жүгі Ляң мырза шөп күркенің төрінде қамыстан тоқылған төсеніштің үстінде ұйықтап жатыр екен. Лю Би босағаға келіп қолын қусырып түрегеліп тұрды. Ол сол жерде ұзақ тұрды, бірақ Жүгі Ляң мырза ояна қоймады. Қақпаның сыртында тосып тұрған Гуан Гүң мен Жаң Фи көпке дейін ешқандай дыбыс болмаған соң, тұра беруге шыдамдары таусылып, ішке кіріп қараса, Лю Би шөп күркенің босағасында қолын қусырып түрегеліп тұр екен. Мұны көрген Жаң Фидың талағы тарс айрылды, көзі қызарып, бетінің түгі сыртына шығып Гуан Гүңге:

– Ағай, мынауың не деген тәкаппар неме! Бұл не қылған маскара! Қарай гөр өзін, ағайды босағасына түрегелтіп қойып қаперсіз ұйықтап жатқанын! Шөп күркесінің артынан барып от қойып жіберейін, сонда бәлем, қайтіп тұрмас екен!– деді. Ол еркіне салса оны істегендей еді, Гуан Гүң жалынып-жалпайып, ақыл айтып жүріп, өзер тоқтатты. Бұлардың ішке кіргенін көрген Лю Би екеуін далаға алып шықты да, қақпаның сыртына шығып тосындар деп бұйырды. Ол қайта келгенде Жүгі Ляң жатқан орнынан аунап барып, бетін іргеге беріп қайта жатты. Шәкірт бала хабар берейін бе деп ымдап еді, Лю Би қолымен ишара жасап оны тоқтатты:

– Ұйқысын бұзбаңыз, әбден демалып тынығып тұрсың,– деп ояттырмай қойды да, өзі босағада тағы бір ет асым уақыт қол қусырып тұрды. Бір уақытта ұйқысынан ояңған Жүгі Ляң ұйқылы көзімен баяу ғана:

Болжампаз ойым жеткенмен жалғанның барлық ісіне,

Ұйықтап кетсем әлдене береді аян түсіме.

Шөп күркеде жазғы ұйқым, әйбат болып қаныпты-ау,

Төбеден аунап қиыстап күн кешкіріп қалыпты-ау,–

деп басын көтеріп шәкірт баладан:

– Мейман келіп тұрғаннан сау ма?– деп сұрады.
– Хан ағасы Лю Би келіп тосқалы біршама уақыт болды,– деді бала.

– Ертерек неге хабарламағансың, киім ауыстырып, қонақты құрметпен қарсы алмас па едім,– деп орнынан тұрған Жугі Лян артқы бөлмеге еніп кетті. Әрі-беріден соң киімін ауыстырып қайта шықты. Ол Лю Бимен жылы амандасты. Лю Би оған сынап қарап отыр. Жугі Лян үш жарым аршын бойы бар, қапсағай денелі, аққұбаша адам екен. Басына құлақ шығарып төбетайлап шыт тартып, үстіне мамық күскен құс ішік киіпті. Десе дегендей әулие келбетті кісі екен. Иіліп тағзым еткен Лю Би:

– Хән патшасының ұрпағы Жужүн аймағының бір сергелдеңі едім, сіздің жер жарған атақ-даңқыңызды естігелі көп болды. Екі жол келіп дидарласа алмай қайтқам. Сізге орашолақ қолмен бір хат жазып қалдырып кеткен едім, қолыңыз тиіп көре алдыңыз ба екен?– деді.

– Наняндағы тау жастанған мына бейбақ пақырыңыз, мінезі тағылау, томаға-тұйық, әрекеті сылбыр пенде. Қолбасы, сіз бірнеше мәртебе келіп, атыңызды құр терлетіп қайтыпсыз, ол үшін қатты ұяттымын,– деді Жугі Лян. Сәлемдесіп болған соң қонақ пен үй иесі төрге жайғасты. Қызметші шәкірт бала шай әкеліп ұсынды. Бір шыны шай ішілген соң:

– Жазып қалдырған хатыңыздан еліңіз үшін қайғы жеп, патшалықтың қамын ойлаған үлкен мұратыңызды аңғардым. Сіздің қызметіңізде болу маған мәртебе ғой. Алайда, пақырыңыздың басы жас, қабілеті шекті, үлкен істе қапы кетіп жүрем бе деп қорқам,– деді Жугі Лян. Лю Би осы орайда оны тегін іздеп келмегенін аңғарта кетуді жөн көріп:

– Сіз туралы Сы Ма Хұйдың айтқан сөздерін естіп едім, Шүй Шу да өзіңізді айтып аузының суы құрып отыратын, сірә, соның бәрі тегін емес шығар? Егер арман-мұратым көңіліңізге қонақтаса, мен пақырыңызды жатсынбай, тартымды ақылыңызды беріп, шапағатыңыздың шуағына бөлей көріңіз,– деді.

– Сы Ма Хұй мен Шүй Шу заманымыздың біртуар ардагерлері ғой. Ал, мына пақырыңыз жер емшегін емген диқан емес пе, сізге ілесіп еліміздің ұлы істеріне араласуға шамам қайдан жетсін? Екі мырзаның мен туралы айтқан сөздері сыпайылық үшін айтылған мезіреті болар не қалжыңдары шығар. Тақсыр-ау, қолыңыздағы асылды тастап, өзеннің малта тасына қолқа салғаның қызық болды-ау!– деді Жугі Лян. Лю Би бұл сөзді не сыпайылық үшін айтылған,

не сынап көрейін деген оймен айтылған сөз екенін біле қойған еді.

– Кеудесіне теңдесі жоқ ұлы дарын ұялаған, заманынан озып туған көреген азаматтың мынау қалың орманның түкпірінде қамалып жатқаны жөн бе? Ел үшін туған азаматқа халықтың қамы үшін тырбанып жүрген мен секілді көркеуде, топас жанның көзін ашып, көкірегіне нұр құйып, жөн сілтегені сауап емес пе,— деді Лю Би. Бұл сөзден кейін Жугі Ляң аз уақыт үндемей отырды да басын көтеріп Лю Биге қарады.

– Сардардың ойын тыңдап, ұлы жоспарымен таныссам,— деп күліп қойды.

– Өзіңіз де көріп жүрсіз, хән патшалығының басынан бақ тайып, орданың берекесі кетіп, ел тозып болды. Алаяқ уәзірлер билікті шеңгелдеп халыққа апат әкелуде. Пақырыңыз шанағы шақты болса да, хан әулетінің ұрпағы болғандықтан, мына бұзылған дүниені қалпына келтіріп, әлемге әділет орнату ойы бар. Амал қанша, көргенім аз, көз аям тар, ақыл шолақ, тіл шорқақ. Дәме бар да дәрмен жоқ, қысқа жіп күрмеуге келмей тұр. Егер мені қорашсынбай көңіліме нұр құйып, ақыл-парасатыңызбен көзімді ашып, қолұшын берер болсаңыз, ол менің ең үлкен бақытым болар еді!— деп Лю Би тізесін тигізе жақындап отырды.

– Дұң Жоу опасыздық жасап, ордада бүлік тудырғаннан кейін кеудесінде оты бар ер-азаматтың бәрі қозғалды. Солардың бірі Сау Сау еді. Алғашында оның қуаты Иүан Шаудың маң қарасын көрмейтін, өзінің жігері мен қайратының арқасында ақыры Иүан Шауды жеңді ғой. Бұл әрине тағдырдың жазуы ғой, солай дегенмен де, адамның ақылы арқылы іске аспады ма? Ал бүгінгі таңда сол Сау Сау қолына сан мың түмен жасақ ұстап, елдегі ең ықпалды күшке айналып отыр. Онымен қоймай патшаны дегеніне жүргізіп, қуыршақ қылып ойнап отырғанын да білесіз. Қазір еліміздің барлық бектігі соның ашса алақанында, жұмса жұдырығында, өк деп тұрғызып, шөк деп шөгеріп отыр. Бұл оңай-оспаққа бой бермейтін үлкен күш. Ал дарияның шығысын алып жатқан Сүн Шуан үш атадан бері шаңырағы шайқалмаған іргесі берік әулеттен шыққан адам. Жер жағдайы бекініске берік, елі төзімді. Оны алдап-сулап қолға қондырып, ағайыншылықпен көмек сұрамаса, күшпен алу, қорқытып көндіру екіталай. Жиң Жоудың жағдайын өзіңіз жақсы білесіз. Солтүстігі Ханжяң, Мияншүй дариялары, бір жағы теңізге тіреліп, шығысы Уұ елі арқылы батысы Сычуанға жалғасады. Бұл да соғысқа берік, бекіністі жер. Десе де бұл

өлкенің жазымы көп қожасы кемел болмаса бұл жерді сақтау қиын. Бұл жайлы қолбасының зауқы нені қалайды екен?

Сычуанның жер жағдайы берік, ұлан-байтақ көсілген өлкесі бар, осы дүниенің жұмағы, хән патшасы да іргесін осы жерден көтерген. Бірақ, елі ықыласты, жері бай болса да, басқарып отырған Лю Жаң жетесіз адам. Елінің қадірін білмейді. Сондықтан ол өлкедегі зерделі адамдардың бәрі қарау. Ол ел еңіреп туған есіл ерге зәру.

– Қолбасы, әділетті жақтаған сеніміңіз кәміл, атыңыз жалпақ жұртқа танымал, оның үстіне патша әулетіненсіз, сізге ел де сенеді. Сондықтан батыр біткеннің қайратынан, абыз біткеннің ақылынан пайдаланып, құлашыңызды Жиң Жоу мен Сычуанға қатар сермесеніз, осы екі құтты мекенге ірге көміп, тамыр тартар болсаңыз, табиғат берік соққан жер жағдайы сізге берік қорған болар. Онан соң, батысты Рұң елімен, оңтүстікте Иүе елдерімен тату болып, сыртқы жақта Сүн Шуанмен одақ жасап, ішкі жақтан ел жағдайын жақсартсаңыз күшіңіз кемелдене түсер еді. Сөйтіп кемеліңізге келіп алған соң, дүние тағы бір қырына аунағанда орайлы сәтті пайдаланып көрмейсіз бе? Сондай қажетті кезінде мықты бір қолбасыңызға Жиң Жоудың қалың қолын бастатып Уанчың мен Лоянға аттандырып, өзіңіз Сычуанның қалың қолын бастап, Чинчұаннан ассаңыз, барған халық сізді ақсарбас атап қарсы алмай ма? Мұным сізге айтқан өтінішім ғана емес, жеңіске жетер жалғыз жол осы. Тек осылай істегенде ғана хән патшасының орнын оңап, ұлы ісіңіздің іргесін қалай аласыз. Пақырыңыздың сізге айтар ақылы осы. Қолайыңызға жақса осыны ой елегінен өткізіп көріңіз, ұнаса осылай жоспар құрарсыз,– деді де, Жугі Лян шәкірт балаға картаны алдырып, қабырғаға іліп қойып, соған қарап тұрып Лю Биге өз ойын түсіндіруге кірісті:

– Мынау батыс Сычуанның елу төрт аймағының картасы. Патшалықтың іргесін бекемдеймін десеңіз, атағы дәуірлеп тұрған Сау Сауға тиіспеңіз, ол солтүстікте тұра тұрсын. Жер жағдайы берік, күші басым Сүн Шуанға да соқтығудың қажеті жоқ, ол да оңтүстігінде дәуірлей берсін. Сіз алдымен елдің жүрегін жаулап, жұрттың пиғылын өзіңізге тартыңыз. Ол үшін алдымен Жиң Жоуға табан тіреп, онан соң батыс Сычуанды бауырға басыңыз. Сонда сіз қазіргі әлсіз жағдайыңызды өзгертіп, басқалармен итжығыс түсетін жағдайға жетесіз. Сонан кейін орта жазық ешқайда бармайды,– деді. Бұл ақылға Лю Би қатты таңғалды, орнынан ұшып тұрып қол қусырып алғыс айтып:

– Мырзаның ақылы көкірек көзімді ашып, көз алдымдағы соқыр тұман айығып, жарық дүниеге шыққандай болдым. Бірақ Жиң Жоудағы Лю Биау мен Сычуандағы Лю Жаң бәрі де хән патшасының тұқымы, олардың отанын тартып алуға пақырыңыздың дәті қайтіп бармақ? Осы жері қиын болар ма екен?– деді. Жүгі Лян оның бұл сөзіне онша мән бермегендей өз ойын онан ары жалғай берді:

– Өткен түні жұлдызға қарап, аспан тылсымына назар аударып, ғайыпты болжап көріп едім. Лю Биаудың жұлдызы сөніп, алдын қара тұман басыпты, ол көп кешікпей дүние салады. Лю Жаңның жұлдызы нұрынан айрылған, ол кісі ел ұстай алмайды, дәрменсіз кісі. Бұл екі аймақ та көп ұзамай сіздің қолыңызға өтеді екен,– деді.

Лю Би тағзым етіп алғыс айтты. Осынау иен таудағы жұпыны шөп күркенің ішінде отырып әлемді алақанында ойнатқан сол бір сөздің өзі-ақ, Жүгі Лянның бұрынғы-соңғы данышпандардың бірде-бірін шаңына ілестірмейтін ерен жүйрік екендігін танытқан еді! Бұл жайлы соңғылардың аузында мынадай бір бәйіт қалған екен:

Ақылдыға зар болып, айла таппай жауды алар,
Жүрген кезде кез болды Тасадағы айдаһар,
Білмек болсаң сондағы бектіктердің жағдайын,
Жүгі Лян көрсетер, картада тұр, ойда бар.

Жүгі Лянның парасатына басын иіп, қайта-қайта кішілік көрсетіп, тағзым етіп Лю Би әбігер болды да қалды. Ол біраздан соң барып:– Абырой, салмағы жоқ, ақылы кенде пақырыңызды қорашсынбасаңыз тау қойнынан шығып қасыма еріп ақыл-көмек берсеңіз. Сіздің ақылыңыз ғана мені ұшпаққа шығара алады. Не айтсаңыз да құлдық ұрып күп алар едім,– деді. Жүгі Лян оған былай жауап берді:

– Мен жер емшегін еміп дағдыланып қалған пақыр едім. Дүние ісіне зауқым да шаппайды. Бұл талабыңызды орындай алмаспын.

Бұл сөзді естігенде Лю Бидің көзіне жас толып кемсеңдей берді. Аздан соң өзін ұстап:

– Мырза, бұл менің ғана емес, ел-жұртыңыздың да қалауы ғой, бұл ұсыныстан бас тартсаңыз, мына сорлы халқыңыз не болмақ?– деп жылап жіберді. Көл болып аққан көз жасы омырауын жуды. Атағы жер жарған сардардың балаша жылағанын көріп, оның ниетінің сонша адал екеніне көзі жеткен Жүгі Лян:

– Қолбасы, жыламаңыз, менікі сізге сүйеу бола алмай қаламын ба деген ғой, егер қолайыңызға жақсам, көңіліңізден өтсем,

қасыңызда болып, қолымнан келген болмашы көмегімді көрсетуден тартынам ба, сіздің айтқаныңыз болсын, соңыңызға еріп, адал қызмет көрсетуге тырысайын,— деді. Жугі Ляңның бұлай ағынан ақтарылғанын көргенде Лю Бидің төбесі көкке жеткендей болды, қуанышын жасыра алмай Гуан Гүң мен Жаң Фиды шақыртып, Жугі Ляңға бас игізіп тағзым еткізді, сонан соң арнайы алып келген торғын-торқа, алтын-күміс сәлемдемелерін ұсынды. Бірақ қанша тықпаласа да, Жугі Ляң рахметін айтып, заттарын қабылдамады.

— Бұл сізді шырғаға тартқаным емес, адал жүрегіммен әкелген сәлем-сауқатым,— деді Лю Би. Бұл сөздің шындығына көзі жеткен Жуңгі Ляң сонда барып заттарды қабылдап, алғысын айтты. Сол күні Лю Билер далаға төсек салып жатты, олар түнді әңгімемен бірге өткізді. Келесі күні таң ата Жугі Жүн қайтып келді. Жугі Ляң оған:

— Мен мына кісілермен бірге кеткелі жатырмын, хан ағасы үлкен басын кішірейтіп, үш рет іздеп келгенде бармасам, аскандық болар. Бұл кісінің ұлы мейірімін қызметіммен ақтауым керек ғой. Сен баяғындай осы жерде болып, егінмен шұғылдана бер. Қара жерді қаңсытып тастап кетуші болма. Аманшылық болса, еңбегіміз жанып ұлы ісіміз орындалар. Сол кезде мен де қайтып келемін,— деді. Соңғылардың аузында данышпанның осы сөзін жырға қосқан мынадай бір бәйіт қалған, бұрынғы қарттар оны айтқанда күрсініп қояды екен:

Аттанбай жатып үйінен,
Қайта оралуды ойлады.
Жауды алған соң не болмақ,
Белгісіз еді ол жағы.

Көңілі үшін Лю Бимен,
Бірге аттанды есіл ер.
Болса өзінің есебі,
Кейінгілер кешірер.

Ужаң Иуанда жел тұрып,
Басталды күз ызғарлы.
Көп кешікпей қыс түсіп,
Қар қымтады күздарды.

Ежелгі сарынмен жазылған және бір арнау былай еді:

Хан Гаузу патша сермеген құлаштап алмас семсерді,
Әйгілі Маңдаң тауында серт етті, оған ел сенді.
Қара түнде қалт кетпей әбжыланды қақ бөліп,
Дұшпанын елдің жоюға тәуекел деп белсенді.

Чиң Чихуанды құлатып, Шу Баоуанды жайратты,
Атой сап кіріп Шаңяңға көрсетіп еді қайратты.
Екі жүз жыл өткен соң қырсық шалды тағы елді,
Патшалық тозып, ел азып, жел жықты тіккен байрақты.

Гуаң Уү шығып билікке, Лойяң қайта гүлденді.
Хуан мен Линнің тұсында шайқалтты бүлік іргенді.
Шүйчаңға келді Шөнди хан, астанасы ойран боп,
Тұс-тұстан менмен озбырлар, армандады ел билеуді.

Бәрінен асып билікті Сау Сау алды қолына,
Еш бір мықты кедергі болмады оның жолына.
Түстікте Сүн Шуан ел билеп, патшалық құрды өзінше,
Ұлық тұтып қайран ел, хан көтерді оны да.

Лю Би бейбақ тентіреп қоныс таппай соңында,
Шиниеге келіп, сонан соң көзі ашылды оның да.
Наняңнан ұшты сол кезде “Тасадағы айдаһар”,
Айдаһар ұшса кім оның қарсы тұрмақ жолында.

Ықпалымен Шүй Шудың екі дана табысты.
Шөп күркеге үш рет іздеп барып танысты.
Сол заманда ғұлама жиырма жеті жаста еді,
Дәл осындай кім көрген, данышпан туған арысты.

Егін қалды жайына, шаруаны тастады,
Кітаптың да қиын-ау енді бетін ашпағы.
Соңына ерді сардардың тәуекелге бел байлап,
Міне, солай данышпан жаңа өмірін бастады.

Кемел ойлы дананың ақылымен кәделі,
Табан тірер тиянақ – Жиңжоуды алды әуелі.
Онан кейін Сычуанды қолдарына түсірді,
О бастан-ақ осындай жоспарлары бар еді.

Жай боп түсті жауына кеңесшінің ақылы,
Кемел білім, өрелі ой, кәдеге асып ақыры,
Жөнге салды әлемді, сондықтан да дананың
Аты қалды тарихта болып жұрттың асылы.

Неше рет іздеп келген еңбектері ақталып, Лю Би, Гуан Гүң, Жаң Фи үшеуі сол күні Жугі Жүнмен коштасып, Жугі Лянды ертіп Шиниеге қайтып келді. Лю Би сол күннен бастап Жугі Лянды ұстаз тұтып, оған үлкен құрмет көрсетіп, бір дастарқаннан тамақ ішіп, бір үйге жатып, күн-түні дүние ауқымы жайлы кеңес құрып, өздерінің ендігі жоспары жайлы ақыл-кеңес құрды.

Бір күні Жугі Лян әңгіме үстінде Лю Биге мынадай кеңес берді:
– Сау Сау Жиң Жоуда Шұанучи көлшігін жасатып, су жасақтарын машықтандырып жатыр екен, меніңше оның ойы оңтүстікке шабуыл жасау. Дегенмен қапы кетпеу үшін дарияның арғы бетіне жасырын адам жіберіп, аңысын аңдатайық,– деді. Бұл ақылды Лю Би құп алды. Сонымен олар дарияның шығысына Сау Саудың жоспарын біліп қайтуға жансыз жіберді.

Сүн Сы өлгеннен кейін Сүн Чуан дарияның шығысына табан тіреген еді. Ол сол өңірдің абзалдығынан пайдаланып әкесі мен ағасының мұратына мұрагерлік етіп, олардың орындай алмай кеткен ісін жалғастыру үшін маңайына игі жақсы, оқымысты, ойшылдарды жинап, Уұхұйдан үлкен қонақ сарай салдырып, Гу Иұн мен Жаң Хұңға төңіректің төрт бұрышынан ақылы тиер адамдарды үздіксіз жинатып жатты. Бірнеше жылдың ішінде оның айналасына көптеген білімпаздар мен көріпкелдер жиналып үлгерді, біреуді біреу таныстырып, күн санап мұнда келетін даналар көбейе берді. Солардың ішінде атағы жалпақ жұртқа танылған, жанама аты Дырұн дейтін Жүйжилік Кан Зы, жанама аты Мансай дейтін піңчыңдық Ян Жүн, жанама аты Жиң Уын дейтін пишияндық Шүе Зұң, жанама аты Ды Шу дейтін руяндық Чың Биң, жанама аты Шю Му дейтін уұжүндік Жу Хуан, жанама аты Гүң Жи деп аталатын Лужи, жанама аты Хұйру дейтін Уұ елінің адамы Жаң Уын, жанама аты Гүң Шүй дейтін уұшияндық Лу Тон, жанама аты Күн Шю деп аталатын уұшиыңдық Уұсан қатарлы ғұламалар дарияның шығысына келіп, Сүн Шуанның қол астына жиналып еді. Сүн Шуан олардың бәрін де қатты сыйлап құрмет тұтты.

Сүн Шуанның төңірегіне қалам ұстаған даналардан тыс, сауыт киіп, қару ұстаған батырлар да көп жиналып еді. Жанама аты Зымің дейтін руяндық Лүй Мің, жанама аты Боян дейтін уұжүндік

Лу Шүн, жанама аты Уын Шияң дейтін лаңиядық Шүй Шың, жанама аты Уын Гүй дейтін Дүңжүндік Пән Жаң, жанама аты Шінюан дейтін лужаңдық Диң Фин қатарлы көптеген игі қолбасылар келіп, Сүн Шуанның қолы ұзарып, тынысы кеңіп, өз ісіне сенімі күшейіп тұрған. Өйтетін жөні де бар қалам ұстаған ғұламалар мен қару ұстаған батырлар қолғанат болған дарияның шығысы ел жүрегін өзіне қаратып, дәуірлей бастаған.

Жан-ән жылнамасының жетінші жылы Сау Сау қалың қолын бастап барып, Иүан Шауды алған соң Сүн Шуанға елші жіберді. Ол шын мәнінде елші емес, бір ұлын астанаға жіберсін деген бұйрық алып барған шабарман еді. Сүн Шуан бір бекімге келе алмай, әрі-сәрі болып басы қатты. Мұны байқаған Сүн Шуанның шешесі У ханым оған сен бүйтіп бос тарыққанша Жоу Иүй мен Жаң Жауды шақырып ақылдассаншы деп кеңес берді. Шешесінің ақылы бойынша Сүн Шуан ол екеуін шақырып ақыл сұрап еді, Жаң Жау өз ойын былай баяндады:

– Сау Сау сұлтанның ұлынды астанаға шақыртса, бұл шын мәнінде бір балаңды кепілге бер деген сөзі ғой, демек ол бектіктерді тырп еткізбей тізгіндеп отырудың қамына кіріскен екен. Егер оның бұл бұйрығынан бас тартсақ, қалың қолын дарияның шығысына аттандыруы мүмкін, ол біз үшін үлкен қатер,– деді. Сүн Шуан әлі де болса бір бекімге келе алмай Жоу Иүйге қарап еді ол орнынан тұрып:

– Қолбасымыз үлкен қажыр-қайрат көрсетіп, әкесі мен ағасының ісін жалғастырып, ұлан-байтақ алты аймақты қолына қаратып отыр. Оның үстіне таңдаулы жасағымыз, ер жүрек те айлакер қолбасымыз бар, астығымыз да мол, қысқасы біздің күшіміз де ешкімнен кем емес, ендеше неге біреудің қолына бекзадамызды кепілге береміз? Кепілге адам берсек, шарасыздан Сау Саудың ырқына бағынып, айтқанына көніп, айдағанына жүретіннен басқа не қалады. Кепілге адам бердік деген сөз – қолдағы биліктен айырылып, Сау Сауға бағынышты болдық деген сөз. Меніңше, оған бұл жолы бекзаданы кепілге бермейік. Бір айла айтып елшісін қайтара тұрайық та, әліптің артын бағып, басқаша ұтымды әдіс-амал қарастырайық, ең дұрысы осы,– деді. Бұл сөзді тыңдап отырған У ханым:

– Жоу Иүй ақылшының айтқаны ұтымды ақыл,– деді. Осы сөзге жұрттың бәрі де тоқтады. Осы ақыл бойынша Сүн Шуан елшіні құрғақ сөзбен алдарқатып жолға салды да, ұлын бермей қалды. Сүн Шуанның бұл ойын Сау Сау да жақсы түсінген еді, сол күннен

бастап Сау Саудың бар ойы оңтүстікті жаулап алу болды. Бірақ ол кезде солтүстік әлі де толық тынышталмаған, Сау Саудың билігін біреу мойындаса, біреу мойындамайтын, сондықтан оңтүстікке жорық жасауға мұршасы келмей жүрген. Жан-ән жылнамасының сегізінші жылы қарашада Сүн Шуан қол бастап Хуаң Зуға қарсы жорық жасады. Дажаң дариясы аңғарында олардың қолдары арасында кескілескен соғыс болды. Сол соғыста Хуаң Зу қолы ауыр шығынға ұшырап, жеңіліс тапты. Жеңіл қайықпен қол бастаған Сүн Шуан қолының қолбасы Лиң Сау атой салып Шәкуге кіргенде, жау жақтың сардары Гән Ниннің жебесі тиіп қаза тапты. Лиң Саудың он бес жасар ұлы Лиң Тұң қаптаған қолды қақ жарып қалаға кіріп, әкесінің сүйегін алып шықты. Лиң Саудың сүйегін алған соң Сүн Шуан қолы көп аялдаған жоқ, жағдайдың өздеріне тиімді болмайтынын білді де қаладан шегініп кетті, олар сол беті елдеріне тартты.

Сүн Шуанның інісі Сүн Иы Даниян аймағының уәлиі еді. Жаратылысында аусарлау, мінезі о жар, араққа өте құмар, оның үстіне маскүнем, шарап ішіп мас болса-ақ, қол астындағы жасақтарының басына қамшы ойнатып, бықпырт тигендей қылатын. Сондықтан оған өштесіп жүргендер көп болатын, қатардағы жай сарбаздан бастап кіші сардарларға дейін оның озбыр, о жар мінезінен әбден запы болған.

Даниянның бақылаушы сардары Гүй Лиян мен сол қол ақылшы Дайян үнемі Сүн Иыге қатты өшігіп жүрген, олар ебін тауып оны өлтіруді ойлап жүретін. Андыған алмай қоймайды деген бар емес пе, олар бір күні Сүн Иының қол астындағы қызметшісі Биан Хуң дейтінді қолдарына қондырады, соның көмегімен Сүн Иыді өлтірудің жоспарын жасайды. Шығасына иесі басшы дегендей, аудан әкімдері мен сардарлар түгел жиналған орайда Сүн Иы үлкен қонақасы бермек болды. Оның зайыбы Шүй Ши аса келбетті сұлу әрі ақылды кісі еді. Өзі аздап құмалақ салып, бал ашатын. Сол күні күйеуіне арнап бал ашып еді, бастарына төнген қауіп-қатердің белгісін көрді. Жамандықтың нышаны көрінген соң, іштей алаңдап, еріне қонақасыға бармаңыз деп ақыл айтты. Сүн Иы оның тіліне көнбей, қонақасыға кетіп қалды.

Қонақасы кеш тарады, түн қараңғылығы үйіріле қонақтардың соңынан Сүн Иы да үйіне қайтпақшы болды, кездігін киімнің ішіне жасырған Биан Хуң оны шығарып салмаққа еріп шықты да, қақпаның сыртына шыққан соң тұтқиылда тап берді, бейғам келе жатқан Сүн Иы қорғанып та үлгерген жоқ, сөйтіп қапыда қаза тапты.

Сүн Иының өліміне Биан Хунды айыпты деп, көшеде жұрттың көзінше оның басын алдырған Гүй Лан мен Дай Иүан енді Сүн Иының қатын-қалаш, үй-мүкәмалын қолдарына түсірудің қамына кірісті. Ел аяғы саябырлаған бір мезетте Сүн Иының үйіне Гүй Лан келді. Ол Шүй Шиньң сұлу тұлғасы мен тартымды болмысын көріп, есінен тана жаздады. Шүй Шиға көңіл айтқан соң:

– Бөйбіше, қайғыңызға ортақпын, дегенмен өлгеннің соңынан өлмек жоқ, тіріге де тірлік керек. Өзіңіз де естіп-біліп отырған шығарсыз, мен сенің еріннің кегін алып, қанішердің басын алдырдым, соның бәрі сен үшін, сенің панасыз жесірге айналып көзге түрткі болғаныңды көргім келмейді. Сондықтан менің айтқанымға көніңіз, біз сіздік, сіз біздік дегендей жалғасып күн көрейік, егер маған сеніп, айтқанымды орындасаңыз, қор болмайсыз. Ал бұған көнбей қырсығатын болсаңыз, сізге жақсы болмайды, тіпті жаныңнан үмітінді үзуіңе тура келеді,– деп ызбарланды. Шүй Ши бұған не деп жауап берерін білмей аз отырды да ақыры бір байламға келіп, уақыт ұтып, ептеп кек алудың жолын ойлап:

– Күйеуімнің қайтыс болғанына көп болған жоқ, дос бар, дұшпан бар, көр топырағы жасырылмай жатып сіздің соңыңыздан еріп жүре бергенімді ел көрсе не дейді. Асыққаныңыз не, қаралы күн өтсін, көңіл айта келген ел-жұрттың аяғы тыйылсын. Игіліктің ерте-кеші жоқ, содан кейін көңіл қоссақ та кеш емес,– деді. Оның бұл уәжіне Гүй Ланның қарсы айтары болмады, орынды сөз екен деп күп көрді. Шүй Ши ол кеткен соң Сүн Иыны көнекөз дос, жанашыр жақындары – Сүн Гау, Фу Иң атты екі сардарды шақыртып алды. Оларға көзінің жасын көл қылып жылап отырып, Гүй Ланмен болған әңгімені түгел айтып берді. Сонан соң:

– Марқұм жұбайым көзі тірі кезінде мен үшін жанын қиятын нағыз адал достарым деп сіз екеуіңізді аузынан тастамаушы еді. Сіздерге айтпаған зарымды кімге айтайын, басыма ақырзаман орнады. Гүй Лан мен Дай Иүан елдің қамын жеп жүрген ардагер емес, жақсының жанына, дәулеттінің малына қас қарақшы еді, міне көріп отырсыздар, ерімді қастандықпен өлтіріп, күнәні Биан Хунға аударып отыр. Онысы аз болғандай үй-мүлкіміз бен қыз-қырқын, қызметшілерімізді бөліп алып, ордамызды ойрандамақшы. Тіпті, менің өзіме ауыз салып, өздеріне кіріптар етпекші болып отыр. Бүгін Гүй Лан қарақшы маған келіп, именбестен өзінің арам ниетін ашық айтып, зорлықпен иеленбекші. Алдап-сулап зорға жолға салдым. Екеуіңізден өтінерім осы: егер Сүн Иының аруағы разы болсын десеңіздер, сұлтан ағаға кісі жіберіңіздер. Күн-түн демей суыт

жүріп, мән-жайды жеткізсін. Ол кісі келгенше өзіміз де қарап жатқанымыз жөн болмас, маған ақыл-көмектеріңізді беріп, екі қарақшыны қолға түсірудің жоспарын жасайық. Тапталған намысымды жоқтап, кеткен кегімді алып берсеңіздер, істеген рахым-шапағаттарыңызды өле-өлгенше ұмытпаспын!– деп зар еңіреді. Шүй Шиның сөзіне екі қолбасының көңілдері босап, көздеріне жас алды. Олар жылай отырып:

– Бәйбіше, айтқаныңызды ұқтық, бізге сеніңіз, тірі кезінде уәли тақсырдың мейір-шапағатын көріп едік. Көзі жұмылғанда теріс айналатын біз емес. Сүйек шығаруға келмей, бой тартуымыздың өзі де, сол кек алу айласының қамы болатын. Қанды қолдың көзіне түспей бейғамсыға тұрайық дегеніміз еді. Ал, енді сіздің әміріңізге құлдық, біз дайын!– десті. Сол күні өздерінің сенімді адамын жұмсап Сүн Шуанға хабар жіберді. Одан кейін қарақшыларды қолға түсірудің қамына кірісті, өлік шыққан ордадан қаралы туды жығатын күні Шүй Ши ханым астыртын Сүн Гау мен Фу Инді шақыртып, өзі жататын ішкі бөлмесіне кіргізіп, шымылдық артына жасырып қойды. Онан соң өзі сарайға шығып дұға оқытып, нәзір берді. Нәзір аяқталысымен қаралы киімін тастап, жуынып-шайынып, сәнді киімін киіп, теңге моншағын тағып, жайрандап шыға келді. Мұны естіген Гүй Лан іштей қатты қуанды. Кешінде Шүй Ши күнің Гүй Ланға жіберіп, ордаға шақырып дастарқан жайып, арақ-шарабын құйып қонақасы берді. Гүй Лан араққа әбден қызып, мас бола бастағанда Шүй Ши оны өзінің жатын бөлмесіне шақырды. Өзі масаң Гүй Лан бұған іштей қуанып, сенделе басып бөлмеге кіріп келді. Ол есіктен аттаған заманда Шүй Ши түсін салып:

– Сардарлар қайдасың!– деп дауыстап жіберді. Сол-ақ екен, шымылдықтың артынан қолдарына қылыш ұстаған екі сардар атып шықты. Гүй Ланның “ә” деуге шамасы келмеді. Фу Иннің құлаштай сілтеген қылышымен бірге сұлап түсті. Сүн Гау басын кесіп алды. Мұнан соң Шүй Ши адам жіберіп, Дай Иұанды алдап қонаққа шақырды. Ол ордаға кіріп, төргі сарайға жетіп келгенде, алдынан қылыштарын кезеген екі қолбасы қарсы шықты. Көзді ашып-жұмғанша алдаспан жарқ ете түсті де, Дай Иұан тіл тартпастан жер құшты. Олар енді бөгелудің керегі жоқ деп шешіп, дереу жасақ жіберіп екі қарақшының үй-ішін, тұқым-түқияны мен сойыл соғар, жандайшаптарын түгелімен қырып салды. Қаралы киімін қайта киінген Шүй Ши Гүй Лан мен Дай Иұанның кесілген басын алып, Сүн Иының зиратының басына апарып, ақтық етіп асып қойды. Іле-шала қолын бастаған Сүн Шуан да Данянға келді.

Шүй Шиның екі қарақшыны өлтіріп, кегін алғанын көрген ол келініне қатты разы болды. Сүн Гау мен Фу Иң екеуінің дәрежесін қатардағы сардарлықтан аға сардарлыққа көтеріп, оларға Даянды қорғауды тапсырды. Сонан кейін өзі келінін ертіп қайтып кетті. Дарияның шығысындағы естіген ел Шүй Шиның асыл парасат, ардақты адамгершілігін ауыздарынан тастамай айтып жүрді. Соңғылардың аузында бұл жайлы мынадай бір жыр қалған екен:

Ақылың мол, арлы едің,
Тең келеді саған кім.
Қапы кетпей айламен,
Қанішерден кек алдың.

Ер басымен бейшара,
Әйел құрлы болмаған.
Барма деген қонаққа,
Жардың тілін алмаған.

Барды ажалды өзі іздеп,
Анғал басы сорлаған,
Қаза тапты қапыда,
Не шара бар енді оған.

Сол кезде Уұ елінің жер жерінде тау жастанған қарақшылар көп еді. Олардың бәрі Сүн Шуанның билігін мойындап, оның сарбаздарына қосылуға ниет етіп, дария бойына келіп жиналып жатты. Мыңнан астам сайыс қайықтары жиналды. Сүн Шуан бұл жолғы шайқасқа бас сардар етіп Жоу Иүйді тағайындады, ол дария шығысындағы су жасақтары мен құрлық сарбаздарын түгел басқаратын болды. Жан-ән жылнамасының он екінші жылы желді айында, Сүн Шуанның шешесі У ханым төсек тартып жатып қалды. Ол Жоу Иүй мен Жан Жауды шақырып алып өсиетін айтты:

– Менің төркінім әсілі Уұ елі еді. Әке-шешемнен жастай жетім қалдық. Сонан соң Ұужин деген бауырымыз екеуміз Қыжанға барып тұрдық. Сол жерде бойжетіп, ел қатарына қосылдым, Сүн марқұммен тұрмыс құрып, үй ұстадым. Өмірге өкінішім жоқ, өз кіндігімнен төрт перзент көрдім, үлкен ұлым Сүн Сыға жүкті боларда түсімде ай көріп едім. Екінші ұлым Сүн Шуанға екіқабат болғанда түсімде күн кірді. Білгіштердің айтуында бұл екі түс те жақсыға жорылады екен. Түсінде ай мен күнді көріп екіқабат болған әйел бақытты болады дейді. Туған бала ардақты болады деген сөз бар. Өкініштісі, үлкен ұлым Сүн Сы жастай дүниеден

өтті. Тағдырдың жазуы солай болған шығар, қолдан келер не бар, жылап-жылап қойдым. Енді қалған балалардың тілеуін тілеп жүрмін ғой. Қазір дария шығысында ел тізгінін ұстап, қарашаңыраққа Сүн Шуан ие болып отыр. Заманы қиын, жауы көп, ата жолдас едіңдер, мырзалар, Сүн Шуанға жақыннан жәрдемдесіп, сүйеніш болыңдар. Сендерге иық сүйесе ғана оның ісі сәтті болары анық. Сендер Сүн Шуанға сүйеніш болсаңдар, мен өлсем де армансыз болар едім! Алансыз о дүниеге аттанар едім,– деді. Оларға осыны айтты да, Сүн Шуанды шақыртып алып оған да өз ойындағысын түк қалдырмай айтты:

– Жаң Жау мен Жоу Иүйді ұстаз тұт. Алдынан кесе көлденең өтуші болма, осыларға сүйенсең ғана басқалардан мерейің үстем болады. Сонан соң айтарым, менің сіңлімді әкең менімен бірге жар етіп алған еді, мен өлген соң шешең сол, оны өз шешеңдей көріп күт. Қарындасыңа қамқор бол, өгейсітпе, оның сенен басқа жанашыры жоқ екенін ұмытпа. Өзінің теңіне қосып, мұратына жеткіз,– деп қайта-қайта тапсырды. Сонан соң көп ұзамай сөзден қалды да, көзін сол жұмғаннан ашпай, жүріп кетті. Анасының өлімі жанына қатты батқан Сүн Шуан қатты қайғырып, еңсесі түсіп кетті. Сүн Шуан, жол-жораға сай анасын қара жердің құшағына тапсырды. Сол жылы қыс тыныш өтті, көктем шыға Сүн Шуан сардарлары мен ақылшыларын жинап Хаң Зуға жорық жасау жайлы кеңес құрды.

– Анаңыздың жылы да өткен жоқ. Қазірше қол бастап жарыққа шығуыңыз дұрыс емес,– деді Жаң Жау. Жоу Иүй бұл сөзге келіспеді, ол неде болса соғысты бастап кетудің дұрыс екенін дәлелдеп бақты:

– Ой, тәйірі-ай, кек алып, есе қайтару – ел үшін істелетін іс. Оған ешнәрсе тосқауыл болмау керек. Қашаннан бері өлген кісінің жылдығына қарап, кек алуды кешеуілдететін болғанбыз?– деді. Екі ақылшының сөзі екіге жарылып, пікір бірлігіне келе алмаған соң Сүн Шуан әрі-сәрі болып, бір бекімге келе алмай отырып қалды. Сөйтіп не ары емес, не бері емес болып отырғанда Пиңби аймағының жасақ басы Лүй Миң келіп, Сүн Шуанға тосын жаңалық хабар жеткізді:

– Мен көптен бері сарқыраманың құйғанын қорғап жатыр едім. Бір күні аяқ астынан Хуаң Зудың қатардағы қолбасшысы Гәннің келіп бізге тізе бүгетінін айтты. Басында күмәнданып одан мән-жайды егжей-тегжейлі сұрадым. Ол Бажүн аймағындағы Линжаң жерінің адамы екен. Жұрт Шін Ба деп атап кетіпті. Ол заңға жүйрік оқымысты болдым, сондықтан ар-ожданым таза, әсершіл, неге болса да араласа кететін ер көңілдеу болып өстім. Бір кезде

қағылған-соғылғандарды төңірегіме жиып, көңіліме сыйғанымды істеп, ел кезіп серілік құрып едім. Мен елден ерекше дағды қалыптастырдым, әдетте беліме үлкен қоңырау тағатынмын, қоңырау дауысы шыққанда естіген жан безіп жоғалатын. Бір кезде қамқадан жасалған жалау алып, Батыс Сычуан бойын кезіп қарақшылықпен айналыстым. Ол кезде жұрт мені “қамқа жабулы қарақшы” атап кетті. Кейін ойласам істеп жүргенімнің бәрі адамшылыққа жат айуанның қылығы екен. Сол өткен күндеріме қатты өкіндім, сөйтіп жаман жолдан тыйылып, арам кәсіпті тастап, ізгілікке бет бұрдым, адамшылық жолына түстім. Соңыма ерген қарақшыларды таратып жіберіп, Лю Биануға бардым. Сөйтсем, ол да қолынан ештеңе келмейтін адам екен. Одан да көңілім қалып Дунуға қайттым, жолда келе жатып, Хуан Зуға кезіктім де, Шәкуда тұрып қалдым. Алдыңғы жолы Хуан Зу қолы сіздерден жеңілгенде Хуан Зуды құтқарып, Шәкуге алып кеткен мен едім. Бірақ Хуан Зу менің бұл еңбегімді бағаламады. Бас қолбасы Су Фи бірнеше мәрте оған менің көрсеткен еңбегімді айтып көрген екен, Хуан Зу:

– Ган Ниң жастайынан дария сағалап, ел тонаумен күн көрген қарақшы емес пе, қанша еңбек көрсетсе де оны маңызды қызметке қою қатерлі,– депті. Бұл сөзді естігенде жүрегім мұздап кетті, кектенгенім сонша оны сол жерде кездесе буындырып өлтіре салар едім. Сөйтіп, көңілім орнықпай жүргенде бір күні Су Фи үйіне ертіп барды, тамағы мен арағын беріп қонақ қылып күтті, екеуіміз өткен-кеткенді айтып көп әңгімелестік, дастарқан үстінде ол маған “мен сізді иемізге бірнеше рет таныстырдым, көрсеткен еңбегіңде қапы жоқ, бірақ амал қанша, ол сені маңызды орынға қойғысы келмей отыр. Өткен күн қайта келмейді, адам дүниеге бір-ақ рет келеді емес пе. Өміріңді мұнда қор қылмай, бойыңда қайратың бар кезде, алысырақ бір жерге кетіп, жол тауып өз арманыңа жеткенің жөн ғой. Мен сізді Жушән ауданының әкімдігіне ұсынайын, оған қарсы бола қоймас, ордадан ұзап бір шығып кетсең, онан арғысын амалын тауып көре жатарсың”,– деді. Сөйтіп, Шәкуден қашып шығып осылай тарттым,– деді. Ана жолғы соғыста Хуан Зуды құтқарып алғаны, Лиң Сауды өлтіргені бар соның бәрінің кесірі тие ме деп те жүрексінетін көрінеді. Мен оған біздің сұлтанымыз игі жақсыға жаны құмар, кісінің құнын білетін, еңбекті бағалайтын адам, өтіп кеткен іске бола кек сақтамайды, ол кезде сіз өз иеңіз үшін адал қызмет еттіңіз, ол сіздің өз иеңізге адалдығыңызды көрсетпей ме? Сұлтан ол үшін сізді құрметтемесе, қарғамайды,– деп едім, ол сарбаздарын бастап

бізге келіп қосылды. Қазір сізбен жолықсам деп келіп тұр, шапағат-ықыласыңыздан үміт күтіп келіп тұр ғой. Ендігі шешім өзіңізден,— деді. Мұны естігенде Сүн Шуан қатты қуанды. Ол сарбаздарына қарап:

– Ган Ниңнің бізге келуі Хуан Зудың жойылуы дей беріндер,— деді. Сонан соң Лүй Миңға сен тез барып Ган Ниңді шақырып кел деп бұйырды. Арада көп өтпей Сүн Шуанның алдына Ган Ниң келіп сәлем берді. Аман-сәлемнен кейін Сүн Шуан:

– Сіздің бізге келгеніңізге мен қатты қуанып отырмын. Сендей ірі қолбасының қосыныма келуі мен үшін үлкен бақыт. Мұндайда ескі кекті қуып, көңілге кір сақтаудың жөні жоқ. Мен сізді жоғары бағалаймын, ойыңызға күдік-күмән алмай, адал қызмет етсеңіз болғаны, Хуан Зудың әлсіз жерін де, күшін де сіз жақсы білесіз, оны қалай алуға болады, сол туралы ақылыңызға зәрумін,— деді. Ган Ниң енді күдіктенудің де, тосылудың да жөні жоқ екенін біліп, өз ойын тартынбай ортаға салуды жөн көрді:

– Осы күнде елдегі бар билікті Сау Сау шеңгелдеп, хән патшасын ойыншық қылып пайдаланып отыр, тіпті патшаға қатер төніп тұр десек те артық емес. Күшіне сенген Сау Сау қазір жатсатұрса Жінжоу өлкесін қалай басып алуды ойлап, соған көз тігіп отыр. Лю Биау алысты көрмейтін, өресіз, көркеуде адам, ал ұлы өзінен өткен ынжық, әкесінен кері кетіп туған ездің өзі болды. Ата жолын қуып, әке ісін жалғастыратын жігері жоқ, одан үміт жоқ. Сондықтан ертерек қимылдап, бұл өлкені басып қалғаныңыз жөн деп ойлаймын. Егер сіз кеш қалсаңыз Сау Саудың қарап жатпасы белгілі. Меніңше бұл жұмысты Хуан Зуды алудан бастаған жөн. Ол өзі ақылынан азып, аяңнан жаңылып отыр, үлкен жоспар, биік мұраты жоқ, онан-мұнан қағып-соғып пайда табудан арыға барар ақылы да жоқ, дәрмені де қалған жоқ. Одан елдің көңілі қалып, жақсы-жайсандардың бәрі сырт бере бастады. Оның үстіне күші де әлсіз, қолында қару-жарағы да жеткіліксіз, қолбасылары да біліксіз, жасағында тәртіп жоқ. Уақытты ұттырмай қазірден бастап жіті қимылдасаңыз, оны алу оңай. Ең үлкен міндет Хуан Зуды жойған соң батысқа аттанып, Жінжоу өлкесіне табан тірей отырып, Сычуанды қолға түсіру, міне осы міндет орындалса ғана еліңіздің іргесі орнығады. Ган Ниңнің сөзін естіп қатты толқыған Сүн Шуан сүйінішін жасырмай:

– Жарайсың, Ган Ниң, таптырмайтын ақыл, алтындай асыл сөз деп осыны айт,— деп басын изеп-изеп қойды.

Осыдан кейін барлық кеңесші, сардарларын шақырып, Ган Ниңнің ақылын талқыға салды. Сардарлардың бәрі де оның сөзін

құптады. Сонымен Сүн Шуан су жасақтары мен құрлық жасақтарын қатар аттандырды. Екі бағыттағы қалың қолға Жоу Иүйді аға сардар, Ли Минді алдыңғы шептің атойшыл қолбасы, Дұнши мен Ган Ниңді оған орынбасар қолбасы етіп тағайындады да, өзі бас қолбасы болып жүз мың қолмен Хуаң Зуды алуға аттанды. Жансыздар арқылы бұл хабар Жаңшияға да жетті. Ақылшы, сардарларын жинап шұғыл кеңес өткізген Хуаң Зу да соғысқа дайындалды. Ол Су Фиді бас қолбасы, Чын Жию мен Дың Лұнды атойшыл етіп, Жаңшиядағы қалың қолын түгел аттандырды. Олар жауды қалаға жеткізбей тойтарыс беруді ойлап, сақадай сай болып Сүн Шуан қолының алдынан шықты. Чын Жию мен Дың Лұң мұздай қаруланған ұшқыр сайыс қайықтарына мінген, екі қосын су жасағын бастап Мияншүй өзенінің құйылысынан келіп жол тосты. Олар үлкен сайыс қайығының үстіне мыңнан астам атқы садақ орнатып, қайықты дарияның тап ортасына жуан арқанмен байлап тастады. Сүн Шуан қолы дарияны бойлап жетіп келгенде дабыл үні жер жаңғыртып, үлкен қайықтың үстінен атқы садақ жебені бұршақтай боратты. Алғашында қалың қол қайыққа жақындай алмай, бірнеше шақырым кейінге шегінуге мәжбүр болды.

Атойшыл қолдың сардары Дұң Чи не істерін білмей дағдарып тұр еді, жанына Ган Ниң келді:

– Соғысты бастаған екенбіз, енді қайта шегіну бізге жеңіліспен тең. Мынадай қиын жағдайда сарбаздардың еңсесін түсіріп алмау үшін ілгерілей шабуылдаудан басқа амал жоқ,— деп кеңес берді. Өз жүзден астам ұшқыр қайыққа сығайланған елу сарбаздан мінгізіп, шабуылға дайындалды. Әр қайықтағы елу сарбаздың жиырмасы ескек есетін болды да, отызы үстеріне қабат-қабат сауыт киіп, қолдарына алмас қылыш алып, садақ жебесін қалқанмен тоса, бұршақтай бораған жебеден қаймықпастан жаудың қорғаныс қайықтарына қарсы ұмтылды. Олар ақыры арқанмен байланған үлкен қайықтарға да жетті. Келген беті қайықтарды байлаған жуан арқандарды қиып-қиып жіберді. Сол-ақ екен, үлкен қайықтар көлденеңдеп шоңқая берді. Жау қайығына қарғып шыққан Ган Ниң жеңіл қылышын оңды-солды сілтеп, жау сарбаздарымен кескілесіп кетті. Ол жан шыдатпады, қарсы келіп қалған Дың Лұнды “э” деуге шамасын келтірмей шауып түсіргенде, батырдың қайратын білетін Чын Жию оның мына екпінінен жүрегі шайлығып қайығын тастай қашты. Қайығын тастай қашқан оны Лүй Миң көріп қалды да, ескекті қайығын зулатып барып, арқанмен байланған жау қайықтарына өрт қоя

берді. Чын Жио жағаға қарай жанталасып жүзіп келе жатыр еді. Оны Лүй Миң қуып жетіп, қайырылып қарсылық көрсетуге үлгертпей қылышпен шауып тастады. Құлаштай сермеген алдаспан басын бір жақ иығымен қоса шауып түсірді.

Қорғаныстағы сарбаздарына сенген Су Фи қалың қолын бастап, жағаға жеткенде Сүн Шуан қолы да жағаға шығып сақадай сайланып тұр еді.

Алдын ала тосқауылға жіберген сығайланған сарбаздарынан айрылған жау қолының еңсесі түсіп кетті. Алғашқы шабуылда жеңіске жеткен Сүн Шуан сарбаздары рухтанып екпіндей тиісті. Бұл соғыста Хуаң Зу қолы тағы да жеңілді. Сарбаздары қырылып, қолы ойсырап бара жатқанын көрген Су Фи майданды тастай қашты. Ол жаудан құтылып кете алған жоқ, алдынан Пән Жаң шыға келді де, екеуі айқаса кетті. Айқас бірнеше кезекке бармай-ақ, оны Пән Жаң тірі ұстап, қайыққа басып алып Сүн Шуанға әкеліп тапсырды.

Хуаң Зу ұсталған соң екеуін бірге жазалаймын деп, Сүн Шуан оны бір арбаға шегелеттіріп тастады. Жаудың қорғанысын талқандап, қайта-қайта жеңіске жектен Сүн Шуанның қалың қолы күн-түн демей алға ілгеріледі. Олар сол беті бөгеліссіз келіп Шәку қаласына шабуыл жасады.

Ал Хуаң Зу Шәкуді қорғап қала алды ма, алмады ма, екі жақтың қайсысы жеңді, оны келесі тараудан оқыңыз.

Буаң Фу қыратында Жүгі Ляңның қол басқаруы

Шәкуге шабуыл жасағанда Сүн Шуан сайысты өзі бақылап тұрды. Сарбаздарының көбінен айырылып, сардарлары қолға түскен Хуаң Зу қаланы сақтауға шамасының жетпейтініне көз жеткен соң, Жияңшаны тастап Жиң Жоуға қарай шегінуді ойлады. Жеңілген Хуаң Зу шамасы келсе Жиң Жоуды бетке алып қашады-ау деп мөлшерлеген Ган Ниң шығыс қақпаның сыртынан оның алдын тосып жүрген.

Хуаң Зу қырғын соғыстың ішінен әрең дегенде сытылып шықты. Қасында оншақты ғана сарбазы бар, жанқияр жақындарын ерткен Хуаң Зу шығыс қақпаны күшпен талқандап шықты. Олар енді қаладан ұзай бергенде Ган Ниңнің тосқауыл қолына кездесті. Сығайланған сарбаздарын бастаған Ган Ниң оларға жақындап келіп тұра қалды. Оны көрген Хуаң Зу:

– Сен кеше ғана менің қолымда жүрген, дәмдес болған адам емес пе едің, сол кезде мен сенің көңіліңді қалдырдым ба? Кімнен кем-қор болып едің, татқан дәмді, сыйластықты ұмытып, мұның қайткенін, “жау жағадан алғанда бөрі етекпен” деп, тар жерде жолымды тосып, алқымымнан алғаның не?– деп айғай салды. Ган Ниң оның бұл сандырағына құлақ аспады, бірақ жөнімді айтып, өзіме істегенін бетіне басып қалайын, өкініп өлсін деген оймен:

– Сен де жақсы білесің, күні кеше сенің қол астыңда жүргенде, Жияңшияда талай ерлік көрсеткен едім. Саған қанша адал болып елеулі еңбек көрсетсем де, оны көрмей, ел тонаған қарақшы деп тұмсығыңды көтеріп, маған адам екен деп қарамай, еткен еңбегімді еш қылып едің. Ендігі былшылыңа жол болсын,– деді. Хуаң Зу Ган Ниңнің кеудесін кек кернеп, әбден өшігіп тұрғанын, одан оңай құтыла алмасын біле қойды да, атын тебініп жіберіп зыта жөнелді. Хуаң Зудың соңына ерген аз ғана сарбаздары Ган Ниңді тосуға да жарамды, оларды жарып өтіп Хуаң Зуды қуа жөнеліп еді, артынан айғай шыққан соң, атының басын тартып артына қарады. Сөйтсе бірнеше салт атты құйындатып келеді екен. Алыстан олардың ішінде Шиң Фу бары анық көрінеді. Мыналарды тосып бірге қусам Шиң Фу еңбегіме ортақ болар деп ойлаған Ган Ниң садаған қолына алды да, қорамсақтан жебе алып, Хуаң Зудың ту сыртын көздей тартып жіберді. Ол қалт жібермейтін мерген еді, адырнадан ұшқан жебе Хуаң Зудың жауырын ортасына барып қадалды. Жебе тиген Хуаң Зу атынан қалпақтай ұшты. Ган Ниң оның басын алып қадаға шаншып алып, Шиң Фулармен бірге Сүн Шуанға келіп, жауының басын тарту етті. Сүн Шуан оның басын әкесінің зиратына апарып, аруағына атап, ақтық қылу үшін, ағаш кебежеге салдырып, аузын мықтап шегелетті. Соғыста жеңген Сүн Шуан сарбаздарына олжа таратты. Сол жолғы көрсеткен еңбегі үшін Ган Ниңге аймақ дәрежелі шен берді. Мұнан соң қолбасыларымен кеңес құрып, Жияңшаны қорғауға арнаулы жасақ қалдыру жайын ақылдасты. Жұрттың бәрі не істеудің жөнін таппай ойланып отыр еді, Жаң Жау сөз сұрады, елдің бәрі оған қарай қалысты. Ол:

– Жияңша қияр шеттегі, елден қашықта орналасқан жетім қала, бұл жерді қорғауға күш көп керек, сондықтан Жияңшаны қорғап қаламын деп әуре болудың керегі жоқ. Ең дұрысы, қолды алып, дарияның шығысына қайтып кеткеніміз жөн. Біздің Хуаң Зуды жойғанымызды естисе, Лю Биау қарап жатпайды, дереу кек алуды ойлап, шабуыл жасайды. Біз оған дейін ат-көлігімізді тойындырып, сарбаздарымызды тынықтырып алуымыз керек. Сонда алыстан ат-көлігі арықтап, адамдары қажып, әбден титықтап келген жауға

сілейте соққы бере аламыз және қалайда жеңеміз. Алыстан арып-ашып келген жау алғашқы айқаста жеңіліп беті қайтса, жүректері шайлығып жасып қалады. Сол кезде жұдырықтай жұмылып, тайлы-тұяғымызбен шабуылға өтсек, Шаңяң мен Жиң Жоуды оғай қолға түсіреміз,— деді.

Сүн Шуан бұл ақылды күп көріп, соған тоқтады да, Жияңшаны тастап қалың қолды алып Дария шығысына қайтып кетті. Бітеу арбада басулы жатқан Су Фи біреуден өзін құтқару жөнінде Ган Ниңге астыртын сәлем айтты. Ган Ниң оның сәлемін естігенде:

– Су Фи айтпаса да бұл менің борышым емес пе, оның жақсылығын неге ұмытайын, алаңдамасын, өзім бір жөнін табармын,— деді. Қалың қол Уұхұйға қайтып келген соң, Сүн Шуан жарлық түсіріп Хуаң Зудың басымен бірге тасаттыққа шалу үшін Су Фидің басын кесіп әкелуді бұйырды. Ган Ниң дәл осы сәтте Сүн Шуанның алдына кіріп, басын жерге тоқпақтап зар еңіреді:

– Тақсыр, бір кезде Су Фи маған ақылын көрсетпеген болса, кім білсін, пақырыңыздың сүйегі қай сайдың қуысында, қай бұтаның түбінде қаларын. Онда маған сұлтанның жарлығын алып, қызметін істеп жүретін мұндай күн қайда? Су Фи да күнә жоқ деп тұрғаным жоқ, күнәсі бір басын алуға жетеді, бірақ өз басыма істеген жақсылығын ойлап, осы жолғы алған мансабымды соның күнәсіне атап, басын азат етсеңіз деген тілегім бар,— деді.

– Ол саған жасқылық еткен болса, сен үшін бір жолға кешірсе де болар еді, бірақ қашып кетсе қайтесің?— деді Сүн Шуан.

– Оған алаңдамаңыз, менің сізге өтініш етіп, басымды кепілге қойғандай болып құтқарып қалғанымды ол да біледі, сондықтан мені жерге қаратып қашып кете қоймас, оның үстіне ол жақсылықты білмейтін жан емес. Егер ол қашып кететін болса, басын өзім кесіп алдыңызға тартамын,— деді Ган Ниң. Ган Ниңнің араға түсуінің арқасында Су Фидің күнәсін кешірген Сүн Шуан әкесінің зиратына ақтыққа Хуаң Зудың басын ғана атап, тасаттық берді. Тасаттық аяқталған соң, сардарлар мен данышпан ақылшыларын шақырып, тәмам төрелердің басын қосып, үлкен қонақасы беріп, жеңісті құттықтады. Жұрттың бәрі шарапқа шалқып, қонақасы жаңа қыза бергенде, қалың топтың ортасынан біреу өкіріп жылап, орнынан тұрды. Ол қанжарын ала сала Ган Ниңге тұра ұмтылды. Мұны күтпеген Ган Ниң сасып қалды. Ол жанталасып астындағы орындығымен қылышты қағып, басын қорғады. Мына сұмдық көріністен жүрегі зырқ ете қалған Сүн Шуан жалт қараса, Ган Ниңге қылыш ала жүгірген Лин Тұң екен. Ол ана жолы Жияңшадағы соғыста әкесі Лин Сауды өлтірген адам

Ган Ниң екенін көрген еді. Сол кегі қайтпаған батыр, осы орайда оны өлтіріп кек алуды ойлап ұмтылса керек.

Сүн Шуан арашаға түсіп оған басу айтты:

– Кезінде Ган Ниң әкенді өлтіргені рас, соғыстың заңы солай, ол өлтірмесе сенің әкең оны өлтірер еді. Ол кезде Ган Ниң өз иесіне адал қызмет етті. Бүгін жағдай басқаша, ол енді жау емес, біздің адам, бәріміз бір үйдің адамы болып, бір шаңырақтың астында отырмыз. Енді өткенді ойлап кек сақтаудың керегі жоқ. Мен үшін кегінді кешір. Ботадай боздап жылаған Лин Тұң қылышын көлденең ұстаған беті Сүн Шуанның алдына бас иіп:

– Мұнда менің бітіспес кегім бар екенін өзіңіз білесіз. Қалайша кешіремін!– деп зар еңіреді. Сүн Шуан мен жиналған жақсы-жайсандар қайта-қайта ақылдарын айтып оны әзер тоқтатты. Ган Ниңді оқты көзімен атқан Лин Тұңның сонда да іші жылымады. Лин Тұңның кек алуынан қорыққан Сүн Шуан оның көзінен тасада болсын деп, сол күні Ган Ниңге бес мың сарбаз, бір жүз соғыс қайығын беріп Шәку күйғанындағы қамалды қорғауға жіберді. Ган Ниң Сүн Шуанға алғысын айтып, қоштасты да, қолын бастап Шәкуге жүріп кетті. Сүн Шуан бұйрық шығарып, Лин Тұңға қаза болған әкесінің шенін беріп, аймақ дәрежелі сардарлыққа көтерді. Кеудесін кек кернеген Лин Тұң бұл мансапты зорға қабылдады.

Осыдан бастап дарияның шығысындағы Уұ елі ұшқыр қайықтарды көбейтіп, жасақтарын машықтандырып, соғыс дайындығын қызу жүргізіп жатты. Дария аңғарын жауға бермей мықты күзету үшін, тұс-тұсқа бөлінді. Бір қосын қолды бастаған Сүн Жиң сардар Уұхұйды қорғауға аттанды. Қалың қолын бастаған Сүн Шуанның өзі Шайсанға орналасты. Жоу Иүй Поянху көлінің жағасында күн сайын су жасағын машықтандырумен болды. Жансыздарын арттарынан жіберіп, дария шығысының аңысын андатқан Лю Би Сүн Шуанның Хуаң Зуды біржолата жеңгенін де, қалың қолын Шайсанға орналастырғанын да біліп отырды. Ол осы хабар келген соң, Жугі Лянды шақырып ақылдасқалы отыр еді. Олар енді сөйлесе бергенде шабарман есіктен кіріп, Жиң Жоуда жатқан Лю Биға ақылдасуға Лю Биді шақыртыпты деген хабар жеткізді. Жугі Лян мырс етіп күліп жіберді де:

– Хуаң Зу үшін Сүн Шуаннан кек алмаққа бекінген екен ғой, бұл сізді Сүн Шуанға қарсы одақтасып, кек алудың жоспарын құруға шақырып отыр. Егер сіз лайық көрсеңіз мен де сізбен бірге барайын, барған соң істің беталысына қарай бір лажын табармыз, бір жөні болар,– деді Жугі Лян. Екеуі осы ақылға тоқтады. Лю Би

дереу бұйрық шығарып, Гуан Гүнді Шиниені қорғауға қалдырып, бес жүз жасақпен Жаң Фиды қорғаушы ғып алып, Жиң Жоуға жүріп кетті. Лю Би жолда Лю Би Жугі Лянға:

– Лю Биға не деп жауап береміз?– деді.

– Алдымен алдыңғы жолы Шаңяндағы іс жөнінде кешірім сұрап, кішілік көрсетіңіз. Егер сізді Сүн Шуанға қарсы одақтасуға шырғаласа, сөз ұстатпаңыз, Шиниеге қайтып барып қол жасақтайын деп екіұшты жауап беріңіз,– деді Жугі Лян.

Лю Би осы ақылға тоқтады. Олар әңгімелесе отырып Жиң Жоуға да жетті. Жаң Фиды қолымен өздері түскен қонақада қалдырып, Жугі Лян мен Лю Би Лю Биға келіп жолықты. Амансаулықтан соң Лю Би басын иіп, өткендегі іске кешірім сұрайтынын білдірді.

– О не дегенің, бауырым, әзиз басың қастандыққа тап болғаныңды мен естіп біліп отырмын. Сол үшін Сай Маудың басын алып, өзіне беріп жібермекші болып едім, ұлықтарым қиыла сауға сұрап тұрып алған соң, бір жолға жанын қидым. Онда сенің жазығың жоқ,– деді Лю Биға.

Лю Би әдейі сөз тарту үшін:

– Меніңше, бұл істің Сай Мау қолбасыға қатысы жоқ тәрізді, төмендегілердің қылығы сол болса керек,– деді. Лю Биға оған ештеңе деп пікір білдірмеді, аз үнсіздіктен кейін өзінің оны шақырғандағы себебін айтты:

– Жияңша қолдан кетіп, Хуан Зу қазаға ұшырап, белге соққан жыландай болып отырмын. Жанашырым да, жақыным да өзін ғанасың, жан қысылса жақынын табар деген, өзінді шақырған себебім, есе қайтарып, кек алудың амалын ақылдасайын деп едім,– деді.

Лю Би оның бұл ұсынысына ашық ықылас білдірмеді, сөзді басқа жаққа бұрып:

– Хуан Зудың өзі де мінезсіз, әпербақан, кісі қадірін білмейтін, шорқақ кісі еді, өз кесірі өзіне тиген болды ғой. Соғыста жеңілсе де, елден бөтен пәлеге тап болатын жөні жоқ еді,– деп бір тоқтады да, сонан соң сөзін қайта жалғады, егер біз барлық қолымызды алып оңтүстікке жорыққа аттансақ, ту сыртымыздан Сау Сау тап беруі мүмкін, оны қайтеміз,– деп бір қойды. Лю Биға аз ойланып барып:

– Қадірлі бауырым, мен жасым жетіп, қартайған адаммын, науқасым да барған сайын күшейіп келеді. Бір аяғым көрде, бір аяғым төрде, егер өзін келіп қолұшын бермесең, ел тізгінін ұстап тұратын халім жоқ. Сонан соң аз үнсіз отырды да:

– Мен олай-бұлай болып кетсем, Жиң Жоуды өзіңе тапсырамын, елге де, жерге де өзің ие бол,– деді. Лю Би бұл сөзге қатты толқыды. Ол:

– Ағай, бұл не дегеніңіз, пақырыңыздың ондай үлкен іске шанағы жете ме?– дей бергенде, Жугі Лян үндеме дегендей қабағын қағып қалды. Оның бұл ишарасынан әлденені ойлап отырғанын түсіне қалған Лю Би сөз соңын басқа арнаға бұрып: – Ақылдасып ұтымды шараны қолдануымыз керек қой,– деп сөз аяғын жаймашуақтай салды. Сол күнгі әңгіме осымен бітті, олар қош айтып қоналқаға қайтты. Қонақ үйге келген соң Жугі Лян жымысып алды да, Лю Би Жиң Жоудың қожасы етемін деп отырса, бас тартқаныңыз не?– деді.

– Лю Би ағайдың мен дегенде шығарда жаны бөлек, өзі жаны алқыма келіп қысылып отырса да, маған деген ықыласын көрмейсің бе, мейірімін төгіп, құрметтеп, алдымнан кесе өтпейді. Мынадай басына іс түсіп отырған орайды пайдаланып, билігін тартып алғаным жөн бола ма?– деді Лю Би. Жугі Лян басын шайқап үнсіз отырып қалды да:

– Расында, ел айтқандай “рахым-шапағаттың төл иесі екенсіз-ау!”– деп күрсінді.

Олар сөйтіп әңгімелесіп отырғанда қызметші келіп, Лю Би аудың бекзадасы Лю Чи дидарласуға келіп тұр деп хабарлады. Лю Би оны ертіп келіндер деп әмір етті. Лю Чи кірді де амандық-саулықтан соң Лю Бидің аяғын құшып жылап жіберді:

– Өгей шешем күн көрсеткенді қойды, мені ордаға сыйғызар емес. Басыма қауіптің төніп келе жатқанын өзім білемін, сорлы жаным бүгін бе, ертең бе қыл үстінде тұр. Ағатай, сорлы ініңізді есіркеп құтқара көріңіз,– деп ботадай боздады.

Лю Би оған:

– Бауырым-ау, бұл сендердің өз үй-іштеріңнің ішкі жұмысы емес пе, менен қалай ақыл сұрайсың? Мен не көмек беремін,– деді. Олардың әңгімесіне Жугі Лян күліп жіберді. Лю Би одан бұған қандай шара қолдану керек екенін сұрап еді, Жугі Лян:

– Әлгінде сіз дұрыс айттыңыз, бұл қалай десе де өздерінің ісі ғой, бұған билік айтуды қойып, тындауға да дәтім бармайды,– дей салды. Лю Чи кететін сыңай танытқан соң, Лю Би оны шығарып салмаққа ере шықты, олар үйден ұзаған соң, оның құлағына:

– Ертең мен Жугі Лянды құжыраңа жіберейін, сонда сен былай... былай істе, ол саған қалайда бір ақыл айтып, амалын көрсетеді,– деді. Лю Чи құжырасына кетті. Келесі күні Лю Би ішім ауырды деп жатып қалды да, өз орнына Лю Чиге барып келуге

Жүгі Ляңды жұмсады. Жүгі Ляң Лю Чидің құжырасына келіп, онымен кездесті. Ең түпкі бөлмесіне бастап барған Лю Чи шай ұсынып болған соң сөз бастап:

– Өгей шешем сыйдыратын емес, осы мажырадан құтқарар бір ауыз ақылыңызды айтсаңыз бақытты болар едім,– деп жалынды.

– Мен бір жүрген жолаушымын, туыстардың отбасылық ісіне араласқаным қалай болар, ел құлағы елу, біреуден біреу естіп, сыр шашылып қалса, мүрдем кеткенім емес пе,– деп Жүгі Ляң жүрмекке қамданды.

– Сіз менің үйіме күнде келіп жатқан жоқсыз, құтты қадамыңызбен босағамды аттағанда, қонақ қылып күтпей бұлай жібере алмаймын,– деп Лю Чи бәйек болды. Ол жалынып-жалпайып жүріп, тамаққа қаратып, құпия бөлмесіне ертіп келді. Дастарқан жайылып, шарап ішілді. Ол тағы да:– Өгей шешемнің тепкісінен құтқаратын бір ауыз ақылыңызды айтсаңыз болар еді,– деп сөз бастай беріп еді, Жүгі Ляң:

– Бұл менің араласатын шаруам емес,– деп бірақ қайырды да орнынан тұрып, кетуге ыңғайланды.

– Мырза, ақылыңызды айтпасаңыз өз еркіңіз, бірақ жиылмаған дастарқанды қалай тастап, дәм аттап кетесіз?– деді Лю Чи. Жүгі Ляң бұл сөзге тоқтап қайта отырды. Тамақ ішіп ана-мынаны айтып отырғанда Лю Чи:

– Пақырыңыздың көне заманнан қалған бір киіз кітабы бар еді, мырза, егер әуре көрмесеңіз көріңізші,– деп Жүгі Ляңды жоғарғы қабаттағы бір тар бөлмеге ертіп кірді. Кірерін кіріп қалса да әлденеден секем алған Жүгі Ляң:

– Кітабыңыз қайда?– деп сұрады. Бірақ Лю Чи кітапты алып берудің орнына көзінің жасын көл қылып аяғына жығылып жатып кеп жабысты:

– Мырза, менің күнім бітуге айналды, өгей шешем тірі қоятын емес, осы күнде жаным қыл үстінде, қай күні қалай өлер екем дегеннен басқаны ойламаймын, мырза, құтқара көріңіз, маған шынымен ақыл бермейсіз бе?– деп жалбарынды. Мұнда ертіп келген себебі осы екенін білген Жүгі Ляңның түсі бұзылып кетті. Ол үйден шыға жөнелмек болып еді, төменге түсетін басқышты алып тастапты. Артынан жүгіре шыққан Лю Чи:

– Пақырыңыз сіздің бір ауыз ақылыңызға мұқтаж еді, амал қанша, тіс жармадыңыз, сыр ашылып қалады деп қорыққаныңызды білемін. Міне, қазір төбемізден аспан алыс, табанымыздан жер төмен. Ел білмейтін онаша жерде тұрмыз. Бір ауыз ақылыңызды құлағыма сыбырлаңыз,– деді Лю Чи тағы жалбарынып.

– “Атасы басқа ағайын арасына билік айтпас” дейтін мәтел бар емес пе, мен саған қалай ақыл көрсетемін?– деді Жүгі Лян.

– Мырза, қанша жалынсамда маған жаныңыз ашып, ақыл айтпадыңыз, мен бәрібір өлімге үкім етілген бейбақпын, өзім өлмесем кісінің қастығынан өлемін, әйтеуір пәледен басым құтылмайды. Өлетін жанға бәрібір емес пе, кісінің қолынан өлгенше мырзаның алдында өлейін,– деп Лю Чи қанжарын суырып алып өзін өлтірмекке оқталды. Оның бұл ниеті көз қылу емес, шынайы торыққаннан барған қадам екенін білген Жүгі Лян:

– Өйтпеңіз, бекзада, бір ақылы табылып қалар,– деп оны дереу тоқтатты.

– Ақылыңызға зәрумін,– деп тағы тағзым етті Лю Чи.

– Бекзада, Шын Шың мен Жұң Ыр туралы аңызды естіп пе едіңіз? Іште қаламын деп Шын Шың жазым болған да, сыртқа кеткен Жұң Ыр аман қалған. Сен де осы амалды қолданғаның жөн емес пе! Қазір Хуаң Зу күйреп, Жияңша иен қалды, Лю Биәу оны қорғайтын адамға мұқтаж болып отыр. Қол бастап барып Жияңшаны қорғайын десең болмай ма? Сонда пәледен аулақ болар едіңіз,– деді Жүгі Лян. Жүгі Лянға басын иіп, тағзым етіп, алғысын білдірген Лю Чи дауыстап адам шақырып басқыш қойдырды. Басқыштан түскен соң, Жүгі Лян қош айтып қоналқасына қайтып кетті. Онда келген соң ол Лю Биге болған істің бәрін мағлұм етті. Лю Би іштей қатты қуанды.

Келесі күні Лю Чи әкесінен жасақ бастап барып, Жияңшаны қорғауға дайын екенін айтты. Бұл ұсынысты не қабылдай алмай, не тойтара алмай басы қатқан Лю Биәу өзі бір бекемге келе алмай ақыры Лю Бимен ақылдасты. Лю Бидің күткені де осы еді, ол ойланған болып отырды да:

– Жияңша аса маңызды жер ғой, оған бекзада өзі бармаса, басқа адамға сеніп тапсыруға болмайды. Оны сол жаққа жіберіңіз де оңтүстік-шығысты қолыңыздағы балаңызбен өзіңіз қорғаңыз, оңтүстік-батысты қорғауды мен пақырыңыз міндетіне алсын.

– Жуырдан бері Сау Сау Ижүн аймағындағы Шуанучи көлшігінде су жасақтарын машықтандырып жатыр дейді. Онысы оңтүстікке шабуыл жасаудың дайындығы болса керек, оңтүстікті қорғамаса болмайды,– деді Лю Биәу. Лю Би оның көңілін орнықтыра түскісі келіп:

– Мен де естігем, шабуыл жасағанда не қылар дейсіз, ағай, алаңдамаңыз,– деді. Сонан кейін Лю Би онда көп аялдаған жоқ, Лю Биәуға қош айтып, Шиниеге қайтып кетті.

Лю Бидің ақылын жөн көрген Лю Биәу үш мың қол беріп Лю Чиді Жианшаны қорғауға аттандырды.

Кемеліне келіп, күшейіп алған Сау Сау ойына не келсе соны істейтін болып алған еді. Ол енді патшалықта дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан үш уәзірлікті тегіс алып тастап, олардың қызметін бас уәзір болған өзі қосымша атқарды. Басқа билікті орындарға да өз адамдарын отырғызды. Ол Мао Жиені оң қол ақылшы, Сүй Иянды сол қол ақылшы, Сы Майды кеңесшілер алқасының ақылшысы етіп белгіледі.

Сымайдың жанама аты Жұң Да еді. Ол Қыни аймағының Уын деген жерінің адамы болатын. Арғы атасы кезінде Иңшуанға уәли болған Сы Мажүн, бұл соның шөбересі еді. Әкесі Сы Мафан кезінде Жиңчаудың ұлығы болған, ағасы Сы Малаң да ақылшы төре болған. Қаламгер ұлықтарды реттеп болған Сау Сау енді сардарлармен, қолбасылармен бас қосып, оңтүстікке жорық жасауды талқыға салды. Жиналған жұрттың алдында бірінші болып сөз алған қолбасы Шия Худүн:

– Естуімше Лю Би Шиние ауданында күн сайын жасақтарын машықтандырып сайланып жатыр дейді. Әуелі осыны жоймасак түбі бізге осы пәле болары анық,– деді. Жиналғандардың бәрі бұл ұсынысты қолдады. Сау Сау табанда жарлық шығарып, Шия Худүнді бас сардар, Иүжин, Ли Дян, Шия Хулан, Қан Қауларды аға сардар етіп, оған көмекшілікке тағайындап, жүз мың қолмен тіке Боуаңдың қаласына барып Шиние ауданын алуды бұйырды. Шүн Иүй өз көңіліндегі күдікті жасырмай:

– Лю Би көзсіз батыр адам, оның үстіне оған әскери ақылшы болып Жугі Лян қосылып отыр, онай жау емес, ойланбай ұрынуға болмас,– деп еді.

– Лю Би қортықтың басын алып келмесем, кісі екен демеңдер,– деді Шия Худүн долданып кетіп.

– Қолбасым, Лю Биді онай олжа көрмеңіз, қазір ол Жугі Лянды қолғанат етіп отыр, мұның өзі жолбарысқа қанат біткенмен бірдей,– деді Шүй Шу.

– Жугі Лян дегендерің кім?– деді Сау Сау.

– Оның жанама аты Күннің, лақап аты “Тасадағы айдаһар”. Дүниедегі не ғаламаттың бәрін болжай білетін үлкен талант иесі. Айласына астар болар ақыл иесі жоқ. Не ойлағанын ақылмен болжап болмас, бұл заманда теңдесі жоқ парасат иесі, оған жеңіл қарауға болмайды,– деді Шүй Шу.

– Өзіңізбен салыстырғанда қандай?– деді Сау Сау.

– Атай көрмеңіз, мен қанатынан болымсыз сәуле шашқан жарық қоңыз секілдімін, ол кісі жердің жүзін нұрымен жарқыратқан айдың өзі.

– Шүй Шу, ағат кеттің,– деді Шия Худүн.– Жугі Лян да әулие емес, жай адам емес пе, ондай әуреден қорқатын мен емес, көр де тұр, бір жолғы айкасқа жеткізбей-ақ, Лю Биді жер жастандырып, Жугі Лянды тірі ұстап әкеп беремін. Егер оны істей алмасам, басымды уәзірдің қанжығасына байлаймын.

Оның бұл жігеріне Сау Сау іштей разы болып қалды.

– Жеңіс хабарын ертерек жеткізіп, көңілімді орнына түсірерсің деп сенемін,– деп өзінің оған сенетінін білдірді. Осы сөз Шия Худүнге қанат бітіргендей болды, уәзірдің өзіне сенетініне көзі жетіп, басқалардың алдында мерейі өсіп қалған ол, онан ары өркештеніп, айқұлактана түсті. Сау Сауға қош айтып, атқа қонған Шия Худүн қалың қолын бастап жүріп кетті.

Жугі Лян келгеннен бері Лю Би оның алдынан кесе өтпей, ұстаз тұтып құрмет етіп, не істесе де онымен ақылдасып, соның айтқаны бойынша істейтін болған. Лю Бидің бұл қылығы Гуан Гүн мен Жаң Фиға ұнамады. Олар көзінше ештеңе демесе де өздері оңаша қалғанда:

– Мынау данышпанымыз мұрты енді тебіндеп келе жатқан уыздай жас екен, осында қандай талант болуы мүмкін. Ағай, оны тым асыра қолпаштап жібердіңіз, сіз ойлағандай данышпан болып, ісімізге көмегі тиіп, бірденеге жарай қойса болар еді, әй, қайдам, осының іске жарауы екіталай!– десетін. Ондайда Лю Би оларға наразы болып:

– Сендер түсінбейсіңдер, мен жағада қалып қайраңдаған балықтай күй кешіп, тынысым күн сайын тарылып бара жатыр еді. Жугі Лянға кезіккен соң, қайтадан дарияға түскендей тынысым кеңіп, еркін жүзетін болдым. Кенезесі кепкен жанның суға кезіккеніндей сенімге ие болдым. Інілерім, екеуің бұралқы сөзді қойындар,– дейтін. Гуан Гүн мен Жаң Фи үндемей шығып кететін.

Сол күндердің бірінде біреу сарлықтың құйрығын әкеліп Лю Биге тарту етті. Лю Би сол құйрықтың қылымен сәндеп қалпақ тоқып жатыр еді, Жугі Лян кіріп келді. Қалпақты көргенде оның өңі бұзылып кетті. Сөйтті де:

– Қолбасым, сіздің бұл ісіңізге қарап менің қарным аша бастады. Тапқан ермегіңіз мынау болса, сізде пәлендей ұлы мұрат та, айқын мақсат та жоқ секілді? Шамасы мен жаңылып торға түскен қырандай халде қалғанға ұқсаймын,– деді. Бұл сөзді естіп жүрегі түршігіп кеткен Лю Би қолындағы қалпақты лақтырып жіберді де:

– Жабыққан көңілді сергіту үшін істеп отырған ермегім еді, мүмкін сенікі жөн шығар, мұндай іспен айналысу маған жараса қоймас, ескерткенің дұрыс болды,– деп алғысын айтты. Жугі Ляң оның бұл сөзіне онша мән бермеген адамдай өз ойымен өзі болып біраз тұрды да:

– Сардар, сізден сұрайын деп көптен бері ұмытып жүр едім, Сау Саудан қандайсыз?– деді. Лю Би ойланған да жоқ.

– Оған қайдан шақ келемін,– деп жауап берді.

– Өзіңіз Сау Саудың шерігіне жетпесеңіз, сарбаздарыңыздың саны бірнеше мыңға да жетпейді, сонда ойламаған жерден бір күні Сау Сау қолы жетіп келсе, оған қайтіп төтеп бермексіз?

– Өзімнің де жатсам-тұрсам ойлайтыным сол. Алайда, ұтымды шара таба алмай дал болып жүрмін. Ақылшы, сізше не істеуіміз керек?

– Тезірек елден жігіт жинап, қол жасақтаңыз. Мына пақырыңыз жасақтарды машықтандырып, әскери өнер үйретсін. Қапы қалмай жауға төтеп берудің қамын қарастырайық.

Осыдан кейін Лю Би Шиние ауданының халқынан үш мың жасақ жинады. Жугі Ляң күн-түн демей оларды соғыс өнеріне машықтандырып, шеп құру, шеп сақтау, қорғану және шабуылға шығудың жолдарын үйретті.

Сол күндердің бірінде барлаушылар Сау Саудың жүз мың сарбазын Шия Худүн бастап Шиниеге бет алып келе жатыр деген тосын хабар жеткізді.

Мұны естіген Жаң Фи Гуан Гүнге:

– Біз несін абыржимыз, ағайдың әлгі Жугі Ляңы бар емес пе, жаудың алдынан сол шығып, соққы берсе болды емес пе,– деді. Сөздері аяқталмай жатып ол екеуін Лю Би шақыртып алды. Олар әмір шатырына кірген соң Лю Би оларға қарап:

– Бізді таптап тастамаққа Сау Саудың қалың қолын бастап, Шия Худүн келе жатқан көрінеді, бұл оңай жау емес, қай жерден тосқауыл жасаймыз, қалай төтеп береміз, не ақылдарың бар?– деді. Екі батыр Лю Биге өкпелі еді.

– Ағай, әлгі өзіңіз балық болып жүріп тапқан “дария суыңызды” жіберсеңіз болды емес пе,– деді екеуі. Лю Би олардың өкпелі екенін аңғарып, көңілдерін орнықтырайын деп:

– Екеуің маған өкпелі болып жүрсіңдер ме? Мен сендерді ешкімге де айырбастамаймын, ақылда Жугі Ляңға, қайратта екеуіне сүйенемін. Өз жауапкершіліктеріңнен қалай бұлтармақсыңдар?– деді. Екеуі үндемей шығып кетті. Олар кеткен соң Жугі Ляңды шақырып ақылдасты. Жугі Ляң:

– Біз үшін қауіптісі келе жатқан жау емес, іштен іру, Гуан Гүң мен Жаң Фи менің бұйрығыма мойынсұнбай ма деген қауіп бар, егер олар маған бағынбаса, онда мен де шарасыз қаламын. Егер олар менің бұйрығыма мойынсұнатын болса, бұл жаудың бетін қайтару маған түк те емес, сондықтан қалың қолды мен бастасың, жауымызды женейік десеңіз, белгі қанжарыңызды маған беріңіз,– деді.

Лю Би табанда белгі қанжарын Жугі Ляңға ұсынды. Белгі қанжарды алған соң барлық сардарларды жинап соғыс жоспарын құрмақ болды.

– Әзірше мұның әмірін екі етпейік. Қандай жоспар құрар екен, оны да көрейік,– деді Жаң Фи Гуан Гүңге.

Сардарлар жиналған соң Жугі Ляң әскери жарлық түсіріп, соғыс жоспарын ұқтырды. Ол жұрттың алдына шығып көсіліп сөйлеп кетті:

– Боуаң Чіңнің солында Иүншан дейтін тау, оңында Әнлин деген халың орман бар, жері ұры, ағашы көп жасырын торуыл құруға қолайлы жерлер. Гуан Гүң сардар мың қолды бастап Иүншан тауынан торуылдасын, бірақ жау қолы келгенде тиіспей өткізіп жіберсін. Өйткені азық-түлік, арба-керуені қалайда артында болады. Жау қолы өтіп кеткен соң, оңтүстікке қарап, менен белгі күтсін, мен белгі ретінде от жағамын, сол өрт шыққанда тап беріп, жаудың азық-түлігін өртесін. Жаң Фи мың қолмен Әнлин орманының ту сыртындағы сайдың ішінде бекінсін, оңтүстіктен белгі өрті шыққанда, Боуаң Чіңдағы жаудың азық-түлігіне тап беріп өрт қойсын, Гуан Пиң мен Лю Фың бес жүз қолмен өрт қоятын жабдық-саймандарын алып, Боуаң Фо қыратының екі жағынан тосып тұрсын. Ымырт үйіріле жау қолы келіп жетеді, сол кезде жан-жағынан өрт қойсын,– деді. Онан соң Жау Иүнді Фанчыңнан қайтарып әкеліп, алдыңғы атойшыл қолды бастап, жеңілген болып жауды шырғалап жетелеп отыруға бұйырды.

– Қолбасы бір қосын қолмен арттан көмек беріп отырсын, әр қосын айтылған әдіс бойынша қимылдасын, оғаштық істеп қапы жасамасын,– деп қатаң ескерту жасады.

– Бәріміз қотарыла жауға аттанғанда, ақылшы, өзіңіз не істемексіз?– деді Гуан Гүң.

– Мен қарап отырмаймын, малдасымды құрып отырып, қаланы қорғаймын,– деді Жугі Ляң.

– Біз бәріміз жауға аттанып кеткенде жалғыз сіз қалада малдас құрып отырмақпысыз, қара мұның тапқанын,– деп қарқ-қарқ күлді Жаң Фи.

– Белгі қанжар менің қолымда, кім көнбесе басы алынады!– деді Жугі Ляң.

– Ұтымды айла, жақсы әдіс әмір-шатырдың ішінде жасалса да, мың шақырым ұзақтағы майданның тағдырын белгілейді дегенді естімеп пе едіңдер, екі інім, жарлыққа қарсы келуші болмаңдар,– деді Лю Би. Жаң Фи мысқылдап, кекете күлді:

– Әзірше оның айласының кереметін тоса тұрайық, ештеңе өндірмесе, онан кейін келіп есеп алсақ та кеш емес,– деді Гун Гүн. Сонымен екеуі жүріп кетті. Жугі Лянның айласының мәніне қанық болмағандықтан, бұйрыққа мойынсұнып кетіскендерімен шынында қолбасылардың бәрінің жүректері тегіс күпті еді. Олар кеткен соң Жугі Лян Лю Биге:

– Қолбасы, сіз бүгін қосыныңызды алып, Боуаң тауының етегіне барып бекініңіз. Жау қолы келесі күні ымырт үйіріле келіп жетеді, олар келгенде бекіністі тастап, алдына түсіп зытып отырыңыз. Өрт белгісі көрінгенде ғана қайта қайырылып тап беріңіз. Мен Ми Жу мен Ми Фаңды қасыма алып бес жүз қолмен қаланы сақтайын. Сүн Ган мен Жиян Иуң жеңісті құттықтау қонақасысының даярлығына кірісіп, еңбек көрсеткендерді жазатын тізім дәптерін дайындап күтіп отырсын,– деді. Осымен орналастыру тегіс тәмамдалды.

Қолмен қойғандай айтылған бұл сөздерге Лю Бидің өзі де күмәндана бастады.

Сау Саудың жасанған қалың қолын бастаған Шия Худүн мен Иү Жин суыт жүріп отырып Боуаң өңіріне жеткенде ат басын бір-ақ тартты. Сол жерде қолын екіге бөліп, өз еркімен белсенген жарымын алдыңғы шепке, қамалбұзар етіп аттандырып, қалған сарбаздарды азық-түлікпен бірге асықпай жүруді тапсырды. Мезгіл қоңыр күз еді. Майдалап соққан желемік лезде көтеріліп, қазанның қара дауылына айналды. Бір уақытта жосып келе жатқан қалың қолдың алдынан түйдек-түйдек көтерілген шаң көрінді. Шия Худүн сарбаздарын ретке салып, шеп құруға дайындалды. Ол жанындағы ақылшы жолбастаушыларынан:

– Бұл қай жер?– деп сұрады. Ақылшылары:

– Алдымызда көрінген Боуаң Фо қыраты, артымызда қалып бара жатқан Лочуанку деген жер,– деді. Шия Худүн сол жерде сарбаздарын соғысқа даярлап, Иү Жин мен Ли Дянға негізгі шепті қорғауды, арттан жау тимеуді қадағалауды тапсырды да, өзі қалың қолдың алдын бастап, ілгерілеуге дайындалды. Сөйткенше болған жоқ, алыстан бір топ қолдың қарасы көрінді, оны көрген Шия Худүн сақылдап күліп жіберді.

– Қолбасы, неге күлдіңіз?– деді қасындағы сарбаздар.

– Мен әлгі Шүй Шудың уәзірдің алдында Жүгі Ляңды періштедей етіп мақтағаны есіме түсіп күлемін. Енді міне оның қол басқаруын өз көзіммен көріп тұрмын. Маған қарсы шығарған қолының түрі ана келе жатқан бір топ жасақ екен. Күлмегенде қайтейін, жолбарыстың алдына қойды айдап шығарған тәрізді. Уәзірдің алдында Лю Би мен Жүгі Ляңды тірі ұстаймын деп ант еткен едім, бүгін сол уәдемді орындайтын сәт туды,– деді де, атын орғытып алға қарай ілгерілей берді. Аздан соң алдарынан Жау Иүн қарсы шығып, кес-кестеп тұра қалды да “жекпе-жек”, “жекпе-жек” деп айғай салды. Сарбаздарының алдына шыққан Шия Худүн:

– Шайтанға ілескен жетім аруақтай болып, сендердің Лю Биге ілескендеріңе жол болсын, азғындар,– деп сыбай жөнелді. Оның бұл менмендігін көргенде бойын ашу қысқан Жау Иүн әй-шайға қарамай атын орағытып келіп, айқаса кетті. Алайда, ол жауын жер жастандыруға құлшынбады, бірнеше кезек айқасқан соң, жеңілген болып қаша жөнелді. Оның қаша жөнелгенін қорқып қашты деп ойлаған Шия Худүн соңынан тұра қуды. Он шақырымдай жерге барғанда кілт бұрылған Жау Иүн тағы да сайыса кетті. Бірнеше кезек найзаласып алды да және зыта жөнелді.

Осы кезде атына үсті-үстіне қамшы басып құйындатып, біреу келді, ол келген Кан Хау екен, ол Шия Худүнге:

– Жау Иүн алдап барады, торуыл қол болуы мүмкін, абайлайық, енді қуманыз,– деді. Бұл сөз Шия Худүннің құлағына кірмеді. Ол жын ұрғандай долданып:

– Көрмей тұрсындар ма, жаудың тұрған тұрқы мынау, осы аз ғана қара тобырдан он қабат торуыл қойса да, қайдан қорқайын!– деп Кан Хаудың сөзін тыңдамаған Шия Худүн Жау Иүннің соңынан қуа жөнелді. Қуа-қуа Боуаң Фоға жетті. Дәл сол кезде гүрс ете қалған зеңбірек дауысы естілді де, алдарынан сарбаздарын соңынан ерткен Лю Би шыға келіп, тұрыстық берді. Күліп жіберген Шия Худүн Кан Хауға:

– Торуыл қолының түрін көрдің бе? Сенше осы аз ғана сарбаздан қорқып ұлы мұратымның іске асар сәтін кешіктіруім керек пе? Көр де тұр, мен бүгін кеште Шиниеге кірмей ат басын тартпаймын!– деп қалың қолын бастап үдере алға тартты. Лю Би мен Жау Иүн шегіне берді. Ымырт үйіріле ауа райы бұзылып, аспанды қара бұлт торлады. Ай қараңғы болатын, жел барған сайын қатайып, боран құтырына түсті. Шия Худүннің есіл-дерті ілгерілей беруде болды да, сарбаздарын асықтыра түсті. Артқы қалың қолды бастаған Иү Жин мен Ли Дян бие сыймас тар қысаңға

келіп жеткенін аңғарды. Екі жағының бәрі қопа қамыс, құлама қия екен. Мұны көрген Ли Дян шошып кетті, ол Иү Жинге:

– Жауға алданған жер жастанады деуші еді, жолымыз барған сайын қысаңдап барады, көрдің бе, екі бүйіріміз құлама жартас, айналамыздың бәрі қопа екен. “Жаман айтпай жақсы жоқ”, жау өрт қойса қайтпекпіз? Мынадай жалғыз аяқ жолмен шұбап келе жатқан қалың қол шегіне де алмайды,– деді.

– Бұл сөзіңнің жаны бар, сақтанбасақ елге күлкі болармыз, мен барып бас қолбасыға айтайын, сіз кейінгі қолды ілгерілетпей тоқтатыңыз,– деді Иү Жин. Ли Дян атының басын тартып:

– Кейінгі қол ілгерілемей жүрісін баяулатсын,– деп айғай салды. Үйдек-түйдек келе жатқан қалың қол қайдан оп-оңай тоқтай қалсын, бірін-бірі итеріп, сығылысып ілгерілей берді. Атын борбайлап алдыңғы шепке жеткен Иү Жин:

– Бас қолбасы, тоқтаңыз!– деп айғай салды. Суыт кетіп бара жатқан Шия Худүн соңынан асығыс келіп жеткен Иү Жинге таңырқай қарап, неге келгенін сұрады. Ол асығыс-үсігіс жеткен беті:

– Қолбасы, жол барған сайын қысаңдап, екі жағымыз жалау, жартас, біз келе жатқан өзектің іші ит тұмсығы өтпейтін қалың қопа, жыныс орман болып барады. Жаудың тұзағына түсіп қалмайық, мына жер өртпен шабуыл жасаса, тірі құтқармайтын жазым өткел жер екен, сақтанғанымыз жөн болар,– деді. Шия Худүн мұндай қауіп барын ойламаған еді, мына сөзді естігенде ұйқыдан ояғандай селк ете түсті, тұла бойы мұздап, шекесінен суық тер бүрк ете түсті. Шия Худүн қалың қолға ілгерілемей осы жерден тоқтап, кері шегіну жөнінде бұйрық түсірді. Амал не, ол кешігіп қалған еді, бұйрығын беріп аузын жиғанша болған жоқ, ту сырттарынан аттандаған дауыс аспанды жаңғыртып жіберді. Қараңғыда жаудың қай жақтан келгенін мөлшерлеу де қиын еді, сарбаздар сасқалақтап, естері шығып, берекесі кетіп қалды. Сөйткенше болған жоқ, екі жақтан өрт бірдей бүрк ете түсті де, қызыл жалын көкке көтерілді. Екі жағаның қопа қамысын тегіс от алды, лезде төңіректі қызыл жалын шарпыды. Жығылғанға жұдырық дегендей, жел барған сайын қатайып, өртті онан бетер үдете түсті. Сау Саудың қалың қолы бірін-бірі басып, ат тұяғында тапталып, өздерін-өздері қырғындады да қалды. Өлген адамда есеп жоқ, біреуді біреу білмей, аласапыран басталы. Дәл осы кезде Жау Иүң қайта айналып, үрей билеген жауға қырғидай тиді. Шия Худүннің сарбаздары қызыл жалын, көк түтінге қамалып, жөнді қарсылық көрсете алмады. Қаптаған өрттің ішінде жанталасқан

Шия Худүн өлдім-талдым дегенде әзер қашып шықты. Істің теріс кеткенін аңдаған Ли Дян қан қырғыннан қашып шыққан беті Боуаңчыңға қарай жөнелді. Ол көп ұзамай, тіпті өрт жалынынан шығып та үлгермей жатып, бір қосын қол алдын тосып алды. Ли Дян бұл қолды бастап келе жатқан сардарды жазбай таныды, сақалы кеудесіне түскен атақты батыр Гуан Гүңнің өзі екен. Атына қамшыны басып-басып жіберіп, жанын қолына ұстаған ол, не өлген жан, не қалған жан деп шайқаса кетті. Бірақ ол қарсылық көрсетіп, жау түсіретіндей халде емес еді, басын қорғап әзер дегенде сытылып шықты.

Азық-түлік артқан арбалардың тегіс өртке кеткенін аңғарған Иү Жин жалғыз аяқжолға түсіп, тар соқпақпен соқа басын алып зытып берді. Шия Хулан мен Кан Хау сарбаздардың жеңіліс тапқанын көрген соң, азық-түлікті құтқарып қалайық деген оймен артқы қосынға қарай тартты. Олар артқы шепке жете бере алдарынан Жаң Фи шыға келді. Ол Шия Хуланды көрген жерден атын тебініп жіберіп, тұра ұмтылды. Айқаса кеткен екі батыр, небары екі-үш кезек қана қағысқан соң, Жаң Фидың құлаштай сілтеген найзасы Шия Хуланды аттан жайратып түсірді. Кан Хау зорға дегенде басын қорғап, қашып шықты.

Түні бойы жүргізілген қызыл қырғын таң ата әзер тоқтады. Жау қолының өлігі төбе болып үйіліп, қан өзен болып ақты. Бұл қырғынды көрген бір ақын мынадай өлең шығарған екен:

Боуанда өрт жіберіп ғазап етіп,
Ақылмен жауын алды мазақ етіп.
Дәуірлеп шөп күркеден шыққан дарын,
Сау Сауды үрей буды, маза кетіп.

Ертесі шайқастан қансыраған, аз ғана қолын әрең жинаған Шия Худүн еңсесі түсіп Шүичаңға қайтты.

Жаудың бетін қайтарған Жугі Лян да қолын жинады. Өздерінің басындағы күмәні негізсіз екенін біліп, Жугі Лянның талантына көздері жеткен Гуан Гүң мен Жаң Фи:

– Жарайды, десе дегендей дарынды қолбасшының өзі екен,– десті. Олар ауданға беттеп келе жатыр еді, бірнеше шақырым жүрген соң, алдарынан Ми Жоу мен Ми Фаң бір кішкене күймені қорғап келе жатыр екен. Арбада бір адам отыр, жақындап келгенде оның Жугі Лян екенін таныған Гуан Гүң мен Жаң Фи аттарынан қарғып түсіп, арбаның алдына келіп бас иіп, тағзым етті. Іле-шала Лю Би, Жау Иүн, Гуан Пін, Лю Фыңдар да келді. Қол түгел жиналған соң, жаудан түскен олжа, азық-түлік сардарлар мен

сарбаздарға үлестіріліп берілді. Сонан соң жауын тұмсықтан ұрып, мерейі тасыған қалың қол Шиниеге қайтты. Келе жатқан қолдың қарасын көрген жерден Шиние ауданының бұқаралары тегіс жолға шығып, бастарын иіп:

– Бұл жолғы жеңіске жетіп, мал-жанымыздың түгел, басымыздың аман болуы ақылшының арқасы, дарындығыңыз бен тапқырлығыңызды әлі де елдің амандығы үшін жұмсаңыз,– деп алғысын айтып, сенімдерін білдіріп жатты. Ауданға қайтып келен соң Жүгі Ляң Лю Биге өз ойын айтты:

– Шия Худүн жеңіліп кеткенімен, оның есесіне Сау Сау ашына түсті, оның кеудесін кек кернеп, бізді тірідей жеп қоярдай долданары қақ. Сондықтан көп кешікпей қалайда қалың қолын бастап өзі келеді,– деді. Лю Би бұл болжамға шәк келтірмеді, тек қана, өзі не істердің жөнін білмей отырып қалды, сонан соң Жүгі Ляңға:

– Оған қалай қамданып, қайтіп төтеп береміз, не істесек жөн болады?– деді. Жүгі Ляң аз ойланып отырды да, бір жымыып алып:

– Егер сіз бұл жолы Сау Сауға қалай төтеп беруді маған тапсырсаңыз, пақырыңыздың болмашы бір амалы бар, Сау Сау қолын бір бөгеуі бөгеп қалар,– деді.

Тақымынан алмай жатып найзаны,
Қойды сайлап тағы да бір айланы.

Оның қандай айла екенін білмек болсаңыз, келесі тарауға қараңыз.

Жүгі Ляңның Шиние қаласын өртеуі

Жүгі Ляңды шақырып алған Лю Би одан Сау Сау қолын тойтарудың қандай амалы бар деп сұрады. Жүгі Ляң сөзді арыдан бастады:

– Шиние ұлтарактай кішкене аудан, бізге ұзақ қоныс болмайды. Енді өзімізге ұлтанды мекен қарастырмасақ, түбі қиын жағдайға тап боламыз. Естуімше, осы күнде Лю Биаудың науқасы асқынып, әл үстінде жатыр дейді. Меніңше, осы орайда біз жіті қимылдап Жиң Жоуды алып, табан тірер тиянақ етуіміз керек. Біздің басты шаруамыз осы болсын. Ал Сау Сау қолын тойтарудың амалы оңай, оған онша қысылатын түк те жоқ,– деді. Жүгі Ляң ойланып отырып барып:

– Мырза, ақылыңыз ұтымды да, абзал-ақ, бірақ бұл ақылыңызды аларымды да, алмасымды да білмей отырмын. Өз басым Лю Биаудың жақсылығын көп көрдім, ешбір жаманшылық көрген жан емеспін. Сондықтан, өзіңіз ойлаңызшы, ауруы меңдеп, жаны

алқымға келіп жатқанда дәтім барып оның жеріне қалай көз қызартып, тасадан тап бере аламын,— деп тоқтады. Жүгі Ляң оған:

– Дәл осы кез Жиң Жоудың тамаша орайлы шағы. Осы орайда қамданып, басып қалмасақ, уақыт өтіп кеткен соң өкінеміз де қаламыз, бірақ ол кезде өкінгеннен пайда болмайды,— деп ақыл айтты. Лю Би де өз айтқанынан қайтпады:

– Мен адалдық пен әділдікті мұрат еткен адаммын, сондықтан өлсем де, жақсылыққа жамандық істей алмаймын, тіпті оған дәтім де бармайды,— деді. Жүгі Ляң айтқан сөзінің Лю Биге өтпейтінін біліп:

– Олай болса, кейін жағдайға қарай көрерміз, бір мәнісі болар, тағы ақылдаса жатармыз,— дей салды.

Соңына ерген сарбаздары мен сардарларынан айырылып, жалғыз басының амандығын олжа көрген Шия Худүн Шүйчанға қашып барды. Ол Сау Саудың алдына баруға бата алмай, өзін байлатып апартты. Есіктен кірген жерден басын жерге ұрып, өзін өлтіруін өтініп зар еңіреді. Сау Сау оның байлауын шештіріп, соғыстың қалай болғанын, не себепті тез жеңілгенін сұрады. Шия Худүн басын жерден алмай, мәлиген беті дауысы жер астынан шыққандай мінгірледі:

– Пақырыңыз жазды, жаңылды, Жүгі Ляңның құбыжық айласына тап болып, сарбаздарды өрт құшағында қалдырып, қолдың қырылуына өзі себепші болды,— деді. Сау Сау оған қарап басын шайқап аз отырды да:

– Мұның жарамаған екен, жасыңнан қол бастап, талай майданды көрген талантты сардарсың, көзінді ашқалы көргенің соғыс. Саған не болды, тар қысаң, қопалы жерде жау өрт қояды-ау деп ойламадың ба?— деп ренішін білдірді.

– Ли Дян мен Иү Жин айтуын айтып еді, амал қанша, шығасына иесі басшы дегендей, бәрін өзім бүлдірдім. Амал не, олардың сөзінің дұрыстығын енді аңғарып, шара қолданам дегенде кеш қалдым. Енді өкінгенмен орны толмайды,— деді Шия Худүн.

Сау Сау оларды жазаламады, қайта бағалы сыйлық тарту етті. Осыдан кейін Шия Худүн есін жиып, еңсесін көтерді. Ол:

– Лю Би әлінен асып, қағынып алды. Ол антұрған қолқа-жүрегімізге шыққан бітеу жара болып отыр, енді осы пәлені тез арада құртпасақ болмайды,— деді Шия Худүн. Сау Сау Шия Худүннің қалың қолды қырғынға ұшыратқан ағаттығын ұмытпаса да, оның сөзін жөн көрді. Ол:

– Айналамыздың бәрі жау екені рас, бірақ басқасы тіске талшық болмас. Білсеңдер, менің уайымым да осы Лю Би мен Сүн Шуан болып тұр. Бұл жолғы жеңілістің есесін де қайтаруымыз керек. Осы орайда дарияның оңтүстігін тып-типыл етіп, уысымызға біржола түсірмесек бомас,– деп бір тоқтады. Сау Сау осыдан кейін табанда бес жүз мың қолды аттандыруға жарлық түсірді. Қолын жүз мыңнан беске бөліп, Сау Рын мен Сау Хұнды бірінші қосынға қолбасы, Жаң Ляу мен Жаң Қыны екінші қосынға қолбасы, Шия Хулан мен Шия Худүнді үшінші қосынға қолбасы, Иү Жин мен Ли Дянды төртінші қосынға қолбасы етіп тағайындады. Өзі қалған қолбасыларын ертіп, бесінші қосынға жетекшілік етуді жөн көрді.

Шүй Шуды шеп бұзар қолбасы етіп, үш мың сарбазбен атойшы болып, қол бастауға тағайындады. Сөйтіп, өз жоспарын жасап алған Сау Сау қалың қолды жан-ән жылнамасының он үшінші жылы қазан айында, бір сәтті күні аттануға бұйрық берді.

Орданың ежелгі кеңесші ұлығы Күң Рүң деген кісі Сау Сауға мынадай ақыл айтты:

– Лю Би мен Лю Биаудың екеуі де хән патшасының тұқымы, сондарынан ел ерген, беделді адамдар, оларға жеңіл-желпі қарауға болмайды. Сондықтан, әбден ойланып алмай жаза жорығына аттанғаныңыз дұрыс емес. Егер сіз білер болсаңыз, Сүн Шуанның қолында қанаттас жатқан ұлтанды алты аймақ бар. Ұлы дарияның жер жағдайын да білесін, бекінісі берік, жері мықты. Оны оңай аламын деп ойламаңыз. Менің ойымша бұл жаза жорығыңыз халықтың сізге деген сенімін жойып, күдерін үздіріп жібере ме деп қорқам,– деді.

Бұл сөз Сау Сауға ұнай қойған жоқ. Лю Биді көкке көтере мақтағанын, оның үстіне оған жаза жорығын жасасаң, ел сенен теріс айналады дегеніне талағы тарс айырылды. Ол:

– Лю Би де, Лю Биау да, Сүн Шуан да патшадан бет бұрған опасыздар, ол азғындардың сазайын беріп, жазаламасам, несіне уәзір болып отырмын!– деп Күң Рүңге дүрсе қоя берді.– Мұнан кейін өстіп былжырайтын болса, басын алыңдар,– деп бұйырды. Ордадан шыққан Күң Рүң көкке қарап бар дауысымен:

– Қашанда әділет, шапағаттан безіп, ізгі жандарды жермен-жексен етемін деушілер өзі жер жастанбай қалмас,– деп айғай салды. Бұл сөзді орданың барлаушы ұлығы Ши Лүйдің тыңшысы естіп қалады да, қаз-қалпында Ши Лүйге жеткізеді. Ши Лүй көптен бері Күң Рүңге өшігіп жүретін, оның басынан сөз асырмайтын мінезін иттің етінен жек көріп, осыдан қайтіп құтыламын деп

жүруші еді. Оны күртудың орайы келе қалғанына қатты қуанып, әлгі сөзді дереу барып Сау Сауға жеткізді. Жай жеткізіп қана қойған жоқ, онымен бірге:

– Күң Рүң сізді көзге ілмей, әр кез өктем сөйлеп жүретінін білесіз, соның бәрі тегін емес. Ойлап отырсам ол Ми Қыңмен тонның ішкі бауындай әмпей-жәмпей екен. Бірде Ми Қың оны мақтап: – Күң Зы өлген жоқ екен ғой,– депті дейді. Сонда Күң Рүң де: “Яң Хұй да қайта туған екен-ау” деп Ми Қыңды қолпаштапты. Ана бір жолы Ми Қыңның сізді келемеждеуі де Күң Рүңнің айтақтауынан болыпты ғой,– деді. Мұны естіп тұлан тұтқан Сау Сау жендеттеріне Күң Рүңді табанда ұстауды бұйырды. Күң Рүңнің екі баласы бар еді, екеуі де уыздай жас, ойын балалары болатын. Олар күндегі әдетімен сол түні үйлерінде дойбы ойнап отырған. Бір уақытта есіктен сасқалақтап кірген қызметшілері:

– Төремізді жендеттер ұстап, басын алуға әкетіпті, бекзадалар, тез тығылындар,– дейді. Сонда екі бала саспастан:

– Ұясын ит басып бұзса, жұмыртқа жарылмай қалушы ма еді,– деп отырған орындарынан тұрмай отыра береді. Сол екі арада сау етіп кіріп келген жендеттер Күң Рүңнің үй-ішіндегілерді түгел қырып тастайды. Екі бала да қыршынынан қиылады. Жендеттер Күң Рүңнің басын алған соң сүйегін қан көшеге апарып тастайды. Сау Саудың қаһарынан жасқанған ел сүйектің жанына бара алмай тұрғанда, Жиңжаулық Жи Ши дейтін кісі көшеде сүйекті күшәқтап ботадай боздады. Мұны естіген Сау Сау қаһарына мініп, оның да басын алуға бұйрық бергенде, сөзге араласқан Шүн Иү:

– Пақырыңыздың естуінше Жи Ши үнемі Күң Рүңге “мінезін тым қатал, түбінде осыдан тартасың, тілдің кесірін бас тартады деуші еді, сен сақ болмасаң басыңнан айрылар ма екенсің” деп айтып жүреді екен. Бүгін оның Күң Рүңнің басына барып жылауы сол көңіл жақындығынан, одан ешқандай күмәнданбасаңыз да болады,– деп тоқтау айтты. Сау Сау содан кейін сабырға келіп, өзін тоқтатады. Ешкімнің қаһарынан қорықпай әкелі-балалы Күң Рүңдердің сүйегін сұрап алған Жи Ши салт бойынша жерлеп, ас беріп, ақтық сапарға жөнелтті. Оның осы адамгершілігі туралы мына өлең ел аузына тарап кетті:

Бихайды батыр Күң Рүң мекендеген,
Ер еді арманына жетем деген.
Адалдан несібеңді тауып жедің,
Еліне қарызың жоқ өтелмеген.

Сөзіңмен тамсандырып, жұрттың бәрін,
Талайды менменсіген ықтырғаның.
Жақтаған әділет пен ізгілікті,
Артқыға атың қалды, ұттың бәрін.

Күң Рүңнің басын кестіргеннен кейін Сау Сау бес қосын қолын реті бойынша бірінен соң бірін, үздік-создық аттандырды. Шүйчанды қорғауға Шүн Иү қатарлы бірнеше сардарды қалдырды.

Сол күндердің бірінде Жиң Жоудағы Лю Биау арыздасып, өсиет айту үшін Лю Биді шақыртып шабарман жіберді. Бұл хабарды естіген соң Лю Би көп аялдамай Гуан Гүң мен Жаң Фиді ертіп Жиң Жоуға келіп Лю Биаумен жолықты. Лю Биау оны көрген жерден көңілі босап кетті.

– Халім нашар, бүгін бе, ертең бе деп жатырмын. Бой жасап қана жатқан жайым бар, көп кешікпеспін. Көзім жұмылса, артымда қалған ұлымды өзіне тапсырдым, бауырым! Ұлым бостау болды, әке ісіне мұрагерлік ете алмай ма деп те қорқам. Мен өлген соң өзің тірек болып, Жиң Жоуға ие бол,– деді Лю Биау.

Бұл сөзді есіп, көзіне жас алған Лю Би:

– Ағай, олай деменіз, сіз әлі көп жасайсыз, пақыр ініңіз немере інісіне қолынан келгенше сүйеу болады. Өзімнен хал кеткенше қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқыттырмаспын, оған алаңдаманыз,– деді. Әңгіме енді қыза бергенде, “Сау Саудың қалың қолы келіп қалды” деген хабар да жетті. Бұл хабар келген соң Лю Би. Лю Биаумен асығыс қоштасты да, түн қатып Шиниеге қайтты. Онсыз да әл үстінде жатқан Лю Биау мынадай хабарды естіп қатты түршікті. Ол ақылшыларымен кеңесе келіп өсиет жазып жұртқа жариялады. Ол өсиетте Жиң Жоуды үлкен ұлы Лю Чиге мұраға қалдырды да, Лю Би оған сүйеніш болсын деп бұйырды. Мұны естігенде Сай ханым долданып ашуға басты, ол орданың ішкі қақпасын тас қылып бекіттірді, қаланың сыртқы қақпасын Сай Мау мен Жаң Иүнге мықтап күзеттірді. Сөйтіп қалаға Лю Чидің кіруіне тосқауыл қойып, Лю Биау олай-былай бола қалса билікті өз уысына түсірудің қамына кірісті. Жяңшадағы Лю Чи әкесінің әл үстінде жатқанын естіп, күн-түн демей жол жүріп көңілін сұрауға Жиң Жоуға келген еді. Қала қақпасына жеткенде алдынан Сай Мау шығып:

– Бекзада, әкеңнің бұйрығы бойынша Жияңша қорғауға барғансың, бүйтіп өз бетіңмен мұнда келетін қандай қақың бар. Егер сен жоқта аржағынан Уү елінің қалың қолы жетіп келсе,

қаланы кім қорғайды, сонда әкене не айтпақсың? Мына жүрісіңді әкең көрсе, бұл қылығыңа бола саған айналайын дей қоймас, әкең сені көрсе ашуланады да, науқасы асқынып кетеді. Сонда сен қалай әке арманын ақтар ұл болмақсың? Менің ақылымды алсаң, тізгін ұшымен қайтып барып, Жияңшаны қорға,— деді. Лю Чи бұл сөздің ақыл емес, маңдайға ұрып, қайта қуу екенін білді, бірақ істер амалы қалмады да, қақпа алдында тұрып дауыстап жылап жіберді. Сонан соң амалсыздан Жияңшаға қайтып кетті.

Барған сайын науқас меңдеген Лю Биәу баласының келуін тағатсыздана күтті. Бірақ ол келмеді. Лю Чиді тоса-тоса ақыры үміті үзілген Лю Биәу қарашада дүние салды. Өлер алдында жан дауысы шығып, бірнеше мәрте дауыстады. Бұл жайлы соңғылардың аузында мынадай бір шумақ өлең қалған дейді:

Иуан Шау өзен бойын мекендеген,
Ханиянды Лю Биәу билеп өтем деген.
Шайпау әйел тоздырып әулеттерін,
Биігін көре алмады жетем деген.

Лю Биәудың көзі жұмылған соң, Сай ханым Сай Мау мен Жан Яңға ақыл салып, жалған өсиет жаздырды. Органшы ұлы Лю Сұнды Жиң Жоудың қожасы етіп, таққа отырғызып, өлім хабарын жер-жерге сонан соң барып хабарламақ болды. Сол кезде Лю Сұнның жасы он төртте болатын. Алайда, есті, ойламды жігіт болып өсіп келе жатқан. Ол өзін ұлық сайламақ болған жұртқа:

– Әкемнің дүниеден өткеніне көп болған жоқ. Ағам Жияңшада жатыр, әлі келген де жоқ. Шиние ауданындағы үлкен ағайым Лю Би де бұл істен хабарсыз. Сіздер мені билікке тағайындағандарыңызбен ертеңгі күні ағам мен үлкен ағатайым келсе, мен не айтам. Ал олар бұл істі менен көріп, қол бастап келсе не істеймін? Әкемнің өлгенін ешкімге айтпай, өзімнен жасы да, жолы да үлкен ағам отыруға тиісті орынға жолсыздықпен отырғызғандарыңызды не деп түсіндірмексіздер?— деді. Жиналған төрелер біріне-бірі қарап, ештеңе дей алмай отырып қалды. Аздан соң ақылшы Ли Гүй орнынан тұрып:

– Бала болса да бекзаданың сөзі орынды. Қазір бізге шұғыл хабар айтып Жияңшаға кісі жіберіп, үлкен бекзаданы шақырту керек. Ол келген соң Жиң Жоудың тізгінін соған ұстатайық. Онан соң Сүн Шуанға қарсы тұру жөнінде Лю Бимен ақылдасайық, Сүн Шуанға төтеп берудің ұтымды амалын сонда ғана таба аламыз,— деді.

Сай Мау ашудан қалшылдап кетті, орнынан ұшып тұрып;

– Иеміздің тіріде тастап кеткен өсиеті бар, одан аттап өте алмаймыз, ол кісінің көр топырағы ескірмей жатып өсиетінен бет бұру туралы бізге айтуға дәтің қалай барады, соншалық сен кім едің,– деп ақырып жіберді. Оған Ли Гүй де есе жібермеді, тілін тартпай:

– Сенің ойыңды менен жақсы білетін ешкім жоқ, сендер иеміздің өсиетіне адалдық істеп отырған жоқсыңдар. Ішті-тысты болып астасып, жалған өсиет жазып, үлкені тұрып кішісін билікке қоймақсыңдар. Ойлағандарың Жиң Жоу мен Шаңяңның тоғыз аймағын Сай әулетінің қолына қарату, істегендеріңнің бәрі қиянат, егер иеміздің қасиетті аруағы атса, сені атады,– деді. Терісіне сыймай түтігіп кеткен Сай Мау оған қарсы айтары қалмаған соң, қасындағыларына:

– Мынаны сүйреп шығарып басын алыңдар,– деп бұйырды. Ли Гүй өле өлгенше тілін тартқан жоқ. Сөйтіп Лю Биау өлген соң Лю Сұнды билікке отырғызған Сай әулетіндегілер Жиң Жоудың барша әскери құқығын өз қолдарына алды.

Аймақтың бастығының көмекшісі Дың Иі мен төбе биі Лю Шянді Жиң Жоуды қорғауға қалдырды. Лю Чи мен Лю Биден сақтану үшін Сай ханым мен Лю Сұнды Шаңяңға көшірді. Лю Биаудың сүйегін Шаңяң қаласының шығысындағы Ханяңға жерледі. Бір пәле бола ма деп қорыққан олар Лю Биаудың өлімін Лю Чи мен Лю Биге хабарламады. Лю Сұндар Шаңяңға көшіп барған соң, көліктерінің тері құрғамай жатып, Сау Сау қалын қолын бастап Шаңяңға бет алып келе жатыр деген тосын хабар келді. Зәресі ұшқан Лю Сұн Куай Иүй, Сай Мауларды шақырып ақыл қосты, оң қол ақылшы Фу Шүн былай деді:

– Қазіргі уайым Сау Саудың қолы емес. Үлкен бекзада Жаңшияда, Лю Би Шиниеде жатыр, біз оларға өлім хабарын жеткізгеніміз жоқ, Жиң Жоудың жаңа әміршісін де жасырын сайлап отырмыз. Егер олар мұны естіп, бізді айыптап қолдарын бастап келсе, Жиң Жоу мен Шаңяңға үлкен қатер сонда. Пақырларыңның ойлай келген бір амалы бар. Егер осы амал орындалса, Жиң Жоу мен Шаңяңның жағдайы орнықты болар еді де, халық алаңсыз өмір сүрер еді. Оның үстіне, иеміздің де билік орны бекем болар еді,– деді.

– Ол қандай амал?– деді Лю Сұн.

– Меніңше, Жиң Жоу мен Шаңяңның тоғыз аймағын Сау Сауға ұсынғаннан абзалы жоқ. Сонда ол қалайда иемізді қастерлеп, бізді өзі қорғайтын болады, Лю Чи мен Лю Бидің де тісі батпайды.

– Не деп тұрсың?– деп зекіп жіберді Лю Сұң, – әкемнің бастаған ісіне мұрагерлік етпей, өз қолымен іргесін қалаған елін өз қолыммен жойып, билікке отырмай жатып біреудің қолына ұстата салмақпын ба? Сөзге араласқан Куай Иүй:

– Тақсыр, ғафу етіңіз, оның сөзінің де жаны бар. Мұндайда оң немесе теріс деп жалпы жақтан айтамыз, алайда, күшті де, әлсіз де жағдаймен санасады. Қазір Сау Сау патша ордасының бар билігін қолына ұстап, оң-солын түгел аузына қаратып, дәуірлеп тұр. Осындай кезде қалайда оның көңілін таппақ керек, егер қарсы шығатын болсақ, ел бүлдірген қылмыстылар қатарына ілігіміз. Өзіңіз билікке жаңа шықтыңыз, осы кезде сырттан келетін пәленің алдын алып, тындым қылмасақ, іштегі пәле де атқа мінеді. Оның үстіне Сау Сау қолының келе жатқанын естіп, үрейі ұшқан Жиң Жоу мен Жаңяң халқы соғыспай-ақ сұлдері кетіп отыр. Зәрулері ұшып қалтырап отыр, мұндай елмен жасанған күшті жауға қалай төтеп бермекпіз. Бұл сөзге қарсы айтары қалмаған Лю Сұң амалсыздан иіле берді.

– Сіздердің ұтымды ақыл, тапқыр сөздеріңізге көнбей, қиястық білдірейін деген ниетім жоқ. Бірақ, атадан мұраға қалған тақты отырмай жатып біреуге бере салсам, дүйім жұрттың күлкісіне қалам ба деп қорқам,– деп манағыдай емес, жалы жығылып жуаси берді. Ол аузын жинап алғанша біреу есіктен кіріп келді де, отырған жұртқа қарап:

– Фу Шүн мен Куай Иүйдің айтып отырған ақылы өте орынды,– деді. Тұтқиыл сөзге араласқан бұл адамға жұрт назары ауа кетті. Көпшілік жалт қараса, ол Шаңяңның Гаупің деген жерінен келген, Уаң фамилиялы Сан деген адам екен. Жұрт оны Жұң Шуан дейтін, жағы сорайған арықтау, дембелше келген адам еді. Ол туралы ел аузында алыпқашпа әңгіме көп еді, жас кезінде бір күні хән патшасының орда ұлығы Сай Иүңнің алдына кіріпті. Сөйтсе ордада ылғи қасқа мен жайсаңдар қонақта отыр екен. Уаң Санның кіргенін көрген Сай Иүң орнынан тұрып құрметтеп қарсы алыпты. Мұны көрген үй толы адам таңғалып қалыпты. Олар:

– Мынау жындыны елден алабөтен құрметтеуіңіздің себебі не?– депті. Сонда Сай Иүң жұртқа қарап ол туралы мынадай деген екен:

– Оның елден ерек бір таланты бар. Шынын айтқанда оған мен де жетпеймін.

Сөйтсе, Уаң Сан көпті көріп, көпті білген шежіре адам екен. Естігенінің көптігі мен еске сақтауының күштілігі жағынан алдына жан салмайтын білгіштің өзі еді. Елдің таңғалатыны, ол бір нәрсені

жаттау үшін бас қатырмайды, бір көрсе болды есінде қалады, тіпті жазылған құлпытастардың қасынан бір өтсе болды, жазуын есте сақтап айтып бере алатын.

Шахмат ойнап отырғандар ол келгенде шахмат тасын араластыра салып, қайта тік десе, әлгіндегі ойнап отырған қалпында бір тасын ауыстырмай тігіп береді екен. Есепке де өте жүйрік, ол бір кезде қаламының ұшқырлығымен елді таңғалдырған дейді. Он жеті жасында орданың тыйым қақпасының ұлығы бол дегенге көнбепті. Кейін келе аласапыраннан бой тасалап, Жиң Жоуға келіп Лю Биаудың құрметіне бөленіпті.

Ол Лю Сұңға қарап тұрып:

– Қолбасы, Сау Саумен салыстырғанда сіздің талантыңыз бен күшіңіз қандай?– дейді.

– Оған жетпеймін, ондай болу қайда?– деді Лю Сұң. Сол сөзді естіген Уаң Сан көсіліп сөйлеп кетті:

– Сау Саудың сарбаздары сайыпқыран, жасағы күшті әрі көп. Сардарлары жаужүрек, шетінен бірегей, ақылшылары да білікті, ақылы көп, айласы терең,– деді Уаң Сан.– Ол соғыс тарихын жеңіспен жазып келеді: Шияпида атышулы Лүй Буда тірі ұстады; Гуандұнда Иуан Шауды жеңді; Лүңюда Лю Бидің жанын мұрнының ұшына келтірді; Бэйланда Уұ Хуанды жойды. Оның жеткен жауларында тіпті есеп жоқ. Бүгін сол Сау Сау қалың қолымен Жиң Жоу – Шаңяның іргесіне келіп отыр. Мұндай қара нөпір қолмен келген қайтпас ерді бөгеймін деп әуреленудің керегі не? Фу Шүн мен Гуай Иүйдің ақылын кәдеге жаратқан абзал. Қолбасым, әлдеқалай ойдың жетегіне еріп, кешіге бермеңіз, кешіккен сайын өкініш көбейе түседі.

Лю Сұң аз ойланып барып:

– Мырзалар, айтқан ақылдарыңыз орынды ғой, алайда мен бұл ақылды құп алмай тұрып, анамның алдынан өтейін,– деді. Дәл сол кезде қалтқының ар жағынан Сай ханым шыға келді де:

– Уаң Сан, Фу Шүн, Куай Иүй үшеуінің ақылы бір жерден шығып отыр, осының өзі-ақ жетпей ме? Менің алдымнан өтудің керегі не?– деді. Бұл сөзді естіп, бір бекімге келген Лю Сұң дереу Сау Сауға тізе бүгу туралы хатын жазып, Сұң Жұнды сол хатты алып Сау Сауға табыс етуді бұйырды. Бұл бұйрықты алысымен Сұң Жұң аттанып кетті. Ол сол беті Уан Чыңға барып, Сау Саумен жолығып хатты табыс етті. Бұл хатты алғанда Сау Сау қатты қуанды. Дерек ақылшы, төрелерін шақырып, Сұң Жұңға сүбелі сыйлық беріп, Лю Сұнды мәңгілікке Жиң Жоудың иесі етіп тағайындайтынын айтып, оның қаладан шығып қарсы алуын бұйырды.

Сау Сауға бас иіп, кош айтқан Сүн Жүн тізгін ұшымен Шаңяңға тартты. Дария жағасына келіп енді өткелі тұр еді, анадайдан бір топ адамның қарасы көрінді. Қараса, Гуан Гүндер екен, Сүн Жүн бой тасалай алмай қалды. Гуан Гүң тоқтатып алып, одан Жиң Жоудың жай-жапсарын сұрады. Сүн Жүн бастапқыда жасырайын деп еді, Гуан Гүңнің қазбалаған сұрағы бұлтартпады, аяғы істің шынына келіп, бұрын-соңғы барлық жайды тегіс баяндап берді. Бұл сұмдықты естіп төбе күйқасы шымырлаған Гуан Гүң дереу Сүн Жүнды ұстап, Шиниеге алып келіп, Лю Биге тапсырды. Оған бар мән-жайды сұраған Лю Би болған оқиғаларға қабырғасы қайысып, үн салып жылады. Онсыз да мінезі тік Жаң Фи бұл сөздерді естігенде өзін-өзі ұстай алмай қалды:

– Ағай, жыламаңыз, болар іс болған көрінеді, енді есті жинап, әуелі мына Сүн Жүнды өлтірейік те, онан соң дариядан өтіп, Шаңяңды тартып алып, Сай әулетінің бұзықтарының тұқымын тұздай құрту керек. Лю Сүнды да өлтірген жөн. Сонан соң Сау Саудың әуселесін көрмейміз бе?– деді. Лю Би оған ұнатпай қарап қойды да:

– Сен аузыңды жап, әзірше ештеңе істемейміз, менің де ойлағаным бар,– деп Жаң Фиды тоқтатып тастады да, Сүн Жүңға қарап:– Сен олардың сондай істеп жатқанын біле тұрып, маған неге ертерек келіп айтпадың, егер солай істегенінде сені мұратыңа жеткізер едім. Ал қазір сені өлтіргенмен де ештеңеге тиер септігін жоқ, сондықтан қоя беремін, тез жолыңа түс те қараңды өшір,– деп зекіді. Бұл рақымшылыққа разы болған Сүн Жүн басын иіп, алғысын айтты. Сонан соң судан шыққан тышқандай сүмірейіп зытып берді. Ол кеткен соң Лю Би көңілі айран-асыр болып, қабағы кірбің тартып, мазасызданып, қатты қамығып отырып қалды. Ол сөйтіп отырғанда бекзада Лю Чи елшіге Иі Жиді жіберіпті деген тосын хабар келді. Иі Жи бір кезде Лю Биді өлімнен құтқарып қалған, оның сол ерлігін есіне алған Лю Би оны құрметпен қарсы алуды жөн деп білді де, басқыштан түсіп қарсы алды. Оның келгеніне қуанып, қайта-қайта ризашылығын айтып, борыш-тылығын білдірді. Оның әкелген хабары мынау еді:

– Жаңшадағы бекзада әкесінің қайтыс болғандығын, Сай ханым мен ұлықтар астасып өлім хабарын айтпай, сүйекті жасырып жерлегенін, онан соң Лю Сүнды заңсыз таққа отырғызғанын естіп, Шаңяңға жансыз жіберіп аңыс аңдатып еді, бәрі де шын екен. Бекзада сіз бұл істен хабарсыз болар деп хабар айтуға арнайы мені жіберді. Бекзадамыз сіздің ержүрек сарбаздарыңызды бастап

Шаңяңға барсаңыз, тізе қоса қимылдап, олардан істеген қылмыстары үшін есеп алсақ дейді,– деді Иі Жи.

Хатты оқып шыққан Лю Би:

– Сіз тек Лю Сұнның таққа отырғанын ғана білетін көрінесіз. Оның Жиң Жоу мен Шаңяңның тоғыз аймағын Сау Сауға сауға етіп бергенінен хабарсыз екенсіз-ау,– деді. Жүрегі су ете түскен Иі Жи:

– Қолбасы, мұны қалай білдіңіз?– деп еді, Лю Би оған Сұн Жұнды ұстағандарын айтып берді. Иі Жи бұл хабарды естіген соң Лю Биге мынадай ақыл айтты:

– Шынында бұл біз естімеген, білмеген сұмдық екен, бұлай болғанда сіз аза білдірген болып, Шаңяңға барыңыз да, Лю Сұнды алдап алып шығып, қолға алыңыз. Сөйтіп оның тоғышар тобының тұқымын тұздай құртыңыз, Сонда Жиң Жоу сіздің қолға қарайды,– деді Иі Жи. Мұны естіп отырған Жугі Ляң:

– Иі Жидің айтқаны дұрыс, қолбасы, бұл ақылға алар, қосар ештеңе жоқ, сізде оны құп алыңыз,– деді. Лю Би жылап жіберді, көзінен сорасы ағып отырып:

– Ағайым дүние салар алдында өсиетін айтып, артын маған тапсырып кеткен. Ал енді ол кісінің көр топырағы жасырылмай жатыр ұлын ұстап, жерін тартып алсам бұл әділдік бола ма? Мың жасайтын күзғын емеспіз, күні ертең о дүниеге мен де барамын, сонда ағайымды не бетіммен көремін,– деді. Жугі Ляң оған ой салып:

– Бұл тартып алу емес, ағаңыздың өсиетіне қарсы келу де болмайды, бұдан басқа амалымыз да жоқ, егер сіз бұлай етпесеңіз, ертең өкінеміз де қаламыз, өзіңіз ойлаңызшы, Сау Саудың қалың қолы Уаншынға келіп те болды, сонда оны қалай бөгейміз?– деді.

– Пәнчынға барып бой тасалап, уақытша жалтарудан басқа амал жоқ, ең абзалы сол,– деді Лю Би. Кеңес енді қыза бергенде ордаға тізгін ұшымен келген жасауыл, жансыздардың Сау Сау қолының Боуанға келген хабарын жеткізді.

Лю Би Жяншадағы қолды реттеп, жасақ құруды тапсырып, Иі Жиді асығыс жолға салды. Өзі жауға қалай қарсы тұру, қайтіп төтеп беру туралы Жугі Ляңмен ақылдасты. Ол шынында қатты торығып отыр еді, Жугі Ляң сасар емес, сабырмен сөз бастады:

– Қолбасы, сабыр етіңіз, жау келді деп ақылды тауысып алмайық, ана жолы бір өртпен Шия Худүн қолының жарымынан астамын жойдық емес пе? Бұл жолы Сау Сау келе жатыр екен, оны да сол айламен тұмсыққа ұрмаймыз ба? Шиние енді бізге қоныс болмайды, ертерек Пәнчынға барып ірге бекітіп алайық,–

деді. Сонан соң жарлық шығарып тұрғын халыққа ұқтырды. Қаланың төрт қақпасына “қаладағы барша тұрғындар, біз уақытша Пәнчыңға барып бой тасаламақпыз, ер-әйел, кәрі-жас демейміз, бізге ілесеміз дегендеріңіз бүгіннен қалмай бізбен бірге қаладан шығыңыздар, қоныс аударамыз, қапы қалып өкінбеңіздер!” деген құлақтандыруды жапсырды. Халықты өзеннен өткізу үшін қайық жалдауға Сүн Ганды дария жағасына жіберді. Қызмет бабындағылардың үй-іш, бала-шағасын Пәнчыңға қорғап апаруға Ми Жоуды жөнелтті. Енді бір жақтан тәмам қолбасылдарды жинап жарлық түсіріп, арттан келіп жау басып қалмау үшін қорғанысты күшейтті. Гуан Гүңге:

– Бір мың сарбаз алып, Байығы өзенінің жоғарғы жағына барып торуыл ал да, және қапқа құм толтырып өзенді бөгеп таста. Келесі күні үшінші дабылда, төменгі жақтарыңнан жау қолы келеді. Соны тосасыңдар да, адамның дабыры шығып, аттың кісінегені естілгенде өзеннің бөгеуін бірақ ағытып жібересіңдер, су мен бірге өздерің де шабуылға өтіндер,– деді. Онан соң Жаң Фиды шақырып оған:– Бір қосын қолмен Болиндү өткелінде жау қолын күтіп жатасың. Бұл жердің арнасы кең, ағысы жайбыр, суға кектен Сау Сау қолы осы арадан жағаға шығуға тиіс. Олар судан шыққанда алдынан сендер қарсы аласыңдар. Сөйтіп Гуан Гүң қолымен ұштасып, шабуылға өтесіңдер,– деп бұйрық берді. Жау Иүнді шақырып оған: – Үш мың сарбаз ал да, оны төрт қосынға бөліп, өзің бірінші қосынды бастап Шығыс қақпаға жасырын. Қалған үш қосынды батыс, түстік, солтүстік қақпаларға орналастыр. Әуелі алдын ала қаланың ішіндегі тұрғын үйлердің төбесіне күкірт, жарылғыш заттарды молынан тастаңдар. Сау Сау қолы қалаға кірген соң қалайда тұрғын үйлерге барып жатады. Келесі түні ымырт үйіріле жел тұрып, қатты дауыл соғады, жел күшейгенде сендер де шабуылға өтіп, батыс пен батыс, түстік, солтүстік үш қақпадағы қолға жанар зат тасталған қаланың ішіне қаратып, өрт жебе атқызыңдар. Қаладағы өрт үдей түскенде қала сыртындағы қол айғай-сүрең салып үрей жасасын. Тек шығыс қақпаны ғана бос қойыңдар, жау сапырылысып шығыс қақпадан ағылғанда соңына өзің түс. Жеңілген жауды ұзақ қумандар, біраз жерге дейін қуып, жүрегін алып үркітіп жібер де, таң ата Гуан Гүң мен Жаң Фидың сарбаздарымен қосылып, Пәнчыңға қайтыңдар,– деді. Мұнан соң Ми Фаң мен Лю Фыңға:– екі мың қол алып, жартысына шымқай қызыл ту, жартысына шымқай қара көк ту ұстатып, Шиние қаласының сыртындағы отыз шақырым жердегі Шоуипо жотасынан бекініс алыңдар. Сау Сау қолының қарасы көрінсе

болды қызыл тулы қосын солға қарай жүріп, қара көк тулы қосын оңға қарай жүріп, туды желкілдете беріңдер. Жау сендердің қанша сарбаздарын бар екенін біле алмайды да, көп сарбазы бар күшті қосын екен деп күмәнданып, сендерге жақын баруға бата алмайды. Екеуіңнің торуылың екі бөлек болсын. Қаладан өрт шыққан заматта қашқан қолды түре тиіңдер, онан соң Байғы өзенінің алқымынан келіп ұштасыңдар,— деді. Орналастыруды аяқтап, қолды бөліп жіберген соң, Жүгі Ляң мен Лю Би биік қарауыл сатыға шығып жеңіс хабарын күтті.

Алдыңғы лек болып жүз мың қолды бастаған Сау Рын мен Сау Хүн, атойшы Шүй Шудың темір сауытты үш мың қолын жол ашар қосын етіпті, аса бір айдынмен, Шиниеге қарай суыт келе жатты. Күн түс мезгілі еді, Шоуипоның жотасынан кілең қаракөк ту мен қызыл туды белгі еткен қара барқын қолдың қарасы көрінді. Шүй Шу жасақтарын жүр-жүрдің астына алып ілгерілетті. Лю Фың мен Ми Фаң төрт қосынға бөлініп, қара көк ту мен қызыл туды алма-кезек оң-солға айналдырып желпілдете берді. Атының басын тартып тұра қалған Шүй Шу:

– Ілгерілемендер, алда торуыл бар, қол осы жерде тоқтасын,— деді де, бір шабарманын Сау Рынға шаптырды.

– Жау қолының мына көрінісі тегін емес, қалайда торуылы бар, алдыңғы қол жедел ілгерілей берсін, соңғы қолды ертіп мен де тез жетемін,— деді Сау Рын шабарманға.

Шүй Шу жотаға қайта бет алып, атой сала ілгеріледі, жүре-жүре қалың орманның жағасына жетті, бірақ ешбір жанның қарасы көрінбеді, бұл кезде күн едәуір еңкейіп кеткен еді. Шүй Шу тағы да ілгерілей түсуді ойлап, жасақтарын тез жүруге бұйырды. Ол сөйтіп жүріп таудың төбесінен дабырлаған дауыс естіді. Дауыс шыққан жаққа шолғыншы жіберіп қаратса, тау басынан бір шоғыр ту көрінді. Тудың арасында керілген екі күндік, күндіктің астында солында Лю Би, оңында Жүгі Ляң тізе қосып шарап сілтеп отыр екен. Жаудың мына менмендігін көріп өне бойын ашу кернеген Шүй Шу қолын бастап таудың басына қарай ұмтылды, ол жаудың бейқамдығын пайдаланып осындай орайлы сәтте жойып жібермекші болды. Бірақ, көз алдында тұрған аз ғана қолға жету оңайға түспеді, тау төбесінен домалатқан тас пен дөңбек қарша жауып, қарға адым жер ілгерілетпей қойды. Талай сарбаздары ешбір жаумен қидаласпай-ақ, домалаған тас пен ағаш тиіп қатардан шығып жатты. Сөйтіп тұрғанда ту сырттарынан айғай-сүрең салған дабыс шықты. Ол сарбаздарын ретке келтіріп бұлармен сайысқа түсуге дайындала бастады. Ол кезде күн

әлдеқашан кешкіріп кеткен еді. Дәл осы кезде сондарынан қолын бастап Сау Рын да жетті. Ол дереу алға ілгерілеп, Шиние қаласын жаулап алып, бүгін кеш сол жерде тынығу керек деп бұйырды. Сонан соң саулай тартқан қалың қол қаланың сыртына келіп бірақ тоқтады. Олар енді қалаға қалай шабуыл жасаудың амалын ойлап, қалаға барлаушыларын жіберсе, төрт қақпа да шалқасынан ашық тұр екен. Сау Сау қолы ешбір бөгетсіз-ақ қалаға кірді, сөйтсе тірі жан иесі жоқ, бүкіл қала қаңырап бос қалған екен.

– Сүйенері жоқ жетім қалған жаудың көрсетер күші де, істер айласы да болмай, халықты ертіп, зытып кеткені осы. Бүгін сарбаздар осы жерде тынықсын. Ертең таңертең жолға шығайық,– деді Сау Хуң.

Күн бойы нәр татпай әбден титықтаған сарбаздар күрсақтары ашып, өзектері талып әрең шыдап келген еді. Тегіс иен қалған елдің үйлеріне кіріп, ас-су жасап, тамақтануға кірісті. Сау Рын мен Сау Хуң аудан жамбылына түсіп тынықты. Алғашқы дабылдан соң жел қатайып, қатты дауыл соғып кетті. Қақпаны қорғап тұрған жасақтар өрт шықты деген хабар жеткізді.

– Тамақ істеген жасақтардың бейқамдығынан, көң-қоқырға түскен ұшқыннан кеткен от болар, абдырайтын ештеңе жоқ,– деді Сау Рын. Ол айтып ауыз жиғанша тұс-тұстан өрт хабары келіп, батыс, түстік, солтүстік үш қақпаның бәрінен өрт кетті деген хабар жетті. Бұл өрттің тегін емес екенін, жаудың айласына тап болғанын сонда барып аңғарған Сау Рын қалың қолға дереу қаладан шықсын деген шұғыл бұйрық түсірді. Бұл кезде қала түгелдей өрт құшағында қалған. Қызыл жалын аспанды шарпып, қаладан шығудың өзі оңайға түспей қалған. Сол түнгі өрттің сұрапылдығы, алдыңғы реттегі Боуаңпо қыратында жауды өртеген өрттен де асып түсті. Соңғылардың аузында мынадай бір ауыз жыр қалған екен:

Залым Сау Сау азсынып, орта жазық алабын,
Хан Шуанға жорық жасады сайлап қару-жарағын.
Жел тәңірі долданып, Шиниеде дауыл соқты үдей,
От тәңірі шамданып, өрт алды бәрін қаланың.

Қаптаған өрт пен қара жалынның ішінен қалың қолын бастап, жалын қауып, түтінге қақалып, шығар жол таба алмай сасқалақтаған Сау Рын өлдім-талдым дегенде шығыс қақпада өрт жоқ екен дегенді естіп, жан-дәрмен солай ұмтылды. Апыр-топыр болып үріккен қойдай дүрліккен қалың қол тар жолда бірін-бірі басып-жаншып, алды-артына қарамай қаладан шығуға ұмтылды. Ат

тұяғына тапталып өлген сарбаздарда есеп болмады. Қақпадан шыққан Сау Рын өрттен енді құтылды-ау дегенде ту сыртынан жер жарған аттандаған дауыс шығып, іле-шала Жау Иүннің сайлауыт қолы айқаса кетті. Зәресі ұшқан жау тіресіп соғысуға шыдай алмай жан сауғалап бет-бетіне қашты. Жығылғанға жұдырық, берекесі кетіп қашқан жауға бір бүйірден Ми Фаңның қолы келіп тиді. Олар бір етпісірім уақыт қырғын салды. Талай сарбазынан айырылып, беттесіп шабуылға шықпай жатып, тіпті жөнді қарсылық көрсете алмай жеңілген Сау Рын бір жағынан намыстан өліп барады. Бірақ амал қанша, үрейі ұшқан сарбаздарды майданда ерлік көрсетуге жетелей алмады. Сөйтіп зорға дегенде бастарын алып қашып құтылып еді, дауыс жетер жерге барғанда алдарынан тағы бір қосын қолмен Лю Фың шыға келді. Әбден су жүрек болып қалған сарбаздар жау қарасын көрген жерден бойларын үрей билеп, жөндеп қарсылық көрсете алмады, Лю Фыңның сығайланған сайлауыт қолы қойға тиген қасқырдай қырғын салды. Сарбаздарының жарымнан астамы бет-аузы отқа күйген, сау тамтық жоқ. Демі құрып әбден титықтаған Сау Рынның аз ғана қолы төртінші дабылға таяғанда Байғы өзенінің жағасына келіп жетті. Су аса терең емес екен, шөлден сілесі қатқан ат пен адам шұрқырай келіп суға түсті.

Өзеннің алқымын құм салған қаппен будырып тастап отырған Гуаң Гүң інірде қаладан шыққан сұрапыл өртті көріп, жаудың бұл жолы да от құшағында қалғанын шамалап отыр еді. Төртінші дабылда аяқ жақтарынан шұрқырап кеп өзенге түскен қалың қолдың дабырын естіді. Сол-ақ екен жасақтарына бөгеуді бір-ақ ағыттырып жіберді. Топан судай жөңкілген жойқын ағын дарияның арнасын бір-ақ алып, Сау Сау қолы су бетінде салындыдай қалқыды. Көбі суға кетті. Дарияның арнасы кең, ағысы ақырын жерін тауып өтуге қарманған Сау Рын өзенді құлдай зытып еді, Болиндү өткеліне келгенде алдарынан дауыс естілді, сөйткенше болған жоқ Жаң Фи бастаған қосын жолдарын кесіп алды.

– Қарақшы Сау Рын, басыңды кесіп алайын!– деп айғай салды Жаң Фи. Мұны естіген Сау Рын қолында зәре қалмады.

Жаңа ғана қаладан жалын жұтып шығып ед,
Енді міне жағада тап болды қара түтекке.

Сірә, Сау Рынның шыбын жаны қала ма, жоқ па, оны келесі тараудан ұғыныңыз.

Жау Иүннің ерлігі

Гуан Гүң өзеннің бөгеуін ағытып жібергенін білген Жаң Фи қолын бастап өзенді өрлей жөнелген. Ол көп кешікпей өткел аузынан Сау Рың қолының алдынан шығып араласа кетті. Бір кезде Жаң Фи майданның ортасында Шүй Шумен бетпе-бет келіп қалды. Ол дереу онымен айқасуға ұмтыла беріп еді, Жаң Фидың қатулы қабағынан-ақ зәресі ұшқан Шүй Шу онымен сайысуға батылы бармай, бұрылып тұра қашты. Ол сол беті бұлтара қашып, қалың қолдың ішінен жарып шығып құтылып кетті. Жауды ойсырата соғыс салып мерейі тасыған Жаң Фи жолшыбай Лю Би мен Жугі Лянға кезікті. Олар кездескен соң бірге аяндап отырып, дарияның алқымына қарай өрлеп келді. Ол жерде Лю Фың мен Ми Фаң судан өтетін қайық дайындап тосып тұр екен. Бәрі тегіс қайыққа отырып өзеннен өтіп шығып, Пәнчынға қарай бет алды. Қол өтіп болған соң Жугі Лян қайық, салдарды өртетіп жіберді.

Ойсырай жеңілген Сау Рың жаралысы бар, сауы бар, аман қалған сарбаздарын жинап Шиние қаласына келіп бекінді. Сол жерден Сау Хунды Сау Сауға жіберіп, өздерінің бұл шайқаста қатты жеңілгенін, жеңілістің жай-жапсарын мәлімдеді. Тұлыбына сыймай ашуланған Сау Сау жер теуіп: ауылдан алыс шықпаған қораш Жугі Лянның осыншалық әлінен асқанын қарай гөр деп тұлан тұтты. Қалың қолын тау біткенге қаптатып, таудың сай-сала, ұра-жырасын тегіс тінттірді. Өзі Шиниеге келіп бекінді. Байқы өзенін тас қылып бөгетті. Ол Лю Бидің Пәнчынға кеткенін естіп, қалың қолын сегіз топқа бөліп, Панчынға шабуыл жасауға бұйрық берді.

Ли Уи оған былай деп ақыл беріп еді:

– Уәзір, Шаңяң өңіріне тұңғыш рет келіп отырсыз, бұл жақтың халқы сізді әлі білмейді, сондықтан жұрт көңілін өзіңізге қаратуыңыз керек. Лю Би Пәнчынға жалғыз өзі барған жоқ, Шиниенің бұқарасын түгел ертіп барып отыр. Егер сіз самсаған қалың сарбазды бір-ақ қаптатып шабуыл жасасаңыз, екі ауданның бұқарасы да қырылады деген сөз. Мұнан кейін елдің сізден көңілі қалып қоюы мүмкін. Меніңше, әуелі Лю Биге тізе бүгу жөнінде елші салыңыз. Егер Лю Би бағынбаса, елші салып ел өмірін аялағандығыңызды ел-жұрт біледі де, қанды қырғын болса оған бола бізді айыптамайды. Бағынып жатса Жиң Жоу өлкесін сайыспай-ақ қолға түсіресіз,– деді. Бұл ұтымды ақылға Сау Сау болмайды деген жоқ.

– Елші ғып кімді жібергеніміз жөн болар?– деп сұрады.

– Біздің қосындағы белгілі адамның бірі Шүй Шу ежелден Лю Бидің жақын досы. Сол кісіні неге жібермейміз?– деді Лю Иі.

– Барған соң келмей қоймай ма?– деді Сау Сау.

– Келмейді-ау деп күмәнданбаңыз, ол ол жаққа байласа да тоқтамайды. Егер елші болып барып, келмей қойса, ол елдің мазағына қалады,– деді Лю Иі. Бұл сөздің мәнін түсіне қойған Сау Сау басын изеп күліп жіберді. Сонан соң шабарманын жіберіп, Шүй Шуды шақыртып алды. Шүй Шу келіп отырған соң Сау Сау оған:

– Мен Пәнчың қаласын жермен-жексен еткелі отырмын, бірақ ондағы қалың бұқараның тағдырын ойлағанда қабырғам қайысады. Мырза, сіз ел үшін Лю Биге елші болып барып келсеңіз! Егер маған соғыссыз бағынатын болса, кінәсін кешіріп, төрелік лауазым беремін. Ал райынан қайтпай, қасарысып қарсы тұрса, жасағы, бұқарасы, төре, қарасы демей тегіс найзаның ұшында ұстаймын. Мен сіздің адалдық-әділетке берік жан екеніңізді білемін, сол үшін де осы жолы елші етіп жұмсап отырмын. Әлде қалай іске бұра тартпассыз деп сенемін,– деді. Шүй Шу болмайды демеді, жарлықты алған беті жүріп кетті. Пәнчыңға барып Лю Би мен Жугі Ляңға кездесіп амандасты. Олар айырылысқаннан кейінгі өткен-кеткен істердің бәрінен әңгіме қозғап, сыр шертісіп ұзақ кеңесті. Өздерінің әңгімелерін аяқтаған соң барып, Шүй Шу келген жұмысын айтты:

– Пақырыңызды Сау Сау сізге бағынсын деп елші етіп жіберіп отыр. Оның мұнысы ел пейілін өзіне аудармаққа істеген сайқалдығы. Қалың қол Байқы өзенін буып тастап, сегіз бағытпен осында келе жатыр. Енді Пәнчың сізге қоныс болмайды, тезірек бір амалын қарастырыңыз,– деді. Лю Би ары ойлап, бері ойлап, Шүй Шуға осы беті Сау Сауға бармай, осында қалыңыз деп өтінді. Шүй Шу оның бұл ұсынысын қабылдамады, оның достық көңіліне алғыс білдіріп:

– Жоқ, тақсыр, мені ұятқа қалдыра көрмеңіз, кері қайтып бармасам, соңымнан көз тіккен дұшпандарымның мазағына қаламын. Анам байғұс көзі жасқа, көкірегі шерге толып өкінішпен дүниеден өтті. Бұл өле-өлгенше менің есімнен шықпайтын өкініш. Сау Саудың қасында тұрғанмен, мен оған пенде болған емеспін, бір ауыз ақыл-кенес көрсетпеуге баяғыда серт еткем. “Тасадағы айдаһар” қасыңызда отырғанда неден алаңдайсыз, ол кісіге сүйенсеңіз, ұлы мұратым орындалмай қалады-ау деп қам жеменіз. Мен қайда жүрсем де сіздің тілеуіңізді тілеймін, қайта, сонда тұрғаным жөн, “жау қолында да бір адамың болсын” деген емес пе, пақырыңызға рұқсат етіңіз,– деді.

Мұнан соң оны қалуға зорлаудың мәнісін таппаған Лю Би рұқсатын берді.

Шүй Шу қош айтысып аттанған беті суыт жүріп отырып, Сау Сауға келіп Лю Бидің тізе бүгу ойында жоқ екенін айтты. Бұған қатты ашуланған Сау Сау сол күні-ақ сарбаздарына шабуылға өту туралы бұйрық берді.

Шүй Шу кеткен соң Лю Би жағдайдың енді қалай боларын ойлап, енді не істеу жөнінде Жугі Ляннан ақыл сұрады.

– Енді бұл жер де қауіпті жерге айналды, тезірек Пәнчыңды тастап, Шаңяңға барып, уақытша сол жерді тиянақ етейік, – деді Жугі Лян. Лю Би ойланып көріп:

– Мен жалғыз емеспін, қайда барсам да маған сенім артып, еріп жүрген бұқараны қайтіп қиып тастап кетемін, – деді Лю Би.

– Бұл жолы да жұрттың өз еркіне салайық, ергісі келгені ерсін, қалғысы келгендері қалсын, – деді. Ары ойлап-бері ойлап келгенде осыдан артық ақыл табылмады да неде болса Шаңяңға бет алатын болып келісті.

Гуан Гүнге жұртты дариядан өткізетін қайық қамдауды міндеттеді. Онан соң Сүн Гуан мен Жан Иүң қаланы аралап, елге жағдайды түсіндіріп:

– Сау Сау қолы келе жатыр, шеткері қалып, ауаша тұрған жалғыз қаланы қорғап қалу қиын, бұл жерден кететін болып жатырмыз, ілесеміз десеңдер, дариядан өтудің қамын жасаңыздар, – деп жар салды. Екі ауданның халқы түгел шешім қабылдап қойыпты:

– Өлсек, хан ағасымен бір шұңқырда боламыз, ол кісіден қалмаймыз, – деп бәрі де Шаңяңға кететіндерін айтып, сол күні-ақ жүрудің қамына кірісті. Қарияларын сүйемелдеп, балаларын жетектеп, әйелдерді ерлер бастап, сапырылған тәмам жұрт апыр-топыр дариядан өтті. Дарияның екі жағы жылаған дауыс, зарлаған үн, қайықтың үстінде келе жатқан Лю Би қатты толқыды. Бір мен үшін бүкіл ел осынша азап тартты, бүйткен тіршіліктің не қызығы бар деп, неде болса өлімге бел буып, суға түсіп секіруге ұмтылды. Қасындағы жанашыр жақындары тез қимылдап оны құтқарып қалды. Бірақ бұл хабар елге тез таралды, Лю Бидің жұрты үшін өзін өлімге қимақ болған бұл ерлігін естіген жанның бәрі көзіне жас алды. Дариядан өтіп шыққан соң, артына көз салған Лю Би дарияның ар жағында өте алмай жылап тұрған адамның тым көп екенін көріп, Гуан Гүнге тездетіп өткізуді бұйырды. Олар өтіп шыққан соң ғана атына мінді.

Шанян қаласының шығыс қақпасына жеткен олар алдынан күтпеген жағдайға тап болды. Қақпа бекітулі, қала қорғанына тегіс ту шаншылып, қала сыртынан терең ор қазып, орды жағалай аран құрылыпты. Қақпаға жақын келіп, атының басын тартып тұра қалған Лю Би:

– Ардақты бауырым Лю Сұң, қаланың қақпасын аш, соңымнан еріп келе жатқан халықты құтқарудан басқа менде ешқандай ой жоқ, – деп айғай салды. Лю Бидің келгенін естіген Лю Сұң қорғалақтап шықпай қойды. Сай Мау мен Жаң Иү қала қорғанының үстіндегі қарауыл төбеге шығып, жасақтарға садақты қарша боратқызды. Мұны көрген қала сыртындағы халық қарауыл төбеге қарап зар жылады.

Жұрт дағдарып тұрғанда күтпеген жерден бірнеше жүз сарбаз ерткен бір қолбасы қарауыл төбеге шауып шықты да:

– Елді сатқан қарақшы Сай Мау, Жаң Иүн, сен екеуіңе лағнет жаусын, Лю Би қолбасы әділет жолын ұстанған, елдің қамын жеген ардагер еді. Бүгінде бұл қалаға өз басын қорғау үшін емес, қалың бұқараны құтқарамын деп келіп тұр, соны көріп тұрып, не беттеріңмен қарсы шығасындар, – деп ақырды. Көпшілік аңтарыла қарса, қапсағай денелі, келіскен қара торы кісі екен.

Бұл кісі елге танымал батыр еді, тегі У, аты Ян, лақап аты Уыншан болатын, тегі ияаңдық еді. Қылышын онды-солды сермеп, қақпаны қорғап тұрған бірнеше жасауылды жайратып тастаған У Ян қақпаны ашып, аспа көпірді түсіріп жіберді. Сонан соң:

– Хан ағасы Лю Би, қолыңызды бастап қалаға кіріңіз. Ел сатқан қарақшылардың сазайын береміз, – деп айғай салды. Жаң Фи атын тебініп жіберіп кіруге тұра ұмтылғанда Лю Би оны шұғыл тоқтатып:

– Тоқта, батыр, халықты үрейлендіруге болмайды, – деді. У Ян даусы қарлыққанша:

– Тез кіріңдер, тез кіріңдер! – деп айғайлады. Сөйтіп тұрғанда қала ішінен атты сарбаздарды бастаған бір батыр шығып:

– Ат-атақсыз тәйтiк неме, бүлiк шығаруға батылың қалай барып тұр. Танимысың, бас қолбасы Уын Пiндi мен боламын, – деп ақырып У Янға тұра ұмтылды. Ашуы түскен У Ян атын тебініп жіберіп, найзасын шырқ үйіріп айқаса кетті. Екеуінің қолы қала ішінде аралас сайыс салды. Аттан дауысы жер-көкті жаңғыртты.

Мұны көрген Лю Би:

– Халықтың амандығын ойлаймын деп жүріп, сол халыққа кесірімді тигіздім-ау, енді неде болса басқа жаққа кетейік, Шанянға кірмеймін! – деді. Оның бұл сөзін дұрыс көрген Жүгі Лян:

– Онда Жияңға барайық, ол – Жиң Жоу өңіріндегі бекінісі мықты жер, әуелі сол жерді алып, сол жерді табан тірер тиянақ етейік, – деді Жугі Лян.

– Бұл сөзіңіз менің де көңіліме ұнайды, – деп Лю Би қалың бұқараны ертіп, Шаңяңды тастап, Жияңлиыңға қарай жүріп кетті. Шаңяң қаласындағы бір қауым бұқара әлгі аласапыранда қаладан қашып шығып, Лю Бидің соңынан ілесті. Таңертеңнен түс ауғанша Уын Пинмен сайысқан У Янның жасақтары тегіс қырылып біткен еді. У Ян ағызған күй қаладан қашып шығып, әрі іздеп, бері іздеп, Лю Биді таба алмаған соң, ақыры паналау үшін Шаңшаның уәлиі Хан Шуанға қарай тартып кетті.

Лю Бидің соңынан ілескен жұрт, жасағымен қосқанда жүз мыңнан асты. Көшкен арбаның саны бірнеше мың, жүктерін арқалап, әпкішпен көтергендердің санында есеп жоқ еді. Лю Биаудың қабірінің қасынан өткенде, Лю Би топты қолбасыларын бастап келіп, қабірге бас иіп, дұға оқыды:

– Қабілеті кемшін, ақылдан кенде жаман ініңіз тапсырған ісіңізді орындай алмады. Халықта жазық жоқ, барша күнә менің басымда. Ер аруағыңызбен Жиң Жоу, Шаңяңның төмам халқын қолдай көріңіз! – деп жылады. Бұл наланы естіген жасақтар мен халықтың бәрі тегіс көздеріне жас алды. Олар зират басында отырғанда қарауыл шауып келіп:

– Сау Саудың қалың қолы Фанчыңнан бекініс алыпты, қайық дайындап, дариядан өтіп, бізді қуудың қамына кірісіп жатыр екен, – деп мәлімдеді. Мұны естіген қолбасылар: Жияңлыңның бекінісі күшті жер, оған барсақ жауды тойтаруға болар еді. Бірақ соңымызға ерген мына мың сан халықпен күніне он шақырым жерден ұзай алмай отырмыз. Бүйте берсең Жияңлыңға қашан жетуге болады? Ал, Сау Сау қолы жетсе қалай төтеп бере аламыз? Уақытша халықты тастай тұрып, алдымен мөлшерлі жерге қолдың жетіп алғаны абзал болар, – десті. Лю Би жылап тұрып:

– Ұлы істерді халыққа арқа сүйегенде ғана орындауға болады. Ел-жұртым мені ес көріп ілесіп отырса, қалай ғана тастап кетермін, – деп еңіреді. Лю Бидің бұл сөзін естіген жанның бәрі көздеріне жас алды. Осы жайлы ел арасында сақталған бір жыр былай айтылатын:

Басына катер төнсе де,
Халық деп соқты жүрегі,
Зар жылап қайық үстінде,
Тілеуін елдің тіледі.

Сол бір сәтті еске алып,
Үлкен-кіші егіліп,
Лю Биді ойлап қайғырды,
Қабырғасы сөгіліп.

Сонымен Лю Би елден бөлініп, бас қорғап кетуді жөн көрмеді. Халықпен бірге болып, елді қорғап қалу керек деп шешті, сөйтіп елді соңынан ерткен Лю Би халықты қорғап отыруды мақсат етті де, көштің ығына қарай өгіз аяңмен жылжып отырды. Сол күндердің бірінде Жугі Лян мынадай ақыл айтты:

– Біздің жүрісіміз тым баяу, оның үстіне қиын-қыстау күн туса, халықты тастап кете алмаймыз. Осы жүрісімізден танбасақ Сау Сау қолы көп кешікпей қуып жетеді. Сондықтан Гуан Гүн Жияншадағы Лю Чи бекзадаға барып көмекке қол алып келсін. Егер ол жақтан көмекке қол ала алса, қайыққа отырғызып, тізгін ұшымен тездетіп келсін, бізді Жиялиңнан тапсын, – деді.

Осы ақыл бойынша Лю Би хат жазып, Гуан Гүн мен Сүн Ганды бес жүз қорғаушы сарбаз беріп Жияншиядағы Лю Чиге жөнелтті. Жаң Фиді арттан келе жатқан жаудың жолын тосуға тосқауылға қалдырды. Жау Иүнге үй-іш, бала-шағаларды қорғап алып жүруді міндеттеді. Қалғандардың бәрі халықпен бірге болды. Сонымен халықтың жағдайына қарап, жай көшіп, ерте қонып, күніне он шақырымнан жол алған олар қонақтап жылжи берді.

Пәнчындағы Сау Сау елші жіберіп Шаңяндағы Лю Сұнды дидарласуға шақыртты. Лю Сұң бұл ұсыныстан іштей күмәнданып, баруға жүрексіне берді. Бірақ, Сай Мау мен Жаң Иүн бұл жолы қалайда барған жөн деп ақыл айтты. Өзі екіұдай болып толқып отырғанда, Уаң Уи жасырын кездесіп кеңес берді. Ол:

– Сау Сау сіздің өзіне бағынамын деген хатыңызды алып отыр, оның үстіне Лю Бидің зытып кеткені анау, сондықтан сізден күмәндана қоймайды, ол осы күнде тым бейғам. Егер осы орайда сығайланған сарбаздарыңызды алып, қапысын тауып жер жағдайы қолайлы жерден тап берсеңіз, Сау Сауды қалайда аласыз. Сау Сауды алу – әлемде теңдессіз күшке ие болу деген сөз. Демек онда сіздің айбарыңыз аса түседі де, атыңызды естіген жан тітіреп отыратын болады. Орта жазықтың көлемі кең болғанмен, бір жапырақ қағазыңыз-ақ жайғайды. Мынау таптырмайтын орай, қапы қалмаңыз, – деді. Бұл ақылдың дұрыс-бұрыстығына жіп таға алмаған Лю Сұң өзі шешім қабылдай алмай Сай Маумен ақылдасты. Сай Мауға бұл ұнамады, ол дереу Уаң Уйге келіп:

– Сен шамаңа қарамай, иемізге не айтып сандырақтап жүрсің, жаратқанның жазмышынан асып қайда барамын деп едің. Ойыңа

келген сөзді көйітіп, бет алды былжырауға дөтің қалай барды! – деп зекіді. Оның бұл абызсынғанына Уаң Үйдің ашуы келді. Ол сол жердің өзінде:

– Елді саудалаған опасыз қарақшы, маған ақыл айтатын сен кім едің, сенің істеген қылмысың басыңнан асты, егер менің еркімде болса етіңді жапырақтап жеп қояр едім! – деді. Оның бұл жолсыздығына Сай Мау да шыдай алмады, дереу оның басын алып тастайын деп еді, Гуай Иү арашаға түсіп тоқтатып қалды. Сонымен Сай Мау Жаң Иүнді ертіп, Пәнчынға барып Сау Саумен жолықты. Ол Сау Саудың алдында құрдай жорғалап қатты жарамсақтанды.

Сау Сау одан:

– Қазір Жиң Жоуда қанша сарбаз бар, азық-түлігінің жайы қалай? – деп сұрады. Сай Мау оған өзі білетіннің бәрін айтты:

– Атты жасақ елу мың, жаяу жасақ бір жүз елу мың, су жасағы сексен мың, жиыны екі жүз сексен мың сарбаз бар. Азық-түліктің негізгі бөлігі Жиянлинде болғанымен, басқа әр жерде сақталған қор да бір жылға жетіп-артылады, – деді. Сау Сау одан тағы:

– Сайыс қайығы қанша? Оны кім басқарады? – деді сұрады.

– Үлкен-кіші сайыс қайығы жеті мыңнан асады, су жасағын біз басқарамыз, – деді Сай Мау.

Бұл мәліметтерді естіген соң, Сау Сау табанда Сай Мауға оңтүстіктің қожа сұлтаны деген лауазым беріп, су жасағының аға сардары, бақылаушы ұлық етіп тағайындады. Жаң Иүнге көмекші сұлтан деген лауазым беріп, су жасағының орынбасар бақылаушы сардары етті. Бұл құрметке екеуі де қатты қуанды, бастары жерге жеткенше тоңқандай бас иіп, алғыстарын айтты. Мұнан соң Сау Сау:

– Лю Биан қайтыс болғанымен оның ұлы маған тізе бүкті, мен патшаға мәлімдеп, оны баяғысынша Жиң Жоудың мәңгілік иесі етемін, – деді. Осындай биік мансап, кесек уәдеге көңілдері күпті болған екеуі қайтып кетті. Олар кеткен соң Шүн Иүй Сау Сауға келіп:

– Сай Мау мен Жаң Иүн екеуі де өзіндік беті жоқ, жарамсақтықпен күнелткен жартыкеш немелер еді. Оларға осыншалық үлкен лауазым бергеніңіз қалай? Тіпті, су жасағының аға сардары, бас бақылаушысы деген оларға артық, осыншалық үлкен мансап бергеніңіз не? – деді.

– Сен оған несін абыржисың, мен адам танымайды ғой дейсің бе, кісі болар кісіні кісесінен танимын, кісі болмас кісіні мүшесінен танимын деген бар емес пе! Дәл қазір оларды алдап істету керек,

біздің сарбаздардың бәрі солтүстіктен келген жігіттер. Суда соғысу олар үшін тамұққа тірі тастағанмен тең. Сондықтан әзірше бұл екеуін пайдалана тұрмақ керек. Кейін ығына қарай бір жөнін табармыз, – деді Сау Сау.

Сай Мау мен Жаң Иүн өздері шен алып, төбелері көкке жеткендей болып, Лю Сұңға барды. Олар есіктен кіре:

– Тақсыр, Сау Сау иеміз сіздің Жиң Жоу мен Шаңяңға мәңгі кожа болуыңызға кепілдік берді, – деді. Мұны естіп қуанышы қойнына сыймаған Лю Сұң келесі күні шешесі Сай ханымды ертіп, таңба, әскери құқық мөрлерін алып, дариядан өтіп Сау Сауға барып сәлемдесті. Сау Сау аман-сәлем жоралғысын істеп, олардың көңілін жұбатқан соң, қалың қолын алып, дариядан өтіп, Шаңяң қаласының сыртына келіп орналасты. Сай Мау мен Жаң Иүн Шаңяң қаласының бұқараларына шырақтарын жағып, тұтанғыш тұтатып, көшеге шығып тағзым етіп қарсы алуды тапсырды. Сау Сау майда сөздермен олардың көңілін жұбатқан соң қалаға кіріп, ордаға келіп орналасты. Ол сол жерде жатып жағдайды аңдап, алдағы соғысқа дайындық жасамақшы болды. Бір күні Куай Иүні шақыртып алып:

– Мен Жиң Жоуды алғанымға қуанбаймын, ол ерте ме, кеш пе менің қолыма қарайтын жер ғой! Мен сізді тапқанымға қуанамын, – деді. Сол жерде бұйрық шығарып оған Пәнчын сұлтаны деген лауазым беріп, Жиянлиннің уәлиі етті. Онан соң Фу Шүн мен Уаң Санға өлке ішінің сұлтаны деген лауазым берді. Лю Сұңға Жиң Жоудың уәлилігін беріп, сол жерге көшуді бұйырды. Бұл әмірді естіп жүрегі су ете түскен Лю Сұң:

– Маған шеннің керегі жоқ, ата-бабамның жерін сақтасам болды, – деді.

– Жиң Жоу астанаға жақын жер, патшаға ертіп барып лайықты мансабыңды береміз, Жиң Жоу мен Шаңяң өңірінде тұрсаң бекер қастықпен жазым боласың, – деді Сау Сау.

Лю Сұң қайта-қайта дәтін айтып қарысып көріп еді, Сау Сау айтқанынан қайтпады. Әбден шарасыз қалған Лю Сұң шешесі Сай ханымды ертіп Жиң Жоуға кетуге мәжбүр болды. Тек ежелгі көз көрген қолбасылардан Уаң Уи ғана қасына ілесті. Басқалары өзеннен өткізіп салып қайтып кетті. Олар кеткен соң аздан кейін Сау Сау Иү Жинді шақырып алып, оған мынадай бұйрық берді:

– Сен жеңіл жасақтанған атты сарбаздарды бастап тізгін ұшымен барып, Лю Сұң мен оның шешесін “аттандырып” жібер. Кейінгі күнге кесірі тиер пәлені ерте жоймасаң болмайды, – деді. Сау Саудан осындай қатал бұйрық алған Иү Жин сарбаздарын

бастап қуып кетті. Ол көп ұзамай кетіп бара жатқан жолаушыларға да жетті. Жеткен беті оларға:

– Мен уәзірдің жарлығы бойынша келіп тұрмын, осы жерде шешең екеуіңнің бастарыңды аламын! Қарсыласпай мойындарыңды ұсыныңдар, – деп ақырды. Сай ханым Лю Сұнды құшақтап зар жылады. Иү Жин жасақтарға не қарап тұрсындар, тез болыңдар деп ақырды. Мынадай залымдықты көріп зығырданы қайнап, ашуы қысқан Уаң Уи топты сарбазбен жалғыз айқасты. Алайда, қаптаған қалың қолға жалғыз адам не істей алсын, ол сол сайыста қаза болды. Жасақтар Лю Сұң мен Сай ханымның басын кесіп алды. Иү Жин онан соң аялдаған жоқ, дереу ордасына қайтты да, Сау Сауға олардың басын әкеліп берді. Сау Сау оның бұл еңбегін жоғары бағалап, сүбелі сыйлық берді. Мұнан соң Сау Сау тағы адам жіберіп Лүңжондағы Жүгі Лянның қатын-баласын, туыстуғанын алып келуді бұйырды. Бірақ, ол жаққа барған шарлаушылар түк те таба алмай, құр қол қайтты. Тіпті қайда кеткені туралы дерек те білінбеді. Жауының осындай сұрқиялыққа баратынын білген Жүгі Лян үй ішін әлдеқашан Санжияңға көшіріп апарып, адам білмейтін жерге жасырып тастаған. Қанша іздесе де Жүгі Лянның бала-шағасын таба алмаған Сау Сау ашудан жарыла жаздап, өзегін айықпас кек кернеді.

Шаняң тынышталған соң бір күні Сау Саудың алдына Шүн Иүі келді. Ол Сау Сауға мынадай ақыл айтты:

– Жияңлиң Жин Жоу мен Шаняңның астық қамбасы есептелетін маңызды орын. Қорғанысқа да берік, Лю Би бұл жерге бір орнығып алса, оның табанын тайдыруымыз оңайға түспес, – деді. Сау Сау оның ойын ұға қойды да:

– Мен мұны қайдан естен шығарайын, – деп дереу Шаняңдағы қолбасыларды жиып, ішінен қол бастауға лайық адам таңдады.

Қолбасылардың ішінде жалғыз Уын Пін ғана жоқ екен. Ол Сау Сау шақыртқаннан кейін барып келді. Ол келгенде Сау Сау оған сынай қарап:

– Сені шақыртып әзер келтіретін болдық па, неге ертерек келмейсің? – деп еді. Анау аспай-саспай орнынан тұрып алды да:

– Кеудесінде ар-намысы бар адам өз иесіне тірек болып, туған жерін қорғата алмаса, ұяттың үлкені сол екен. Сол себепті сізбен ертерек келіп көрісуге жүзім шыдамады, – деп Уын Пін сөзін аяқтай келе жылап жіберді. Сау Сау бұл сөзге қанша ашуланса да, оның адалдығына разы болып:

– Адал қызметші деген осы, – деп басқаларға үлгі ете мадақтап қойды. Сол жерде бұйрық шығарып, Жяңшаның уәліі етіп, өлке

ішінің сұлтаны деген лауазым беріп, сарбаздарға жол бастауды бұйырды. Әр тарапқа кеткен барлаушылар:

– Лю Би халықты өзімен бірге алып барады екен, сондықтан олардың жүрісі мандымай, күніне он шақырым ғана жол басатын көрінеді, қазір осы жерден небәрі үш жүз шақырым жерге ғана барыпты, – деген хабар жеткізді. Мұны естіген Сау Сау осы орайда Лю Биді құртып жібереріне күмәнданбады. Ол сұрыпталған бес мың атты жасақты аттандырып, оларға суыт жүріп, бір күн бір түннің ішінде Лю Биді қуып жетіп, бөгей тұруды тапсырды. Оның соңынан қалың қолдың да тез жетуін бұйырды.

Жүз мыңнан астам халық пен үш мың қолды бастаған Лю Би, жылжи қонақтап, Жияңлинге қарай тарта берді. Жау Иүн үй-іш, бала-шағаға бас болып, көштен бөлек жүрді де, Жаң Фи жол тосып, тосқауылда қалды.

Жяңшаға кеткен Гуан Гүннен ешбір хабар болмады. Бұған қатты алаңдаған Жугі Ляң не болып қалды екен деп абыржи бастады. Лю Би оған:

– Айтқанымды ғафу етіңіз, ақылшы, сол жаққа өзіңіз бір барып қайтсаңыз қайтеді, Лю Чи өткенде өзін құтқаруға берген ақылыңызды ұмыта қоймаған шығар. Өзіңіз барсаңыз бет көрсе, жүз ұялады дегендей қалайда көмек береді, сөйтіп барып ісіміз оңалмаса, халіміз қиындап кетіп жүрер,– деді. Олар осы ақылды жөн деп тапты да, Жугі Ляң қасына бес жүз сарбаз алып Лю Фынды ертіп, көмек сұрай Жяңшаға аттанды.

Бір күні Лю Би, Жияң Иүн, Ми Жу, Ми Фаң көшпен бірге келе жатыр еді. Аяқ астынан құйын көтеріліп, жердің шаңын аспанға бір-ақ көтерді, күннің көзі көрінбей кетті. Селк ете түскен Лю Би:

– Мынау қандай нышан?– деді. Жияң Иұнның жұлдызнама ашатын өнері бар еді. Жұлдызнама қарап, бал ашты да түсі қашып кетті:

– Қолбасы, мынау бір үлкен пәлекеттің нышаны екен, пәлекет болса кешікпейтін түрі бар, бүгінгі түн қатер. Халықты бізге тастап тез жүріп кетіңіз, – деді. Лю Би оған көнбеді:

– Ол болмайтын шаруа ғой, халық сонау Шиниенден бері қарай соңыма ілесіп келеді, жол ортаға жеткенде қалай оларды қатерде тастап, бас амандап кетпекпін, – деді.

– Тастап кетуге қимасаңыз бәрібір пәлекеттен аулақ бола алмайсыз, – деді Жияң Иүн.

– Алдымыздағы қай жер? – деп сұрады Лю Би қасындағылардан. Олар:

– Бұл Данияң ауданы, анау атақты Жің тауы, – деп жауап берді. Лю Би осы тауға қонуды бұйырды. Бұл кез күз аяқталып, қыстың басталып келе жатқан мезгілі еді. Суық сүйектен өтіп, қара боран азынап тұрды, ымырт үйріле бастады. Жұрт суықтан қалжырап кетті, жылаған баланың үні даланы күңіrentіп жіберді. Төртінші дабылға жеткенде солтүстік-батыс жақтан жер-көкті күңіrentкен айғай шықты. Лю Би өзі қанша шошып тұрса да, сарбаздар мен сардарларға сыр бермей, екі мың сайлауыт қолын бастап, атына мініп жауға қарсы аттанды. Сау Сау қолы жер қайыса қаптап келеді. Ешкімге бөгеу берер емес. Лю Би де беріспей шайқас жасады. Саны көп жау қояр емес, тықсырып барады, сарбаздардың қатары сирей бастады, басқа қатер төнді. Дәл сол кезде бақытқа қарай Жаң Фи келіп қалды да, Сау Сау қолын қынадай қырып жол ашып, Лю Биді құтқарып алып шықты. Олар шығысқа бет алды. Майданның шетіне шыға бере алдарынан Уын Пін кескестей кетті. Лю Би оны көргенде кектеніп кетті де, қолдың алдына шығып:

– Иесіне опа қылмаған қарақшы, сенің бізді көретін бетің бар ма, сөйткенше өлгенің абырой емес пе еді, – деп сыбап ала жөнелді. Ұялғанынан кірерге жердің тесігін таппаған Уын Пін қолын бастап солтүстік-шығысқа қарай бұрылып кетті. Лю Биді қорғаған Жаң Фи сайыса шегініп отырды. Бір уақытта таң да атты. Айғай-сүрен барған сайын алыстай түсті. Ат басын тартып тыныстаған Лю Би жан-жағына қараса, қасында небәрі үркердей боп жүзден аса жасақ қалыпты. Қалың халық, үй-іш, бала-шағадан із-тоз жоқ. Ми Жоу, Ми Фаң, Жияң Иұн, Жау Иүндердің де қайда қалғаны белгісіз. Лю Бидің көңілі айран-асыр болды.

– Жүз мыңнан астам адам маған сеніп соңымнан еріп еді. Ақыры мынадай пәлеге жолықты. Сардарларым мен бала-шағамның өлітірісі белгісіз, мұндай ауыр қайғыға қалай шыдармын! – деп Лю Би дауыс салып жылап жіберді.

Көпшілік ес-ақылы шығып тарығып отыр еді, күтпеген жерден бетіне жебе тиіп, денесінде жарадан сау жері жоқ Ми Фаң келді, еңсесі түсіп кетіпті. Ол келе сала:

– Жау Иүн бізден бет бұрып, Сау Сауға бағынып кетті, – деді.

– Тек, – деп зекіді Лю Би, – сен бір нәрсені шатастырып тұрсың, Жау Иүн менің ежелгі қандыкөйлек досым, оның менен бет бұруы мүмкін емес. Ежелден қызба мінезді Жаң Фи:

– Ол біздің шамамыз кетіп, күшіміздің әлсірегенін көрген соң, біздің жеңіске жететінімізге күмәнданып, байлық-мәртебе табу

үшін Сау Сауға бет бұрса бұрған шығар, – деді. Лю Би оларға тойтарыс бере былай деді:

– Жау Иүн менімен мұнан да қиын кезде, басыма іс түскен ауыр күндерде табысқан досым. Оның мен дегенде шығарға жаны бөлек. Оның маған деген сенімі оңай шайқала қоймайды. Ал байлық пен мәртебе оны тіпті де аздыра алмайды, – деді. Ми Фан сонда да өз сөзінің шындығын дәлелдегісі келіп:

– Оның несін сөз қылып отырмыз. Жау жаққа өтіп кеткенін мен өз көзіммен көрдім, бет бұрған емей неме? – деп күнк ете түсті.

– Асықпасың, Жау Иүн қайда құтылар дейсің, мен оны өзім іздеп барамын, кезігер болса бәлемді найзаның ұшына түйреп өлтірермін, сыбағасын бермесем атым өшсін, – деп Жаң Фи долданды. Лю Би оған басу айтты:

– Сабыр ет, Жаң Фи, меніңше Жау Иүн мені тастап ешқайда кетпейді. Орынсыз күмәнданба, екінші ағанның Ян Лияң мен Уын Чуды қалай жайратқанын ұмыттың ба? Жау Иүннің жау қолына араласып кетуінде қалайда бір себеп бар.

Мұндайда бір долданып алса сөзді тыңдайтын кісі Жаң Фи ма? Жиырма шақты адамды ертіп алып Шаңбанчяу көпіріне қарай шаба жөнелді. Көпірдің шығыс жағында тоғай бар екен, іштей бір амал ойлаған Жаң Фи сол тоғайға кіріп, ағаштың бұтағын кестіріп, сарбаздардың аттарының күйрығына байлатып, тоғайдың ішіндегі шаңдаққа олай-бұлай желдіртіп шаңды бұрқыратып аспанға шығарды. Бұл көрініс орман ішінде қалың жасақ жатқандай болып көрінді. Өзі атына мініп, найзасын көлденең ұстап, көпірдің үстінде, батысқа қарап қайқайып тұрды.

Түнде Сау Сау қолы басып қалғанда жанын аямай шайқасқа кірген Жау Иүн жау қолына ашыққан бөрідей тиген. Қаптаған соғыста, кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып, қызыл қырғын сайыс салған ол таң ағарып атқанда қараса, Лю Би де жоқ, оның бала-шағасынан да айырылыпты. Не істерін білмей басы қатқан батыр өзінен-өзі қорланып кетті. Ол ойлап-ойлап ақыры: “Иеміз Ган ханым мен Ми ханымды және жалғыз ұлы Адуды маған тапсырып еді. Енді олардан айырылып қалдым, менде енді қолбасын көретін не бет қалды? Не болса да жанды белге байлап, қайта барып шайқаса жүріп майданды бір сүзіп шығайын, мүмкін ханымдар мен Адудың бір дерегі білініп қалар”, деген тоқтамға келді. Жан-жағына қараса, қасында отыз-қырықтай жасақ қалған екен, соларды ертіп алып, қым-қуыт майданның ішіне енді де кетті. Екі аудан халқының зар жылап, запыран шеккен

дауысы жер-көкті күңіренеді, жебе тиіп, найза кірген, ерінен әйел, әйелінен ері айырылған, сендей соғылысып күңіренген адамда есеп жоқ. Кетіп бара жатып Жау Иүн шөптің арасында жатқан бір адамды көрді. Қараса Жян Иүн екен.

– Екі ханымды көрдіңіз бе?– деп сұрады Жау Иүн.

– Екі ханым арбаларын тастап Адуды көтеріп жаяу кетті. Мен артынан тұра қуып бір тұмсықты айнала бергенімде, жаудың бір батыры қапыда қара санымнан найза шаншып, аттан омақасып, атым жау қолында кетті де, қылар қайрат қалмаған соң осы жерде жатырмын, – деді Жян Иүн. Жау Иүн бір жасақтың атын алып Жян Иүңға мінгізіп, екі қорғаушы қосып беріп:

– Иемізге сәлем де, көкке шықсам да, жерге кірсем де екі ханым мен Адуды таппай қоймаймын. Егер де таба алмасам, басым осы жапан түзде қалады! – деп оларды жолға салды.

Сол беті ағыза жөнелген Жау Иүн Шаңбапо жотасына шыққанда біреу:

– Жау қолбасы, қайда барасыз? – деп айғай салды.

– Сен кімсің?

– Мен хан ағасының әмір шатырындағы арбаға қарайтын қорғаушы жасақ едім. Жаудың жебесі тиіп жараланып жатырмын. Жау Иүн одан екі ханымның хабар-ошарын сұрап еді:

– Ган ханым жаңа ғана жалаң аяқ, жалаң бас, қасында бір топ әйел бар, оңтүстікке қарай бет алды,– деді. Мұны естіген Жау Иүн әлгі жатқан жасаққа қарамай оңтүстікке қарай ағыза жөнелді. Алдарында жүз шамалы ер-әйел кетіп барады екен.

– Іштеріңде Ган ханым бар ма? – деп айғай салды Жау Иүн. Топтың артын ала кетіп бара жатқан Ган ханым Жау Иүнді көріп жылап жіберді. Аттан қарғып түсіп найзасын жерге шаншып қоса жылаған Жау Иүн:

– Ханым, сіздерді мұндай күйге душар еткен менің кінәм, Ми ханым мен Аду қайда? – деп еңіреді.

– Алғаш жау қуғыны жеткен кезде Ми ханым екеуміз арбаны тастай салып, жұрттың арасына кіріп кетіп едік, содан жаяу жүріп әудем жерге жеткенде алдымыздан тағы жаудың атты сарбаздары шығып, сонан тоз-тоз болып қаштық. Ми ханым мен Адудың қай жаққа кеткенінен көз жазып қалдым. Жалғыз өзім жан сауғалап келе жатқан бетім осы,– деді Ган ханым. Осылайша сөйлесіп тұрғанда алда кетіп бара жатқан бұқара ұйқы-тұйқы болып айғай шықты. Тағы да бір қосын қол шабуылдап келеді екен. Жау Иүн атына міне салып алдарын кес-кестей берді. Ең алдында біреу байлаған бір адамды айдап келеді. Қараса байланған адам Ми Жоу

екен. Оның соңынан қолына дәу қанжар ұстаған бір батыр мың қаралы қолды бастап келеді. Ол Сау Саудың қатардағы қолбасы Дүн Иұдау деген еді. Ұстап алған Ми Жоуды Сау Сауға сауға етпекші. Жау Иүн найзасын серте ұстап, тебініп жіберіп Дүн Иұдауға тұра ұмтылды. Дүн Иұдау қайдан төтеп бере алсын. Жау Иүн найзаны бір сілтеп аттан омақастыра құлатты да, ағызып алдыға өтіп, Ми Жоуды құтқарды. Жаудан олжалаған екі аттың бірін Ган ханымға мінгізіп, жау қолын қақ жара жол алып, Шаңбанпо жотасына қарай тартты. Барса көпірдің үстінде найзасын көлденең ұстап, есікпен төрдей арғымағын ойнатып, Жаң Фи тұр екен.

– Жау Иүн, ағайдан қалайша бет бұрдың?– деп айғай салды ол көрген жерден.

– Мен ханым мен Адуды таба алмай кейіндеп қалдым, бет бұрғаның не айтып тұрған? – деді Жау Иүн.

– Егер әлгінде Жиян Иүңге кезікпеген болсам, бүгін мен сенімен есеп айрысатын едім, – деді Жаң Фи.

– Иеміз қайда? – деді Жау Иүн.

– Алыс емес, алдымызда, – деді Жаң Фи. Жау Иүн Ми Жоуға: – Сіз Ган ханымды қорғап алға қарай ілгерілей беріңіз, мен қайта айналып, Ми ханым мен Адуды іздейін,– деді де бірнеше жасақты ертіп, қайта жаудың ішіне кіріп кетті.

Ол қалың жаудың арасында сыдыртып кетіп бара жатыр еді, қолына найза ұстап, беліне қылыш асынған, оншақты жасақ ерткен бір сардар көлденең шыға келді. Жау Иүн әй-шайға қарамастан жау сардарына тұра ұмтылды. Айқастың алғашқы кезегінде-ақ Жау Иүннің қадап сілтеген найзасы әлгі сардарды жайратып салады. Қасындағылар бет-бетіне қаша жөнелді. Әсілі бұл қолбасы Сау Саудың қанжарын асынып, қасынан екі елі айырылмайтын Шия Хуын еді. Сау Сауда “әлем тірек”, “көк алмас” дейтін екі алмас қанжар бар болатын. “Әлем тіректі” өзі, “Көк алмасты” Шия Хуын асынып жүретін. “Көк алмас” қанжардың өткірлігінде баға жоқ, темірді бауырша турайтын. Батырсынып қоразданған Шия Хуын сол күні Сау Сауға айтпастан, қол бастап шығып ел тонауға кіріскен еді. Ойламаған жерден Жау Иүнға кезігіп қалып, батырдың найзасынан жан тапсырды. Қанжарын олжалаған Жау Иүн сабына алтынмен жазылған “көк алмас” деген сөзді көргенде барып, алмас қанжар екенін білді, қанжарды асынып алып қоршауды бұзып, шығып кетті. Қараса қасында бірде-бір жасақ жоқ, өзінің соқа басы ғана қалыпты. Жалғыз қалдым деп қамыққан ол жоқ. Өрлі-қырлы шауып Ми ханымды

іздей берді. Көлденең өткен жанның бәрінен Ми ханымның хабар-ошарын сұрай жүрді. Бір уақытта біреу:

– Ханым баласын көтеріп, бізбен бірге келе жатыр еді, сол аяғына найза тиіп жүре алмай, анау тамда қалды, – деді.

Мұны естіген Жау Иүн алды-артына қарамай солай ағызды. Келсе біреудің өртеніп кеткен тамының ішіндегі құрып қалған құдықтың қасында Адуды құшақтаған Ми ханым солқылдап жылап отыр. Атынан қарғып түскен Жау Иүн алдына барып иіліп тағзым етті. Ми ханым:

– Қолбасы, құдайдың сізді кезіктіруі Адудымның су ішкілігі болғаны ғой. Әкесінің жер ортасына келгенде көрген осы бір жалғыз перзентін қорғап, аман-есен қолына табыс ете гөріңіз, мен өлгеніме өкінбеймін! – деді.

– Сіздің мұндай азап тартуыңыз мен пақырдың кінәсі. Ханым, сөзге айланбай тезірек атқа мініңіз, пақырыңыз жаяу болса да сізді қорғап, жау қоршауын бұзып өтуге кепілдік береді, – деді Жау Иүн. Ми ханым оған көнбеді:

– Атсыз қалсаңыз, жаяу жүріп қаптаған жауға не істей аласыз! Қазір баланы құтқару бәрінен маңызды. Оның тағдыры сіздің қорғауыңызда ғана қалып отыр. Мен ауыр жараландым, онсыз да аман қалуым екіталай, өлсем өкінішім жоқ. Қолбасы, мына перзентімді құшағыңызға алып құтқарып шығып кетіңіз, мен сорлыны қозғамаңыз.

– Айғай-шу таяп қалды, қуғын келе жатыр, тез атқа қоныңыз, – деді Жау Иүн.

– Денемді билеп атқа отыра алмаймын, екеуміздің өліміміз үшін де өкінесіз, – деді де, Ми ханым Адуды Жау Иүннің қолына ұсынып, – бұл баланың тағдыры, қолбасы, енді сіздің қолыңызда.

Жау Иүн баланы алмай:

– Атқа мініңіз, – деп қайта-қайта жалынып көріп еді, Ми ханым көнбеді. Төрт төңіректен бірдей анталап келе жатқан жаудың дабыры естілді.

– Ханым, менің айтқанымға көніңіз, міне жау да келіп қалды, – деді Жау Иүн қатқыл үнмен. Адуды жерге тастай берген Ми ханым денесін бір аунатып, қасындағы құдыққа өзін бір-ақ атты. Сөйтіп ғазиз басын өзі еркімен өлімге қиды. Бұл жайлы бір ақын шығарған мына өлең ел аузында сақталып қалған:

Майданда ер серігі тұлпары ғой,
Діңкесін жаяушылық құртады ғой.
Батырды жаяу тастап, атын мінсе,
Қанатын өз қолымен қырқады ғой.

Баланы құтқара алмас жаяу адам,
Жау алмай қоймас жанды аялаған,
Соны ойлап құдыққа өзін лақтырады,
Шығады мұндай ерлік қай анадан.

Ханымның жазым болғанын көрген соң Жау Иүн енді мұнда аялдаудың қажеті қалмағанын білді де, неде болса баланы құтқарып қалуды ойлады, ханымның өзін-өзі өлімге қиюдағы ойы да осы болатын, ол кетерінде аяулы ананың пәк денесі Сау Саудың залым жасақтарының қолына түссе қорлап жүрер деген оймен, тамды құлатып, құдықтың аузын бітеді. Сонан соң жібек белбеуін босатып, кеудеше сауытын көтеріп, Адуды қойнына салып алып, найзасын ала атына мінді. Ол манадан бері өзімен өзі болып жүріп ештеңеге назар аудармаған екен, атқа мінген соң барып жан-жағына қараса, бір қосын қолды бастаған бір батыр әлдеқашан төңірегін қоршап алыпты. Жау Иүн көрген жерден тани кетті, Сау Саудың қатардағы қолбасы Ян Миң еді. Екі жүзді үш айыр семсерін онды-солды үйіріп Жау Иүнмен айқаса кетті. Айқас ұзаққа созылмады, Жау Иүннің құлаштай сілтеген найзасы көздеген жерден тиді де, оны аттан ұшырып жіберді. Сонан соң, қоршаған жауды торғайдай тоздырып жарып өтті. Олардан әрең құтылғанда алдынан бір топ жау сарбаздары шығып тағы да тосылып қалды. Сарбаздардың алдын қолына ту ұстаған сардар бастап келеді екен, оның туындағы “Жыжияндық Жаңқы” деген жазу анық көрініп тұр. Неде болса тәуекелге бел буған Жау Иүн тіл қатпастан найзасын серте ұстап қарсы ұмтылды. Өне-міне дегенше екі батыр айқаса кетті. Он кезектей қағысып өтсе де бірін-бірі ала алмады. Қойнында бала бар Жау Иүннің онан ары сайысуға зауқы соқпады. Келесі жолы қағысып өткен батыр, атының басын бұрмастан сол беті жау тобын жарып өте шықты. Жаңқы соңынан тұра қуды. Жау Иүн артына қарай-қарай, атына қамшы басып шауып келе жатыр еді, күтпеген жерден гүрс етіп аты омақаса құлады. Қараса, аты орға түсіп кеткен екен. Қуып жеткен Жаңқы найзасын енді сілтей бергенде кенеттен ор ішінен бір қызыл нұр жарқ етіп, ат көкке ұшқандай ордан бір-ақ секіріп шықты. Осы ғажайып оқиға кейін мынадай өлең болып елге тарап еді:

Қызыл нұр айдаһары алып ұшып,
Сәулесі шыққан күнмен шағылысып,
Секіріп терең ордан шықты тұлпар,
Тұяғы сүрінсе де жаңылысып.
Адудың періштесі қақты білем,
Жол берді қалың жаудың бәрі ығысып.

Мына ғаламатты көргенде Жаңқының жүрегі тас төбесіне шығып шегіне берді. Ордан шыққан Жау атының басын қоя беріп тұра жөнелгенде ту сыртынан айғайлаған дауыс естілді. Сөйтсе артынан екі сардар қуып келеді екен. Олар: “Токта, Жау Иүн, енді құтылмайсың!” – деп ақырды. Сөйтті де қолдарына екі түрлі қару ұстаған екі сардар алдынан шығып қарсы ұмтылды. Сөйтсе артынан қуып жеткен Маян мен Жаң Иі екен, алдынан қарсы шыққандар Жияу Чу мен Жаң Нан болып шықты. Төртеуі де Иуан Шаудың сардарлары еді, алдыңғы бір соғыста Сау Сауға бағынған. Жау Иүн қаймығар емес, оларды көргенде көзіне қан толып, найзасын еркін сілтеп, төрт батырға қарсы ұмтылды. Қаһарына мінген батыр алдырар емес, төртеуінің қаруын дарытпай, өзі көз ілеспес шапшандықпен қимылдап төртеуіне ырық бермей ерлікпен айқасты. Сау Сау қолы жан-жағынан қаптай қоршады. Дәл осы кезде қоян-қолтық соғысқа найзаның епсіз екенін аңғара қойған Жау Иүн “көк алмасты” құлаштай сермеп қаһарлана тиісті. Жан шақ келтірмей, бет келгенін қоғадай сұлатып, жамсата берді. Сілтегені қалт кетпей, бас қауынша домалап, қан бұлақ болып ақты. Қалың қол, топты сардарды қырка жамсатқан Жау Иүн бір заманда қоршауды бұзып шықты.

Сау Сау Жиң тауының төбесінде тұр еді. Ол бұл көріністі алыстан көріп тұрды. Бетіне келген жанды баудай түсіріп келе жатқан айбарынан адам шошып өлердей мына батырдың қайратына ешкім тең келіп қарсыласа алмағанын көріп қайран қалды. Ал, қалың сарбазбен жалғыз араласқан батыр жан шыдатар емес, қойға тиген қасқырдай ойран салып жүр. Мұны көріп, әрі тағат-сызданып, әрі ашудан жарылардай болған Сау Сау қасындағылардан:

– Мына алпауыт кім болды екен, танитындарың бар ма? – деп сұрады. Ешкім білмейтін болып шықты, сол кезде тау басында тұрған Сау Сау тобының арасынан Сау Хүн алды-артына қарамай құйындата жөнелді. Ол салған беті майданға кірді де Жау Иүнге жақын келді, бірақ онымен сайысуға шыдамады, анадай жерден:

– Қолбасы, аты-жөніңізді білдіре кетіңіз, – деп айғай салды.

– Білгің келсе, мекенім Чаң Шаң, атым Жау Иүн, – деді. Сау Хүн тізгін ұшымен қайта келіп, Сау Сауға оның кім екенін айтты. Сау Сау:

– Осындай да батыр болады екен-ау, Лю Бидің бағына жолыққан жігіт екен мынау, анық арыстанның өзі, қолыма тірі түсірмесем болмас, – деп ойлады да, әр қосын қолға шабарман жіберіп:

– Жау Иүнге кез болсандар садақ тартушы болмандар, шамаларың келсе тірі ұстандар, ұстай алмасандар кете берсін, – деп жарлық айтты. Шынына келгенде осы жолғы пәлекеттен құтылу Адудың арқасы еді. Өзінің кейінгі иесі Адуды қойнына тығып алған Жау Иүн қызыл қырғын салып отырып, қабат-қабат қоршауды жарып өтті. Ол осы майданда жаудың екі жорық туын жығып, үш қаруын тартып алып, Сау Саудың атышулы сардарларының елу нешесін жайратты. Бұл ерлік өлең болып елге тарап кеткен:

Боялды сауыт, шапан қызыл қанға,
Ешкімді шыдатпады қызынғанда.
Иесін аман қорғап алып шықты,
Тұрса да қауіп төніп шыбын жанға.
Жау Иүннің жұрттан асты бұл ерлігі,
Құрметтер, ертеңгі ұрпақ, білер мұны.

Жау Иүн өлдім-талдым дегенде майданды қақ жарып құтылып шықты. Жорық шапаны қып-қызыл қанға боялыпты. Оған қараған батыр жоқ, енді құтылдым ба деп буддаға шүкірлік айтып, енді жүріп еді, алдындағы қырқаның астынан екі қосын қол тосып тұр екен. Бұлар Шия Худұнның қол астындағы ағайынды Жұң Жын мен Жұң Шын дейтін екі сардар еді. Біреуі дәу балтасын шырқ үйіріп, біреуі ілгекті найзасын серте ұстап төніп келеді, Жау Иүнге әбден өшіккен өндері күреңітіп, талаурап алыпты, көрген жерден:

– Жау Иүн, атыңнан түсіп қолыңды қусыр, – деп ақырды екеуі,
– егер қарсылық көрсетпесең біз сені өлтірмейміз.

Жолбарыстың тобынан құтылғаны сол еді,
Арыстанға тап болды, алдында екен көрері.

Ал Жау Иүн құтыла ала ма, жоқ па, оны келесі тарауда әңгімелейміз.

Жаң Фидың Шанбанчау көпірінде жауды бөгеуі Лю Бидің Ханжін өткеліне тартуы

Жау Иүннің алдынан шыға келген Жұң Шын мен Жұң Жын оның жолын кесіп, тұрыстық беріп тұра қалды. Бірақ жаудан қайтатын кісі Жау Иүн бола ма? Найзасын серте ұстап қарсы ұмтылды. Дәу балтасын шырқ үйірген Жұң Жін алдымен келіп айқасты. Айқаса кеткені сол еді, алғашқы қағыста біріне бірі қару дарыта алған жоқ, қайта айналып ай балтасын енді сілтей берген Жұң Жынның

шұрқылтайына Жау Иүннің құлаштай сілтеген найзасы қадала кетті. Жұң Жын ат сүтінен төбедей төңкеріліп келіп гүрс ете түсті. Сол-ақ екен жау сарбаздарының үрейі ұшып, шегіншектей берді, арғымағын орағытып, топты жауды жарып өте шығуды ойлаған Жау Иүнге ілгекті найзасын кезеп Жұң Шын шүйіліп төніп келеді екен. Жау Иүн оған қарамай қаша жөнелді. Ол соңынан тұра қуды, Жау Иүннің аты барлығып қалған екен, әне-міне дегенше қуып та жетті, аттары құйрық тістесе бергенде жауырынның асты қайдасың деп ілгекті найзаны жарқ еткізіп жіберіп қалды. Қашып келе жатса да, мұны байқап келе жатқан Жау Иүн атының басын кілт бұрып тұра қалды, екпіндеп келе жатқан жау сардарының аты оған жанаса кетті. Қатарласа бере ілгекті найзаны сол қолындағы найзамен қағып ұшырып жіберген Жау Иүн, оң қолымен қынаптан “көк алмасты” суырып алып, сілтеп үлгерді. Жұң Шынның дулығасынан алмас қылыш сыр етіп өте шықты. Төбесіне қылыш тиген Жұң Шынның басы қақ жарылып, екі бөлініп түсті. Жұң Шынның аттан қақ бөлініп түскенін көрген сарбаздары бет-бетіне зытты. Сытылып шыққан Жау Иүн Шаңбанчау көпіріне қарай тартты. Соңынан айғай-сүрең салып ат қойып келе жатқан қалың қолдың дүбірі шықты. Ол қолын бастап өкшелей қуған Уын Пін еді. Көпірге жеткенде Жау Иүннің өзі шаршап, атынан да хал кеткен болатын. Қараса, көпірдің үстінде найзасын серте ұстап Жаң Фи тұр екен.

– Жаң Фи, неғып тұрсың, қолұшыңды берсеңші, – деп айғайлады Жау Иүн. Жаң Фи:

– Тез өтіп кет, қуғынды мен көрейін, – деп гүрс ете түсті.

Көпірден ағызып өте шыққан Жау Иүн жиырма шақырымдай жерге барғанда, ағаштың түбінде отырған Лю Биді көрді. Аттан қарғып түскен ол жерге басын ұрып еңіреді. Лю Би де жылап жіберді. Ентігін әлі баса алмаған Жау Иүн:

– Пақырыңыздың қылмысы ауыр, кескілеп өлтірсеңіз де аздық етер! Ауыр жараланған Ми ханым қанша жалынып атымды берсем де мінбей, құдыққа секіріп, өз-өзін жазым етті. Мысы құрыған пақырыңыздың қолынан келгені тамды құлатып, құдықты бітеу ғана болды. Бекзаданы қойныма тығып алып едім. Қаптаған жаудың арасынан қан қырғын соғыс салып жүріп, әрең өттім, әйтеуі шарапатыңыздың арқасында құтылып шықтым-ау. Қойнымдағы бекзада алғашында жылап еді, бір мезеттен кейін үні шықпай қалды, шамасы өлсе керек, сонда да тастамай алып келдім, – деп белін шешіп қойнынан баланы алып шықты, сөйтсе бала балбырап ұйықтап жатыр екен. Жау Иүн әрі таңғалды, әрі қуанды:

– Бақытыма қарай бекзада аман екен, – деп ұйықтап жатқан баланы қос қолымен Лю Биге ұсынды. Баланы Лю Би жерге лақтырып жіберді:

– Сорға біткен, кесапатың басынан асқан неме, тумай жатып сардарымның басын жұта жаздадың-ау! – деді. Жүгіріп барып жердегі баланы құшақтай алған Жау Иүн еңіреп келіп Лю Бидің алдына жүрелеп отыра қалып:

– Бұл баланың жазығы жоқ, менің өзімнің жолым ауыр, өз басымды жолыңызға атасам да, мейіріміңізді ақтай алармын ба, – деді. Бұл жайлы мынадай бір ауыз өлең қалған екен:

Ашулы жолбарыстай жалғыз өзі,
Қаптаған қалың жауды жарып шықты.
Баланы қойнындағы аман-есен,
Майданнан Жау Иүн батыр алып шықты.

Сүйсінді бұл ерлікке жұрттың бәрі,
Батырға басын иді жылап тұрып,
Жолына сардарымның садаға деп,
Жіберді ұлын Лю Би лақтырып.

Жау Иүннің соңынан қолын бастап түре қуып, Уын Пиң Чаңбан көпіріне келгенде, көпір үстінде тұрған Жаң Фиды көрді. Жолбарыстың мұртындай сирек сақалы тал-тал болып тікірейіп алыпты. Қабағы түксиіп, от боп жанған үлкен көзі шарасынан шығып кетердей болып бадырайып тұр екен. Найзасын серте ұстап ат үстіндегі құйып қойған құрыштай тұлғасынан адам шошып өлердей. Көпірдің ар жағындағы тоғай ішінен будақ-будақ шаң шығып жатыр, оны көрген Уын Пиң тоғай арасында жасырынған жау қолы бар екен деп ойлады да, алға ілгерілеуге бата алмай, аттарының басын тартып тұра қалды. Іле-шала Сау Рың, Ли Дян, Шя Худүн, Шя Хуған, Иүе Жин, Жаң Ляу, Жаң Қы, Шүй Шуда келді. Жаң Фи сол беті найзасын көлденең ұстап, атына мініп қалт етпестен көпірдің үстінде тұр. Оның бейкам тұрысына қарап олар Жугі Лян тағы да бір сұмдық ойластырған екен деп ойлады. Жугі Лянның айласынан жүректері шайлығып қалған олардың жақындауға батылы жетпеді. Сарбаздарын ретке салып, көпірдің батыс жағына шеп құрды да, тізгін ұшымен Сау Сауға хабар жіберді. Мұны естіп жалма-жан атына мінген Сау Сау алдыңғы шепке қарай тартты. Ол келгенде Жаң Фи әлі көпір үстінде тұр еді. Екі көзі тостағандай болып, шарасынан шыға алысқа телмірген Жаң Фи қара көк күндік керіліп, айналасы әлем-жәлем туға толып

келе жатқан қара барқын топты көргенде терісіне сыймай кетті. Осы күндіктің астында келе жатқан дәуде болса Сау Сау боларсың деп шамалады. Ол жерді жарардай күркіреген дауысымен:

– Хыбилік Жаң Фи алдарыңда тосып тұр! Басын бәске тігіп, қайсың менімен жекпе-жекке шығасың? – деп айғай салды. Оның дауысы ашық аспаннан жарқ етіп найзағай түскендей өте зор екен. Бұл дауысты естіген Сау Сау қолының шошығаннан буындары құрып, аяқтарын дірілдеп кетті. Басындағы күндігін жиғызған Сау Сау қасындағыларға қарап:

– Кезінде маған Гуан Гүн “миллион қолдың ішінен қолбасының басын алу Жаң Фиге ағаштан алма үзіп алғаннан да оңай” – деп еді. Бүгін сол Жаң Фиға кездескен екенбіз, онымен оңай-оспақ жауласа кетуге болмайды, қапы қалмай қимылдау керек, – деп ауыз жиғанша:

– Хыбилік Жаң Фи тосып тұр! Жанынан безген қайсың бар, менімен шайқасатын? – деп тағы ақырды. Жаң Фидың мынандай айбатын көрген Сау Саудың жүрегі тіпті қобалжи түсті. Сау Сау шебінің арт жағынан адамдардың қозғалақтай бастағанын көрген Жаң Фи найзасын кезей:

– Не сайыспай, не шегінбей істеп тұрғандарын қай қылық! Жандарыңнан үміттерің болса беріліңдер маған, әйпесе түгел бастарыңды аламын, – деп жер жаңғырта тағы ақырды. Оның жер мен көкті зілзала қылған жойқын дауысы толастамай жатып, Сау Саудың қасындағы қолбасы Шия Хужие жүрегі жарылып сылқ етіп аттан құлады. Мұны көрген Сау Сауда зәре қалмады, атының басын бұрып зыта жөнелді. Мұнан соң ешкім де аялдамады, қалың қол үріккен жылқыдай батысқа қарай бір-ақ дүркіреді. Бұны көргендер кейін былай суреттеген екен:

Нажағайдың үнінен,
Жүрегі ұшқан баладай,
Қалтырады жау қолы,
Қарсылыққа жарамай.
Жолбарыс көрген адамша,
Алағайда-бұлағай,
Жапырылды қалың қол
Алды артына қарамай.

Осынау жанның бәрі жан сауғалап қашқан қарбалас сәтте небір қызық оқиғалар болды, батырсынған талайлар қолынан найзасы, басынан дулығасы ұшып кетіп, оны алуға дәті бармай қаша

жөнелді. Қашқан адам сендей соғылысып, біреуді біреу білмей қалды. Шапқан аттың дүбірі тау қопарғандай дүрсілдеп, апыр-топыр болып, талай адам ат-матымен құлап, ат аяғына тапталып қырылды. Бұны бір ақын өлең қылып жырлаған екен:

Ақырғаны зәреңді,
Зәр түбіне кетіріп,
Кезей ұстап найзаны,
Қалмау үшін өкініп,
Тұрды батыр көпірде,
Келсең кел деп бекініп.

Ортасына жай түсіп,
Малдай болып шошынған,
Сарбаздары Сау Саудың,
Кетті зытып тосыннан.

Жаң Фидың сұсты тұлғасын көріп, оның қаһарынан зәресі ұша қаймыққан Сау Сау алды-артына қарамады. Тіпті, басынан ұшып кеткен тәжін алуға да тоқтай алмады. Аттың басын қоя беріп, батысқа қарай қаша берді. Дулығасыз басының шашы дудырай болып желмен бірге желпілдеп барады. Бір заманда артынан қуып жеткен Жаң Лияу мен Шүй Шу жалма-жан Сау Саудың атының тізгіне жабысып, шаужайынан тартып әрең тоқтатты. Қараса Сау Саудың жүрегі әлі орнына түспеген екен. Олар Сау Сауды тоқтатып алған соң;

– Уәзір, шошыманыз, қашқаныңыз жөн емес, жалғыз Жаң Фиден осынша қорқудың керегі не! Өзіміз қашатын болсақ, сарбаздарды қалай соғысқа бастап кіреміз. Қазір осы жерде қолды шұғыл жинап, қайта қуғын салсақ Лю Биді ұстаймыз, – деді Жаң Ляу. Сонда барып көңілі біраз байыз тапқан Сау Сау, Жаң Ляу мен Шүй Шуды Шанбанчау көпіріне барып аңыс аңдауға бұйырды.

Сау Сау қолының жапырыла қашып кеткенін көрген Жаң Фи көп қолды қууға бата алмай, жасақтардың аттарының құйрығына байлаған ағаш бұтақтарын шештірді. Онан соң көпірдің дінгектерін кестіріп, құлаттырды да Лю Билердің соңынан жүріп кетті. Ол Лю Билерге келіп, өзінің топты жауды қалай бөгеген ерлігін айтып, кетерінде көпірді құлатып кеткенінде айтты. Сонда Лю Би Жаң Яйға:

– Бауырым, ерлігің ерлік-ақ болған, бірақ көпірді құлатқаның болмаған екен, – деді. Жаң Фи одан жаудың жолын бөгеп келіп

отырсам, оның болмайтын несі түр деп сұрағанда Лю Би оған былай деген екен:

– Сау Сау өте қу адам, сенен қорқып қашқанымен сол беті кете бермейді, жүрек тоқтатып алған соң, қайта айналып келеді. Сенің көпірді құлатып тастағаныңды көрсе, ол енді бізді өкшелей қуады, – деді. Жаң Фи оған илана қоймай:

– Ол менен қорыққаннан алды-артына қарамай талай шақырым жерге шегініп кетті, енді қууға дәті бармас, – деді. Лю Би оған мынадай уәж айтты:

– Көпір бұзылмаса жау қууға бата алмас еді, тіпті көпір маңында торуылдап жатқан қол бар деп күдіктеніп, ол маңға келе алмай кемінде бірнеше күн аялдар еді. Көпір бұзылғанын көрген олар біздің күшіміздің әлсіз екенін де, қорыққанымызды да біліп қояды. Енді қалайда қуады. Қаптаған жаудың қолы Шаңжияң мен Ханжиясынан да бөгелмей өтер еді. Ал, мына бір көпірдің жоғы олар үшін ештеңе емес, қажет болса бір түнде-ақ көпір салып өте шығады, – деді. Сонан соң Лю Би дереу аттанып, Ханжин өткеліне қарай Мянцияңға қарап, жанама жолмен төтелеп тартты.

Сау Саудың жарлығы бойынша, Шанбан көпірінің аңысын аңдаған Жаң Лияу мен Шүй Шу қайтып келіп: “Жаң Фи көпірді бұзып кетіпті”, – деді. “Онда біз олардан бекер қорыққан екенбіз, көпірді бұзып кетуіне қарағанда олардың көңілі алаң болып, жүректері лүпілдеп отыр екен. Бұл олардың әлсіздігінің белгісі”, – деді Сау Сау. Сөйтті де үш қатар аспа көпір жасауға он мың сарбазды жұмылдыру туралы бұйрық берді. “Бүгін түнде біздің сарбаздар өзеннен өтіп шығатын болсын” – деді. Ли Дян: “Бұл да Жугі Ляңның айласы болып жүрер, алды-артымызды байқайық, жеңіл-желпі қимыл жасамайық”, – деген ақыл айтты. Сау Сау оған: “Мұнда түк те айла жоқ, кешегі Жаң Фидың өркөкіректігі ғана. Қалың қол тізгін ұшымен ілгерілей түссін, – деп бұйырды.

Лю Би қолы Ханжин өткеліне таяп қалғанда сондарынан будақ-будақ шаң көрінді. Іле-шала жер-көкті жаңғыртқан дабыл үні естілді. Жаудың қуғыншы қолы жетіп қағаны белгілі болды. Лю Бидің шынымен тынысы тарыла түсті, алдымыз ұлы дария, артымыз қуғын, енді қайтпек керек деп тарығып кеті. Сөйтсе де ол дереу есін жинап, Жау Иүнге жаудың қолын бөгеуге дайындал деп бұйырды.

Қашып бара жатқан Лю Бидің қарасын көрген Сау Саудың көңілі орнығып, жеңіске деген сенімі арта түсті. Ол сардарларына: Лю Би енді қалай құтылар екен, қазір ол да, аудағы балық та, тордағы жолбарыс та бір. Енді оған құтылу жоқ. Осы жолы Лю Биді

ұстай алмасак, ол аудағы балықты, тордағы жолбарысты ұстай алмағанмен бірдей. Енді аянбандар, қажыр-қайраттарыңды сынайтын күн келді, аянбай қимылдандар, көне алға ілгерілеп көріндер,— деп жарлық түсірді. Сау Саудың жарлығын естіген сардарлары қайраттарына мініп, өлермендене қуды. Олар Лю Биді қуып жетуге аз-ақ қалған еді, күтпеген жерден алдарындағы бір белестен дабыл үні естіліп, бір қосын шыға келді. Астында есік пен төрдей тобылғы торы ат мінген қол бастаған алып денелі сардарды көргенде Сау Саудың сардарлары кілт тоқтады. Ол келген батыр қолына айдаһар бедерленген қайқы қылыш ұстаған Гуан Гүң батырдың өзі еді. Ол:

– Сендерді мен күткелі қашан! – деп айғай салды. Жяншадан он мың қол алып келе жатқан батыр Шаңбан өңіріндегі сайысты естіп, ол жерге баруға үлгермейтін болғандықтан осы жерден келіп тосыпты. Гуан Гүңді көрген Сау Сау табанда атының басын тартып, қолбасыларын жинады. Ол:

– Біз тағы да Жугі Лянның айласына тап болған секілдіміз, қапы қалмай тұрғанда бекінісі мықты жерге шегініп үлгермесек болмас, – деп қалың қолына дереу шегінуге жарлық түсірді. Гуан Гүң жау қолын он неше шақырым жерге дейін қуып тастап, қайта оралды. Ол Лю Биді қорғап, Ханжин өткеліне алып келді. Қайықтар дайын тұр еді. Гуан Гүң адамдарын дереу қайыққа отырғызды, Лю Би, Ган ханым, Адуды қайыққа отырған соң Ми ханымның жоқ екенін білген Гуан Гүң:

– Екінші жеңгей қайда кеткен? – деп еді, Лю Би Данянда болған оқиғаны баяндап берді.

Гуан Гүң көкірегін керіп, ауыр күрсініп жіберді, сонан соң:

– Шүйтиянда аң аулап жүргендегі менің пікіріме құлақ ассаңыз, осындай қырсыққа тап бомаған да болар едік, – деді. Оның бұл сөзіне жығынды болғандай Лю Би:

– Бауырым-ау, мен осы кезде “тышқанды өлтірем деп ыдысты шағып алған” адамның кебін киіп жүрмін емес пе, – деді.

Сөйтіп тұрғанда дариядан ұрыс дабылы естіліп, желкенін көтеріп, желдің ығымен ықтай зулап келе жатқан сайыс қайықтары көрінді. Сандары тым көп. Мұны көргенде Лю Би қатты састы.

Таяп қалған шеткі қайықтағы ақ сауыт киіп, ақ сайыс шапанын жамылып қайықтың басында түрегеліп тұрған біреу:

– Ағай, амансыз ба? Бәріне немере ініңіз жазықты! – деп айғай салды. Лю Би сонда барып жүрегі орнына түсіп, байыптай қарады, келе жатқан Лю Чи екен. Лю Бидің қайығына секіріп шыққан ол

жылап жіберді: – Сіз Сау Саудың қалың қолымен бетпе-бет келіп, қоршауда қалды деген соң немере ініңіз арнайы көмекке келді.

Лю Би мен Лю Чидің қолы бірігіп, қайықтарын суға түсіріп, жеделдете жүзіп кетті. Лю Би Лю Чиге өткен-кеткен істерін айтып келе жатыр еді, дарияның оңтүстік-батыс жағынан тік тартқан сызықтай тізіліп, желдің ығымен ысқырықтарын зуылдата тартып саулап келе жатқан көп қайық көрінді. Бұл тосын жағдайды көріп, Лю Чи шошып кетті. Ол:

– Жяңшадағы қолымды түгін қалдырмай бірақ алып шығып едім, мынау жол тосуға келе жатқан сайыс қайықтары Сау Саудыкі емес, дария шығысындағы Сүн Шуандікі болар, енді қайттік? – деді. Лю Би қайықтың алдына таман барып, қарап тұр еді. Келе жатқан қайықтың үстінде басына шыт тартып, оқымыстылар киетін киім киген біреу отыр екен. Жақындап келгенде барып оның Жугі Ляң екенін таныды. Артында Сүн Ган түрегеліп тұр. Өнеміне дегенше олар да жетіп келді. Жалма-жан шақыртып алған Лю Би аман-сәлемнен кейін мән-жайды сұрады. Жугі Ляң бастан аяқ баяндап берді:

– Мен Жяңшаға барған соң, алдымен Гуан Гүнді Ханжин өткелінен құрғаққа шығып сіздермен ұштасуды бұйырдым. Өйткені, Сау Сау қолы қуып жетсе, иеміз қалайда Жяңляңға бара алмай, Ханжин өткеліне ойысар деп топшылады. Бекзаданы да арнайы осы жерге жібергенім сол еді. Өзім Шәкуге барып, әлдеқандай жағдай болса қапы қалмайық деп ондағы қолды қотара алып келе жатқан бетім осы. Лю Би қабағат қуанды. Бәрі бас қосып Сау Сауды тойтарудың ақылына кірісті. Сөзді Жугі Ляң бастады:

– Шәку бекінісі күшті қала, біршама уақыт қорғанысқа жететін азық-түлігі де мол. Сол жерден бекініс алған абзал. Бекзада Жяңшаға қайтып барып, қару-жарақ, сайыс қайықтарын реттеп, жаудың ту сыртынан соққы беруге дайындалсын. Сонда қарсы жақты қаусыра орналасқан жағдай қалыптасады да, Сау Сауға сілейте соққы беруге болады.

– Ақылшының айтқаны ұтымды, әйтсе де менің шолақ ойымша болғанда ағай әзірше Жяңшаға бара тұрып, Шәкуге жасақты ретке салған соң, қайтып келсе де кеш болмас, – деді Лю Чи. Лю Би оның сөзін құптай кетті.

Сөйтіп Лю Би Шәкуді қорғауға бес мың қолмен Гуан Гүнді қалдырды да, өзі Жугі Ляң мен Лю Чиді ертіп Жяңшаға аттанды.

Құрлықтағы ең төте жолды Гуан Гүндінің алып алғанын көрген Сау Сау алдымызда қалайда торуылдап тосып жатқан жау бар

деген күмәнмен белдесуге бата алмады. Ол Лю Би су жолымен кетіп, Жяңлиңді басып алмасын деп ойлап, түн қата қалың қолын бастап Жяңлиңге қарай кетті. Жяңжуда тұрған сол аймақтың көмекші биі Дың Иі мен төбе би Лю Шиян Шаңяңның қолдан кеткенін естіп, Сау Сауға төтеп бере алмастарын аңғарды да, Жыңжоудың жасағы мен бұқарасын бастап келіп Сау Сауға тізе бүкті. Сау Сау қалаға кіріп, халықты орнықтырған соң, Кан Сұнды абақтыдан босатып, салт-дәстүр ұлығы деген мансап берді. Жиң Жоудың басқа атқамінерлеріне де шен беріп, шекпен кигізді. Онан соң қолбасыларымен кеңес құрды. Олар Лю Би Уү елінің сұлтаны Сүн Шуанмен тізе қосудың қамы деді бәрі. Лю Бидің бұл жолын тосудың қандай амалы бар деп ақылдасып еді. Шүн Иү мынадай ақыл айтты: Осы күнде біздің қолымыздың айбары әлемді дүр сілкіндіріп тұр, кім болса да бізбен есептеседі, дария шығысындағы Сүн Шуанға қағаз жіберіп, Жяңша өңірінен аң аулай барып, Лю Биді бірге ұстауды ұсыныс етейік. Жиң Жоу өлкесін бөліп алып, мәңгі одақтас болайық деп ұсыныс етіп көрейік. Айбарымыздан тіксінген Сүн Шуан қалайда келіседі. Сонымен ісіміз оңға басады. Осы ақылға бәрі тоқтады.

Сау Сау дереу хат жазып, дария шығысына адам жөнелтті. Онан соң сарбаздарын түгендеп еді, су жасағы мен құрлық жасағын қосқанда сегіз жүз отыз мың болды. Бұл сол кездегі жағдайда өте мол қол еді, оның үстіне Сау Сау бұл санды тағы арттырып, Сау Саудың жасағы бір миллион адам екен деген дақпырт таратты. Құрлықпен де, сумен де соғысуға дайындық жасап, атты сарбаздар мен жаяу сарбаздарды араластырып, дария бойын жағалатып, бір шеті Жиң Жоу мен Шяңяңнан екінші шеті Ши Шүй мен Қуанжоуға дейінгі үш жүз шақырым аралықтан жағалай бекініс алдырды.

Қалың қолмен Шайсаңда бекініс алып жатқан Сүн Шуан жансыздары арқылы Сау Сау қолының Шяңяңға келгенін, Лу Сунның оған бағынғанын, онан соң Сау Саудың күн-түн қатып барып Жяңлиңді алғандығын естіді. Ол ақылшылармен бас қосып, Сау Сауға қарсы соғыстың жоспарын жасау туралы ақылдасты. Сонда Лу Сүн тұрып:

– Жиң Жоу төсекте басы, төскейде малы қосылған көршіміз, оның үстіне жер жағдайы қорғанысқа да, шабуылға да қолайлы, табиғи бекінісі мықты. Елі де іргелі, жасағы мен халқы тату, мақсат-ниеті бір, ырысты ел. Егер оны қолға келтіре алсақ, патшалығымыздың құтты мекені, тиянағы болар еді. Қазір Лю Би ау қайтыс болды, Лю Би сәтсіздіктен көз аша алмай отыр. Осы орайда

біз Жиң Жоуды қолға түсірудің амалын қарастырайық. Пақырыңыз Жяншаға барып, қазаға көңіл айтып, Лю Биді өзімізге тартып көрсін, егер оны Лю Биаудан қалған қолбасыларды іске салып, бірлікте Сау Сауды жоюға көндіре алсам, бізге үлкен демеу болар еді, мүмкін Лю Би пейілді болып лебізімізге көніп те қалар, – деді. Сүн Шуан оның бұл сөзін қуана құптады. Қазаға көңіл айтуға Лу Сұнды Жияншаға аттандырды.

Лю Би Жяншаға келген соң, Жугі Лян, Лю Чимен ақылдасып, бұл соғыста жеңіске жетудің ұтымды әдістерін ақылдасты.

Жугі Лян сарбаздардың алдында сөз сөйлеп, өзінің ойын ортаға салды:

– Қазір Сау Саудың күші мығым, айбары үстем. Онымен есептеспей болмайды, сондықтан асығыс белдесе кетпейік. Біреуміз барып Уұ еліндегі Сүн Шуанды тізе қоса отырып Сау Сауға қарсы тұруға көндірейік. Сөйтіп, оңтүстік пен солтүстікті тірестіріп қойып, ортасынан олжа түсірейік, бұған біздің неміз кетеді, – деді. Лю Би бұл ақылды құп көрсе де, күдігін жасырмады:

– Дария шығысында ақылы жұрттан асқан дарындылар көп, олар да алысты көздеп отыр, түбінде кесірі тиеді деп, бізді сыйғызбай қоймаса жарар еді, – деді. Бұл сөз шыққанда Жугі Лян күліп жіберді:

– Сау Саудың самсаған сарбаздарын бастап, дарияның бойына келіп жалақтап отырғаны мынау, Дария шығысындағылардың осы күнде ішкені ірің, жегені желім. Олар да өздеріне одақтас болатын күшке мұқтаж, меніңше дария шығысындағылар адам жіберіп аңысын аңдамай тыныш отыра алмайды. Егер олардан адам келіп қалса, құдайдың бергені. Пақырыңыз осы орайда өзі соққан желдің ығымен дария шығысына барса, құдай берген қызыл тілді пайдаланып, оңтүстік пен солтүстікті жұлқыстырудың жөнін табады. Сәтімен оңтүстік жеңсе, Сау Сауды бірге жойып, Жиң Жоу өлкесін қолға түсіреміз. Солтүстік жеңсе, осы ораймен біз оңтүстікті аламыз, – деді. Оның ойын енді түсінген Лю Би:

– Ақылыңыз абзал-ақ, бірақ дария шығысынан адам келуін тосамыз ба, жоқ өзіңіз бара бересіз бе? – деді. Лю Би сөзін аяқтамай жатып, дария шығысындағы Сүн Шуан қазаға көңіл айта Лу Суды жіберіпті. Қайығы дария жағасына келіп тұр деген хабар келді. Будда қолдаса, істің сәті енді түсті деп, Жугі Лян күліп қойды. Сонан соң Лю Чиден: Сүн Шуанның ағасы Сүн Сы қаза болғанда Шяннан көңіл айта кісі барып па еді? – деп сұрады. Ол кезде дария шығысындағы Сүн Шуан әкесінің өлімін бізден

көріп жүрді емес пе! Ағасының қазасына бізден қайдан кісі барсын, – деді Лю Чи. Олай болса Лу Судың бұл келісі қазаға көңіл айту емес, аңысын аңдаған әскери барлау сапары, – деді Жугі Лян. Сонан соң, Лю Биге мынадай ақыл айтты. Лу Су келген соң сізден Сау Сау қолының мән-жайын сұрайтын болса, сіз білмеймін деп бұлталақтаңыз. Тіпті қудалап сұрап қоймаса, Жугі Ляннан сұраңыз деңіз, – деді. Сонымен осындай шешімге келген соң, Лу Судың алдынан қарсы алуға адам жіберілді. Қалаға кірген Лу Су қазаға көңіл айтып, әкелген ақтығын ұсынды. Ақтықты қабылдаған Лю Чи оны Лю Биге жолықтырды. Аман-сәлем аяқталған соң, Лу Суды ішкі сарайға енгізіп, қонақасы берді. Олар шарап ішіп, ұзақ әңгімелесті.

– Хан ағасының жер жарған атағын естігелі көп болса да көрісуге нәсіп болмай келген еді. Бақытыма қарай бүгін дидарыңызды көре алғаным аса қуаныштымын, – деді Лу Су. – Жуырдан бері хан ағасы Сау Саумен талай айкасты деп естідім, Сау Саудың жай-жапсары сізге бүге-шігесіне дейін мәлім шығар. Сұрады деп айыпқа бұйырмаңыз. Оның жасағы қанша өзі?

– Пақырыңыз жасағы аз, сардарлары да кемшін, сондықтан Сау Сау қолының қарасын көрген жерден зытып отырды. Оның ішкі жай-жапсарынан хабарым болмады, – деді Лю Би.

– Хан ағасы Жугі Лянның айласымен жаудың қалың қолын екі рет өртпен қарсы алып, Сау Саудың зәресін алып, үрейін ұшырды дегенді әлдеқашан естігенбіз. Оның қолының жай-жапсарын қалай білмейсіз, – деді Лу Су.

– Бұл мәністі Жугі Ляннан сұраңыз, сол кісі толық біледі, – деді Лю Би.

– Ол кісі қайда? Дидарын бір көрсем, – деді Лу Су.

Лю Би дереу Жугі Лянды шақыртты. Лу Су Жугі Лянмен дидарласып сәлемдесіп болған соң:

– Елден асқан дарыныңызға сырттай құрмет етсем де, реті келіп дидарласа алмай жүр едім. Жолым болып бүгін бақытыма қарай бет көрісіп отырмын. Бүгінгі таңның тыныштығы қанша, қатері қай жақта? Осы туралы лебізіңізді естуге көптен құштар едім, – деді.

– Сау Сау сайқалдың бар сыры пақырыңызға саусақпен санағандай мәлім, бірақ амал қанша қолдағы күштің қарымы олқы болған соң, әзірше бой қорғап қана отырмыз.

– Хан ағасы қазір қай жерге байырқаламақ?

– Саудың уәлиі Уұчын ежелгі досы еді, сол жаққа бармақшы.

– Уұчынның азық-түлігі тапшы, әскери күші мардымсыз, өз басын сақтай алмай отырғанда біреуді қайдан қорғай алсын.

– Сөзіңіз рас, Уұчын тұрған жердің бізге ұзақ қоныс бола алмайтыны рас, басқадай амал жоқ, ұтымды шара табылғанша, уақытша амалдап отырған іс ғой.

– Сүн Шуан қолбасының төрт құбыласы түгел, кең көсіліп жатқан ұлтанды алты аймағы бар. Жасағы күшті, азық-түлігі мол. Өзі де кең адам, жақсы мен жайсаңды аялап, оқымысты білімдар адамдарды құрметтей біледі. Жиһан кезген арыстардың бәрі сол кісінің қолтығын паналауда, хан ағасы жанкүйер адамының бірін Уұ еліне жіберіп, жеңіске жетудің жолын ақылдасып, қамын жасаса, жөні келіп тұр емес пе, неге солай істемедіңіздер?

– Лю Би мен Сүн Шуан қолбасының ежелден барыс-келіс дос-жарлығы жоқ. Бекер арамтер болып, ауыз ауыртқаннан не пайда деп ойладық. Оның бер жағында жібере қоятындай, істің онын келтіретін жанкүйер адам да болмады.

– Сіздің ағаңыз қазір біздің дарияның шығысында ақылшы болып отыр, сізді бір көрсем дегенде ішкен асын жерге қояды. Сізді Сүн Шуан қолбасыға ертіп апарып жолығыстыруға пақырыңыз дайын, алдағы істерді бірге ақылдассақ жақсы болар еді, – деді. Сөзге Лю Би араласты:

– Бұл кісі менің ең жақын адамым, қасымнан екі елі айрылмайтын ақылшым емес пе, қалай жібере аламын, бара алмайтын шығар? – деді.

Лу Су мұнан кейінде Лю Биге өлердегі сөзін айтып, Жугі Лянның дарияның шығысына баруын өтініп жығыла жабысты. Лю Би әдейі көнбеген болып, қасарысып отырып алды. Жугі Лян сонда барып сөзге араласып:

– Тақсыр ием! Уақыт тығыз, іс қысылтаяң дейтін шақ қой бұл. Егер сіз рұқсат беріп, әмір етсеңіз, бір жолға барсам барып келейін, – деді. Лю Би әзер дегенде сөнгендей болып, рұқсатын берді. Лу Су сол күні Лю Би мен Лю Чиге қош айтып, Жугі Лянды ертіп қайыққа мініп Чайсаң аймағына жүріп кетті.

Қалың қолын Сау Саудын,
Құртпақ үшін, бекініп,
Тартып берді Сүн Шуанға,
Желқайыққа отырып.

Сүн Шуан мен Жүгі Ляңның Сау Сауға қарсы соғысы

Баласының әрі-сәрі болып алағызыған түрін көріп Уұ елінің ханымы:

– Марқұм әпкем өлер алдында ағаңның өсиетін айтып еді ғой, жаңылмасам, сонда ішкі жақта ақылдан тарықсаң, Жаң Жаудан сұра, сыртқы жақта ақылдан тарықсаң Жоу Иүйден сұра деп еді ғой. Ендеше сол Жоу Иүйді шақырып ақылдассаң болмай ма?

Сүн Шуан дереу Боиандағы Жоу Иүйді шақыртып адам жібермек болды. Сол кезде Боиан көлінде су жасақтарың машықтандырып жатқан Жоу Иүй Сау Сау қолының Ханиян дариясының жағасына келіп шеп құрып жатқанын естіп, ақылдасу үшін түн қатып Чайсаңға аттанған болатын, Сүн Шуанның жібермек болған адамы аттанбай жатып Жоу Иүй де келіп қалды. Лу Су мен Жоу Иүй өте дос еді, Жоу Иүй келді дегенді естігенде Лу Су оның алдынан шығып, болып жатқан істің мән-жайын тегіс баяндады.

Жоу Иүй оған:

– Мырза, сіз жоқ нәрсені ойлап қамықпаңыз, менің де көңілімде бір есеп бар. Алдымен Жүгі Ляңның не ойлайтынын білейін, сондықтан маған Жүгі Ляңды кезіктіріңіз, – деді.

Жоу Иүй сарайға келіп киімін шешіп орнына отырып болмай Жаң Жау, Жаң Қы, Бужы, Гу Иүң келді. Олар Жоу Иүймен амандасып, жай-күй сұрасып отырды.

– Алдымен, Жаң Жау, дарияның шығысында болып жатқан оқиғаны естіген шығарсың, – деді.

– Жоқ, не болып жатыр, мен ештеңе де естіген жоқпын.

– Сау Саудың миллион қолы дария жағасына келіп бекініп жатыр, жуықта сұлтанға хат жазып: Жяңшаға барып, бірге аң ауласақ депті, түпкі ойында дария шығысын алу болса да, қазірше ашық ештеңе білінбейді. Жаудың беті қатты, саны көп, біз дария шығысын қырғыннан сақтап қалу үшін сұлтанға ұсыныс жасап, уәзірге бас исек деп едік. Амал қанша, Лу Су Жияншадан барып Жүгі Ляң деген біреуді ертіп келіпті. Ол өздерінің Сау Сауға кеткен кектерін біздің қолымызбен қайтарғысы келіп, қу сөзбен иемізді азғырып шырғалап жүр. Біздің сорлы Лу Су адасқан бетінен қайтар емес. Сондықтан сізді тосып отырмыз, шешімін өзің айтпасаң болар емес, – деді Жаң Жау. Жоу Иүй жиналған ақылшыларға қарап:

– Бұл сонда барлықтарыңыздың бірлікке келген ойларыңыз ба? – деп еді, олар:

– Біздің бәріміздің пікіріміз осы, – деді. Жоу Иүй:

– Оларға, меніңше де, тізе бүккеннен абзалы жоқ сияқты, мырзалар, қазірше қайта тұрыңыздар, ертең сұлтанмен ақылдасып, бір бекімге келерміз, – деді. Олар қайтып кетті.

Олар кеткен соң көп кешікпей Чың Пу, Хуаң Гай, Хан Даң бастаған бір топ сардарлар келді. Жоу Иүй олармен де жылы амандасты. Ашудан жарылардай болып отырған Чың Пу:

– Қолбасы, дария шығысының қолдан кеткелі жатқанын білдіңіз бе? – деп кеудесіне кептеліп тұрған ызаны лақ еткізді. Жоу Иүй түк білмеген адамдай:

– Не болып қалды, түкті де білгенім жоқ, – деді. Чың Пу онан ары шешіліп сөйлеп кетті:

– Біз Сүн сардарға еріп дария шығысындағы елдің іргесін қалағалы не көрмедік, талай соғысты бастан кешірдік. Сөйтіп жүріп дария шығысындағы алты аймақтың басын қосып, елдің іргесін қалап едік. Қазір сұлтан ақылшыларының тіліне еріп, Сау Сауға тізе бүгуге дайын отыр. Бұдан өткен өкініш, бұдан өткен масқара болар ма! Біз өлсек те бұндай қорлыққа көне алмаймыз. Бас бақылаушы, сіз сұлтанға ақылыңызды айтып райынан қайтарып, сарбаздарды жауға қарсы аттандыруға көндіре көріңіз. Мына пақырларыңыз қасық қаны қалғанша соғысуға дайын, – деп тоқтады. Жоу Иүй аз үнсіз отырды да:

– Сардарлар, бәріңіз осылай ойлайсыздар ма? – деп сұрады. Ашуы бойына сыймай әрең отырған Хуаң Гай орнынан ұшып тұрды, қолымен басын көрсетіп:

– “Мына басты алсаңдар да Сау Сауға тізе бүкпеймін!” – серт деген осы, – деді. Жиналғандардың бәрі:

– Тізе бүкпейміз, бұл сүйекке таңба, – деп шу ете қалды. Олардың сөзін тыңдап отырған Жоу Иүй:

– Меніңше де тізе бүгу шешім емес, біреуге бағына салу кімнің қолынан келмейді, Сау Саумен осы жолы өліспей-беріспейтін шайқасқа шығуымыз керек. Қолбасыларым, сіздер қайта беріңіздер, мен сұлтанды тура шешім қабылдауға көндіріп көрейін, – деді. Олар кеткен соң Жугі Жин Лүй Фан бастаған ақылшы, абыздар келді. Жоу Иүй оларды да қарсы алып төрге шығарды. Амандасып орынға отырған соң сөзді Жугі Жин бастады:

– Жияшадан елші болып менің інім Жугі Лияң келіпті. Лю Бидің ойы Уұ елімен тізе қоса отырып Сау Сауға қарсы тұру көрінеді. Екі ел бірлесіп Сау Сауды жойсақ деген сәлемін ала келіпті. Мұндағы ел ағалары ақылы тоғыспай, бір бекімге келе алмай екіұдай болып отыр. Келген елші інім болғандықтан бұл ақылға

араласа алмай мен отырмын, сонымен өзіңіздің шешіміңіз керек болып тұр, – деді.

Жоу Иүй аз үнсіз отырды да:

– Сонда көптің беталысы қалай?– деп сұрады.

– Ақылшылардың көбі бағынсақ, мал-жан аман қалады, соғысқа жеңуіміз екіталай дегенге келіп қайрандап тұр, – деді Жугі Жин.

– Менің де ойлануым керек, ертең ордаға жиналып осы мәселе жөнінде ақылдасып бір тоқтамға келерміз, қазірше сіздер бара тұрыңыздар, – деді.

Олар кеткен соң, Лүй Миң мен Ган Ниң бастаған бір топ адам келді. Жоу Иүй оларды да шатырына кіргізіп, ақылдасты. Бұлар алдыңғы топтағылардай бір ауызды емес екен, бірі соғысуды, бірі тізе бүгуді жақтап керілдісіп қалып отырды. Жоу Иүй оларға:

– Сіздер бұл жерде жанжалдаспаңыздар, ертең ордада осы мәселені талқылаймыз, сонда өз ойларыңызды айтарсыздар, – деп оларды да шығарып салды. Кешке жақын есік алындағы күзетші Жугі Лияңды ертіп Лу Су мырза келіп тұр деп хабарлады. Жоу Иүй есік алдына шығып құрметтеп қарсы алды. Олар амандасып төрге жайғасқан соң, Лу Су сөз бастап:

– Сау Сау қолы оңтүстіктен баса-көктеп іргеге келіп тоқтады. Сұлтан болса не соғысуға, не тізе бүгуге буынын бекіте алмай дел-сал, шамасы сіздің пікіріңізді күтіп отырған болар, қолбасы, сіз қалай ойлайсыз? – деді.

– Сау Сау патшаның атынан келіп отыр, сарбаздары мол, күші мығым, оған төтеп бере алмаймыз, алды-артымызға қарамай соқтықсақ, ұрынып қаларымыз анық. Соғысқа біз жеңілеміз. Ал бағынсақ мал-жан аман қалады, мен бұл туралы көп ойланып, тоқтаған ақылым – ертең иемізге кездесіп ойымды айтармын, кешікпей елші жіберіп, ертерек тізе бүгудің қамына кіріскеніміз жөн,– деді. Лу Су оның бұл сөзіне қатты таңғалды. Сөйтсе де өз ойын ашып айтқысы келіп:

– Бақылаушы, жаңсақ кетіп отырсыз, үш атадан бері аттан түспей, жар құлағымыз жастыққа тимей ел іргесін қалап едік. Енді сол елді өз қолымызбен біреуге ұсынып бере салуымыз жөн бе? Сүн Сы марқұм өлерінде сұлтанға сыртқы істе Жоу Иүй қолбасыға сүйен деп өсиет айтпа па еді, елдің ендігі тірегі де, сенері де өзіңіз емессіз бе! Көлеңкесінен қорқатын қоянжүрек дүмшелердің сөзіне ергеніңіз қалай? Жоу Иүй бұл бекімге ойланып, толғанып келген адамдай, сабырмен жауап берді:

– Дария шығысындағы алты аймақтың еңкейген кәрі, еңбектеген баласының көз жасына қалғым келмейді, ел соғыстың

зардабын шексе алдымен, мені қарғайтыны анық, сондықтан тізе бүккенді жөн санадым, – деді.

Бұл сөзді естігенде Жоу Иүйге әсер ете ме деп, оны қайрап, шынай түскісі келген Лу Су:

– Ол не дегеніңіз, сіздің ерлігіңіз бен ақылыңызға кім тең келеді, оның үстіне дария шығысының жерінің беріктігін қосыңыз, сонда Сау Саудың ойлағаны бола қоймас, – деді. Манадан екеуінің таласын тыңдап отырған Жугі Лияң мырс етіп күліп жіберді. Мұны байқай қойған Жоу Иүй:

– Мырза, сіз неге күлдіңіз? – деп еді, Жугі Лияң:

– Лу Су мырзаның жағдайды мөлшерлей алмай, ауқымды аңғара алмай отырғанына күліп отырмын, – деді. Лу Су бұл сөздің байыбына бара алмай:

– Мырза, ауқымды аңғара алмайды, жағдайды мөлшерлей алмады деп маған күлгеніңіз қалай? – деді сұраулы жүзбен.

Жугі Лияң:

– Жоу Иүй қолбасының Сау Сауға тізе бүксек деуі қазіргі жағдайға сай келетін ақыл, – деді.

– Жугі Лияң заман ауқымын дөп басып тани алатын сұңғыла қайраткер екен, ойымыз бір жерден шықты, – деп Жоу Иүй күліп қойды. Лу Су түкке де түсінбей дал болды да қалды, ақыры:

– Жугі Лияң мырза, сіздің бұлай ойлауыңыз қалай? – деп қойды.

– Не қалайы бар, соғыс өнерінде Сау Сауға ешкім тең келмей отыр, бізді қойып, Лүй Бу, Юан Шау, Юан Шу, Лу Биан да онымен бақ таластырып көрді емес пе, ақыры не болды? Бәрі де жеңілді, жойылды, қазір Сау Саумен тең келетін әлемде кім қалды. Жалғыз Лю Би заманның ауқымын болжай алмай, қарсыласып көріп еді, аяғы немен тынғанын көріп отырмыз. Ақырында байтал түгіл бас қайғы болып, басын амандап Жияңшаға келіп тығылып отыр. Қолбасы Сау Сауға бағыну арқылы өз басын да, қатын-баласын да, дәулетін де аман сақтап қалғалы отыр, елінің іргесі шайқалып, шаңырағы ортасынан түссе – ол тәңірдің жазуы, онда не өкініш бар, – деді. Жугі Лияңның бұл сөзіне жарылып кете жаздап ашуланған Лу Су:

– Сіз бізге дос көңілмен келді ме десем, сұлтанды қарақшыға тізе бүгуге итермелеп, намысын таптатпақсыз ба? – деп дүрсе қоя берді. Алайда оның бұл ашуы Жугі Лияңға әсер етпеді, түк естімеген, түк көрмеген адамдай Жоу Иүйге қарап сөйлеп кетті:

– Менің бір амалым бар, Сау Сауды тоқтату үшін дариядан өздеріңіз өтіп әуре болудың керегі жоқ, тіпті құрбан шалып, арақ-шарап артып, мөр тапсырып та жатпайсыздар. Бар болғаны

жанына бір елші қосып, екі адамды берсеңіздер болғаны. Сол екі адам барса Сау Сау миллион қолының сауыт-сайманын шештіріп, қылышын қынабына салдырып, туын жинатып шегініп кетеді. Жоу Иүй бұл сөзге ынтыға қалды:

– Сау Сауды қаһарынан қайтаратын ол екі адам кім?– деп сұрады.

– Ол екі адамды Сау Сауға беру сіздерге түк емес, ағаштан бір тал жапырақ, камбадан бір түйір бидай дәнін алғанмен тең, бірақ сол екі адамға қол жеткізу Сау Сау үшін арман, олар барса Сау Саудың қуанышы қойнына сыймай, дария шығысының бір тал шөбін таптамай қайтып кетері анық. Жоу Иүй ол адамдардың кім екенін білуге онан арман ынтықты.

– Сонда ол адамдар кімдер, айтыңызшы,– деп өтінді.

Жүгі Лияң сабырлы қалпынан жазбай:

– Мен “Айдаһар жатқанда” тұрған кезімде Сау Сау Жаңқы өзенінің бойынан “Мысторғай” деп аталатын мұнаралы көркем сарай салдырып еді. Сол сарайға өз құзыреті жүретін жердегі ел аузына іліккен сұлуларды түгел жинапты, Сау Саудың бір қасиеті әйел десе ішкен асын жерге қоятындығы. Қайда, қандай сұлу бар, бәріне құлақ түріп жүреді. Сөйтіп жүргенде дария шығысындағы Чияугүң деген қарттың екі қызы бар, сұлулықтары сонша, олар түнде далаға шықса, көркінен аспандағы ай қорғалайды, күндіз далаға шықса, оларды көріп небір көркем гүлдер ұялады, аспандағы құс пен судағы балық сол екі қызды арман етеді деген аңызды естіпті. Сол кезде өзіне өзі серт беріп: “Мен дүниені жаулап, патша боламын, сонан соң дария шығысындағы осы екі сұлуды бауырыма басып, соңғы өмірімді “Мысторғай” мұнарасында солардың қойнында өткізсем, армансыз болар едім” деген екен. Сау Саудың қол бастап дария жағасына келіп сұқтанып отырғаны сол екі сұлуды қолына түсіруден басқа ештеңе емес. Қолбасы, сіз дереу Чияу Гүң ақсалды тауып, екі қызын не сұраса да беріп сатып алыңыз, сонан соң оларды Сау Саудың қолына тигізсеңіз болғаны, арманы орындалған Сау Сау дария шығысына аяғын да аттап баспайды, қолын бастап қайтып кетеді. “Қатын сыйлап халықты аман алып қалу” дейтін амал осы. Тез қамданыңыз, – деді.

– Сау Саудың бұл екі қызды алмақ болып серт еткеніне қандай дәлел бар,– деді Жоу Иүй. Жүгі Лияң оған мынадай дәлел келтірді:

– Сау Саудың кіші ұлы Сау Жы жүйрік ақын екен, бірде Сау Сау оған: “Мысторғай” мұнарасына арнап өлең жаз, онда біздің әулеттің патша болуға лайықты екенін және менің Чияу есімді екі қызды алуға серт еткенім бейнеленсін, – депті. Сау Жы дереу бір өлең жазған дейді.

Жоу Иүй бұл сөзге онан арман ынтыға түсті, сол өлеңді білесіз бе деді, бұл сөздің шын-өтірігін сынау үшін. Жүгі Лияң жымып алды да өлең өте жақсы жазылған, кезінде көп оқығам, есімде сақталып қалыпты дей салды. Жоу Иүй аз үндемей отырды да сол өлеңді айтып беріңізші деп еді, Жүгі Лияң “Мысторғай мұнарасын” оқып берді:

Көрер болсаң бұл жерді қуанышын артады,
Көркіменен ерекше жанарыңды тартады.
Алып сарай биікке қона қалған ғайыптан,
Қабат-қабат еңселі мұнаралар бар тағы.

Қақпалары еңселі, қандай ғажап қарашы,
Қос мұнара бой созып аспанмен тұр таласып.
Дінгектерін нақыштап, салған шебер өрнегін,
Пейіштей боп тұр өне, жер үстіне жарасып.

Мөлдір суы Жаңхының бақшасында сылдырап,
Ауласында өседі, небір ғажап гүл құрақ.
Көрінісін сарайдың жырлау парыз мен үшін,
Қасиетін жеткізіп айта алмайды-ау тіл бірақ.

Ақ айдаһар оң жақта, ирелендеп жатады,
Сол жақта сары самұрық сарай көркін ашады.
Бұлт жамылып тұрады, қос мұнара тым биік,
Қоныс болар патшаға әлемге аян атағы.

Ақша бұлт пен шағылған сәуле түссе төсіне,
Жарасымды ол да тым, айта берем несіне.
Жақсы менен жайсандар әр тараптан келеді,
Қасиетті ордадан бұйырған осы несібе.

Бақыт құшқан патшамыз көзі ілінсе маужырап,
Ләззатты түс көріп, бал-бұл жанар балбырап.
Салқын самал көктемде баяу сипап өтеді,
Соның бәрі патшаның шарапаты, ал, бірақ.

Әсем әнді құбылтып бұлбұлдары сайрайды,
Әуенімен сиқырды жан біткенді арбайды.
Ұлықтаймыз патшаны, ақтаймыз бір үмітің,
Патша барда біздерде болмақ емес қам-қайғы.

Бір кездері Жуан Уын тамсандырған әлемді,
Ол да өзінше халықтың құрметіне бөленді.
Неге тұрмақ, ал бірақ, біздің ұлы патшаның
Салғаны бәрінен асып түсті ал енді.

Абзал адам бар ма екен, біздің ұлы патшадан,
Мейірімді һәм айбатты, одан патша аспаған.
Тәңір ием қолдаған қай кезде де тақсырды,
Жарық нұрын күн мен ай төгеді арнап тек соған.

Мандайына бақ қонған, қайтқан емес меселі,
Кешегі өткен Дүн Хуандай ұзақ ғұмыр кешеді.
Айдаһардай туымыз болар мәлім әлемге,
Атағымыз күн санап аспандайды, өседі.

Мейірліміз әлемге, тілейміз тек амандық,
Ырысымыз сарқылмас тамақтанса тәмам жұрт.
Мұнарадай осынау мызғымайтын тым берік,
Несібелі, бақты болып біздер жаралдық.

Бұл өленді естігенде Жоу Иүй ызадан құтырардай болып
долданып кетті. Орнынан ұшып тұрып солтүстікті нұсқап:

– Кәрі иттің басынуын, – деп тістеніп отырып қалды. Жүгі Лияң
оның шамына тию үшін түк білмеген адамдай:

– Кезінде ғұндар елімізге шабуыл жасай берген соң хан
патшасы өз ханшасын беріп құдаласып, елге төнген қатердің бетін
қайтарған екен. Оның жанында қанша сұлу болса да ел ішіндегі
екі қызды беру неге тұрады, – деді. Сөз осы араға келгенде Жоу
Иүй амалсыздан Жүгі Лияңға:

– Мырза, сіз білмейтін боларсыз, сол екі қыздың үлкені Сүн
Сы марқұмның зайыбы, кішісі менің зайыбым, – деді. Жүгі Лияң
абайсыз айтып алып, қатты сасып қалған адамның кейпін танытып:

– Қолбасы, кешіріңіз, білмеген у ішеді деген осы, беталды
сөйлеп кеткен екем ғой, алдыңызда айыпты болдым-ау, – деп қойды.

Жоу Иүй аз үнсіз отырып барып:

– Бұл кәрі қашқынмен өліспей беріспеске ант еттім, – деді
тістеніп. Жүгі Лияң оны әлі де болса қайрай түскісі келіп:

– Қолбасы, мұндайда ашуға ерік беруге болмайды, кейін өкініп
қалып жүрмеңіз, асықпай ойланғаныңыз жөн, – деді. Жоу Иүй онан
арман долданып кетті:

– Марқұм Сүн Сының өсиетін аттап, Сау Сауға неге тізе бүгуім
керек! Мана сізден сөз тартып көрмек болып әдейі айтып едім.

Боянху көлінен аттанғанда Сау Саудың сыбағасын беруге бел байлап едім. Бойымда жаным барда бұл бетімнен қайтпаспын, мырза, сіз де бұл қарақшыны жою үшін қолыңыздан келген көмегіңізді аямаңыз, – деді.

– Егер өзіңіз жат санап сыртқа теппесеңіз мен неден аянайын, қашанда бұйрығыңызды орындауға дайын тұрармын, – деп Жугі Лияң ақтарылды.

– Ертең иемізді көндіріп, қол аттандырамын,– деп Жоу Иүй соңғы шешімін бір-ақ айтты. Жоу Иүйге қош айтқан Лу Су мен Жугі Лияң қайтып кетті.

Сол күннің ертесі Сүн Шуан сарайына қолбасыларын шақырып кеңес өткізді. Сұлтанның сол жағында Жаң Жау, Гүй Иүйң бастаған қалам ұстаған ақылшылар, оң жағында Чың Пу, Хуан Гай бастаған қолбасы батырлар тұрды. Оқалы тондары көз жауын алады. Бәрі де шенді белгілерін тағынып алыпты. Елдің ең соңынан сарайға Жоу Иүй кіріп сәлем берді, Сүн Шуан сәлем алып амандығын сұрап болған соң Жоу Иүй:

– Сау Сау қолын бастап Ханжияң дариясының жағасына келіп тоқтапты, бізге қатынас қағаз жіберіпті деп естідім. Тақсыр, қандай бекімге келдіңіз?– деп тоқтай қалғанда Сүн Шуан қатынасты алып Жоу Иүйге ұсынды. Жоу Иүй хатты оқып шықты да, болар болмас езу тартып мырс ете түсті де:

– Дария шығысында ел қорғайтын еркек кіндікті жоқ деп ойлағаны ма, кәрі иттің басынуын қара, – деп қойды. Сүн Шуан бұл сөзден Жоу Иүйдің Сау Саумен ымыраға келмейтінін біле тұрса да:

– Менің қайратым да, ақылым да өзің едің, қолбасы, сен қандай ойдасың?– деп сұрады. Жоу Иүй оның сөзіне жауап бермей тұрып:

– Өзіңіз ақылшылармен, сардарлармен ақылдасып көрдіңіз бе? Олар не дейді екен?– деп қарсы сұрақ тастады.

– Ақылдастық, неше күннен бері айналдырғанымыз осы, біреуі бағынайық дейді, біреуі соғысайық дейді. Жұрт екіге жарылып алауыз болып тұр, сондықтан бір тоқтамға келе алмай отырмыз, шешімін өзіңіз айтыңыз!– деп Сүн Шуан Жоу Иүйге қарады.

Жоу Иүй жиналған жұртқа қарап алды да:

– Бағыну керек деп сізді азғырып жүрген кім?– деді, үнінде зіл бар еді. Сүн Шуан:

– Жаң Жау бастаған ақылшылардың бәрі де бағынуды жақтап тұр,– дей бергенде Жоу Иүй Жаң Жауға жалт қарады, көзі өңменіңнен өтердей зәрлі еді, жұрттың бәрі тына қалды, ол Жаң Жауға:

– Сіз бағынайық дегенді тегін айтпаған шығарсыз, себебін айтыңызшы, – деді. Жаң Жау іркілген жоқ, дағдылы шешендігіне басып суырыла жөнелді.

– Сау Сау патшаны өз мүддесі үшін ойыншық қылып, патшаның атынан қол бастап, қалағанын істеп жүр. Кімге қарсы жорық жасаймын десе оны ешкім бөгей алмайды. Осы күнде Жинжуды алып айбаты асып, күшіне сеніп отыр. Біздің Сау Сауды тосатын ең басты қорғанымыз Чаңжияң дариясы еді. Көзіміз көріп отыр. Дарияда Сау Сау қайықтары қайшыласып жүр, санында шек жоқ, жүз, мың деген жай сөз, көрсең көңілің шайлығады. Ал, енді осы күшпен судан да, құрлықтан да шабуыл жасаса, оған төтеп беретін бізде шама бар ма? Халықты босқа күйзелтіп қырғынға салмай, әзірше бағына тұрып, кейін бір амалын таппаймыз ба?!

Жоу Иүй оған зәрлі көзімен қарап алды да:

– Мынау қолынан іс келмейтін ездің сөзі ғой, дария шығысындағы елдің іргесін қалағаннан бері үш әулет алмасқан екен. Бұл деген үш ұрпақтың қаны мен тері төгілген мекен, қанша еңбек сінді, құрбан болған боздақтар қанша, соның бәрін тәрк етіп, ел мен жерді біреуге лақтыра салу қалай ойыңа келіп отыр, бұған қайтіп төзуге болады!– деп тоқтады.

Сүн Шуан Жоу Иүйге қарап:

– Қолбасы, сіздің де ойлаған айлаңыз бар шығар, көптің талқысына салыңыз,– деді.

– Сау Сау хан патшалығының уәзірі деген атты жамылып елге бүлік салып, жұртты дүрліктіріп жүрген баукеспе қарақшы ғана, ал сіз өзіңіздің парасатыңыз бен қайратыңызға сүйеніп, әкеңіз бен ағаныздың мұратына мұрагерлік етіп келе жатқан қайраткерсіз. Дария шығысындағы ұлан-байтақ жер сізге қарайды. Ондағы ел сізге сеніп отыр, азық-түлік, қару-жарағыңыз жеткілікті. Осы кез сіздің азулымен алысып, тырнақтымен жұлысатын кемел шағыңыз, қайдағы бір қаңғырған қарақшыға тізе бүгіп, бейшара болатын не бар? Әскери тұрғыдан қарасаңыз, Сау Саудың бұл келісі өзі үшін тиімді емес. Өзі күпий мұнда жүренімен, арт жағы пәле-жаласы шыққалы әзер тұр, солтүстік бір ауызды емес, Матың мен Хан Сүйдің өз есебі өзінде, олар Сау Саудың апанында жасырынған пәле. Сау Сау онымен есептеспей оңтүстікте жүр, бұл бір. Бізбен соғысу үшін Сау Сау атты тастап, қайыққа міну керек, солтүстік жасақтары судағы сайысқа жоқ, мұны екі деңіз. Көп өтпей қыс түсіп күн суиды, ат-көлігі жем-шөптен қысылады, мұны үш деңіз. Сау Сау сарбаздары өте алыстан келіп отыр, бұл

жердің ауа райы олардың жеріне ұқсамайды, аз күннен кейін-ақ ауа райы мен жер жағдайына үйренісе алмай сарбаздары ауыра бастайды, мұны төрт деңіз. Осының бәрін ескергенде Сау Сау қолы қанша көп болғанымен біз үшін қорқынышты емес, егер бірлік пен қайрат болса, сөзсіз жеңеміз. Сұлтан, Сау Саудың сазайын беретін кезіміз дәл осы кез, мен бірнеше жүз сығайланған сарбаздарды бастап Шәкуге барып жаудың бетін қайтарып, алдыңғы күштерін сіз үшін өзім талқандайын, – деді. Оның сөзі үміттің оятты ма, жігерін жаныды ма Сүн Шуан онынан тұрып көпке қарап:

– Сөзіңнің жаны бар, бұл кәрі қарақшының хән патшасын аударып тастап, өзі патша болуға ұмтылғаны қашан. Қорқып, тосылып келгені Лүй Бу, Юан Шау, Юан Шу төртеуіміз едік. Қазір сол есіл ерлердің бәрі о дүниеге аттанып, жалғыз мен ғана қалдым, мен жол берсем, ол елге ойына келгенін істейді. Сондықтан мен онымен өліспей беріспеуге серт еттім. Қолбасының жаңағы сөздері көңілімнен шықты, Жоу Иүйді құдай маған тегін кезіктірген екен.

Жоу Иүй оны онан ары нақтылай түскісі келгендей:

– Пақырыңыз сіз үшін өлімге де даяр, ажалым алдымда тұрса да қан кешіп майданға кіруге дайынмын. Бірақ, сұлтан иеміз екі ойлы болып бекімге келмей қала ма деп қорқамын,– деді. Осы сөз әсер етті білем Сүн Шуан қанжарын қынабынан суырып алып алдындағы үстелдің бір шетін шауып түсірді.

– Енді кімде-кім Сау Сауға тізе бұғу туралы сөз қозғайтын болса, мына үстелше туралады,– деді де қанжарын Жоу Иүйге ұсынып, оны осы жолғы соғыстың бас сардары, бас бақылаушысы етіп тағайындады. Қолбасының орынбасары етіп Чың Пуды, ақылшыға Лу Суды белгіледі. Сонан соң ақылшылар болсын, сардарлар болсын бұйрыққа бой ұсынбаған адамның басы осы қанжармен алынатын болсын деді. Сұлтанның белгі қанжарын қолына алған соң Жоу Иүй көпшілікке қарап:

– Мен сұлтан тақсырдың әмірі бойынша сендерді бастап Сау Сау қолын талқандауға ант етемін, Ұлықтардың бәрі ертең таңертең жорыққа сақадай сай болып, дария жағасына дайын тұратын болсын. Кешіккен адам тыйым заңының 7-тарау 54-тармағы бойынша жазаланып, басы алынады,– деді де, Сүн Шуанмен қоштасып ордадан шығып кетті. Ұлықтардың бәрі де үн-түңсіз тарап кетті. Өз шатырына келген Жоу Иүй ақылдасу үшін Жугі Лиянды шақыртты. Көп кешікпей ол да келді, Жоу Иүй оған:

– Бүгін ордада ақылдасып Сау Сауға қарсы соғысатын болып бекіндік, енді оны жою үшін сіздің ақылыңыз керек болып отыр, – деді. Жүгі Лияң оған:

– Сүн Шуан қолбасының ойы әлі бекіген жоқ, түбегейлі шараға кірісуге болмайды, – деп қойды. Жоу Иүй бұл сөзден секем ала қалды да:

– Мұныңыз қалай, ойы бекімегені несі? – деп сұрады. Жүгі Лияң оған себебін айтты:

– Сау Саудың сарбазы көп, оған төтеп бере алмаймын деген қорқыныш әлі де бар, меніңше сіз оған жау қолының саны мен нақты күшін талдап көрсетіп, күмәннан арылтып, жеңіске көзін жеткізіңіз, сонда барып ісіміз оңға басады.

Жоу Иүй ойланып көріп, бұл ойыңыз дұрыс екен деп, өзі Сүн Шуанға келіп кездесті. Оның бейуақта келген жүрісінен секем алған Сүн Шуан:

– Түнделетіп келуіңізге қарағанда шұғыл жұмысыңыз бар-ау деймін, көлденең кесел болмаса екен, – деді. Жоу Иүй:

– Ертең қалың қолды аттандырмақпын, сіздің көңіліңізде әлдеқалай басқаша есеп жоқ па деп білейін деп келгенім ғой, – деді.

– Менде бір ғана қорқыныш бар, Сау Сау қолы тым көп қой, төтеп бере алмай қаламыз ба деймін, басқадай күдігім жоқ, – деді Сүн Шуан оған қарап. Жоу Иүй лекіте жеңіл күліп алды да:

– Тақсыр, мен де осы іс үшін сізге келіп едім, сіз Сау Саудың хатындағы су жасағым мен құрлық жасағымының саны миллион деген донайбат сөзінен қорқып отырсыз ба? Оның шынайы сырына көз жіберсеңіз одан қорқатын түк те жоқ. Шынына келгенде жаудың орта жазықтан алып келген өз сарбаздарының саны жүз елу, жүз алпыс мыңдай ғана. Ол сарбаздары алыстан шаршап-шалдығып әрең жеткен, титықтап, тұралап тұр. Юан Шаудан бағынған сарбаздары жетпіс-сексен мың, оларда Сау Сауға шын жүрекпен елжіреп тұрғаны шамалы, көбі амалсыз күн үшін қара көбейтіп жүр. Меніңше, Сау Саудың түбіне жетіп, тұралап отырған тобырынан саны көп екен деп қорқуыңыздың керегі жоқ. Маған сенсеңіз, елу мың қолмен-ақ тас-талқанын шығарамын, сіз ол жағынан еш қам жеменіз, – деді. Сүн Шуан разы болып оған:

– Қолбасымның мына жігері мен ақылы көңілімдегі күдікті түбегейлі сейілтті, Жаң Жау ақылсыз адам екен, бұл жолы мен күткен межеден көріне алмады. Лу Су екеуіңіздің ойларыңыз ғана менің ойымнан шығып отыр, Лу Су мен Чың Пуды ертіп, сәтті

күні аттаныңыз, мен қалған қолды бастап, азық-түлік дайындап арттарыңыздан барамын. Алдыңғы қол әлсіреп бара жатса, артта мен бар деп біл. Сау Саумен ақтық айқасқа түсуге өзім де дайынмын, енді әлдеқалай болады-ау деп күдіктенбе, – деді. Жоу Иүй Сүн Шуанға алғысын айтып, ордадан шығып кетті. Өз шатырына келе жатып: “Жугі Лияң сұлтанның ойын қалай оқып қойды екен, ол кісінің сыр-сипатын әлдеқашан біліп алған болды, ақыл-айласы да менен артық көрінеді, бұл бетімен біздің елдің түбіне жететін сол сабаздың өзі болары анық. Оны ебін тауып өлтіріп тастағаннан абзалы жоқ” деп ойлады. Шатырына келген соң Лу Суды шақыртып алып, оған Жугі Лиянды өлтірмек болып отырғанын айтты. Лу Су оған:

– Алдымен қарақшы Сау Сауды жоймай тұрып, көмек қолын созып отырған жас көңілді жақсы адамға қол жұмсасақ, бұл жауға дем беріп, көмектескендік болмай ма?

Жоу Иүй оған қазіргі келтірер пайдасын ойлағанмен Жугі Лиянның Лю Биге ақылшы болып жүргені біздің басымызға төнген қырсық, дария шығысының соры деді.

Лу Су да өз ойынан қайтпай, өлтірмеуді жақтап отырып алды:

– Жугі Жин оның туған ағасы, сол кісі арқылы оны өз жағымызға тартып алатын болсақ, өлтіріп жаманатты болғаннан артық емес пе?

Жоу Иүй оның сөзіне нараулау болып қалды. Ертесі таңертен қалың қолды аттандыру үшін Жоу Иүй әмір шатырдың алдына келді. Оңы мен солында қолдарына айбалта ұстап, қылыш асынып, мұздай қаруланған қорғаушы сарбаздар. Ақылшылар мен қолбасылар әмір күтіп тұр.

Чың Пудың жасы Жоу Иүйден үлкен еді, Жоу Иүйдің өзінен жоғары лауазымға ие болғанына іштей наразы болған Чың Пу ауырып қалдым деп әмір тындауға өзі келмей, үлкен ұлы Чың Зыны жіберді. Жоу Иүй: “Зан ағайыншылыққа, жақындыққа қарамайды, ұлықтар әрқайсың өздеріңе міндеттелген қызметті атқарасындар. Сау Саудың билік құмарлығы Доң Жоудан да асып кетті. Патшаны Шүчаңда қамауда ұстап, өзі бейбастақтықпен қол бастап жерімізге келіп, елімізге қатер төндіріп отыр. Қазір біз жарлық бойынша сол сұмырай қарақшыны жоюға барамыз. Сіздердің әрқайсыларыңыз да алдыңғы шепке аттанғалы тұрсыздар, абай болатын іс – сарбаздар қайда барса да халыққа зәбір көрсетпесін, өз бетімен кетуге тыйым салынсын. Еңбек көрсеткендер сыйланып, қылмыс істегендер жазаланатын болсын”, – деді. Онан соң қолдың қалай шабуылға шығатынын орналастырды:

Хан Даң мен Хуаң Гай өздерінің бұрыннан сыралғы сарбаздарын бастап, өздерінің сайыс қайықтарымен шабуылшы қосын болып аттанады. Олар әзірше үш өзен құйғанынан барып бекініс алсын да, сол жерде жатып бұйрық күтсін. Жияң Чин мен Жоу Тай екінші қосын, Ли Тұң мен Фан Жаң үшінші қосынды, Тай Шысы мен Лүй Миң төртінші қосынды, Лу Шүн мен Дұң Ши бесінші қосынды басқарады. Лүй Фан мен Жу Жы шарлаушы қосынды басқарады. Алты қосын құрлықта да, суда да қатар ілгерілеп отырады, белгіленген мезгілде ешкім де кешігіп қалмай шабуылға өтуге дайын болсын деді. Осыдан кейін қолбасылар өздерінің сарбаздарын ретке салып қару-жарақ қайықтарын даярлауға кетті. Чың Зы үйіне барған соң әкесіне Жоу Иүйдің қолды орналастыру, соғыс тәртібін белгілеу, тіпті өзінің қимыл-қозғалысына дейін әскери қағидаға сай келетінін айтты. Чың Пу:

– Мен Жоу Иүйді қолбасылыққа лайық көрмей жүруші едім, көп іске орашалақ, епсіз, жігері аздау секілді еді. Бұл орналас-тыруына қарағанда нағыз талант екен-ау, менің бүйтіп жатып алғаным дұрыс болмас, – деп Жоу Иүйден келіп кешірім сұрап жорыққа шығуға дайындалды. Жоу Иүй оның бұл ерлігіне сүйсініп, алғысын айтып разылығын білдірді.

Ертесінде Жоу Иүй шатырына Жугі Жинді шақыртып алып:

– Ініңіз Жугі Лияңның парасатында шек жоқ, қараны ханмен теңестіретін ақылы, қарасуды теріс ағызатын дарыны бар. Мұндай ұлы адамның Лю Бидің қолында қор болып жүргені жараспайды. Ініңіз осы жерде жүргенде оны бізге шақырыңыз. Лю Биді не қылады, мұнда да құрметсіз болмас, осыған күш салыңыз! Сонда Сұлтан тақсыр да ақылды қолғанатқа ие болады, өздеріңіз де бірге боласыздар, осыным абзал ақыл емес пе? Осыған күш салыңыз,– деді. Жугі Жин аз ойланып отырып:

– Тақсыр, мен пақырыңыз дария шығысына келгелі сіздерге септігім тиіп, еңбек сіңірген адам емеспін. Егер сіз осы жұмысты тапсырсаңыз неге бас тартамын, – деді. Ол тұрағына келген соң Жугі Лияңға барды, ағайынды екеуі жылап көрісті. Өткен-кеткендерін айтысып сыр шертісіп көп әңгімелесті. Сонан бір кезде Жугі Жин:

– Сен ағалы-інілі Бойы мен Шу Чиды білетін шығарсың?– деп еді. Жугі Лияң:

– Аға, сені Жоу Иүй жіберген екен ғой,– деп толғана қалды да: – Білемін ғой, олар бұрынғының ардагер арыстары ғой,– деді.

– Сол екі боздақ Шоуяң тауының етегінде аштан өлгенде де құшақтары жазылмай о дүниеге бірге аттанған екен, ал бізді

қарашы, бір анадан туып, бір емшекті емген екеуміз екі кісіге қызмет етіп, басымыз қосылмай, бірімізді біріміз бір көруге зар болып екі жақта тентіреп жүрміз, осынымыз жөн бе?– деді.

– Дұрыс қой, сіз туыстықты жоғары қойып отырсыз ғой, ал мына жаман ініңіз әділет жолын ұстануға бел буған, әділет қайда болса, мен сонда боламын деп серт етіп едім. Екеуміз де хан патшалығының адамымыз, Хан ағасы Лю Би хан патшасының белбаласы. Егер сіз Уұ елінен қол үзіп, менімен еріп Лю Биге барамын десеңіз хан патшасының адал қызметкері болар едіңіз, бір туған екеуміз бір жерде болып, адамгершілік пен әділетті қатар ардақтаған болар едік. Бұл туралы қалай ойлайсыз? – деді. Жугі Жин мен бұған осы талапты қойғалы келсем, інім менің алдымды орап кетті-ау, деп қарсы жауап таба алмай, інісіне қош айтып, амалсыздан атына мініп қайтып кетті, келген соң Жоу Иүйге інісі екеуінің арасындағы әңгімені бүге-шігесіне дейін баяндап берді. Жугі Лиянның сөзін де айтып берді. Осы інісінің сөзіне толқып келгеннен сау ма деп ойлаған Жоу Иүй:

– Өз ойың қалай?– деп сұрады.

– Мен Сүн сардардың мейіріміне бөленіп, жақсылығын көріп отырып оған қалай опасыздық етемін.

– Мырзаның көңілі иемізге адал болса, бұдан басқа не керек, басқа сөздің керегі не? Жугі Лиянды жіпсіз байлап алып қалудың жолын өзім табармын. Сіздің барып айтқаныңызға рахмет,– деді.

Ақылды жандар кездесе бірін бірі қимайды,
Білгішті білгіш күндесе, кең дүниеге сыймайды.

Бұл әңгіме осымен бітті, ал Жоу Иүйдің Жугі Лянды қалай тұзаққа түсіретінін келесі тараудан оқыңыздар.

Үш өзен құйғанында Сау Сау қолының жеңілуі

Жугі Жиннің сөзін естіген соң Жоу Иүйдің Жугі Лянға деген кегі онан арман күшейе түсті де, оны өлтіруге біржола бекіді. Келесі күні қол аттануға дайын болғанын көрген Жоу Иүй қоштасуға Сүн Шуанға келді. Сүн Шуан оған алдымен сіз аттана беріңіз, арттарыңыздан көп кешікпей мен де аттанамын деді. Сүн Шуанға қош айтып шыққан соң Жоу Иүй Чың Пу мен Лу Суға келіп қолды аттандыруға бұйрық берді. Жугі Лиянға бірге барсаңыз деп ұсыныс етіп еді, ол ойланбастан келісе кетті. Олар қайыққа отырып Шәкуге қарай тартты. Үш өзен құйғанына елу-

алпыс шақырым қалғанда қайықтар тұмсық түйістіре келіп бір жерге тоқтады. Жоу Иүй сарбаздарға Ши тауының бөктерінен бекініс салдырды. Өздері су бекінісінде болды. Жугі Ляң бір кішкене қайыққа орналасты. Қолды орналастырып болған соң Жоу Иүй адам жіберіп, Жугі Лиянды шақыртты. Ол келген соң Жоу Иүй негізгі жұмысқа көшті:

– Бір кезде Сау Саудың сарбазы аз, Юан Шаудың қолы көп еді, сөйтсе де, Сау Сау Шүй Будың ақылы бойынша алдымен Учадағы азық-түліктің келер жолын кесіп, тамақтан тарыққан Юан Шаудың қалың қолын аз ғана сарбазбен-ақ жеңіп шықты. Қазір Сау Сауда сегіз жүз отыз мыңдай сарбаз, бізде небәрі алпыс мыңдай сарбаз бар. Бұл күшпен жауға төтеп беру оңай емес. Сондықтан Сау Саудың өз айласын өзіне қолданып, алдымен азық-түлік келетін жолын кесіп, сонан соң барып шабуылға өткен жөн секілді. Жансыздардың айтуынша Сау Саудың азық-түлік қоры Жүйте тауында екен. Мырза, Ханияң бойында көп тұрдыңыз, жер жағдайын сізден артық ешкім білмес, Гуан Гүң, Жаң Фи, Жау Иүндерді ертіп, мен тағы мың сарбаз берейін, түнделетіп Жүйте тауына барып, Сау Сауды азық-түліктен айырсаңыз! Бұған қарсы болмассыз, басқа елдің адамымын деп бас тарта көрмеңіз,– деді. Жугі Лияң бұл сөзден оның ішкі ойын түсінді. Ақылмен алуға шамаң жетпейтінін біліп, мені отқа тірідей тастап өлтірмек болған екенсің ғой деп ойлаған ол, бармаймын десем, жұртқа күлкі болармын, алдымен бұл ұсынысына көнейін, артынан бір амалы табылар деп ойлады. Ол дереу бұл ұсынысты қабыл алатынын айтты. Бұған Жоу Иүй қатты қуанды. Жугі Ляң қош айтып шығып кетті.

Ол кеткен соң Лу Су келіп Жоу Иүйден:

– Таксыр, Жугі Лиянды астық тонауға жұмсағаныңның сыры неде?– деп сұрады.

– Оны өз қолыммен өлтірсем, елдің мазағына қалмаймын ба, Сондықтан Сау Саудың қолымен өлтіріп, пәледен ың-жыңсыз құтылайын! Лу Су оның ойын біліп алған соң бұл қулықты сезді ме, сезбеді ме, сыр тартып көрейін деп Жугі Лияңға келді. Ол келсе, Жугі Ляңның жүзінде ешбір қобалжу, толқудың ізі жоқ, сарбаздарын сайлап жүруге дайындалып жатыр екен. Мұны көргенде оның өлімге бара жатқанын біліп тұрып айтпауға дәті шыдамаған Лу Су жұмбақтап былай деді:

– Мырза, бұл сапарда жеңе аламын деп ойлайсыз ба?

– Маған бәрібір, судағы соғыс па, құрлықтағы соғыс па, жаяу соғыс па, атты соғыс па – бәріне кемел адаммын, дария шығы-

сындағы Жоу Иүй екеуіңіз секілді бір жақты ойлайтын күйкі адам емеспін ғой, жауды жеңе алмай қаламын ба деген ой менде болмайды.

– Неге Жоу Иүй екеуімізді күйкі адам дейсіз?

– Мен оңтүстікте балалардың аузынан:

Құрлықта қамал бұзуға Лу Суға жетер жан бар ма,
Су үстінде Жоу Иүйден батыр өтпес жалғанда,

деген өлең естіп едім, осыдан сіздердің қабілеттеріңіз сыңар жақты екені көрініп тұрмай ма?

Лу Су бұл сөзді Жоу Иүйге айтып барып еді, Жоу Иүй оны естігенде ашуға булығып:

– Ол мені құрлықта соғысудан қорқып отыр деп ойлаған екен ғой, оған ерегескенде бұл сапарға оны жібермей, он мың қолмен өзім барайын,– деді.

Лу Су бұл сөзді де сол қалпында Жугі Лянға жеткізіп еді, Жугі Лян күліп жіберді.

– Бақылаушы мені Сау Саудың азық-түлігін тона деп жұмсағандағы мақсаты азық-түлік тонату емес, мені Сау Саудың қолымен құрту еді. Сондықтан мен әдейі намысына тиіп қалжындап едім. Намысшыл шіркін шыдамаған екен ғой. Меніңше, қазіргі ең басты нәрсе амал жасау мен өзара сенімде. Жасырып-жабатын түгі жоқ, сұлтан бұл жолы Лю Бимен тізе қосқанда ғана жеңіске жетеді. Бүйтіп сырттай одақтасып, іштей андысып біреуге біреу қастық ойлап арбасқанмен бұл істен нәтиже шықпайды. Сау Сау аса сайқал адам. Ол өмір бойы басқалардың азық-түлігін тонаумен жеңіске жетіп келеді. Сонда Жоу Иүй қолбасы Сау Сау өз азық-түлігін қараусыз иен тастайды деп ойлай ма? Егер Жоу Иүй барам десе барсын, бірақ қашан айттың деме, бұл жолы Сау Саудың қолына түседі. Егер менің тілімді алсаңдар, алдымен су үстінде шабуыл жасап, жаудың арынын қайтарып, аптығын басып алуымыз керек. Ал, Сау Сауды біржолата жеңу туралы сонан соң ойлаған жөн. Сіз ақылыңызды айтып, Жоу Иүйді бұл сапарға бармауға иландырыңыз,– деді. Лу Су іштей Жугі Лянның адамгершілігі мен ойламдылығына қатты таңғалды. Жоу Иүйге келгенде Жугі Лянның сөзін бүге-шігесіне дейін түгел айтып берді. Жоу Иүй басын шайқап ұзақ отырды, іштей қатты таңғалды, сонан бір заманда:

– Жугі Лянның парасатына адам жете алмас! Менен кем дегенде он есе алғыр екен, қалайда ебін тауып көзін жоймасақ, еліміз үшін түбінде катер осыдан,– деді. Лу Су оған:

– Мен Жугі Лянның бүгінгі ең шешуші мәселе амал айлаң мен сенімділік дегеніне тәнті болып отырмын. Қазір біз Жугі Лянға емес, ол бізге керек болып тұр ғой! Ел мүддесін ойламасақ болмайды! Қазірше бұл адамды пайдалануымыз керек, Сау Сауды жойған соң бір амалын тапсаңыз да кеш болмас, – деді. Бұл сөзге Жоу Иүй тоқтағандай болды.

Лю Би Жияншаны қорғауға Лю Чиді қалдырдып, өзі Шәкуге келген болатын. Бір күні дария беті жалаулары желбіреген қалың қолға толып кетті. Лю Би оны көргенде Уұ елінің қалың қолы қозғалған екен деп Жияншадағы сарбаздарын Фанку құйғанына әкеліп орналастырды. Сонан соң қолбасылар жинап ақылдасты:

– Жугі Лян Уұ еліне кеткелі хабар-ошар болмады, не ойлап, не істеп жатқанынан бейхабар қалдық. Біреуің барып бір хабар алып келсеңдер жөн болар еді, бұған кім барады?– деді.

Ми Жу мен барайын деп алға шықты. Лю Би оның арақ-шарап, азық-түлік, сәлем-сауқатын дайындатып беріп, Уұ елінің сарбаздарынан хал сұрай барған болып жағдайды біліп кел деп қоя берді.

Ми Жу көп кешікпей аттанып кетті. Суыт жүрген беті Жоу Иүйдің бекінісіне келгенде бір-ақ тоқтады. Күзетші жасақтар оның келгенін Жоу Иүйге хабарлап еді, Жоу Иүй дереу шатырына шақырып қарсы алды. Жоу Иүйдің алдына келген Ми Жу тізе бүгіп тағзым етіп, Лю Бидің сәлемін айтып, сәлемдемелерін берді. Жоу Иүй Ми Жудың келген құрметіне қонақасы берді.

Ми Жу қонақасы үстінде:

– Жугі Лянның бұл жақта тұрғанына да біршама уақыт болды. Осы жолы менімен бірге қайтады ғой,– деді.

Жоу Иүй:

– Жугі Лян мырза екеуміз Сау Сауды қалай жоюдың қамында жүрміз, ол кісі тым қарбалас, қайта алмас па екен. Бастаған ісін аяқтағаны жөн ғой. Мен осы мәселе жөнінде Лю Би сардарға барып ақылдассам деп едім, соғыс дайындығынан қолым тимей жүр. Лю Би қолбасы біз жаққа келер болса, маған үлкен демеу болар еді,– деді.

Ми Жу бұл сөздерді жөн санап еліне қайтып кетті. Ол кеткен соң Лу Су Жоу Иүйден:

– Лю Бимен кездеспек болғандағы мақсатыңыз не?– деп сұрады.

– Не болушы еді,– деді Жоу Иүй,– Лю Би осы замандағы ең ірі батыр, оның көзін құртпасақ бола ма!? Осы орайда шырғалап әкеліп көзін жойсам, ертең келер пәледен, жолымызға шөккен қара

бурадан елді құтқарар едім! Оның үстіне иесіз қалған Жугі Лян да бізден кетпейді.

Оның бұл ойын қоштамаған Лу Су райынан қайтару үшін көп ақыл айтып еді, Жоу Иүй оған тоқтамады, тіпті дереу құпия жарлық түсіріп:

– Лю Би келмей тұрып елу сарбаз қолына қару алып шымылдық артына жасырынсын, мен шарап ішіп отырған тостағанымды лақтырған сәтте дереу іске кіріссін, – деді.

Ми Жу қайтып келген соң Лю Биге Жоу Иүйдің ақылдасу үшін шақыртқан сәлемін жеткізді. Лю Би дереу бір ұшқыр қайық дайындатып, жолға дайындалды.

Гуан Гүң бұл сапарға қосылмады. Жоу Иүй қулығына құрық бойламайтын сайқал сұм адам. Қандай оймен шақырып отырғанын қайдан білеміз? Оның үстіне Жугі Ляннан ешқандай хабар жоқ, мұнда бір аярлық болуы мүмкін, алды-артты байқап алмай бармаңыз деп еді, оған Лю Би көнбеді:

– Мен Уұ елімен Сау Сауды жою үшін тізе қосып отырмын, осындай жағдайда Жоу Иүй кездесемін, ақылдасамын десе, оған бармай не істеймін. Бармасам, берекеге сызат түспей ме, бірлескен екі жақ аңдысып отырсақ, ісіміз қайтіп ілгері жылжиды, – деп Гуан Гүңді тойтарып тастады. Гуан Гүң сонда да болса өз ойынан бас тартпады.

– Егер сіз бармай қоймаймын десеңіз мен ере барайын, – деді.

– Мен де барамын, – деп Жаң Фи өңештеді. Лю Би олардың сөзін де жерге тастамай:

– Гуан Гүң менімен ерсін, Жаң Фи мен Жау Иүн бекіністі қорғауға жауапты болыңдар, Жиян Иүң Ышан ауданы жаққа ие болсын, мен барамын да қайтамын, – деді.

Осылай істерді жайлаған соң, Лю Би Гуан Гүң бастаған жиырмашақты сарбазды ертіп қайықпен жолға шықты. Олар Жоу Иүйдің бекінісіне таяғанда дария шығысының соғысқа сақадай-сай тұрғанын байқады. Лю Би бұған қатты қуанды. Бекініске таяғанда-ақ хабаршылары Лю Би келе жатыр деген хабарды Жоу Иүйге жеткізді. Жоу Иүй:

– Олар неше қайықпен келіпті? – деп сұрады.

Хабаршы жасақ: жалғыз қайықпен келіпті, жанында жиырмашақты жасақ бар деді. Жоу Иүй: “Дүние деген осы, Лю Бидің ажалы жетер күн бүгін болғаны ғой”, – деп мырс ете түсті. Сөйтті де, жендеттерін мықтап орналастырып қойып, өзі Лю Бидің алдынан шықты. Гуан Гүң бастаған жиырма шақты қорғаушы

сарбазын ерткен Лю Би Жоу Иүйдің шатырына келді, аман-сәлем аяқтаған соң Жоу Иүй қонақтарды ертіп үйге кірді.

– Сіз атыңыз әлемге белгілі заманымыздың ірі сардарысыз, ешкім білмейтін мені мұнша құрметтегеніңіз не? – деп кішіпейілдік көрсеткен Лю Би сарбаздарын ертіп төрге жайғасты.

Дереу тамақ келді. Жоу Иүй оларды ерекше күтті.

Жүгі Ляң дария жағасында қыдырып жүріп Лю Би келді деп естіп, қайда екенін сұрап еді, Жоу Иүймен қонақасыда отырғанынан хабар алды. Бұл хабарды естігенде қатты түршіккен Жүгі Лияң асығыс Жоу Иүйдің шатырына келді. Жоу Иүйдің қаны қарайып, өні түнеріп алған екен. Жүгі Лияң қонақасы беріп жатқан шатырдың екі қабырғасындағы шымылдық артында қарулы адамдар тұрғанын байқады. Бұл сұмдықты көріп не істердің амалын таппай қатты састы. Лю Биге көз салып еді, ол ештеңеден күдіктенбей, баяғысындай әңгіме шертіп отыр. Бір тәуірі, оның дәл артында қылышын қолына алып Гуан Гүң тұр екен. Оны көрген соң Жүгі Ляңның көңілі орнына түсті. Еш қауіп бола қоймас деп ойлаған ол шатырға кірмей, дария жағасына келіп күтті.

Лю Бимен неше дүркін тостаған қағыстырған соң Жоу Иүй тостағанын жерге ұрайын деп ұшып тұрып еді, Лю Бидің артында қылышын қолына алып тұрған Гуан Гүнді көрді. Батырдың түсі өте суық еді, оны көргенде Жоу Иүйдің жүрегі мұздап, тұла бойын қара тер басып сасып қалды. Бұл кім деген сөздің аузынан шығып кеткенін байқамай қалды.

– Бұл Гуан Гүң деген інім,– деді Лю Би.

– Баяғы Ян Ляң мен Уын Шудың басын алатын Гуан Гүң осы ма?

– Ұмытпаған екенсіз, дұрыс айттыңыз,– деді Лю Би. Жоу Иүйдің қорыққаны сонша буыны босап кетті. Сөйтсе де сыр алдырғысы келмей Гуан Гүңге арақ ұсынды. Сол екі арада шатырға Лу Су кіріп келді. Лю Би оны көріп:

– Мырза, Жүгі Ляң қайда екен, әуре болмасаңыз хабар берсеңіз, менімен бет көрісіп қайтса болар еді,– деді.

Жоу Иүй Лу Судан бұрын:

– Несін асығасыз, Сау Сауды алған соң, бір-ақ, кездессеңіз болды ғой!– деді. Лю Би ол жайлы қайталай ауыз ашпады. Сол екі арада Гуан Гүң көзімен оған ишара жасады, түсіне қойған Лю Би орнынан ұшып тұрып:

– Жоу Иүй қолбасы, ғафу етерсіз, пақырыңыз осымен қош айтып аттансам ба деп отыр, жауды жойған соң арнайы келіп асықпай әңгімелесермін, – деді де Жоу Иүйге қош айтып шығып

кетті. Тоқтатудың жөнін таба алмай, шабуыл жасауға бата алмаған Жоу Иүй оларды есік алдына дейін шығарып салды. Лю Би мен Гуан Гүң Дария жағасындағы қайықтарына келгенде қайықта отырған Жугі Лянды көрді. Кездесе алмай кетемін бе деп уайымдап келе жатқан Лю Би оны көргенде қуанып кетті.

– Тақсыр ием, бүгінгі қатерді сездіңіз бе?– деді Жугі Лян. Бұл сөзді естігенде Лю Бидің жүрегі зу ете түсті.

– Ештеңе де білгенім жоқ.

– Тақсыр, тым аңғал, тым сенгішсіз, егер Гуан Гүң болмағанда бүгін Жоу Иүй сізді жазым етер еді, – деді Жугі Лян.

Жугі Ляннан істің сырын ұққан Лю Би оны да өзімен бірге Фанку күйғанына ертіп кетпек болды. Жугі Лян:

– Тақсыр, маған алаңдамаңыз, пақырыңыз ажалдың апанында тұрса да өзінің амандығына қам жемейді. Сарбаздарыңыз бен қайықтарыңызды реттеп, сақадай сай тұрыңыз. Бірінші айдың жиырма жаңасында Жау Иүн бір кішкене қайықпен келіп мені дарияның оңтүстік жағасынан тоссын,– деп межелі жерін айтты. Уақытынан жаңылып қапы қалып жүрмейік, деп ескертті. Лю Би бұл істің мәнін сұрап еді, Жугі Лян оңтүстік-шығыстан жел тұрса, сол күні пақырыңыз қайтады деді. Сонда да ештеңе түсіне қоймаған Лю Би анықтап сұраса да, Жугі Лян жарытып жауап бермеді. Лю Биді тезірек аттанып кетіңіз деп, өзі кейін бұрылды. Ескектерін құлаштай ескен Лю Би мен Гуан Гүң бірнеше шақырым жол жүргенде алдарынан елу-алпыс қайық көрінді. Жақындап келіп қараса, алдыңғы қайықта найзасын көлденең ұстап Жаң Фи тұр. Әлдеқандай күтілмеген оқиға бола қалса аз адаммен Гуан Гүңнің шамасы келмей қалар деп қауіптенген Жаң Фи тағат тауып отыра алмай соңдарынан келе жатқан беті екен. Бәрі аман-есен көріскендеріне қуанып, бекіністеріне қайтып келді. Бұл әңгіме осымен бітті.

Лю Биді шығарып салған соң Лу Су Жоу Иүйге келіп:

– Лю Биді шырғалап алып келдіңіз, бірақ неге аман қайтарғаныңызды түсінбедім,– деді.

– Аман қайтсын дедім бе? Гуан Гүң жанынан екі елі айрылмайды екен. Бұл заманда Гуан Гүңмен кім теңесе алады, мен бір оқыс қимыл жасасам, менің жендеттерім қозғалып болғанша ол мені өлтіріп үлгермей ме, – деді. Лу Су іштей Гуан Гүңнің мысы басқан екен ғой деп таңғалды.

Олар сөйтіп тұрғанда Сау Саудан елші келді деген хабар жетті. Жоу Иүй елшіні қабылдап еді, елші Сау Саудың хатын ұсынды. Хаттың сыртына: “Бақылаушы бас сардар өз қолымен ашсын, хан патшасының уәзірінен” деп жазылыпты.

Бұл сөзді көргенде Жоу Иүй ашудан жарылардай болып долданып кетті. Елшінің көзінше хатты жыртып-жыртып лақтырып жіберді де, елшінің басын алуға бұйрық берді.

Оның бұл түрінен қатты шошыған Лу Су елшіні өлтіруге болмайды, бұл ежелгі дағдыны бұзғандық деп еді. Бұл сөзге Жоу Иүй қарамады, табанда елшінің басын алдырып, ертіп келген жолдастарынан Сау Сауға беріп жіберді. Олар кетісімен шабуылға дайындалды. Шеп бұзар атойшы етіп Гән Нинді, сол қанат қосынға Хан Даңды, оң қанат қосынға Жияң Чинды қолбасы етіп белгіледі. Қалған сардарларды өзі бастаған қолмен бірге жүруге бұйырды. Олар сондарынан көмектесетін болды. Сөйтіп тастүйін дайындалып алып, келесі күні таң қараңғысында тамақ ішіп, таң ағара шабуылға шықты. Дабыл үні жер-көкті сілкіндірді.

Елшісін өлтіріп, хатын жыртып тастаған Жоу Иүйге қаһарланған Сау Сау да Сай Мау, Жаң Иүнді алдыңғы шепке басшылық еткізіп, өзі артқы қосынды басқарып, үш өзен күйғанына тартты. Көп кешікпей алдарынан Уү елінің қайықтары да қара нөпір болып қаптап келеді екен. Дауыс жетер жерге жеткенде алдыңғы қайықтағы тұрған қолбасы:

– Менің атым Гән Ниң! Жекпе-жекке қайсың шығасың?– деп ақырды. Сай Мау жекпе-жекке баруыры Сай Шиүнды жұмсады. Екі қайық жақындасып келе бергенде Гән Ниң көз ілестірмес жылдамдықпен садағын тартып қалды. Ол көздегенін қалт жібермейтін мерген еді, Сай Шиүң қалбаң етіп ұшып түсті. Гән Ниң сол беті садақты қарша боратты, Сау Сау қолы бұл тегеурінді шабуылға шыдамай торығып тұрғанда, оң жақтан Жияң Чин, сол жақтан Хан Даң келіп араласты. Сау Сау сарбаздарының көбі Жиңжоу мен Шүйжоудан келген, өмірі су көрмеген жігіттер, соғысты қойып қайықтың шайқалғанынан қорқып, бойларын билеп тұра алмады.

Гән Ниң бастаған Жоу Иүй қолының үш жақтан шабуылға өткен қайықтары дария бетін емін-еркін билеп-төстеді. Сондарынан Жоу Иүй бастаған бақылаушы қосын келіп араласты. Сау Сау қолының жебеге ұшқандарының санында есеп жоқ, таңертеңнен түс ауғанша қырғын салған Жоу Иүй майданда шепбұзар орында тұрғанына қарамай, түс ауа өз қайықтарына шегінуге бұйрық берді. Оның қаупі жаудың көп, өздерінің аздығы еді. Сау Саудың сілікпесі шыға жеңілген сарбаздары құр сұлдерін сүйретіп, бекіністеріне қайтты. Бекінісіне барған Сау Сау ашудан жарылардай болып, Сай Мау мен Жаң Иүнді шақырып:

– Уұ елінің бес садыра сарбаздарынан жеңіліп келіп отырғандарың мынау, екеуіңнен не шығады. Меніңше сендер қолды ұрысқа бастауға пейілді емессіңдер, – деп ақырды. Олар да өз уәждерін айтты:

– Жиңжоудың су жасағы көптен бері машықтанбаған. Чиңжоу мен Шүйжоудан келген сарбаздар өмірі су көрмеген, судағы шайқасқа жарамады. Жеңілуіміздің басты себебі осы. Бізге судағы соғысқа машық жасау керек, сайысқа шыққанда Чиңжоу мен Шүйжудан келген сарбаздарды ортаға алып, Жиңжоудан келген сарбаздар оларды қорғай соғысатын болса, бұлай болмайды, – деді.

– Су жасағының қолбасы сендер емес пе, не істесеңдер де өздерің білмейсіңдер ме? Мұны несін енді қоңырсытып отырсыңдар, – деп Сау Сау оларға сөз бермеді. Сол күннен бастап Сай Мау мен Жаң Иүн су жасақтарын соғысқа дайындау үшін өздері ойлаған тәсілмен машықтандыруға кірісіп кетті. Дария бетінде үлкен бекініс жасап, бекіністі айналдыра үлкен қайықтарды орналастырды да, кішкене шабуылшы қайықтар ішінде еркін жүретіндей, олардың кіріп-шығуына арнап жиырма төрт есік қалдырды. Осы жоспармен күнді түнге жалғап машық жасады. Түнде қайық үстінде жағылған шырақтар дария бетінде жұлдыздай самсады. Ұзындығы үш жүз шақырым алып бекіністің оттары біріне-бірі жалғасып, мұқым өңірді нұрға бөледі.

Соғыста жеңіске жеткен Жоу Иүй бекініске келген соң сарбаздарға мол сыйлық таратты. Сонымен бірге алғашқы жеңіс үшін Сүн Шуаннан сүйінші сұратып шабарман аттандырды. Бір күні жеңістің буына лепірген Жоу Иүй биік төбеге шығып, жау жағдайын байқап еді, жау бекінісіндегі оттың жарығы аспанның жарымын алып алаулап тұр екен. Бұл көріністі көргенде Жоу Иүйдің жүрегі шайлығып, іштей тіксініп қалды. Бірақ, сыр бермеді. Ертесі таң ата Сау Саудың су бекінісін өзі барып бақылап келмек болып, екі қабат қайықпен барабандарын алып, бірнеше мықты батырлар мен садақшы мергендерін ертіп, жау бекінісіне қарай жүріп кетті.

Жау бекінісіне жақын барған Жоу Иүй бекіністі көріп қайран қалды. Мынау судағы соғыстың қыры мен сырын жетік меңгерген адамның орналастыруы ғой, шептің мықтысын қара деп басын шайқап тұрып қалды. Қасындағылардан Сау Саудың су жасағының қолбасы кім екен деп сұрады. Қасындағылар бұл бекіністі құрған да, Сау Саудың су жасақтарының қолбасы да Сай Мау мен Жаң Иүн екенін айтты.

Жоу Иүй сонда бұл екеуі ежелден дария жағасында өскен, суда соғысудың айла-шарғысын меңгерген жырындылар ғой! Мен алдымен осы екеуінің көзін құртпасам, Сау Сауды алу қиынға соғатын түрі бар деп ойлады. Жоу Иүйдің бекіністі қадағалап қарап тұрғанын байқаған шолғыншылары: бекінісімізді Жоу Иүй бақылап тұр екен деген хабарды Сау Сауға жеткізді. Бекіністегі тудың қозғала бастағанын көрген Жоу Иүй ескекшілерге бар күштеріңмен есіндер, тез кетеміз деді. Қайықтың басы кейін бұрылғаны сол еді ескекшілер бар күшін салып есе жөнелді. Суды тілген ұшқыр қайық ұшқан құстай зымырай жөнелді. Сау Саудың қуғыншы қайықтары дарияға шыққанда Жоу Иүйдің қайығы он шақырымдай жерге кетіп қалған. Қуып жете алмайтынын білген қуғыншылар кері шегінді де Сау Сауға барып мәлімдеді. Сау Сау бұған қатты өкінді. Қолбасыларына: кеше ашық соғыста жеңіліп, сарбаздарымыздың бетін қайтарып, сағын сындырып алдық. Бүгін бекінісіміздің ішіне келіп мазақтап кеткені мынау, иектеріңнің астында тұрған жалғыз қайықты ұстай алмай қалдыңдар. Бұл түрімізбен Жоу Иүйді қалай талқандаймыз деді. Сау Саудың сөзі аяқталмай жатып біреу:

– Мен жасымнан Жоу Иүймен бірге өсіп, біте қайнаскан дос едім, дария шығысына барып барлап көрейін, тәңір оңдаса оны тізе бүгуге көндіріп қалармын, – деді. Жұрт оған жалт қарады, бұл адам жиужандық Гән деген жігіт екен, Жаң әулетінен шыққан қатардағы көп ақылшылардың бірі болатын. Сау Сау оның сөзіне іштей қуанып қалды. Сөйтсе де анықтай түскісі келіп:

– Жаң Гән, сенің Жоу Иүй мырзамен көңіл жақындығың бар ма еді? – деп сұрады. Жаң Гән де өзіне сенімді секілді:

– Уәзір, сіз қам жеменіз, мен барсам бір ебін тауып оны айтқаныма көндіремін, – деді. Сау Сау:

– Оған немене сәлемдеме апарасың? – деп сұрады.

– Жаныма бір бала ерсін, одан басқа екі ескекші керек, басқа түктің де керегі жоқ.

Бұл сөзден зор үміт күткен Сау Сау Жаң Гәнге қонақасысын беріп, араққа тойғызып аттандырып салды.

Басына шыт тартып, ұзын шапан киген Жаң Гән кішкене желқайықпен Жоу Иүйдің бекінісіне келді. Қарауыл сарбаздарға өзінің Жоу Иүйдің досы екенін айтқан ол: сардарға амандаса келіп едім деді. Күзетші сарбаздар: “Досыңыз Жан Гән сәлемдесе келіпті”, деп Жоу Иүйге дереу хабар жеткізді. Жоу Иүй қолбасыларымен кеңесіп отырған, мына хабарды естігенде:

– Сөз сатқан қонақтың тағы бірі келді деші,– деп күлді де, қолбасыларына әлденені сыбырлап тапсырды, қолбасылары шығып кетті. Үстеріне оқалы тон, бастарына бөркін киген нөкерлерін ертіп, Жоу Иүй қонақтың алдынан шығып, салтанатпен қарсы алды. Қасында бір бала ерткен Жаң Ган да алшаң басып келе жатты. Жоу Иүй жақындап келіп иіліп тағзым етіп, әдеппен қарсы алды.

Жаң Гән оны көрген жерден:

– Сардар, екеуіміз көріспегелі қашан, армысыз!– деді.

Жоу Иүй оған жауап ретінде:

– Шүкіршілік, алыстан арып-ашып келген екенсіз, Сау Саудың сойылын соғып, сөзін жеткізуге келмесеңіз болғаны да,– деді.

Мұны естігенде Жаң Гән іштей жүрексініп те қалып еді.

– Ол не дегеніңіз, екеуіміз айрылысқалы көп заман өтті, достық көңілмен сағынышымызды басып сырласамыз ба деп келіп едім, сіздің күмәндана қарағаныңыз қалай? Мұныңыз менің жаныма батып тұр, – деді.

Жоу Иүй оған екіұштылау қылып:

– Досыңның сөз түсінуі Шы Гуаңға жетпес, бірақ ауыздан шыққан демнен іштегі булығып тұрған күйдің сарынын аңғара алатын сезгіштігі бар,– деді. Жаң Ган:

– Қолбасы, досым деп іздеп келіп едім, маған деген сағынышыңыз осы болса бекер келген екем, көп аялдайтын шаруа жоқ секілді, келген ізіммен кері кетейін, – деді. Жоу Иүй оның білегінен ұстай алып:

– Көңіліңе келе қалған екен ғой! Әзілдеп айтқаным ғой, несіне шала бүліндің,– деп оны өзінің шатырына ертіп кірді. Өздері әрі-бері әңгімелесіп алған соң, қосындағы игі-жақсылардың бәрін шақырып Жаң Гәнмен таныстырды.

Әне-міне дегенше сәнді тон, шенді шекпен киген ақылшы, қолбасылар мен қатардағы сардарларға дейін түгел шатырға жиналды. Қонақпен амандасып болған соң, екі жаққа жарылып отырды. Дастарқанға тағам келіп, күй тартылды. Арақ толы тостағандар қайта-қайта көтерілді, жұрт әбден қызған шақта Жоу Иүй орнынан тұрып:

– Мына кісі менің құлын-тайдай тебісіп өскен досым еді, солтүстікте жүрсе де Сау Саудың тілеуін тілейтін адам емес, ешқайсыңыз күмәндана көрмеңіздер, – деді, сонан соң қанжарын суырып алып Тайшыға ұсынып:

– Батыр, мына қанжарды қолыңа ал да біздің амандығымызға жауапты бол! Бұл достардың бас қосқан қонақасысы, біз ішеміз, сырласамыз. Сен біздің амандығымызды күзетесің, сонымен бірге Сау Сау туралы, немесе дария шығысының әскери істері туралы сөйлеген адам болса, басын ал!– деді.

– Құп, тақсыр! – деп Тайшысы қанжарды қолына алып түрегеп тұрды. Мұнан кейін, Жаң Гән артық-ауыс сөйлей алған жоқ. Жоу Иүй көптің алдында лепіріп сөйлеп тұр:

– Мен қол бастап майданға аттанғаннан бері арақ татпап едім. Бүгін досым келгенде ішпесем болмас, кәне құйындар, шерімнен шыға мас болайын,– деп арақты үсті-үстіне сылқылдата сімірді. Жұрт әбден қызғанда Жоу Иүй Жаң Гәнді жетелеп шатырдың артына барды, шатырдың сыртында сарбаздар екі жаққа жарылып сауыт-саймандарын киініп сақадай-сай тұр екен. Жоу Иүй сарбаздарын нұсқап көрсетіп Жаң Гәннен:

– Досым, менің сарбаздарым қалай екен, шетінен сен тұр, мен атайын, сайдың тасындай жігіттер емес пе?– деді.

– Оныңыз рас, бәрі де жолбарыстай қайратты, арыстандай айбатты ерлер екен,– деді. Шатырдың артында үйіліп жатқан азық-түлікте есеп жоқ, оны көрсеткен Жоу Иүй тағы да:

– Менің қосынымның азық-түлігі қалай екен?– деп қойды.

– Несін айтайын, сарбаздарыңыз шеттерінен сайыпқыран, азық-түліктеріңіз мол, бір сөзбен айтқанда атыңызға затыңыз сай екен, – деп Жаң Гән шынымен мақтады.

Жоу Иүй мас адамша қарқылдап күле берді, сөйтті де:

– Достым, екеуіміз баяғы бірге ойнап жүрген балалық шақта осындай боламын деген ойым болды ма деші, – деп қойды.

– Дарыныңыз бен ерлігіңіз шынында теңдессіз екен, – деді Жаң Гән оны мақтап. Жоу Иүй онан кейін шалқып сөйлеп, қарқылдап күліп Жаң Гәнге ойындағысын ақтарып салды:

– Елім деп еңіреген ер жігіт өз иесін тауып, аралары патша мен оның адал ұлындай жақын болса, қан жаласып, шу жалмасып бірге туған жандардай бір-біріне жанашыр болса, бір-біріне сеніп, ақылын алып, азапты да, рақатты да бірге көріп отырғанда оны аздырамын деп, Сушин, Жаң Би, Лу Жия, Ли Шилер құсап тілін безеп далбасалағанмен, сенімі берік ердің жүрегін қалай адалдықтан айныта алсын,– деп қарқ-қарқ күлді. Бұл сөздің төркінін жазбай таныған Жаң Гәннің қорыққаннан өңі қуарып кетті.

Оны қолынан ұстаған беті қайтадан шатырға кірген Жоу Иүй шарапты тағы сімірді, шатырға жиналған жақсы-жайсаңдарын нұсқап:

– Бұлар біздің дария шығысындаға сорпа бетіне шығар марқасқалар. Демек “бұл батырлардың қонақасысы болды” деді. Олар естерінен айрылғанша арақ ішті, қараңғы түскен соң Жоу Иүй шам жақтырды, шам жарығында өзі қылышын онды-солды сілтеп билеп жүрді, ән салды:

Ер жігітке керегі, арын қорғау елінің,
Арын қорғау елінің – еліне арнау өмірін.
Еліне арнау өмірін – шарап ішіп мас болу,
Шарап ішіп бас болу – әнмен демдеу көнілін.

Оның өлеңіне үй толы батырлар күлісіп жатты.

– Мен мас болып қалсам керек, бойымды билей алмай барамын, дастарқанды жинандар, енді демалайық, – деп Жоу Иүй нөкерлеріне қарады, сардарлар қайырлы кеш айтып шығып кетіп жатты.

Жоу Иүй аяғын әзер басып тәлтіректей барып, Жән Гәннің қолынан ұстап:

– Екеуіміз бірге жатып әңгімелеспегелі қай заман, бүгін бір бірге жатып ұйқы қандырайық, – деп оны өз шатырына алып келді. Жоу Иүй шатырға келген соң мастығы күшейіп, лақылдатып құсып мазасы әбден кетті. Жан Гән да ұйықтай алмай, қосынның ұйқышар дабылы екінші рет соғылғанда көз ілмеген беті орнынан тұрды. Алакөлеңке шам жарығында Жоу Иүйдің қорылдап ұйықтап жатқанын байқады. Жан Гән үстел үстінен қобырап жатқан қағаздарға көз салып еді, әр жерден келген хаттар екен. Арасында бір конвертке “Сай Мау мен Жаң Иүннан” деген сөз жазылыпты. Мұны көріп денесі түршігіп кетті, хатты алып оқып көріп еді, мынадай сөздерді оқыды:

– Біздің Сау Сауға бағынуымыз мәртебе тауып, баю емес, амалсыздықтан екенін білесіз. Жағдай соған мәжбүр етті. Бірақ ойымыз қайткенде де кек алу, сол үшін солтүстіктің сарбаздарын бекініске қамап отырмыз, бұлар шабуылға өтемін дегенше ебін тауып Сау Саудың басын алып үлгерерміз, алдыңызға Сау Саудың басы баратын күн де алыс емес. Сіздер де дайын болыңыздар. Біз ойлаған ойымызды қалайда іске асырамыз, күмәндана көрмеңіздер, сіздерге жеңіс тілейміз, көріскенше...

Бұл екеуі дария шығысымен ымы-жымы бір иттер екен ғой деген ойға келген Жаң Гән хатты қойнына тыға салды. Онан соң қалған хаттарды да оқып көрейін деп еді, Жоу Иүй аунап түсті, Жаң Гән шамды өшіріп орнына жата қалды. Жоу Иүй ұйқысырап

сандырақтап ана-мынаны айтып сөйлеп жатты, оның сөзінің бәрін есіне сақтаған жоқ, есінде қалғаны:

– Жаң Гән, мен көп кешікпей Сау Сау қарақшының басын аламын, досым, саған алдымен көрсететін боламын,– дегені. Жан Гән да өтірік ұйықтаған болып жата берді.

– Жаң Гән, сен асықпа, мен саған Сау Саудың басын көрсетемін,– деп Жоу Иүй тағы да ұйқысырап жатты. Жаң Гән одан қашан деп сұрап еді, ол ұйықтап кетті де бұл сұрағы жауапсыз қалды. Жаң Гән сол беті ұйықтаған болып жата берді. Таң қараңғысы үйіріле бере біреу шатырға кіріп, бөсең үнмен “Қолбасы, қолбасы”, деп еді, Жоу Иүй ұйқылы-ояу басын көтеріп:

– Бұл жатқан кім?– деп Жаң Гәнге қарады. Келген адам:

– Қолбасы, түнде өзіңіз Жаң Гәнді ертіп келіп осында жатқызбадыңыз ба?– деді. Жоу Иүй сасқалақтаған адамша:

– Қап, өттеген-ай, жайшылықта ішпейтін арақты кеше неге сонша іштім екен, түнде бар ойымды айтып қоймасам игі еді,– деп күңкілдеп қойды. Әлгі адам:

– Қолбасы, солтүстіктен адам келіп тұр,– деді.

Ақырын деп оған зеки ым қаққан Жоу Иүй:

– Жаң Гән,– деп дауыстады, оның ұйқыда не ояу екенін білгісі келіп шақырғанын сезе қойған Жаң Гән ұйықтаған адамша жата берді. Жоу Иүй қайта шақырмады, аяғын еппен басып білдірмей далаға шықты. Жаң Гән ұйықтаған болып жатса да, құлағын даладағы дыбысқа тікті. Даладан біреу:

– “Сай Мау мен Жаң Иүн істің жөні келмей жатыр, орайын күтіп жатырмыз, асықпасын дейді”,– деді. Онан кейінгі сөздері естілмей қалды. Аздан соң Жоу Иүй шатырға кіріп:

– Жаң Гән,– деп дауыстады, Жаң Гән көрпеге басын тығып өтірік ұйықтаған болып дыбыс бермей жата берді. Жоу Иүй қайтадан төсегіне жата кетті. Жаң Гән ояна бастады: “Жоу Иүй мұқият адам, таң ата әлгі хатты іздейді, сөзсіз оны менен көреді, басыма зауал төнбей тұрғанда осы олжамды алып тайып тұрайын”, деп ойлады. Таң ағара орнынан тұрып:

– Жоу Иүй,– деп көріп еді, ол ұйықтап қалған екен, ояна қоймады. Жаң Гән киімін киіп ептеп басып, шатырдан шықты. Өзі қалдырып кеткен жерден баланы шақырып алып, бекіністің есігіне келді. Оны алдынан күзеттегі сарбаз тоса қалып:

– Мырза, бұл уақытта қайда барасыз?– деп сұрады. Жаң Гән оған алдын ала дайындап қойған жауабын айта салды:

– Мен бұл арада тұрсам, бас сардардың уақытын алып, жұмысына кедергі болатын түрім бар. Пайдам тимесе де зияным тимесін деп ол кісімен қоштасып қайтып барамын, – деді

Күзетші де одан ары қазбалап сұрамады, жолын бөгемеді.

Бекіністен шыққан соң Жаң Гән қайығына мініп суыт жүріп кетті, ол өз бекінісіне жете сала Сау Сауға келіп амандасты.

– Мырза, бетке алған ісіңіз қалай, бір нәтиже бар ма? – деп сұрады Сау Сау. Жаң Гән алдымен істің сәтсіз жағын айтып алайын деп:

– Жоу Иүйдің кеудесі өсіп кеткен екен, көзін шел басып, аспандап тұрған көрінеді. Сөзге келетін емес, оны иландырудың реті келмеді, – деді. Сау Сау ашуланып қалды.

– Әй, Жаң Гән-ай! Қолыңнан келмейтін болған соң, жұртқа күлкі болып нең бар еді!– деді Жаң Гәнді жазғырып. Жаң Гән оның бұл сөгісіне жаси қойған жоқ.

– Уәзір, сабыр етіңіз, Жоу Иүйді райынан қайтарып, бетін бері қарата алмасам да, басыңызға төніп тұрған бір пәлені аңғарып келдім. Жігіттер шыға тұрса, өзіңізге оңаша айтар сөзім бар, – деді.

Жиналғандар шығып кетті, Жаң Гән қойнынан хатты алып, Сау Сауға ұсынды. Сонымен бірге өзінің түндегі көрген-білгендерін түгел айтып берді.

Оның сөзін естіп, хатты оқыған да Сау Саудың қаны басына шапшып:

– Бұл екеуі іште жүрген сұмырай екен ғой. Мұнша басына-тындай не істеп едім бұларға! – деп ашуы алқымына тығылып отырып қалды. Сонан соң Сай Мау мен Жаң Иүнды шатырға шақыртып:

– Екеуіңе бұйрық, қазір шабуылға шығасыңдар,– деді. Ана екеуі ештеңеге түсінбей:

– Сарбаздардың машығы әлі шала, қазір шабуыл жасауға болмайды, – деп өз ойларын білдіре бастап еді, Сау Сау қалшылдап кетті:

– Сарбаздар машықтанып болған соң шабуылға өтіп қайтесіңдер, менің басымды кесіп, Жоу Иүйге тарту етпейсіңдер ме!? – деп ақырды. Сонан соң жендеттерін шақырып, мына екеуінің басын кесіңдер деп бұйырды. Жендеттер оларды сүйреп ала жөнеліп еді, лезде екеуінің басын кесіп Сау Сауға алып келді. Сол арада көп істі ой елегінен өткізген Сау Сау:

– Мені алдап соққан екен,– деп өкініштен бармағын тістеді.

Сай Мау мен Жаң Иүнның өлімі туралы хабар қосынға тез тарады. Сардарлар жиналып келіп, Сау Саудан оларды не үшін өлтіргенін сұрап еді, Сау Сау өзінің қақпанға түсіп жаңсақ басқанын біліп тұрса да, қателігін мойындағысы келмей:

– Әскери заңға бағынбай, бетімен кетті, сондықтан олардың басын алуға тура келді,– деді. Жиналғандар бұған іштей наразы болса да, ештеңе айта алмай, бастарын шайқап үндемей отырып қалды. Сау Сау сардарлардың ішінен Мау Жие мен Иүй Жинді Сай Мау мен Жаң Иүнің орынна су жасағының қолбасы етіп тағайындады.

Жоу Иүйдің жансыздары бұл жаңалықты түн асырмай дария шығысына да жеткізді. Мұны естігенде Жоу Иүй:

– Мен осы екеуінен алаңдап едім, ақыры бұлардың көзін жойдық, енді қорқар ештеңе қалмады, – деген екен.

Лу Су да оның бұл тапқырлығына тәнті болып, бас қолбасының мұндай тапқырлығы мен амалы барда, Сау Сауды жеңе аламыз ба, жоқ па деп уайымдауымыздың жөні болмас деп қойды. Жоу Иүй оған: менің бұл амалымды сардарларым біле қойған жоқ, тек қана Жүгі Лянның көзін алдау оңай емес, осы жолы ол білді ме, жоқ па? Сіз барып, байқастап келіңіз деді.

Лу Су Жүгі Лянға барып не біліп келді, оны келесі тараудан оқыңыздар.

Жүгі Лянның әдісін тауып жебе жинауы

Жоу Иүйдің “етінен ет кесу” айласы

Жоу Иүйдің тапсыруы бойынша, Лу Су аныс аңдау үшін Жүгі Лянның қайығына келді. Жүгі Лян оны жылы қабақпен қарсы алып, қайыққа шығарып, екеуі жайланып отырып әңгіме-дүкен құрды. Лу Су:

– Бірнеше күннен бері тым қарбалас болып кеттік. Әскери жұмыстан қол босамайды, тіпті сізге келіп лебізіңізді тындауға да мұршам болмады,– деді. Жүгі Лян оның сөзіне орай сыпайы жауап берді:

– Менің де бос уақытым жоқ, өз әурем өзімде. Пақырыңыз сөйтіп әбігер болып жүріп, бас бақылаушының қуанышын құттықтап бара алмады. Бұл сөзге таңданған Лу Су одан:

– Қандай қуаныш?– деп сұрады. Жүгі Лян оған былай жауап берді:

– Жоу Иүй қолбасы мен білді ме, жоқ па деп, біліп келуге сізді арнайы жіберіп отырған әлгі істі айтам, бұл шынында құттықтауға татитын іс. Сай Мау, Жаң Иүн Сау Саудың сенімді тірегі еді, оның үстіне суда соғыс жүргізудің жөнін білетін де сол екеуі, енді олар мүрдемге кетіп, дария шығысының келешектегі қырсығы арылып отырса, мұны неге құттықтамасқа! Шошығаннан Лу Суда өң-түс қалмады. Амалсыздан:

– Мырза, мұны қайтіп біліп қойдыңыз?– деді.
– Мұндай айла тек Жаң Гән сияқты кісілерге ғана өтеді. Сау Сау бір мезетке алданып қалғанымен, түбі сезеді. Бірақ жіберген қатесін мойындамайды. Естуімше, Сау Сау енді су жасағына жетекші етіп, олардың орнына Мау Жие мен Иү Жинды бақылаушы қолбасы етіп тағайындапты. Мұның өзі ерте ме, кеш пе әйтеуір сол екеуінің қолымен су жасақтарын өлімге бастарын тігеді деген сөз.

Мұны естіген Лу Су, ананы айтып, мынаны айтып, әрі-бері әңгімелескен болып отырды да, қайтуға ыңғайланды.

– Лу Су мырза, әлгі істің сырын менің білгенімді Жоу Иүй қолбасыға айта көрмеңіз. Мұны білсе, онсыз да мені күндеп жүрген Жоу Иүй мырза менің түбіме жетеді, – деді Жугі Лян қадағалап. Лу Су “мақұл” деп бірнеше рет айтып, қайтып кетті. Ол Жоу Иүйге барып көрген-білгенін бүге-шігесіне дейін қалпын құрғатпай түгел баяндады. Қатты тіксінген Жоу Иүй:

– Бұл адамның көзін жоғалтпай болмайды екен! Не қылсам да басын алуға бекіндім!– деді. Лу Су оған іштей қарсы болып:

– Сіз Жугі Лянды өлтірсеңіз, Сау Саудың мазағына қаласыз,– деді тоқтау болсын деп.

– Мен оның басын өзім алмаймын, ешкім жоғын жоқтамайтын, құнын дауламайтын қылып, әділетті жолмен аламын,– деді Жоу Иүй. Лу Су бұған түсінбей:

– Оныңыз қандай жол, қандай әділет?– деп сұрады. Жоу Иүй оған қарап жымыып қойды да:

– Оны қазір сұрама, ертең көресің, – деді.

Келесі күні қолбасыларын әмір шатырға жиған Жоу Иүй, ақылдасуға Жугі Лянды да шақырды. Жугі Лян елден ертерек келіп отырды. Жұрт жиналып болғын соң, Жоу Иүй өзінің жоспарын айта келіп, Жугі Ляннан:

– Мен Сау Сау қолымен тағы бір шайқасқа түсейін деп отырмын. Судағы соғыста қандай қару қолданған абзал, біздің су жасағымыз қалай қарулануы керек? – деп сұрады.

– Дария бетіндегі соғыстың өз ерекшелігі бар, қоян-қолтық айқасқа ұқсамайды, найза да, қылыш та бұл соғысқа тым епсіз, ең абзалы садақ. Алыстан садақпен атқыласақ, соған жетерлік жебеміз болса, бұл соғыста ырықты орынға шығамыз. Сондықтан бұл жолы садақты алға ұстау керек, – деді Жугі Лян.

– Сөзіңіз менің ойымнан шықты. Бірақ, әзір қосынымызда жебе жетіспей жатыр. Бізге әлі көп жебе дайындау керек. Осы шаруаны тындыруға мен сізді әурелегелі отырмын. Жауға төтеп беру үшін

бізге әлі кемінде жүз мың жебе керек. Оны дайындауға сіз басшылық етсеңіз. Бұл мәні зор халықтық іс, мырза бұдан бас тартпас деп ойлаймын, – деді Жоу Иүй.

– Бас сардар, сіз бұйырсаңыз, одан қалай бас тартамын, әскери өмірге мойысұнбайтын болсақ, қалай жеңіске жетеміз, мұндайда әр адам бас сардар тапсырған істі бұйрық деп біліп, екі етпей атқару керек. Бірақ, алдымен біліп алатын бір іс бар. Сұрағаныма ғафу етерсіз, жүз мың жебені қашанға дейін дайындауым керек? – деді Жугі Лян.

– Ары кеткенде он күн, он күн ішінде бітетін шығар?– деді Жоу Иүй. Жугі Лян әлденеге алаңдағандай қабағы түйіліп көпшілікке қарап, сөзін Жоу Иүйдің өзіне арнап:

– Мұныңыз болмайды-ау деймін, өзіңіз ойлаңызшы, алда-жалда Сау Сау қолы тұтқиылдан тап берсе қайтеміз. Он күн мұрсат бер, біз жебемізді дайындап алайық дейміз бе, он күн уақытты жебе дайындауға жіберсек, қапы қалмаймыз ма?– деп сөзін аяқтады. Бұған таңғалған Жоу Иүй мынау шын айтып отыр ма, өтірік айтып отыр ма дегендей Жугі Лянға қарап қойды. Өңінде ешқандай қулықтың ізі жоқ, шыны секілді. Сонан соң Жоу Иүй:

– Біз жебе дайындаудың машақаты көп жұмыс екенін ескеріп он күн деп отырмыз, шынында соғыс тез басталып кетсе, қиындыққа қалатынымыз рас. Мырза, сізше бұл жебені неше күнде дайындауға болады, өзіңіздің ойыңызды айтыңызшы, қанша күнде дайындай аласыз?– деп қарсы сұрақ қойды.

– Мен де бұл істің қиындығын ойлап, уақытты кең алып отырмын, бізге бір күннің өзі көп уақыт болып тұр ғой, сондықтан мен үш күн ішінде жүз мың жебені санап тапсырсам бұған қалай қарайсыз.

Оның бұл сөзін әлдеқалай қылжақ үшін айтып отырған шығар деп ойлаған Жоу Иүй:

– Әскери кеңесте қалжыңға жол жоқ, есіңізде болсын, – деді. Жугі Лян да түсін өзгертпей, баяғы сабырлы қалпынан жазбай:

– О не дегеніңіз, бас сардармен қалжыңдасуға дәтім қалай барсын! Егер көңіліңізде күдік, күмән болса, қолымнан қолхат жазып берейін, үш күнде орындай алмасам, ауыр жазаға тартыңыз.

Мұны естіп іштей қатты қуанған Жоу Иүй дереу қосынның іс басқарушысына Жугі Лянның қолхатын жаздырып алды да, шарап қонақасысын берді. Қонақасы үстінде Жугі Лянға разылығын білдіріп:

– Сізге сенемін, бұл жұмысты уақытында тындырсаңыз, жұмыс орындалған соң, арнайы сый-сыбағаңыз дайын, – деді. Жугі Лян оның сөзіне үлкен мән бермеген кісіше өз жоспарын айтты:

– Бүгінгі күн есеп емес. Ертеңнен бастап үшінші күн дегенде бес жүз жасағыңыз дария жағасына барып, жебені санап алсын, – деді де бірнеше тостаған шарап ішіп, сонан соң қош айтып шығып кетті. Лу Су:

– Мынаның уәдесі шын ба өзі, алдап жүрмесін?– деді күдігін жасырмай. Жоу Иүй оған бола алаңдамайтынын айтты:

– Дайындай алмаса, оған өзі жауап береді, мен зорлағам жоқ, кеудесін ұрып уәде берген өзі. Меніңше, ол өлімге өзін-өзі байлап берді. Бүгін барша топтың көзінше өзі қолхат жазды емес пе. Енді жалтара алмайды, қос қанат бітсе де менің қолымнан құтылып кетпес. Мен ұсталарға жасырын әмір беріп, әдейі кешіктіртем. Жасауға кететін қажетті зат-жабдықтарын дайындаттырмай қоямын. Үш күн деген не, сөйтіп жүргенде белгіленген мерзім өтіп кетеді. Уақыт толғанда уәде орындалмаса, оған әскери іске кедергі келтірген қылмыскер ретінде үкім шығарамын, бұған кім қарсы бола алады?

Ертесінде Жоу Иүй Лу Суды шақырып алып:

– Сіз Жугі Лянға барып, не істеп жатқанын бақылап келіңіз, ерекше жоспары болса, маған мәлімдеңіз,– деді. Осындай тапсырма алған Лу Су Жугі Лянның шатырына барды.

Ол кіріп барғанда Жугі Лия өңі қашып отыр екен, көрген жерден:

– Сізге менің айтқан сөзімді Жоу Иүй қолбасыға айтпаңыз, менің түбіме жетеді демеп пе едім. Сіз уәденізде тұрмай бәрін айтып қойыпсыз, соның кесірін тартатын болдым, іс қиынға айналды. Енді үш күн ішінде жүз мың жебе дайындау қиынға түсетін болды, не амал істеймін? Мырза, құтқара гөріңіз!– деді.

Лу Су оның алдында өзін кінәлі санағысы келмей:

– Мырза, пәлені өзіңіз тауып алдыңыз емес пе, енді өзіңіз есебін таппасаңыз мен сізді қайтіп құтқара аламын? – деді. Жугі Лян оған:

– Жарайды, сізді айыптамай-ақ қояйын, сіз маған жиырма қайық қарыз бере тұрыңыз. Әр қайықта отыздан жасақ болсын. Қайыққа көк кенептен қалтқы жасалып, ішіне мың бау шөп басылсын, кенеп қайықтың екі жақ жанына керілсін. Онан кейінгісін өзім көрермін. Үшінші күні қалайда жүз мың жебе дайын болады. Бірақ мұны Жоу Иүй қолбасыға білдірмей істеңіз, ол кісі біліп қойса, менің амалым сәтсіздікке ұшырайды, – деді Жугі Лян. Лу Су бұл сөзден ештеңе түсіне қойған жоқ, қандай амал ойлап отырғанын да мөлшерлей алмады. Бірақ, алдыңғы жолғы сыр сақтай алмаған айыбын жуу үшін, қайық тауып беруге келісті. Қайтып келіп Жоу

Иүйге мәлім еткенде де қайықты қарыз алу ісін айтпай, тек Жугі Лянның жебе жасайтын нар қамыс, құс қауырсыны, ағаш желім сияқтылардан ештеңе дайындамағанын айтты да, өзінше бір ойы бар сияқты дей салды. Мұны естіп іштей күмәнда қалған Жоу Иүй:

– Кәне, үш күннен кейін не деп жауап берер екен!– дегенді ғана айтты.

Лу Су ешкімге айтпастан өздігінен жиырма жылдам қайық шығарып, әрқайсысына отыздан жасақ дайындатып, мың баудан шөп басып, көк кенептен қалтқы кердіріп, бәрін жабдықтап, дария жағасына әкеліп қойды. Оларға Жугі Лянның бұйрығын күтесіндер деп тапсырды. Бірінші күн өтті, Жугі Лян қыбыр етіп қозғалған жоқ, екінші күн өтті, онда да тыпыр еткен қимыл жоқ. Тек үшінші күні Жугі Лян Лу Суға түннің төртінші дабылында жасырын қайық басына кел деп құпия өтініш жасады. Лу Су айтылған уақытта қайық басына келіп Жугі Лянмен кездесіп, одан:

– Мырза, мені қандай шаруамен шақырдыңыз?– деді.

– Сізді бір іске әурелегелі тұрмын, мырза, менімен бірге жебе алып қайтуға барасыз ба деген ұсынысым бар,– деді Жугі Лян.

– Қай жерден аламыз? – деді Лу Су.

Жугі Лян оған:

– Оны сұрап қайтесіз, барғанда көресіз,– деді. Жугі Лян жиырма ұшқыр қайықты арқанмен бір-біріне қосақтап байлатты да, дарияның терістік жағын бетке алып жүріп кетті. Таңға жақын түн қараңғылығы қоюлап, оның үстіне дария бетіне тұман шөге бастады. Дарияның ортасына барғанда тұман тіпті қоюланып, ар жақ-бер жақ көрінбей қалды. Жугі Лян қайықтарды неғұрлым тез есуге бұйырды. Тұман десе дегендей, көзге түртсе көргісіз соқыр тұман еді. Бұл ежелгі “Дарияға шөккен тұман” дейтін толғауда айтылатын:

Жойқынсын, Шанжияң, сен қандай,
Толтырып аққан арнаны.
Түстігің анау кең байтақ,
Батысың Мины таулары.
Теріскейінен ағады,
Тоғыз өзен арналы.
Жүз деген өзен қосылып,
Арнаңды сенің толтырып.
Барасың ағып асығып,
Теңізге қарай жөңкіліп.

Толқының да қалжырап,
Ғасырлар түнеп аттанған,
Дария сенің төсінде,
Жанталас талай шақ болған.

Шанжияң сенің қойнында,
Не ғажаптың бәрі бар.
Су иесі Сүлеймен,
Су тәңірі тағы бар.
Сенің терең түбіннен,
Тоқсан тоғыз қолы бар,
Тоғыз басты жалмауыз,
Не құбыжық жануар,
Ұзындығы мың аршын,
Жайындар да табылар.

Кезіксе де алдынан,
Тозақтың соқыр түнегі,
Қайраты артық пендеден,
Шайлықпайтын жүрегі.
Айбатынан жын ыққан,
Тоқтата алсын кім оны.
Сондай есіл ер ғана,
Тілінді сенің біледі,
Төсінде еркін жүреді.

Аспаныңды ап-ашық,
Лезде бұлт басады.
Сірә сенің сырынды,
Ешкім болжап білген бе?

Ап-ашық күнде тосыннан,
Көк долы дауыл тұрады.
Адам түгіл, шошытып
Шайтанның өзін қуады.

Бұлт ілінсе-ақ көгіңе,
Көз көрместей көбені,
Көрсоқыр боп дүние,
Қара тұман шөгеді.

Бұзылып түрің сұрланып,
Қаһарыңа мінесін.
Тұманың менен толқының,
Қатырар жұрттың сілесін.

Күркірің мен шуылың,
Дүниені билейді.
Естілмейді ештеңе,
Естілмейді ешкімге,
Жыла мейлі, күл мейлі.

Естіледі тек қана,
Дабыл үні құлаққа.
Оның өзі әрине,
Жете алмайды жыраққа.

Қою тұман әуелі
Жасырады тауларды.
Бара-бара көрсетпей,
Тұмшалайды аңғарды.

Қара тұман шөккенде,
Айналасың тамұққа.
Бағытынан адасар,
Суда жүзген балық та.

Бір ұшың көкке ұласып,
Бір ұшың жерде жатады.
Айдыныңды меңіреу,
Қараңғылық басады.

Қараңғыдан қорыққан,
Балықтар судан қашады.
Су астында тұншығып,
Айдаһар аузын ашады.

Қара нөсер сібірлеп,
Үйіреді қамшысын.
Бытырадай шашады,
Қатып қалған тамшысын.

Үсік алған құшағын,
Қара түні көктемнің,
Құшағына сол түннің,
Қайғы тұнып, шөккен мұң.

Төңірегі кең байтақ,
Кең көсілген даланы,
Қара тұман тұмшалап,
Құшағына алады.

Шығыстағы Шайсаңның,
Ғайып болып даласы.
Шиаку тауы жоғалар,
Көзден өшіп қарасы.

Күйреген сансыз қайықтың,
Қаңқасы суға батқандай.
Адасқан жалғыз қайықшы,
Толқынменен жан үшін,
Жағаласып аққандай.

Сәулесі күннің жойылып,
Нұры сөніп аспанның,
Күннің орнын түн алып,
Қараңғылық басталды.

Орман қайсы, тау қайсы,
Тану қиын айырып.
Бәрі сумен ұласып,
Буға айналған жайылып.

Зеректігі Иууандай,
Болсаңдағы ғаламат
Біле алмайды суының,
Тереңдігін шамалап.

Көзі өткір Ли Лудай
Көргіш жанның өзі де
Қарыс жерді көре алмай,
Өкпелейді көзіне.

Су тәңірі толқынын,
Тыншытады сол үшін.
Жел тәңірі боранның,
Тізгіндейді перісін.

Паналайды балдырды,
Балық біткен сасқанда.
Инге кіріп аң біткен,
Құс қалмайды аспанда.

Бұл әлемнен жерұйық,
Көшіп кетіп қалғандай.
Жұмақтың өзін қараңғы
Түнек басып алғандай.

Түнек басып даланы,
Қара нөсер төгеді.
Тау мен дала, жер мен су,
Бұлт ішіне шөгеді.

Ысқырғандай әбжылан,
Қара түнек ішінен.
Уын шашып, тілінен,
От ұшқындап тісінен,

Құбыжықтар, жалмауыз,
Барып тұрған кесірлі,
Жайлап алып әлемді.
Жын-шайтандар есірді.
Халық зарлап, хан сасып.
Қайғы жұтқан секілді.

Таң ағара олар Сау Саудың су бекінісіне жақын келді. Жугі Ляң қайықтардың басын батысқа, құйрығын шығысқа қаратып, қатарлай көлденеңдеттірді де, қайықтың үстінен жер жаңғыртып дабыл қақтыртып айғай салдырды. Бар-жоғы жиырма қайықпен жау бекінісіне келіп айғай-сүрең салған оның бұл қылығының байыбына бара алмаған Лу Судың зәресі ұшты. Не істерін білмей шиыршық атып, сасқалақтаған Лу Су:

– Мұнымыз тым асып кетті, Сау Сау қолы бір-ақ қотарылып шабуылға өтсе не істейміз?– деп быжылдап кетті. Жүгі Ляң мырс етіп күліп жіберді. Сонан соң Лу Суға қарап:

– Сіз оған қам жеменіз, меніңше мынадай соқыр тұманда Сау Сау қолын шығаруға баспайды. Шыға қалса да бізге ештеңе істей алмайды, оған бас қатырмай, тек шарапты құмарлана сіміріп, ойын-сауықты қыздыра берсек болғаны, тұман ашылғасын қайтып кетеміз,– деді.

Су бекінісінде отырып, жаңғырған дабыл мен айғай дауысын естіген Мау Жие мен Иү Жин қатты састы, не істердің жөнін таба алмаған олар Сау Сауға хабар жеткізді. Сау Сау:

– Мынадай соқыр тұманда дарияның беті айқын көрінбейді. Жаудың бұлай тосын келуі, қалай да дайындығының күштілігіне сенгендіктен. Ал тұман ашылмай дария бетіне шығу біздің сарбаздарға қатер. Қолды ойланбай қозғауға болмайды. Ең абзалы, су жасақтарының атқы садағын іске қосып, жауға ес жиғызбай атқылай берген жөн, – деп дереу сарбаздарға садақ тартуға бұйрық берді. – Жау бекініске кіріп кетпеуі үшін садақты тоқтаусыз атқылаңдар, – деді де дереу құрлық бекіністегі Жан Лиан мен Шүй Хуанды шақырып, әрқайсысына үш мыңнан садақшы алып, жағадан барып атқылауды тапсырды. Жарлықты алған Мау Жие мен Иү Жин жау су бекінісіне басып кіріп кетеді деген қорқыныштан, садақшыларын бекіністің алдына шығарып, садақтың астынан алды. Әп-сәтте құрлықтағы садақты қол да жағаға келіп жетті. Судан, жағадан он мың шамасы адам, дария бетін толассыз атқылап, жебе қарша борады. Жүгі Ляң қайықтардың тұмсығын шығысқа, құйрығын батысқа бергізіп, бекініске таман жуықтай барып, дабылды онан сайын жаңғырықтыра қақтырып, айғай даусын бұрынғыдан бетер күшейтті. Күн көтеріліп, тұман сейілейін дей бергенде, Жүгі Ляң қайықтарға шұғыл қайтуды бұйырды. Жиырма қайықтың екі жағына буып тастаған шөбінің арасы жебеге лық толыпты. Жүгі Ляң қайықтағы жасақтарға зор дауыспен: “Уәзір, берген жебеңізге рахмет!” – деп айғай салғызды. Бекіністегілер бұл хабарды Сау Сауға жеткізген кезде, қайықтар жиырма шақырым шамасы ұзап кетіп еді, қуып жете алмайтынын біліп амалы құрыған Сау Сау өкініштен сан соғып қала берді. Қайтып келе жатып Жүгі Ляң Лу Суға:

– Әр қайықта кем дегенде бес-алты мыңнан жебе бар. Дария шығысының жарты жармағын шығармай отырып, жүз мыңнан

астам жебені қолға түсірдік. Осы жебемен ертең барып Сау Сау қолын атқыласақ, біз үшін үлкен олжа емес пе? – деді.

Жүгі Лянның бұл айласына қатты таңғалған Лу Су басын шайқап отыра кетті. Әлден уақыттан соң барып:

– Мырза, сіз нағыз әулие екенсіз! Менің таңғалып отырғаным, дәл бүгін тұман түсетінін қайдан білдіңіз? – деп сұрады. Жүгі Лян оған:

– Қол басқаратын адам әр нәрседен хабардар болғаны жөн. Аспан әлпетін, жер жағдайын танып, күн райын болжай алмаса, шеп құру әдісін қанық білмеген қолбасы сарбаздардың обалына қалып, елдің сорын қайнатады. Тиімді іспен тиімсіз істі парықтай білмеу, шеп сырына жетік болмау, әскери жағдайды болжай алмау – ынжықтың ісі. Пақырыңыз бүгінгі соқыр тұманның боларын үш күн бұрын болжаған еді. Сол үшін үш күнге мәулет сұраған. Менің бұл жұмысқа белсенуімнің сыры сонда болатын. Ал, Жоу Иүй қолбасының он күн уақыт беруі де тегін емес, егер мен ол кісі ойлағандай жебені ұсталарға соқтыратын болсам, ол ұсталарға істі кешіктіріп, жебе жасауға қажетті жабдықтарды уақытында жеткізіп бермей, мен тапсырған жұмысты уақытында орындамады деген айыпқа жығынды қылып, сыпайы түрде қылмыскер ретінде жазалап, қыл мойнымды талша бұраудың амалы еді. Бірақ, адамның тағдыры жазмыштан озған ба, болар істің бәрі де жасағанның қолында емес пе, ол мені қалай тәңірден бұйрықсыз оп-оңай өлтіре алар еді!– деді. Лу Су оның бұл сөздеріне әсіресе Жоу Иүй мен өзі ғана білетін құпия жоспарды қолмен қойғандай айтып бергеніне қатты таңғалды. Бір жағынан оның шексіз мол біліміне мойынсұнды.

Дария жағасына келгенде, Жоу Иүйдің жебе тасуға жіберген бес жүз жасағы тосып отыр екен. Жүгі Лян оларға қайықтан жебе алуды бұйырды, жүз мыңнан астам жебені олар әмір қосынға тасып апарып, табыс етті. Жоу Иүйге кіріп жолыққан Лу Су, Жүгі Лянның жебені қалай қолға түсіргенін айтып берді, көрген-білгенін қалдырмай түгел баяндады. Жоу Иүй мұны естігенде түршігіп кетті. Шошығаны сонша, жүрегін тоқтата алмай көп отырды, сонан соң демін терең алып күрсініп жіберді. Аз-кем үнсіз отырды да өзіне-өзі сөйлегендей күбірлеп:

– Мен Жүгі Лянның мынадай керемет тапқырлығының маң-қарасын көре алмайды екем!– деп қатты мұңайды. Бұл туралы бір ауыз өлең қалған екен:

Шаңжияның тұман басып өнегесін,
Сол күні Жүгі Ляң шықты жолға.
Көргісіз көзге түртсе меңіреу түн,
Тосқауыл бола алған ба мықтыларға.

Қайықты бекініске жақын келген,
Сау Саудың сарбаздары атқылады.
Шөппенен қайықтағы керген бұлға,
Шаншылып жебелердің жатты бөрі.

Бұршақтай құйған жебе түгелімен,
Жиналды данышпанның пайдасына.
Бас иіп Жоу Иүй сонда еріксізден,
Қол қойды Жүгі Ляңның айласына.

Сарбаздар жебені санап алған соң, Жүгі Ляң бекініске келіп Жоу Иүймен кезікті. Оның келе жатқанын естіген Жоу Иүй шатырдан шығып қарсы алып:

– Бұл жолы үлкен ерлік көрсеттіңіз, мырза, тапқырлығыңызға тәнтіміз, – деп қолпаштай сөйледі. Жүгі Ляң оған мән бермегендей сынай танытып:

– Қайдағы тапқырлық, болмашы әдіс қой, таңырқарлықтай онда не тұр, – деп күлді де қойды. Жоу Иүй Жүгі Ляңға шарап ұсынып тұрып былай деді:

– Кеше иемізден шабарман келді, енді уақыт өткізбей шабуылға шықсандар депті. Бірақ, мен сол шабуылдың ұтымды әдісін таба алмай тұрмын, мырза, ақыл-кеңесіңізді айтып, жол көрсетсеңіз деп едім, – деді. Жүгі Ляң оған онша мән бермеді, шарапты асықпай жұтып алды да:

– Қолбасы, бұл не дегеніңіз, мен бір жүрген қолынан жөнді іс келмейтін пендемін ғой, менен жөнді ақыл шыға қояр деймісіз? – деді де қоя салды.

Оның бұл сөзінен өздігінен ақыл айта қоймайтынын сезген Жоу Иүй өз ойын айтып қате-дұрысын білгісі келіп:

– Қайсы күні барып Сау Саудың су бекінісін бақылап келіп едім. Орналасуы берік те ретті екен, ашық шабуылмен оңай-оспақ ала алатын емеспіз. Сондықтан өзімше болмашы бір амалды тапқандай болдым, оным іске жарай ма, жоқ па, оны да білмеймін, мырза, ойымды тыңдап көріп, өзіңіз бір шешімін айтсаңыз, – деді. Ол осы сөзді айтқанда Жүгі Ляң сүйсінгендей болып тыңдап тұрды да, сөзінің аяғын күтпей:

– Ойыңызды айтпай-ақ тұра тұрыңыз, менің де ойлаған ойым бар емес пе, меніңше екеуміздің ойымыз бір жерден шығатын түрі бар, “мен айттым, сен айттыңнан” аулақ болу үшін әуелі алақанымызға жазысайық, ойлағанымыз бір жерден шығар ма екен, – деді. Бұл ұсынысты қуана қабылдаған Жоу Иүй қалам мен сия алдыртып, әуелі өз айласын алақанына жазды да, қалам мен сияны Жугі Ляңға берді. Жугі Ляң да алақанына жазды. Екеуі жақындасып кеп, қолдарын біріне-бірі тең ұсынып еді, екеуі де күліп жіберді. Екеуі де “өрт” деген сөзді жазған екен. Бұған қатты қуанған Жоу Иүй:

– Ал ақылымыз бір жерден шыққан екен, енді құпия сақталсын, – деді. Жугі Ляң:

– Бұл екеуміз үшін ғана емес, екі елдің өзекті ісі ғой, айтқаныңыз орынды, құпия ұстамаса боламайды. Сау Сау менің екі реткі өртіме шала үйтіліп еді, бірақ әлі бейғам екен, бас бақылаушы, енді қапысыз ойланып, алаңсыз қимылдаңыз, – деп тостағандағы шарабын тағы жұтып жіберді. Шарап ішіп болған соң олар тарасты. Қолбасыларының бірде-біреуінің бұл істен хабары жоқты.

Бір таңда жүз алпыс мың жебесінен айырылып қалғанына Сау Сау ішкүста болып, не істерін білмей отыр еді. Шүн Ию кіріп:

– Дарияның шығысында Жоу Иүй мен Жугі Ляң тізе қосып, жоспар жасап, амал ойлап отыр. Оның үстіне екеуі де айлалы адамдар, оларды тез арада ала қоюымыз қиын. Ол жаққа жансыз жіберейік, бізден бет бұрып, оларға тізе бүккен болып бір адамымыз барсын. Олардың сеніміне кіріп алған соң ол жақтағы істерді хабарлап, бізбен жалғасып отырса, ар жағын көрерміз, – деген ақыл ұсынды.

Сау Сау бұл ақылға дән риза болды да:

– Айтқаныңыз ұтымды ақыл екен, маған да ұнап кетті, бірақ бұл айланы іске асыру үшін кімді жібереміз, ойымызды мүлтіксіз іске асыратын епті адам керек қой, – деп еді, Шүн Ию мынадай ұсыныс айтты:

– Сай Маудың өлімін неге пайдаланбаймыз, ол өлгенмен, туыстары бар емес пе. Інілері Сай Жүн мен Сай Хы біздің қосында орынбасар қолбасы болып жүр. Егер оларға сенім артып, осы істі тапсырсаңыз, олар бұдан бас тартпас, оның үстіне істің ебін келтіретін, жүзіктің көзінен өткендей сұңғыла жігіттер, әрі бұлардан ешкім де күмәндана қоймайды.

Сау Сау сол күні түнде ол екеуін әмір шатырына астыртын шақырып алып, істейтін істерін ұқтырып, бұйрық берді:

– Екеуің біраз сарбаз ертіп алып, дария шығысына өтіп кетіңдер. Оларға бағынған болып, сенімдеріне кіріп аласыңдар, сонан соң ол жақта не болып жатқанын, тыпыр еткен қимылын ебін тауып бізге жеткізіп тұрыңдар. Бұл істерің атаусыз қалмайды, ойдағыдай орындасандар, мәртебелеріңді өсіріп, лауазымдарыңды көтеремін, “қосжүректік” істеуші болмаңдар! – деді.

Екеуі бұл бұйрықты қарсылықсыз қабыл алды:

– Үй-іш, қатын-бала бәрі осы жақта, Жиң Жоуда тұрса, біз неге “қосжүректік” істеуге тиіспіз, уәзір, қамсыз болыңыз, Жоу Иүй мен Жүгі Лянның басын қалайда алдыңызға әкеп ұсынамыз, – деп ақтарылды екеуі. Сау Сау екеуіне бағалы сыйлық ұсынды. Келесі күні бес жүз жасақ алып, бірнеше ұшқыр қайыққа отырған ол екеуі, желдің ығымен дария шығысына жүріп кетті.

Жоу Иүй шабуылға аттану жұмысын қарбалас реттеп жатқанда, күтпеген жерден хабаршылар дарияның солтүстігінен бірнеше қайықпен Сай Маудың екі інісі Сай Хы мен Сай Жүң тізе бүгетіндерін айтып келіп тұр деп хабарлады. Жоу Иүй оларды алдына шақыртты. Есіктен кіре еңіреген екеуі: “Сау Сау қарақшының қорлығы өтіп кетті, әуелі ағамызды жазықсыз өлтірді. Онымен қоймай өзімізді де қорлап істетіп, жұртқа мазақ қылды. Кек алудың орайын күтіп жүруші едік, реті келіп бүгін қашып шықтық, сізден кегімізді алып беруге көмек көрсетсеңіз деп, тізе бүккелі келіп тұрмыз. Рахым етіп қолтығыңызға қорғалата көріңіз, алдыңғы шебіңізде болып қызметіңізді атқаруға дайынбыз, – деді. Қатты қуанған Жоу Иүй екеуіне мол сыйлық беріп, атойшы сардар Ган Ниңнің қолына барып, алдыңғы шепте соғысқа шығуды бұйырды. Айламызды асырып, алдап соқтық деп ойлаған екеуі иіліп тағзым етіп, алғыстарын айтып шығып кетті. Жоу Иүй олар кеткен соң астыртын Ган Ниңді шақыртып алып: “Мына екеуі тізе бүгіп келдік дегенімен, оларының өтірік екенін өздері айтып келді, қатын-баласын тастап келгеніне қарағанда, бұлар Сау Саудың жіберіп отырған жансызы. Мен жаудың өз айласын өзіне істетейін деп отырмын. Сондықтан олардың Сау Сауға хат жазып, хабар беріп тұруына жол бермекпін. Сен әзірше оларды сырттай қатты сыйлаған болып, құрмет көрсет те, іштей сақ бол, не істейтінін астыртын бақылап отыруымыз керек. Олар біздің құпиямызды біліп жүре тұрсын, шабуылға шыққан күні екеуінің қанымен ту қандаймыз. Қатты сақ бол, қапы қалып жүрме,” – деп қадағалады. Ган Ниң бұл жарлықты естіген соң қайтып кетті. Онан кейін Жоу Иүйдің алдына Лу Су кіріп: “Сай Жүң мен Сай Хының мына

бағынысы жалған, қабылдай көрмеңіз”, – деді. Жоу Иүй оған сыр алдырғысы келмей:

– Сау Сау олардың ағасын өлтірген, сол кектерін алуға бел буған батырлар бізден көмек сұрап келіп отырса, қайтіп жалған болады? Осындай күдікшіл болсақ, жақсы-жайсаң, талантты адамдарды маңайымызға қалай топтай аламыз? – деп зекіп тастады. Лу Су сөзінің өтпегеніне іштей қарау болып, үнсіз шығып кетті де, бұл жайды Жугі Лянға келіп мәлімдеді. Жугі Лян тіс жармай, күлді де қойды.

– Неге күлесіз? – деді Лу Су.

– Мен сізді сұңғыла, айлакер адам деп ойлаушы едім, Жоу Иүй қолбасының айласын аңдай алмағаныңызға күлем. Өзіңіз ойлаңызшы? Дарияның ар жақ-бер жағы алыс, тыңшы оңайлыққа барыс-келіс жасай алмайды. Сау Саудың Сай Жұң мен Сай Хыны бізге тізе бүгуге жіберуі, біздің әскери ісіміздің аңысын аңдау үшін. Олардың тізе бүгуі жалған, оны Жоу Иүй қолбасы көрген жерден біле қойды да, жаудың өз айласын өзіне істетіп, олардың қолымен жауға хабар бергізудің қамына кірісті. Құлыққа сұмдық деген сөз бар емес пе, Жоу Иүй қолбасының бұл амалы дұрыс, – деді Жугі Лян. Лу Су бұл істегі Жоу Иүйдің ойын сонда барып түсінді.

Сол күні түнде Жоу Иүй әмір шатырында оңаша отыр еді. Күтпеген жерден Хуан Гай кіріп келді. Жоу Иүй оның тегін келмегенін аңғара қойып:

– Түн қатып келгеніңізге қарағанда, бір маңызды іс туралы ақылдасуға келген боларсыз, иә бір ұтымды айла тауып келдіңіз бе? – деп сұрады. Хуан Гай өзінің ойын қысқа сөзбен жеткізгісі келіп:

– Қолбасы, жау көп, біз азбыз. Ұзақ уақыт тіреспен тұруға шамамыз жетпейді, олардың бейқам отырған сәтінен пайдаланып, өрт шабуылын неге қолданбаймыз? – деді.

– Сізге бұл әдісті кім айтты? – деді Жоу Иүй.

– Ешкім де үйреткен жоқ, өзімнің ойым, – деді Хуан Гай:

– Мен дәл осы амалды ойлап, жалған тізе бүгіп келген Сай Жұң мен Сай Хыға жауға жалған хабар бергізейін деп едім. Біз жақтан Сау Сауға “тізе бүгетін” адам табылмай мысымды құртып отырған жоқ па? – деді Жоу Иүй. Хуан Гай аз ойланып отырды да:

– Қолбасы, бұған несін тарығасыз, қысылғанда ел үшін өлмеген батырда күн бола ма? Қажет болса, бұл құрбандыққа мен дайынмын, – деді. Жоу Иүй оның бұл ерлігіне іштей разы болса да, жұмыстың қиындығына шыдамай қала ма деген оймен:

– Айтқаныңыз дұрыс-ақ, алайда сізді бұл сапарға жіберуге көңілім шаппай отыр, өйткені біраз жапа шекпей, жауды алдау мүмкін емес, ал сізге азап тарттыру қалай болар екен?– деді.

– Мен Сүн әулетінен көп жақсылық көрген адаммын. Енді ел басына қатер төніп тұр, осындай қиын сәтте еңбек көрсетпесем бола ма? Бұл жолда өліп кетсем де өкінбеймін, – деп Хуаң Гай өзінің неге болса да дайын екенін айтты. Жоу Иүй батырдың бұл пейіліне разылық білдіріп алғысын айта отырып:

– Қолбасы етінен ет кесетін әдісті атқара алса, дария шығысының көзі мүлде ашылар еді, – деді.

– Мүрдем кетсем де өкінеді екен деменіз, – деп ризалығын білдірген Хуаң Гай шығып кетті.

Келесі күні Жоу Иүй әмір шатырға сардарлардың бәрін жинап мәжіліс құрды. Мәжіліске Жугі Лян да келді. Жоу Иүй:

– Миллион қолын бастап Сау Сау, үш жүз шақырым жерді бір-ақ алып бекініс құрып жатыр, бірер мезетте талқандай қою мүмкін емес. Қолбасыларым, әрбірлеріңіз қолдарыңыздағы жасақтарға үш айға жететін азық қамдап ұзақ тұрыстық беруге дайындалыңыздар, – деді. Оның сөзінің арты жиылғанша Хуаң Гай қызынып шыға келді:

– Үш ай түгілі отыз айлық азық-түлік жинасаң да түкке себі жоқ! Жауды талқандаймыз десек, осы айдың ішінде талқандауымыз керек. Егер осы айда талқандай алмайтын болсақ, онда Жаң Жаудың айтқаны бойынша, қолымызды қусырып, қаруымызды тастап, солтүстікке тізе бұгуіміз керек! – деді. Өңі-түсі бұзылып кеткен Жоу Иүй тұлыбына сыймай ашуланып:

– Мен иеміздің әмірі бойынша күллі қолды бақылап, Сау Сауды жоюға жауапты болып отырмын, мұны бөрің білесің. Кімде-кімнің аузынан тізе бұгу туралы сөз шықса, соның басын аламын. Екі жақ шеп құрып тіресіп тұрған әзіргі жағдайда сарбаздардың көңіліне алаң салатын сөздің айтылуы бізді жеңіліске ұшыратады. Сондықтан сенің бұл сөзің басынды алуға тұратын қылмыс. Егер сенің басыңды алмасам, ендігі жерде маған кім мойынсұнбақ!– деп қасындағыларға Хуаң Гайды алып шығып басын кесуді бұйырды. Хуаң Гай ашулы қалпынан жазбай:

– Ей, Жоу Иүй, белің бесіктен шықпай жатып мұндай астамдыққа дәтің қалай барды. Көзіңді ашып қара, мен сен жоқ заманда марқұм Сүн Жияң қолбасыға ілесіп, жалғанды жалпағынан басқан кісімін, үш дәуірді бастан өткіздім, Хуаң Гай атымды жалпақ әлем біледі, бүгін бас қолбасы екенмін деп тантыма, менің алдымда соғыс туралы сөйлеуге саған әлі ерте,– деп тұлан тұтты. Ызаға

булыққан Жоу Иүй “басын тез кесіндер”, деп ақырды. Баскесерлер Хуаң Гайды алып кетуге ыңғайлана бергенде жиналған жұрт арасынан Ган Ниң түрегеліп:

– Хуаң Гай қолбасы Уұ елінің көнекөз, сенімді ұлығы, бір жолға кешіріңіз, – деп ұшып тұрып дат айтты. Жоу Иүй оның датына құлақ аспады:

– Сен сонда менің бұйрығымды өзгерттіргің келе ме, бұ қай оттағаның, не былшыл бұл, – деп Жоу Иүй сол жерде Ган Ниңнің өзін сабатып, үйден қуып шығарды. Кеңеске жиналған сардарлар мен әскери төрелер Жоу Иүйдің аяғына жығылып:

– Хуаң Гайдың өлімге кесетін кінәсы бары рас, бірақ қазірше біздің жағдайымыз қиын, жау иек астында тұр. Мұндай кезде Хуаң Гайды өлімге кессеңіз, сарбаздардың арасында толқу тууы мүмкін, бұл мына соғыс жағдайында бізге тиімсіз болады. Бір жолға кешіріңіз, тіпті мойнына жаза жазсаңыз да кешіктіре тұрғаныңыз дұрыс. Сау Сауды жойған соң басын алсаңыз да кеш болмас, – десіп жалбарынды. Жоу Иүй ашуынан қайтпады, жиналған төрелер басын жерден алмастан жалына берді. Олардың жалынышын көріп, ойланып қалған Жоу Иүй не заман дегенде бір шешімге келгендей болып:

– Құрметті сардарлар мен әміршілер, егер сіздер болмағанда, бұл азғынды тірі қалдырмас едім. Амал қанша, бәрілеріңіз оның жанына араша сұрап жатып алдыңыздар, әзірше сіздердің айтқандарыңыз болсын, өлім жазасын кешіктіре тұрайын! Бірақ, естеріңізде болсын, соғыс аяқталған соң бұл жаза орындалатын болады, айтпады демендер, әскери әмір шатырдағы мұндай солқылдақтық түбі бізге зиян болады, – деді. Сонан соң Хуаң Гайға күнәсі үшін жаза ретінде жүз қамшы дүре соғуды бұйырды. Сардарлар тағы да дүре соға көрмеңіз деп жалынды. Бұл тілек қабыл болмады, үстелді теуіп шалқасынан түсірген Жоу Иүй тілек білдірушілердің өздеріне зекіп тастады. Сөйтті де жеңдеттерге дүре соғуды бұйырды. Жеңдеттер Хуаң Гайдың киімін сыпырып, табанда алып соғып, елу қамшы дүре соқты. Жиналған ұлықтар тізерлеп отыра қалып, тағы жалынды. Жоу Иүй сабасына түскендей өзін-өзі тоқтатып, Хуаң Гайдың көзін шұқып тұрып:

– Кәрі шайтан, сен ұмытып кетеді екен деп ойлама! Мен сені өстіп сарбаздардың көңілін алаңдатқаның үшін өкінетін етемін әлі, – деді де жеңдеттеріне қарап: – ұрылмай қалған елу қамшы дүре мойнында қалады! Мұнан кейін осындай кертартпалық істеп, ісімізге кесірін тигізетін ниеті байқалса, екі қылмыстың есебін бірге аламын! – деп бұркыраған күйі өзінің шатырына кіріп кетті.

Жұрт түгел жиналып келіп Хуаң Гайдың қолтығынан сүйемелдеп орнынан тұрғызды. Еті көкала қойдай болып, сау-тамтығы қалмапты, қан шып-шып шығып тамшылап тұр, өз шатырына сүйеп әкелгенше ол бірнеше рет есінен танып кетті. Көрген жан жанынан түршігіп, естіген жан жағасын ұстап, қабырғасы қайысты. Лу Су да осы топтың ішінде еді, ел тарағаннан кейін Жугі Ляңның қайығына келіп әңгімелесіп отырып, ішіне сыймаған соң айтып салды:

– Бүгін Жоу Иүй қолбасы ашуға мініп, есінен адасты, Хуаң Гайға істегені адамшылық болмады, қарт адамға қатты тиді-ау. Біз оның қол астындағы өз адамдары болған соң, бір жағынан қорқып, бір жағынан құрметсіздік болар деп, батырып айта алмадық, сіздің жөніңіз басқа еді, сыйлы қонақсыз, не айтсаңыз да сізбен есептеседі, соны біле тұра бір ауыз тоқтау айтпай, қол қусырып тамашалап отыра бердіңіз, мұныңыз қалай?– деді.

– Лу Су мырза, мені мазақ еткеніңіз бе, жоқ дым білмейтін ақымақ көргеніңіз бе?– деп күлді Жугі Ляң. Лу Су бұл сөздің төркінін түсіне алмай:

– Мырза, мен сізді ертіп дария өтіп келгеннен бері қарай, алдыңыздан кесе көлденең өтіп көрген жерім жоқ еді, мазақ еткеніңіз не айтып отырған?– деді. Жугі Ляң оған тесіле қарап отырды да:

– Сіз Жоу Иүй қолбасының бүгін ашуының астарында айла жатқанын, жайын аулау үшін Хуаң Гайды жұтпаға жем қылғалы отырғанын, соған бола оған дүре соқтырғанын шын білмейсіз бе? Біреудің жоспарына кедергі келтіріп, басы артық ақыл айтатын менің не жөнім бар?– Ол осы сөздерді айтқанда Лу Су әлденені түсінейін деді. Түсінгенін сезіп Жугі Ляң оған:

– Сау Сау оңай алданатын адам емес, сондықтан Жоу Иүй етінен ет кесетін осындай рақымсыз әдісті қолданып, оның көзін байламақ болып отыр. Оған қарт сарбаз Хуаң Гайды лайық көрген ғой, онысы әбден дұрыс. Осы жаза арқылы Хуаң Гайды жауға жансыз болып баруға әзірлеп, Сау Саудың жансыздары – Сай Жүн мен Сай Хы арқылы оның Сау Сауға бағынатын хабарын жеткізбек. Бірақ, Жоу Иүй сардарға кезіккенде менің бұл сырды да білегінім жайлы айта көрмеңіз. Тек сіздің қылығыңызға Жугі Ляң қатты ызалы екен деп қойсаңыз болды,– деді.

Жугі Ляңмен қоштасқан Лу Су Жоу Иүйдің өмір шатырына келіп еді, Жоу Иүй онымен шатыр ішінде әңгімелесті. Жугі Ляңның болжамына көз жеткізгісі келген Лу Су одан:

– Хуаң Гайды бүгін сонша азаптағаныңыз не? – деп сұрап еді, Жоу одан:

– Менің бұл жазама қолбасылардың бәрі наразы ма?– деп қарсы сұрақ қойды.

– Наразы ғана емес, көбі қатты абыржуда.

– Жүгі Лян қалай қарады екен?

– Ол да сізді тым қатыгез екен, бүйте берсе адал сардарлардан айырылып қалады деп жазғырып отыр.

– Өзім де солай ойлап едім, осы жолы оның көзін байлаған екем,

– деді Жоу Иүй мақтаныш сезімін жасыра алмай.

– Көзін байлағаныңыз қалай?

Бұдан кейін Жоу Иүй көсіліп сөйлеп кетті:

– Мен бүгін Хуаң Гайды бір есеппен дүреге жықтым. Бұл айла. Хуаң Гайдың соққыға жығылғанын көрген жанның бәрі оның менен бет бұрып кететініне күмәнданбайды. Сондықтан мен оны Сау Сауға тізе бүктіремекпін. Бұл етінен ет кесу айласы деп аталады, осы айла арқылы Сау Сауды алдап, өрт шабуылында жеңіске жетудің қамын жасап отырмын,– деді.

Лу Су ішінен: “Жүгі Лян керемет-ақ екенсің” деп ойлады, бірақ оның бұл айланы біліп отырғанын айтуға дәті барған жоқ.

Дүреге жығылған Хуаң Гай орнынан тұра алмай шатырында жатты. Қолбасылардың бәрі келіп көңілін сұрап тұрды. Тек әлсін-әлі күрсінгені болмаса, Хуаң Гай оларға ләм деп тіл қатпады. Бір күні шабарманы ақылшы Кан Зы көңіл сұрай келіп тұр деп хабарлады. Хуаң Гай оны өзі жатқан шатырға кіргіздіріп, қараушылары мен қасынан екі елі айырылмайтын атқосшыларын шығарып жіберіп екеуі ғана қалды. Кан Зы одан:

– Сардар, сізге қиын болды, бас бақылаушымен ұзында өшіңіз, қысқада кегіңіз жоқ сияқты еді, сізге неге осынша қатты кетті?– деп сұрады.

– Иә, ешқандай да қасым жоқ еді.

Бұл сөзден әлденені аңғара қойған Кан Зы:

– Олай болса бұл қалай болды екен, сізді дүрелеу етінен ет кесу айласы емес пе өзі?– деді. Хуаң Гай болымсыз езу тартып күлді де:

– Оны қалай білдіңіз?– деді.

– Мен сіздің соққыға жығылғаныңызға қатты қайғырдым, не жазды екен деп көп ойландым. Бірақ бұлай жазалануыңыздың себебін таба алмадым. Ақыры Жоу Иүй қолбасының қимыл-әрекетін бақылауға көштім, содан ойыма осылары айла болмасын деген ой келді,– деді Кан Зы.

– Мен Уұ елі сұлтанымен үш дәуірде бірге болып, сұлтанының көп жақсылығын көріп, дәмін татқан адаммын, бірақ өз басым сол

көрген жақсылығыма сай еңбек көрсетіп, адал дәмін ақтай алмай жүр едім. Бұл жолы тәуекелге бел буып, осы айламен Сау Сауды талқандауға көмек көрсетемін бе деп отырмын. Қазір жанымның қиналғанына өкініп жатқам жоқ, осы қосыннан сенісер бір адамның табылмайтынына өкінемін. Сіз адал жүректі, әділдікті қолдайтын ардагер едіңіз, жүрек сырымды сезіп келгеніңізге разымын, сізге бір жұмыс тапсырсам деп ойлаймын, – деді Хуаң Гай. Бұл сөзді естігенде Кан Зы іштей қуанып:

– Сардар, айтайын дегеніңіз, тізе бүгу туралы хатты Сау Сауға жеткізудің жайы болар.

– Дәл таптыңыз, осы жұмысты сізден басқа кімге сеніп тапсырамын, ыңғайыңызға келе ме, жоқ па, оны өзіңіз білесіз. Кан Зы абыржыған жоқ, бұл жұмысты орындауға дайын екенін білдірді.

Қинады батыр өз жанын,
Өтемек болып борышын.
Қолдады оны ақылшы,
Туған ерлер елі үшін.

Кан Зы не айтты, қалай келісті, олар қандай ақылға тоқтады? Оны келесі тараудан оқыңыз.

Паң Тұнның “шынжырқосақ” айласы

Кан Зының лақабы Дырұн еді. Ол Хүйжидағы Шаниын деген жердің адамы. Жасында кедей болса да, білімге құштар болыпты. Жалшылықпен күн кешіріп жүріп, елдің кітабын жалға алып оқитын, бір көргенін ұмытпайтын зерек болған екен. Өзі де өте жүректі, ауыздыға сөз бермейтін ағып тұрған шешен еді. Сондықтан Сүн Шуан оны ақылшылыққа алған. Хуаң Гай екеуінің көңілдері өте жақын, дос-жар адамдар еді. Оның шешендігі мен жүректілігіне әрі істің ығын келтіре білетін естілігіне сенетін Хуаң Гай “тізе бүгу” туралы жалған хатты апаруға оған әдейі қолқа салды. Бұл ұсынысты Кан Зы әрі-сәрі болмай қуана құп алды:

– Ер-азамат елі үшін туған соң, елі үшін еселі еңбек етпей, өз басын ғана ойлап, өзі үшін ғана өмір сүрсе, оның шірік түбір, құраған шөптен не артықшылығы болмақ. Оның дүниеге келгенінен не пайда. Иесінің үмітін, ел алдындағы борышын ақтау үшін сардар өз жанын жазаға ұсынып отырса, мен басымды қорғап отырсам, бұдан асқан не масқара болмақ, – деді. Қатты тебіренген Хуаң Гай, төсегінен домалап түсіп, Кан Зының адалдығына бас иіп алғысын білдірді.

– Ис кешігуді күтпейді, барар болған соң, бүгін жүруім керек, – деді Кан Зы.

– Хат жазулы, дайын, – деді Хуаң Гай.

Хатты киіміне жасырып алып, балықшы бейнесінде жасанған Кан Зы сол күні түнде бір кішкене желқайықпен солтүстікті бетке алып жүріп кетті. Түн ызғар болғанымен ашық еді, жұлдыздар жаудырап сайрап тұрған. Ол бағытынан адасқан жоқ, түннің үшінші дабылында Сау Саудың су бекінісіне жетіп барды. Оны дарияны күзеткен қарауылдар ұстап алып Сау Сауға алып келді.

– Жансыз болып жүрмесін? – деді Сау Сау. Оны ұстап алған жасауылдар:

– Бейнесі балықшы сияқты. Өзі Уұ елінің ақылшысымын, атым Кан Зы дейді. Сізге бір құпия жұмыспен келдім дейді, – деген соң Сау Сау дереу алдына алып келуді бұйырды. Кан Зы кіріп келсе, әмір шатырдың шамы күндізгідей жарық, Сау Сау “астақтайға” шынтақтап отыр екен.

Кірген жерден Кан Зыға қадала қарап:

– Уұ елінің ақылшысы дейді ғой, мұнда не іздеп келдің? – деді доңыз айбатын сыртына салып. Кан Зы оған онша қысыла қойған жоқ, Сау Сауға қарап басын шайқап қойды да:

– Ел уәзір талантты жақсы адамдарды бағалай біледі деуші еді. Кездеспей жатып қойған сұрағыңыздың түрі мынау болғанда естіген сөзге нану қиын екен-ау, “алыстан таудың дарпы бар, жанына барсаң құмандай, алыстан ердің даңқы бар, жанына барсаң құмандай” деген осы да, тіпті сізді көргеніме сене алмай отырмын. Қайран Хуаң Гай адасқан екен, сіз туралы түкте білмейді екен-ау, ой, тұлыпқа мөңіреген байқұс деп қалды. Сау Сау оның бұл сөзінің мәніне бара алмаса да өзіне тағылған айыптан құтылғысы келіп:

– Мен Уұ елімен қиян-кескі шайқасқа түспекпін, екі жақ күні-түні қабақ қақпай арбасып отырмыз. Сонда сенің ойыңша болғандай бейсауат келіп-кеткен адамды тексермей, тергемей отыра беруім керек пе? – деді.

Кан Зы бұл сөзге иланған рай танытып, өзінің келген жұмысын айта бастады:

– Уұ елінде Хуаң Гай деген қарт сардар бар еді, ол Уұ елінің үш дәуірін басынан кешірген көнекөз ұлығы. Бірнеше күннің алдында Жоу Иүй тәмам қолбасылардың алдында сол кісіні жолсыз жазаға тартып, елдің көңілін қатты қалдырды. Қарт сардар оған қатты кектенді, сондықтан уәзірге тізе бүгіп, Жоу Иүйден кегімді алсам деп маған ақыл салып, көмек сұрады. Жан досым

болғандықтан қия алмай, оның құпия хатын әкеліп отырмын. Қабыл аласыз ба, жоқ па? Оны өзіңіз білесіз,– деді Кан Зы.

– Хат қайда? – деді Сау Сау.

Кан Зы қойнынан хатты алып Сау Сауға ұсынды. Сау Сау хатты ораған қағазды жырттып шам жарығымен оқып көріп еді, хатта жазылған сөздер мынадай екен:

“Құрметті уәзір, мен Хуаң Гай Сүн әулетінің мейір-шапағатына бөленіп, соған адал қызмет істеп келе жатқан жан едім. Менің бұл хатты жазатын да жөнім жоқ еді. Бірақ, әзір жағдай басқаша, біріншіден, дария шығысының алты аймағынан жиналған аз ғана тобыр орта жазықтың миллион қолына төтеп бере алмайтындығы белгілі. Уұ еліндегі қол бастаған қолбасы, іс басқарған мансаптылардың ақылдысы да, наданы да бұл жайды тегіс аңғарып, біліп отыр. Екіншіден, өзінен басқаны көзге ілмейтін, жақсыны танымайтын Жоу Иүй менменсіп кетті, өзін-өзі әлденедей қаһарман санап, шайнам ақыл бітпеген шақша басын тауға да, тасқа да ұрып, әлінен асып барады. Өзі би, өзі қожа болып жұрттың бәріне құқай көрсетіп, ойына не келсе соны істеп, жазықсызды жазаға тартып, адал жандарды шетке қақты. Мен де жазықсыз жәбірге ұшырадым. Бұған жүрегі бар адам қалай кектенбесін! Уәзір, сізді көрмесем де, әділдік пен адалдықты бағалайтын, қолынан іс келетін жандарды құрметтейді деп естуші едім. Егер менің Уұ еліне адал қызмет еткенімді кешіре алсаңыз, пақырыңыз өзінің сенімді сарбаздарын алып, қолтығыңызға паналасам деп еді. Сөйтіп бір жағынан сізге еңбек көрсетіп, бір жағынан өз кегімді қайтарсам деймін. Қабыл көрсеңіз, азық-түлік, құрал-сайман, сайыс қайықтарын алып алдыңызға бармақшымын. Үмітпен күдіктің ортасында көздің жасын көлдете отырып, бар мән-жайды мәлім еттім, бөтенсіне көрмеңіз”.

Хатты астақтайдың үстіне аударып-төңкеріп, он неше мәрте оқып көрген Сау Сау бір уақытта тақтайды қойып қалды да, тұлан тұтып:

– Хуаң Гай етінен ет кесу айласы арқылы жалған бағыну хатын жолдап, менің түбіме жетпекші болып отыр екен ғой. Келекелеп басынатын адамын тапқан екен! – деп тістенді. Жендеттеріне Кан Зыны сүйреп шығарып басын кесуді бұйырды. Жендеттер Кан Зыны сүйреп шығаруға дайындалды. Өнінен ешқандай өзгеріс білінбеген Кан Зы көкке қарап қарқ-қарқ күлді. Оның күлгенін көрген Сау Сау:

– Мені баладай алдамақ болған екенсіңдер, енді сайқалдықтарың мәлім болып, айлаларыңның сыры ашылып, шиі шығып қалды. Ал, сенің бұл күлгенің қай сасқаның?– деп ақырды.

– Мен сізге күліп тұрғаным жоқ, Хуаң Гайға, сондай көпті көрген қарт сардардың адам танымай, ашық күнде адасқанына күліп тұрмын, – деді Кан Зы.

– Ол неге адам танымайды екен? – деді Сау Сау.

– Өлтірсең тез өлтірмейсің бе? Хуаң Гайдың неге адам танымайтындығын білгенде саған түсер не бар, – деді Кан Зы.

– Мен жасымнан әскери кітаптарды көп оқыған, көзі ашық адаммын. Сайқалдық пен айла қанша жасырын болса да менің көзімді алдай алмайды. Сендер мынадай амалсымақтарыңмен басқаны жаңылдырарсыңдар, мені алжастыра алмайсыңдар, – деді Сау Сау. Кан Зы оған тесіле қарап:

– Айтыңызшы, ана хатта сайқалдық дейтіндей, қандай әдіс бар екен, – деді Кан Зы.

– Мен сенің кемшілігіңді бірден бетіңе бассам сен өлгеніңе де өкінбейтін боласың. Сен айтшы, кәне, шын жүрегімен бағынуды ойлап хат жазған адам тізе бүгетін уәделі уақытын неге көрсетпейді? – деді Сау Сау. Мұны естігенде Кан Зы қарқылдап күліп жіберді де:

– Ұялмай әскери кітаптың бәрін оқып бітірдім деп тұрғаныңа болайын! Қолыңды алып ертерек жолыңа түс, соғысатын болсаң Жоу Иүй көзінді бақырайтып қойып ұстап алады. Бетіңе айтайын: наданның барып тұрған қарақасқасы екенсің! Амал қанша, болмаса көзі ашық дұшпан кездеспей, сендей көркеуденің қолынан қаза табатыным өкінішті-ақ, – деді.

– Мені надан деуге қалай дәтің барады? – деді Сау Сау.

– Айла сырын білмесең, істің мәнін ұқпасаң, сен надан болмай кім надан болады? Сау Сау бұл сөзге таңырқап қалды:

– Қандай айланың сырын, ненің мәнін ұқпаппын сонда?

– Сенің жақсы-жайсаңға көрсетер әдебің мынау болса, бөрекелді, айтпаспын! Өлтіре бер, – деді Кан Зы. Оның бұл сөзінен әлденедей үміт отын байқаған Сау Сау:

– Алдымен айтып көр, егер, шынында сөзіңнің жаны болса көрерміз, – деді.

Кан Зы осы жерден бір сүріндіріп алсам, ар жағы оңай болар деген оймен:

– “Иесінен бет бұрмақ ашық уәдеге келмейтін ұрлық іс” дегенді естімеп пе едіңіз? Өзіңіз ойлаңызшы, уәделі мерзім алдын ала белгіленсе, белгіленген мерзімде белгіленген жерде екі жақ кездесу керек. Ал, Сардар болса әлі Жоу Иүйдің бақылауында, оның үстіне артынан еретін сарбаздары бар, айтқан уақытта, айтқан жерге қолын бастап келе алмай қалса не болмақ. Ол кісімен ұштасам

деп сіздер барсаңыздар, істің сыры ашылып қалмай ма? Алдын ала пәлен жерге кел деп қойып, айтқан уақытында келе қалатын бұл қыз бен жігіттің кездесуі емес, ыңғайына қарап іс көретін аса қатерлі жұмыс емес пе бұл. Алдын ала қандай уәде беруге болады? Ап-айқын тұрған мұндай істі көре алмай бейуаз жанға қылыш ала жүгіргеніңіз надандық болмай не! – деді Кан Зы. Бұл сөзді естігенде Сау Сау іштей өкініп қалса да, өні жылып, Кан Зыға отыратын орын нұсқап:

– Тар ойлап істің мәнін аңғармай бетіңізден алған екенмін, көңіліңізге алмаңыз, – деді.

– Хуаң Гай екеуіміз әке-шешенің мейірін күткен сәбидей, сізден шапағат күтіп, шын көңілмен тізе бүгуге ниеттеніп отырмыз, күмәндана көрмеңіз.

– Егер екеуің шын көңілмен беріліп, еңбек көрсетер болсаңыздар, үлкен лауазымға ие боласыздар.

– Біздің бұл келісіміз мансап алып, мәртебе табу үшін емес, тағдырдың жазуына мойынсұну, – деді Кан Зы. Сау Сау шарап құйдырып күте бастады.

Әрі-берден соң шатырға біреу кіріп келіп Сау Саудың құлағына сыбырлады.

– Хатын әкел, – деді Сау Сау. Әлгі адам құпия хатты Сау Сауға ұсынды. Хатты көріп отырып Сау Саудың шырайынан қуаныш белгісі білінді. Мұны көрген Кан Зы ішінен: “Мынау Сай Жұң мен Сай Хының” Хуаң Гайдың жазалануын хабарлаған хаты, Сау Саудың шырайындағы қуаныш, біздің бағынғандығымызға сенгендігінің белгісі болар”, – деген ой түйді.

– Мырза, енді сізді дария шығысына қайта өтуге әурелегелі отырмын. Хуаң Гай қолбасымен уәделі күнді белгілеп, хабарын беріңіз, мен бұл жақтан қол жіберіп ұштастырайын, – деді Сау Сау.

– Мен дария шығысымен ат кекілін кесіскен адаммын, қайта барғым келмейді. Уәзір ебін тауып басқа бір сенімді адам жіберіңіз, – деді Кан Зы.

– Басқа адам жіберсем де болар еді, істің сырын ашып бүлдіріп алар, өзіңіз барғаныңыз жөн ғой, – деді Сау Сау. Кан Зы барғысы келмейтіндігін айтып қасарысып отырды да, Сау Сау қайта-қайта айтып болмаған соң ақыры барып келуге көнді және кешеуілдемей дереу жүріп кеткенім жөн деді. Сау Сау алтын-күміс сыйлық ұсынды. Кан Зы рахметін айтып сыйлықты алмады. Сау Сауға қош айтып, өзінің желқайығымен дария шығысына қарай тартып кетті. Келген беті Хуаң Гайға жолығып, көрген-білгенінің бәрін баян етті.

Қатты разы болған Хуаң Гай:

– Күдай берген қызыл тіліңіз болмағанда менің жеген таяғым зая кеткендей екен, – деп күлді.

– Мен енді Гән Ниңнің бекінісіне барып, Сай Жұң мен Сай Хының аңысын аңдайын, – деді Кан Зы.

– Мұныңыз табылған ақыл, – деді Хуаң Гай.

Кан Зы одан шығып Гән Ниңнің бекінісіне келіп, онымен жолығысты. Әңгіме үстінде:

– Қайсы күні Хуаң Гайға араша түскеніңізде Жоу Иүй қолбасы көп алдында сізді қатты масқаралады, соны ойласам менің де зығырданым қайнайды, – деді.

Гән Ниң күлкіге жақауратып, жауап қайырмады. Соның арасынша Сай Жұң мен Сай Хы кіріп келді. Кан Зы көз ишаратымен Гән Ниңге ым қақты. Гән Ниң түсіне қойды да:

– Жоу Иүй өзім ғанамын деп, бізді көзіне ілмейді, менің масқара болғаным сонша, тіпті дария шығысындағы қолбасылардың бетіне тіке қараудан қалдым! – деп тісін қайрап астақтайды ұрып айқайлап жіберді. Кән Зы Гән Ниңнің құлағына сыбыр ете түсті. Гән Ниң кіжінудің қоя қойып, басын төмен салып бірнеше рет күрсініп жіберді. Бұлардың бұл қимылынан Жоу Иүйге деген наразылықтары одан бет бұруға итермелеп отырғанын аңғарған Сай Жұң мен Сай Хы әдейі сөз тартып:

– Қолбасы неге ашуландыңыз?– деп Гән Ниңге қарады да, онан соң Кан Зыға қарап:– Мырза, сіздің неге зығырданыңыз қайнап отыр? – десті. Кан Зы оларға сыр алдырғысы келмеген адамдай:

– Біздің өз қайғымыз өзімізде, оны білудің сендерге керекі не? – деді.

– Уұ елінен бет бұрып, Сау Сауға бағынудан басқа не болсын, – деді Сай Хы. Кан Зының өңі қашып кетті. Қанжарын ала орнынан ұшып тұрған Гән Ниң:

– Ісіміздің беті ашылып қалды, мыналар Жоу Иүйге ертең-ақ бәрін айтады, енді бұл екеуінің басын алып, ауыздарын жаппасақ болмайды!– деп екеуіне тап берді. Қатты сасқан Сай Жұң мен Сай Хы:

– Ұлықтар, сабыр етіңіздер! Сіздерге айтатын біздің де сөзіміз бар, – десті.

– Айт тез, – деді Гән Ниң. Олар көп тосылған жоқ:

– Біз екеуміз де уәзірдің тапсырмасымен өтірік тізе бүккен болып келгенбіз. Екеулеріңіздің уәзірге қосылу ойларыңыз болса, ниеттеріңізді уәзірге жеткізуге дайынбыз, – деді Сай Хы. Кән Ниң екеуіне күдіктене қарап:

– Бұл сөздерің рас па? – деп сұрады.

– Алдауға қалай дәтіміз барады, – деп екеуі қатар үн қатты.

– Олай болса жасаған бізге жар болған екен! – деді өңіне қуаныш ойнап шыға келген Гән Ниң.

– Қолбасы, Хуаң Гай екеуіңіздің жәбірленгендіктеріңізді біз әлдеқашан уәзірге мәлімдеп қойғанбыз, – деді әлгі екеуі.

– Хуаң Гай сардардың құпия хатын мен де уәзірге өз қолыммен табыс еткенмін, бүгінгі келісім Гән Ниң қолбасымен бірге тізе бүгуге уәделесу еді, – деді Кән Зы.

– Ер жігіт шын иесін тапқанда ағынан жарылу керек, – деді Гән Ниң.

Сонымен төртеуі шарап іше отырып, көңілдегі іс, жүректегі сөздерін әңгіме етісті. Жоспар былай болды: Сай Жұң мен Сай Хы дереу хат жазып Гән Ниңмен бірге іштен сәйкесетіндіктерін мәлімдеді. Кан Зы да айырым адамнан Сау Сауға астыртын хат жазды. Хатта: Хуаң Гайдың баруға бекінгенін, бірақ барудың орайы келмей жатқанын айтты. Жуық арада баратындарын белгі ретінде алдына қаракөк ту шанышқан қайықпен баратындарын мәлімдеді.

Екі хатты алған Сау Сау тағы да күмәндана бастады. Не істерін білмей, әрі-сәрі болып, ақылшыларын шақырып кеңесті.

Жұрт жиналған соң ол болып жатқан жағдайды талқыға салды:

– Дария шығысындағы Гән Ниңнен хабар алдым. Жоу Иүйдің жолсыздығынан әбден қорланып, төзімі таусылып отырған көрінеді, енді олардан бет бұрып, бізге келмекші, іштен сәйкесуге дайын отыр. Жазықсыз жазаға тартылған Хуаң Гай да Кан Зыны жіберіп, біз жаққа бізге тізе бүгетіндігін білдіріпті. Дегенмен мен толық сенім арта алмай отырмын. Осы істің шындығын білу керек. Кім Жоу Иүйдің бекінісіне барып бұл істі анықтап келе алады? – деді. Сол кезде отырғандардың ортасынан Жяң Гән деген кісі орнынан ұшып тұрып:

– Алдыңғы жолы дария шығысына барып ештеңе тындыра алмай құр қайтып келгеніме қатты ұяттымын. Осы жолы маған тағы бір орай берсеңіз, басымды бәйгеге тігіп, бұл істі мен орындап келейін, – деді. Жяң Гәннің бұл ерлігіне қатты разы болған Сау Сау оған дереу аттану туралы бұйрық берді.

Жел қайығына мініп дарияны көктей өткен Жяң Гән салған беті Жоу Иүйдің бекінісіне келді. Ол орда қарауылдарына кезігіп, өзінің Жоу Иүймен кездесуге келгенін мәлімдеді. Жяң Гән тағы да келіпті дегенді естіген де Жоу Иүйдің қуанышында шек болмады. Ол серіктеріне менің жеңісімнің кепілі осы адам деп еді. Жяң Гәннің не жұмыспен келгенін білмей жатып-ақ Лу Суға:

– Паң Тұңға барып ұсыныс етсеңіз, маған көмек көрсететін кезі келді, былай да... былай... болса,– деді.

Паң Тұң деп отырғаны Шяняндық, лақабы Ши Үан дейтін оқымысты еді. Аласапыран басталғанда бой тасалап дария шығысына келген екен, Лу Су оны Жоу Иүйге таныстырған. Бірақ, әлі келіп бет көрісе алмаған. Жоу Иүй Лу Суды Паң Тұңға жіберіп:

– Сау Сауды қандай айламен алса болады?– деп сұратып еді, Паң Тұң:

– Сау Сауды алу үшін өрт шабуылын қолдану керек,– депті. Сонымен бірге өрт шабуылын қалай жасаудың жолын да көрсетіпті. Паң Тұң: судағы соғыста өртпен шабуыл жасау қарсы жақты қапы қалдыратын әдіс болғанымен, оның өзіндік қиындығы бар, дария бетінде бір қайыққа өрт тисе, қалған қайық бытырап қашып кетеді. Жаудың барлық қайығына өрт жіберу өте қиын. Ол үшін “Шынжырқосақ” айласын істеткен жөн депті. Алдымен олардың қайықтарын бір жерге қосақтап шегелетіп тастап, онан соң шабуылға өтсе бап болар еді деді. Лу Су қайтып келіп оның сөзін Жоу Иүйге жеткізді. Бұл айланы қатты ұнатқан Жоу Иүй:

– Айтқаны дұрыс-ақ екен, бірақ бұл айланы іске асыру Паң Тұңның өзінен басқа адамның қолынан келмейді,– деді.

– Сау Саудың сайқалдығы бір кісіден кем емес, Паң Тұң қалай ыңғайын келтіре алар екен?– деді Лу Су.

Ұзақ ойланған Жоу Иүй бір бекімге келе алмай, ойы он саққа, бөлініп отырғанда Жяң Гән келді деген хабар жеткен. Іштей қуанған Жоу Иүй дереу Лу Суды қайтадан Паң Тұңға жіберіп, айласын іске асырудың қамына кірісуді тапсырды. Өзі шатырында отырып, Жяң Гәнді шақырып келуге кісі жіберді. Жоу Иүйдің өзі алдынан шықпағанына Жяң Гән іштей күдіктене қалды, бірақ қайтар жол жоқ, амалсыздан қайығын бір қалтарысқа байлады да, бекініске келді. Ол Жоу Иүйге жолыққанда Жоу Иүй өңі бұзылып:

– Мені неге осынша басынып жүрсің?– деп дүрсе қоя берді. Жяң Гән да ештеңе болмағандай:

– Екеуміз ағалы-інілі адамдай тату едік, көңіліміз жақын дос болған соң, анда-санда өзінді сағынғанда іздеп келетінім рас. Мен келсем көңілдегі шерді ақтарып, сырласу үшін келемін. Сенің есіңнен адасқандай айтып отырған “басынғаның не?”, өзің менен күдіктеніп отырғаннан саусың ба?– деп күлді.

– Сенің ойыңды білемін ғой, есіңде болсын, мені Сау Сауға тізе бүктіруден теңіздің суын сарқып, тасты еріткен әлдеқайда оңай. Алдыңғы жолы мен көзкөрген ескі досым ғой деп, саған сеніп

едім, сенгендіктен сенімен бірге арақ ішіп, өткен-кеткенді еске алып мас болып қалыппын, сөйтсе де жата-жастана әңгімелесерміз деп сені өз қасыма жатқызсам, сен менің мас болғанымды пайдаланып келген хатты ұрлап кетіпсің. Оны Сау Сауға мәлімдеп Сай Мау мен Жаң Иүнді өлтіртіп, жоспарымды бұзып кеттің. Бүгінгі келісің де жақсылықтың нышаны емес, көз көрген ескі достық демесем басынды алдырып тастар едім! Бүгін түнде келген ізіңмен қайтарып жіберсем болар еді, бірақ сенің қосақ арасында кетіп, соғыста біреудің қолынан өлгеніңді қаламаймын. Оның үстіне екі күннің ішінде Сау Сауды да алып боламын. Оған дейін қосында қалдыруға саған сене алмаймын, ебін тауып Сау Сауға хабар жеткізіп, тағы да ісіме кедергі болуың мүмкін,— деді. Сонан соң жігіттерін шақырып, Жяң Гәнді Ши тауындағы пұтханаға апарып тастаңдар, Сау Сауды алып болған соң ар жаққа өткізіп жіберіндер, бұған менің істеген жақсылығым осы болсын,— деді Жоу Иүй.

Жяң Гән енді сөйлеуге оқтала беріп еді Жоу Иүй түпкі шатырға кіріп кетті. Жасауылдар ат әкеліп Жяң Гәнді мінгізіп алып, Ши тауының теріскейіндегі бір кішкене пұтханаға апарып салып, қасына күтуге екі жасақ тастады. Пұтхананың ішінде қарадай қапаланған Жяң Гән тамаққа зауқы, ұйқыға көңілі шаппады. Көңілі аласұрып тықыршыған ол түннің бір уағында екі күзетшінің ұйықтап қалғанын пайдаланып, пұтхананың артына барды. Аспан шайдай ашық, жұлдыз сайрап тұр екен. Құлағына әлдеқайдан үн салып кітап оқыған дауыс естілді. Дауыс шыққан жаққа құлағын түре біраз жүріп еді, тау етегінен бірнеше шөп күрке көрінді. Біреуінің ішінде шам жанып тұр. Ақырын баспалап қараса, жалаң қылышын іліп қойған біреу Сүн Уү мен Уү Шидің әскери кітаптарын оқып отыр. Мынау қалайда бекер адам емес деп ойлаған Жяң Гән есік қағып еді, әлгі адам есік ашып қарсы алды. Келбеті бөлекше екен. Жяң Гән аты-жөнін сұрады.

Сүйегім Паң, атым Тұң, жанама есімім Шюан деді әлгі кісі. Бұл сөзді естігенде әрі қуанып, әрі таңғалған Жяң Гән:

– “Ұлан самұрық” мырза сіз болмағайсыз,— деді Жяң Гән.

– Сөзіңнің жөні келіп тұр, болсақ болармыз,— деді Паң Тұң.

Қуанып кеткен Жяң Гән:

– Даңқыңыз жер жарған атакты адамсыз, атыңызды көптен естуші едім, бүгін беткөргеніме қуаныштымын. Өз орныңызды таппай, мынадай иен түкпірде не қылып жүрсіз?— деді. Паң Тұң:

– Біздің дария шығысында Жоу Иүй деген бір бейбақ шықты. Өзін ғана данышпан санайды, ешкімді көзге ілмейді, ешкімді

сыйғызбайды, бір жүрген пері, маңына жолатар емес. Сондықтан осы шеткері жерде жасырынып жүргеннен басқа бізге не қалды, өзіңіз кім боласыз?

– Мен Жяң Гәнмін.

Екеуі күркеде отырып ұзақ әңгімелесті. Жяң Гән:

– Мырза, Жоу Иүй қасына жолатпады деп қайғырмаңыз, ол үшін мына иен тауда дәруіштерше күн көрудің керегі не, сіздің жұрттан асқан талантыңызға кім зәру емес, егер де жөн көрсеңіз сізде уәзірге Сау Сауға ертіп барар едім,– деді Жяң Гән. Мұны естіген Паң Тұнның көзі жайнап кетті. Ол Жяң Гәнге:

– Өзім де дария шығысынан кетуді ойлап жүргеніме көп болды, бірақ кімге барып өзінді өзің саудалайсың. Амалсыздан осы жерде қамалып жүрмін, бұл қай бір жұмақ дейсің, егер мырза Уәзірге ертіп апарар болса, бүгін-ақ жүріп кетер едім. Бізге тездету керек, кешігіп қалсақ, Жоу Иүй біліп қойса, басымызға пәле болып жүрер, қастандыққа ұшырамай тұрғанда тездеткен жөн,– деді Паң Тұн.

Екеуі түн жастанып таудан түсті, жағадан Жяң Гәннің мініп келген қайығын тауып алды да, дарияның солтүстігіне қарай тартып кетті. Сау Саудың бекінісіне келген соң Жяң Гән алдымен Сау Сауға жолығып болған істің мән-жайын айтты. “Ұлан самұрық” келді дегенді естігенде Сау Сау әмір шатырдан өзі шығып қарсы алды. Шатырға кіргізіп төрден орын берді. Сөзді Сау Сау бастады:

– Дария шығысындағы Жоу Иүй деген жігіт елді ішінен ірітіп тоздырып барады. Жастықтың желігімен аз ғана қабілет дарынына арқаланып, әлінен асып басын тауға да тасқа да ұрып жүргеніне біраз болды. Жұртты әбден басынып алған, ешкімнің сөзіне құлақ аспайды, “ақылды да өзі, мықты да өзі” болып аспандап барады. Мырза, сіздің атыңызды көптен бері естіп жүруші едім, іздеп тапсам деп ойлайтынмын. Сәлемнің де сәті бар деп, бүгін тәңір нәсіп етіп дидарласып отырмыз. Аттың жалы, түйенің комында не айтайын, дегенмен ақ пен қараны айыратын адамсыз ғой, ұлағатты ақылыңызды аямассыз, – деді.

Паң Тұн оның сөзіне қарымта жауапты Сау Сауды мақтаудан бастады:

– Ел құлағы елу деген, мен де сіз туралы біраз нәрсені білемін, әсіресе, сізді қол жасақтау және басқару өнері елден асқан, сирек кездесетін талант деп естуші едім. Соны өз көзіммен көретін күн туды-ау,– деп алды да, сөзінің соңын,– бүгін қолдарыңыздың орналасу ретін көрсем деймін,– деп аяқтады.

Сау Сау дереу ат алдырып Паң Тұнды ертіп алдымен құрлықтағы бекіністерін аралатып көрсетті. Екеуі биікке шығып, айналадағы қосындардың орналасу жағдайын көрді. Паң Тұң:

– Қолдарыңыздың орналасқанынан-ақ әскери біліміңіздің молдығы көрінеді-ау. Мынау бір жағы тау, бір жағы орман өте берік жер екен. Алды-артын тең көретін қарауылы биік әрі жасырын, кірсе, шықса жолы бар, шабуылға ұрымтал, қорғанысқа бекінісі мықты, шегініске жолы қалтарысты. Соған сай қолдың орналасуы да қапысыз. Сүн Уү мен Уү Ши қайта туса да, Раң Жүй қайта тірілсе де мұнан артық жер таңдап, қолды мұнан арттық орналастыра алмас, – деді. Сау Сау оның бұл лебізіне көңілі көтеріліп желпініп қалса да, мақтанышын жасырып:

– Мырза, тым асырып жібердіңіз. Мені мақтай бермей, шалағай жақтарымызды көрсетіп, ақыл беріңіз, – деді. Бірақ бұдан артық ештеңе демеді. Қолдың орналасуына дән риза болғаны жүзінен көрініп тұрды, Сау Сау да одан әрмен қазбалап ештеңе сұрамады. Осыдан кейін олар су бекінісін көзбен көруге келді. Сау Саудың су бекінісі шынында мықты еді. Үлкен соғыс қайықтары кішкене шабуылшы қайықтарды ортаға алып, қаздай тізіліп, түстік жаққа қарай жиырма төрт есік ашылған. Шабуылшы қайықтарға кіріп-шығуға қолайлы жол ашылған. Жасырынып қорғануға да, ашыққа шығып шабуылдауға да ыңғайлы бекініс еді. Оны көрген Паң Тұң аз уақыт үндемей әлденені ойлап тұрып қалды, сонан соң:

– Уәзір, сізді мақтайын деп тұрғаным жоқ, бірақ шеп құрып, қол жасақтауыңызға қарап, уәзірдің атағы бекер жайылмаған екен деп ойлап тұрмын,– деп қойды да, дарияның аржағын қолымен нұсқап:

– Жоу Иүй, Жоу Иүй, бала батыр,
Кешікпей келер саған заманақыр.

Оның бұл сөзді шын жүрегімен айтқаны сонша, ешкім де қулықпен айтып тұр демес еді, қайта өте әсерлі болды. Сау Сау да қуанғаннан мәз-мейрам болды. Бекініске қайтып келген соң Сау Сау өзінің әскери шатырына Паң Тұнды шақырып, қонақасы беріп, шарап құйды. Сол күні екеуі әскери істер туралы ұзақ кеңесті. Алдағы соғысты да талқылады. Паң Тұң арғы-бергіні қозғап шешіліп ұзақ сөйледі. Сау Сау қандай сұрақ қойса да Паң Тұң іркілмей жауап беріп отырды, аттыға жол, ауыздыға сөз бермейтін шешен екен. Іштей қатты сүйсінген Сау Сау оның шешендігі мен біліміне тәнті болып, оны шын ықыласымен күтті. Бір кезде Паң Тұң араққа қызғандай болды. Сұрағаныма ғафу

етіңіз, әмір қосыныңызда дертке шипа дәрі бар ма? – деді. Оның бұл сұрағынан секем алған Сау Сау дәрі неге керек деп сұрады.

– Су жасақтарыңызда ауру көп екен, дертке шипа дәрі керек, – деді Паң Тұң. Жер жағдайына, ауа райына көндікпеген Сау Сау жасақтарына басы айналып, құсатын дерт жабысып, ауырғанның көбі өліп жатқан. Сау Сау Паң Тұңның сөзіне әрі таңғалды, әрі разы болды. Мұны қайдан білді екен деп ойлады.

Ол неде болса мұны қалай білгенін сұрайын деп оқтала бергенде Паң Тұң оның ойын бөліп жіберді:

– Уәзір, су жасағын машықтандыруыңыз керемет-ақ екен, бірақ кемел емес, – деп еді, Сау Сау оның сөзіне онан ары ынтығып, ентелей түсті. Мырза, бұл сөздің мәнін айтып беріңіз, – деп жығыла жабысты.

– Пақырыңыздың болмашы ғана бір амалы бар, сол амалды қолданса су жасақтарыңыз дерттен айығады, әрі жеңіске қол жеткізесіз, – деді Паң Тұң. Оның бұл сөзіне Сау Сау іштей қатты қуанды. Ол дереу Паң Тұңнан қандай амалыңыз бар деп сұрады. Паң Тұң сөзді арыдан бастады:

– Ұлы дария мәңгі тынышсыз, оның төсінде жел үзілмейді, толқын әлсін-әлісін көтеріліп, әлсін-әлісін басылып тұрады. Жел қанша күшті соғып, қайықта тербеліс күшейген сайын қайық үстіндегі адамдарға қауіпті. Қайыққа көп мініп көрмеген солтүстік жасақтарының ауруға көп шалдығатыны да осы тербелістің салдары. Егер үлкен-кіші қайықтарды отыздан немесе елуден бір шоғыр етіп парлап, бас-аяғын шынжырмен қосақтап, арасына тақтайдан көпір салып тастаса, адамды қойып үстінен ат жүретін болады. Дауыл да, толқын да, тасқын да қорқыныш тудырмайды, – деді Паң Тұң. Орнынан тұрып келіп алғысын айтқан Сау Сау:

– Осындай өрелі ақылыңызды айтып, қосынымызды дерттен сақтап, жеңіске жетудің жолын көрсетпесеңіз дария шығысын алу қиын болар, – деді. Паң Тұң оған қарап:

– Уәзір, бұл менің піспеген шалағай ойым ғана ғой, кесім өзіңізден, – дей салды. Сау Сау сол жерде жарлық түсіріп қосындағы ұсталарды түгел жинатты. Оларға күн-түн демей шынжыр, шығырық соқтырып, қайықтарды қосақтауға бұйрық берді. Дерттен құтылудың жолы осы деген соң жасақтар да мәз-мейрам болып қуанысып қалды.

Паң Тұң құдай берген қызыл тілдің пайдасын елге көрсететін кез келді деді іштей:

– Менің білуімше дария шығысындағы ардагерлердің көбі Жоу Иүйге наразы, толқулы. Уәзірге көрсеткен көмегім болсын, мен

дария шығысына барып, соларды өз жағымызға тартып келсем деген ойым бар. Ол жақтағы мықтыларды өзімізге ертіп келетініме сенемін. Сонда қанат-құйрығы кесіліп, көмексіз, сүйенішсіз жетім қалған Жоу Иүй уәзірдің қолына түспей қайда барады. Ал, Жоу Иүй талқандалса, Лю Би неге тұрар дейсіз, – деді. Оның бұл ықыласына разы болған Сау Сау:

– Мырза, бұл ісіңізді тәңір қолдасын, ойыңыз орындалып, осы жолы жеңіске жетер болсақ, бұл еңбегіңізді патшаға мәлімдеп мәртебеңізді жоғарылатып, сізді үш уәзірліктің біріне көтеремін, – деді.

– Пақырыңыздың мұраты жеке басының байлық-мәртебесі емес, халықтың қамы. Уәзір, бұл жолы дария шығысын алатыныңызға сенімдімін, мен сізге бұл жолы қолымнан келген көмегім мен ақылымды аяп қалмаспын, бірақ сізден өтінерім дариядан өткен соң ол жақтағы ел-жұртқа қауіп төндіре көрмеңіз, осы есіңізде болсын,– деді Паң Тұң. Сау Сау оған:

– Мырза, мен құдай жолын қуып, ел үшін қызмет етіп жүрген адаммын, менің міндетім халықты қорғау, өзім қорғайтын халқыма неге жапа шектірейін!– деді.

Осыдан кейін Паң Тұң жол жүрудің қамына кірісті. Ол Сау Саудан өзінің тұқым-жұрағатын қорғауға кепілдік беруін өтінді.

– Ауылыңыз қай жерде еді?– деді Сау Сау .

– Дария шығысында, судан өте қалған жерде, дария жағасын мекендейміз. Егер біздің әулеттің амандығына кепілдік қағаз берсеңіз, кара басымыздың амандығына қам жемес едік,– деді Паң Тұң.

Сау Сау сол жерде қағаз алдырып, дариядан өткен жерде жағада отырған Паң Тұңның ауылының мал-жанына тиіспеу туралы бұйрық жазып, қолын қойып Паң Тұңға берді.

Бұйрықты қолына алған соң, разылығын білдіріп бас иіп, алғыс айтқан Паң Тұң Сау Сауға шабуылды тез бастау керек, кешігетін болсақ Жоу Иүй сезіп қоюы мүмкін, тезірек қамданарсыз деді. Сау Сау бұл ақылды да құп алды.

Сол жерде Сау Сауға қош айтып айрылысқан Паң Тұң дария жағасына келіп, қайығына енді міне беріп еді. Үстіне діни шапан, басына ши қалпақ киген біреу жағадан шыға келіп, шап беріп ұстай алды да:

– Кеудеңе нан пісіп жүр екенсің, Паң Тұң, сенің сұмдығыңды мен білмейді дейсің бе, Хуаң Гай “етінен ет кестіріп”, Кан Зы жалған бағыну хатын ұсынып, уәзірді алжастырғаны аз болғандай, енді сен келіп “шынжырқосақ” айласымен жасақтарымыздың қол-

аяғын байлап, тұқымымызды өртпен құртпақ екенсіңдер ғой! Сендер бұл сайқалдықтарыңмен Сау Сауды алдай алсаңдар да мені алдай алмайсыңдар, – деді. Бұл сөзді естігенде Паң Тұңның зәресі зәр түбіне кетіп, үрейі ұшты.

Ал, Паң Тұңды ұстап алған бұл адам кім екенін келесі тараудан оқисыздар.

Солтүстік сарбаздарының шабуылға шығуы

Қапияда жағадан жармасқан бұл адам бар сырды білетін болып шықты. Ішкі есебін қолмен қойғандай етіп ашқан қорқынышты сөзді естіп, зәре-құты қалмаған Паң Тұң жалт қараса, Шүй Шу екен. Өзінің досы екенін көргенде барып жүрегі орнына түскен ол, төңірегіне барлай қарап, адам жоқ екендігіне көзі жеткен соң:

– Сен менің бұл айламның сырын ашатын болсаң, оңтүстіктегі сексен бір аймақтың қалың елін өз қолыңмен ажалға байлап бересің, – деді.

– Мына жерде жатқан сегіз жүз отыз мың қолдың тағдыры ше? – деді Шүй Шу күліп. Паң Тұң әлі де болса көңілі алаң болып:

– Сен шынымен менің айламның артын ашпақсың ба? – деді түсін салып.

Шүй Шу оған күле қарап:

– Ағай, мен хан ағасы Лю Бидің үлкен мейірімін көрген адаммын, оны әлі ұмыта қойғам жоқ. Оның үстіне есіл анамның өліміне де Сау Сау себепші болған. Сондықтан оған өле-өлгенше бір ауыз ақыл бермеске баяғыда ант еткен. Оған жүрегім елжіреп отырғаным шамалы, өзіңіз ойлаңызшы, сонда не жақсылығының ақысына бола оған ағайдың айласының сырын ашуым керек. Бірақ, қалың қолмен бірге мен де осы жерде жүрмін. Бұлар жеңілгенде біреуді біреу білмейтін қызыл қырғын болары хақ. Сонда қосақ арасында мен де кетпеймін бе? Досым, маған осыдан құтылатын бір айла айтарсыз, аузымды бағып алысқа кетіп бой тасалай тұрғаным жөн шығар деді.

– Мұныңыз жөн екен, ниетіңіздің адал екеніне сеніп едім, оның не қиындығы бар, алысты көздеген көреген ойыңыздың іске асуына қолдан келгенше көмек көрсетуге дайынмын, – деді Паң Тұң.

Шүй Шу оған жылы жүзбен қарап:

– Ағай, сіздің ақылыңызға мұқтажбын, қалайда бір амал көрсетіңіз, – деді.

Паң Тұң оның құлағына сыбырлап, бірдемелер айтып еді, Шүй Шу қуанғаннан оған тағзым етіп алғыс айтты. Содан соң, Шүй

Шу мен Паң Тұң қош айтысып айырылысты да, Паң Тұң дария шығысын бетке алып жүріп кетті.

Сол күні кеште Шүй Шу өзінің жанкүйер жақындары арқылы әрбір бекініске астыртын өсек тараттырды. Келесі күні бекіністегілер төрттен-бестен бас қосып сыбыр-күбір көбейе бастады. Қол арасындағы жансыздар бұл хабарды Сау Сауға жеткізді. Сарбаздардың арасында Шиляң аймағындағы Хан Сүй мен Матың көтеріліс жасап, астанаға қарай бет алыпты деген қауесет сөз таралып кеткен екен. Мұны естіп қатты сасқан Сау Сау дереу ақылшыларын жинап ақылдасты.

Сау Сау жиналған жұртқа:

– Қол бастап оңтүстікке аттанғаннан бері көңілім орнықпай, Хан Сүй мен Матыңнан күдіктеніп алаңдаулы едім. Сарбаздар арасында солар жөнінде әлдеқандай өсек тарап жүр екен. Мұның шын-өтірігі белгісіз, бірақ сақтанбай болмайды, – деді. Сау Саудың сөзі аяқтай бергенде Шүй Шу орнынан тұрып:

– Уәзір, мына пақырыңыз қолыңызға келгелі сынық жармақтық еңбек көрсете алмады, басында шешем өліп, өзім қайғы құшағында жүріп, сізге көмек көрсету туралы ойлаған да емеспін, сол осалдығымды ойласам қатты өкінудемін. Енді сол олқылығымды толтырып, еңбек көрсететін кез келген сияқты. Маған үш мың қол беріңіз, тізгін ұшымен Сангуан қамалына барып, олардың жолын кесейін де, қауіпті іс болса дереу хабар жеткізейін, – деді. Сау Сау оған разы болып:

– Сіз барсаңыз мен алаңсыз болар едім, Сангуан қамалында бұрыннан тұрған қолды да сіз басқарыңыз. Бұл жерден үш мың атты қол алыңыз. Заң Ба атойшы болсын, түннен қалмай аттаныңыз, – деді. Сау Сауға қош айтқан Шүй Шу үш мың қолымен Заң Баны ертіп аттанып кетті. Паң Тұңның үйреткен амалы осы еді.

Шүй Шуды аттандырып жіберген соң көңілі орынан түскен Сау Сау атын мініп, әуелі құрлықтағы бекіністі аралап шықты. Онан соң су бекінісіне келді. Онда өзі күтпеген ғажайыпты көрді. Бір үлкен қайыққа шығып еді, қайықтың дәл ортасында “бас сардар” деп жазылған жалау асылыпты. Бас сардардың қайығына бір мың садақшы жасырыныпты. Екі жағында қақ жарылып сап түзеген жасақтар тұр. Сау Сау аяңдап қайықтың ортан беліне келді.

Бұл “Жән-ан” жылнамасының он үшінші жылы қыстың бірінші айының он бес жаңасы болатын. Күн шайдай ашық, үп еткен жел жоқ, тым-тырыс.

– Қайыққа қонақасы әзірленсін, бүгін кеш қолбасыларыммен бас қосамын,– деп бұйырды Сау Сау. Күн бата шығыстан сүттей жарық ай көтерілді. Ай сәулесі дария бетіне еңдей жапқан ақ шағидай жайылыпты. Шомбал қайыққа мінген Сау Саудың қасында қамқа киіп, торқа жамылып, қаруларын серте ұстаған жүздеген қорғаушы, сарбаздар мен күтушілер тұр. Сардарлар мен ақылшылар бірінен соң бірі келіп, қайық үстіне жайғасты. Нанпиң тауының көз сүріндірген әсем көркіне сүйсіне қарап ұзақ тұрды. Сау Сау шығыстағы көлбеп жатқан Чайсаңға, батыстағы көсілген Шияку құйғанына, оңтүстіктегі жотасы шыққан Фаншанға, солтүстіктегі қарауытқан Уүлинге көз тастап, ұлан-байтақ төрт төңірегіне көңілі толғандай болып, марқайып қалды. Қолбасыларына:

– Мен әділетті жақтап қол бастап аттанғаннан бері қанша заман өтті. Ойлап отырсам сонан бері патшалығымызға қатер төндірген талай жауларды жойып, төңіректің төрт бұрышын ел іргесін шайқалтатын теріс азу күштерден тазартып, елімізге тыныштық орнатыппын. Әзірше қолыма ілікпей, әмірім жүрмей тұрған жер оңтүстік өңір ғана еді. Бүгін тәңір қолдаса бұл өлке де менің әмірімді тыңдайтын болады. Менің миллиондаған жаужүрек сарбаздарым, жарлығымды екі етпейтін бірегей қолбасыларым тұрғанда оңтүстіктің аз ғана тобырынан қорқып тұрғам жоқ. Жеңіске жете алатыныма сенімдімін. Оңтүстікті алған соң, елімізге тыныштық орнап, бейбіт дүние орнайды. Ұлық та, халық та қамсыз, қайғысыз болатын күн туады. Менің ендігі арманым біреу-ақ, менің соңыма еріп жақсы-жаман күндерді бірге өткізген жанкүйер жақындарым сіздер, құрметті қолбасыларым, менің ақылшыларым, енді сонымен соғысты аяқтап, бейбіт күндерді сіздермен бірге өткізіп, бақыттың дәмін бірге татсам, қалған өмірімде дүниенің қызығы мен қуанышын өздеріңмен бөліссем деймін, – деп шалқыды. Сау Сау осыны айтқанда оның айналасына жиналған сардарлар мен ақылшылары тегіс орындарынан тұрып:

– Жеңістің сүйіншісін ерте естіп, шаттық әнін айтуға жазсын, Бәріміздің өмірдегі сүйенер иеміз өзіңіз, сіздің шарапатыңыздан үміттіміз, уәзір!– десті. Жиналған топтың бәрі де жеңістің лебін сезгендей болып тұр еді, олардың сөзіне Сау Сауда көңілденіп қуанып қалды. Сонан соң Сау Сау сарбаздарымен бірге отырып арақ ішті. Қонақасы түннің жарымына дейін жалғасты, араққа әбден қызып алған Сау Сау бір уақытты қолымен оңтүстік жағаны нұсқап:

– Жоу Иүй мен Лу Су бүгінше ғана еркін жүргенімен, ертең не боларын біліп отырған жоқ, жазмыштың қалай екенін олар қайдан білсін. Оны мен білемін, олардың қолқа жүрегіне қадап қойған

қанжарым бар, адамдарым олардың сеніміне кіріп, дәл иегінің астында көрлерін қазып жатыр, жасаған иемнің мені қолдап отырғаны осы емес пе!– деді.

– Уәзір, байқап сөйлеңіз, ісіңіздің сыры ашылып қалып жүрмесін,– деп Шүн Иу сақтандырып еді. Қарқ-қарқ күлген Сау Сау:

– Қасымда отырған өзімнің сенімді серіктерім, жанашыр жақындарым, бәрі де көнекөз, тонның ішкі бауындай араласқан сыралғы достарым. Бұлардан нені жасырайын,– деп ақтарыла сөйледі. Сонан соң Шяку жақты қолымен нұсқап тұрып:

– Адам адасайын десе амал қанша, тәңір ақыл бермеген соң пенде шіркін ештеңенің байыбына бара алмайды екен ғой, құмырсканың күшімен Тайшан тауын қозғалтпақ болып, арам тер болып жүрген Лю Би мен Жугі Ляннан өткен ақымақ бар ма?– деді.

Онан соң қолбасыларына бұрылып:

– Биыл мен елудің төртіне шықтым, көңіліме түйген ендігі бір үлкен ісім – оңтүстікті алу. Кезінде Чяу Гүң ақсақалмен де азды-көпті таныстығым бар еді. Ол кісінің елден асқан екі сұлу қызы бар екенін де білуші едім, бірақ ел ісімен болып жүріп оларға мойын бұруға мұршам болмады. Сөйтіп жүргенде ол екі қызды Сүн Сы мен Жоу Иүй қағып кетті. Бірақ олар дүниенің қызығы бұйырмаған жандар. Жаңқы өзенінің бойына “Мысторғай” мұнарасын орнаттым. Оңтүстікті алған күні сол қос сұлуды мұнараға апарып, бауырыма басып, соңғы өмірімді солармен бірге өткізсем, арманым болмас еді,– деп қуанышы қойнына сыймай қарқылдап күлді. Бұл жайлы Таң дәуірінде ақын Ду Мужы мынадай өлең шығарған екен:

Тот басқан ескі найзаны,
Тауып ап біреу даладан.
Кетіріп тотын майменен,
Таңырқап оған қараған.

Темірі асыл болаттан,
Арылтып тотын қараса,
Көнеден қалған зат екен,
Бітімі бөлек тамаша.

Шығыстың желі Жоу Иүйді,
Қолдамаса дем беріп,
“Мысторғайда” қос сұлу,
Өтер еді қор болып.

Сау Сау көңілі лепіріп, өзінен өзі мәз болып, шалқып сөйлеп тұр еді, оңтүстікке қарай ұшып өткен қарғаның қарқылдаған дауысы естілді. Сонда Сау Сау қасындағылардан:

– Қарғаның түнде қарқылдағаны ненің нышаны?– деп сұрады.

– Айдың жарығын таң жарығы екен деп жаңылып, қонағынан ұшқан қарға болар,– деді қасындағылар. Бұл сөзге Сау Сау ішексілесі қатып қатты күлді. Әбден мас болған екен, ол найзасын қолына алып қайықтың ернеуіне келіп дарияға ырымдап арақ шашты. Соңынан үш тостаған арақты бірінің артынан бірін тастап жіберіп қолбасыларына қарап сөйлеп кетті:

– Мен осы найзама сүйеніп “сары сәлделілерді” жойдым. Осы найзаның күшімен Луй Буды тірі ұстап, Юан Шу мен Юан Шауды жер жастандырдым. Солтүстік шекараны еңдей жүріп өттім, ешкім де менің алдымнан шығып қарсы тұра алмады. Сонау Ляудұнды көктей өтіп, дүниенің астан-кестенін шығардым. Еңіреп туған ер екенімді көрсеттім, ер жігіттің мұраты болса, осындай болсын! Енді міне оңтүстікті алатын сәт жақындап келеді, маған тілеулес болғандай төбемнен қарқылдап ұшқан қарғаны көріп, көңілім шалқып тұр, бір өлең бастайын, бәрің маған еріндер,– деді де өлеңдете жөнелді:

Көтеріңдер шарапты,
Шаттанбайын мен неге,
Кім бар дейсін күзғындай,
Мың жасаған пендеде.

Өмір деген қас қағым,
Өзінді өзін шектеме.
Қуанышың бар болса,
Қасіретім жоқ деме!

Жабырқаған көңілін,
Көтерсін деп соңғылар.
Дуқаң шарап жасаған,
Болған оған ел құмар.

Білім қуған ғұлама
Оқымысты жандарға,
Жаным жақын ежелден,
Жалғаншылық бар ма онда.

Бас қосқанда бәріміз,
Ұлы жеңіс алдында,
Өлең айтып, ән салмай,
Мылқау болып қалдым ба?

Тауда бұғы аңырап,
Қорек іздеп қаңғымақ,
Қонақ күтіп мен тұрмын,
Тәтті өуенге балбырап.

Сүттей жарық ай нұрын,
Төгіп тұр бұл әлемге,
Ол да бір күн сөнеді
Десе біреу сенем бе?

Қуаныш жоқ адамда,
Аузы толып айта алар,
Мезгілі жоқ алаңсыз,
Жаны тыншып жай табар.

Айдың нұры күшейер,
Сөнсе жұлдыз жоқ болып.
Топ-топ болып құс қайтар,
Оңтүстікті бетке алып,

Бұтағы жоқ, бүрі жоқ
Кәрі еменге қураған,
Қалықтайды қона алмай,
Не күтесін бұлардан.

Аласасың, тау, саған
көңілім менің толмайды,
Дария, тым таязсың,
Ұнамайсың сен маған,

Заманында әлемді,
Сүйіндірген есіл ер,
Болсам деймін Жу Гүңдей,
Күнәмді Алла кешірер.

Өлеңді Сау Сау бастап еді, жұрт еріп айтып қыздырып жіберді. Олар өстіп мәз-мейрам болып қуанысып отыр еді, өлең аяқтала бере дастарқан басынан біреу түрегеліп:

– Сарбаздар сақадай сайланып, сардар басын бөйгеге тігіп, жұрттың бәрі ақ жол тілеп отырғанда, уәзір, сіздің жаман ырым бастап, аузыңызға жаман сөз алғаныңыз қалай?– деді. Мына сөзден селт ете түскен Сау Сау жалт қараса, Янжоудың уәліі Лю Фу деген кісі екен. Ол Пигудағы Шяң деген жердің адамы болатын, Лю әулетінен шыққан, аты Фу жанама есімі Иуаниң еді.

Лю Фу бір кезде Хыфиде аймақ бастығы болған, сол кезде бытыраған халықтың басын қосып, мектеп ашып, егіншілік алқабын кеңейтіп оқу-тәрбиені күшейтіп, елдің алғысына кенеліп, патшаның көзіне түскен еді. Талайдан бері Сау Саумен істес болып келген, мұнда да іскерлігімен көзге түсіп, үлкен еңбек сіңірген беделді адам. Найзасын серте ұстаған Сау Сау оған таңырқай қарап:

– Мен қандай жаман сөз айттым,– деп сұрады.

– Айдың нұры күшейер,
сөнсе жұлдыз жоқ болып.
Топ-топ болып күс қайтар,
Оңтүстікті бетке алып,

Бұтағы жоқ, бүрі жоқ,
Кәрі еменге қуарған,
Қалықтайды қона алмай,
не күтесің бұлардан,–

дегеніңіз жамандықтың нышаны емес пе?– деді Лю Фу. Бұған Сау Сау кәдімгідей ашуланып қалды:

– Мынаның менің көңілімді түсіріп, жанымды жасытып, қуанышымды су сепкендей баспақшы болуын қара,– деп найзасын сілтеп қалды, байқаусыз тұрған Лю Фу қорғанып та үлгерген жоқ, ышқына барып құлап түсті. Басқаларының зәресі қалмады, сонымен қонақасының аяғы қайғылы қазаға айналып тарап кетті. Келесі күні таңертең мастығынан айыққан Сау Сау кешегі істеген ісіне қатты өкінді. Амал қанша, өкінгенмен орнына келер іс жоқ, өз бармағын өзі шайнады да қалды. Сол сөйтіп отырғанда Лю Фудың ұлы Лю Ши келіп әкесінің сүйегін алып жерлегісі келетінін айтты. Оның көңілінің адал екенін, ешқандай кектенусіз шын көңілімен сұрап тұрғанын байқаған Сау Сау онан ары күйзелді, көз жасын көл қылып:

– Лю Ши, мені кешіре гөр, амалым бар ма, кеше мастықпен артық кетіп, әкенді жазым етіп алыппын. Қайран ардагер арысым

енді қайтып келмейді, өкінгенмен қолымнан не келеді,— деп еңкілдеді. Сонан соң уәзір дәрежелі жерлеу жорасымен қадірлеп жерленсін деп бұйрық шығарды. Марқұмның сүйегін арнаулы жасақпен қорғап, өзінің туған жеріне апарып қойдырды.

Бұл күн осымен өтті. Келесі күні су бекінісінің бас бақылаушылары Мау Жие мен Иүй Жин әмір шатырға келіп:

– Үлкен-кіші қайықтардың бәрі қосақталып болды, жорық тулары мен қару-жарақтар сақадай-сай тұр. Енді өзіңіз көріп, шабуылға шығатын күнді белгілесеніз! Көп кешікпей аттануыңызды өтінеміз,— деді.

Су жағасының дайындығын көзінен өткізген Сау Сау қайықтарды аралап келіп ортадағы үлкен қайықтың үстіне шықты, сол жерде тұрып, қолбасыларын тегіс жинап, әуелі су жасағы мен құрлық жасағының туларын белгіледі, сол күні Сау Сау бәрін өзі орналастырды.

Су жасағының туы сары, қол басы Мау Жие мен Иүй Жин болды. Шабуылшы қайықтарды қызыл ту алып Жаң Хы бастап шығады делінді. Лүй Чян қара тулы қайықтарды бастап арттан сәйкесетін болды. Сол қол қосынның қолбасы Уын Пин, туы қара көк болып белгіленді. Оң қол қосынның сардары Лүй Тұң болды да, туы ақ болып белгіленді.

Судағы қолдың орналуы біткен соң, Сау Сау өзі жетік білетін атты қосынды майданға дайындады: Атты қолдың шабуылшы қосынын Шүй Хуан басқарсын, оның да туы қызыл болсын деді. Арттан оған көмекші қосынның қолбасы Ли Дян болды да олар қара ту ұстайтын болып белгіленді. Сол қол сардар Иүйе Жинге қара көк, оң қол сардар Шя Хуюанға ақ туы берілді.

Сау Сау су құрлық қосындарына арттан сәйкесетін көмекші қолды басқаруды Шя Худүн мен Сау Хұңға тапсырды. Сайыс қайықтарын қорғайтын арнаулы қосын жасақтап, оған қолбасы етіп, Шүй Чу мен Жаң Ляуды белгіледі. Қалған сардарлар әр қосынға бөлініп орналасты. Сау Саудың жарлығынан кейін су жағасынан үш мәртебе дабыл ұрылып, әр қосынның сайыс қайықтары есік-есіктен жапа-тармағай дарияға шықты.

Дәл сол сәтте солтүстіктен жел жел тұрды, желкендерін көтерген шабуылшы қайықтар қара жерде жүргендей орнықты қадаммен толқынды тіле жөнелді. Қайық үстінде солтүстік жасақтары қаруларын жарқылдатып, алма-кезек сілтеп айбаттана машық жасап барады. Алдағы, арттағы, оңдағы, солдағы қосындардың бәрінің де туы айқын, өздері айбатты да, ретті еді. Елуден астам кішкене қайыққа мінген сардарлар шабуылшы

қайықтарды аралап, соғыс тәртібін ұқтырып, арпалысып жүр. Биік сатыда тұрып мынадай қолдың машығымен айбатын көрген Сау Саудың көңіліне сенім ұялап, марқайып қалды. Машық тым ұзаққа созылған жоқ, Сау Сау дереу қайықтардың желкендерін түсіріп, бекіністеріне қайтуын бұйырды.

Шатырына келіп ақылшыларымен бас қосқан ол:

– Жаратқан маған жар болып, оңына бастап отыр, әйтпесе, “Ұлан самұрық” қолыма түсер ме, оның мынадай тапқыр аяласына қолым жетер ме еді! Шынжырмен қосақталған қайықтар дариядан қара жерде жүргендей орнықты жүзеді екен, енді сарбаздар жерде тұрғандай еркін соғысатын болды. Сарбаздардың садақ таруына да, найза сілтеуіне де тиімді көрінеді. Сол кезде сөзге Чың Иүй араласты:

– Тақсыр, айыпқа бұйырмаңыз, мен өз ойымды айтайын: менше қосақталған қайық орнықты болғанымен егер жау өртпен шабуыл жасаса құтылу қиын, тіпті құтыла алмауы да мүмкін, сондықтан алдын-ала сақтанбасақ бомайды, – деді.

– Чың Иүй, сіз алысты ойлайтын ойшыл адамсыз, алайда, шайқастың тағдырын іспен шешуге тура келеді, қосақталған қайықтың өртке осал болатыны рас, алайда қолма-қол майдан тағдырын шешуге септігі тиетін жағы бар, сіз оны көре алмай отырсыз, – деді Сау Сау күліп. Сау Саудың бұл батылдығына іштей наразы болып отырған Шүй Иу:

– Чың Иүй сөзінің жаны бар, біз өртке қарсы да амал сайлауымыз керек, сіз оған күлгеніңіз не? – деді. Сау Сау оған өзінің терең ойлы адам екенін дәлелдегісі келіп:

– Сіздердің ойларыңыз теріс демеймін, бірақ бір нәрсені назардан тыс қалдырып отырсыздар. Өртпен шабуыл жасау үшін жел күшін пайдалану керек. Оған сүйенбеу мүмкін емес. Қазір қыс мезгілі, қыста жел батыс пен солтүстіктен тұрады, бұл уақытта шығыс пен оңтүстіктен соғатын қайдағы жел мен солтүстік жақтан барамын, жау оңтүстік жағада. Жау өрт қойса өз жасағын өзі өртейді. Одан маған келер қандай қорқыныш бар? Егер қантардың кезі болса мен баяғыда-ақ сақтанған болар едім, – деді. Сау Саудың бұл сөзіне көптеген сардарлар тәнті болды, бәрі де бастарын иіп қолпаштап мақтап ала жөнелді:

– Уәзірдің ойламы терең, болжамы нақты, алдына жан салмайтын жүйрік, – десті. Олардың бұл мақтауын естіген Сау Сау іштей бұлардың көзін ашайын деген оймен:

– Біздің қосындағы Чинжоу мен Чүйжоудан және Янжоу мен Дайжоудан келген сарбаздар бар, олар судағы соғысқа үйренбеген.

Осындай әдіс болмаса оларды соғысқа қалай саламыз, мынадай қатерлі дариядан қайтіп өткізе аламыз,— деді Сау Сау қолбасыларына.

Қатардан екі қолбасы ұшып түрегелді. Олар әлденеге ашулы секілді, асығып-аптығып сөйлеп кетті:

– Біз қатардағы кішкене сардарлармыз, екеуміз де Иоужоу мен Янжоудан келдік. Десе де қайықпен жүзу, суда соғысудың қырсырын бір кісідей білеміз. Егер бізге шолғыншы қайықтан жиырма қайық берсеңіз, дария құйғанына барып, Жоу Иүйдің туын жығып, дабылын тартып әкелейік. Солтүстік жасақтарының су сайысына қандай екендігін сонда көресіздер,— деді.

Сау Сау жалт қараса, Юан Шаудың қолынан бағынып келген көне қолбасылар Жяу Чу мен Жаң Нан екен. Сау Сау оларға:

– Сендер солтүсікте туып өскен адамсыңдар, қайық ескенді білгендеріңмен, қайықпен соғысуға келгенде икемсізсіңдер. Мен сендерге сенбей отырғам жоқ, орынсыз қырғынға ұшырамауды ойлап отырмын, Оңтүстіктің жасақтары дария бетінде әбден ысылған. Алдымен солар шабуылға шығуы керек. Сендер бұған өкпелемеңдер әрі бастарыңмен ойнамаңдар, бас деген оңай табылмайды,— деді.

– Осыдан жеңіп келмесек, әскери заң бойынша қандай жаза берсеңіз де разымыз,— деді ана екеуі даурығып.

– Соғыс қайықтарының бәрі қосақтаулы, тек кішкене қайықтар ғана бар, олардың әрбіріне жиырмадан артық адам сыймайды, шабуылға жарамайды,— деді Сау Сау. Оған ана екеуі де батырсынып бой бермеді:

– Үлкен қайықпен, мол сарбазбен барып жеңгеннің несі ерлік, кішкене қайықтардан жиырмасын-ақ беріңіз. Жаң Нан екеуміз оннан-оннан алып, бүгін-ақ барып оңтүстіктің бекінісіне түре тиіп, қолбасын өлтіріп, туын тартып әкелейік,— деді Жяу Чу.

– Онда мен сендерге жиырма кішкене қайық, ұзын найза және теппе садақпен қаруланған бес жүз сайлауыт берейін. Ертең таң ата үлкен бекіністің қайықтары дария бетіне шығып, алыстан қара көрсетіп тұрсын, Уын Пинді отыз қайықпен көмекке жіберейін,— деді Сау Сау.

Жяу Чу мен Жаң Нан қуана қош айтып, шығып кетті. Келесі күні таң қараңғысында тұрып тамақтанып, таң ағара тастүйін болып жасанған қалың қол қайық су бекінісінен күркіреген дабылдың үні естілісімен жапа-тармағай дария бетіне шықты. Чанжияңның бойы қызыл-жасыл, ала-құла туларға толып кетті. жиырма қайықты бастаған Жяу Чу мен Жаң Нан бекіністен ағып өтіп, оңтүстікке қарай тартты.

Түнімен толассыз дабыл дауысын естіген оңтүстік жасақтары да кірпік қақпай күзетіп отыр еді. Өткен күні таңертең алыстан Сау Саудың су жасақтарының айдынға шыққанын байқаған сарбаздар Жоу Иүйге хабар жеткізген. Жоу Иүй жотаның төбесіне шығып қарап еді, Сау Сау қолын жинап әкетті. Келесі күні таң ата тағы да жаңғырған дабыл үні естілді. Барлаушылар құйындатып келе жатқан кішкене қайықтарды байқап, тізгін ұшымен әмір қосынға хабар жеткізді. Жоу Иүй сардарларына қарап: келе жатқан қонақтарды қарсы алуға кім барады деп еді, Хан Даң мен Жоу Тай: “Жаудың бетін қайтаруға дайынбыз”, – деді. Оларға шексіз разылығын білдірген Жоу Иүй екеуіне өз жасақтарыңды алып жауды тойтарыңдар деді. Қалғандарына өз бекіністерін мықты сақтап, албаты қимыл жасамауын бұйырды. Хан Даң мен Жоу Тай әрқайсысы бестен қайық бастап, бірі оңнан, бірі солдан сокқы беретін болып келісіп, жауға қарсы аттанды.

Мана намысқа тырысып, ерленіп, батыл қимылға барған Жяу Чу мен Жаң Нан қайықтарын ұшыртып келе жатыр еді. Алдарынан есулесіне жүрекше сауыт киіп, қолына ұзын найза ұстап, қайығын есілтіп Хан Даң шыға келді. Өзі қайық үстінде жалғыз тұр, осы тұрысында келсең кел деген менмендік бар. Олар қайықшыларына Хан Даңның қайығын атқылауға бұйырық берді. Оқ бұршақтай борады. Хан Даң қалқанмен өзін қорғады. Жяу Чу ұзын найзасын сораңдатып, Хан Даңмен айқаса кетті. Хан Даң найзасын жалғыз сілтеп Жяу Чуды жалп еткізді. Соңынан келе жатқан Жаң Нан аттан сала ұмтылып еді, көлденең жағынан Жоу Тайдың қайығы шыға келді. Найзасын серпе ұстап, қайықтың үстінде түрегеліп тұрған Жаң Нан екі жақтан садақпен атқылатты. Бір қолымен қалқанын ұстап, бір қолына қылышын алған Жоу Тай екі қайық жақындаса бергенде көз ілестірмей секіріп, Жаң Нанның қайығына барып түсті. Оның қарулы қолымен сілтеген қылышынан Жаң Нанның денесі қақ бөлініп суға сұлап түсті. Онан соң қайықтағы жасақтар тегіс қырылды. Мұны көрген жаудың зәресі ұшып кетті. Басшыларынан айрылған топты қайық жапырылып артына қарай қашты. Хан Даң мен Жоу Тай қайықтарын зулата естіріп қуып берді. Дарияның ортасына барғанда алдарынан Уын Пиннің қолы шықты. Екі жақ кескілесе шайқасты. Жоу Иүй қолбасыларымен бірге тау басынан қарап тұр еді. Дарияның солтүстігіндегі жаудың сайыс қайықтары тегіс сап түзеп дария бетіне шықты. Тулары ретті, қатары тәртіпті екен. Одан берірекке көз салып еді, Уын Пиннің Хан Даң мен Жоу Тайға беріспей жанын сала арпалысып жүргенін көрді. Бір уақытта Хан Даң мен Жоу Тай күш сала

шабуылға өтті. Шыдастық бере алмаған Уын Пиң қайық басын кейін бұрып тұра қашты. Хан Даң мен Жоу Тай соңынан қуа жөнелді. Жоу Иүй оны көріп мына екеуі қызды-қыздымен ішкерілей кіріп жазым болар ма екен деп, дереу ақ туын көтеріп шақыру белгісін беріп, дабыл соқтырды. Мұны көрген екі батыр да кейін қарай қайтты. Тау төбесінен жаудың арғы жағадағы сайыс қайықтарының тегіс су бекінісіне шыққанын көрген Жоу Иүй қолбасыларына:

– Солтүстіктің қайықтары қопаның қамысынан да қалың екен, оның үстіне Сау Сау да қыры көп сайқал, қандай амалмен талқандасак болар?– деді. Оның бұл сөзіне ешкімде жауап беріп үлгермей жатып Сау Сау бекінісінің ішінен құйын көтеріліп, орталықтағы сары жалауды жел бір-ақ ұшырып, су бетіне түсірді. Мұны көріп қарқылдай күлген Жоу Иүй:

– Анау жау үшін жақсылықтың белгісі емес,– деді. Көпшілік тегіс ту жаққа қарай бергенде кенет қатты жел тұрып, дарияның толқыны жағаға келіп соғылды. Құйындатқан жел туды желкілдеткенде тудың бір шеті Жоу Иүйдің бетіне сарт ете түсті. Мұны да жаманшылықтың нышаны деп біліп, көңіліне күдік ұялаған Жоу Иүй “ойбай” деп артына қарай беріп құлап түсті, аузынан қызыл қан атқақтап кетті. Қолбасылар апыл-ғұпыл құтқаруға жүгіргенде Жоу Иүй әлдеқашан талып кеткен еді.

Сірә, Жоу Иүйдің тағдыры қандай халде? Оны келесі тараудан ұғыныңыз.

Жүгі Лян “Жетіжұлдыз” мұнарасында күн жайлатып, үш өзен құйғанын өртпен ойрандауы

Тау басынан жау жаққа көз тігіп ұзақ тұрған Жоу Иүй, бір уақытта шалқасынан түсіп, аузынан қан атқақтап талып қалды. Қасындағылар қатты сасып, сардар шатырына алып келді. Көңіл сұрай келген қолбасылар шошып кетті, ақыл таппай біріне-бірі қарап:

– Солтүстіктің миллион қолы дарияның аржағында жолбарыс-тай бұғып атылғалы жатқаны мынау, аузына түссең жайындай қылғи салмақшы. Бас қолбасының халі мынадай болып жатқанда зәуде Сау Сау қолы тап берсе қайтпекпіз?– десіп қатты әбігерге түсіп, ел сұлтаны Сүн Шуанға шабарман аттандырды да, өздері Жоу Иүйді емдеудің қамына кірісті.

Төсек тартып жатып қалған Жоу Иүйдің науқасына қатты алаңдаған Лу Су Жугі Лянға келіп науқастың мән-жайын айтты.

– Сіздіңше қалай?– деді Жугі Лян.

– Қалай дейтіні бар, дария шығысын қырсық шалды да, Сау Саудың бағы жанды,– деді.

– Жоу Иүй қолбасының науқасына менің бір емім бар,– деді Жугі Лян күліп. Лу Су:

– Мұныңыз рас болса, елімізге бақыт қонды десеңізші!– деп қолды-аяққа тоқтамай қуанып, Жугі Лянды науқасты көруге ертіп келді, өзі алдымен Жоу Иүйге келсе, ол басы-көзін тас қылып қымтап алып төсекте жатыр екен.

– Науқасыңыз қандай? – деді Лу Су.

– Іші-бауырым өртеніп тұр, мезгіл-мезгіл талықсып кетемін,– деді Жоу Иүй.

– Қандай дәрі ішіп жатырсыз?

– Жүрегім айнып, ішкен дәрім батпай тұр.

– Жугі Лянға барып айтып едім, бақылаушының науқасын мен емдеймін деді. Өзі келіп шатырдың сыртында тұр. Өуре көрмесеңіз емдетіп көрсеңіз қалай болар екен?

Жоу Иүй оны шақыртты. Қасындағылар оны сүйеп төсекке отырғызды.

– Бірнеше күннен бері дидарласа алмадым, есіл тәніңіз кашаннан бері сырқаттанып қалды?– деді Жугі Лян.

– “Бақ пен сор болжаусыз” деген емес пе, кім өз тағдырын алдын-ала болжай алсын?– деді Жоу Иүй.

– “Аспаннан соғар жел болжаусыз” деген де сөз бар ғой, пенде байғұс нені дәл болжай алсын,– деді Жугі Лян. Жоу Иүйдің өні қашып кетті, ыңкылдай бастады.

– Жүрегіңіз өртеніп, ішіңіз күйіп-жанып тұра ма?– деді Жугі Лян.

– Дәл солай.

– Суықтық дәрімен қайтару керек.

– Суықтық дәріні де іштім, түк себі болмады.

– Әуелі көңілді орнықтыру керек, көңіліңіз орнықса, ішкен дәрі бойыңызға сіңіп, тез жазылып кетесіз.

“Қу, ішің біліп отыр-ау”, деп ойлаған Жоу Иүй сөз тартып:

– Көңілді орнықтыру үшін қандай дәріні ішсе болады? – деді.

Жугі Лян күліп жіберді де:

– Менде бір дәрі бар, ішсеңіз болды көңіліңіз орнығады.

– Еміңізге зәрумін,– деді.

Шатырдың ішіндегілерді шығарып жіберіп қолына қағаз-қалам алған Жүгі Лян:

Алу үшін Сау Сауды маздап жанған өрт керек,
Басқасы дайың, шығыстан жетіп жатыр соқса леп,–

деген екі жол сөзді жазып Жоу Иүйге ұсынды да ауруыңыздың себебі осы болмағай деді.

Қағазды көрген Жоу Иүй қатты тіксініп: “Япырым-ай, мынау әулиенің тап өзі екен, жүрегімдегі дерттің үстінен түскенін қарашы, шынымды айтпасам болмас” деген ойға келді де, күлген болып:

– Дертімнің түйінін біліп те болыпсыз, іс шұғыл, қане қандай дәрімен емдейсіз? Құлағым сізде, үмітім сіздің ұлағатты ойыңызда, – деді.

– Пақырыңыздың өз білімі шамалы болса да, кезінде әулие шалыс адамдардан тәнір тәпсірінің хикметтерін оқып, күн жайлатуды үйреніп еді. Бақылаушы әмір оңтүстік-шығыстың дауылын қажет етсеңіз, Нанпиң тауының төбесіне бір мұнара жасаттырыңыз. Оның аты “Жетіжұлдыз” мұнарасы деп аталсын, биіктігі тоғыз кез, үш қабатты болсын, айналасына түрлі-түсті жалау ұстаған 120 адам сыятындай кең болсын. Пақырыңыз мұнараға шығып күн жайлатып, үш күн, үш түн толассыз оңтүстік-шығыстың дауылын соқтырып, сіздің шабуылға шығуыңызға көмек қолын созсын. Сізше бұл қалай,– деді.

– Үш күн, үш түнді қойып, бір күн соқтырып берсеңіз, мақсатымыз орындалар еді. Уақыт шұғыл, неғұрлым тезірек болса, – деді Жоу Иүй.

– Бірінші айдың жиырма жаңасында түн ортасы ауа жел тұрып, жиырма екінші жаңасына дейін күні-түнімен соғады, бұл қалай,– деді Жүгі Лян. Қуанышы қойнына сыймай орнынан ұшып тұрған Жоу Иүй бес жүз атпал жасақты Нанпиң тауына барып мұнара тұрғызуға жөнелтті, жүз жиырма адамға әлем-жәлем жалау ұстап, мұнараны күзетуді тапсырды.

Жүгі Лян Жоу Иүйге қошын айтып, Лу Сумен бірге Нанпиң тауына келді. Ол жасақтарға таудың оңтүстігінен қызыл топырақ алдырып, өзі лайық көрген бір жерден мұнара жасатты. Тағаны жиырма төрт аршын келетін дөңгелек мұнараның әр қабаты үш кезден жиыны үш қабат болды. Астыңғы қабатқа жиырма сегіз шоқ жұлдыздың белгісі бар ту қадалды; шығыс жағына әбжылан жұлдызы, айдаһар жұлдызы, құны жұлдызы, қоян жұлдызы, түлкі жұлдызы, барыс жұлдызы, қабылан жұлдыздарының нышанында жеті қаракөк ту тігіліп, көк айдаһардың бейнесіне келтірілді;

Солтүстік жағына мешін жұлдызы, өгіз жұлдызы, жарқанат жұлдызы, тышқан жұлдызы, қарлығаш жұлдызы, қабан жұлдызы, сарлық жұлдыздарының нышанында жеті қара ту тігіліп, әбжылан-тасбақаның бейнесіне келтірілді; Батыс жағына бөрі жұлдызы, сары ит жұлдызы, қырғауыл жұлдызы, қораз жұлдызы, тасбақа жұлдызы, маймыл жұлдызы, кісікиік жұлдыздарының нышанында жеті ақ ту тігіліп, ақ жолбарыс мүсініне келтірілді; Оңтүстік жағына арыстан жұлдызы, қошқар жұлдызы, елік жұлдызы, тұлпар жұлдыз, марал жұлдызы, оқжылан жұлдызы, шуалшаң жұлдыздарының нышанында жеті қызыл ту тігіліп, шымқай қызыл құстың бейнесіне келтірілді. Мұнараның екінші қабатына алпыс төрт сары ту жұлдызнаманың сегіз-сегіз алпыс төрт белгісінің нышанында тігілді. Жоғарғы қабатта айдарын төбесіне түйген, бастарына қалқайма бөрік, үстеріне ұзын қара шағи шапан киіп, белдеріне жеті қабат торғын белбеу буынған, аяқтарына қызыл кебіс киген төрт адам тұрды, екеуі алда, екеуі артта. Алдыда тұрған адамның сол жағындағысы қолына ұзын құрық алып, құрықтың ұшына құстың қауырсынын қадап, жел шақырудың нышанын жасап тұрды. Оң жағындағысы қолына ұзын бақан алып, бақанға жеті түрлі шашақ тағып, жел күшінің ғаламатын бейнеледі. Артта тұрған екі адамның сол жағындағысы қолына алмас қанжар ұстап, оң жағындағысы иісті шырақ алып тұрды. Мұнараның түбіндегі жиырма төрт адам қолдарына ақ, қызыл, қара, алуан түрлі әлем-жөлем ту алып, найза, айбалта сияқты қарулар ұстап, айнала қоршап тұрды. Бірінші айдың жиырма жаңасы – жұлдыздың сәтті күні таза суға шомылып, қатықсыз тамақ ішіп, діни шапан киген Жугі Ляң, шашын қобыратып жайып, жалаң аяқ мұнараға келді, Лу Суға:

– Мырза, әмір қосынға барып Жоу Иүй қолбасының жасақтарына көмектесіңіз. Зәуде ғалам күнді жайлата алмай қалсам, айыпқа бұйырмағайсыздар,– деді. Лу Су қош айтып жолына түсті. Онан соң мұнараны күзетіп тұрған жасақтарға:

– Тұрған орындарыңнан қозғалушы болмандар, бір-бірінмен сөйлесіп үн шығарушы да болмандар, кімде-кім бұл бұйрыққа қарсы келсе, басы алынады, күтпеген кездейсоқ іс болса, қорықпаңдар,– деді. Жасақтар бас шұлғып қабыл алды. Мұнараға шыққан Жугі Ляң алдымен бағдарды белгілеп, саптыаяққа су құйып, шырақ жағып, тұтанғыш тұтатып, аспанға қарап күбірлеп дұға оқи бастады. Онан соң мұнарадан қайта түсіп, шатырына кіріп дем алды, жасақтарды кезекпен тамақтандырды, сол күні Жугі Ляң мұнараға үш көтеріліп, үш түсті. Бірақ үп еткен жел тұрмады.

Чың Пу, Лу Су қатарлы бірнеше қолбасыларын қасына алған Жоу Иүй оңтүстіктен жел тұрса қол аттандырмақ болып, шатырында желді күтумен болды. Қалай сәйкесетіндіктері туралы Сүн Шуанға шабарман аттандырып, хабар жіберді. Хуаң Гай өрт жабдығын тиеген жиырма қайықты реттеп қойды. Қайық ішіне құрғақ қамыс, тамызық отын, балықтың майы, от алдыратын күкірт дәрілерді толтырып, бетін жауып, сыртын кенеппен орап, қайықтың тұмсығына қара көк ту қадап, артына жылдам желқайықтарды тіркеп, тас түйін болып, Жоу Иүйдің шабуыл бұйрығын күтіп отырды. Сәй Жұң мен Сәй Хыны бекініс ішіне қамап алған Гән Ниң мен Кан Зы олармен бірге арақ ішіп отырды, бірде-бір жасақты дария жағасына жібермеді. Айналаның бәріне тегіс дария шығысының жасақтарын орналастырып, арасынан ине өтпейтіндей етіп берік қоршап, әмір шатырдың шабуыл жарлығын күтумен болды. Жоу Иүй әмір шатырында әңгімемен отыр еді, біреу келіп:

– Ел сұлтаны Сүн Шуан қалың қолымен бекінісінен аттанып, сексен бес шақырым жерге келіп, сіздің хабарыңызды күтіп тоқтап тұр екен,– деп хабарлады. Жоу Иүй дереу Лу Суды қосындарға жіберіп: қару-жарақ, қайықтарын сақадай сайлап тұрсын, шабуыл бұйрығы берілген заман дереу кешікпей аттану керек. Қарсы келгендер әскери заң бойынша жазаланады,– деген жарлық таратты. Жарлықты естіген қалың сарбаздар да, сардарлар да білек сыбанып сайысқа сайланып тұрды. Күн кешкіріп түн болды, аспан шайдай ашық. Үп еткен жел жоқ. Жоу Иүй алаңдай бастады. Лу Суға:

– Жугі Ляң текке өтірік айтты-ау деймін, қыстың күні қашан оңынан жел тұрушы еді? – деді.

– Меніңше Жугі Ляң жалған айтпайтын кісі,– деді Лу Су. Түннің үшінші дабылына таяғанда жел гулеп, тулар желпілдей бастады. Жоу Иүй шатырдан шығып қараса, тулар солтүстік-батысқа қарай желпілдеп тұр екен. Лезде оңтүстік-шығыс дауылы аласұра жөнелді.

Қатты түршіккен Жоу Иүй:

– Мына адам әлемнің шырапатын шыр айналдыратын әулие екен ғой, адам тұр ғой албастыны жаңылтатын жан екен-ау, мұндай адамның тірі жүруі дария шығысының қырсығы. Ертерек көзін жойып, келер күннің қаупінен құтылуым керек екен,– деді. Әмір шатырдың қорғаушысы Диң Фың мен Шүй Шың деген екі қолбасыны шақырып:

– Екеуің жүзден жасақ алыңдар, Шүй Шың, сен дариямен, Диң Фың, сен құрлық жолмен Нанпиң тауындағы “Жетіжұлдыз”

мұнарасына барындар, барындар да табанда Жүгі Лянның басын кесіп, маған алып келіңдер. Осы жұмысты орындай алсаңдар екеуіңе разымын, сыйлықтан кенде қылмаймын,— деді. Бұйрықты алысымен айбалта, қылыш асынған жүз жендетті бастаған Шүй Шың қайыққа мінді де, садақ асынған жүздей қолды бастаған Диң Фың атпен Нанпиң тауына тартты. Бұл кезде оңтүстік-шығыс дауылы бетқаратпай долданып тұрған. Бұл жайлы соңғылардың аузында мынадай бір ауыз өлең қалған екен:

Жүгі Лян күн жайлатты тылсымменен,
Жел тұрды дария тулап, сілкінді әлем.
Жүгі Лян болмағанда тосу қайда,
Сау Сауды беті қайтып іркілмеген.

Мұнараға Диң Фының атты қолы алдымен жетті, туларын қымтап ұстаған мұнара күзеткен жасақтар желге қасқайып тікесінен-тік тұр екен. Аттан түсе салып, қылышын қолына алып, мұнараға ұмтылған Диң Фың ары іздеп, бері іздеп Жүгі Лянды таба алмады. Ол сасқалақтап мұнарадан жүгіріп түсіп, жасақтардан сұрады. Әлгінде ғана мұнарадан түсіп кеткен,— деді олар. Диң Фың мұнарадан түсіп жүгіріп іздеп жүргенде қайықпен Шүй Шың да келіп, екеуі дария жағасында бас қосты. Бір жасақ:

– Алдымыздағы анау шығанаққа кеше кеште бір ұшқыр қайық келіп тоқтаған еді, шашын дудардай қылып жайып алған Жүгі Лян жаңа ғана сол қайыққа түсіп өрлеп кетті,— деді. Шүй Шың мен Диң Фың бірі жағамен, бірі сумен дарияны өрлеп тұра қуды. Шүй Шың желкенді барынша көтертіп, қайықты бар пәрменінше жылдамдатты, Жүгі Ляндар алдында ғана кетіп барады екен. Қайықтың басына шығып айқай салған ол:

– Ақылшы, тоқтаңыз, бақылаушы әмір шақырып жатыр,— деді. Қайықтың арт жағында түрегеліп тұрып қарқ-қарқ күлген Жүгі Лян:

– Бақылаушы әміріңе сәлем айт, қолын шабуылға жақсылап шығарсын. Мен уақытша Шякуге кетіп барамын, дәм татса кешікпей тағы көрісеміз, — деді.

– Сабыр етіп тоқтаңыз, айтатын шұғыл сөзім бар,— деді Шүй Шың.

– Бақылаушы әміріңіздің менімен сыйыспайтынын, қастық жасайтынын баяғыда біліп, Жау Иүнді алдын ала шақыртып алғам. Қолбасым, әуре болып қумай-ақ қойыңыз!— деді Жүгі Лян.

Алдыңғы қайықтың өте кішкене, желкенсіз екенін көрген Шүй Шың тұра қуды. Таяп қалғанда садағының жебесін адырнаға қондырған Жау Иүң қайықтың құйрық жағынан түрегеліп:

– Чаңшандық Жау Иүнді танушы ма едің! Танысаң сол мен боламын, ақылшыны әкетіп барамын,– деп айқай салды.– Бір жебемен жайрата салайын-ақ деп ойлап едім, бірақ екі елдің әзіргі татулығына нұқсан келер, алдымен мынадан мені бір байқа, – деп тартып жіберіп еді, жебе Шүй Шыңның қайығының желкен тартқан жуан арқанын қылышпен қиғандай қиып түсті. Желкен суға қарай опырыла құлағанда қайық шоңқиды да қалды. Сонда барып өз қайығының желкенін көтерткен Жау Иүн желдің ығымен бірақ заулады. Қуғанмен қарасын көрсетер емес, зымырап барады. Жағадан қол бұлғап айқай салған Диң Фың Шүй Шыңды жағаға шақырып:

– Жүгі Лянның ақыл-парасатына ешкім шақ келе алмайды. Ал, ана Жау Иүн түмен адам төтеп бере алмайтын қаһарман. Даңның Чаңбанчяу көпіріндегі сайысты естімеп пе едің? Екеуміз кері қайтып, жөнін айтсақ болды,– деді. Қайтып барып Жоу Иүйге жолыққанда екеуі Жүгі Лянның Жау Иүнмен алдын ала уәде байлап, қайық алдырып кетіп қалғанын айтты. Қатты шошынған Жоу Иүй:

– Мынадай айлалы жан тірі жүргенде менің күндіз күлкім, түнде ұйқыым келмейді десеңші,– деді.

– Сау Сауды алғаннан кейін бір жөні табылар,– деді Лу Су.

– Лу Судың айтқанын күп көрген Жоу Иүй қолбасыларын шақырып жарлық түсірді. Гән Ниңге қасына бірге бағынып келген жасақтармен қоса Сәй Жұнды алып, дарияның оңтүстік жағасымен жүруді бұйырды.

– Солтүстіктің қолынша жасанып тура Уүлинге кір де Сау Саудың азық-түлік қамбасын бас. Ішкерлеп кірген соң өрт қойып белгі бер, жалғыз Сәй Хы ғана шатырында қалсын, оны менің жұмсайтын жерім бар,– деді. Онан соң Тайшысын шақырып:

– Сен үш мың қолмен Хуаңжоудың шекарасына барып, Сау Саудың Хыфидан келетін қолының жолын ал, Сау Сау қолына таяғанда өрт қойып белгі бер, қызыл ту көрінсе біздің сұлтанның қолының жеткені деп ұқ, – деді.

Алдымен алыс жолға шығатын осы екі қосын қолды аттандырды. Үшінші кезекте Лүй Минды шақырып, үш мың қолмен Уүлинге барып, Гән Ниңнің қолымен бірігіп Сау Саудың бекінісін өртейсің,– деп бұйрық берді. Төртінші кезекте Лиң Тұңға үш мың қолымен Илиң жақтың шекарасын кесіп, Улиңнен өрт шыққан кезде майдандағы қолмен ұштасу бұйрығы берілді. Онан соң Дұң Чиге үш мың қолмен Ханяңға барып, ақ туды көрген заман Сау Сау бекінісіне шабуыл жасау тапсырылды. Алтыншы кезекте Фан Жаңға үш мың қолмен ақ ту алып Ханяңға барып Дұң Чимен тізе

қоса шайқасу тапсырылды. Сонан соң бұл алты қосын қол қайыққа отырып жолға түсті. Өрт қоятын қайықтарын жабдықтап болған Хуан Гайға: дереу Сау Сауға адам жіберіп бүгін түнде барып бағыну уәдесін беру тапсырылды. Төр үлкен сайыс қайығы Хуан Гайдың қайықтарына сәйкесетін болды. Мұнан тыс Хан Даң, Жян Чиң, Жоу Тай, Жян Чиң, Чын Уү деген сардарлар бастаған төрт қосын әрқайсысы үш жүзден шабуылшы қайық алып, алдарына жиырма өрт қоятын қайықты салып, тіке шабуылға өтетін болды. Жоу Иүйдің өзі Чың Пумен бірге үлкен қайыққа мініп, соғысты бақылайтын болды, Шүй Шың мен Диң Фынды қорғаушылыққа алды. Лу Су мен Кан Зи ақылшылармен бірге бекіністі сақтайтын болды. Жоу Иүйдің қолмен қойғандай бұл орналастыруына Чың Пу іштей қатты разы болды.

Ел сұлтаны Сүн Шуан арнайы хабаршы жіберіп, Лу Шүнді атойшыл етіп, Чишия мен Хуанжоуға қарай аттандырғанын, өзінің арттан көмекке келу үшін келе жатқанын хабарлады. Жоу Иүй де кісі жіберіп Ши тауында зеңбіректің атылуын, Нанпин тауында жалау көтерілуін белгі ететіндігін айтты. Екеуі де сақадай-сайланып тек ымырттың үйірілуін ғана күтіп тұрды.

Шякудегі Лю Би бұл күні Жугі Лянның келуін зарыға күтіп отыр еді, бір қосын қайық Саулап жетіп келді. Сөйтсе, сенімді серіктерін ертіп, хабар алуға келген бекзада Лю Чи екен. Оны қала қорғанының үстіне ұсыныс етіп, амандасқан Лю Би жайғасып отырған соң:

– Шығыс түстіктің желі соққалы не заман, Жугі Лян мырзаны әкелуге Жау Иүн кетіп еді, әлі оралмады, қатты аландап отырмын, – деді. Қастарында тұрған қарауыл сарбаз Фанкудің құйғаны жақты нұсқап:

– Бір кішкене желкенді қайық келе жатыр, ақылшы болу керек, – деді. Лю Би мен Лю Чи қарсы алмаққа қорғаннан түсті.

Лезде Жугі Лян мен Жау Иүн де жағаға шықты. Лю Би қатты қуанды. Аман-сәлемнен кейін, Жугі Лян:

– Алдымен басқаны қоя тұралық, ана жолғы айтылған қажетті қол мен қайықтар дайын ба? – деді.

– Дайын болғалы қашан, құрал-жабдықты жабдықтап, өзіңізді күтіп отырмыз, – деді Лю Би. Олар әмір шатырға жайғасып отырған соң Жугі Лян Жау Иүнге:

– Үш мың қол алып дариядан өтіп Уүлиннің жан жолымен барып, тоғайы қалың, қопа қамысты жерінен бекініс ал, түннің төртінші дабылынан кейін Сау Сау сол жерден босып өтеді.

Олардың қолы жетіп қопаға кіріп болған соң өрт жібер. Бәрі тегіс қырылмаса да жарымы жер жастанады, – деді.

– Уүлинде екі жол бар, біреуі Нанжинге, біреуі Жиңжоуға кетеді, қайсы жолмен кетерін кім біледі?– деді Жау Иүн.

Жағдайы нашар, Нанжинге баруға Сау Саудың батылы бармайды. Қалайда Шүйчанға өткізу үшін Жиңжоуға тартады, – деді Жугі Лян. Осыдан кейін Жау Иүн дереу аттанып кетті. Жугі Лян Жаң Фиға үш мың қол мен дариядан өтіп Илиңнің жолын кесіп, Хулу сайының аузынан барып торуылда. Сау Сау қалайда Илиңнің теріскейіне қарай тартады. Ертең жауын басылған соң сол жерден келіп тамақтанады, ас пісірген түтін шыға бергенде тау етегінен өрт қоя берсең, Сау Сауды ұстамасаң да бұл жолы аз еңбек көрсетпейсің, – деді. Жаң Фиде аттанып кетті. Онан соң Ми Жу мен Ми Фаң, Лю Фың үшеуіне қайықтарын дайындап дария жағалап, қашқан жасақ болса ұстап, жолда қалған қару-жаракты жинауды тапсырды. Бұйрық алған ол үшеуі де жүріп кетті. Онан соң орнынан түрегеліп бекзада Лю Чиге: Уұчаң өңірі маңызды жер, сіз қайтып барып, қосыныңызды бастап жағада болыңыз, жеңілген Сау Сау қолынан қашатындар көп шығады, соларды шетінен ұстай беріңіз, бірақ қаладан жеңіл-желпі шығып кетпеңіз, – деді. Лю Би мен Жугі Лянға қош айтып Лю Чи де жүріп кетті. Жугі Лян Лю Биге:

– Иеміз, сіз қолыңызды бастап Фанкудің құйғанына бекініп, өзіңіз биікке шығып бүгін түнде Жоу Иүйдің қалай жеңгенін көріңіз, – деді. Гуан Гүн қасында тұрса да Жугі Лян оған қараған жоқ. Бұған шыдай амлаған Гуан Гүн дауысын қатайтып: Гуан Гүн пақыр ағайға ілесіп жорық жасаған көп жылдардан бері қатардан қалып көрмеп еді. Бүгін азулы жаумен айқасқанда, ақылшы, мені санаттан шығарып тастағаныңыз не? – деді. Жугі Лян күлді де:

– Қолбасым, айыпқа бұйыра көрмеңіз, мен әсілі сізді ең бір маңызды қамалға жіберейін деп ойлап едім, бірақ жөні келмейтін болды да, жіберуге батылым бармады, – деді.

– Айтыңызшы, жөні келмейтін не бар? – деді Гуан Гүн.

– Өткенде қолына түсіп қалған кезіңізде Сау Сау сізді қатты қадірлеген, алмақтың да салмағы бар дегендей бүгін оның күні сізге түспек. Ертең Сау Саудың жеңілген қолы қалайда Хуарұң қысаңынан өткелі отыр, егер сізді осыған жіберсем, оны ұстамай қоя беретініңіз даусыз. Сол себепті ол жерге жіберуге көңілім соқпай тұр, – деді.

– Ақылшы, кеудеңіз күмәнға толып кеткен, секем алмайтын нәрсеңіз жоқ. Ол кезде Сау Саудың мені қатты қадірлегені рас,

бірақ, мен Ян Лиянды мен Уын Чүүді жайратып, Бәйма қоршауын талқандап, ол жақсылығын ақтап болғам, оған қарыздар емеспін, енді кездесе оны оңай қоя бермеймін! – деді Гуан Гүң.

– Ал, егер, қоя беріп қойсаң қайтесің?

– Қолымнан қолхат берейін.

– Ондай болса, хатынды жаз, – деп Гуан Гүңнің қолына қағаз, қалам берді.

– Егер Сау Сау бұл жолмен жүрмесе ше? – деді.

– Мен де саған қолымнан қағаз берейін, – деді Жугі Ляң. Гуан Гүң жадырап сала берді.

– Сіз Хуарұнның соқпағымен таудың асуына шыққан соң, шөп-шалаң үйіп, үлкен түтін салыңыз, сонда Сау Сау жетіп келеді, – деді Жугі Ляң.

– Сау Сау түтінді көрсе торуыл қол бар деп ойлайды, ол өңірге өлімінде баса ма? – деді Гуан Гүң. Жугі Ляң күліп жіберді:

– “Әскери әдіс – шыны мен өтірігі шалыс” дегенді естімеп пе едің, Сау Сау қанша сақ болса да алданады. Ол түтінді көрген соң бұл жердің күші әлсіз болған соң қара көрсетіп отыр деп ойлайды да, қайткен де де солай қарай тартады. Қолбасым, тек қоя бермеуге кепілдік етсеңіз болды, – деді Жугі Ляң

Гуан Пин мен Жоу Саң бастаған бес жүз сайлауыт қолды алған Гуан Гүң Хуарұң асуынан торуыл алуға жүріп кетті. Лю Би:

– Менің бұл бауырымда әділеттік, адамшылық өте күшті еді, егер Сау Сау Хуарұң асуымен жүретін болса, шынында қоя беріп қоя ма деген қауіпім бар, – деді.

– Мен түнде аспан ғайыбын болжап едім, Сау Сау қаракшының дәм-тұзы әлі таусылмапты, оған осы жолғы адамшылықты Гуан Гүңнің қолымен істету жөн, – деді Жугі Ляң.

– Мырза, ақылыңыз әлемде сирек кездеседі, – деді Лю Би. Мұнан соң қаланы қорғауға Сүн Гән мен Жян Иүнді тастап, Лю Би мен Жугі Ляң Жоу Иүйдің қол жасақтауын көрмекке Фанку күйғанына кетті.

– Сау Сау үлкен бекінісінде қолбасыларымен кеңес құрып, Хуаң Гайдың хабарын күтумен отыр еді. Аяқ астынан оңтүстік-шығыстан жел тұрды. Чың Иүй кіріп:

– Міне, оңтүстік-шығыстан жел тұрды, алдын-ала сақтанған жөн еді,– деді. Алақыстай шығыстан бір жел соқпайды дейсің бе! Мұның не таңданатыны бар?– деп күлді Сау Сау. Сөйтіп отырғанда жасақтар: дария шығысынан бір қайық өтіп келді, қайықтағы адам Хуаң Гайдың құпия хатын әкеліпті,– деп хабарлады. Сау Сау ол адамды алдына шақыртты. Келген адам

хатты ұсынды. Хатта: Жоу Иүйдің сақтығы күшті болғандықтан қапысын тауып шыға алмадым, бүгін Бояң көлінен азық-түлік тасыған қайықтар келіп Жоу Иүй мені соның күзетіне шығарды, орайы келіп тұр. Дария шығысының білікті қолбасыларын өлтіріп басын алып барамын. Бүгін түннің екінші дабылынан соң алдына қаракөк ту тіккен қайықтар барады, оның бәрі астық басқан қайықтар”, – деп жазылыпты. Қуанышы қойнына сыймаған Сау Сау қолбасыларын ертіп су бекінісіне келіп, бас әмірдің үлкен қайығына шығып Хуаң Гай қайықтарының келуін күтіп тұрды.

Дария шығысындағы Жоу Иүй күн кешкіріп, ымырт үйрілген соң, Сәй Хыны шақыртып жасауылдарға байлатты. Сәй Хы:

– Нақақпың, – деп ойбайлады.

– Жалған тізе бүгуге басыңды өлімге тігіп келген жүрегіннің түгі бар неме екенсің, ту қандайтын құрбандығым кемшін еді, сенің басыңмен толықтансын, – деді Жоу Иүй. Сәй Хы бұлтара алмай:

– Кән Зы мен Гән Ниннің де ақылы менімен бірге еді, – деді.

– Олар менің саған әдейі салған адамдарым, – деді Жоу Иүй. Сәй Хы енді қанша өкінгенмен орны толмасын білді. Жоу Иүй оны дария жағасындағы қара тудың астына апарып, суға арақ шашып, қағаз өртетіп, басын алдырып, қанымен ту қандады. Сонан соң шабуылға шығуға бұйрық берді. Кеудесіне жүрекше сауытын киіп, қолына алмас қылышын алған Хуаң Гай туына: “Атойшыл Хуаң Гай” деп бадырайта жазып қойып, өрт қоятын қайықтардың үшіншісінде отырып, желдің ығымен қайықтарын заулатып солтүстік-батыс жағаға қарай жөнелді. Шығыстан соққан дауыл үдей түсіп, бұйра жал толқын көтерілді. Әмір қосынында тұрып дария айдынына көз салған Сау Сау, айдың жарығында ақ жыландай ирелендеп дөңбекшіген толқынды көріп, желге қасқая қарап қарқылдап күліп қатты масаттанды. Кенет бір жасақ дарияны нұсқап:

– Анау жақта қара барқын топ көрінеді, жел ығымен келе жатқан онтүстіктің қайығы болмасын, – деді. Сау Сау биік сатыға шығып қарады.

Бәрі алдына қаракөк ту қадапты, ішінде бір үлкен ту көрінеді. Оған “Атойшыл Хуаң Гай” деп жазылыпты деп хабарлады шолғыншылар.

– Хуаң Гайдың тізе бүгуі жаратқанның маған жар болғандығы! – деді Сау Сау күліп. Қайық жақындай берді. Көзін алмай тесіле қарап тұрған Чың Иүй әлденеге күдіктеніп Сау Сауға:

– Мынау жалған бағынған қайықтар, қорғанысқа жақын-датпаңыз, – деді.

– Қалай білдіңіз? – деді Сау Сау.

– Астық басқан қайық салмақты, орнықты келмей ме? Мына қайықтар тым жеңіл, түн ішінде онынан соғып тұрған дауыл мынау, егер жалған бағынып келген жаудың шабуылшы қайығы болса, қалай төтеп бермексіз?– деді Чың Иүй. Сонда барып миына су жүгірген Сау Сау:

– Кім барып тоқтатады?– деді.

– Суға ебім бар, мен барайын,– деді де Уын Пиң кішкене қайыққа қарғып шығып, қолын бұлғап еді, оншақты шолғыншы жел қайық Уын Пиңмен бірге атыла жөнелді. Қайықтың алдында түрегеліп тұрған Уын Пиң:

– Уәзір жарлық етті, қайықтар бекініске жақындамай, шөгермесін сол жерге тастап тоқтасын,– деп айқай салды. Қасындағы жасауылдар да:

– Желкендеріңді түсіріндер! – деп айқайлады. Бұлар аузын жиғанша, зу етіп ұшқан жебе Уын Пиңнің сол білегіне қадалып, қалпақтай ұшырды. Қайықтары ұйқы-тұйқы болып, бет-бетіне тозып кетті. Сау Саудың су бекінісі мен оңтүстік қайықтарының арасы желіарқан бойы ғана қалған екен. Хуаң Гай қылышын бір сілтегенде алдыңғы қайықтардың бәрі өрт қойды. Дауыл отқа май құйғандай өртті құтыртып жіберді. Аспанды қызыл жалын өрт алды. Жиырма қайық өрт сала жүріп су бекінісіне кіріп те кетті. Сау Саудың қайықтары тегіс өртене бастады. Шынжырмен маталған қайықтар бұра тартып кашуға үлгермеді. Дарияның оңтүстігінен гүрс еткен зеңбірек дауысы шыққанда, бекіністің төрт төңірегінен өрт қоюшы қайықтар қаптап кетті. Лезде үш өзен құйғанындағы ұлан байтақ дария айдыны лапылдаған қызыл жалынға айналып, жер мен көк қап-қара түтінмен тұтасып кетті.

Сау Сау жағадағы бекінісіне көз салып еді, оның да бірнеше жерінен өрт маздап жатыр екен. Бір кішкене қайыққа қарғып мінген Хуаң Гай қайығын желдірте айдап, көк түтін, қызыл жалынның арасына кіріп, Сау Сауды іздеді. Жағдайдың насырға шапқанын білген Сау Сау жағаға шығудың қамын қарастырып еді. Енді секіруге ыңғайлана бергенде кішкене қайығын айдаған Жаң Ляу жетіп келіп, сүйемелдеп қайығына шығарып алды. Сау Сау желқайыққа енді отыра бергенде жаңа ғана өзі отырған үлкен қайықтың лап етіп өртенгенін көрді. Оншақты жасағымен Сау Сауды қорғаштаған Жаң Ляу жағаға қарай зытты. Анадай жерден қызыл шапанды біреудің желқайыққа мінгенін көрген Хуаң Гай дәуде болсаң Сау Сау-ақ боларсың деп ойлап, қылышын алып қайығын желдіртіп тұра қуды.

– Сау Сау қарақшы, қайда қашып құтыласың! Артыңда Хуаң Гай келеді! – деп айқайлады. Зәресі ұшқан Сау Сау ойбай салды, жалма-жан жебесін адырнаға қондырған Жаң Ляу Хуаң Гай таяп қалғанда тартып жіберді. Гуілдей соққан дауылдың үнімен қызыл жалынның ішінде жебенің ұшқан даусын Хуаң Гай қайдан аңғарсын. Қарулы қолдан шыққан серпінді жебе иығына келіп сарт ете түскенде дарияға құлады.

Лю Бидің ұрын баруы

Лу Судың келе жатқанын естіген Жугі Ляң мен Лю Би оны қала сыртынан алдынан шығып қарсы алды. Ордаға келіп аман-сәлем аяқталған соң, Лу Су сөз бастап: иеміз немере ініңіздің қайтыс болғанын естіп, пақырыңызды арнайы көңіл айтуға жіберді. Жоу Иүй бас бақылаушы да, хан ағасы Лю Би мен Жугі Ляң мырза екеуіңізге үш қайтара сәлем айтты, – деді. Орындарынан түрегеліп, алғыстарын білдірген Лю Би мен Жугі Ляң сәлем-сауқаттарын қабылдап дастарқан жайғызып, шарап құйғызып күліп жатыр. Лу Су: алдыңғы жолы хан ағасы өз аузынан бекзада олай-бұлай болып кетсе Жиңжоуды қайтарып береміз, деп еді. Бекзада дүние салды, енді жерімізді қайтарып берерсіздер? Десе де, дәл қашан тапсыратындықтарыңызды айтып, уақытын белгілесек жөн болар еді? – деді. Мырза шарап алыңыз бір ақылы болар, – деді Лю Би. Лу Су бірнеше тостаған шарапты сіміріп жіберіп, сөз сарынын тағы жер сұрауға бұрды. Лю Би ештеңе демеді. Жугі Ляң өнін салып: мырза ылғи біреудің аузын бағып отырудан жалықпайсыз ба? Сөзді тым төте айтасыз, жөн-жосықты білетін адамсыз, осы сөзіңіз өзіңізге лайық па? Патша ағзам Хан Гаузу әбжыланды қақ бөліп, көтеріліс жасап, ел іргесін қалағаннан бері патшалық жалғасып келіп еді. Бақытқа қарсы әр жерден залым алаяқтар шығып, жерді түс-тұсына кесіп алды. Бірақ солай екен деп оларды еркіне жібере беруге болмайды ғой, түбінде патшаның жолы қалпына келіп, өмір ұлы арнасына түсуі керек қой. Менің ием Жұңшан Чын Уаңның тұқымы, мирасқор патша Шяу Чиң Хуаңдидың шөбересі, бүгінгі тақтағы патшамыздың ағасы, олай болса, бұл кісіге неге сыбағалы жер тимейді. Онан қалса Лю Биәу бұл кісінің ағасы, інісі оның артына мұрагерлік етсе бұл да орынды іс емес пе? Сенің иең Чянтаңнан шыққан бір кішкене атқамінердің баласы болатын, патшаға тарыдай еңбек көрсеткен жоқ, қазір ықпалын асырып алты аймақ, сексен бір ауданды қолында ұстап отырса да, оған көзі тоймай, енді патша тұқымының жерін тартып

алғысы келеді, осы әділдік пе? Патша тұқымы Лю текті менің иеме сынық сүйем жер қалдырмай, патшамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Сүн текті сенің иеңнің бәрін бауырына баспақ болуы қалай? Солтүстік-батыс жағадағы шайқаста, бұл кісінің еңбегі кімнен кем болды. Соғыстың тағдырын шешкен кім екенін сіз жақсы білесін ғой! Енді мұның бәрінің Жоу Иүйдің еңбегі болып қалатыны қалай? Егер мен оңынан дауыл тұрғызбасам, Жоу Иүй сардар қолынан не келер еді. Егер Оңтүстік қолдан кетсе, Чяу текті қос сұлудың “Мысторғай” мұнарасының тұтқыны болуын айтпағанда, мырза, сіз өз қатын, бала-шағаларыңызды да аман алып шықтыңыз. Менің ием сіз ойламаңыз бар оқымысты адам болған соң, өзі білер деп ашып айтпай отыр, сіз осыны неге түсінбейсіз. Мырза, арнайы қазаға көңіл айтып келген екенсіз, сол жолыңызбен қайтпайсыз ба? – деді. Бұл сөздер Лу Судың тамағына тығылған тастай болды, онан ары аузын аша алмады. Бірдемнен соң зорға ойын жинап тіл қатты:

– Жүгі Ляң мырзаның сөзінің жөні не бар, не жоқ шығар, пақырыңызды өзінің жеке басының пәлеге қалатыны қинап отыр, – деді.

– Басыңызға қалай іс түспек? – деді Жүгі Ляң.

Өткенде хан ағасы Хандаң да мүшкіл халге тап болғанда, Жүгі Ляң мырзаны дариядан өткізіп, иемізге жолықтырған мен едім. Жоу Иүй қолбасы қол аттандырып, Жинжоуды аламын дегенде, тоқтатып қалған да мен едім. Бекзада қайтыс болған соң, Жинжоуды қайтарып береді деген сөзге де араға жүріп кеудесін қаққан тағы осы пақырыңыз болатын. Қазір алдыңғы сөз сөз болмай қалып отырғанда, пақырыңыз не бетімен қайтып бара алды. Иеміз бен Жоу Иүй қолбасының айыптауы дұрыс. Енді бір жағынан ойласам пәле тек менің басыма ғана түссе бір сәрі, сіздердің бұл қылықтарыңыз Уұ елінің шамына тиюі мүмкін. Ондай жағдайда Жоу Иүй қолбасы қалың қолын бірақ қаптатса, хан ағасы Жинжоуда малдас құрып отыра алмас, жұрттың күлкісіне қалмайсыздар ма?– деді Лу Су.

Патшаның атын жамылып, бір миллион қолмен ақырзаман орнатамын деп келген Сау Сауды қалай маңдайға ұрғанымызды көрмедіңіз бе? Бізге тентек бала тәрізді Жоу Иүйдің шамасы қайдан жетсін, тіпті оны пәлендей күшті жау қатарына қосудың қажеті не, одан неге шошуымыз керек, мырзаның қайтуға беті күйіп отырған болса, мен иемізге ақылымды айтып, Жинжоуды әзірше қарыз ретінде ұстай тұрып, кейін басқа жақтан жер тапқан соң Уұ еліне беретіндігіміз туралы қағаз жаздырып берейін. Бұған қалай дейсіз?– деді Жүгі Ляң.

– Сізше қай жерді алған соң, қашан қайтарып бересіз?– деді Лу Су. Жугі Лияң оған: қазірше орта жазықты шұғыл қолға түсіре қою қиын, батыс Сышуандағы Лю Жаңның шамасы шақты, иеміз әуелі соны алмақшы, егер батыс Сышуанды қолға келтірсек, сол кезде берейік,– деді. Амалсыз қалған Лу Су осы сөзге көне кетті. Лю Би өз қолымен қағаз жазып қолын қойды. Куәгер ретінде Жугі Ляң да қолын қойды. Пақырыңыз хан ағасының адамы, өз шаңырағына өзі куәгер бола ала ма? Лу Су мырза сіз де қолыңызды қойыңыз. Сұлтаныңызға барғанда іс тыңғылықты болсын, – деді Жугі Ляң. Хан ағасының уәдеден таймайтын әділетті адам екенін білемін,– деп Лу Су да қолын қойды. Қағазды қалтасына салған Лу Су қонақасы аяқталған соң қош айтып қайтып кетті. Лю Би мен Жугі Ляң қайықтың қасына дейін шығарып салды. Ол қайыққа мінгенде Жугі Ляң: мырза, сұлтаныңызбен жолыққанда жақсылап айтыңыз, есек дәмеге салынып жүрмесін, егер мына хатты қабыл алмайтын болса, біз беттің арын белбеуге түйіп, Жиңжоу тұр ғой өз қолындағы сексен бір ауданды да тартып аламыз. Біздің ойлағанымыз тату-тәтті отырған екі ел Сау Саудың күлкісіне қалып жүрмейік дегеніміз, – деп қадағалады. Қайығына отырып жолына түскен Лу Су әуелі Чайсаңдағы Жоу Иүйге барып жолықты. Жиңжоуды алу жайыңыз қалай болды? – деді Жоу Иүй. Алып келген қағазым бар, – деп Лу Су хатты Жоу Иүйге ұсынды. Хатты көріп шыққан соң Жоу Иүй мырза, Жугі Ляңның тұзағына түсіпсіз, көріністе қарыз алу деп аталғанмен сөздің төркіні жаман екен. Сышуанның батасын алған соң қайтарамыз депті. Олар батыс Сышуанды қашан алмақ, егер он жылда ала алмаса, он жыл күтеміз бе, мұндай қағаздың керегі не, аяғына тағы өзіңіз куәгер ретінде қол қойыпсыз, егер олар жерді қайтарып бермесе мұның пәлесі сізге тиеді. Иеміз кінәні өзіңізге тақса қайтеміз? – деді. Бұл сөздерді естіп аңтарылып қалған Лу Су не заманнан соң Лю Би маған уәдесіздік ете қоймас, – деді. Аңқылдақ-ақ жансыз-ау, мырза, Лю Би барып тұрған сойқанның өзі емес пе, ал Жугі Ляң ұшына шыққан алаяқ, оларды өзіңізбен салыстырғаныңыз не?– деді Жоу Иүй. Олай болса енді қайтеміз,– деді Лу Су. Басыма іс түскенде сіз хан басымен астығыңызды беріп, шапағат еткен едіңіз, мынадай да сізді қалай құтқармайын. Сіз қамсыз болып бірнеше күн демалыңыз, дарияның солтүстігіне кеткен жансыздар келген соң, бір жөнін табармыз деді,– Жоу Иүй. Қоясы түсе қорыққан Лу Судың ішкен асы бойына сіңбеді. Бірнеше күннен соң жансыздар қайтып келіп: Жиңжоу қаласында самсаған қара тулар асылып, қайыр-сақауат ісі жүргізіліп, қаланың сыртына үлкен

зират салынып жатыр. Жасауылдар тегіс қара байлапты деген хабар жеткізді. Тіксіне сұраған Жоу Иүй кім қайтыс болыпты?– деді. Лю Бидің қосағы Гән ханым қайтыс болыпты, сол кісінің артын күтіп қарбаластанып жатқан көрінеді, – деді жансыздар. Жоу Иүй аз үнсіз отырды да: амалым іске асатын болды, Лю Би енді қол аяғын өзі байлап береді, Жиңжоу ашсақ алақанымызда, жұмсақ жұдырығымызда деген осы,– деді Лу Суға қарап.

– Ол қалай?– деді Лу Су.

– Лю Бидің әйелі қайтыс болды, қалайда төсек жаңғыртпай тұра алмайды. Иеміздің бір қарындасы бар. Өзі елден асқан сұлу, еркектен бетер жүректі, қолына мұздай қару алған жүздеген күн ұстайды. Үйінің іші самсаған қару-жарақ, менмін деген батыр еркектің өзі шақ келмейді. Мен иемізге қағаз жазып Лю Биді күшік күйеу етуге ұсыныс етейін. Жиңжоуға құдалыққа кісі жіберсін, алдап Наншүйге алып келген соң, оған қалыңдық қайда, абақтыға қамаймыз да тастаймыз, сонан соң Жугі Лияңға Жиңжоуды қайтарсаң Лю Биді береміз деп отырып аламыз. Жиңжоуды алған соң, кейінгі істің жөнін өзім ыңғайлаймын. Сізге де сөз келмейді, – деді. Лу Су тағызым етіп алғысын айтты. Лу Судың қолына қағаз жазып берген Жоу Иүй ұшқыр қайық мінгізіп, тізгін ұшымен Наншүйге, Сүн Шуанға аттандырды. Сүн Шуанның алдына барған Лу Су әуелі Жиңжоуды қарыз алғаны туралы Лю Бидің хатын ұсынды. Хатты оқыған Сүн Шуан: “Сіз осындай ақымақ па едіңіз, мына қағаз неге тұрмақ?” – деді. Лу Су оған тым жаси қойған жоқ, бас бақылаушының сізге жазған хаты бар. Олардың өз айласын өзіне істетіп, Жиңжоуды алмақ деп Жоу Иүйдің хатын ұсынды. Хатты көріп басын изеп іштей қуанған Сүн Шуан кім барса болар екен деп ойлана қалып, бір нәрсе есіне түскендей, Луй Фан бармаса болмайды деді де, табанда Луй Фанды шақыртып, Жиңжоудағы Лю Бидің әйелі қайтыс болыпты деп естідім. Менің бір қарындасым бар, Лю Биді сол қарындасыма үйлендіріп, олармен ақыреттік құда болсам. Екеуміз тізе қоса отырып, бірлікте Сау Сауды алып, хан патшасына демеу болсақ деймін. Бұл құдалыққа сіз жүрмесеніз басқа ешкім ебіне келтіре алмайды. Жиңжоуға барып сөз салып келіңіз деді. Луй Фан осы ақыл бойынша жолға дайындалып, бірнеше атқосшы ертіп Жиңжоуға жүріп кетті. Қосағынан айрылған Лю Би күндіз-түні қамығып, қасірет шегіп жүрген. Бір күні Жугі Лянмен бірге көңіл ашып отыр еді, Уұ елінен Луй Фан келіпті деген хабар жетті. Жугі Лян мырс ете түсті де:

– Бұл Жиңжоуды алмаққа жасаған Жоу Иүйдің айласы. Мен қалтқының ар жағында жасырынып тыңдап отырайын, сіз ол не айтса да бәрін құптап мақұлдай беріңіз. Одан соң оларды қоналқаға жатқызып қойып, бір ақылын табамыз,– деді. Лю Би дереу адам жіберіп Луй Фанды алдына шақыртты. Аман-сәлем аяқтап орынға отырып шай ішіп болған соң:

– Луй Фан мырза, қандай бұйымтаймен келдіңіз? – деп өзі сөз бастады.

– Пақырыңыз жуырда хан ағасы құдай қосқан қосағынан айрылды дегенді естіп, өз теңіңіз болатын бір қалыңдық тауып, арнайы келіп отыр. Өзіңіздің үйлену ойыңыз бар ма? – деді Луй Фан.

– Орта жасқа келгенде жарыңнан айрылу үлкен бақытсыздық екен. Топырағы суымай жатып үйлену туралы ауызға алуға дәтім бармайды,– деді Лю Би.

–“Әйелі жоқ еркек – матшасы жоқ үймен тең”, – деген емес пе, жарым жолда тойтарылуыңыз жөн емес. Сұлтанымыздың сұлулығына ақылы сай бір қарындасы бар, тек сіздің ғана теңіңіз. Екі шаңырақ Чин хандығы мен Жин хандығындай “сар сүйек” болсаңыздар, Сау Сау қарақшының оңтүстік-шығысқа қарай аттауға дәті бара ма? Бұл жеке шаңырақтың ғана емес, елдің елдігіне пайдасы тиер іс. Хан ағасы, әлдеқалай ойламаңыз, тек Уұ елінің ханымы бұл қызын жанындай жақсы көріп, алысқа ұзатуға қимайды. Хан ағасын босағасына енгізіп алу ойы бар, – деді Луй Фан.

– Мұны Уұ елінің сұлтаны біле ме?– деді Лю Би.

– Сұлтан білмесе біз келе алар ма едік!

– Мен орта жасқа келіп самайыма ақ кірген адаммын, сұлтаныңның қарындасы уылжыған жас, дәм-тұзымыз жараса алар ма екен?

– Сұлтанымыздың қарындасы заты әйел демесе, еркекке бергісіз ойламы бар жан. Әлемге аты шыққан ер жігітке тиемін деген сөзі де бар. Хан ағасының атақ-даңқы жер жарып тұр, бір-біріңізге сайсыздар. Бірнеше жастың ары-берісінде не тұр. Лю Би ойланған болып:

– Мырза, бүгінше сіз ерулей тұрыңыз, келесі күні жауабын берейін, – деді.

Соңынан қонақасы беріп оларды күтіп қоналқаға жайғастырып қойып Жүгі Лянмен ақылдасты.

– Ли Фанның келген шаруасының беталысын пақырыңыз баяғыда-ақ шамалаған, бал ашып көріп едім, үлкен жақсылықтың

нышаны байқалды. Ұсынысын қабыл алыңыз да, Луй Фанға Сүн Гәнді қосып сұлтанға құдалыққа жіберіп, разылығын алған соң, сәтті күні ұрын барыңыз, өзі іздеп келген әйелден айырыласыз ба, үйленіп алыңыз? – деді Жугі Лян.

– Жоу Иүй айла сайлап менің түбіме жеткелі отырса, көріп тұрып отқа қалай түсемін.

Жугі Лян қарқылдап қатты күлді де:

– Жоу Иүй өзінше айла істетпек болғанымен пақырыңыздың сызған шеңберінен аспас, жөнін тапсақ Жоу Иүйді тырп еткізбей, сұлтанның қарындасын бауырыңызға басасыз. Жиңжоу мәселесінде де қамсыз боласыз.

Лю Би әрі-сәрі болып күдіктен арыла алмай көп отырды. Жугі Лян дереу Сүн Гәнді шақырып алып, Оңтүстікке барып құдалық сөйлесуді тапсырды. Оның айтқан сөздерін жадына тоқып алған Сүн Гән ертесі Луй Фанмен бірге оңтүстікке барып, Сүн Шуанға жолықты. Мен қарындасымды Лю Биге қосып, босағама кіргізіп алмақшы болып отырмын, осыдан басқа ой, бөгде ниетім жоқ, деді Сүн Шуан. Оған алғысын айтқан Сүн Гән қайта келіп Лю Биге Уұ елі сұлтанының Лю Бидің күйеу болып келуін күтіп отырғанын айтты. Көңілін күдік басқан Лю Би баруға бата алмай тосыла берді. Жугі Лиан:

– Мен үш түрлі амал сайлап қойдым, тек күйеу жолдас болып Жау Иүн еріп барса болды,– деді. Жау Иүнді шақыртып алып:

– Сен иемізді қорғап Уұ еліне апарасың, үш бойтұмар жасап қойдым, ішінде үш түрлі амал бар, айтылу реті бойынша жаса,– деп үш бойтұмарды тапсырды. Жау Иүн оны жейдесіне тігіп алды. Онан соң алдымен Уұ еліне құдалық сандығын алған кісі жіберіп, ұрын баруға дайындық жасады. Жан-ан жылнамасының он төртінші жылы қаңтар айында қасына Жау Иүн мен Сүн Гәнді ерткен Лю Би он ұшқыр қайықпен бес жүз жасақ алып, Жиңжоудан Наншүйге аттанып кетті. Жиңжоудағы істерді Жугі Лян өзі басқаратын болды. Көңілі күдікке толған Лю Би қатты қобалжыды. Қайық Наншүйге жетіп, олар жағаға шықты. Ақылшы үш түрлі амалын айтылу реті бойынша пайдалануды тапсырған. Қазір жағаға келдік бірінші бойтұмарды көрелік, – деді де Жау Иүн бойтұмарды ашып көріп, еріп келген бес жүз жасақты жинап алып, тапсырма берді. Онан соң Лю Биге алдымен Чяу Голау ақсақалға көрісіңіз деді. Чяу Голау ақсақал атақты Чяу әулетінен, екі сұлудың әкесі еді, қазір Наншүйде тұратын. Ақсарбасын жетектетіп, арағын көтертіп, Чяу Голау ақсақалға барған Лю Би аман-сәлем жасай отырып Луй Фанның құдалыққа барғанын,

сонымен ханшайымды алмақ болып мұнда келгенін айтты. Қызыл-жасылды әлем-жәлем қуаныш белгілерін таққан бес жүз жасақ Наншүйдің қаласына кіріп, дүкендерден тойлық зат іздеді. Лю Би күйеу болып Уұ елінің босағасына кірмекші деп жар салды. Бұл хабарды қаладағы жұрттың бәрі естіді. Лю Бидің келгенін естіген Сүн Шуан Луй Фанға оларды қоналқаға орналастыруды бұйырды. Лю Би келіп амандасып шыққан соң Чяу Голау ақсақал орнында тағат тауып отыра алмай, Уұ елінің ханымына келіп құтты болсын айтты.

– Ненің құтты болсыны?– деді ханым.

– Балаңызды Лю Биге қоспақ болыпсыз, Лю Би әлдеқашан келіпті, менен несін жасырасыз?– деді Чяу Голау ақсақал.

– Менің бұл істен хабарым жоқ екен,– деді де, ханым дереу Сүн Шуанды шақыртып адам жіберді. Енді бір жағынан көшеден аңыз аңдатты. Көшеге кеткендер кешікпей жүгіре келіп, рас екен, күйеу қоналқаға жайғасыпты, бес жүз жасақ қалаға шығып, той жабдығына бола қой, шошқа, жеміс-жидек сатып алып жүр. Біз жақтың құдасы Луй Фан екен де, күйеу жақтың құдасы Сүн Гән екен. Бәрі қоналқада ырғап-жырғап жатыр,– деп хабарлады. Уұ елінің ханымы мұны естіп қатты түршікті. Аздан соң Сүн Шуан келіп түпкі сарайда шешесімен жолықты. Ханымы көкірегін ұрып қатты назаланды.

– Апа, мұнша неге кейідіңіз?– деді Сүн Шуан.

– Мені осыншама көзге ілмей кеткенің бе! Әпекем марқұм өлерінде не деп өсиет айтып еді? – деді Уұ елінің ханымы.

Сүн Шуан қатты састы:

– Апа, айтатыныңызды ашық айтыңызшы, мұнша неге ашуландыңыз?

– Ұл ержетсе үйленер, қыз бойжетсе байға тиер, бұл – ата салты. Мен сенің анаң емеспін бе? Қандай істі болса да менің алдымнан өткізуің керек еді ғой. Сен Лю Бидің күйеу болғанын менен неге жасырасың? Қыз менікі емес пе, құдалықты мен неге білмеймін.

– Бұл хабарды қайдан естідіңіз?– деді Сүн Шуан сасқалақтап.

– Ел білмесе бірсәрі, көшедегі елден сұрашы, кім естімеді екен? Сен тек менен ғана жасырып отырсың ғой.

– Қарияң бұл хабарды естігелі бірнеше күн болып еді, бүгін әдейі құтты болсын айта келіп отырмың,– деп Чяу Голау ақсақал да сөзге араласты.

– Бұл Жоу Иүйдің айласы, Жиңжоуды алу үшін Лю Биді осы әдіспен алдап шақыртып алып абақтыға қамап, онан соң көнсе

Жиңжоуды алып өзін қоя береміз, көнбесе басын аламыз. Құдалық тұр ғой түк те жоқ, – деді Сүн Шуан.

Тұлан тұта ашуланған ханым Жоу Иүйге зығырданы қайнап:

– Алты аймақ, сексен бір ауданның бас бақылаушысы болғанына болайын, Жиңжоуды алуға басқа айла таба алмай, менің қызымды саудаға салуын. Лю Биді өлтір мейлің, өлтірме мейлің, менің қызыма біреудің жесірі деген ат тағылды емес пе? Онан соң оны кім алады? Біреудің тағдырын ойыншық етіп амал тапқыштарын бұлардың, – деп буырқанды.

– Мұндай амалмен Жиңжоуды алған күнде де жұрттың күлкісіне қалып, масқара боламыз, осындай да іс бола ма екен? – деп Чяу Голау ақсақал да Сүн Шуанның аузын аштырмады.

Уұ елінің ханымы ауыз жаппай Жоу Иүйді балағаттаумен болды.

– Болар іс болыпты, хан ағасы Лю Би хан патшасының тұқымы, енді шын құда болып ашылған абыройды жаппақ парыз, – деді Чяу Голау ақсақал.

– Жасы тым үлкен ғой, бола қояр ма екен? – деді Сүн Шуан.

– Хан ағасы Лю Би заманымыздың ардагері, мұндай күйеу тапса, қарындасың қор болмайды, – деді Чяу Голау.

– Хан ағасы Лю Бидің бет-аузын көргенім жоқ, ертең “Замзам” ғибадатханасына шақырындар, онымен өзім кездесемін. Көңіліме ұнамаса, сендер өз білгендеріңді істендер, егер ұнап жатса, қызымды соған берем, – деді Уұ елінің ханымы. Сүн Шуан әкешесінің алдынан кесе өтпейтін ибалы адам болатын, анасының сөзіне қарсы келмеді. Үйден шыға сала Луй Фанды шақырып, ертең “Замзам” ғибадатханасына қонақасы дайындауды тапсырды. Уұ елінің ханымы Лю Бимен кездесетінін де айтты.

– Жия Хуаға қаруланған үш жүз жендетті дайындатып, дәліздің екі жағына неге жасырып қоймайсыз, егер Уұ елінің ханымы жақтырмай жатса белгі берілісімен екі жақтан қаптап ұстап алсын, – деді Луй Фан. Сүн Шуан Жия Хуаға алдын-ала дайындық жасауды, Уұ елінің ханымының қимылын қалт жібермей бағып тұр деп тапсырды.

Уұ елінің ханымына қош айтып үйіне келген Чяу Голау дереу Лю Биге кісі жіберіп: “Ертең ханым мен сұлтан дидарласатын болды”, – деп сәлем айтты. Бұл сөзді естіген Лю Би дереу Сүн Гән мен Жау Иүнге ақыл салды.

– Бұл шақыртудан жамандық болмаса, келетін жақсылықтың жөні жоқ, бес жүз жасақпен мен қорғап барайын, – деді Жау Иүн.

Келесі күні Уұ елінің ханымы мен Чяу Голау ақсақал алдымен “Замзам” ғибадатханасына барды. Соңынан ақылшыларын ерткен

Сүн Шуан келіп, Луй Фанды Ли Биге жіберді. Ішінен жеңіл бадана сауытын, сыртынан қамқа шапанын киіп, қарулы қорғаушыларын ерткен Лю Би атына мініп “Замзам” ғибадатханасына қарай бет алды. Мұздай қаруланған бес жүз жасағын ерткен Жау Иүн бірге ілесіп отырды. Ғибадатхананың алдына келіп аттан түскен Лю Би әуелі Сүн Шуанға жолықты. Лю Бидің ерекше тұрпаты мен сымбатын көрген Сүн Шуан іштей қатты шошыды. Лю Би сұлтанмен сәлемдесіп болған соң, ішке кіріп Уұ елінің ханымына жолықты. Лю Биді көргенде ханым қатты қуанып Чяу Голау ақсақалға:

– Нағыз менің қызыма лайық, мен армандаған күйеу бала екен, – деді.

– Лю Би шынында аса айбатты, қайраты жұрттан асқан, періштедей келбетті, елге танылған мейірімді адам. Осындай есіл күйеу бала тапқаныңызға қуаныштымын, құтты болсын! – деді Чяу Голау ақсақал. Лю Би басын иіп, алғыс білдірді. Дастарқан жайылып қонақасы басталғанда, қанжарын асынған Жау Иүн кіріп келіп Лю Бидің қасына түрегеліп тұрды.

– Бұл кім?– деп сұрады ханым.

– Чаңшандық Жау Иүн деген сардар,– деді Лю Би.

– Әлгі Даңяңның Чаңбан көпірінде Адуды қойнына салып жүріп сайысып, аман алып шыққан атақты Жау Иүн батыр осы ма?

– Дәл өзі.

– Нағыз қолбасыға лайық жан екен,– деп Уұ елінің ханымы оған шарап құйғызып берді. Жау Иүн шарапты алмай Лю Биге:

– Жаңа дәліздің екі жағынан қарулы жендеттерді байқап қалдым, сірә, жақсылық ісі емес, Уұ елінің ханымына құлаққағыс етіңіз, – деді. Лю Би Уұ елінің ханымының алдына барып жүрелеп отыра қалып:

– Лю Биді өлтіртпек болсаңыз, басым міне, алдыңызға тостым, өлтіріңіз,– деді.

– Ол қайдан шыққан сөз?– деді ханым.

– Дәліздің жан-жағы қарулы жендеттерге толы көрінеді. Мені өлтірмегенде олар бұл жерден не алады?

Қатты ашуланған ханым Сүн Шуанды жерден алып, жерге салды.

– Қазірден бастап Лю Би менің күйеу балам, оны туған ұлымдай көремін. Дәлізге жендеттеріңді жасырып қойып не істемексің? – деді.

– Мен ештеңе білмеймін,– деп Сүн Шуан азарда-безер болып Луй Фанды шақырды. Луй Фан Жя Хуаға аударды. Ханым Жя

Хуаны шақыртып алып қатты ұрысты, Жя Хуа ештеңе деп аузын аша алмады.

– Жя Хуаның басын алыңдар,– деді ханым.

– Қуаныштың үстінде кісі басын алдырғаныңыз дұрыс болмас, онда мен пақырыңыздың да сізді паналауы қиынға соғар, бір жолға кешіріңіз!– деп Лю Би өтініш етті. Чяу Голау ақсақал да тоқтау атты. Ханым Жя Хуаны үйден ақырып қуып шықты. Жендеттер де сүмірейіп өз жөндеріне тарасты.

Лю Би далаға шығып еді, аула ішінде бір үлкен тас жатыр екен. Қасындағы қорғаушысының қылышын қынаптан суырып алып: “Жиңжоуга қайтып, ұлы арманымды іске асыра алатын болсам, қара тас, қақ бөлін, осы жерде өлетін болсам, сыртыңа сызық та түсірме!– деп іштей серт етіп, тасты қылышпен салып қалды. Қылыш тиген жерден жарқ еткен ұшқын шашырап қара тас қақ жарылды. Аңай жерде тұрып мұны көзі шалып қалған Сүн Шуан.

– Лю Би қолбасы, далада жатқан тасқа сонша кектенгеніңіз не? – деді.

– Жасым елуге таяп қалды, елге лаң салған қарақшыны жоя алмай ішқұса болып жүруші едім. Бүгін ел ханымы күйеу бала етіп, өмірлік бақытымды тапқан күнімде көкке қарап серт етіп, Сау Сауды жойып, хан патшасының іргесін кеңейтер болсам, қара тас, қақ жарыл деп салып қалып едім, қара тас қақ жарылды, жолым болатын секілді,– деді.

Лю Би, бұл мені алдаған жалған сөзің-ақ болар деп ойлаған Сүн Шуан қылышын алып:

– Мен де бақ сынап көрейін, Сау Сауды жоятын болсам, қара тас, қақ бөлін!– деп салып қалды. Ішінен “Жиңжоуды алып, Уұ елін көркейтер болсам, қара тас, қақ бөлін”, деп еді. Тас қақ айрылды. “Кек тасы” деген жазу жазылған сол тас күні бүгінге дейін бар екен. Атақты екі қолбасының сертінің құрбаны болған осы тас туралы мынадай бір ауыз өлең бар:

Қара тасты қақ бөлді,
Сілтегенде қылышты.
Айналаға шашырап,
Қызыл ұшқын нұр ұшты.

Сонан бастап дәуірлеп,
Екі елдің де бағы асып,
Өмірі өтті ит жығыс,
Патшалыққа таласып.

Екеуі қылыштарын тастап, қол ұстасып қонақасыға қайта кірді. Шарап тостағаны бірнеше рет қыдырып ел қыза бастаған кезде, Лю Би Сүн Шуанға:

– Шарапты көтере алмаушы едім, рұқсат етіңіз,– деп Лю Би қош айтып, қайтпақшы болды. Сүн Шуан ғибадатхананың алдына дейін шығарып салды. Екеуі қатар тұрып тау өзенінің көркем көрінісіне көз салды.

– Мына жер әлемдегі ең көркем жер екен,– деді Лю Би. “Әлемдегі ең көркем жер” деген сөз күні бүгін “Замзам” ғибадатханасының маңдайшасында жазулы тұр екен. Бұл жайлы мынадай өлең қалыпты:

Жаңбыр тоқтап, жер мен көк,
Шаң-тозаңнан арылып.
Барлық жерде қуанды ел,
Көкірегі жарылып.

Жадыратқан Лю Биді,
Жүргенінде жабығып,
Биік шоқы әлі тұр,
Нұр пердесін жамылып.
Маңдайынан жел сипап,
Балағы суға малынып.

Олар қарап тұрғанда дария бетінде дауыл тұрып, бұйра жал ала толқындар арпалысып, аспанға шапшып жатыр еді. Күтпеген жерден толқын аударған жалғыз жапырақтай қалқыған бір желқайық, дария бетімен сыдыртып жүзіп келеді екен. Оны көрген Лю Би күрсініп жіберді.

– “Түстіктің елі суда қайық ойнатады, терістіктің елі ат құлағында ойнайды”, – деген рас екен-ау деді. Мұны естіген Сүн Шуан Лю Би мені атқа міне алмайды деп кекетіп тұр-ау, деп қасындағыларға атын алғызып сарт етіп атқа мініп, тауға қарай орғыта жөнелді, ол үсті-үстіне қамшы басып құзардың басына шықты да Лю Биге қарап:

– Түстіктің елі атқа міне алмай ма екен?– деді. Бұл сөзді естігенде киімінің етегін түре салып атқа қарғып мінген Лю Би еңіске қарай шауып түсті де қайтадан құзардың басына шауып шықты. Тау басында екеуі қатар тұрып қамшыларын үйіріп қарқ-қарқ күлісті. Сол төбенің аты “Бөйге төбе” атаныпты, әлі де сол атымен аталады. Ол жайлы мынадай өлең бар:

Алысып ауыздықпен тұлпарлары,
Төбеге екі батыр бірге шықты.
Сол биік бәйге төбе деп аталып,
Екеуі де патша боп күн кешіпті.

Екеуінің қатарласып таудан түсіп келе жатқанын көрген
Наншүйдің игі-жақсыларының бәрі де бәрежелді десті.

Лю Би сол беті қоналқаға келіп Сүн Гәнмен ақылдасты. Сүн
Гән:

– Қапы қалып, жазымға ұшырамас үшін Чяу Голау ақсақалға
барып жалынып, үйлену тойын тездеткеніңіз жөн болар, – деді.
Лю Би сол ақылмен Чяу Голау ақсақалдың үйіне барып:

– Еліңіздегі атқамінерлердің көбі маған теріс пиғылда, қастық
істеу ойлары да бар көрінеді, көп байыздап тұра алмас па екем, –
деді.

– Қам жеменіз, мен Уұ елінің ханымына айтып, сізді қорғатамын,
– деді ол. Лю Би алғысын айтып қайтып кетті. Чяу Голау Уұ елінің
ханымына басқалардың қастандық жасауынан қаймыққан Лю
Бидің тез қайтпақ ойы бар екенін айтты. Мұны естігенде ханым
қатты ашуланып:

– Менің күйеу балама қастық жасауға дәті баратын олар кім
екен, мен көрейін. Лю Би уақытша орданың ішіндегі кітап
сарайына көшіп келсін, көп кешіктірмей бір сәтті күнді таңдап
некесін қидырайық, – деді. Лю Би ханымның алдына өзі келіп:

– Жау Иүннің сыртта тұруы да қолайсыз, жасақтарды тәртіпке
салатын адам да жоқ, ол да ордада болса, – дегенді айтты. Ханым
да сақтық үшін қоналқадағы Лю Бидің қорғаушыларының бәрі
де ордаға келсін деп бұйырды. Лю Би қуанып қайтты.

Бірнеше күннен кейін той болды. Кешке той тарқап, қонақтар
тараған соң, екі қатар жаққан қызыл шырақтың (аластың)
ортасынан өтіп Лю Би отауға кіргізілді. Отауға кірген Лю Бидің
көзіне шамның жарығында самсаған найза, қылыш, қару-жарақ
көрінді. Күтуші күншелердің бәрі де қанжарын асынып, кездігін
байланып екі жақта қақ жарылып сап түзеп тұр. Мұны көрген Лю
Бидің зәре-құты қалмады.

Күн қыздарды көргенде,
Мұздай қару асынған.
Жендеттер ме екен деп,
Лю Би қатты шошынған, –

деген өлең содан қалған.

Сірә, мұнда не сыр барын келесі тараудан оқыңыздар.

Лю Бидің Сүн ханымды ақылмен толқытуы

Сүн ханымның отауында ілулі тұрған самсаған қару мен сап-сарыала қару асынған күнше қыздарды көрген Лю Бидің өңі қашып шошып кетті. Мұны байқаған басқарушы әйел:

– Батыр күйеу, шошымаңыз, ханым бала жасынан қару өнерімен айналысқан, күншелерін қылыштастырып қару өнерін ойнатуды қызық көреді. Сондықтан отауына қару жинаған ғой, – деді.

– Қару әйел қызықтайтын нәрсе емес қой, көңілім алағызып тұр, осы қаруларыңызды қазірше жинай тұрсаңыздар, – деді Лю Би. Басқарушы әйел Сүн ханымға барып:

– Отаудың ішіндегі самсаған қару мен қарулы қыздарды көріп күйеу қатты алаңдап қалған секілді, жинай тұрсақ қайтеді, – деді.

– Өмірін соғыспен өткізген батыр да қарудан қорқады екен-ау, – деп күлді де, Сүн ханым қаруларды жинатып тастады. Күншелерге қылыштарын тастап, жай киімдерін киіп келіп күтуді бұйырды. Бұл түні Лю Би мен Сүн ханым бір төсекте жатып балдай тәтті түнді бастан кешірді. Ертесі Лю Би көңілдерін өзіне тарту үшін күншелерге алтын-күміс, торғын-торқа үлестіріп берді. Онан соң қуаныш хабарын Жиңжоуға жеткізу үшін Сүн Гәнді аттандырды. Сол күннен бастап Лю Би шарапқа масайып, сұлудың құшағында балқып, көңілді күндер өткізіп жатты. Уә елінің ханымы да оны өз баласындай жақсы көріп, ыстық ықыласын білдірді.

Сүн Шуан Чайсаңдағы Жоу Иүйге кісі жіберіп: анамыз ырық бермей ақыры қарындасымды Лю Биге үйлендірдім. Күтпеген жерден жалған ісім, шынға айналды. Енді қайтпек керек деп ақыл сұрады. Жоу Иүй қатты түршігіп не істерін білмей аласатты да қалды. Көп ойланып бір әдіс тапқандай болды да, құпия хат жазып Сүн Шуанға жіберді. Сүн Шуан хатты ашып оқыса былай жазылған екен:

Пақырыңыз бұл айланың бүйтіп кері бағыт аларын ойламаған еді. Болар іс болған екен. Енді осы құдалықтың өзін іске жарату керек. Лю Би қайраты жұрттан асқан адам. Оның үстіне Гуан Гүң, Жаң Фи, Жау Иүңдей батырлары, әсіресе Жүгі Ляңдай айлакер ақылшысы бар. Олар тұрғанда ешкімге де мойынұсынып бас имейді. Пақырыңыздың таяз ойынша оны мырзақамаққа алып, сәулетті сарай салып беріп, салтанатпен мұратын мұқалту керек. Сұлу әйел, сымбатты ойыншықтарды мол ұсынып, көз алдап, құлағын бітеу керек. Гуан Гүң мен Жаң Фидан бірте-бірте суынтып, Жүгі Ляңнан алыстатып, араларын бөліп барып онан

соң шабуылға өтсек, мақсатымыз орындалады. Осы орайдан айрылып қалсақ, көлшікке қамалған жайынды теңізге өз қолымызбен жібергенмен тең болады. Патша көңіліңізге салып көрерсіз!” – депті.

Хатты оқып болған соң Сүн Шуан оны Жаң Жауға көрсетті. Жаң Жау оқып көріп, Жоу Иүй қолбасының бұл айласы маған ұнап тұр. Лю Би жасынан тапшылық көріп өскен, ат жалын тартып мінгелі жиһан кезіп, тентіреп, бақыт-байлық, рақаттың дәмін татпаған адам. Сәулетті сарай салдырып беріп, әнші жігіт, биші қызды төңірегіне топтап, алтын-күміс, торғын-торқаға бөлеп, рақаттың дәмін татырсақ, ол Жугі Лян, Гуан Гүң, Жаң Филерден суынады да, аралары алыстайды. Онан соң Жиңжоуды қолға келтіруіміз оп-оңай деді. Кешіктірмей Жоу Иүй қолбасының айтқанын орындауымыз керек, – деді. Бұл ақылды құп көріп, қатты қуанған Сүн Шуан аз күннің ішінде-ақ алтынмен аптап, күміспен күптеп, сән салтанатты отау ордасын безендіріп, неше түрлі жиһаздарды жинатып, күйеу мен қарындасын жаңа ордаға енгізді. Бұрынғы әнші-күйшілердің үстіне тағы да ондаған сұлу қыздар қосып, алтын-күміс, торғын-торқа, лағыл-жауһар қазынаға белшесінен батырды. Неше түрлі ел-жұртта жоқ таңсық заттар мен асыл ойыншықтарды жинатты. Мұны көрген ел ханымы мұның бәрі Сүн Шуанның шын пиғылы, жақсы пейлі екен деп қатты қуанды. Ойын-күлкі, сұлу жардың қызығына батқан Лю Бидің Жиңжоуға қайту есінен шығып кетті.

Жау Иүн мен бес жүз жасақ та отау ордаға көшіп келген. Ұзынды күн қолдары бос, қала сыртына шығып садақ тартып, ат жарыстырып ойнаумен болды. Сөйтіп жүргенде қыс аяқталуға айналды. Бір күні Жау Иүннің ойына: “Жугі Лян мен аттанарда бойыма үш бойтұмар тағып беріп, Наншүйге барған соң біріншісін аш, жыл аяғына жеткенде екіншісін аш, барар жер, басар тау қалмай, бастарыңа іс түскенде үшіншісін аш. Ішінде иеміздің қайтуын қамтамасыз ететін үш түрлі әдіс бар демеп пе еді. Қазір жыл ақыры болып қалды, иеміздің есіл-дерті жас сұлуда болып кетті. Керек десе бет көрісуден де қалдық. Екінші бойтұмарда не айла жазылды екен”, – деген ой келді. Бойтұмарды ашып еді, айланың алымдысы ішінде екен. Сол күні ішкі сарайға кірген Жау Иүн Лю Биге жолығатынын айтты. Күтуші әйел:

– Мәлімдейтін шұғыл ісім бар деп Жау Иүн қолбасы келіп тұр, – деді. Лю Би шақыртып мән-жайын сұрады. Әдейі шошына сасқалақтаған адамның бейнесіне енген Жаң Иүн:

– Ием, сәулетті сарайдың төріне шыққан соң Жиңжоуға қайтуды ұмыттыңыз ба? – деді.

– Өңің қашып кетіпті, қандай қорқыныш көрінді саған, – деді Лю Би.

– Бүгін таңертең Жугі Ляңнан шабарман келді. Солтүстік-батыс жағадағы қан қақсаған жеңілісінің кегін алмаққа бес жүз мың сайлауыт қолмен Сау Сау Жиңжоуға қарай аттаныпты. Жағдай шұғыл да қатерлі, мырза тізгін ұшымен қайтсын депті.

– Олай болса, зайыбыммен ақыл қосуым керек, – деді Лю Би.

– Ием, ханыммен ақылдассаңыз ол кісі сізді қалай да жібермейді, ақылдасуды қойып бүгін кешке аттанғаныңыз абзал, кешеуілдесеңіз қапы қаласыз.

– Сен әзірше бара тұр, өзім жөнін табамын, – деді Лю Би. Қасақана асықтырған Жау Иүн “тез болыңыздан” бірнешені айтып шығып кетті. Ішке кіріп Сүн ханымның қасына барған Лю Би білдірмей көзінің жасын төгіп-төгіп жіберді.

– Мұнша қапаланып, көңіліңіз неден бұзылды? – деді Сүн ханым.

– Ата-анамның қасында болып күте алмаған едім, енді салт бас, сабау қамшымен жат ел, жат жерде жүрмін, болмаса ата-анамның зиратының басына барып тасаттық беріп, перзенттік парызымды да өтей алмадым. Жыл аяғы таяғанда осының бәрі ойыма түсіп көңілім бұзылып отыр, – деді.

– Алдаусыратпай-ақ қой, менде біліп болдым, жаңа Жау Иүн Жиңжоу қатерде қалды демеп пе еді, ел-жұртына қайтқың келіп отыр ғой, – деді Сүн ханым. Сүн ханымның алдына жүрелеп отыра кеткен Лю Би:

– Білгенің шын, бармайын десем Жиңжоу қолдан кетіп, жұрттың масқарасына қалатын болып, барайын десем өзінді қия алмай екі оттың ортасында қалып қапаланып отырмын, – деді.

– Мен үшін сенің қызметінде болу үлкен мәртебе, айтқаныңызға көніп, айдағаныңызға жүрмек, менің парызым, сіз қайда болсаңыз мен сондамын, – деді Сүн ханым.

– Сіз солай дегенмен ел анасы мен сұлтан не дейді екен, олар рұқсатын бере қоймас, мені шын аясаң уақытша бөліне тұруға тура келеді, – деп Лю Би ағыл-тегіл жылады.

– Қамықпаңыз, шешеме жалынып көрейін, сізбен бірге кетуіме қалай да ықтиярлығын береді.

– Ел ханымы ықтиярын берсе де жолымызды Уұ елінің сұлтаны сөзсіз тосады, – деді Лю Би. Біраз үнсіз отырған Сүн ханым:

– Былай болса, жыл басы наурыз кірген күні, ел мейрамға айналғанда біз дария жағасына барып, ата-анамызға дұға оқимыз деген сылтаумен білдірмей тайып тұралық. Бұған қалай қарайсыз? – деді. Лю Би:

– Сіздің шешіміңіз осындай болса, бұл маған жасаған құрметіңіз, оны өлгенше ұмытпаспын, ең бастысы құпиялықты шашып алмайық, – деп екеуі ақыл құрап алды. Токтам осы болды да, Лю Би Жау Иүнді шақырып:

– Наурыз күні жасағыңды бастап қаладан шық та, бізді үлкен керуен жолдан тос, ханым екеуміз арттарыңнан қуып жетеміз, – деп тапсырды.

Жаң-ан жылнамасының он бесінші жылы наурыз күні Уұ елінің сұлтаны қалам-қару ұлықтарын ордасына жинап, үлкен басқосу өткізді. Салт бойынша Лю Би мен Сүн ханым ел ханымына келіп амандасты.

– Күйеу балаңыз ата-анамның басына барып қайтсам деп еңірегенде етегі жасқа толады. Зираттары Жуожүн деген жерде екен. Зират басына бара алмасақ та, бүгін дария жағасына барып, солтүстікке қарап, қағаз өртеп ырым жасасақ деп, ана, өзіңізден рұқсат сұрап отырмыз, – деді Сүн ханым.

– Ата-ананың қарызын өтемек перзенттік парыз, ата-ененді танымасаң да, күйеуіңмен бірге дария жағасына барып қағаз өртеп, құрмет көрсетемін дегенің жөн, сонда ғана келіндік міндетіңнен құтылатын боласың, – деді ел ханымы. Ханымға алғыстарын айтқан Сүн ханым мен Лю Би шығып кетті.

Сүн ханым өзінің ұзын жолға арналған күймесіне отырып, алтын-күміс асыл бұйымдарынан жеңілдеп қана алды. Атына мінген Лю Би оншақты қорғаушы жасағымен артынан ілесіп отырды. Олар қаладан шығып уәделі жерде Жау Иүндармен кездесті. Бес жүз жасақ алды-артынан қорғаған бұлар Наншүйден өтіп үдере тартып жүріп кетті.

Бұл күні Сүн Шуан сіміре ішіп, сілейе мас болған. Күтушілері оны сүйемелдеп түпкі сарайына өрең жеткізді. Шетінен мас болған ұлықтар де бет-бетіне тарап кеткен. Ұлықтар Лю Би мен Сүн ханымның қашып кеткенінен хабардар болған кезде күн кешкіріп кеткен еді. Бұл хабарды Сүн Шуанға жеткізгенде Сүн Шуанның мастығы айықпаған болатын. Таң ағарғанда ол есін жинады. Лю Бидің кетіп қалғанын естіген Сүн Шуан таң атқан соң ұлықтарын шақырып шұғыл ақылдасты.

– Бұл адам осы бетімен кетсе, қашанда бізге айықпайтын қырсық, шұғыл қамданып ұстап әкелудің амалын қарастыру

керек, – деді Жаң Жау. Сүн Шуан табанда Чын Уү мен Пан Жаңға бұйрық беріп, сығайланған бес жүз жасақпен күнді түнге жалғап қуып, қайткен күнде де алып келуді бұйырды. Жарлық алған екі қолбасы дереу аттанып жүріп кетті. Лю Биге қатты кектеніп қапаланған Сүн Шуан үстелде тұрған гауһар сиясауыттың бытшытын шығарды.

– Сіз бекер ренжисіз, пақырыңыздың ойынша Чын Уү мен Пан Жаң оларды ұстап әкеле алмайды, – деді Чың Пу.

– Менің әміріме қайшы келуге дәттері жете ме? – деді Сүн Шуан.

– Ханша бала жасынан қару өнерін меңгерген қаһары қатты, қайраты ерекше, қолбасылардың бәрі де онан қорқады. Ол Лю Бидің айтқанына көніп шын ықыласымен кеткен екен, қуып жеткен қолбасылар оны көріп тұрып қалай қол жұмсамақ?

Бұл сөзді естіп қалшылдап ашуы қысқан Сүн Шуан беліндегі қанжарын суырып алып табанда Жяң Чин мен Жоу Тайды шақырып:

– Екеуің барып мына қанжармен қарындасым мен Лю Бидің басын аласыңдар! Әміріме қарсылық жасасандар өз бастарын кесіледі, – деп бұйырды. Жарлық алған ол екеуі бір мың қолды бастап тізгін ұшымен жүріп кетті.

Лю Билер сол бетінде аттарына қамшы басып, аялсыз жүрді. Түнде ет асым уақыт қана дамылдап, тамақ ішіп алып тоқтамай жүрген олар Чайсаңның шекарасына ілініп те қалған еді. Арттан будақ-будақ шаң көрінді, хабаршылар қуғыншы келе жатқанын жеткізді.

– Қуғыншы жетті, енді қайтеміз, – деді Лю Би Жау Иүңға.

– Сіз алға тарта беріңіз, арттан келген жауды мен көрейін, – деді ол. Тау етегіне қарай бұрыла беріп еді, алдарынан тосып тұрған бір мыңдық кездесе кеті.

– Лю Би қолыңды ұсына бер, бақылаушы әмір Жоу Иүйдің жарлығымен сендерді тосып тұрмыз, – деп қолбасылары айқай салды. Лю Бидің қашып кетуінен қауіптенген Жоу Иүй мың қолмен Шүй Шың мен Диң Фыңды осы өткектен жол тостырып бекініс алдырған. Лю Билер құрлық жолмен жүрсе осы тұстан өтер деп жобалаған олар, қарауыл саты орнатып күн сайын бақылап отырған. Бүгін олардың келе жатқанын көрген Шүй Шың мен Диң Фыңның қолын бастап, жол тосып тұрған беті осы еді. Абыржып қалған Лю Би атының басын тартып Жау Иүңға:

– Алда тосқауыл, артта қуғын, екі жақтан бірдей қамалдық, енді қайтеміз? – деді.

– Саспаңыз, аттанарда ақылшы үш бойтұмар тағып беріп еді, екеуін аштық екеуі де айтқандай ес қатты. Енді үшіншісі бар, оны бастарыңа іс түскен кезде ашыңдар деп еді. Міне, басқа іс түсті, соны ашып көрейік, – деді Жау Иүн. Ол бойтұмарды ашып Лю Биге ұсынды. Мұны көрген Лю Би ағызып күйменің алдына келіп Сүн ханымға:

– Дәл қазір өзіңе айтатын бір ауыз сөзім бар еді.

– Қандай сөз айтпақсыз? – деді Сүн ханым.

– Уұ елінің сұлтаны мен Жоу Иүйдің сізді маған айттыруы, сіз үшін жасалған қам емес, мені мұнда шырғалап, Жиңжоуды алудың айласы еді. Жиңжоуды алған соң мені өлтірмек болған. Сіз маған қармақ қаптырудың тәтті жемі ғана болатынсыз. Ерге бергісіз қайраты мен ақылы бар дегенді естіген пақырыңыз айнала-сындағы анталап тұрған өлім қаупіне қарамай, басымды қадір тұтып сыйлар деген үмітпен осында келген. Қайсы күні Уұ елінің сұлтаны маған қастық жасамақ болған соң, Жиңжоу қатерде қалды дегенді сылтау етіп, қайтып кетудің жолын іздегенім сол еді. Бақытқа қарай сіз лебізімді жерге тастамай, бірге ілесіп келесіз. Қазір Уұ елінің сұлтаны арттан қуғын салып, Жоу Иүй алдыдан тосқауыл қойып, жолымызды кесті. Бұл пәледен сізден басқа ешкім де құтқара алмас, – деді. Зығырданы қайнаған Сүн ханым:

– Туған ағам маған деген туыстығын ұмытса, ағам екен деп оған қарайлайтын нем қалды. Бүгінгі қатердің қандайын болса да маған қоя бер, – деді де, қасындағыларға күймені алдыға қарай тез айдауды бұйырды. Тосқауыл қолға жақындағанда пердені аштырып жіберіп, Шүй Шың мен Диң Фыңға:

– Сен екеуіңнің бастап жүргенің не бүлік? – деп ақырды. Апыл-ғұпыл аттарынан қарғып түскен екеуі қаруларын тастап күйменің алдына келіп тағзым етті.

– Бүлік бастауға біздің дәтіміз қайдан жетсін, бақылаушы әмір Жоу Иүйдің берген әмірі бойынша, осы жерден бекініп Лю Биді күтіп тұрмыз, – деді. Сүн ханым:

– Опасыз қарақшы Жоу Иүй, Уұ елі қашан оның бетіне қарап қалып еді, Лю Би ұлы хан патшасының ағасы, мен оның ханымы тұрсам, шешем мен ағама айтып арнайы Жиңжоуға кетіп бара жатсам, екеуіңді қалың қолмен тау етегінен жол тостыруы менің жасауымды тонап алғысы келгені ғой, – деп ақырды. Шүй Шың мен Диң Фың не дерін білмей қипақ қақты: бұлай істеуге біздің дәтіміз қайдан барсын, ашуыңызды баса көріңіз, бұл біздің ісіміз емес, бақылаушы әмір Жоу Иүйдің жарлығы, – деп шыж-быж болды.

– Сендердің қорқатындарың мен емес, тек Жоу Иүй ғана екен ғой? Жоу Иүй сендердің бастарыңды алады екен, мен оның басын ала алмай ма екем? – деп Жоу Иүйді балағаттап алған Сүн ханым күймеге жол ашуды бұйырды. Іштерінен біз төмен дәрежелі адамбыз, біздің ханыммен таласатын не жөніміз бар, – деп ойлаған Шүй Шың мен Диң Фың Сүн ханымның тұлан тұтқан айбатынан именіп қалың қолын екі жаққа жарып жол ашып өткізіп жіберді. Аздан соң арттан Чин Уү мен Пан Жаңдар да жетті. Шүй Шың мен Диң Фың болған істің жайын айтты. Чин Уү мен Пан Жаң оларға:

– Сендердің оларды өткізіп жібергендерің жарамапты, біз Уү елі сұлтанының ауызекі жарлығы бойынша оларды ұстауға арнайы келе жатырмыз, – деді. Сөйтіп төрт қолбасы қолдарын қосып жіберіп олардың соңынан қуа жөнелді. Суыт кетіп бара жатқан Лю Билер арттарынан шыққан қуғыншының айқай-сүрен дауысын естіді.

– Соңымыздан қуғын тағы жетті, енді қайтеміз? – деді Лю Би Сүн ханымға.

– Сіз алға тарта беріңіз, арттағыларды Жау Иүн екеуміз көріп аламыз, – деді Сүн ханым. Үш жүз жасақ қорғаған Лю Би дария жағасына қарай тартып кетті. Атының басын тежей тартып тұра қалған Жау Иүн сарбаздарын шепке тұрғызып қуған қолды тосып тұрды. Сүн ханымды көрген төрт қолбасы аттарынан түсіп, қолдарын қусырып, тікелерінен тік тұрды.

– Чин Уү, Пан Жаң бұл жерде сен екеуіңе не жоқ? – деді ханым.

– Иеміздің жарлығы бойынша Лю Би екеуіңізді қайтуға ұсыныс ете келдік, – деді ол екеуі. Өңін салып жіберген Сүн ханым:

– Осының бәрі туыстардың арасына іріткі салып жүрген сендердің істерің! Мен өз аяғымнан біреудің артына мінгесіп қашып бара жатқам жоқ, анамның батасын алып ұзатылдым. Анамыздың бұйрығы бойынша еріме ілесіп Жиңжоуға қайттым, ағайымның өзі келген болса да қарсы болмас еді. Сен екеуің сондарыңнан ерткен жасақтарыңның қаруына сүйеніп, қоқандап, маған қастық істемексіндер ме? – деп олардың жер-жебіріне жетті. Бірінің бетіне бірі қараған төртеуі Лю Би бұл арада жоқ екен. Оның үстіне бұлар ағалы-қарындасты туыстар, ұлықтығын ел ханымы өзі жасап отыр. Уү елінің сұлтаны опалы жан, шешесінің айтқанынан шықпайды. Ертең-ақ өкпе-реніштері тарқайды, сонда бетпе-бет келгенде біз айыпты болып шығамыз. Онан да өз жөнімізді біліп қоя берейік деген ақылға келді. Жау Иүннің оқты көзімен атып жекпе-жекке дайын тұрғанын көріп тіксінді де, кейін

шегініп кетті. Сүн ханым күймесін айдатып кете барды. Не заман ойланып тұрып Шүй Шың:

– Біз енді бақылаушы әмір Жоу Иүйге барып болған жайды мәлімдейік, – деді. Төртеуі әрі-сәрі болып бір бекімге келе алмай тұрғанда, суыт жортып келе жатқан қалың сарбаздың қарасы көрінді. Қараса Жяң Чин мен Жоу Тай екен, салған бойы жетіп келген олар:

– Лю Биді көрдіңдер ме?– деп сұрады.

– Бұл арадан таңертең өткен, жарым күн болды,– деді төртеуі.

– Неге ұстамадыңдар?– деді олар қаһарланып. Төртеуі Сүн ханымның айтқан сөздерін айтып берді.

– Уұ елі сұлтанының қаупі де осы еді, сондықтан белгіге өз қанжарын беріп, қарындасының да, Лю Бидің де басын алуды және бұл жарлыққа кім қайшы келсе, соның басын қоса алуды бұйырды, – деді Жяң Чын.

– Олар ұзап кетті, енді не істеу керек, – деді әлгі төрт қолбасы.

– Олар жаяу жасақ қанша жылдам жүрсе де бізден құтыла алмайды, – деді де Шүй Шың мен Диң Фың тізгін ұшымен бақылаушы әмірге хабар жеткізейік. Ұшқыр қайықпен су жолымен қуғыншы шығарсын, біз төртеуіміз құрлықпен қуайық. Мейлі су жолы, мейлі құрлық жолдағылар болсын қуып жеткендер әй-шайға қарамай, тілге келтірмей, жеткен жерде бастарын алатын болсын, – деді Жия Чын. Сонымен Шүй Шың мен Диң Фың Жоу Иүйге тізгін ұшымен хабар жеткізуге жөнелді. Жяң Чын, Жоу Тай, Чин Уұ, Пан Жаң төртеуі қолдарын бастап, дария жағасына қарай лап қойды.

Лю Би тобының Чайсаңнан қара үзіп, Люлаңфу құйғанына жеткенде ғана көңілдері орнығайын деді. Дария жағасына келіп, өткел іздеп көз қыдыртып еді. Көз жеткісіз көк жайқын дария суынан басқа, бірде-бір қайық көрінбеді. Лю Би басын салбыратып ауыр ойға батты.

– Тақсыр, жолбарыстың аузынан құтылып шығып, еліміздің жер шегіне таядыңыз. Ақылшы дариядан өткізудің қамын қалайда жасап қойды, енді қамығудың қажеті жоқ, – деді Жау Иүн. Мұны естіген Лю Бидің ойына кенеттен Уұ еліндегі аз күнгі сән-салтанаттың қызығы түсе кетіп, көзіне еріксіз жас алды. Бұл жайлы мынадай өлең қалған:

Құдалығы екі елдің,
Талай сырды жасырды.
Алдау үшін Лю Биді,
Салтанатын асырды.

Қайғы жұтты хан Лю Би,
Мазасыз ой басынды,
Бағындырды бір әйел,
Жау жеңбеген батырды.

Ойынан селт еткен Лю Би Жау Иүнға дария жағасын қарауылдап, қайық қарастыруды бұйыра беріп еді, арт жақтарынан жеркөкті шарпыған, будақ-будақ шаң көрінді деген хабар келді. Лю Би биікке шығып көз салса, жер қайысқан қалың қол қаптап келеді екен.

– Неше күн сарсылып, ат болдырып, адам титықтағанда қуғыншы тағы жетті. Өлерге жер, кірерге көр қалмады деген осы-ау! – деп қатты күрсінді Лю Би. Айқай-сүрен, аттан дауысы барған сайын менмұнда лап таяп келеді. Не болдымға тап болған, абыржыған жанталас қысыл-таяң кезде күтпеген жерден дариядан сымға тартқандай тізіліп желкенді жиырма қайық шыға келді.

– Құдай айдап қайықтың өзі келді! Неге жылдам түспейміз, дарияның ар жағына шыққан соң кейінгісін көре жатпаймыз ба! – деп дауыстады Жау Иүн. Лю Би мен Сүн ханым қарғып қайыққа шықты. Жау Иүн де бес жүз жасағымен тегіс қайыққа отырды. Қайықтың қармалдығынан басына бұрыштап шыт тартқан, үстіне оқымыстының ұзын шапанын киген біреу қарқылдап күліп шыға келді:

– Тақсыр, қуанышыңыз құтты болсын! Жүгі Лян пақырыңыз сізді осы жерден тосқалы көп болды, – деді.

Қайықтағы жолаушы бейнесінде жасанғандардың бәрі Жиңжоудың су жасақтары екен. Лю Би қатты қуанып кетті. Сөйткенше қуғыншы қолы да жағаға жетіп келді. Оларға қолын бұлғап қарқылдап күлген Жүгі Лян:

– Мен осылай боларын ерте есептегем, Жоу Иүйге көп сәлем айтыңдар, бұдан былай сұлу әйел айласын қолданушы болмасын, – деді. Жағадағылар садаққа қол салғанда, қайықтар ұзап кеткен еді. Жяң Чын бастаған төрт қолбасы, дарияға көз сүзе телмірісіп қала берді.

Лю Би, Жүгі Лян сол беті жүзіп келе жатыр еді, тосыннан дария бетінде айқай-шу жер көкті жаңғыртты, арттарына қараса, шабуыл қайықтары құмырсқадай қаптап келеді екен. Әмір қолбасы туының астында соғысқа жаттыққан су қолын бастаған Жоу Иүйдің өзі, сол жағында Хуаң Гай, оң жағында Хан Даң, қалың қайық басын қоя беріп, аққан жұлдыздай зымырап келеді. Қуғыншылар жете бергенде Жүгі Лян қайықтың басын солтүстік

жағаға бұрғызып, адамдарды тегіс жағаға шығарып, қайықты тастап, аттылы-жаяу шұбай жөнелді. Соңдарынан жітірмелете жеткен Жоу Иүй да жағаға шығып тұра қуды. Жасақтары тегіс жаяу еді. Хуаң Гай, Хан Даң, Шүй Шың, Дин Фың төртеуін ертіп алда Жоу Иүйдің өзі келеді.

– Бұл қай жер? – деп сұрады Жоу Иүй қасындағылардан.

– Алдымыз Хуаңжоу аймағының шекарасы, – деді бір жасауыл. Лю Би онша ұзай қоймаған екен, Жоу Иүй жүрісті шама жеткенше шапшандатып тез қуып жетуді бұйырды. Алды-артына қарамай қуған болар, енді жете бергенде дабыл үні саңқ етіп, өкпе тұстағы тау қойнауынан бір қосын шыға келді. Қолбасы Гуан Гүң екен. Қапелімде не қыларын біле алмай қатты сасқан Жоу Иүй, кілт бұрылып қаша жөнелді. Гуан Гүң тұра қуып еді, абырой болғанда су ішкілігі бар Жоу Иүй құтылып кетті. Қалың қол жапырыла артына қарай зытқанда, сол жақтан Хуаң Жүң, оң жақтан Уи Ян бастаған екі қосын шыға келіп, Уү елінің жасағы қыспақта қалды. Жаны мұрнының ұшына келіп асып-сасқан Жоу Иүй қайыққа келіп түскенде жағадағы жасақтар зор дауыспен: “Жоу Иүйдің айласына не тең келсін, ханшасын да бергізген, жасағын да жеңілдірген!” – деп айқай салды. Бұл сөз намысына тиіп тұлан тұтқан Жоу Иүй:

– Жағаға қайта шығып, өліспей беріспей шайқасамын! – деп долданды. Хуаң Гэй мен Хан Даң зорға тоқтатты. Тоқтауы тоқтаса да, “Жасаған айлам мерт болды, Уү елі сұлтанының дидарын көрерлік енді менде не бет бар!” деген ой сап ете түсіп, Жоу Иүй қатты құсаланды. Бойындағы жарасы қайта ушығып, құлап түсті. Қолбасылар шұғыл құтқарудың шарасына кіріскенде, ол есінен танып кеткен еді.

Сірә, Жоу Иүйдің су ішкілігі бар ма, жоқ па? Оны келесі тараудан оқыңыз.

Сау Саудың “Мысторғай” мұнарасында конақасы беруі

Жүгі Лян тосқауылға қалдырған Гуан Гүң, Хуаң Жүң, Уи Ян бастаған қолынан ойсырай жеңілген Жоу Иүйді Хуаң Гай мен Хан Даң құтқарып алды. Бірақ жасақтары көп қырылды. Лю Би мен Сүн ханым өздерінің атшы-қосшы, нөкерлерімен анадай жердегі жотаның басына шығып тұрды. Мұны көрген Жоу Иүй қалай құсаланбасын? Жазылмаған жебенің уытына ашу-ыза қосылып, жарақаты қабынып, ес-түсін білмей талып түсті. Ем-дом жасап

зорға есін жидырған қолбасылары, өзер дегенде Жоу Иүйді алып қашып әрең құтқарды. Оларды қудырмай қолын жинап алған Жугі Лян Лю Бимен бірге Жиңжоуға қайтты. Онда барған соң, ел-жұртын жинап дүрілдетіп той жасап, қолбасыларына сыйлық таратты.

Жоу Иүй сол бетінде Чайсаңға қайтты. Жян Чындер өзіне қарасты қолдарымен Наншүйге келіп, оқиғаның барысын Сүн Шуанға жеткізді. Ашудан жарыла жаздаған ол өзін қоярға жер таппай бұлқан-талқан болды, ақыры Чың Пуды бас қолбасы етіп, Жиңжоуды алуға қол аттандырмақ болды. Жоу Иүй де кек алуды айтып хат жазды. Бұлай еткеніміз жарамас, – деп ақыл айтты Жаң Жау. Сау Сау солтүстік-батыс жағадағы жеңілісін ұмыта қойған жоқ, кегін қайтаруды ойламай қоймайды. Тек бізді Лю Бимен ниеті бір деп қана жасқанып қол аттандыра алмай отыр. Бір мезеттік ашуға еріп Лю Бимен жағаласа кетсеңіз, Сау Сау орайдан пайдаланып, шабуылға өтеді, ел басына қара бұлт төніп қатерде қаламыз. Біздің арамызда Сау Саудың жансызы жоқ деп кім кепілдік ете алады? Егер ондай жансыздар бар болып, Лю Бимен араздасқан жайымызды жеткізетін болса, Сау Сау елші жіберіп Лю Бимен тіл табысудың жолын іздейді. Онсыз да бізден қауіптеніп отырған Лю Би Сау Саудың талабын қайтармайды. Сөйтіп, іс насырға шапса оңтүстіктен тыныштық кетеді. Ендігі амал Шүйдудағы Сау Сауға елші жіберіп, Лю Би Жиңжоудың әмір ұлығы болсын деп ұсыныс ету, мұны естісе Сау Сау қорғалап біз жаққа қол аттандыра алмайды. Лю Би де бізге кегі мен араздығын қояды. Кейін Сау Сау мен Лю Бидің арасына от тастап, іріткі салу арқылы оларды өштестірсек, бізге сол пайдалы. Өзіміз орайды пайдаланып олжаға біз ие болуды ойлайық деген ақылды Гу Иүйң айтты. Бұл сөзіннің жаны бар екен, сонда Сау Сауға кімді жібереміз деді Сүн Шуан.

Сау Саудың қадір тұтатын бір адамы Хуа Шин соны жібереміз, деді Гу Иүйң. Сүн Шуан дереу Хуа Шинді шақыртып, қатынас жазып, астанаға жіберді. Жарлық алып аттанған Хуа Шин астанаға барып Сау Сауға жолығатынын айтты. Сау Сау төңірегіндегі игі-жақсыларын ертіп “Мысторғай” мұнарасының салтанатын өткізуге Ижүнге кеткен екен. Мұны естіген Хуа Шин де Ижүнге жүріп кетті.

Солтүстік-батыс жағадағы жеңіліс тапқан Сау Сау кек алудың амалын көп қарастырса да, Сүн Шуан мен Лю Бидің жегжат болғанын естіп, олар тізе қосып алды деген қауіппен қол аттандыруға бата алмай отырған. Жан-ән жылнамасының он бесінші жылы көктемде “Мысторғай” мұнарасы да салынып біткен еді. Сау

Сау ұлықтарын Ижүнге жинап, үлкен той жасады. Мұнара Жаң өзенінің жағасына салынған еді. Қатар тұрған үш мұнара ортада “Мысторғай” мұнарасы, солында “Ақ айдаһар” мұнарасы, оңында “Сарысамұрық” мұнарасы. Әрқайсысының биіктігі он аршын, оң жақтағы мұнарамен сол жақтағы мұнараны екі үлкен көпір жалғастырып тұр. Сәулетті сарайдай жарқ-жүрк етеді, қараған көз сүрінгендей. Мерекелі той күні басына лағыл-жауһар шеккен алтын тәжің, үстіне жасыл қамқа тонын, аяғына құймалы кебіс киіп, беліне кемер белбеу буынған Сау Сау мұнараның ұшар басына шығып отырды. Қалған ұлықтар мұнара түбінде түрегеліп тұрды.

Ұлықтарына садақ тартқызып, мергендік өнерін көрмек болған Сау Сау өз қасындағы күтуші қолбасына Сычуаннан шыққан жап-жана қызыл қамқа сайыс шапанын беріп, оны биік бәйтеректің басына ілдірді. Оның төменгі жағына жүз қадам жерден нысана орнаттырды. Қару ұлықтары екі топқа бөлінді. Сау әулетінен шыққан ұлықтар шымқай қызыл киіп, қалғандары шымқай көк киіп, садақтарын асынып, қорамсақтарын байлап, аттарына мініп, тегіс бұйрық күтіп тұрды. Бір уақытта Сау Сау:

– Нысананың ортасындағы қызыл жүрекшеге тигізген адам қамқа шапанды алады, тигізе алмағандар бір тостағаннан арақ ішеді,– деп жарлық шашты. Жарлық айтылған заманда қызыл шапандылар тобынан бір жас қолбасы атын орағытып шыға келді, жұрт жалт қараса, Сау Шю екен, ол атпен ағызып келе жатып жебені адырнаға қондырып тартып қалып еді, қызыл жүрекшеге дәл тиді. Дабыл үні саңқ етіп қолбасылар “бәрекелді” айтып қолпаштай жөнелді. Мұнарада тұрып мұны көрген Сау Сау:

– Өз шаңырағымнан шыққан дегдар екен ғой, – деп қатты қуанып қамқа шапанды Сау Шюге алып беруге адам жұмсай беріп еді, көк шапандылар тобынан бір атты ағызып шыға келді. Ол:

– Уәзірдің қамқа шапанын өз шаңырағының адамы емес, бөгде ағайын алғаны жөн емес пе? – деп айғай салды. Сау Сау қараса Уын Пиң екен.

– Кәне, мұның да өнерін көрелік,– деп ұлықтар қыза түсті. Уын Пиң садағын қолына алып, шауып бара жатып тартып қалып нысанаға дәл тигізді. “Жарайды-ақ екен”, – деп ұлықтар оның да өнеріне сүйсініп тамсана қалды. Дабыл үні саңқ ете түсті. Уын Пиң шапанымды әкеліңдер деп айқай салды.

Осы кезде қызыл шапандылар тобынан Сау Хұң ағызып шығып:

– Біреу бұрын тигізіп қойған соң таласқан деген не сөз, олай болса менің атысымды көріңдер!– деп тартып қалып еді, ол да

қызыл жүрекшеге дәл тигізді. Жұрт “о, бәрекелді” десті. Сау Хуң шапанды алмаққа ұмтыла бергенде көк шапандылар тобынан бір қолбасы шыға келіп, садағын бұлғап: – “Үшеуіңнің атыстарың да таңырқарлық емес, атсандар менше атпайсыңдар ма!” – деп, айқай салды. Бұл Жаң Хы еді. Ол атпен шауып өтіп бара жатты да ту сыртымен қайырылып тартып қалып еді, жебе нысанаға дәл тиді. Қызыл жүрекшеге тиген төрт жебе салбырап тұрды.

– Атыс деп осыны айт, – деп шулап кетті жұрт.

– Енді қамқа шапанға кім таласады, – деген Жаң Хының дауысы шыға бергенде, қызыл шапандылар тобынан бір батыр шыға келіп:

– Қайырылып атып тигізу қанша таңсық екен, менің атысымды көріндер! – деп айқай салды. Ол Шя Хуоан еді. Ол шапқан беті нысана ататын жерден өтіп бара жатып артына қарамай садақты төбесінен асыра тартып қалып еді, жебе жүрекшедегі төрт жебенің ортасына барып сарт ете түсті. Дабыл үні саңқ ете түсті. Атының басын тартып тұра қалған Шя Хуоан:

– Қамқа шапанды төрт жебенің ортасына тиген менің жебем алмай кім алады, – деп айқалады. Көк шапандылар тобынан бір қолбасы шығып: қамқа шапан Шүй Хуандікі деп айқай салды. Менімен таласатын сенің қандай атысың бар? – деп Шя Хуоан да айқайлады.

– Қызарып тұрған қызыл жүрекшеге тигізгеннің несі мақтан, алсаң шапанды менше алу керек, – деп Шүй Хуаң бәйтеректі көздеп тартып қалып еді, жебе шапан ілген бұтақты қырқып, шапан ілінген бұтағымен бірге жерге түсті. Ағызып келіп шапанды іліп алып үстіне жамылған Шүй Хуаң шапқан күйі мұнараның алдына барып: Уәзір, қамқа шапан сыйлығыңызға рахмет! – деді. Сау Сау да, ұлықтар да “о, бәле” деп бәрекелді айтты. Шүй Хуаң атының басын бұрып енді жүре бергенде мұнараның бір жағынан көк шапанды бір қолбасы атылып шыға келіп:

– Шапанды маған тастамай қайда барасың? – деп ақырды. Жұрт қараса Шүй Чу екен.

– Сен менің жеңіп алған шапанымды тартып алайын дедің бе? – деді Шүй Хуаң.

Шүй Чу сөзге келместен ағызған күйі келіп шапанға жармаса кетті. Екі аттың басы айқаса бергенде Шүй Хуаң қолындағы садағымен Шүй Чуды көсіп-көсіп жіберді. Шүй Чу бір қолымен садақты тірей ұстап, бір қолымен Шүй Хуанды аттан жұлып алды. Екеуі жерге түсіп алыса кетті. Мұны көрген Сау Сау арашасы шаптырып, екеуін айырып жіберді. Қамқа шапанның тамтығы қалмай өрім-өрімі шықты. Сау Сау екеуін де мұнараға шақыртты.

Шүй Хуаң оқты көзімен атып, Шүй Чу тісін қайрап, бірін-бірі жеп қоярдай болып тұрды.

– Менің тамашалайын дегенім қолбасылардың күш-қайраты, өнері еді, бір шапан неге тұрады, – деп қолбасылардың бәрін мұнараға шақыртып, бәріне бір-бір Сычуан қамқасын сыйлады. Қолбасылардың бәрі алғыстарын айтты. Сау Сау оларды дәрежесі бойынша отырғызды. Құрлықта бар, суда бар тәтті тағамдардың бәрі дастарханға тізілді. Ұлықтар тостаған көтерісіп, қонақасы думанға айналып қыза түсті.

Сау Сау ұлықтарға қарап:

– Қару ұстаған батырларым ат үстінен садақ тарту өнерлерін толық көрсетті. Бәріне де көңілім толды. Ал, оқудың түбін түсірген қалам ұстаған ұлықтар, сіздер мұнараға қадам басқан осы сәтті өлең жолдарына айналдырып, заманымыздың айта қаларлық ісі ретінде хатқа жазып қалдырмайсыздар ма? – деді. Олар құп, тақсыр!” деп орындарынан дүркірей түрегелді.

Уаң Лаң, Жүн Яу, Уаң Сән, Чын Лин қатарлы ұлықтар өлең жаза бастады. Көбі Сау Саудың жеке басын жер-суға сыйғызбай мақтап, еңбегіңіз ұлы, абыройыңыз зор патшаға лайықсыз, – деп мақтаған екен. Мұны көріп шыққан Сау Сау мырс етіп күліп жіберді.

– Мырзалар, өлеңдеріңіз өрелі-ақ, дегенмен әсіре мақтауға тым бой ұрып кетіпсіздер. Мен де өздеріңіз секілді қарапайым адамның бірі едім. Жасымда ауылда өстім. Уәдеге берік опалы, мінез-кұлқыммен ел көзіне түсіп жүрдім. Кейін дүрбелең кезінде, Жяушиян қаласының шығысында бір қыстақтан мектеп салдырып, жазда оқу оқып, күзде саятшылық қылып жан бақтым. Дүние тынышталғанда ептеп билік алудың жолын іздей бастадым. Күтпеген жерден патша ордасының қорғаушы жасақтарын басқаратын сардарлыққа ілігіп, сонан осы hareketтің соңына түстім. Патшалық үшін қарақшының сазайын беріп, өліп кетсем зиратыма: “Хан патшасының батысқа жорық жасаған қолбасы марқұм Сау Сау”, – деп жаздыруды мұрат тұтып едім. Сонан Дүн Жуоның сыбағасын беріп, “сары шыттылардың” сазайын тарттырып, Юан Шауды жаныштап, Луй Буды жер жастандырып, Лю Биауды тыныштандырдым. Соның арқасында заманымыз тыныштала бастады. Сөйтіп бас уәзір болып, патшадан кейінгі зор мәртебеге ие болдым. Мұнан артық қандай арман болмақ, егер патшалықта мендей пақырларың болмаса, қанша адам өзін патша атап, қанша адам өзін сұлтан деп жарияларын кім біледі. Менің осындай зор билік ұстап отырғаныма кейбіреулер өздерінше тон пішіп, Сау Сау патша болуды көздейді дейтін көрінеді. Мұның

өзі де беталды кеткендік. Гүңзының Уын Уаңға арнаған ұлағатты сөзін мен есімнен шығармаймын. Біреулердің ойынша мен әскери билікті тапсырып беріп, қару сұлтаны деген атты алып еліме қайтқаным жөн көрінеді. Бұл да жөнсіз, өйткені әскери билік қолдан кетсе дұшпандарымның қастығына ұшыраймын. Алда-жалда мен жеңілетін болсам, патшалықтың да іргесі төңкеріледі деген сөз. Сондықтан құрғақ атаққа малданбай, төніп тұрған қауіпті көре білген жөн. Мырзалар менің бұл ойымды қайдан білсін, – деді Сау Сау. Орындарынан тұрып бас ұрған ұлықтар:

– Уәзірдің қасында, тарихтағы Ли Ин мен Жоу Гүнді да ауызға алып жүріппіз-ау, – десті. Бұл жайлы мынадай бір ауыз өлең қалған екен:

Запы болып өсектен,
Жоу Гүң тартқан азапты.
Тексіздерге бас иіп,
Уаң Маң көрді тозақты.

Сол кездерде егер де,
Дүние салса екеуі,
Олар жайлы ақиқат,
Мүмкін бізге жетеді.

Бірнеше тостаған шарапты қатар сілтеген Сау Сау, бойын мастық билеп қасындағыларға қалам-сия алдырып, “Мысторғай” мұнарасы жайлы өлең жазуға қаламын қолына енді ала бергенде тосыннан:

– Уұ елі елшілікке Хуа Шинді жіберіп, Лю Биді Жиңжоудың өмірлігіне билікке ұсыныпты. Сүн Шуан қарындасын Лю Биге беріп, хан дариясы өңіріндегі тоғыз аймақ Лю Бидің қолына қарапты, – деген хабар жетті. Мұны естігенде Сау Саудың сасқалақтағаны сонша қолындағы қаламы ұшып кетті.

– Уәзір, мың сан жаудың арасында қаптаған қол, бораған оқтың ортасында қалғанда да сескеніп көрмеп едіңіз. Бүгін Лю Бидің Жиңжоуды алғанын естігенде неге мұнша састыңыз? – деді Чың Иүй.

– Лю Би адам баласының жайыны еді, бірақ, өмірінде жоны батар су көрмеген, оның Жиңжоуды алуы жайынның теңізге түскенімен тең емес пе. Қалай сескенбеспін!– деді Сау Сау.

– Хуа Шиннің келудегі шын мәнін аңғара алдыңыз ба? – деді Шың Иүй.

– Жоқ, – деді Сау Сау.

– Ендеше, Сүн Шуанның қаупі Лю Би екен, қол аттандырып шабуылдайын десе төтесінен сіз киіп кете ме деп қорқып, Хуа Шинді әдейі елшіге жіберіп Лю Биді мансапқа таныстырып отыр. Мұндағы ойы Лю Бидің көңілін де орнықтыра тұрып, сіздің де құлақ-мұрныңызды бітеу,– деді Чың Иүй.

– Осылай болар жөні бар,– деп басын изеді Сау Сау.

– Пақырыңыз, Сүн Шуан мен Лю Биді араздастырып, арасынан уәзір олжа түсіріп, екі қоянды бір оқпен ататын бір амал ойлап отыр, – деді Шың Иүй. Сау Сау ол амалдың жөнін сұрады.

– Уә елінің сүйеніш арысы Жоу Иүй. Сіз Жоу Иүйге Нанжүннің уәлилігін, Чың Пуға Жяңшаның уәлилігін беріп, Хуа Шинді осында қалдырып маңызды орынға қойыңыз. Сонда Жоу Иүй Лю Бимен бұрынғыдан әрмен жауласа түседі, екеуі жағаласқан кезде ортадан біз олжа табамыз, бұл қалай? – деді Чың Иүй.

– Бұл сөзіңіз өте дұрыс, – деген Сау Сау. Хуа Шинді мұнараның үстіне алдырып қатты құрметтеп, сүбелі сыйлықтар тартты. Қонақасы тараған соң, Сау Сау қалам, қару ұлықтарын ертіп астанаға қайтты. Келген соң, Жоу Иүйді Нанжүннің уәлиі, Чың Пуды Жяңшаның уәлиі етіп бұйрық шығарып, қатынас жіберді. Хуа Шинге соттың мәртебелі ұлығы лауазымын беріп, астанаға қалдырды. Лауазым беру жарлығын патшаның алдынан өткізіп, Уә еліне жеткізіп, Жоу Иүй Шың Пудың да қолына тигізді.

Нанжүн аймағы иелігіне тиген Жоу Иүйдің кек алу ойы асқына түсіп, Уә елі сұлтанына хат жазып, Жинжоуды қайтарып беруін сұрап, Лу Суды Лю Биге жіберуін өтінді. Хатты көрген Сүн Шуан Лу Суды шақырып:

– Кешегі күні Жинжоу сенің кепілдігіңмен Лю Биге қарыз беріліп еді, Лю Би сөзбұйдаға салып әлі қайтармай отыр, енді қашанға дейін тосамыз? – деді.

– Әу баста батыс Сышуанды алған соң қайтарамыз деп тоқтам хатта ашық жазылған ғой, – деді Лу Су.

– Батыс Сышуанды алуға олар әлі тырп етпей отыр, сонда біз шашымыз ағарғанша тосамыз ба! – деді Сүн Шуан зекіп:

– Онда мен тағы барып қайтайын, – деді де Лу Су табанда қайықпен Жинжоуға жүріп кетті.

Лю Би мен Жугі Лян Жинжоуда азық-түлікті мол жинатып, қалың қолды машықтандырып, алыс-жақындағы ардагерлердің бәрін төңірегіне топтап жатыр еді. Күтпеген жерден Лу Су келді деген хабар келді.

– Бұл неге келді екен? – деп сұрады Лю Би Жугі Ляннан.

– Сүн Шуанның сізді Жиңжоудың өмір етіп ұсынуы Сау Саудың айласынан қорыққандықтан еді. Сау Саудың Жоу Иүйді Нанжүннің уәлилігіне бекітуі екі жағымызды араз-ашты қылып, өзі ортадан олжа таппақ амалы. Лу Судың келісі Жоу Иүй Нанжүннің уәли болғаннан кейін бізден Жиңжоуды ала қоймақ кой, – деді Жугі Лян.

– Бұған қандай жауап қайтарамыз?– деді Лю Би.

– Егер Лу Су Жиңжоудың сөзін қозғайтын болса, мырза, сіз үн салып жылай бастаңыз, жылағанда шын қайғырғандай тоқтамай, өксіп-өксіп жылаңыз. Қалған жауабын мен берермін, – деді Жугі Лян. Олар келісіп алды да, Лю Би ордада Лу Суды қабылдады. Аман-сәлем аяқтаған соң Лу Суға отырыңыз деді. Лу Су:

– Хан ағасы, қазір Уұ еліне күйеу, менің де ием болдыңыз, отыруға қалай дәтім жетсін,– деді.

– Сіз бен біз көне достармыз, сонша кішіпейілділіктің керегі не? – деп күлді Лю Би. Лу Су сонан соң барып отырды. Дастарқан жайылып, шай келді, шай үстінде Лу Су:

– Уұ елі сұлтанының жарлығы бойынша Жиңжоудың ісіне келдім, хан ағасы, қарыз алып ұстағаныңызға талай уақыт болды. Өлі қайтарған жоқсыз. Бүгін екі шаңырақ құдай дескен құда болдық, жақындықтың белгісі үшін бөлен-түген сөзді қойып, Жиңжоуды қайтарарсыз? – деді. Мұны естіген Лю Би бетін басып жылап қоя берді.

– Хан ағасы, неге жыладыңыз?– деді қатты тіксінген Лу Су.

Лю Би онан арман еңіреп жылай берді. Қалтқының аржағынан шыға келген Жугі Лян:

– Мен бәрін де естіп тұрмын. Лу Су мырза, иеміздің неге жылағанын сіз де сезіп отырған шығарсыз?– деді.

– Түсінсем бұйырмасын,– деді Лу Су.

– Мұнда не түсінбейтін сыр бар, әу баста-ақ, қарызға алған кезде иеміз батыс Сышуанды алған соң қайтаратынын айтып еді. Ижоудағы Лю Жаң мен бұл кісі туыс, бәрі де ауыз жаласқан хан патшасының ұрпағы екен. Қол аттандырып оның жерін алайын десе, елдің қарғыс-табасына қалады, алмайын десе, Жиңжоуды қайтарып бергенде барар жері жоқ. Оның үстіне сұраған сайын қайтармаса қадірменді құданың да көңілі ауырады. Сонымен оттағы көсеудің екі басы да ыстық болып қайғы-шерін жылаумен шығарып отырған жайы бар,– деді. Жугі Лянның сөзі Лю Бидің шын қайғысын қозғап, онан әрмен үн салып жылады.

– Хан ағасы, сабыр, Жугі Лян мырза екеуміз кеңінен толғап бір ақылын табайық,– деп Лу Су тоқтау айтты.

– Лу Су мырза, сізді тағы да әурелегенімізге ғафу етерсіз, қайтып барып Уұ елі сұлтанына жолыққанда сөзіңізді аямай біздің жайымызды толық айтып, Уұ елі сұлтанын аз уақыт тоса тұруға иландырсаңыз,– деді Жугі Лян.

– Уұ елі сұлтаны көнбей жатса қайтеміз?– деді Лу Су.

– Қарындасын хан ағасына беріп отырған Уұ елі сұлтаны неге көнбесін? Ебін тауып айтарсыз, бар үмітіміз сізде, – деді Жугі Лян.

Лу Су кең пейілді, аңқылдаған адам еді. Лю Бидің кейіп отырған түріне жаны ашып, олардың айтқанына көнді. Тағзым етіп алғыстарын айтқан Лю Би мен Жугі Лян қонақасы дастарқаны жиналған соң, Лу Суды қайығына отырғызып, қош айтып шығарып салды. Лу Су жүрген беті Чайсаңға барып, Жоу Иүймен жолығып, барған сапарының мән-жайды баяндады.

– Мырза, Жугі Лянның тұзағына тағы түсіппіз! Кеше қолтығына паналап жүріп Лю Биауды шайнамай жұтқан Лю Би бүгін батыс Сычуандағы Лю Жаңға келгенде не қылып бетінің мөрі тама қалыпты, сөз бұйдаға салғаны ғой. Бұл пәле сізді шарпымай қалмайды. Мен бір амал ойлап тұрмын, бұл амалдан Жугі Лян да аса алмайды. Бұл үшін сіздің тағы бір барып келуіңізге тура келеді, – деді Жоу Иүй.

– Оныңыз қандай амал? – деді Лу Су.

– Сіз Уұ елі сұлтанына бармай-ақ, қайта Жиңжоуға барып Лю Биге:

– Сүн мен Лю екі шаңырақ құдай дескен құда, айналып келгенде бір шаңырақ, егер батыс Сычуанды алуға сіздер бата алмасаңыздар, біз қол аттандырып алып берейік. Отауға берген еншіміз болсын, сіздер Жиңжоуды қайтарып беріңіздер, деп айтыңыз, – деді Жоу Иүй.

– Түу, сонау қиырдағы батыс Сычуанды алу оңай ма, бұл амалыңыз қалай іске аспақ? – деді Лу Су.

– Ақ көңіл-ақ жансыз ғой, мен батыс Сычуанды шын ала қояды ғой деп отырсыз ба? Осыны желеу етіп оларды бейғамдастырып қойып, Жиңжоуды алудың амалы емес пе. Батыс Сычуанды аламыз деп аттанған қол жолшыбай Жиңжоуды басып өтеді, сонда олардан азық-түлік сұраймыз, Лю Би өзі шығып, қалың қолдан хал сұрайды, осы орайда оны жер жастандырып, Жиңжоуды тартып аламыз. Сөйтіп, мен де кегімді қайтарамын, сіз де пәледен ада-күде арыласыз, – деді Жоу Иүй. Бұл ақылға іштей разы болған Лу Су Жиңжоуға қайта аттанып кетті. Лю Би мен Жугі Лян кеңес

құрып отыр еді, Лу Судың тағы келгені туралы хабар келді. Жүгі Лян:

– Лу Су бұл жолы Уұ елі сұлтанына барған жоқ, тек Чайсандағы Жоу Иүйге қана барып, сол жерден айла сайлап бізді шырғалауға қайтып келе жатыр. Ол келіп сөз қозғағанда менің қабак қағып мақұл дегенімнің бәрін мақұлдай бергейсіз, – деді. Осылай сөз байласып отырғанда Лу Су да кіріп келді. Сәлемдесіп болған соң ол:

– Еліміздің сұлтаны мән-жайды естіген соң, хан ағасының адамгершілігіне қатты разы болды. Өзі қолбасылармен ақылдасып, хан ағасына Сычуанды алып беру үшін қол аттандыруға келісті. Сычуанды алған соң оны отауға енші етіп беріп, Жиңжоуды қайтарып алмақшы. Бірақ, қалың қол бұл арадан өткенде біраз азық-түлікпен қамтамасыз етулеріңізді үміт етті, – деді. Мұны естіген Жүгі Лян дереу Лю Биге қабак қағып:

– “Уұ елі сұлтанының бұл ықыласына рахмет”, – деді. Екі қолын кеудесіне қойып кішілік білдірген Лю Би де:

– Осының бәрі араға жүріп ебін келтірген, мырза, сіздің арқаңыз, – деп алғысын айтты.

– Ержүрек қалың қол келген күні көш жерден қарсы алып, хал сұраймыз, – деді Жүгі Лян.

Іштей қатты қуанған Лу Су дастарқан жиналысымен қош айтып аттанып кетті. Ол кеткен соң Лю Би Жүгі Ляннан:

– Олардың бұл ойларының астарында не жатыр? – деп сұрады.

– Жоу Иүйдің ажал сағаты таяп қалды, мұндай айласымақпен баланы да алдау қиын, – деді Жүгі Лян қатты күліп.

Лю Би онан ары қазбалай сұрап еді.

– Бұл көш жол сұрап, елін жою амалы деп аталады. Сычуанды алу желеу ғана, Жиңжоуды алмақшы болғандары шындық. Сіз хал сұрай қаладан шыққанда тарпа бас салып ұстап алып, қалаға лап қойып қапыда шабуыл жасап, ойламаған жерден өрем қаптырмақшы ғой, – деді Жүгі Лян.

– Онда қайтеміз?

– Саспаңыз.

– “Арлан жолбарысты атқымен, жайынды тәтті жем шанышқан қармақпен аламыз”. Осыдан Жоу Иүй келер болса, өлмесе де өлімші болып құсаға батады, – деді де Жүгі Лян табанда Жау Иүнді шақырып:

– Былай... былай... істесең болды. Басқа амалды өзім табамын, – деді. Мұны естіген Лю Би қатты қуанды. Бұл жайлы бір ауыз өлең қалған екен:

Аламын деп Жиңжоуды,
Жоу Иүй амал сайлаған.
Жугі Лияңнан асырып
Амал тапшақ қайда оған.
Жұтпа тастап Чаңжияңға,
Тіліне жем байлаған,
Оңтүстіктің жайынын
Шырғаменен аулаған.

Лу Су қайтып барып, Жоу Иүйге жолыққанда, Лю Би мен Жугі Лянның қуана құптағанын, тіпті өздері қаладан шығып қарсы алмақ болған ыстық ықыласын ерекше сөз етті. Оның бұл сөзін естігенде Жоу Иүй қарқылдап ұзақ күліп алды да: қанша қу болсаң да осы жолы тұзағыма түстің білем, – деп масаттанып қойды. Сонан соң Лу Суды жағдайды әсіресе өзінің еңбегін дер кезінде жеткізу үшін Сүн Шуанға аттандырды. Сонымен бірге Чың Пуды жіберіңіз, қол бастап бізге көмекке келсін деп өтінді. Бұл кезде Жоу Иүйдің жарақаты құлан-таза сауығып кеткен еді. Ол Гән Нинді алдыңғы шепбұзар атойшы етіп, өзі қасына Шүй Шың мен Дин Фыңды алып екінші шепте болмақ болды да, Лин Тұң мен Лүй Минді артық шепке қойып, елу мың қолмен Жиңжоуға қарай бет алды. Жолшыбай қайық үстінде Жоу Иүй бұл жолы Жугі Лян қалайда тұзағыма түсті деген сеніммен өзіне өзі разы болып, қайта-қайта күліп мәз-мейрам болып келе жатты. Алдыңғы қол Шякуге жеткенде:

– Жиңжоудан қарсы ала келген адам бар ма? – деп сұрады Жоу Иүй.

– Хан ағасы бақылаушы әмірге жолығуға Ми Жоуды жіберіпті, – деді. Оны шақырып алған Жоу Иүй қалың қолды қарсы алудың жайы қалай болып жатқанын сұрады.

– Иеміз бәрін де орналастырды, – деді Ми Жоу.

– Хан ағасы қазір қайда? – деді Жоу Иүй.

– Бақылаушы әмірге жол болсын шарабын ұсынамын деп, арнайы Жиңжоу қаласының сыртында тосып жатыр, – деді Ми Жоу.

– Шаңырақтарыңның қамы үшін қалың қол алыс жолға шығып барады. Хал сұрауға әсте жеңіл-желпі қарамаңыздар, – деді Жоу Иүй.

Үнсіз ғана басын изеген Ми Жоу қайтып кетті. Құмырсадай қаптаған сайыс қайықтары ретімен дария бетінде иін тіресіп келеді. Гүңанға жеткенде алдарынан бірде-бір сайыс қайығы,

бірде-бір қарсы ала шыққан адам кезікпеді. Жоу Иүй қайықтарын неғұрлым тез жүруге қаузады. Жинжоуға он шақырымдай-ақ жер қалды. Дария беті тып-тыныш, ызың еткен үн, тырп еткен пенде жоқ. Алдыңғы қарауылдар Жинжоу қаласының қақпасында екі ақ ту қадаулы тұр, қыбыр еткен жан жоқ деп хабарлады. Көңіліне күдік алған Жоу Иүй қайықты жағаға тоқтатып, атқа мініп, қасына Гән Ниң, Шүй Чың, Диң Фың қатарлы бір топ қолбасылары мен сығайланған үш мың қолды алып, Жинжоуға тартты. Қорған түбіне жеткенше жан кезікпеді. Атының басын тартып тұра қалған Жоу Иүй жасауылдарына “қақпаны аш” деп айқайлауды бұйырды. Қорған төбесіндегілер жөн сұрады.

– Уұ елінің бақылаушы әмірі Жоу Иүй тақсырдың өзі келіп тұр,– деді Уұ елінің жасауылдары.

Олар сөзін аяқтамай-ақ, дабыл үні саңқ етіп, қорған төбесіндегі жасақтар қылыштарын суырып алды. Қорған төбесіне Жау Иүн шығып:

– Бақылаушы әмір, бұл қай жүрісін?– деді.

– Мен сендерге батыс Сычуанды алып беруге келе жатырмын, мұны сен неге білмейсің? – деді Жоу Иүй.

– “Көш жол сұрап, елін жою” айлаңызды баяғыда білген әскери ақылшымыз Жугі Ляң мені әдейі осында қалдырып кетті. Иеміз: “Лю Жаң екеуміз хан патшасының тел өскен ұрпағымыз, әділеттен бет бұрып батыс Сычуанды жаулау дегенге қалай төзбекпін, егер Уұ елі батыс Сычуанды алатын болса, мен шашымды жайып жапан кезіп, диуана болып кетемін, сертім осы деді, – деп айтты Жау Иүн мұны естіген Жоу Иүй атының басын кілт бұрып қаша жөнелі. Жолшыбай әмір туын ұстаған бір адам шауып келіп:

– Төрт жолдан қалың қол атой салып қаптап келеді. Жяңлиң жақтан Гуан Гүн, Зыгүй жақтан Жаң Фи, Гүнан жақтан Хуан Жүн, Санлиңнің тау соқпағы жақтан Уи Ян шығыпты, төрт жолдағы қол санының қанша екені белгісіз, жүз шақырым атырапта көкте де айқай, жерде де айқай, Жоу Иүйді ұстандар деп ұрандап келеді, – деген хабарды жеткізді. Бұл хабар Жоу Иүйге көктен жасын түскендей болды. Сөйтпегенде қайтсін, “Есебінен жаңылып торға түсті, ұттым ғой деп келгенде орға түсті”. Жоу Иүй есінен танып, аттан ауып түсті.

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ПОЭЗИЯСЫ

ЖЫРНАМАН

ЖОЛЖЕЛКЕН

Жолжелкен теріп келеміз,
Терген сайын тереміз.
Жолжелкенді жол бойы,
Әр жерден-ақ көреміз.

Жолжелкенді жол бойы,
Үзіп алып келеміз.
Жолжелкенді жол бойы,
Іліп алып келеміз.

Жолжелкенді жол бойы,
Етекке сап тереміз.
Жолжелкенге етекті,
Сірестіріп келеміз.

ҚЫЗЫЛ КЕНДІР

Қызыл кендір атызы,
Жайқалтып жатыр бір сайды.
Жапырақ жайса көкпенбек,
Саршымшық ұшып ойнайды.

Бұтаның басын қонақтап,
Шиқ-шиқ етіп сайрайды.
Қызыл кендір атызы,
Жайқалтып жатыр бір сайды,

Жапырағы сарғайып,
Орып, жинап, сыпырып
Мата-шекпен тоқысақ,
Киім болар ыңғайлы.

Құлдық ұрып тұрамын,
Айтқанына иемнің,
Киімдерім кірлесе,
Тазартып жуып киемін.

Қайтып барып үйіме,
Ата-анамның алдына,
Басымды төмен иемін.

ОЙПАҢҒА ӨСКЕН ҚОЙ ЖАҢҒАҚ

Ойпаңға өскен қой жаңғақ,
Бұтақтары бұлғақтап,
Қуанамын назданса,
Дүниеден керең ойсыз қап.

Ойпаңға өскен қой жаңғақ,
Ырғалар гүлі бұлғақтап.
Қуанамын назданып,
Болғаныма сүрбойдақ.

Ойпаңға өскен қой жаңғақ,
Толысар дәні бұлғақтап.
Болғаныма қуанам,
Үй қамынан мүлде аулақ.

САНДАЛ КЕСКЕНДЕ

Сандалды кесіп қойдым,
Өзеннің жағасына.
Түп-тұнық бұйра толқын,
Түспейді сабасына.

Түспейді сабасына,
Егінді екпегеннің.
Үш жүз дан астық қалай,
Жиналар қамбасына,

Саятқа шықпағандар,
Құндырды қалай ілер қорасына.
Кім кепіл ұлықтардың,
Арамтамақ болмасына.

Шабакты кесіп қойдым,
Өзеннің сағасына.
Түп-тұнық бұйра толқын,
Түспейді сабасына.

Егінді екпегеннің,
Үш жүз дан астық қалай,
Жиналар қамбасына.
Саятқа шықпағандар,

Аңдарды қалай әкелмек қорасына.
Кім кепіл мырзамыздың,
Арамтамақ болмасына?

Дөңгелекті кесіп қойдым,
Өзеннің қырқасына.
Түп-тұнық бұйра толқын,
Сыймайды сабасына.

Егінді екпегеннің,
Мол астық қалай ғана,
Жиналар қамбасына,

Саятқа шықпағандар,
Неге әкелед бөденені қорасына,
Кім кепіл мырзамыздың,
Арамтамақ болмасына?

ШЫҒЫС ТАУДА

Шығыс тауға бардым да,
Сарылдым ұзақ қайта алмай.
Қайтар жолда ақ жауын,
Сіркірей берді бір тынбай.

Батыста туған жерді ойлап,
Әскерліктен сытылдым,

Бұқараша киіп жай,
Жапырақты жамылып,

Бүріскен жібек құртындай,
Қалдым жалғыз арбаның,
Астында пана таба алмай.
Шығыс тауға бардым да,

Сарылдым ұзақ қайта алмай,
Қайтар жолда ақ жауын,
Сіркірей берді бір тынбай.
Төбеден төмен салбырап,

Мәуелеп тұрды асқабақ,
Алды ма әлде үйіме,
Құрт-құмырысқа ұялап?
Әлде ауламның орнында,
Бұғылар жүрме ойнақтап,
Қорқыныш қой мынау жай,
Аңсап келгенде япырым-ай!

Шығыс тауға бардым да,
Сарылдым ұзақ қайта алмай,
Қайтар жолда ақ жауын,
Сіркірей берді бір тынбай.

Тыраулап тырна төбеде,
Күрсінді-ау үйде әйелім,
Сыпырып үйін тазалап,
Отыр ма күтіп мені де.

Біз ауыз шайған ожау да¹,
Жатпасын отын ішінде,
Көрмегелі мен сені,
Үш жыл болды-ау тап бүгін.

Шығыс тауға бардым да,
Сарылдым ұзақ қайта алмай,

¹Қытайдың ескі салты бойынша жігіт пен қыз үйленгенде бір асқабақтың қабығын екі жарып ожау жасайды да, екі ожауды екеуі алып, соған арақ құйып, ауыздарын шайқайды. Онан соң, екі жарманы біріктіріп сақтап қояды. Бұл махаббатымыз берік болсын дегені. (Ә.Ақыштай.)

Қайтар жолда ақ жауын,
Сіркірей берді бір тынбай,

Ауылымыздың үстінен
Сарғалдақ қанат қаққаны-ай,
Көкбурыл мен ақсары ат,
Күйменді қатар тартқаны-ай.

Шешең әкеп басыңа,
Әшекей жаулық тартқаны-ай,
Әдемі-ақ едің бір кезде,
Болар ма едің тап сондай.

ЖАБАЙЫ БҰРШАҚ ТЕРГЕНДЕ

Жабайы бұршақ тереміз,
Әбден өскен шағында.
Қайтамыз деп жүргенде,
Жел өшіпті-ау тағы да,
Шияниүндердің¹ кеселі,
Тыныштық жоқ тыныстар,
Шияниүндердің кеселі.

Жабайы бұршақ тереміз,
Балбырап піскен шағында.
Қайтамыз деп зарланып,
Өрекіп жүрек тағы да.

Өртеніп жүрек барады,
Аштық пен шөлге шыдамай,
Қосынның орны тұрақсыз,
Арттан да хабар ала алмай,

Жабайы бұршақ тереміз,
Қатайып піскен шағында,
Қайтамыз деп жүргенде,
Қазан туды-ау тағы да,

¹Ертеде Қытайдың солтүстігін мекендеген тайпалардың бірі. Чин, Хән патшалықтары тұсында Ғұн, Сүй, Таң патшалықтары тұсында түркі деп аталған. (*Ә.Ақышай.*)

Соғыстың бітер түрі жоқ,
Шыбын жанда тыным жоқ,
Елге қайтар күн тумай,
Жүрегім шерлі, мұным көп.

Жайнап тұрған қандай гүл,
Қара өріктің гүлі ол.
Қолбасшының арбасы,
Бәрінен де зоры сол.

Арбаларға жегілді,
Төрт-төрттен саңлақтар.
Қайтіп тыныш болады,
Айында үш жорық бар.

Парлап жеккен төрт тұлпар,
Көкке шапшып жұлқынар.
Қолбасшы отыр ортада,
Артында қалың шерік бар.

Тұлпарлар қатар тізілген,
Қорамса-садақ сайма-сай,
Сақтық күшті біз жақта,
Шәниүндерге түсер жай.

Мен жорыққа кеткенде,
Талдар тұрған жайқалып.
Енді келсем ауылға,
Қалыпты қарға нығалып.

Қорқа басып келемін,
Аштық пенен шөл қысып,
Ұғар жан мені бар ма деп,
Жүрекке қайғы, мұң түсіп.

ЖАС АРУ

Періштедей бір сұлу,
Тоспақшы еді бұрыштан,
Көрінбейді қарасы,
Зарыға күтем камықсам.

Бикеш қызыл сырнайын,
Ұсынды сырлы назбенен.
Сырнайы жалт-жұлт етеді,
Кем емес нұры өзінен.

Қырдан әкеп ұсынды,
Ақ селеуді тартуға,
Сұлу ұсынған соң да,
Көркі оның артуда.

АЯР ЖІГІТ

Аяр жігіт ана бір,
Сөйлеспейді менімен,
Соның құсасынан,
Ас өтпес кеңірдегімнен,
Әдемі жігіт ана бір,
Отырмайды асқа менімен,
Соның құсасынан,
Қайғы кетпес көңілімнен.

КЕЗБЕ

Саудалап жібек жүрмін деп,
Бір кезбе келді күлміндеп.
Саудалап жібек жүрген жоқ,
Құдалық маған сөйлеспек.

Шығарып салдым Чикыдан,
Дұңчюге таман ұзатып.
Жаушыңыз жоқ қой амал не,
Тұрғам жоқ істі ұзартып.
Берейін уәде күзде кел,
Қайтесіз артық тіл қатып.

Құлаған тамға шығам да,
Сіз келер жаққа көз салам.
Көрінбей қалса төбеңіз,
Көзіме ыстық жас алам.

Көріне қалса төбеңіз,
Күлімдеп кетем, қуанам,
Ашыпсыз бал да мен үшін.

Түспепті балға іс жаман,
Мүлкінді басып арбаға,
Келіңіз алып сол заман.

Көгеріп тұрса жапырақ,
Ағашы тұттың балбырар,
Шырынын тұттың көп жесе,
Кептер де мас боп жығылар.
Әйелге қауіп еркектен,
Болмасын ерге тым құмар.

Құмарлық жеңсе еркекті,
Онанда тез-ақ айығар.
Құмарлық жеңген әйелдің,
Түбінде тартар зары бар.
Жапырақ түссе тұт ағаш,
Сарғайып солар жаншылып,
Босаға аттап келгелі,
Үш жылдай тарттым таршылық.
Чихыдан қайта өткенде,
Малынды суға шымылдық.
Қателік менде болған жоқ,
Салдыңыз маған қоршылық.

Кеттіңіз мүлде жүгенсіз,
Күніне неше құбылып,
Әйелдің өмірі үш-ақ жыл,
Семья жүгін арқалап.
Ертемен тұрып, кеш жатып,
Көрмедім ешбір рақат.

Тұрам деп сертте айнымай,
Ақыры кештім көп зұлмат,
Табалап аға-бауырым,
Күлкіге қалдым қабағат.
Сабырмен ойлап отырсам,
Бейшара екем өзім нақ.

Қартайсам еді қосақпен,
Кәрілік болды мұң-қайғы.
Әрқандай затта тоқтау бар,
Шегіне жетіп тоқтайды.

Тұлымды шақта күлкімен,
Өткіздік ойнап көп жайды.
Ақаусыз, адал, пәк едік,
Көкейге енді қонбайды.
Көкейге енді қонбайды,
Не керек ойлап ондайды.

ҚЫЗЫЛ КЕНДІР ТЕРГЕНДЕ

Қызыл кендір тергенде,
Көрмесем бір күн жүзінді
Зарығам үш ай өткендей.
Райхан гүлін тергенде,
Көрмесем бір күн жүзінді,
Зарығам үш ай өткендей!
Изен-жусан тергенде,
Көрмесем бір күн жүзінді,
Зарығам үш ай өткендей.

ТАҢ ДӘУІРІНІҢ АҚЫНДАРЫ

ЧҮЙ ЮАН (б.з.д 340- б.з.д 272)

Чүй Юан Қытай поэзиясының атасы, қытайдың ұлы ақыны. Оның “Арман” поэмасы, “Тоғыз өлең”, “Тоғыз толғау” атты толғаулары Қытай әдебиетінің жауһарлары саналады. Чүй Юан өлеңдерінде қиял-ғажайып ертегілер мен аңыз-әңгімелерді көп пайдаланған. Сол кездің оқырмандарының сүйікті ақыны болған. Өлеңдері тілге жатық, образы күшті, сезімге бай. Чүй Юан Қытай поэзиясының тарихындағы ірі тұлға, қытай поэзиясының қалыптасуына зор ықпал еткен ақын.

АРМАН

Гау Ияң патша арғы атам,
Ұрпағымын тектінің.
Әкем аты Бай Иүн,
Жұрт кемітер жоқ мінім.

Барыс жылы қаңтарда,
Дүниеге келіппін.
Ұлы күні ұлыстың,
Бұл пәнилік болыппын.

Марқұм әкем қуанып,
Ұл сүйдім деп шынымен,
Есім іздеп мен үшін,
Ұйықтамапты түнімен.

Жыңзы қойып атымды,
Әкем марқұм сол күні,
Осы есіммен бірге деп,
Тағдырың сенің ендігі.

Лин Жүн деген лақабым,
Еркелетіп атаған.
Жарастырып беріпті-ау,
Бәрін маған жасаған.

Ішімдегі қасиет.
Қалмасын деп жасырын.
Бойымды да сәндедім,
Көрсетіп бар асылын.

Балдырған мен Райханды,
Үзіп алып шалқанды,
Мойныма тағушы ем,
Өзім өрген алқамды.

Уақытпенен жарысып,
Қалмау үшін ұтылып,
Шықтым өмір жолына,
Бәйге атындай жұтынып.

Мулан гүлін теруші ем,
Жазда тауды аралап,
Гүл жамылып құлпырып,
Толысқанда бар алап.

Өзен бойын жағалап,
Қыста балдыр теруші ем,
Сол тірлікті өзіме,
Жарасымды көруші ем.

Ай менен күн алмасып,
Жүрдек уақыт зулайды.
Өмір-өзен арнасы
Бір орнында тұрмайды.

Бүгін көктем, ертең күз,
Арғы күні қар басып,
Жедел өтті бір күнім,
Бір күніме жалғасып.

Гүл сұлудың тұлғасы,
Көз алдымда тұр әлі.
Қонар ма екен оған да,
Қыстың аппақ сырғасы.

Тумай жатып анаңнан,
Неге кудың пенделік.
Алған беттен қайтпайсың,
Пенделікке жол беріп.

Қол бастасам деп едім,
Тұлпар мініп, ту алып,
Жол бастаушың болайын,
Көрсен егер құба-құп.

Болған екен үш патша,
Бағзы бір заманда.
Намысы өр, жаны пәк,
Үлгі болған ғаламға.

Әділдігі халқына,
Әкеліпті ырыс-құт.
Көп данышпан бас қосып,
Орнапты елде тыныштық.

Балдырған мен бақбақтан,
Өрген алқа адамдар.
Сандал менен сарыағаш,
Шолпы болған замандар.

Болған дейді Яю мен Шүн,
Халқын сүйген қос қаған,
Әділдікпен ел жұртын,
Тура жолға бастаған.

Жамандыққа құнығып,
Жасылықтан жеріген.
Жие, Жу деген патшалар,
Қарғыс алған елінен.

Нәпсіге ерген сорлының.
Масыл болып халыққа.
Ауыр азап тартады,
Барар жері тамұқта,

Басқа пәле туар деп,
Болмақ емес қорқыныш.
Ертелі кеш тілеймін,
Болса екен деп ел тыныш.

Қызметіне жұртымның
Жаным пида деп едім.
Ата-баба жолымен,
Арман қуып келемін.

Түсінбедің не шара.
Менің таза жанымды.
Жаласымен біреудің,
Қараладың арымды.

Адалдықтан таймадым,
Кездерім жоқ жағынған.
Түзіп бақтым бәріне
Аттамадым арымнан.

Пәктігіне арымның,
Тәңір куә көктегі.
Әулиелер жолынан,
Айырмағай тек мені.

Сеніп едім сертіңе,
Болмай ешбір күмәнім,
Уәдеңде тұрмадың,
Қалай болды мынауың.

Сірә сенен айрылу,
Қайғы болмас еңселі.
Уәдесіз тайғанақ,
Мүсіркеймін мен сені.

Райхан гүлін өсірдім,
Бау-бақшамның төріне.
Бақбақ ектім құлпыртып,
Жеті гектар жеріме.

Сары райхан, люйдін.
Алтын сары айдары,
Арасына тағы ектім,
Асаран мен лайланы,

Көтерілді көңілім,
Гүлдер шешек атқанда.
Гүлге қарап қуанып,
Күнді күттім ақ таңда.

Көктеп келет гүлдерім,
Бір-біріне ұнасып.
Жиып-теріп алармын,
Құлпырғанда гүл ашып.

Өкінбеймін қартайсам,
Тағдырым ғой бұл менің.
Көз алдымда тапталып,
Қурамасын гүлдерім.

Ұлық біткен сергелден,
Қарын қамын ойлаған.
Бәсекемен мал жиып.
Дүниеге тоймаған.

Ала жылан, аш бақа,
Бірін-бірі күндеген.
Кісі мінін байқағыш.
Өз міндерін білмеген.

Қырқысады “жақсылар”
Шен-шекпенге таласып.
Мен бір бейбақ олардан,
Аулақ жүрген “адасып”.

Қарттық келді өкшелеп,
Уайымым тек менің:
Кейінгіге жақсы үлгі,
Қалдыра алмай кеткенім.

Жазда мулан гүліне,
Мөлтілдесе шық тұнып.
Шөл қандырдым сонымен,
Тізе бүкпей тік тұрып.

Қорек еттім күздерде,
Жуйхуа гүлін мұздаған.
Солай менің өмірім,
Танданбаңыз сіз оған.

Кедейліктен өлмеспін,
Аман жүрсем болғаны,
Керек маған рухым,
Кемелденіп толғаны.

Жаным тыныш болса екен,
Қарғыс ермей ізімнен.
Көрінбесін ей, Алла,
Жүдеулігім жүзімнен.

Балдырғанды тамырмен,
Матастырып бауладым.
Билименен көмкеріп,
Гүлге орадым аумағын.

Даршын менен бақбақты,
Қойдым тізіп дестелеп,
Гүл реңі тым ғажап,
Жасағандай кестелеп.

Үлгі тұттым бұрынғы
Әулиелер мұратын.
Бұл заманның салтына,
Сыя қоймас бұ да тым.

Ертеде өткен данышпан,
Пыңшиян деген кісіден.
Өнеге алдым пір тұтып,
Қасиетті ісінен.

Қажет емес біреуге
Ұнағаны мұнымның.
Көп істерім сай келмес
Жорасына бүгіннің,

Қарғыс атқан қауымның,
Дертін көріп өкінем.
Қасіреттен өксимін,
Өксимін де бекінем.

Гүлден өрген алқамның,
Қалдырмастан ешбірін
Қасақана біреулер,
Бүлдіретін кешқұрым.

Ертеңінде тағуға,
Қалушы едім таппай түк.
Түк таппасам не бопты,
Кеткенім не жоқты айтып.

Бүлдіргені түк емес,
Гүлден өрген алқаны.
Өріп алам жаңасын,
Өрнегі көз тартады.

Сақтап өлсем арман не,
Тазалығын арымның,
Осы емес пе қашаннан,
Қалағаны жанымның.

Ей, тұрлаусыз хазірет,
Тағдырдан ба, менен бе?
Түсінбедің жанымды.
Қалды көңілім сенен де.

Тоқалдарың некесіз,
Күндеп сұлу өнімді.
Зинақор деп қаралап,
Кесті менің жолымды.

Сұмдық қуған сайқалдар,
Қаскүнемдік сайлаған.
Аруаққа шет болып,
Салады ылғи байбалам.

Жүгенсіздер әдепті,
Білген емес пәниде.
Жағынбаса құмары,
Тарқамайды әрине.

Қайғы жұтқан қамкөңіл,
Бейбақ едім мен қандай,
Тозағына жалғанның,
Тірі түскен сор маңдай.

Қазам жетіп пәниден,
Көшсемдағы сол үшін.
Арын сатқан сұмдармен,
Жасаспаспын келісім.

Жаралғалы бұл әлем,
Бәрі де аян Аллаға.
Бүркіт пенен ақ сұңқар,
Жолдас болмас қарғаға,

Дөңгелек зат ұқсамас,
Бұрышы бар денеге.
Қисық пенен түзуді,
Бірдей дегің келе ме.

Ақ ниетті әділ бол,
Жаныңды қи ар үшін,
Артық көрген бәрінен,
Данышпандар намысын.

Қайыспадым қаңқуға,
Қараласа да арымды.
Қанша зәбір көрсем де,
Жасытпадым жанымды.

Жаза бассам жаңылып,
Өкінем де ашынам.
Бастағым кеп тұрады,
Бар ісімді басынан.

Кетпеу үшін адасып,
Өзімді-өзім күзеттім.
Жаңсақ бассам аяқты,
Қадағалап түзеттім.

Көк шалғынға атымды.
Қоя бердім сыпырып
Бетегелі беткейде
Тұрды тойып жұтынып.

Туған жерде қаламын
Мекен етіп мәңгілік.
Жазым өткел жалғанды
Несін кезем қаңғырып.

Тұңғықтың жамылам,
Жапырағын денеме.
Шапан да сол, жейде де,
Жоқтың күні немене.

Қадірімді білсе де,
Білмесе де басқалар.
Менің даңқым бәрі бір,
Өлгеннен соң басталар.

Тұрса болды жүрегім,
Жұпар шашып, нұр төгіп.
Өмір сүре берермін,
Бірде толып, бір солып.

Сәукелемді басыма,
Сәндеп киіп жүремін.
Ұзын шәлі жамылып,
Гүл-гүл жайнап реңім.

Үлде менен бүлдеге,
Оранғандар әлемді,
Былықтырып тоздырды.
Не амалым бар енді.

Судан тұнық, сүттен-ақ.
Менің жаным ізгі жан.
Күмән, күдік келтірмей,
Иланыңыз сіз бұған.

Көз саламын артыма,
Шығып алып белеске,
Дүниені бақылап
Тұрған ғажап емес пе.

Менің таққан гүл алқам,
Қызықтырар талайды.
Жұпар аңқып иісі,
Мастандырып маңайды.

Әр пәндеде бір арман,
Құштар болып аңсаған.
Мендегі арман адалдық,
Ғашық болдым мен саған.

Адалдыққа сенемін,
Арнап соған барымды.
Ардақтаймын тек соны,
Кірлетпеген арымды.

Басқа қатер төндіріп,
Шошыта алсын мені кім.
Өлтірсе де кескілеп,
Өзгермейді сенімім.

Тағдырыма күйініп,
Нөкер қыздар үнемі
Мен пақырға жаны ашып,
Ақыл айтып жүреді.

Гүң деген бір бек болған.
Ел үмітін ақтаған.
Өр мінезді ер екен,
Алған беттен қайтпаған.

Иү тауында сол сабаз
Өткен мына пәниден,
Дос-жараны қайғырып,
Жоқтау айтқан зар илеп.

Тәкаппарсың соншалық,
Жаның адал дегенмен.
Киінесің ерекше
Дараланып сен елден.

Пісіп тұрған күздегі
Кендір менен құрақтың.
Бұрқыраған иісін,
Сезінбейді бірақ кім.

Сырын ашпас адамға,
Жұмбағы көп өмірдің.
Кім түсінсін сондықтан,
Құпиясын көңілдің.

Жараспайды ежелден
Жалғыздылық пендеге,
Жолдас ертпей, дос тұтпай,
Жалғыз жүрсің сен неге?

Нәпсіге еріп түспедім,
Өзәзілдің жолына.
Ұлыларша ақылды
Серік еттім жаныма.

Сол үшін мен қайғыға,
Баттым талай қапыда.
Кір келтіргем жоқ бірақ,
Адам деген атыма.

Юан, Шияң суларын,
Іздемей-ақ өткелін,
Кесіп өтіп ат жалдап,
Оңтүстікке беттедім.

Маза бермей кеудеге,
Ыстық жүрек жалынды.
Тартып кеттім Чұң хуаға
Айтайын деп зарымды.

“Тоғыз өлең” Шияучиге
Аян түскен Алладан,
Сауық құрса жаз бойы,
Құмары бір қанбаған.

Ойы таяз, болмаған
Жұрт сүйінер бір ісі,
Ел ішіне жік салған
Угуаң деген інісі,

Яучиндағы Хоу сұлтан,
Адам еді аңқұмар,
Түлкі қуып сонарда,
Шер құмарын кандырар.

Арамзаның ісінен,
Мұң төнер ел басына.
Хан Жоу уәзір ханыммен,
Жақын бопты ашына.

Гуорау деген ант атқыр
Сол Ханжоудың ұлы екен.
Өркөкірек, көр кеуде,
Қу нәпсінің құлы екен.

Асқан әбден әлінен,
Кесел іздеп сенделіп.
Жұртты қорлап өзінен,
Төмен санап, кем көріп.

Арқалаған халықтың,
Қарғысы мен көз жасын.
Тәңір атқан сормандай
Жұтып тынды өз басын.

Жамандыққа дөнігіп,
Тура жолдан адасып,
Шияжие хан да көмусіз,
Қалған дейді көзі ашық.

Қырғындаған Жиу Уаң бек,
Уәзірлерді жаны ізгі.
Сондықтан да ордадан,
Кие қашқан тәрізді.

Шаң Таң менен Шияуүйді,
Әділ бек ед деседі.
Халық айтса қалт айтып,
Көрген емес есебі.

Жоу бектері шетінен
Жолға жүйрік білікті.
Ата заңнан аттамай,
Әділ билік құрыпты.

Бектер екен шетінен
Ағат басып көрмеген.
Ізгілікті ту еткен,
Тілегі бір елменен.

Күдіретті тәңірім,
Әділетті қолдаған,
Ниеті адал жандарды,
Тек сол ғана қорғаған.

Мейірімді жаны адал,
Болса көсем, әманда.
Көпке жетіп билігі,
Қадірі артар ғаламға.

Патшалардың бұрынғы,
Зерттеп өмір жолдарын.
Жолын танып тірліктің,
Мәнін ұқтым, болжадым.

Опасыздар қашанда,
Қарғыс алар елінен,
Қарғыс тисе топырақ,
Бұйырмайды жерінен.

Тіршіліктің заңы сол,
Еккеніңді орасың,
Сұмдық қуған кісінің
Жанына кім жоласын.

Ажал келсе қорқыныш,
Емес маған ол дағы,
Өкінбеймін халқыма,
Адал болсам болғаны.

Баға берген сыртынан,
Көрмей тұрып кісіге,
“Ақылдылар” бұрынғы,
Өкініпті ісіне.

Кер заманға кез болған,
Көзі жасты пендемін.
Өкінемін, жылаймын,
Тағдырым ғой ол менің.

Сорам ағып көзімнен,
Омырауыма төгілген,
Сормаңдаймын, еншіме
Өксік алған өмірден.

Гүлден өрген алқаммен,
Көз жасымды құрғатып.
Өзімді-өзім жұбатып,
Алданамын бір уақыт.

КӨКЕСІР АЛТЫН (487-587)

“Солтүстіктегі үш патшалық тарихы” атты кітапта Көкесір Алтын туралы қисса деп аталатын арнаулы тарау бар. Сонда Көкесір Алтынның “Тула жыры” өлеңі де сонда кірген. Көкесір Алтын 487 жылы туып, 587 жылы дүниеден өткен түркінің қаңлы тайпасынан шыққаны айтылған.

ТУЛА ЖЫРЫ

Шұғайдың бауырынан ақ бұйра толқынды
Туланың дариясы бұлықсып толқыды,
Бейне алып шаңырақтай аспанның күмбезі
Қойнына басады шексіз кең даланы.

Астында түп-тұнық көк мөлдір аспанның,
Ырыстың теңізіндей көсілген кең дала
Төсінде жайылған төрт түлік малының,
Көрсетер шалғынды шайқаған жел ғана.

УАҢ ЧАҢЛИҢ (698-765)

Қазіргі Тайуанның Шанши деген жерінде туған. Жастайынан өлең жазып, ел арасында ақын аты ерте шыққан екен. Ол кезде Қытайда оқымысты атағын алу үшін мемлекеттік емтихан тапсыратын заң болыпты. Уаң Чаңлиң да мемлекеттік емтиханға қатысып, оқымысты атағын алып, билік ұстапты. Оның өлеңдері асқақ ұранға, ерлік сезімге толы болып келеді. Патриоттық жырларымен Қытай поэзиясында аты қалған ақын. Оның өлеңдерін соғыс шежіресі деуге болады. Ол өз заманындағы соғыстар туралы ғана емес, тарихта өткен батырлар туралы көп жазған ақын. Соғыс тақырыбын терең меңгерумен бірге, табиғат көріністерін жырлауға да шебер. Ақынның көп томдық өлеңдері XVII ғасырда жарық көрген.

ЖОРЫҚ ЖЫРЫ

Чинхайдың көгін бұлт басып,
Шөкті тұман тауына.
Көз ұшында бұлдырап,
Иүймін қалды тағы да.

Найзаның ұшы талқандап,
Садақтың тиіп жебесі.
Сайысқа түскен сан мәрте,
Сөгілді сауыт көбесі.

Жапанды кезіп, жау алған,
Ер жүрек батыр шетінен,
Роранды алмай қайтпасқа,
Ерлердің бәрі бекінген.

Қаракұрым қалың қол,
Қабағына қан қатып,
Шығып жатыр қақпадан
Жердің жүзін шаңдатып.

Бұлаңдайды аспанда
Соғыс туы желбіреп,
Жау тілеген шетінен,
Өңшең батыр ер жүрек.

Ақшам сөне Таухыға,
Қолдың алды ілінді,
Соғыс болып қанқасап,
Талай сарбаз қырылды.

Сүйінші хабар жеткізді,
Алдыңғы шептен шабарман:
“Түйхұнды тірі ұстадық”,
Бұл соғыста жоқ арман.

БЕКІНІСТЕН АТТАНҒАНДА

Сызық болып туады,
Дөңгеленіп толады.

Сонау Чиннің кезінде,
Өзгермеген ай әлі.

Қаз қалпында сақталған,
Қамал да сол баяғы,
Чин хандығы кезінде
Ханның соққан қамалы,

Жорық жол тым алыс,
Қайту қайда ауылға.
Аңыз жетсін біз жайлы,
Ағайын-туған, бауырға.

Қанатты батыр Ли Гуаңдай,
Қолбасымыз болса егер,
Асырмаспыз Иншаннан,
Хорларды бұған ел сенер.

МЫҢ ХАУРАҢ (689-740)

Таң патшалығы тұсындағы Қытайдың атақты ақындарының бірі. Қытайдың Хуби өлкесінің Шаңян деген жерінде туған. Мың Хаураң жастайынан өлеңге құмар болған, 40 жасына дейін туған жерінде Лұнмиң деген тауда жұрттан жырақта тұрып өлең жазумен шұғылданған. 40 жасынан кейін аздап ел аралап, жер көріп қалыпты өмірге араласқан.

Уаң Иүйй, Ли Бай қатарлы сол кездің атақты ақындарымен дос болған. Өлеңдері көбіне табиғат көріністері мен табиғат құбылыстарын суреттеуге арналған. Тілге жатық, ұғымға жеңіл, баурағыш болып келеді.

ДОСЫМНЫҢ АУЫЛЫНДА

Сен мені құрметтеп қонаққа шақырдың,
Көңілін көтермек болдың-ау досыңның.
Арт жақта көсіліп, жап-жасыл тау жатыр,
Көңілдің шаттығын бәрінен асырдың.
Қыстақты көмкерген сыңсыған көк орман,
Қызыға тамсанам, келмейді жасырғым.
Шабытты иітіп шараптың шаттығы,
Әңгімең ой салып желпініп отырмын.
Қазанның тоғызы тағы да келермін.

КӨКТЕМ ТАҢЫ

Көктемгі ұйқы тәтті, амал қанша,
Қанбайды ол, арман бар ма қанар болса,
Таң атып ойда-жоқта үлгереді,
Көзіңнің шырымын ап дем алғанша.

Құс сайрап ағарғанша таң сөгіліп,
Тамылжып таңдайынан ән төгіліп.
Естисің сол әуенді тамсанасың,
Рақатқа бөленесің жан семіріп.

Кей түнде тіршілікке қонады құт,
Кей түннің құшағында болады жұт.
Тапталар сабағынан қаншама гүл,
Түндерде жаңбыр жауған, боран ұлып.

УАҢ УИ (701-761)

Таң дәуіріндегі атағы шыққан ақындардың бірі. Тайюанның Шанши өлкесінің адамы.

Ол ақын ғана емес, өз кезінің үлкен оқымыстысы әрі суретшісі сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі екен.

Өлеңдері өте көркем, суреттері өте әсерлі болып келеді. Сондықтан ақынды зерттеген ғалымдар “оның өлеңінен сурет көрініп тұрады. Суретінен өлең төгіліп тұрады”, деп мақтайды.

Ол адамгершілікті, ерлікті, махаббатты, елдікті жырлаумен қатар, адам көңіліндегі кездейсоқ туатын анайы сезімдерді де жырға қоса білген. Сонымен бірге, ашкөздікке қарсы тұрып, өз кезіндегі империялық пиғылға наразылық білдірген.

БҰҒЫ ҚАШАСЫНДА

Тау іші. Тірі жан жоқ, аңнан басқа,
Аңсыз да табиғатта мән болмас та.
Адам сөйлеп жатқандай сикыр дауыс,
Болмайды бұл ғажапқа танданбасқа.

Орманды жарық сәуле нұрға бөлеп,
Ақ сағым айналады шыр көбелек.
Көк қына қызғылт нұрға бөленеді,
Табиғат құлпырады бір керемет.

САЯТ

Уичында аңға шықты қолбасымыз,
Құсбегі, түгел мерген жолдасымыз.
Ысқырып жебе ұшады ажал алып,
Белгілі еді олжасыз болмасымыз.

Ұмтылған құмарланып ат та, адам да,
Қамалап қашқан аңды шатқалдарға.
Аспаннан ажал болып сорғалайды,
Шүйіліп қыран бүркіт қаққан аңға.

Аңшының қызыққұмар бәрі есірік,
Ісі шын, айтқанында бар өтірік.
Ұшады төңірекке тозаң болып,
Тұлпардың тұяғынан қар есіліп.

Аң қусаң асықпасқа амал да жоқ,
Тек қана жіті қимыл болар көмек.
Көрінбей Жаңакент артта қалды,
Тоқтадық “үйеңкілі қамалға” кеп.

Шаршаған ақ көбік боп ат теңселіп,
Қараңғы жерді илеп жатқан шөгіп.
Шығандап елден ұзап кетіппіз біз,
Түсіпті көзге тағы ақшам сөніп.

ШЕКАРАҒА БАРҒАНДА

Отырып жеңіл күймеге,
Құйяңға бардым хал сұрап.
Алыс жолда әрине,
Шаршадым қатты сансырап.

Желқаңбақ ұшқан қалбаңдап,
Қайтқан қаздан аумаған.
Жеттім хорлар жеріне,
Ұнады дала, тау маған.

Жарысып аққан өзендер,
Шөл, жазира көсілген.
Кереметтің өзіндей,
Кетпейді мәңгі есімнен.

УИЧЫҢ

Таңғы жаңбыр Уичыңда,
Шаңын басып даланың,
Жасыл орман көмкеріп,
Кең қоныстың алабын.

Сарқы, досым, шарапты.
Тостағанда қалдырма,
Яңғуаннан ары асқан соң,
Достарың жоқ алдында.

УАҢ ЖЫХУАН (688-744)

Қытайдың Жиянжоу аймағынан шыққан. Өз кезінде атағы жер жарған арқалы ақындардың бірі.

Қытайдың шекара өңірінің табиғат көріністерін суреттеген өлеңдерімен тарихта қалған. Лирикалық жырлары жүрекке жылы, әсерлі болып келеді. Алайда, ақынның көп шығармасы жоғалғанға ұқсайды, қазірге жеткен өлеңдері санаулы ғана.

ЛИЯҢЖОУДА

Алыста тұрып көз салсаң, аңғарын тұман торлаған,
Сары өзен ағып жатады, тең келер дария бар ма оған.
Аспаннан төмен құдилап, құлаған өзен айдыны,
Бұлт ішінен шыққандай көрінеді ол маған.

Биік таулар қаздыған, аспанменен таласып,
Етегі жаз, басы қыс, бар болмысы жарасып.
Құлазыған өңірде ескі мола мүлгиді,
Жалғызсырап қалғандай үйірінен адасып.

Сыбызғысы таңғыттың қайғылы әуен төгеді,
Көп естідім дегенмен, түсінбеуші ем мен оны,

Иүйміңнің сыртына енді ғана аңғардым,
Көктемнің нұр шуағы түспейді екен, себебі.

ХЫ ЖЫЖАҢ (659-744)

Қытайдың Хүйжи деген жерінің адамы. Қазіргі Жыжияң өлкесі Шаушин деп аталатын жер. Заманында Ли Баймен дос болған. Жасында қалада болып оқу оқып білім алған, өлең жазып ақындық жолды қуып, елге танылған.

АУЫЛҒА ОРАЛҒАНДА

Ауылдан жас кезімде кетіп едім,
Сөз етем ойыма алып несін оның.
Дәм айдап қартайғанда қайта оралдым,
Құлазып бос қалғанда көкірегім.
Ағарған самай шашым қудай болып,
Көшеде ойға батып отыр едім.
Балалар мазақтайды танымайтын,
Өкпем жоқ оларды да кешіремін,
Сұрайды қайдан келген бейбақсың деп,
Ауылдың арман қуған есіл ерін.

ЧЫН ЗЫ-АН (661-702)

Таң патшалығы тұсындағы реалистік поэзияның негізін қалаушылардың бірі, Зыжоу аймағы Шихұң деген жердің адамы екен. Ол жер қазір Қытайдың Сышуан өлкесіне қарайды. Узытияң патша тұсында мансапты болып, ордада қызмет еткен. Сол кезде Таң патшалығының саясатына өзгеріс жасауды ойлап, патшаға көп ұсыныстар жасаған. Ол ұсыныстарында елге пайдалы істерді ортаға қойып, ел мүддесін көздеген екен. Алайда, ақынның бірде-бір ұсынысы қабылданбайды. Ол саясатпен қатар әдебиет саласында да көрнекті қайраткерлердің бірі болды. Өлеңде нақты өмірді бейнелуді қуаттады. Ескі формализмге қарсы шықты. Сөйтіп Таң патшалығы поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты. Өлеңдері асқақ рухты, жаңашыл болып келеді. Таң патшалығы тұсындағы поэзияға жаңалық әкелген ақындардың бірі.

ЮЖОУ МҮНАРАСЫНДА

Алдымда баяғының батыры жоқ,
Жасанған сарбазым жоқ соңыма ерген.
Телміруші ем ойға батып жапан түзде,
Құлазып шерлі жүрек сенімі өлген.

ЯҢ ЖИҮҢ (650- ?)

Қазіргі Қытайдың Шанши өлкесінің Хуайын деген жерінде туған, ол кезде ол жер Хуай деп аталады екен. Көп оқыған, білімді адам болған, сондықтан патша ордасындағы ұсақ мансапты болып қызмет атқарған. Ол кездегі мансап иелері елге жаны ашымайтын, екіжүзді жағымпаз болса керек. Ақын сондай мансаптылармен шығыспайды да, ордада қақпайлауға ұшырап, мансаптан алынады. Бұл оның жас кезі еді, сондықтан мансабынан айрылған ақынды мансаптылар шеткері аймақтардың біріне сарбаздыққа жібереді. Оның өлеңдерінде сарбаздардың соғыс туралы түсініктері, соғыстағы көңіл-күйлері көп жырланады. Ол кезде Таң патшалығымен Түркілер арасында үнемі соғыс болып тұратын, Таң патшалығының ең мықты жауы түркілер болған. Жорық жыры өлеңінде қытай-түркі соғысына қатысты өзінің қалауын бейнелеген.

ЖОРЫҚ ЖЫРЫ

Астанаға жетті де белгі оттары,
Қобалжыды қалың ел ол жақтағы.
Қолбасы жарлық алып падишадан,
Жауға қарсы ерлікпен қол бастады.
Қалың қол жауға шапты атой салып,
Көтеріліп ерлердің аруақтары.
Ту желкілдеп, теңселіп жер шайқалып,
Дабыл сырнай азынап сарнап бәрі.
Жердің жүзін қап-қара түнек басып,
Тас аралас құм ұшып, шаң қаптады.
Азан-қазан, ұлар-шу жан-жануар,
Топан судай жер үстін қан қаптады.
Сарбаз боп, қару алып жауға шауып,
Ер жүрек болсам батыр ел мақтаны.
Дүмбілез түк бітірмес дүмшелердің,
Шаң қауып садағам боп қалмақ бәрі.

УАҢ БО (650-676)

Жияңжоу аймағының Лүмин деген жерінің адамы. Қазір ол жер Шанши өлкесінде Хыжин деп аталады. Алты жасынан бастап ақындық аты шыққан екен. Жиырма жеті жас қана жасаған ақын.

БӨКТЕРДЕ

Чаңжияң суы шымырлап баяу ағып,
Тау қойнынан шыққан соң сабырлайды,
Айдыныңа телміріп тұрсам қарап,
Оянады жүректе небір қайғы,

Желі қақтап қазанның төңіректі,
Күз ызғары білініп атырапта,
Шөп сарғайып таулардың өңі кетті,
Желмен ұшып сарғайған жапырақтар.

ЛИ БАЙ (701-762)

Таң патшалығы тұсындағы ұлы ақын. Қазақ жерінде Шу өзенінің бойындағы Сояп қаласында туған. Қытай мен қазаққа ортақ ақын.

Тағы бір зерттеушілердің айтуынша, Ли Байдың ата тегі түркі тайпаларынан. Оның Бөрі, Буыршын деген ұлдары, Айнұр деген қызы болған.

Таң патшалығы поэзиясындағы қара өлеңмен табиғаты ұқсас төрт таған деп келетін ааба ұйқасты өлеңнің Қытайда пайда болуына мұрындық болған ақын.

ЛУШАН САРҚЫРАМАСЫ

Биіктен құлағанда су ақырып,
Құс жолы түскен дерсің шұбатылып.
Қалғандай жер мен аспан құшақтасып,
Шамдал күз ақша бұлтқа тұр асылып.

МЫҢ ХАУРАНДЫ АТТАНДЫРУ

Есіл дос ел үмітін арқалаған,
Янжоуға кетті аттанып Қарқарадан,
Жаз еді,

Қоштасарда қалдым тежеп,
Қимастық сезімімді тарқамаған.
Көзімнен жалғыз қайық ғайып болды,
Телмірдім қарт Чаңжияңға жайып қолды.

ЧАҢҒАНЛИ ЖЫРЫ

Желкілдеген тұлымды бала кезім,
Шығушы едім гүл теріп далаға өзім.
Ат қып мініп шыбықты сен жүруші ең,
Күлкі төгіп күнәсіз кара көзің.

Чаңғанлиде бірге өстік ойын қуып,
Дүниеге қарамай мойын бұрып.
Сәби жүрек күнәсіз кірлемеген.
Танытты ма білмеймін бейімділік.

Он төртімде қосылдым өзінменен,
Сонда тұңғыш ұятты сезінген ем.
Шақырғанда қымсынып тіл қата алмай,
Күмілжідім жер шұқып көзімменен.

Он бесімде алдырып желегімді,
Өткізуге өзінмен мен өмірді,
Бел байладым пір тұтып берілдім де,
Махаббатқа жүрегім сене білді.

Айттым сонда бақыттың атап атын,
Жан қиысар ол – менің махаббатым.
Күн сайын жүгірмедім алағызып,
Жар төбеге аңызда аталатын.

Он алтымда аттандың алыс жолға,
Онғарсын деп тіледім бар істі Алла.
Қоштасуда қиын ғой қимасыңмен,
Сағынысып не жетсін табысқанға.

Дарияда жазым көп, шырғалаң көп,
Маусымда селден өңір құрғаған жоқ.
Шыңғырады жағада маймыл шулап,
Қисақтатып бет-аузын ыржалаңдап.

Мәлім болды алысқа жол алғаның,
Тез келмейді дегенге сене алмадым.
Сарғайғанша ізіңе шыққан қына,
Күттім сені, амал не, оралмадың.

Жапырақты тонады күздің желі,
Салқын тартып күн санап түздің демі.
Саған деген махаббат бірақ менің,
Үмітімді өзіннен үздірмеді.

Жыл айналып тағы да көктем келді,
Көбелектер қыдырды көк белдерді.
Көздің жасы көл болып, зарығумен,
Сағыныштан сарғайдым көптен бері.

Қайттым деген келсе егер бір хабарың,
Үнсіз күтіп жатсын ба мұнда жарың.
Айлық жолдан қарсы алып, жарым сені,
Тартар едім сапардың бірге азабын.

САҒЫНЫШ

Чаңан, сені сағынам,
Кейде сыздап жүрегім.
Санамды улап сағыныш,
Дел-сал болып жүремін.

Шегірткелер көгалда,
Ән салатын шырылдап,
Сағынтады сол шырыл,
Қайталанбас тың ырғақ.

Сүйектерім қақсайды
Сыз өткенде бойрадан,
Жарығында майшамның,
Үнсіз ұзақ ойланам.

Терезеден телміріп,
Жарық айға қарадым.
Сүйгенімді көрсетпей,
Бұлт жабады жамалын.

Төңкерілген төбемде,
Шексіз биік көк аспан,
Ал төменде шалқар көл,
Суы тұнық о бастан.

Аспан биік, жер шалғай,
Болмайыншы текке алаң.
Қанатым жоқ ұшарға,
Жете алмаймын, жоқ шарам

Асу бермес таулардан,
Өте алмаспын түсімде.
Күйзелемін құсадан
Сағыныштың ішінде.

ДАСТАРҚАН ЖЫРЫ

Үстірттен аққан долданып,
Сарөзенді көріп пе ең?
Теңізге құйып, сонан соң
Ақпайды кері неліктен?

Көріп пе едің қарттарды
Тірліктен қажып жалыққан
Айнаға қарап ағарған,
Шаштарын көріп камыққан.

Дейді олар шашым таңертең,
Көмірдей еді қап-қара,
Кешке жетпей ағарып,
Ұксады аппақ мақтаға.

Өмірге болсаң разы,
Шалқиды көңіл шарқ ұрып,
Құйыңдар шарап достарым,
Тостағанды толтырып.

Ай сәулесі астында,
Көтеріп алтын тостаған,
Сіміре шарап тартайық,
Марапат күтпей басқадан.

Табиғат берген дарыным,
Тозбайды мәңгі шамасы.
Алтын, күміс, ділдамен,
Өлшенбейді бағасы.

Ақсарбас сойып тойласам,
Асырып көңіл шаттығын.
Қанша ішсем де шарапты,
Шектемес ешкім тап бүгін.

Сын мырза, Дан Чу үшеуміз,
Бас қосқанда қалайда,
Ішілмей шарап тостаған,
(Бос тұрғаны жарай ма).

Қаласандар, достарым,
Сендерге арнап мына мен,
Жеткізер жүрек сырымды,
Берейін оқып бір өлең.

Дәулетіне байлардың,
Қызықпаймын тамсанып.
Шарап ішіп, мас болып,
Би билейік, ән салып.

Ұлыларды ежелден,
Танымаған заманы,
Шарап ішіп жүрсе де,
Артында аты қалады.

Кезінде Чин Уаң жырлаған,
Дастарқанын мақтанып.
Шарап ішіп, шалқыған,
Құмардан шыға шаттанып.

Қожайынға болса да,
Ақша қымбат өмірден.
Тартты шарап бәрі де.
Риясыз көңілмен.

Жабырқасам сол ғана,
Түсіретін сабама.
Арғымақ ат, алтын тон,
Шарап үшін садаға.

Шарап ішсем сіздермен,
Қашар менен уайым.
Жүректегі қайғыны,
Шараппенен жуайын.

ПАЙДЫҢ ЧИННЕН АТТАНУ

Төбесі көк тіреген Пайдың Чиннен,
Қоштасып таң сәріде жолға шықтым.
Жаңлинді кең көсілген артқа тастап,
Бір күнде мың шақырым жол басыппын.

Зулайды жеңіл қайық толқын жара,
Тауларды артқа қарай ығыстырып.
Сыңсыған екі жаға қалың орман,
Жағада маймыл шулап, жүр ышқынып.

ЖЫҢМИҢ ТАУЫНАН ӨТКЕНДЕ

Асып биік Жыңмиңнен қиырдағы,
Шудың жерін аралап шиырладым.
Таудан шығып дария кең даланың
Төсінде толқын атып құйындады.

(Асып Жыңмиң тауынан, Шудың жерін
Аралаумен өткіздім күннің көбін.
Таудан шығып дария кең даланың,
Баяу ғана төсінде бүлкілдеді).

Су бетінде ай қалқып ағараңдап,
Бұлт қаланың суретін салады арнап.
Ұзақ жолда дария серік болған,
Сүйем сені, жанымды саған арнап.

ШУДЫҢ ЖОЛЫ

Япырым-ау, қандай қатерлі,
Жалама биік, шың құздар.
Төменде шатқал көз көрім,
Қолсозым жерде жұлдыздар.

Күдірсін қандай Шу жолы,
Құлама жартас, қия бет,
Сенімен жүру аспанға
Шыққаннан бетер қиямет.

Сан Сұн мен Мүй Фу бір кезде,
Іргесін елдің қалаған.
Сонан бері қай заман,
Бақиға кетті сан адам.

Өтсе де талай ғасырлар,
Асу бермей тауларың.
Чин еліме бабалар,
Ат ізін бір салмадың.

Батысын биік Тайбайдың,
Құс аспас биік заңғары.
Ымидың құзар жалама,
Аңғары терең ар жағы.

Тау жарылып, тас құлап,
Құздарды басқан деседі.
Ел сенген аңыз бұл өзі,
Емес жұрттың өсегі.

Тауды тесіп кейін жұрт,
Жол салыпты жүретін.
Осылай деп айтады,
Көне көздер білетін.

Өрмелеп мұнда шығуға,
Айдаһар да қорқады.
Түбінде құздың долданып,
Ағатын өзен бар тағы.

Басынан асып бұл таудың,
Қанатты құс та өтпеген.
Болғанмен епті секіргіш,
Жүгіріп маймыл жетпеген,

Чиннида нөсер толассыз,
Ағады батпақ сел болып.
Қарға адым жер жеткізбес,
Таусылмас, қиыр жол болып.

Батысқа кеткен мырзаға,
Бола гөр, тәңір, медеткер.
Асар ма қайтып бұл жолдан,
Тайғақ кешу, тар өткел.

Үзілмейді түнімен,
Байғыздың үні сұңқылдап.
Қайғыға батып мүлгіген,
Тау үнсіз ғана тұр тындап.

Құлан жортпас, құс ұшпас,
Тарғалаң мына жол қандай.
Жүрмек түгіл, көрген жан,
Жанынан қасы болғандай.

Тиіп тұрған секілді,
Шыңның басы аспанға.
Жабысып әрең тұрады,
Кәрі қарағай тастарға.

Нажағайдай ақырған,
Құлама сулар айналан.
Не іздеді екен жолаушым,
Бұл жолдан қатер жайлаған.

Жиянгінің биік таулары,
Асу бермес жалама,
Бір адам тайып құласа,
Әкетер мыңын молаға.

Кезікпесе егер қамалдан,
Жанашыр, жақын өз аға.
Күмәнға басың байланып,
Тартылар ауыр жазаға.

Жарты қарыс азуы,
Жолбарыс шығып жолыңнан.
Не айдаһар кезігіп,
Боласың қасым жаныңнан.

Ажалы жетпей мезгілсіз,
Себепсіз бастар кесіліп.
Жылыстап ағар жылғада,
Қып-қызыл қаны жосылып.

Қаласы көркем Жин Чыңның,
Көрген жан қимай еске алар.
Десе де мырзам елге орал,
Ер жақсысы қос табар.

Шудың жолы қиямет,
Аспанмен тілдес тауы шың,
Қарасам болды батысқа,
Күрсіне берем сол үшін.

ЛИ ИҮН АҒАЙ САРАЙДАН АТТАНҒАНДА

Қайырылмай кетті өткен күн,
Қайғырмай қалды қай кісі.
Онан да ауыр мың батпан,
Ертеңгі күннің қайғысы.

Тартайыншы шарапты,
Қанғанша әбден құмарым.
Аттандырып досымды,
Қимастықтан жыладым.

Сақтаған “Жиян-ан” әуенін,
Қаламгер едің тұлғалы.
Сұлулыққа табынған,
Ұмытпа досты мұндағы.

Арманымыз тым биік,
Ойымыз ұшқыр шарқ ұрған,
Аспандағы айды алам деп,
Арыстан көңіл талпынған.

Қылышпен суды шапсаңыз,
Күшейіп ағар долданып.
Шараппен қайғы жусаңыз,
Асқынар уы бойды алып.

Көңіл толмас өмірдің,
Күйбіңіне қор болмай.
Жаһан кезу, жер көру,
Ерге лайық арман ғой.

ШЕКАРА ҚАМАЛЫНДА

Басы мұз, бауыры қар көктің тауы,
Асу бермей ынтаны тек құртады.
Тамызда көктемнің белгісі жоқ,
Ешқандай өсімдіктің жоқ қылтаны.

Бұл таудың басы түгіл бөктерінде,
Болмайды көз тартатын шөп те, гүл де.
Бзындап жаңғырады жаргас қана,
Сырнаймен “көк теректі” төккенінде.

Сүп суық, азынаған жел дегенің,
Сүркей тұз, суық бауыр жер дегенің.
Осынау құлазыған табиғатқа,
Айтып тұр жаздың әлі келмегенің.

Ұйқы жоқ, бейқам жатып қанар мұнда,
Жабыққан көкірегің толар мұңға.
Ұйықтаған жер жастанып, сарбаздарға,
Естілді дабыл үні таң алдында.

Басталды айқай-сүрең, мына маңда,
Қорқыныш үрей сыйлап тірі адамға.
Қылышын қолына алды енді сардар,
Қас жауын құтпақ үшін Роранда.

САПАРДА

Алтындаған тостаған, тәтті шарап,
Мың ділдалық құны бар тартты табақ.
Бағасы артық алтынан тағамдарды,
Берген адам деймісің тапты сауап.
Жылы-жұмсақ тағамды бағанағы,
Ешбір жанның тәбеті қаламады.

Қолыма семсер алып айналама,
Қарасам қам көңілім жайлана ма?
Өтсем деймін Сарөзен сені кешіп,
Кетсем деймін сонан соң ай далаға.
Оның бәрі арман ғой бар ма амалым,
Түк бітірмей құр босқа зарланамын.

Дария, сенің жағаңның жары биік,
Жазым өткел – өмірдің бәрі күйік.
Ассам деп ем Тайхаңнан асу бермес,
Биігіне ол жатыр қарын үйіп.
Кейде өмірден түңіліп торығамын,
Жолы түйық жанмын-ау сори қалың.

Қармақ салам өзенге зеріккеннен,
Кездерімде сезімге ерік берген.
Қайық мініп түсімде суда жүрем,
Күш дарытып сондай түс желік берген.
Шетке қуып қайғыны әлсін-әлі,
Маздайды кеп үміттің шамшырағы.

Күнді көрем түсімде кей түндері,
Жарты патша ондайда дейсің мені.
Бұрынғылар: жол ауыр, сапар шексен,
Бұрмасы көп, бұралаң дейтін бе еді?
Сол сөздердің ұқтым-ау сырын бүгін,
Қапы бар ма сөзінде бұрынғының.

Мынау қандай тып-тыныш “жайдары” күн.
Долы толқын бұрқанған қайда бүгін?
Келер жылдар, әлі де келер күндер,

Тіршіліктің сырына бойлады кім.
Бұлтқа мініп, бөгеусіз желмен есіп,
Көк теңізді өтермін мен де кешіп.

ТҮСІМДЕ ТИЯНМУ ТАУЫН АРАЛАППЫН

Осы деп нағыз жұмақ,
Теңізді жұрт мақтайды,
Қайнаған тұман көк толқын,
Адассаң болар бас қайғы.

Жыжияңның елі Тиянмудың,
Аңыз ғып атын жырлайды.
Бес асқар оның жанында:
“Айтуға тау деп тұрмайды”.

Төбесі көкке тіреліп,
Маңдайын аспан тұр құшып.
Басында бұлттар ойнайды,
Бірде қонып, бірде ұшып.

Теңесе алмас онымен
Еңселі таулар небір өр.
Чичың да тіпті Тиянтайда,
Жатаған болып көрінер.

Аттандым Тиянму тауына,
Бір күні түнде түсімде.
Әрине, жетіп үлгердім,
Қас қағым сәттің ішінде.

Өтемін аттап тоқтаусыз,
Уидің асқар бөлінен.
Ұшып өттім түн қатып,
Жинхудың айдын көлінен.

Келемін ұшып жап-жарық,
Ай сәулесін жамылып.
Көл бетінде көлеңкем
Толқынмен ойнап шағылып.

Жеттім шалғай Чаншидің,
Түкпіріне бір демде.
Қараңғы екен түспейтін,
Ай сәулесі бұл жерге.

Қалың орман сыңсыған,
Қасқа бұлақ жағасы.
Маймылдар асыр салады,
Қайғысыз, қамсыз шамасы.

Қалың орман ішінде,
Тамылжып ғажап тұнған ән.
Үні естіліп жататын,
Маймылдың ғана шулаған.

Сол дауысқа үн қосып,
Сылдырайды бал бұлақ,
Мекені тұр Шиє Гүңнің,
Баяғыдай маужырап.

Киіп емшек тақалы
Шиє Гү киген кебісті.
Кезіп Тиянму өңірін,
Бастым өр мен еңісті.

Жеттім ортан беліне,
Кеткендей тау ұзарып.
Жиегінен теңіздің,
Күн де шықты қызарып.

Шыққан күнді табиғат,
Сағынышпен қарсы алды.
Зілзала қып жер жүзін,
Қораз ата ән салды.

Биік құздан жалама,
Жол таба алмай қамалып.
Шокпар тастың үстінде,
Отыр едім дем алып.
Өткізіппін адасып,

Ұзын күнді бос жүріп.
Күн еңкейіп бір демде,
Қалған екен кеш кіріп.

Айдаһарлар ысқырып,
От бүріксе жақпарда.
Күркірейді ақырып,
Қоңыр аю шатқалда.

Шөккен тұман теңізге,
Қою еді не деген.
Жаңбыр бүркіп қара бұлт
Төніп келед төбеден.

Көз жеткісіз көк теңіз,
Тұман басқан айдынын.
Құйды нөсер сіркіреп,
Көз жасындай қайғының.

Шатырлады нажағай,
Жарқыратып аспанды,
Көз алдымда жай түсіп,
Быт-шыт қылды тастарды.

Ащы дауыс естілді,
Болды дүние зілзала.
Тауға қарап отырмын,
Меңірейіп мен ғана.

Қарс айрылды кенеттен,
Қара тастың кіндігі
Ашты сөйтіп есігін,
Әулиенің үнгірі.

Көк аспандай кеңдігі,
Көз жетпейді әрине,
Ондай үнгір шынында,
Болмас мына пәниде.
Қарқара көк аспандай,

Кеңістігі тым тұнық,
Сол жағынан ай туып,
Оң жағынан күн шығып.

Кемпірқосақ сәулесін,
Мойынына асынып
Бұлт тәңірі жүр екен,
Салтанатын асырып.

Жолбарыстар күй тартып,
Әміріне бағынып,
Алтындаған күймесін,
Келед сүйреп самұрық.

Есепсіз көп әулие,
Машайықтар жиылып,
Қатар-қатар тұр екен,
Тағзым етіп иіліп.

Атқақтады жүрегім,
Бұл ғажапты көргенде.
Аузыма кеп тығылды,
Тынши алмай кеудемде.

Құлағыма естіліп,
Жүрегімнің дүрсілі.
Содан шошып ояндым,
Ұйқым қашып бұл түні.

Аласұрдым қарадай,
Бір отырып, бір тұрып.
Кеуде кере дем алдым,
Ауыр-ауыр күрсініп.

Көрпе менен жастықтан,
Көрінбейді басқа түк.
Таңсәріде отырмын,
Аң-таң болып, бас қатып.
Тәңір де жоқ, тау да жоқ,

Тәтті түс те тарады.
Тек уайым, терең ой,
Мені жұтып барады.

Сұм дүние, қызығың,
Көрген түстей баянсыз.
Көзді ашып-жұмғанша,
Өте шығар аялсыз.

Өтіп кеткен дүние,
Қайта айналып келмейді.
Көк тәңірі өмірді,
Енді қайта бермейді.

Дүниеден кеткен соң,
Қалармын мен адыра.
Арқандайын қысқарақ,
Ақ бұғымды жаныма.

Сол бұғыма мініп ап,
Сапар шексем ғажап-ақ.
Емін-еркін көрейін,
Тянму тауын аралап.

Өзімді-өзім азаптап,
Қаламасқа зорланып.
Бай мен бектің алдында,
Жасымайын қорланып.

ГАУШЫ (702-765)

Қазіргі Қытайдың Қыби өлкесі Нанфи ауданында туған. Ол кезде ол өңір Саңжоу өлкесі Бохай аймағы деп аталады екен. Кедей отбасында туған ақын жасында жоқшылықты көп көріп, сергелдеңге түсіп тентіреп өмір сүріпті. Азамат болған шағында сарбаздыққа алынып, шекара күзеткен. Сол кезде табиғатпен етене жақын болып, сарбаз өмірін басынан өткерген ақын өлендерінде табиғат пен сарбаз өмірін көп жырлаған.

ҚОШ БОЛ ЕНДІ, ДҰҢТИҢЛАҢ!

Күннің көзін бұлт басып,
Қарауытып кең дала.
Қайтқан қазбен қоштасып,
Азынайды жел ғана.

Алыс кетіп барам деп,
Азапты алыс сапарға,
Қамықпа, дос, өзінді,
Кім білмейді жаһанда.

Хән елінен қол шықты,
Солтүстікті бетке алып.
Тұяғынан тұлпардың,
Шаң бұрқырап, от жанып.

Ел-жұртына қош айтып,
Атқа қонды сардар да,
Қас жауына кектеніп.
Ондай батыр жан бар ма!

Ерлігімен бөленген,
Мейіріне патшаның.
Ерлер шықты ел үшін,
Бәйгеге тігіп бастарын.

Иүгүңнен сарбаздар,
Дабыл соғып аттанды.
Қалдырып артқа мал жанды,
Бала-шаға, қарттарды.

Жер қайысқан қалың қол,
Жиешы тауына жеткенде,
Желкілдеген жалаулар,
Кетті сыймай бөктерге.

Шабарманның иенде,
Кенезесі кебеді.
Үкілі хат қойнында,
Суыт жүріп келеді.

Өрт жіберіп Лаңшанға,
Ғұндар қолы салды ойран,
Кескілескен жекпе-жек,
Қызыл қырғын, қан майдан.

Сарбаздары ғұндардың,
Өршелене шабады.
Аттарының тұяғы,
Қарқыратып даланы.

Қалың қолдың жартысы,
Қырғын тапты майданда.
Адам біліп болмайды,
Кім қалғанын қай маңда.

Сарбаздар сиреп күн бата,
Қалды қамал қансырап.
Аянышты күн туды,
Қарай алмас жан шыдап.

Қайтар емес ерлерің,
Патшасынан бата алған.
Бұзбаса да қамалды,
Шегінбейді қатардан.

Арпалысып ажалмен,
Ерлер жүрсе шалғайда.
Үйде жары зар жылап,
Ерін еске алмай ма!

Елде қалған жан жары,
Қайғырса ойлап арысын,
Майдандағы ер жігіт,
Жанын қияр жар үшін.

Зарығады бір-бірін,
Көре алмаған қос екеу.
Жары шалғай жат жерде
Қайтіп қана жетеді.

Көктем шыға басталған,
Соғыс жаздай тынбады.
Күздің сүркей таңында,
Дабыл үні тынбады.

Қылыш ұстап қан кешкен,
Қайраттарын ел көрді.
Атақ үшін өлді деп,
Кім айта алар ерлерді.

Қорқыныш пен азабын,
Көрсен мұндай соғыстың.
Ли Гуан еске түседі,
Ұмыта алмас оны ешкім.

СҮЙ ХАУ (704-754)

Биянжоу өлкесінің Кайфың қаласында туған. Жастайынан білімге құштар болып, көп оқыған, соның арқасында 723 жылы мансапқа тағайындау емтиханына қатысып, зиялы атанған.

Ли Бай Учан өңіріне келгенде Қарқара мұнарасына шыққан екен, сонда бұл мұнара туралы өлең жазуды жоспарлап, ізденіп жүріп Сүй Хаудың “Қарқара мұнарасы” атты өлеңін оқып, мен жазсам да мұнан асыра алмас едім деп күрсініпті дейді. Адамның көңіл күйін, әсіресе жалғызсырап құлазыған шақтағы ішкі сезімді беруде Сүй Хау алдына жан салмаған саңлақ ақын.

ҚАРҚАРА МҰНАРАСЫ

Келетұғын пенде жоқ,
Иен қапты-ау бұл ара.
Жетімсіреп аулақта,
Құлазиды мұнара.

Қарқараға қайрылмай,
Кеткен бәрі келмеске,
Бір белгі жоқ, бұл маңда,
Түсіретін елді еске.

Қарқара мініп келетін,
Әулиелер жоғалған.
Жетімсіреп иенде,
Мұнара тұр тоналған.

Қарқараға қайрылмай,
Бәрі кеткен келмеске.
Бір белгі жоқ түсірер,
Өткен күнді енді еске.

Шөгіп жатыр ақ бұлттар,
Уақытпенен арбасып.
Бірде қонып, бірде ұшып,
Кезек-кезек алмасып.

Иңжоудың шалғыны,
Шайқалады желменен.
Тұнық өзен ну орман,
Адам басып көрмеген.

Жерді басып көк тұман,
Айналдырды түнекке.
Күн батқан соң, дариға-ай,
Қайғы оянды жүректе.

Түсінбейді-ау көп адам,
Бұл қайғының не екенін.
Қайда қалды, дариға-ай,
Қайран атамекенім.

ЖИН ЧАҢШҮЙ

Ақынның өмірі туралы толық дерек жоқ. Қытайдың Жыжияң өлкесінің Хаңжоу қаласында өмір сүрген деген дерек бар. Ол да нақты емес.

Өлеңдері де көп сақталмаған, “Көңіл мұңы” атты бұл өлеңде ері шекараға соғысқа кеткен әйелдің ерін сағынғандағы көңіл-күйі бейнеленген. Өлең детальға құрылған, тәңірге жалбарынып жүріп әйел ерін түсінде әрең көреді. Алайда, оның бұл түсі ұзаққа

бармай, ағаш басынан байғыз сұңқылдап оятып жібереді. Бұл ерін сағынған әйел үшін ерінен айрылғандай ауыр азап болады.

КӨКТЕМ МҰҢЫ

Байғыз сорлы бұтаққа,
Қонып неге шақырдың.
Оятпа мені, аулақ кет,
Тәтті ұйқыда жатырмын.

Егер шошып оянсам,
Кетсе ұйқым бұзылып.
Жете алмаспын Лияушиға,
Шырын түсім үзіліп.

ДУ ФУ (712-770)

Қытайдың ұлы реалист ақыны. Қытайдың Хынан өлкесі, Гүншиян ауданының адамы. Жастайынан білім қуған оқымысты, жасында саяхатшы болып ел аралап, жер көріп, көптеген кітаптар оқыған. 24 жасында Лоянға барып емтиханға қатысып, емтиханнан құлап оқымысты атағын ала алмай қалады. Ду Фу 44 жасқа келгенде Қытайда Анлушан көтерілісі деп аталатын үлкен көтеріліс болады. Зерттеушілер Ду Фу сол көтерілістен кейін сергелден болып, бір өлкеден бір өлкеге қашып жүрген дейді. Соған қарағанда Анлушан төңкерісін қолдаған болса керек.

Сышуанның Чыңду қаласында Ду Фу тұрған үйдің орны әлі бар көрінеді.

Оның шығармалары ішкі соғыстың зияны мен халықтың тартқан азап, көрген зардабын суреттеуге арналған.

Өлеңдерінде халықтың мұнын мұңдап, жоғын жоқтаған. Жанашырлық сезімге толы болып келеді. Өзінен кейінгі Қытай поэзиясына үлкен ықпал еткен ақындардың бірі.

БЕКІНІСТЕН АТТАНҒАНДА

Күшті едің ғой садақтың,
Серіппесі сомын ал.
Ұзынын сал жебенің,
Ұзақ ұшар жөні бар.

Тартар болсаң садақтың серіппесі
Мықтысын тарт, адырнаң берік болсын.
Жебе салсаң, салалы ұзынын сал,
Қайратыңды еш адам кемітпесін.

Атар болсаң алыстан атты кісі,
Өзін атпа, атын ат сақтық үшін.
Жауға шапсаң алдымен батырын ал,
Басшысы өлген қолдың жоқ тынысы.

Соғысамыз, әрине, ел қамымен,
Бірақ қырғын орнымен болғаны жөн.
Жаудың беті қайтқан соң, кісі өлтірме,
Ол да адам ғой, қас жауың болғанымен.

АЙЛЫ ТҮНДЕ

Айлы түнін Фужоудың тамашалап,
Тұрма екенсің мені ойлап оңашалап.
Сағынбайды-ау әкесін қайдан білсін,
Бұғанасы қатпаған бала-шаға.

Мені ойлаумен тұрдың-ау тоңғаныңша,
Тұманнан шық басыңа қонғаныңша.
Күн туар ма сенімен айлы түнде,
Аймаласар құмарым қанғаныңша.

ҚИЫРҒА КӨЗ САЛҒАНДА

Ел жойылып, тұл қалған қарар мекен,
Сенің қайғың өзекті жарады екен.
Көктем де құлпырып тұрса дағы,
Қайғың бар да гүлде өңсіз болады екен.
Жетімсіреп сен тұрсың иен қалған,
Қайран мекен, кешегі кием болған.

Құс ұшса да қорқамын дала маңда,
Айналдырған қырсыққа шара бар ма.
Хабар таппай үнімнен аһ ұрамын,

Сұйылған шаш көнбейді тарағанға.
Барлық қайғы түскендей бір басыма,
Шара бар ма осылай тұрмасыма.

ЖИЯҢСУ

1

Шөккен бұлты батыстың қызғылттанып,
Көкжиекке еңкейді күн де жетіп.
Құс сайраған қораға бау-бақшалы,
Жолаушы да ілінді түнделетіп.

Жылап жатыр үй-ішім, туыстарым,
Мені тірі келед деп ойламаған,
Көрешегім бар екен, су ішерім,
Қанды қасап қырғыннан қалған аман.

Күрсінеді жиналған көрші-қолаң,
Мұңлы адамдар, жүрегім елжіреді.
Түн ортасы, ұйқы жоқ біздің үйде,
Бәрі маған аң-таң қап телміреді.

Азабын көре-көре сұм өмірдің,
Қартайдым, көргенім тек өлмес күнім.
Дүрсілін, тірі екенін жүрегімнің,
Үйіме келгеннен соң енді естідім.

Алдыма отырып ап балаларым,
Аймалап айрылмайды бәрі менен.
Білемін жүректерін жараладым,
Қорқады-ау кетеді деп тағы да мен.

2

Бақытты күндерімді есіме алып,
Қайғыны көңілдегі қуайын деп.
Орманды араладым, көлге барып,
Бетімді тұнығына жуайын деп.

Ұлиды зарлы боран ыңыранып,
Жыртқыштай жебе тиіп жараланған.
Есіме елім түсіп сол сағыныш,
Қайғымды асқындырды онан арман.

Жер өңдеп күріш ектім, азық әрі,
Шығады тәтті шарап шер құмардан.
Шығасың оны ішкенде сол болмақшы,
Өмірдің алданышы енді қалған.

3

Үйге қонақ келерде тауықтарым,
Аула ішінде таласты, тектен ғана.
Оны қуып қорадан шығарып ем,
Қақты есікті біреу кеп еппен ғана.

Мен келді деп алыстан амандаса,
Келіпті ауыл қарттары, жиылысып.
Әкелген сыбағалы шараптарын,
Көсіліп кеңес құрдық құйып ішіп.

– Алыңыз, шарап нашар, себі оның,
Егін салар адам жоқ кәсіп етіп.
Азаматтар соғысқа кеткен түгел,
Ел-жұртың отыр қазір есі кетіп.

Жоқ нәрсені бар қылған көңілдері,
Мені қатты ұялтты, бар ма амалым.
Ән салайық дедім мен сонда тұрып,
Тыңдайын деп қарттардың салған әнін.

Ән бастады қарттарым тартынбады,
Шеттерінен зарлы екен өздері де.
Әнде бітті, күрсінді жұрттың бәрі,
Қасіреттен жас толып көздеріне.

ШАБАРМАН

Шығау деген ауылға кеште келіп қонып ем,
Шал мен кемпір бұл үйде, үшеу болдық менімен.
Кісі ұстайтын шабарман келіп қалды сол кеште,
Есік ашып тілдесті кемпір шығып онымен.

Тамды айналып шал кетті, алды-артына қарамай,
Есік ашып еркек боп, тіл қатуға жарамай.

Ақырады шабарман ашулы да арынды,
Кемпір байғұс бүгіліп жалбарынды, жалынды.
Естіледі зарланып жылағаны мұң шағып,
Болушы ма ед шабарман тыңдайтұғын зарынды.
Алабұртып жүрегім босағада мен тұрдым,
Сөзі мынау сондағы шыж-быж болған кемпірдің:

– Үш ұлым да Ичында сарбаз еді, бірінен
Хабар алдым жуықта сағынып та жүр едім.
Қаза бопты екі ұлым қан майданда соғыста,
Өлген өлер, тірлігін жалғастырар тірілер.
Рас екен, деген сөз, арсыз жаным кеудеден,
Шықпаған соң отырмын, “мені ал, тәңір” деуменен.

Жылағанмен өлгендер қайта айналып келе ме?
Сүйенішсіз бір қартпын, құдай ұрған төбеде.
Қара талқан азығым, қайғы басқан көңілдің.
Алданышым қаршадай, жалғыз сәби немерем.
Жас баланың бабына көне ала ма кәрі адам,
Менен басқа үйімде сол балаға қараған

Жесір келін, сормандай, киімі жоқ үстінде,
Шыға алмайды далаға, кездеспейді ешкімге.
Болсамдағы қарт адам мен барайын, шырағым,
Көне, кеттік, алдыңа тарттым, міне, түстім де.
Мен барайын майданға тамақ істеп берермін,
Түк келмесе қолымнан сонда жүріп өлермін.

Өшті дауыс бір кезде, тына қалды түнгі аспан,
Үні естілді өксіген әлдекімнің тынбастан.
Аттанғанда ертесі көре алмадым кемпірді,
Қош айтысты шал ғана көкірегін мұң басқан.
Бұл ауылға осылай аттанып ем бір қонып,
Сол күнгі түн жаңғырды жүрегімде жыр болып.

ҮЙЛЕНУ МЕН ҚОШТАСУ

Оратылып әр шөпке, масыл болған шырмауық,
Жетілмеген сабағы дәрмені жоқ, бір ғаріп.
Иық сүйер жанында болмаса егер өз жары,

Әйел байғұс сорлайды тірі жесір тұл қалып.
Атанғанмен жас жұбай бақыт емес, ол да анық,
Болған жандай тастанды, жалғыз қалсаң сорланып.
Теңге, моншақ, түйреуіш тағып едім сен үшін,
Жар төсегім қаңырап жалғыз қалдым мен ғаріп.

Қосылғанда оқылды кеше кеште некеміз,
Енді, міне, таң ата қош айтыстық екеуіміз.
Нені айтайын мұны айтпай баяны жоқ бақыт деп,
Махаббатқа, өмірге кетті біздің есеміз.

Кетпесең де алысқа, түсінемін мен мұны,
Рахымсыз қан майдан – барар жерің белгілі.
Келін болып енеме сәлем етіп үлгермей,
Жалғыз қалдым, не болмақ менің күнім ендігі.

Тұмсықтыға шоқытпай, қанаттыға қақтырмай,
Мәпелеген ата-анам жаман атақ тақтырмай.
Құтты орныма қондырып жайланғанда көңілі,
Кім ойлаған өмірді болады деп тап мұндай.

Өртенеді өзегім, қорқыныш та бар тағы,
Барса келмес сапарға кеттің-ау сен қалайда.
Барар едім мен де еріп, салттан аттау қиын-ақ,
Жолың босын, арысым, сақта өзінді, абайла.

Жар төсегін ұмыт та, аттан енді тосылма,
Алаң болар сарбаздар әйел барса қосынға.
Әйел үшін еркектің мұқалмасын қайраты,
Аман болсаң келерсің, табысармыз осында.

Саған адал жүрегім, одан басқа не деймін,
Жалғыз пешпент жасауым, қызы едім мен кедейдің.
Сені сүйген жүректің садағасы сол болсын,
Жырттым, міне, ол үшін, өттеген-ай демеймін.

Адам түгіл құстар да жұбын жазбай ұшады,
Жұбайлардың өкініші айқаспаса құшағы.
Жазым өткел жалғанның көрсетері көп екен,
Сақта есіңе – артыңда қалды жарың құсалы.

УӘЗІР

Уәзірдің қабірі қай жерде еді дедің бе,
Шыршалары сыңсыған сонау Чыңду жерінде.
Бұтағында ағаштың бұлбұл сайрап, көз тартып,
Көк майсасы жайқалып, гүл көмкерген белінде.

Іздеп патша үш барған, ақылы үшін кәделі,
Екі ханды жөнге сап ақыл айтқан дана еді.
Көре алмай өз жеңісін, қаза болып майданда,
Қайғы жұтып жоқтаған, қара ормандай елі оны.

ҚҰТ ЖАҢБЫРЫ

Жауатынын қай кезде біледі ғой жаңбыр да,
Желмен бірге түн бойы тұрды құйып себелеп.
Тіршілікті көктемгі сусындатқан құт жаңбыр,
Қасиеті ғажап-ақ, айтып-айтпай не керек.

Шөлі қанған өсімдік тұрды балқып маужырап,
Қараңғы түн мұнартқан көрінбейді жол бірақ.
Дарияда қайықтың жылтылдайды шырағы,
Үзілмеген тамшылар төгіледі салбырап.
Таң атқан соң Чыңдудың гүлге толып алабы,
Көз арбайды көркімен балғын қыздай албырап.

ҚОНАҚ

Жан-жағымда айдын көл, мөлдір бастау, бал бұлақ,
Шаңқылдайды шағала қанаттары жалбырап.
Құлдық ұрар мен емес, көрінгенге жағынып,
Есік ашып мырзаны қарсы аламын мен бірақ.

Қол байлаған кедейлік, қоныс шалғай қаладан,
Дәмі келмей тамақтың болып тұрмын мен алаң.
Көрші қартты шақырып келейін мен шараптан,
Көсіле бір тартайық болса көңілің қалаған.

КҮЗ БОРАНЫ КҮРКЕМДІ ҚИРАТҚАНДА

Күздің қара дауылы соқтыдағы құтырып,
Күркешемнің төбесін алып кетті ұшырып.
Жатты тозып аңғарда ескі қамыс шашылған,
Аңғал-саңғал күркемнің төбесі тұр түтіліп.

Ербиеді биікте кәрі ағаштың бұтағы,
Көк ирім су төменде үмітінді жұтады.
Ар жағында өзеннің мазақ қылып балалар,
Шашып ойнап қамысты қоздырады құсаны.

Қолтықтап ап қамысты кетті кіріп орманға,
Ернім кеуіп айқайдан үнім бітіп қалғанда.
Таяғыма сүйеніп қайтып келдім үйіме,
Не бітірем құр босқа тұрғанменен ол маңда.

Көк кешікпей жел тынып, көк аспанды басты бұлт,
Қара түнек жалғанды құшақтады тас қылып.
Жел тынғанын қайтейін болсын одан не қайыр,
Бұлтпен бірге күн бата кетті суық асқынып.

Пана болмай жыртық тон ызғар қарып денемді,
Табанымнан сыз өтіп, жаңбыр тесіп төбемді.
Ескі көрпе жыртылған қамсау болмай, балалар
Дірдектейді көз ілмей, не істейін мен енді.

Жаңбыр жауды сіркіреп, толастамай түнімен,
Бізді қырсық қамады бірі сойқан бірінен.
Төсек-орын малмандай, төбесі жоқ үй ана,
Жаңбыр езіп барады, қабырғаны шіріген.

Қонар емес кірпікке қашқан ұйқы шошынып,
Әлек салды бір пәле, бір пәлеге қосылып.
Ойға баттым сол түні
Малмандай боп дірдектеп танды күтіп отырып.

Оқымысты кедейге қара сирақ, күс табан,
Байлығы жоқ қолына жетім қалам ұстаған.
Күн болар ма жылы үйде жататұғын көсіліп,
Күпірлікке жатар-ау үміттену тіпті одан.

Көрер екем жылы үйді қай заманда мен ондай,
Жаңбыр құйып, жел ұлып тұрып алды дем алмай.
Үсіп өлсем сол сәтте, қалса егер там басып,
Өкінбес ем кеткенге қасіретке қамалмай.

ХУАЖЫҢДИ

Әр күні шырқалған ән Чыңдудағы,
Тым асқақ көкке жете сыңғырлады.
Тыңдайды бұлттар мүлгіп, сулар тоқтап,
Балқымас әсем әнге кімнің жаны.
Мұндай сауық жұмақта болған шығар шынымен,
Жер бетінде тең келер шаттық қайда мұнымен.

ОРДА САРБАЗДАРЫ ХЫНАН МЕН ХЫБИДИ АЛҒАНДА

Алдық деген Хыбиді,
Естігенде хабарды,
Қуаныштан толқыдым,
Жаспен жуып жанарды.

Басымыздан айықты,
Қасіреттің тұманы,
Елін сүйіп көрмеген,
Мұны қайдан ұғады.

Алдық деген Хыбиді,
Естігенде хабарды,
Көтеріліп еңсеміз,
Қара көңіл ағарды.

Жүкті жинап жатырмыз.
Дайындалып көшуге,
Қуанышым сол күнгі,
Әлі менің есімде.

Сілтейікші шарапты,
Ән салайық беріле.
Оралатын болдым-ау,
Көктем шыға жеріме.

Бачия мен Учадан,
Ассам болды арманым,
Орындалып Лояға.
Сол емес пе барғаным.

ЗАРЫҒУ

Жыңмиңның сілемімен жалғасатын,
Таулар тұр жағаласып бас көкпен,
Ханшаның туып-өскен ауылы анау,
Ізі бар сол өңірде басып өткен,

Сыйдырмай ордадағы күншіл қауым,
Жат елге ұзатылып кеткен дейді.
Моласы бір қиырда жатқан шығар,
Еске алып ешкім оны ескермейді.

Суретші салған екен бет-бейнесін,
Оған да болған шығар бір керегі.
Әр түні аруағы келеді елге,
Адам жоқ дегенменен білген оны.

Пипадан бебеулейді зарлы бір күй,
Тыңдаса жыламасын кім егіліп.
Бұл күйді жатқа кеткен ұзатылып,
Зары деп бейбақ қыздың біледі жұрт.

БИКТЕН КӨЗ САЛҒАНДА ДҮНИЕГЕ

Түпсіз аспан безеріп тұр биікте,
Жел азынап, маймылдар шуылдайды.
Құстар қайтып барады, толқын шайған,
Ақ ирек құм ақырын суылдайды.

Чаңжияң жатыр толқыны жағаны ұрып,
Күз ызғарын білдіріп демі суып.
Қалбаң ойнап сарғайған жапырақтар,
Жердің жүзін кезеді жел ұшырып.

Биікте тұр бір адам мұңға батып.
Күздің жүдеу телміріп келбетіне,

Шашы ағарған қудай боп жастайынан,
Сүм өмірдің шыдамай бейнетіне.

Науқас мендеп барады әлі құрып,
Аянышпен қарайды маған бөрі.
Қайғырғанда шерімді тарқататын,
Қайран шарап, қош айттым саған дағы.

БАЙ ЖҮИЙ (772-846)

Таң дәуірінің реалист ақыны. Өз заманының теңдессіз таланты. Жасында ауылда өскендіктен ел өмірін шынайы махаббатпен жырлаған. 808 жылы Қытай патшасының ақылшысы болып тағайындалған, бірақ ол қызметте ұзақ отырмайды. Себебі, ол кезде орда билігі әтектердің қолында болған. Ақын әтектермен де, орда мансаптыларымен де келісе алмаған. Ордадағы ұлықтар өздерін сықақ қылып, масқаралап жүрген от тілді ақынды кешіре алмайды. Ақыры ақынның сыртынан патшаға шағым түсіріп, оны ордадан қудалатады.

Ордадан қуылған Бай Жүий Қытайдың Жиянжоу деген жеріне барып төменгі мансапты ұлық болады. Онда барған соң ондағы ел ақынды құрмет тұтады. Елге сөзі өтімді, беделді ұлық болады. Өз халқына пайдалы істер жасайды.

Кітапқа ақынның “Пипа жыры”, “Арылмас арман” поэмаларын беріп отырмыз.

АРЫЛМАС АРМАН

Хән патшасы сүйетін,
әйелдердің өндісін,
Сол емес пе әуейі,
құмарлықтың белгісі.
Жұрттан асқан бір қызды,
бауырыма бассам деп,
Көп іздепті сол кісі.

Көңілдегі сұлуды,
іздесе де таппады,
Менмін деген қыздардың,
бәрі де оған жақпады.

Өзі болған кезінде,
Сол арманы жүдетті,
ойсоқты ғып патшаны.

Яң дейтін есімі,
бар еді бір қарт адам,
Беделі артық еліне,
жұрттың бәрі мақтаған.
Бір қызы бар сол қарттың,
Көрген жанның дидарын
көңілінен шер тарқаған.

Әдепті еді қызы да,
елтең-селтең жүрмейтін.
Үйден аттап шықпайтын,
бөтен үйге кірмейтін,
Сол себепті ол қызды,
Көршілері болмаса,
ешбір адам білмейтін.

Өсті сұлу толықсып,
ерекше еді тұлғасы,
Сымбаты артық-кем емес,
хор қызынан бір басы.
Алдыртады сол қызды,
Мүмкін бе еді патшаның,
бұған көңіл бұрмасы.

Ақ тамағы бүлкілдеп,
күлкі үйіріп көзіне,
Бөлеп жұртты шаттыққа,
Қуанатын өзі де,
Балбұл жанып қараса,
Бас игендей періште,
тәнті болып сөзіне.

Арулары орданың,
бой түзеген кермиық,
Қасында оның әурей,
болып қалды ербиіп,

ордадағы қыздардың,
Күйік болды көзіне,
Жүрегіне шер құйып.

Пейіш бағы дейтұғын,
теңдесі жоқ елдегі,
Патшаның бар сарайы,
жұмақтай жердегі,
Аңыз болды сол қызға
Әлгі ғажап сарайды,
тарту етіп бергені.

Нөкерлері сол қызды,
еппен демеп тұрады,
Нәзік дене жібектей,
майысады бұралып.
Оны көрген патшамыз,
Тұра алмастай көрмесе,
есі кетіп құлады.

Сыңғырласа шолпысы,
шығады бір күй талып,
Қолаң шашы төгілсе,
дидарынан нұр тамып.
Өтті талай тәтті түн,
Жылы төсек, шымылдық,
күнде беріп тың шабыт.

“Тез атты” деп таңға да,
ренжитін екеуі:
“Күннің сонша асығып,
тез шыққаны несі еді”
Ләззатқұмар патшаның,
Хан тағына кешігіп,
күр сұлдері жетеді.

Көңілінен сұлудың,
шығамын деп қалайда,
Есі кетті патшаның,
Ғашық дерті оңай ма,

Ләззатқа мас болып,
Құшақтары жазылмай,
өтті түндер сарайда.

Сарайдағы қыздардың,
жетпеді оған біреуі,
Соғатұғын патшаның,
тек сол қыз деп жүрегi.
Ол мұнайса патшамыз
қайғыланды, жүдеді,
Ол күлгенде жадырап,
барлық әлем күледі.

Бақыты асты патшаның,
шаттық кернеп жүрегін,
Жаратқандай күдірет,
біреуі үшін біреуін.
Күндіз жұмыс кешінде,
Жар қойнында балқыды,
беріп Алла тілеуін.

Туыстары сол қыздың,
жастары да қарттары
Тәмам жұрттың аузында,
аңыз болды аттары.
Қонарында бақ шіркін,
Бас таңдамай қонады-ау,
асты жұрттан бақтары.

Пенде шіркін жаңылғыш,
бақыт тапса біреуі,
Сол адамды киелі,
әулие деп біледі.
Қызықты да қызғанды,
Ұлдан безіп жұбайлар,
Алладан қыз тіледі.

Кең сарайдың ішінде,
талай жұртқа арман боп,
Күмбірледі тәтті күй,

сиқырымен жанды арбап.
Әдемі би, асқақ ән,
Сырлы күйге патшаның,
кұмары бір қанған жоқ.

Патша осынау қызықтың,
тарқамауын тілейді,
Көңілі шіркін аспандап,
Бір ой қуып бір ойды.
Ойда жоқта бір күні,
сарайына патшаның,
Хабар жетті қондырып,
қанатына үрейді.

Есі шығып қайғыға,
камалды да қалды жұрт,
Астананы тоздырды,
ат тұяғы шаң қылып.
Тұншықтырып жер-көкті,
қара түтін қаптаған,
Ажал таппай адамды,
Адасады қаңғырып.

Біреу білмей біреуді,
Тоз-тоз болып қашқанда,
Лаңғада жер де айқай,
жаңғырығып аспанда.
Қашты патша батысқа,
Жиған мүлік, хан тағы,
қалды адыра сасқанда.

Бетті түзеп батысқа,
Құтылмақ боп пәледен,
Жүз шақырым қаладан,
ұзағанда шамамен,
Жолын бөгеп тоқтатты,
көтерілген қалың ел,
Қайда барсаң құтылмас
тағдыр шіркін, не деген.

Жиналған жұрт патшаға:
ұлық болсаң жолды ұғар,
Өлтір, – деді салдақы
қатыныңды ел бұзар.
Патша амалсыз көнсе де,
Жүрегінде шемен боп,
тарқамайтын қалды зар.

Біреу келіп ханымды,
аттан жұлып түсірді,
Мойныңменен көтер деп,
Қолмен еткен ісінді.
Сол арада дарға асты,
Көрген жанның үрейін
Осы сұмдық ұшырды.

Түнек басты осылай,
шайдай ашық аспаным,
Жан тапсырмақ оңай ма,
дар ағашта жас ханым,
Жанталасты жирындап,
Жаны ауырған жоқ оған,
Бір патшадан басқаның.

Теңге, моншақ, меруерт,
жанға пана болмады,
Қалды жерде шашылып,
Ешкім теріп алмады.
Құтқаруға ханымын,
Жарамаған бейшара,
бетін басып зарлады.

Жүректен қан, көзден жас,
етегіне тамғандай,
Екі бетін жас жуып,
тұрды патша сормандай.
Құлазиды кең дала,
сұрқай тартып реңі,
Қайғы басып еңсесін,
қаны кеуіп қалғандай.

Бұлтқа сіңіп бір ұшы,
салбыраған аспаннан,
Жанжол жатыр бұлдырап,
төмен құлап асқардан,
Жан баспаған Жиян­гінің
биігіне жалғасып,
Имишанның төменгі
етегінен басталған.

Сағы сынған сарбаздар,
жалаулары жалбырап,
Күні батып тұрғандай,
өлім күтіп қан жылап.
Бұл қайғыны сезінбей
Маңғазданар табиғат
Баяғыдай балбырап.

Жері көркем Сышуанның,
суы тұнық, ол бірақ,
Ем болмады патшаға,
қайғы жұтқан қан жылап.
Толған айдың жүзінде,
ізі бардай қайғының,
Түнгі дабыл тұрғандай,
жоктау айтып, зар жылап.

Тынышталып ел іші,
шыққан бүлік басылып,
Патша қайтты ордаға,
жан жарасын жасырып.
Көрген кезде ханымды,
дарға асқан өңірді,
Қасіреті тасыды.

Майупоның асуы,
безереді кең дала,
Ханымы жоқ, тұр мүлгіп,
Ханым өлген жер ғана.
Көңілі босап патшаның,
Құр сұлдерін сүйретіп,
әрең жетті ордаға.

Ордасы түр орнында,
еш өзгерген жоқ бұлар,
Көз тартады бақша да,
гүлде қайғы жоқ шығар,
Балдыр менен тұңғиық,
су бетінде жүр қалқып,
Жағаласып аспан мен
тербеледі көк шынар.

Тұңғиықтан ханымның,
мұңлы жүзін көреді,
Сұлу шынар тұлғасын,
еске сала береді.
Сағынғанда ханымын,
Қасіреттен жаншылып,
көздің жасын төгеді.

Маңдайынан көктемнің,
өтсе сипап самалы,
Өсімдіктер гүл ашса,
ханымды еске алады,
түссе күзгі жапырақ,
Қам көңілін патшаның,
қайғы бұлты жабады.

Қу шөп басқан сарай тұр,
қайғы мендеп басынған,
Сары жапырақ дода боп,
баспалдағын жасырған.
Ақсамайлы қарт бопты,
әнші, күйші, ақындар,
Бір кездегі орданың
салтанатын асырған.
Ол кездегі бала әтек,
жас көнізек арулар,
Бурыл тартып самайы,
егделікке бас ұрған.

Ымырт болса елбендеп,
жарық қоңыз ұшады,

Жым-жырт иен сарайда,
отыр патша құсалы,
Ұзақ таңда көз ілмей,
Отырады сол бейбақ,
мұңға толы құшағы.

Анда-сонда дабылдың,
үні естіліп құлаққа,
Тым ұзарып кеткендей,
күздің түні бірақ та.
Не заманда таң атып,
Бозғылт тартып құс жолы,
Шолпан туар жырақта.

Қырау тұрып төбеге,
шөп үсініп жердегі,
Ызғар шашып қабырға,
мұздатады бөлмені.
Суық көрпе-төсеніш,
тәнді қарып жатқызбай,
Тозақ болды өмірі,
азап болды көргені.

Қырау тұрып төбеге,
шөп үсініп жердегі,
Ызғар шашып қабырға,
мұздатады бөлмені,
Қайда, шіркін, дүние-ай,
жар құшағы қызулы,
Көре алмайды енді оны.

Қимағанмен бір-бірін,
бірге өлетін заман жоқ,
Біреуі өлсе, біреуі,
күн көреді амалдап,
Бірі жердің қойнында,
бірі суық бөлмеде,
Тағдыр ісі амал жоқ.

Қимағанмен бір-бірін,
бірге өлетін заман жоқ,
Біреуі өлсе, біреуі,
күн көреді амалдап,
Айрылғалы жыл өтті,
Тағдырға бас иіп,
отыр міне амал жоқ.

Қимағанмен бір-бірін,
бірге өлетін заман жоқ,
Біреуі өлсе, біреуі,
Күн көреді амалдап,
Тым болмаса ханымы,
түсіне де енбеді,
жылдай болып минут,
жатып алды табандап.

Сол күндердің бірінде,
бір әулие келеді,
Адамы екен Сышуанның,
құрметтейтін ел оны,
Келген екен дәм айдап,
Дуалы ауыз қарт екен,
қалт кетпейтін дегені.

Кездесіпті патшаға,
іздеп келіп бір күні,
Мойындаған жалпақ жұрт,
абыз екен бұл да ірі.
Келдім деді сізді іздеп,
Жан шақырғыш мен едім,
Адамзаттың білгірі.

Сол әулие патшаға,
басын иіп жалынды
Қасіретінді білемін,
жаралған жаныңды,
Тылсымым бар ғаламат,
Қаласаңыз егер де,
Тірілте алам ханымды.

Естіген соң бұл сөзді,
сабыр-тағат қалмады,
Патшалығын, ел-жұртын
есіне де алмады,
Тірілт деді ханымды,
Баз кешпек бәрінен,
қайтып келсе жан жары.

Мұнан кейін әулие,
тартынбады шегініп,
Аруағы шықты ұшып,
денесінен бөлініп.
Бақи менен пәниді,
кетті кезіп аралап,
Бұл туралы басқалар,
жарытады не біліп.

Бұлтқа мініп аспанды,
аралады, жоқ онда,
Жерге кіріп іздеді,
кезікпеді одан да.
Таба алмады ханымды,
Ешбір түкпір қалмады,
ол бармаған ғаламда.

Сонда бір үн естілді:
Күдерінді, сен, үзбе,
Аруақтардың ішінен
табылмаса, оны ізде
перілердің ішінен,
Перілердің мекені –
пері тауы теңізде.

Мұны естіген әулие,
пері тауын кетті іздеп,
Дұға қылды перінің,
қамалынан өткіз деп,
Жасағанға жалынып
Аруағына ханымның
Аман-есен жеткіз деп.

Алыстан бір ғажап,
тау көрінгендей болады,
Сымбатына көз тоймас,
сағым нұрға оранып,
Бір көрініп ап-анық,
сонан кейін қайтадан,
Сағым орап тұлғасын,
Кетеді тез жоғалып.

Алтын, лағыл, сарайлар,
Дегендей-ақ мені көр,
Нұрыменен көзді арбап,
тым ғажайып көрінер.
Қызыл-жасыл бұлттары,
нұрын төгіп төбеден,
Бұлт ішінде жүр ұшып
Нұр тұлғалы перілер.

Айнымайтын ханымнан,
көреді бірі періні,
Қардай аппақ денесі,
гүлдей қызыл еріні.
Қақпасына сарайдың,
келді жетіп әулие,
Жанында жоқ серігі.

Күзеттегі періге,
айтты жайын ұқтырып,
Хән елінен мен келдім
сарылтпасын күттіріп,
Шымылдыңтың ішінде
жатқан ханым бұл сөзді,
Естігенде сілейіп,
Тұрып қалды тік тұрып.

Аласатып көңілі,
Сезім билеп бір түрлі,
Байыз таппай орнында,
Бір отырды, бір тұрды.
Нұрдан шымылдық перделер,

Бірінен соң біреуі
Сыпырылып, жыртылды.

Ұйқылы-ояу жүгірді,
Ешбір тағат таба алмай,
Сырға, моншақ, бастырғы,
Түйреуішін таға алмай,
Сәукелесі қисайып,
Шекесіне аунаған,
Шықты есіктен жүгіріп,
Пері соққан адамдай.

Екі жеңі, етегі,
Желбіреді желменен,
Бишілердің қолындай,
Оңды-солды сермеген.
Ніл тамғандай бет-аузы,
Айғыз-айғы сатала,
Қасіреттің көз жасы,
Ағыл-тегіл көлдеген.

Махаббаттың сөнбеген,
Жалыны бар көзінде,
Айтты сәлем патшаға,
Торығу бар сөзінде.
Айрылыстық амал не,
Енді жетпес сезімім,
Жете алмаспын өзім де.

Махаббаттың қызығын,
Бір кісідей көріп ек,
Кетті ол заман келмеске,
өкініштің жөні жоқ.
әулиелер тауында,
Нұр сарайды мекендеп,
Қалды, міне, пері боп.

Есіме алсам ой жетпес,
Пәни жалған тым ғашық,
Көре алмаймын Чаң-анды,
Түтек тозаң тұр басып,

Сәлемдеме жібердім,
Өзің көрген заттардан,
Алтын қапты бастырғы,
Сабаңа түс алдағы.

Алып қалдым сындырып
Бастырғының жарымын,
алып қалды тағы да.
Бір бөлігін қабының.
Ортасынан сындырып,
бастырғыны, қабын да,
Бердім сізге жарымын,
Сақтасын деп жадында.

Ал жарымын, өзіме,
Сақтау үшін ап қалдым.
Ұмытпаспын сізді мен,
Осы заттар барында.

Көңіліміз алтындай,
Болсын таза тілегім,
Сенім берік, мызғымас,
Болсын соны тіледім.

Барған кезде бақиға,
Кездесерміз әлі біз,
Жұмақтың төрінде,
Кездеседі жанымыз.

Есіңізде бар шығар,
Қол алысқан сертіміз,
Мақпал түні тамыздың,
Ай астында арайлы,
Серттесіп ек екеуміз,
Іргесінде сарайдың.

Айлы түнді жамылып,
Тұрған кезде аулақта,
Не деп едің сонда сен,
Куә болар жан жоқта,

Қайда жүрсек жазылмас,
Қосағымыз деп едің,
Сол уәдене әлі де,
Риясыз сенемін.

Көкте жүрсек аққуымыз,
Жазылмайтын жұбымыз,
Тамыры бір ағашпыз,
Екі бөлек діңіміз.

Қол ұстасып екеуіміз,
Бір жетеміз арманға,
Екеуімізді еш адам,
Бөле алмайды жалғанда.

Сұм жалғанның өзіндей,
Аяғы жоқ, басы жоқ.
Замандардан жалғасқан,
Таусылмайды қасірет.

Жеткізбейді мәңгілік,
Шығармайды құмардан
Мөлшері жоқ, шегі жоқ,
Таусылмайды-ау бұл арман.

ПИПА ЖЫРЫ

Досымды аттандырып түнделетіп,
Барамын Шүнияңға бірге кетіп.
Судырап жапырақтар, қамыс пен тал,
Жүргендей күз желі мен бірге көшіп.

Жағаға аттан түстік жақын келіп,
Ұлы айдын мүмкін бізді жатыр көріп.
Мінгіздім қайығына демеп оны,
Оңғарсын жолын Алла сәтін беріп.

Көтердік шарап толы тостағанды,
Жанарда қимастықтан жас қамалды.
Болады қоштасудың не қызығы,
Күй тартып айтпаған соң асқақ өнді.

Тарқамас жан азабы шарапқа құр,
Біз тұрмыз қимастықпен жадау көңіл.
Жабырқау қош айтыстық екеуміз де,
Сондықтан ойнамады қабаққа нұр.

Тосыннан естілді бір нәзік әуен,
Тыңдадым құлақ түріп сазына мен.
Пипадан күй төгілді, ән қалықтап,
Тамылжып жанды баурап назыменен.

Сырлы әуен баурап алды мені мүлде,
Ой болмай қайту деген көңілімде.
Елітіп күйге балқып тұра бердім,
Аң-таң боп қайықта тұр серігім де.

Күй есті судың бетін сылап, сырғып,
Үніне бас игендей құлап тұрдық.
Қай жақтан шықты бұл үн, кім тартты екен?
Ынтық боп екеуміз де құлақ түрдік.

Сикырлы үн тамылжып кеп кетті үзіліп,
Өрекіп көңіл шіркін, ет қызынып.
Айғайлап шақыруға дәт қыла алмай,
Үн шыққан жаққа тарттық бетті бұрып.

Қуалап жақындадық сол әуенді,
Кездесек бір ғанибет болар енді.
Шам жағып дастарқанды қайта жайдық,
Тостаққа тәтті шарап тола берді.

Дауыстап шақырамыз ибаменен,
Басылмай ынтық көңіл күйге деген.
Көрінді кербез әйел не заманда,
Сымбаты тым ғаламат, кигені ерен.

Далдалап бетін бүркеп, жасырады,
Дидарын көре алмай түн бас ұрады.
Қолында пипасы бар нәзік ару,
Күйімен салтанатын асырады.

Келтіріп құлақ күйін, шабыттанып,
Пипаны жібергенде қағып-қағып.
Шанақтан әуен емес, тамшы болып,
Кетеді нәзік сезім тамып-тамып.

Сол әуен, сол бір сезім арман маған,
Шымырлап бойға тарап жанды арбаған.
Тербетіп қасіретін, шерін төгіп,
Үмітін еске алады жалғанбаған.

Аңғартып әлденені мұңды қабақ,
Пернені сүйрік саусақ жүр қуалап.
Өмірін еске алудан қиял шаршап,
Ауыр мұң жанарында тұрды ұялап.

Бірде ауыр, бірде жеңіл дыбыстары,
Екпіндеп күй шалқиды тынысты әрі.
Тастан ойған табыттай ауырлығы
Жеңілдігі деміңмен тұр ұшқалы.

Қамқа тон күміс зерлі тұр жарасып,
Сәулеті қатарынан мүлдем асып.
“Алты өрнектің әуені” құлақты арбап,
Қиырға кетеді еркін қырдан асып.

Үстіңгі ішек төгеді ауыр үнді,
Екпінді де нәсерлі әрі мұңды.
Астыңғы ішек таратса нәзік дыбыс,
Сезімге еріп тауысасың сабырыңды.
Қан боп сезім шертеді тамырыңды.

Сезімдер тоғысады жер жүзінде,
Бірде баяу, екпіндеп енді бірде.
Дүниені билейді дыбыс қана,
Нәзіктігін танытып, өрлігін де.

Келісімі ғажайып көз арбаған,
Көрмесе егер мұндайды сезер ме адам.
Алтын табақ үстінде жарқ-жұрқ етіп,
Гауһар тастар жатқандай көз алдаған.

Даусындай бұлбұлдың мың құбылып,
Алуан әуен аспанда тұрды ілініп.
Тау бұлағы секілді ерке дыбыс,
Самал желмен құлаққа бірге ұрылып.

Ұшқан дыбыс ішектен шымырланып,
Аялдайды ауада діріл қағып.
Сол сәтте дүние тыншып, үн әлсіреп,
Ауаға таралады сыбыр болып.

Тыныштық ойды үйіріп, тереңіне,
Сезімді келтіреді кемеліне.
Маужырап, бойың балқып, мастанасың,
Тыныштық бар дыбысты жеңеді де.

Сонан соң күй әуені аспандайды,
Қашады ерлік қонып бастан қайғы.
Ұран сап жауға шапқан атты қолдай,
Күшті әуен ештеңеден жасқанбайды.

Төгіліп қос ішектің зарлы әуені,
Құлаққа күңіренген зар келеді.
Төгіліп қос ішектен бір ғана үн,
Есіне түсіреді әлденені.

Қаптаған қалың қайық су бетінде,
Келгендей уағдаласып бір бекімге,
Күй тыңдап үнсіз мүлгіп, тұр қалықтап
Белгісіз мезгіл шегі күн бе, түн бе.

Тірліктен басқа нышан білінбейді,
Күйге елтіп жағада орман күбірлейді,
Дарияның айдынында күздің айы,
Толқынмен тербетіліп дірілдейді.

Отырды ойға батып әрі-бері,
Аймалап күзгі түннің сері желі.
Ағытты пипасының құлақ күйін,
Сұрланып тұрды орнынан өң-реңі.

Деді ол астанада менің елім,
Арман қуып, үмітке еріп едім.
Чаң-анның шет жағында туған үйім,
Дәм айдап осы жаққа келіп едім.

Қолыма пипа ұстадым он үшімнен,
Өнерде өрем биік, өрісім кең.
Күйіме табындырып бас игіздім,
Күйшіні небір дегдар перісінген.

Үлдеге оранып ем бұлдеменен,
Қыз бар ма ед бақытымды күндемеген.
Күйіме басын иген күй атасы,
Сиқырлы ғажап үн деп бұл не деген.

Табынып бозбалалар астаналық,
Кірпігін ғашықтықтан жасқа малып.
Ұсынып торғын-торқа тартуларын,
Кете алмай топталатын бос қамалып.

Күй тындап құмарлары қанатұғын,
Көздері ғашықтықтан жанатұғын,
Үздігіп, үзіліп кеп күй тынғанда,
Үйіліп торғын-торқа қалатұғын.

Балқыса тәтті әуенге от жүрегім,
Ешкімнің бетке қаққам жоқ тілегін.
Боп алды түймелерім ағытылғыш,
Түбіме сезімталдық жетті менің.

Осылай ермек болдым елге серік,
Ақылға жастық желік бермес ерік.
Жақын боп жақсылармен шарап іштім,
Шылқылдап шарап сіңген кеудешілік.

Назданып, күлкі сатып әр адамға,
Жылыстап жылдар өтті, шара бар ма.

Тез өтті жастық дәурен қас қаққанша,
Сұм тірлік алды-артына қараған ба.

Інімді солдатқа алды, жолды болды,
Өпке өліп, үйде жалғыз қалдым енді.
Уақыттың желі қақтап, шаңы қонып,
Тоздырды албыраған балғын өнді.

Есікті қақпайды ешкім жеке келіп,
Табынбай баяғыдай көшеде жұрт.
Жас жетіп, базар тарқап, бақ қайтқанда,
Үйленді бір саудагер некелесіп.

Нан піскен кеудесіне пұлы барда,
Адам деп қарамайды тірі жанға.
Құлықпен пайда қуған тиын сауып,
Өнердің саудагерге құны бар ма.

Жоқ оның уайымы, өкінері,
Пайда үшін бөріне де бекінеді.
Шай сатып, керуен бастап, саудаменен,
Фулиянға өткен айда кетіп еді.

Отырмын жолын тосып көптен бері,
Күзетіп құр қайықты өткелдегі.
Аймалап айдың нұры түніменен,
Тербейді дарияның өкпек желі.

Кей түндер түске кіріп бала шағым,
Жүремін ортасында тамашаның.
Баса алмай оянған соң өксігімді,
Секілді бұзыламын қара сабын.

Сүртемін көз жасымды қолымменен,
Ой, тәубе, ауыр болды жолым неден.
Жуады далап жаққан беттерімді,
Көз жасым араласып сорымменен.

Онсыз да жүректі езіп күй әуені,
Көңілдің жадау тартып тұр әлемі.
Айтылған қайғы толы әңгімесі,
Айырды ақыл-естен сірә мені.

Өзі айтар қателесек кесімін жұрт,
Мүсіркер, тым болмаса кешірім қып.
Сырластық жатырқаспай таныстардай,
Тағдырдан соққы көрген екі мұңлық.

Қоштасқам астанадай қаламенен,
Қуылып қызметтен жаламенен.
Оған да бір жыл бопты ойлап тұрсам,
Астында табаныңның пәле деген.

Сыздайды ауру дене мазаны алып,
Қам көңіл қайғы-шермен назаланып.
Шүнияңда сергелден боп жүрмін міне,
Айыпсыз ғазиз басым жазаланып.

Шет аймақ Шонияң деген қиырдағы,
Бұл жерде тіршіліктің қиын бәрі.
Қамысты иен сазда балағаным,
Басыма осы болды бұйырғаны.

Болмайды ойын-сауық бұл өңірде,
Ол жайлы орындалмас тілегің де.
Жыл бойы музыка үнін естімедім,
Тәңір-ау, жылаймын ба, күлемін бе.

Сүреңсіз өтіп жатыр күннің бәрі,
Шыдайды мұндай күйге кімнің жаны,
Тек қана естіледі ертелі-кеш,
Құс шуылы, маймылдың шыңғырғаны.

Кеткендей дүниенің бәрі ауысып,
Шілдеде басатындай даланы шық.
Күркемде жалғыз өзім айлы түнде,
Қайғымды тарқатамын шарап ішіп.

Әрине, айтылады ауыл әні,
Сыбызғы тартатындар табылады.
Қандырмас айызыңды кұр шуылдақ,
Ондайды тыңдап адам не қылады.

Құлазып талай заман тарттым азап,
Жанымнан қайғы ғана қақты қанат.
Пейіштің қоңырсалқын үнін естіп,
Күйіңнен бүгін сенің таптым заллат.

Егер де, қаласаңыз өтінем мен,
Азырақ аялдаңыз осы жерге,
Күй тартып беріңізші тағы да бір.
Кеудесін мұң кернеген есіл ерге.

Тындайын тәтті әуенді, күй сарынын,
Кеудеме толтырайын сыйса бүгін.
Арнайын өзіңізге сағынышты,
Жазайын толғау қылып “Пипа жырын”.

Көңілін баурады ма сөзім менің,
Білемін әлденені сезінгенін,
Тіл қатпай тұрып қалды маған қарап,
Қайғының ұшқыны бар көзінде оның.

Қолын жұмсап Пипаның құлағына,
Келтіріп қоңыр күйге бұрады да.
Боздатты бір әуенді шымырлатып,
Дүниенің әуені емес, сірә, мына.

Алдыңғы ашық үннен мүлде бөлек,
Селдетті қасірет күйін бір керемет.
Тербеліп зарлы күйдің әуенімен,
Дүние айналғандай шыр көбелек.

Пипадан қайғылы әуен тұр төгіліп,
Шығандап бірде көкке, бір шегініп.
Шығармай дыбыстарын бетін басып,
Жылайды үнсіз ғана жұрт егіліп.

Бұл күні жан болмады жыламаған,
Жылаған елден ерек бір-ақ адам –
Жияңжоудың көк көйлекті азаматы,
Еш адам тең келмеді сірә да оған.

Жаратса құдіретім сормандай қып.
Өзіне өз жүрегін болғандай жүк.
Көз жасы бейшараның сел боп ағып,
Шылқытты омырауын малмандай ғып.

М А З М Ұ Н Ы

Сарқылмайтын бастаулар (<i>Алғы сөз</i>). И.Нұрахмет.....	5
<i>Сыма Цян</i> . Хүнмин қонақасысы. <i>Өңгіме</i>	30
<i>Сау Шуечин</i> . Тас туралы аңыз. <i>Роман</i>	38
<i>Ло Гуанжун</i> . Үш патшалық қиссасы. <i>Роман</i>	200

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ПОЭЗИЯСЫ

Жырнамадан

Қытай тілінен аударған Ә.Ақыштай

Жолжелкен.....	455
Қызыл кендір.....	455
Ойпаңға өскен қой жаңғақ.....	456
Сандал кескенде.....	456
Шығыс тауда.....	457
Жабайы бұршақ тергенде.....	459
Жас ару.....	460
Аяр жігіт.....	461
Кезбе.....	461
Қызыл кендір тергенде.....	463

ТАҢ ДӘУІРІНІҢ АҚЫНДАРЫ

<i>Чүй Юан</i> . Арман. <i>Поэма</i>	465
<i>Көкесір Алтын</i> . Тула жыры.....	479
<i>Уаң Чаңлиң</i> . Жорық жыры.....	479
Бекіністен аттанғанда.....	480
<i>Мың Хаураң</i> . Досымның ауылында.....	482
Көктем таңы.....	482
<i>Уаң Уи</i> . Бұғы қашасында.....	482
Саят.....	483
Шекараға барғанда.....	483

Уичын.....	484
<i>Уаң Жыхуан</i> . Лияңжоуда.....	484
<i>Хы Жыжаң</i> . Ауылға оралғанда.....	485
<i>Чын Зы-Аң</i> . Южоу мұнарасында.....	486
Жорық жыры.....	486
<i>Уаң Бо</i> . Бөктерде.....	487
<i>Ли Бай</i> . Лушан сарқырамасы.....	487
Мың Хауранды аттандыру.....	487
Чаңғанли жыры.....	488
Сағыныш.....	489
Дастарқан жыры.....	490
Пайдың Чиннен аттану.....	492
Жымиң тауынан өткенде.....	492
Шудың жолы.....	493
Ли Иүн ағай сарайдан аттанғанда.....	495
Шекара қамалында.....	496
Сапарда.....	497
Түсімде Тиянму тауын аралаппын.....	498
<i>Гаушы</i> . Қош бол енді, Дүнгинлан!.....	503
<i>Сүй Хау</i> . Қарқара мұнарасы.....	505
<i>Жин Чаңцүй</i> . Көктем мұңы.....	507
<i>Ду Фу</i> . Бекіністен аттанғанда.....	507
Айлы түнде.....	508
Қиырға көз салғанда.....	508
Жияңсу.....	509
Шабарман.....	510
Үйлену мен қоштасу.....	511
Уәзір.....	513
Құт жаңбыры.....	513
Қонақ.....	513
Күз бораны күркемді қиратқанда.....	514
Хуажыңди.....	515
Орда сарбаздары Хынан мен Хыбиді алғанда.....	515
Зарығу.....	516
Биіктен көз салғанда дүниеге.....	516
<i>Бай Жүй</i> . Арылмас арман <i>Поэма</i>	517
Пипа жыры. <i>Поэма</i>	531

“ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ КІТАПХАНАСЫ”
сериясы

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ӘДЕБИЕТІ
(қазақ тілінде)

Қытай тілінен аударған **И. Нұрахмет**

Редакторы *Г.Аймұхамбетова*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *Ғ.Сатыбалдиева*

Дизайнын әзірлеген “Баур” баспасы



ИБ №292

Теруге 2.11.2009 ж. жіберілді. Басуға 24.11.2009 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “KZ TimesNR Cyp”.
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 31,62 б.т. Есептік баспа
табағы 36,0 б.т. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №

“Аударма” баспасы,
010005, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 65, блок “А”
Алматы қаласы

